

Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аязан Бүркітбай Федманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешимхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожамметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәлиқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:

Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абыль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэйти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Раушан Жәлиқызы

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)**Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)**Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)**Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)**Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)**Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)**Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)**Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)**Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)**Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)**Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)**Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)**Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)**Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)**Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)**Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)**Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)**Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)**Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)**Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)***Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

Абзалбеков М.Я., Төлеубаев Ә.Т.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

С.С.ЧЕРНИКОВТИҢ ШІЛІКТІ ЖАЗЫҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Аңдатпа. Ғылыми жұмыста белгілі орыс-совет ғалымы С.С. Черниковтің археологиялық зерттеулері ішінде Шілікті жазығындағы сақтардың ірілі-кішілі обаларын зерттеуі жайында баяндалған. Оның ішінде С.С. Черниковтің атқарған маңызды да мол еңбегінің сараптамасы жасалып және жаңаша көзқарастармен қоса сын сөздері де айтылмай қалмады. Нақтылай айтқанда мақалада жекелеген обалардың құрылысы, қазба барысы мен нәтижелері және Шілікті мәдениетінің пазырық мәдениетімен салыстырмалы сараптамалары, сонымен қатар Шілікті даласында табылған алтын және де басқа жәдігерлердің ерекшеліктері жайында сөз қозғалған. Осының бәрін айта келе жалпы «сақ-скиф» ұғымына байланысты әртүрлі көзқарастар келтірілген. Жалпы авторлар С.С.Черниковтің Шілікті жазығындағы ерте сақтардың ескерткіштерін зерттеуге қосқан үлесін жоғары бағалай келе, бұл материалдардың мерзімделуі, әшекей заттардың алғашқы үлгілерінің шыққан жері, т.б. мәселелерді мәденигенездік тұрғыдан қайта қарауға тура келетінін ескерген жөн екендігін еске салады.

Түйін сөздер. археология, Черников, Шілікті, қорым, қорған

Аннотация. В данной статье рассматривается исследования советского археолога С.С. Черникова больших и малых размеров погребально-поминальных памятников Шиликтинской долины, относящихся к сакской культуре. В том числе, в историографическом аспекте, анализируются труды С.С. Черникова. Также проделан сравнительный анализ конструктивных особенностей и погребального инвентаря: керамики, предметов быта и изделия из золота и др. шиликтинской и пазырыкской культур сако-скифского круга. Рассматривая различные взгляды касательно сако-скифского мира, авторы высоко оценивают вклад С.С. Черникова. На основе новых материалов рассматриваются хронология артефактов, изготовление украшений и другие проблемы в плане культурогенеза. Исходя из этого данные проблемы требуют еще тщательного анализа со стороны современных ученых.

Ключевые слова. археология, Черников, Шиликты, могильник, курган

Abstract. This article discusses a study of Soviet archeologist S. S. Chernikov large and small funeral monuments Chilikti valley belonging to the Sak culture. Including, in historiographical aspect, S. Chernikov's works are analyzed. Also done comparative analysis of design features and grave goods: pottery, household items and articles of gold, etc. chiliktinskaya and Pazyryk cultures of Sako-Scythian circle. Considering the different views on the Sac-Scythian world, the authors highly appreciate the contribution Of S. Chernikov. On the basis of new materials the chronology of artefacts, jewelry making and other problems in terms of cultural Genesis are considered. Based on this, these problems require careful analysis by modern scientists.

Key words. archeology, Chernikov, Shilikty, burial ground, kurgan

Кіріспе

Белгілі орыс-совет ғалымы С.С.Черниковтің археологиялық зерттеулерінің ішінде Шілікті жазығындағы сақтардың ірілі-кішілі обаларын зерттеуі ерекше қарастыруға тұратын мәселе. Жалпы Шілікті жазығына С.Черников жеті мәрте экспедиция ұйымдастырған екен, ол – 1949, 1952,1959, 1960-1962, 1971 жылдары болған. Экспедицияның есептеріне қарағанда осы жылдары профессор Черниковтің экспедициясы Шілікті жазығының орта шенінде 11 оба қазған. Оның бесеуі ірі, ал қалғаны орташа және кішілеу обалар. Ал Шілікті жазығының шығыс шегіндегі Шаған-оба деп аталатын жерден 14 орташа және шағын обалар қазған (1, 25-27-бб.).

С.С.Черников зерттеген сақ заманы обаларының тек екеуінің ғана материалы арнаулы баспаларада, зерттеу еңбектерінде жарық көрді (2,11-67, 186-188-бб. ; 3, 29-32-бб.). Ал қалған обалардың зерттеу материалдары қысқаша есеп, немесе толық емес қалыпта әр жылдардағы оның қолжазба есептерінде сақталған. Ол материалдарды там-тұмдап Ә.Марғұлан атындағы Қазақстанның Археология институтының архивынан табуға болады (4, 34 б; 5;6;7;8).

Шаған обада қазылған 14 обаның, Шілікті жазығындағы №2,3,4,9,11,12,13, 31,35,60 обалардың қазбаларының материалдарын табу мүмкін болмай отыр. Ресей Ғылым академиясының Археология институтының Санкт-Петербург бөлімшесінің архивында да бұл материалдар әлі табылмай тұр. Рас С.Черников, өзінің Шілікті жазығында қазған көп ескерткіштерінен қызығарлықтай материалдардың шықпағанын жазып кеткен. Дегенмен де қазылған обалардың материалы, олардың қызықты-қызықсыз дерек

бергеніне қарамастан сақталуы міндетті. Осы жерде бір айта кететін нәрсе, Кеңес заманы тұсында біздің ескерткішімізді қазған арнаулы ғылыми экспедициялардың өзі халықтық мұраға жүрдім-бардым қарағандығы шындық еді.

Дегенмен де С.С.Черников Қазақстан археологиясы тарихында Шілікті жазығы ескерткіштерін зерттеуге үлкен үлес қосқан ғалым ретінде қалады.

Біз енді ғалымның Шілікті жазығындағы 5 және 7 обалар жөніндегі материалдарына және пайымдарына тоқталсақ.

Черников Шілікті жазығының орталық бөлігінен барлығы 52 обаны тізімге алып, жоспарға түсірген. А 2000-шы жылдардың басында осы аумақтағы ескерткіштерді қайтадан тізімге алып паспортын жасаған Ә.Төлеубаевтың материалдары бойынша бұл жерде 72 оба бар (9, 140-157-бб;10,218-б).

С.С.Черников зерттеген 5-обаның диаметрі 66 м, биіктігі 6 м. Жердің бетінен аз ақ тереңдікте қабырғалары 7x7 м квадрат, ағаш қабірхана салынған. Қабірхананың қабырғалары екі қатар бөренелерден тұрған. Төбесі бір қатар бөренелермен көлденеңінен жабылған. Қабірхананың шығыс жағынан жер асты дәлізі – дромос салынған. Оның да төбесін бөренелермен жапқан. Соңынан ағаш қабірхананың үсті таспен жабылып, оның үстінен шым аралас топырақ үйген. Черниковтің пайымдауы бойынша обаның алғашқы кездегі диаметрі 45 м болған да, ал биіктігі 9 метрге жеткен. Ғалым бұндай қорытындыға, заманнан заман жауын-судың, желдің әсерінен обаның топырағы жайылыңқырап кетуімен байланыстырса керек. Зерттеушінің тағы бір пайымы бойынша оба соғылғаннан кейін бір 50 жылдай уақыт өткен кезде ақ тоналып кеткен (2,13-21-бб.) Тоналғанға дейін адамның еті, шеміршектері толық ағып, босап қалған. Бұл жерде мына мәселеге мән беру керек сияқты. Ғалымның осы пайымдауларында белгілі бір негіз болғанымен, нақты осылай дәл цифрлармен көрсетіп ұйғаратындай ғылыми негіз жоқ еді. Біріншіден, Черников обаның алғашқы диаметрі 45 м болды дегенде, обаны салған кездегі шетін көмкерген тірек тастардың (крепида) көлемімен алған болуы керек (бұл чертеждегі өлшемге де жақын келеді). Ал уақыт өте келе оба қарама-қарсы екі жағына қарай есптегенде 24 метрге жайылды дегенге ешқандай негіз жоқ сияқты. Осындай мәселемен оба құрылыстарын зерттеуші кейінгі ғалымдар да ұшырасып жүр. Бірақ жауабын әлі дәл ешкім де таба алған жоқ. Біздің ойымызша, бұл мәселеде геоморфолог ғалымдардың пікіріне, кеңесіне сүйенген дұрыс шығар. Ал енді, обаның алғашқы тоналуы кезінде мәйіттің еті ағып кеткен еді, - дейді ғалым. Бұл мәселені де нақты шешуге дәл ғылымдардың эксперттік тұжырымдары керек болар еді десек қателеспеспіз.

Обаның қабірханасынан қазба барысында біраз құнды артефактілер шықты. Олар, 13 екі қырлы, тұрқы ромбыға ұқсас, ұңғылы жебе ұштары, алтын әшекейлер еді. Алтын түймелер бүркіт, басы мен құйрығы қосылып иіріліп жатқан қабылан, қабан, бейбіт құс, балық түрінде кездеседі. Сонымен қатар алтын заттар ромбы, үшбұрыш қаңылтыр, пирамидаға ұқсас салпыншақ түрінде, белбеудің қапсырмасы, ұсақ сірке тізбелер түрінде кездеседі. Кейбір әшекей заттарға көк ақықтан көз салған (2, 24-44-бб)

С.Черников жебе ұштарына Алтайдан, Енисейдің орта ағысынан, Қаратеңіз бойы, Кавказдан, Орта Азия, Алдыңғы Азиядан ұқсастықтар таба келіп, оларды б.з.д. VІІ-VІ ғасырлардың шегімен мерзімдейді. Бұдан ертерек уақытқа мерзімдеуге шілікті жебелерінің өте әдемі, таза жасалуы мүмкіндік бермеді, - дейді ғалым. Жалпы, соңғы кездегі Қазақстан жерінен табылған жебе ұшын зерттеушілер Шілікті жебелері сияқты екі қырлы, ұңғылы жебелердің сонау қола дәуірінен бері келе жатқандығын ескере отырып, оларды тіпті б.з.д. VІІІ, тіпті ІХ ғасырларға жатқызады (11, 114-119-бб.).

С.С.Черниковтің №5 обадан тапқан артефактілері негізінен мыналар еді:

1. Қола жебе ұштары, 13 дана.
2. Бұғы бейнесіндегі түймелер, 14 дана;
3. Бүркіт-қарақұс, 9 дана;
4. Иірілген пантера-барыс, 9 дана;
5. Қабан шошқа, 12 дана;
6. Жайын балықтың қаңылтырдан қиылған бейнесі, 1 дана;
7. Қанатын екі жаққа жайып тұрған құс бейнесі, 1 дана;
8. Төрт қырлы, пирамида тәріздес салпыншақ;
9. Белбеу қайысына бекітілетін тілікше темір;
10. Әшекейдің төртбұрышты сынығы, тас орнатуға, эмаль құйуға арналған дөңгелек, сопақша ұясы бар;
11. Биконус формасындағы ұсақ қоңырауша салпыншақтар, 2 дана;
12. Сопақша ромбы формасындағы, беті шұбарланған салпыншақтар, 18 дана;
13. Дәл осындай, бірақ үшбұрышты салпыншақтар, 3 дана;
14. Сегмент түріндегі, шеті шұбарланған қаңылтыр;
15. Қаңылтырдан бірнеше орам қылып жасаған бисер, 303 дана;
16. Жартышар тәріздес өте ұсақ зерлер, 52 дана;

Сонымен қатар, гантел формасындағы ұсақ зерлер, тілік түріндегі алтын қаңылтырлар – барлығы 62 дана.

Ал енді алтын заттардың жақын ұқсастықтарын б.з.д. VІ ғасырдың басына жататын Келермес, Кострома, Томак және скифтердің басқа да обаларынан табылған алтын заттардан табады да, бірақ шілікті әшекейлерінің геральдикалық тұлпатының қарапайымдау екенін ескере келіп алдыңғыларынан біраз ертерек болуы керек дейді (3, 30-б)

С.С.Черников қазған №5 обадан шыққан алтын әшекейлердің біразы №7 обадан да шыққан еді. Олар: аяғын бауырына алып жатқан бұғы, бүркіт қаракұс, қаңылтырдан қиылған балық бейнесі, жиегінде шұбарлап салған өрнегі бар сегмент формалы қаңылтыр. Осы заттар мен қоса темір пышақ шыққан.

Ә.Төлеубаев қазған Бәйгетөбе обасынан шыққан алтындардың көпшілігі С.Черниковтің Шілікті жазығынан тапқан алтын түйме қапсырмаларына көбінде ұқсас болып келеді. Бәйгетөбеден шыққан алтындардың ішінде 5, 6 обаларда кездеспейтін мынадай бейнелер бар: мәлін-мысық тұқымдас жыртқыш, мүйіздерінің ұшы тоғысып тұрған, екі жаққа қараған бұғылар, біршама ірі арқар, қасқыр-қонжық, бесжұлдыз. Бәйгетөбенің алтындары 5, 6 обалардыкіндей қаңылтыр емес, көпшілігі алтыннан құйып жасалған. Құйма бейнелер де сақ заманының ертерек кезіне жатады. Оның үстіне, Бәйгетөбеде біраз кейініректе пайда болатын иіріліп жатқан пантера-барыстың, шошқаның, жайын балықтың, жиегіне шұбарлап өрнек салған түрлі қаңылтыр салпыншақтар кездеспейді. Жалпы сюжеттік құрылымына қарағанда Бәйгетөбенің алтындарындағы аң стилі Тарбағатай-Алтайдың фаунасында өмір сүретін аңдардың табиғи, шынтуайтты бейнелерін береді. Жалпы сақ-скифтердің аң стиліндегі натурализм де олардың өнерінің ерте кездеріне тән.

Шілікті әшекей жасау шеберлігіндегі сірке техникасы С.Черниковтің ойы бойынша міндетті түрде Алдыңғы Азия елдерінен келген үлгі. Ғалым шілікті алтын әшекейлерін Алдыңғы Азиядан табылған Зивие алтын көмбесінің материалдарымен байланыстырады және скифтер мен көне Алғы Азия елдерінің байланысы тіпті б.з.д. VІІІ-VІІ ғасырларында ақ басталған болуы керек деген А.А.Иессеннің ойын құптап жалғастырады. Жалпы, өткен ғасырдың 60-80 жылдарында көптеген ғалымдар сақ-скифтердің көптеген технологиялық жетістіктерін Алдыңғы Азия елдерімен байланыстырып келген еді (Грязнов М.П., Руденко С.И., т.б.). Бұл көзқарас бүгінге дейін өзінің нақты дәлелдерін таппады. Соңғы кездегі зерттеушілер бұндай, диффузионистік, миграционистік көзқарастарды қолдамайды.

Шілікті даласында осындай ескерткіштерді қандай тайпалар қалдырған деген мәселеге зерттеуші жауап беруге тырысқан. Ең алдымен, Шілікті ескерткіштерінің олардан солтүстікте жатқан Пазырық обаларынан өзгешелігін атайды. Біріншіден, Шілікті ескерткіштерінде өлген адамның жанына жылқы жерлеу ғұрпы мүлде жоқ. Екіншіден, шіліктіліктерде қыш құмыралар кездеспейді. Үшіншіден, шіліктіліктер пазырықтағыдай қабір шұңқырын терең етіп қазбайды. Төртіншіден бұлар пазырықтықтар сияқты мәйітті ағаш астауда жерлемейді. Ал енді Пазырықта кездеспейтін Шілікті обаларының ерекшеліктері тағы мынадай: олардың обаларының көлемі де өте үлкен; оба шым аралас топырақтан соғылған; қабірханадан шығысқа қарай жер асты дәлізі – дромос кетеді; киімдерінде алтын әшекейлер пазырықтықтардан әлде-қайда көп, - дейді С.Черников (2, 65-б). Шілікті мен Пазырық обаларының айырмашылығы Ә.Төлеубаевтың пайымдауынша тағы мынадайлармен ерекшеленеді: Шілікті қабірханалары екі қатар бөрене ағаштан соғылған; бұлар жер бетілік архитектуралық құрылыс; үш қабаттан тұрады – ағаш қабір, тас жабынды, топырақ жамылғы; Шілікті алтын әшекейлері көбіне құйма технологиясы бойынша жасалған, ал енді қаңылтыр материалы арқылы жасалғандарының қаңылтыры қалың; Шілікті патша обаларында фольга сияқты өте жұқа алтын мүлде кездеспейді. Сонымен, С.Черников осы айырмашылықтарды көрсете отырып, пазырық ескерткіштерін және шілікті обаларын қалдырған тайпалардың түрлі этникалық бірлестіктердің өкілдері екендігі жөнінде тұжырым жасайды. Біздіңше, Пазырық ескерткіштері мен Шіліктінің ертесак ескерткіштерінің мәдени дәстүрін салыстыру аса дұрыс емес, өйткені олар түбінде сақ-скифтердікі болғанымен әр заманның ескерткіштері. Екеуінің арасында кем дегенде 400-450 жыл айырмашылық бар.

С.С.Черников өзінің осы пікірлерін жалғастыра келіп, Шілікті ескерткіштерінің мәдени ұқсастығы солтүстікке қарай Ертістің жоғарғы сағасына дейін ғана барып тоқтайды. Керісінше шілікті дәстүрі өзіне жақын мәдени ұқсастықтарды Іле бойы сақтарының (Бесшатыр), Сырдың төменгі ағысындағы сақтардың (Түгіскен) ескерткіштерінен табады. Зерттеушінің шіліктіліктердегі дромос дәстүрінің тіпті Орталық Қазақстандағы Беғазы ескерткіштерінің дәстүріне ұқсатуы да орынды салыстыру деп есептейміз. Осындай ізденістердің нәтижесінде ғалым, мынадай қорытындыға келеді: б.з.д. I мыңыншы жылдықта Қазақстан аумағында үш ірі тайпалық одақ өмір сүрді. Олар: оңтүстік-шығыста – сақтар, батыста – савроматтар, солтүстік және солтүстік-шығыста – аримаспылар. Ғалымның пайымы бойынша, пазырық ескерткіштерін қалдырушылар аримаспылар, ал Шілікті, Іле, Сыр бойы ескерткіштерінің иелері – сақтар (2, 66-67-бб). Осы мәселелерге байланысты біздің пікіріміз мынадай: ғалымның пазырық және шілікті мәдениеттерінің (Шілікті мәдениеті деген ұғымды ғылыми айналымға алғаш рет кіргізген проф. Ә.Төлеубаев) ареалын, олардың таралу бағытын анықтауына біз толық қосыламыз. Ал енді, сақ атауымен белгілі тайпалар одағының таралу

аймағын С.Черников тек Тарбағатайдың теріскейі, Жетісу, Сыр бойы аймақтарымен шектеуі біраз сұрақ тудырады. Қазақстан жерін және көрші аумақтарды б.з.д. I мыңжылдықта мекендеген тайпалар одағын біз жалпы ортақ атаумен – сақтар дейміз. Қазақстан тарих ғылымының бүгінгі ғылыми тоқтамдары бойынша сақтар бірнеше үлкен тайпалардан тұрады. Олар: тиграхауда сақтар, хаумаварга сақтар, парадарайа сақтар. Сақтардың әркездегі құрылымына аргиппейлер, исседондар, аримаспылар, тіпті массагеттер де кіріп отырған. Осы тұрғыда, сақтарға мәдени-этникалық жағынан өте жақын, бірақ өзінше дербестеу өмір кешкен савроматтар мен сарматтарды да атауға болады.

Бүгінде осы «сақ», «скиф» деген атаулардың ареалдық-географиялық қолданысы жөнінде де пікір айтқан дұрыс сияқты. Көне антик және шығыс жазбалар дәстүрі бойынша, ғылымда осы бір үлкен мәдени-этникалық бірлестіктің атауын біз бірде «скиф», енді бірде «сақ» деп атап жүрміз. Бір ғалымдардың пайымдарына қарасақ, еуразияның далалық аумағын б.з.д. I мыңыншы жылдықта мекендеген тайпалардың азиялық бөлігін сақтар деп, ал еуропалық жартысын скифтер деп атау дәстүрі қалыптасқан (12, 43-58-бб.). Деседе, Ресей ғалымдарының, кейбір Еуропа зерттеушілерінің арасында, б.з.д. I мыңыншы жылдықта Алтай қойнауы мен маңын, одан тіпті сонау Байкөлге дейінге аралықты, Оңтүстік және Батыс Сібір аумағын мекендеген тайпаларды скифтер деп атау дәстүрі қалыптасқан. Біздіңше бұл дұрыс емес. Бұл тайпалардың атауы жөнінде нақты жазба деректер жоқ болғанымен олардың мәдениеті біздің сақ-скиф мәдениеті деп жүрген мәдениетпен өте ұқсас. Сондықтан оларды сақ-скиф тайпалары деп атаған дұрыс болар ма еді!?

Жалпы К.Ақышев өзінің осы мақаласында қысқа қанжар (ақинак), жебе ұштары, соғыс балтасы, найза ұшы, ауыздық-сулық, жерлеу ғұрпы материалдарын түгендей келіп Тва, Сібір, Алтай, Қазақстан және Орта Азияның дадалық аймақтарын сақ тайпалық бірлестігі жайлады деген қорытындыға келеді (12,43-58-бб.).

С.С.Черников өзінің Шілікті жазығындағы сақтардың ескерткіштерін зерттеу барысында олардың шаруашылық-мәдени типі мәселесіне де үлкен мән берген. Ғалым, көшпелі мал шаруашылығының шығуы мәселесіне арнайы тоқталады.

Жалпы С.С.Черниковтің Шілікті жазығындағы ерте сақтардың ескерткіштерін зерттеуге қосқан үлесін жоғары бағалай келе, бұл материалдардың мерзімделуі, әшекей заттардың алғашқы үлгілерінің шыққан жері, т.б. мәселелерді мәденигенездік тұрғыдан қайта қарауға тура келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Омаров Ф. Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі. – А., 2014. – 25-27-бб.
2. Черников С.С. Загадка золотого кургана. Изд. «Наука». – М., 1965. – с.11-67, 186-188.
3. Черников С.С. Золотой курган Чиликтинской долины // КСИА, т.98. – М., 1964. – С.29-32.
4. Черников С.С. Отчет о работе Восточно-Казахстанской археологической экспедиции за 1949 г // Архив Института археологии им. А.Х.Маргулана. – Фонд 11, дело 176, связка 13. – 34 с.
5. Черников С.С. Отчет о работе Восточно-Казахстанской археологической экспедиции 1953 года // Архив ИА КН МОН РК. – Фонд 11, дело 284, связка 20.
6. Черников С.С. Работы Восточно-Казахстанской археологической экспедиции в 1956 году // КСИИМК. – 1959. – Вып.73. – С.99-106.
7. Черников С.С. Предварительный отчет о работах Восточно-Казахстанской экспедиции ЛОИА АН СССР 1959 г. // Архив ИА КН МОН РК. – Рукопись. 4 с.
8. О работе Восточно-Казахстанской экспедиции Ленинградского Отделения АН СССР в 1961 году // Архив ИА КН МОН РК. – Фонд 11, дело 810, связка 54. – 15 с.
9. Толеубаев А.Т. Золотые курганы Шиликты // Археология Казахстана. – Алматы, 2006. – С.140-157.
10. Толеубаев А.Т. Золотой курган из Шиликты-3 Восточного Казахстана // Проблемы эпохи бронзы и раннего железного века Казахстана. Избранные труды в 2-х томах. – Алматы, 2013. – Т.1. – 519 б.
11. Акишев К.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – А., 1963. – 298 б.
12. Акишев К.А. Саки азиатские и скифы европейские (общее и особенное в культуре) // Археологические исследования в Казахстане. – Алма-Ата, 1973.

УДК 930.001.83

А.У. АБДЫҚАЛЫҚОВ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

«ҮЛФӘТ» ГАЗЕТІ – БІРІНШІ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫ ТҰСЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНІҢ ДЕРЕК КӨЗІ

Аңдатпа. Мақала «Үлфәт» газетін бірінші орыс революциясы тұсындағы түркі халықтарының қоғамдық-саяси өмірін зерттеудегі деректік маңызын көрсетуге арналған.

«Үлфәт» газеті 1905 – 1907 жылдары Санкт-Петербург қаласында жарық көріп тұрған. Оның редакторы қызметін көрнекті татар қайраткері Абдурашид Ибрагимов атқарған. Бұл басылымда негізінен сол тарихи кезеңдегі Ресей империясындағы түркі тілдес халықтардың әлеуметтік-саяси мәселелрі көтерілген.

Түйін сөздер. Бірінші орыс революциясы. «Үлфәт». Түркі халықтары. Ресей империясы. Дерек. Қоғамдық-саяси өмір.

А.У. АБДЫҚАЛЫҚОВ

Казахский национальный педагогический университет им. Абая

ГАЗЕТА «УЛЬФАТ» КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В ГОДЫ ПЕРВОЙ РУССКОЙ РЕВОЛЮЦИИ

Аннотация. Газета «Ульфат» издававшаяся в 1905 – 1907 гг. в Санкт-Петербурге Абдурашитом Ибрагимов являются важным источником по исследованию общественно-политической жизни тюрко-мусульманских народов Российской империи.

На страницах татарской газеты «Ульфат» отражены социо-политические и этнокультурные проблемы тюркских народов. Эти материалы до сих пор отечественной исторической наукой не вовлечены в научный оборот.

Ключевые слова. Первая русская революция. «Ульфат». Тюркские народы. Российская империя. Источник. Общественно-политическая жизнь.

A. U. ABDYKALYKOV

Kazakh national pedagogical University. Abaya

THE NEWSPAPER «ULFET» AS A HISTORICAL SOURCE ON THE HISTORY OF SOCIAL AND POLITICAL LIFE OF THE TURKIC PEOPLES IN THE FIRST RUSSIAN REVOLUTION

Abstract. The newspaper "Ulfat" published in 1905-1907 in St. Petersburg by Abdurashit Ibragimov is an important source for the study of social and political life of the Turkic-Muslim peoples of the Russian Empire.

The pages of the Tatar newspaper "Ulfat" reflect socio-political and ethno-cultural problems of the Turkic peoples. These materials are still not involved in the national historical science in scientific circulation.

Key words. the First Russian revolution. "Ulfat". Turkic people. Russian empire. Source. Social and political life.

Кіріспе

Ғасыр басындағы Ресей империясының қол астында ұлттық езгінің, ауыр тауқыметін тартқан түрік тілдес мұсылман халықтарының, соның ішінде қазақ халқының да қоғамдық-саяси өмірін зерттеуде мерзімді басылымдар құнды тарихи дерек болып табылады. Бұл орайда сол кезеңде жарық көрген татар басылымдарының орны ерекше. Тек 1905- 1907 жылдары Ресейде татар тілінде 33 мерзімді басылым шығып тұрған. Оның 21-і газет, ал 12-сі журнал болатын [1, с. 61] . Осы басылымдардың ішінде түрік тілдес мұсылман халықтарының тарихынан мол мәлімет беретін мерзімді баспасөздің бірі – «Үлфәт» газеті.

«Үлфәт» газеті Ресей мұсылмандарының тарихында бүкіл қоғамдық ой-пікірдің өрлеуіне мүмкіндік туып, патшалық самодержавие әдейі тұмшалаған ұлттық сананың ояну дәуіріне жол ашқан кезеңде, бірінші орыс революциясы жылдары дүниеге келді. Осы тұста И.Гаспринскийдің, «Тәржіман»

газетінен кейін бүкіл Ресей мұсылмандарының пайдасын қолға алып, азаттық ұранын көтерген «Үлфәт» газеті болды.

Татар халқының көрнекті өкілі, саяси қайраткер Абдурашит Ибрагимовтың редакторлығымен «Үлфәт» газетінің алғашқы нөмірі 1905 жылы 11- желтоқсанда шықты. Петербор қаласында шығып тұрған бұл газет Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғаушы органға айналып, 1907 жылғы үшінші маусым төңкерісіне дейін 82 нөмірі жарық көрді. «Үлфәттің» қазақша мағынасы достық деген сөзді білдіреді. Жалпы бұл газет мұсылман халықтарын отаршылдыққа қарсы күресте бірлікке, саяси күштерін біріктіруге үндеді. Әйтсе де тоталитарлық идеологияның үстемдігі тұсында «Үлфәт» газеті панисламизм идеяларын насихаттаушы, барып тұрған пантүрікшіл, буржуазия өкілдері мен байлардың мүддесін қорғаушы басылым ретінде негізсіз қараланып, ұзақ уақыт бойы ғылыми айналымға тартылмай келді.

«Үлфәт» газетінің редакциясында прогрессивті, күрескерлік бағытты ұстаған мұсылман зиялылары қызмет етті. Оған көрнекті татар жазушысы Мұса Бигиевпен қатар Шаһмардан Косшығұлов секілді қазақ зиялылары да ат салысты. 1907 жылы Ш.Косшығұлов жетекшілігімен шығарылған қазақтың «Серке» атты газеті де осы «Үлфәт» газетіне қосымша ретінде жарық көрген [2, 26-6.].

«Үлфәт» газетінің редакторы А.Ибрагимов бірінші орыс революциясына дейін-ақ саяси күрескер ретінде көпшілік қауымға танымал болған-ды. А.Ибрагимов кезінде Орынбор мұсылмандық діни басқармасында қызмет атқарған. Ол бұл қызметін 1893 жылы тастап, Түркияға кеткен еді. А.Ибрагимов Түркияда жүріп шетелдік басылымдар арқылы патша үкіметінің отаршылдық саясатын сынға алып, әлем жұртшылығының назарын Ресей мұсылмандарына бұруда елеулі еңбек сіңірді. 1895 жылы Түркияда өзінің әйгілі «Шолпан жұлдызы» атты кітабын жариялады. Ол бұл кітабында мұсылман халықтарының ұлттық-саяси мәселелерін көтеріп, оларды самодержавиеге қарсы күреске шақырды. Бұл кітап Ресей мұсылмандарының мәселесін көтерген тұңғыш эмигранттық шығарма болды. 1905 жылға дейін А.Ибрагимовтің «Шолпан жұлдызы» Ресейге жетіп, мұсылмандар арасында зор беделге ие болды. Патша тыңшыларынан жасырын түрде қолдан қолға өтіп, мұсылман халықтарының оянуына өз септігін тигізді [3, с.100].

А. Ибрагимов 1904 жылы Стамбұл қаласында орыс үкіметінің шешіміне орай тұтқынға алынып, абақтыға жабылған кезде, бұл хабар бүкіл Ресейге тарап, халықтың талап етуімен көп узамай босатылды. Ол 1904 жылы қыркүйек айынан 1905 жылға дейінгі мерзімде мұсылман елді мекендерінде, атап айтқанда Қазанда, Пермьде, Уфада, Троицкіде, Қызылжарда болып мұсылмандардың жалпы жағдайымен танысып, өз үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. 1904 жылы Қызылжар қаласында болған сол өңірдегі қазақ, татар өкілдерін жинап, мәжіліс еткізіп, өлке мұсылмандарының талап-тілектерін тұжырымдап Министрлер Комитетінің төрағасы Витте атына петиция жіберуді де ұйымдастырған еді [4, 512-п.].

Бірінші орыс революциясы қарсаңында А.Ибрагимов сол кезеңде құрылған саяси партиялардың бағдарламаларына талдау жасай отырып, «Автономия» атты кітапша шығарды. Ол бұл кітабында Ресей мұсылмандарының азаттық қозғалысындағы басты талап автономия алу мәселесі болу керек екендігін баса көрсеткен [5, с.273.].

1905 жылы саяси оқиғалардың алғашқы сәтінде-ақ А. Ибрагимов Бүкілресейлік мұсылман съезін өткізу мәселесін көтеріп, оның негізгі ұйымдастырушысы болды. «Үлфәт» және «Тилмиз» газеттерін шығарып, оның беттерінде орталықта болып жатқан саяси оқиғалар мен Ресей мұсылмандарының саяси-әлеуметтік мәселелерін үзбей жариялап тұрды. «Үлфәт» газетінің алғашқы нөмірінде «Автономистер одағының» құрылғандығы хабарланады. Онда «Автономистер Одағы» түз халықтарын азаттық күресте жақындастыра түскен ірі саяси оқиға ретінде бағаланды. Сонымен бірге қараша айында өткен автономистер съезінің қарарлары жарияланды.

«Автономистер одағы» Ресей империясының қол астындағы ұлттар мен ұлыстардың өзін-өзі билеуін, яғни автономия алуын жақтаған саяси күрескер поляк лингвист ғалымы, профессор И.А.Бодуэн де Куртэннің ұйымдастырумен 1905 жылы қараша айында құрылған болатын. Бұл одақтың жұмысына мұсылман зиялы қауымының өкілдері, мәселен, А.Ибрагимов, С.Жантөрин және М.Тынышбаев тікелей ат салысты. 1905 ж. 19- қарашада Петерборда өткен автономистер съезіне қазақ өкілі болып М.Тынышбаев қатысқан. Съезге әзербайжандықтардан 2, армяндардан 17, грузиндерден 5, белорустардан 5, еврейлерден 7, қазақтардан 1, латыштардан 1, литвалықтардан 8, поляктардан 5, татарлардан 3, украиндықтардан 18, эстондықтардан 1 өкіл қатысты. Жалпы съезге 83 өкіл жиналды [6].

«Үлфәт» газетінің хабарлауына қарағанда автономистер съезінің күн тәртібіне империяны федерациялық негізде құрып, әр ұлтқа автономия әперу, езгідегі ұлттардың одағын құру секілді маңызды мәселелер қойылған. Үш күнге созылған автономистер съезінде мұсылман халықтарының өкілдерінен М.Тынышбаев пен А.Ибрагимовтың сөйлеген сөздері осы «Үлфәт» газеті бетінде жарияланды. М.Тынышбаев өз сөзінде отаршыл үкіметтің біріншіден, қазақтардың тілін, салт- дәстүрін, діни сенімін, жалпы ереже болмысын тағылық және айуандықпен жазалау және қуғындау арқылы оны тәуелсіз ұлт ретінде

жойып, бүкіл өлкені орыстандырып жіберуді, екіншіден, түрлі әкімшілік шаралар, нұсқаулар мен ережелер арқылы қазақтарды құқықсыз, заңнан тыс тобырға айналдыруды, үшіншіден, оларды өздерінің қаны сіңген, ата-бабасының сүйегі жатқан мекен жерінен айырып, нәрсіз шөлге ығыстырып, ендігі уақытта автономиялық дәрежеде болса да еркіндік беруін талап еткен еді [7].

Осы съезде сөз алған А. Ибрагимов болса езгідегі ұлттардың одағын құру мәселесіне тоқталып, осындай одақтың сол тарихи кезеңде өте қажет екендігін баса көрсетті. Сонымен бірге мұндай одақтың Ресей мұсылмандары арасында қалыптасып келе жатқандығын, оның 1905 жылы 15-тамызда Нижний Новгород қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде алғаш көрініс бергендігін айтты [8].

Осылайша, автономистер съезі Ресей империясындағы барлық ұлттар бірлікте болып, орыс мемлекетін республикалық негізде құруға ат салыссын, әрбір ұлт бостандықта болып, оның діни наным-сенімдеріне, құқықтарына қол сұғылмасын, Ресей мемлекеті бір орталыққа қатал түрде бағындырылмаған түрде болып әр ұлт өз істерін өздері басқаратын автономия алсын деген қарар шығарды [9].

«Үлфәт» газеті беттерінде 1905-1907 жылдардағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелеріне қатысты мол мәліметтер берілген. Мәселен, газеттің. 1905 жылғы №3 санында Орал қаласында «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының» құрылғаны және ол партияның бағдарламасын әзірлеуге Бақытжан Қаратаевтың ат салысқандығы жөнінде хабарланады. Бұл партияның бағдарламасы сол кезеңде Орал қаласында К.Тухватулиннің редакторлығымен шығып тұрған, татар тіліндегі «Фикер» (Пікір) газеті мен «Әл-аср-ул-жадид» (Жаңа ғасыр) журналында жарияланған болатын. Партия бағдарламасында қазақ жерін қазақ меншігі етіп жариялайтын заң қабылдау, ішкі Ресейден көшіп қоныс-танушылардың легін тежеу, халыққа еркіндік, теңдік беру, қазақ баласы үшін мектеп, медресе, жоғарғы оқу орнын ашу, «степное положение» жою, қазақ даласына земстволық басқаруды енгізу қажеттігі көрсетілген [10].

Осындай партия құру шараларының бірі 1906 жылы маусымда Семейде де жасалған [11, 14-б.]. Алайда, бұл ұйымдар жалпы ұлттық дәрежеге жете алмады. Дегенмен, мұның өзі қазақ зиялыларының патша үкіметіне оппозицияда болған кадеттер партиясын үлгі тұтқанын аңғартады. Біз әңгімелеп отырған кезеңде Б.Қаратаев, Ә.Бөкейханов, С.Жантөрин осы партияға мүше болған. «Үлфәт» газеті бетіндегі материалдар мұндай жағдайдың тек қазақ зиялыларына ғана емес, басқа да мұсылман жұрты өкілдеріне тән екендігін көрсетеді. Мәселен, әзербайжандық қайраткер Ә.Топчибашев, татар халқы арасында С.Алкин, К.Тевкелев, Ю.Акчурин, С.Максұдовтар да кадет партиясы құрамында болды.

Революцияның өрлеу барысында өмірге келген, 1905 жылғы 17-қазанда жарық көрген манифесттің тек метрополия тұрғындарына ғана емес, сонымен бірге, ұлттық аймақтарға да үлкен ықпалы болды. «Бостандық манифесті» атанған бұл құжатта жеке адамның құқығына қол сұқпау, ар-ождан бостандығы сияқты мызғымас принциптер негізінде халыққа азаматтық бостандықты сыйлау, кешіктірмей Думаға сайлау өткізу жөнінде айтылған болатын. Сондықтан да мұсылман зиялылары бұл құжатты халықтың саяси белсенділігін арттыру, саяси сауатын көтеру үшін пайдаланып қалуға тырысты. Сол мақсатта 1905 жылдың соңына қарай Орынборда, Семейде, Қызылжарда, Астраханьда және т.б. мұсылман елді мекендерінде мұсылмандық қоғамдық ұйымдар ашылып, өз қызметтеріне кірісе бастағандығы «Үлфәт» газеті бетінде хабарланады [12]. Мұндай қоғамдық ұйымдар Орынбор мен Семейде «Мұсылман жамиғат хаиреси», Астрахань мен Қызылжарда «Жамиғат исламие» деп аталды. Құрылған қоғамдардың атаулары әртүрлі болғанымен атқарар қызметтері бірдей еді. Орынбор қаласында құрылған мұсылмандық қоғамның мақсаты жайлы оның жарғысында былай делінген: «Мұсылман қоғамының мақсаты 1905 ж. 17- қазандағы манифестке сәйкес туындаған саяси, экономикалық ахуалмен мұсылман дініндегілерді жан-жақты таныстыру, оларды ағарту. Материалдық көмекке мұқтаж мұсылмандарға жәрдем ұйымдастыру» [13, с.1].

Осы кезеңде 17-қазан манифестінің мән-жайын қазақ халқына түсіндіру, олардың қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру мақсатында «Үлфәт» газеті бетінде М.Тынышбаевтың «Тар заман» атты мақаласы, Ж.Сейдалининнің осы тарихи сәтте қазақтардың белсенді азаматтарын бас қосып, съезд жасауға шақырған үндеуі жарияланды [14]. Мұның өзі «Үлфәт» газетінің қазақ даласына да тарағанын аңғартса керек.

«Үлфәт» газеті бүкіл Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғаушы орган ретінде осы кезеңде өріс алған жалпы ресейлік мұсылмандық қозғалысқа ерекше көңіл бөлді. Газеттің редакторы А. Ибрагимов осы қозғалыстың бел ортасында болды. 1905 ж. 15- тамызда Нижний Новгород қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезі Ресей мұсылмандарын өзара байланыстырып, іс- әрекетін бір ізге түсіріп отыратын ұйым құру қажеттігін бір ауыздан қолдап, бұл ұйымның бағдарламасы мен жарғысын әзірлеуді А.Топчибашев пен А.Ибрагимовке тапсырған еді [15, 101-б.].

Мұсылман халықтарының азаттық күресі жолында дүниеге келген «Ресей мұсылмандарының одағы» деп аталатын саяси партияның жарғысы 1906 ж. қаңтардың 15-23-і аралығында Петербор қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде қабылданды. Осы съезге қатысушылардың тізімі «Үлфәт» газеті

бетінде жарияланды. Осы жарияланған тізімнен съезге 100-ден астам делегаттардың қатысқанын көруге болады. Онда И.Гаспринский, А.Ибрагимов, А.Топчибашев секілді мұсылмандық қозғалыстың белсенді өкілдерімен бірге қазақ облыстары мен Түркістан өлкесінен келген делегаттар да көрсетілген. Съезге қатысқан делегаттардың ішінде Уалихан Танашев, Сәлімгерей Жантөрин, Мұхамеджан Оразасв секілді қазақ зиялылары да бар еді [16]. «Үлфәт» бетіндегі осы материал кейбір ғылыми әдебиеттер мен мақалаларда 1905-1906 жылдардағы Бүкілресейлік мұсылман съездерінде тек дін иелері ғана қатысты деген жаңсақ пікірлерді теріске шығарады [17, с.72].

«Ресей мұсылмандары одағының» қабылданған жарғысында Ресейдің 16 қаласында оның ішінде Орынборда, Астраханьда, Оралда, Омбыда, Қызылжарда, Семейде, Верныйда, Ташкентте, Ашхабадта ұйымның бөлімшелері ашылатындығы көрсетілген болатын. «Үлфәт» газеті бетінде екінші Бүкілресейлік мұсылман съезінің шешімдері мен онда қаралған мәселелер толығымен жарияланған. Сондықтан да бүгінгі таңда ғасыр басындағы Ресейдегі түрік тілдес мұсылман халықтарының азаттық жолындағы күресі тарихын зерттеушілер «Үлфәт» газеті бетіндегі осы материалдарды кеңінен пайдалануы тиіс. Осы екінші Бүкілресейлік мұсылман съезінде тек ұйым құру шаралары ғана емес, мұсылман халықтарының отаршылдық саясаттан көрген жәбірі мен орыстандыру әрекетінің халыққа тигізіп жатқан зардаптары делегаттар тарапынан кетерілген болатын.

Съезде делегаттар Мемлекеттік думаға сайлау мәселесіне ерекше көңіл бөліп, «Мемлекеттік думаға мұсылман өкілдері халықтың санына қарай пропорциональды түрде жіберілсін» деген қаулы шығарды. Сайлау науқанында мұсылман халықтары «Конституциялық-демократиялық партиямен» ынтымақтаса әрекет жасауы керек деген қарар қабылдады.

«Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасы 1906 ж. тамыздың 16-21-і аралығында Нижний Новгород қаласында өткен Бүкілресейлік үшінші мұсылман съезінде қабылданды. «Үлфәт» газетінің көрсетуіне қарағанда бұл съезге 800-ге жуық делегат қатысқан. Делегаттар арасында Ж.Алдаоңғаров (Семей), Н.Дауылбаев (Ақмола), Ш.Қосшығұлов (Ақмола), С.Жантөри (Уфа), А.Қойбағаров (Жетісу) секілді қазақ өкілдері де бар еді. «Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасы 72 тармақтан тұрды. Онда «Ресей мұсылмандары одағының» мақсаты - Ресей мұсылмандарының саяси күштерін біріктіру екендігі атап көрсетілді. Жалпы бағдарлама Ресей мұсылмандарының саяси, мәдени, діни құқықтарын қорғауды басшылыққа ала отырып, елде конституциялық монархияның орнығуын, сондай-ақ ұлттық-мәдени автономияның берілуін талап етті [18].

Съезд партияның бағдарламасын қабылдаумен қатар, оның 15 мүшеден тұратын Орталық комитетін сайлады. «Үлфәт» газетінің көрсетуін қарағанда сайлау демократиялық түрде, жабық дауыс берумен жүрген. Орталық комитет құрамына А.Ибрагимов, А.Топчибашев, И.Гаспринский С.Мақсұтов, Ш.Қосшығұлов, С.Жантөрин және т.б. мұсылмандық қозғалыс қайраткерлері енген [19].

Жалпыресейлік мұсылмандық қозғалысқа атсалудың бар үмітін Мемлекеттік Думаға артты. «Үлфәт» газетінің редакторы А.Ибрагимов мұсылмандар сайлау науқанында ұйымшылдық танытып, Думаға көбірек мұсылман депутаттары енгізсе, бәлкім бірер министр мұсылманнан тағайындалар деген үмітте болды [20, 24-б.]. «Үлфәт» газеті Мемлекеттік Думада мұсылман фракциясының құрылуын үлкен қуанышпен қарсы алды. Мұсылман фракциясының қызметі газет бетінде үзілмей жарияланып тұрды. Сондықтан да «Үлфәт» газеті мемлекеттік Думадағы (алғашқы екі думадағы) мұсылман фракциясының қызметін зерттеуде құнды тарихи дерек болып табылатындығы айтпаса да түсінікті. Бірінші және екінші Мемлекеттік Думаларға қазақ депутаттары осы мұсылман фракциясы құрамына енді. «Үлфәт» газетінде Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ депутаттарының, атқарған қызметтері жайлы мол мәлімет берілген. Мәселен, газеттің 1907 жылғы 80- нөмірінде екінші Думадағы қазақ депутаттарының мұсылман фракциясына тапсырған наказы (аманаты) жарияланған. Бұл документте Думадағы қазақ депутаттары мұсылман фракциясына кірер алдында қазақ халқының талап-тілектерін тұжырымдап алғаны айқын көрінеді. Онда қазақ халқының жер, дін, сот, мәселелері көтерілген. Қазақтардың талап-тілектерін мұсылман фракциясы өз жұмысы барысында басшылыққа алуы тиіс болды [21].

«Үлфәт» газетінде Ш.Қосшығұловтың екінші Думада атқарған қызметіне шолу жасалған. Онда Ш.Қосшығұловтың мұсылман фракциясы мәжілісінде Семей облысының 300 қазағы жер жанжалына байланысты генерал-губернатор Назаровтың әмірімен жер аударылғанын, олардың бүгінгі күні халдерінің ауыр екендігін көтергені айтылған. Осы мәселе жөнінде мәжілісте орталық әкімшілік орындарына шағым түсіру керек деген шешім қабылданды. Осындай әрекеттерден кейін ғана генерал-губернатор Назаров жер аударылған 300 қазақтың хал-ахуалын тексеру жөнінде әмір беріп, арнайы комиссия құрады [22].

Мұсылман фракциясы құрамындағы қазақ депутаттарының қызметі жайында басқа да мұсылман басылымдарында жазылып тұрған. Олар көп жағдайда «Үлфәт» газетінен алынып отырған. Мәселен, «Тәржіман» газетінің 1907 жылғы 36-санында Б.Қаратаев, А.Бірімжанов және Ш.Қосшығұловтың жерге орналастыру және егіншілік Басқармасының бастығы Васильчиковтың қабылдауында болып, қазақтардың

жер мәселесіне қатысты бастан кешіп жатқан қиыншылықтарын жеткергені жайлы айтылады. «Тәржіман» газеті бұл хабарламаны «Үлфәт» газетінен алған [].

«Үлфәт» газеті бетіндегі материалдар Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы мен «Ресей мұсылмандары одағының» өзара тығыз қарым-қатынаста болғанын көрсетеді. «Ресей мұсылмандары одағының» мүшелері фракция мәжілістеріне қатысып, мұсылмандарға қатысты заң жобаларын әзірлеуге ат салысты. Бұл ұйымның көптеген мүшелері Мемлекеттік Думаларға сайланып, мұсылман фракциясының қызметіне тікелей араласты [24].

1907 ж. маусым заңынан кейін империяда етек алған реакциялық саясат көп ұзамай «Үлфәт» газетіне де өз әсерін тигізбей қоймады. Әкімшілік орындары «Үлфәт» газетін мемлекетке қарсы әрекет етуде деген желеумен редакцияға бірнеше рет айып салды. Мұндай әрекеттер «Үлфәт» газетінің жабылуына алып келді. Оның редакторы А.Ибрагимов шет елге (Түркияға) эмиграцияға кетіп, онда азаттық идеясын насихаттаған «Тағариф муслимин» («Мұсылман прогрессі») атты жаңа журнал шығару ісін қолға алды.

В Казахстане польским вопросом были уполномочены заниматься сразу несколько органов – Управление Народного комиссариата иностранных дел (НКВД); секретариат Центрального Комитета компартии – ЦК КП(б); военный комиссариат Казахской ССР; Народный комиссариат внутренних дел (НКВД). Советские органы тянули ожидание. Возможно, по причине того, что никто не мог сказать, какой именно из перечисленных советских органов в Казахстане будет координировать деятельность польской делегатуры и нести ответственность за иностранцев. В запросе Уполномоченного НКВД при правительстве КазССР Смирнова ощущается тревога из-за неясных вопросов о том, кто и как «1. подтвердит полномочия, данные Венцеку Польским посольством; 2. укажет характер и размер этих полномочий; 3. определит линию поведения в деловых сношениях с уполномоченным представителем Польского посольства»? Надо было уточнить вопросы о том ведомстве, через которое уполномоченный польского Посольства будет решать все

вопросы, связанные с пребыванием иностранных граждан в Казахской республике? Смирнов спрашивал о НКВД, НКО и об Управлении Наркоминдела [21].

Неясность, растерянность, затянувшееся решение об утверждении польского представительства объясняется и тем обстоятельством, что Казахстан не имел международного опыта, впервые столь сложно столкнулся с проблемой создания представительства иностранного государства – Польши на своей территории. Лишь спустя три месяца, 28. I. 1942 Г.Смирнов докладывал председателю Совнаркома Каз.ССР о подтверждении советского правительства «на организацию временного представительства Посольства в Алма-Ате, районами деятельности которого является Казахская ССР и Алма-Атинская область». Сообщалось, что официальным Представителем польского Посольства в Алма-Ате утверждается К.Я. Венцек [22].

Организационно польские представительства имели трёхступенчатую систему, состоявшую непосредственно из Делегатур, размещённых в столицах республик и областях; из доверенных лиц (которые находились в столицах регионов); и подчинённых доверенных лиц, составляющих нижний уровень системы опеки польских граждан [23]. Согласно предписанию, польские делегатуры выполняли следующие обязанности:

- «1) информирование Посольства о нуждах польских граждан и их положении;
- 2) информирование польских граждан и воздействие на них в духе польско-советского соглашения от 30 июля 1941 г.;
- 3) регистрация польских граждан в данном округе, учет их передвижения..., годность к военной службе, труд, а также их профессии; отыскание потерянных членов семей и близких;
- 4) содействие местным советским органам в деле направления польских граждан на работу в соответствии с действующим в СССР трудовым законодательством;
- 5) забота об обеспечении неспособных к труду польских граждан прожиточным минимумом путем распределения среди них денег и товаров, предназначенных им в виде помощи;
- 6) организация культурной помощи для взрослых и в просвещении для молодежи» [24].

Выводы

Представительства польского Посольства и Польской армии выполняли особенные задачи, подчиненные общей цели союзников – победе над гитлеровской Германией и восстановлению государственности Польши. Сотрудники делегатур проводили сложную работу по поддержке своих сограждан, выходящую далеко за пределы консульских функций.

Например, вопрос о гражданстве и получении польского паспорта являлся одним из чувствительных в отношениях СССР и Польши. Как следствие, поляки, отказавшиеся принять советское гражданство во время паспортизации «бывших польских граждан» подверглись серьезному давлению. Позже было арестовано и осуждено около 3 тысяч поляков, из них 1583 — за отказ от советских паспортов.

Неизвестные страницы истории второй мировой войны ждут продолжения своего открытия. К этому ряду относится изучение особой миссии польских дипломатов в Казахстане, завершившейся трагически в 1943 г. вскоре после ухода Армии Андерса: делегатуры были расформированы, а их сотрудники арестованы, некоторые расстреляны как «иностранные шпионы». Требуется дальнейшее изучение архивных документов областных центров, введение документов в открытый доступ, их опубликование.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. ЦГА РК. Ф. 1125, Оп.2, Д.122, Д. 215, Д. 216
2. ЦГА РК, фонды 1 – 1125, найдено 7 дел. «Из всего учтенного количества политэмигрантов [из Польши – М.Г.], больше всего немцев, потом поляки и евреи...», последних посчитали вместе, ибо многие поляки выдавали себя за евреев, чтобы попасть в квоту МОПРа. Среди них много и евреев-уроженцев Польши, получивших советское гражданство на присоединенных территориях.
3. ЦГА РК, ф. 1125, оп. 2, д. 122, л. 422
4. Польские дипломаты в Казахстане. 1941-1943 годы. Сб. статей и документов.–Астана, 2015. С.14, 113
5. Polish experts lower nation's WWII death toll, “AFP/Expatica”, 30 VII 2009. Online, Retrieved from [http://www.expatica.com/de/news/german-news/polish-experts-lower-nation_s-wwii-death-toll--_55843.html]
6. Цит. по: Лебедева Н.С. Катень: Преступление против человечества (Документы Центра хранения историко-документальных коллекций (ЦХИДК)/ РРГВА, Ф.1/п., оп.1., д.4, л.3-Зоб.). – М., 1994. С. 35–298; Документы из Архива внешней политики РФ (АВП РФ): Сталин, Сикорский, Андерс и другие// Международная жизнь. – М., 1994. - № 12. - С.123–140.
7. Парсаданова В.С. Депортация населения из Западной Украины и Западной Белоруссии в 1939-1941 гг. //Новая и новейшая история . – М., 1989. - № 2. – С. 26–44
8. Гурьянов А.Э. Масштабы депортации населения вглубь СССР в мае-июне 1941 г. // Репрессии против поляков и польских граждан: Исторические сборники Мемориала”. – М., 1997, вып.1. – С. 116.
9. ЦГА РК. Ф. 1125. Оп. 2. Д.122, Д. 215, Д. 216
10. Документы и материалы по истории советско-польских отношений. Т. VII. 1939–1943. М., 1973. С. 208
11. Климовский Е. Я был адъютантом генерала Андерса /Пер. с польского М. М. Рымжи. – М.:изд-во МЭИ, 1991. (оригинал: J. Klimkowski, Bylem adiutantem gen. Andersa. – Warszawa, 1959, - p. 91)
12. Kot S. Listy z Rosji do gen. Sikorskiego. Londyn. 1955. S. 27

13. Указ Президиума Верховного Совета СССР от 12 VIII 1941 г. «О предоставлении амнистии польским гражданам, содержащимся в местах лишения свободы на территории СССР»; Постановление СНК СССР и ЦК ВКП (б) «О порядке освобождения и направления польских граждан, амнистируемых согласно Указу Президиума Верховного Совета СССР» издано за подписью И.Сталина от 12 VIII 1941 г. // *Документы и материалы по истории советско-польских отношений*. - Т.7. М., 1973. С. 218
14. Владислав Андерс (Anders), (1892-1970), польский генерал, в 1941-1942 гг. командовал польской армией на советской территории по соглашению между СССР и польским правительством в изгнании. Командование во главе с Андерсом отказалось от совместной с Красной Армией борьбы на Восточном фронте. В августе 1943 г. Андерс вывел Армию через Иран на Ближний Восток. В 1944–1945 гг. генерал Андерс командовал польскими частями в составе союзнических войск на Западном фронте. Польские солдаты и офицеры, оставшиеся в СССР, составили костяк польской дивизии им. Костюшко.
15. Цит. по: Лебедева Н.С. Армия Андерса в документах российских архивов (ГАРФ, ф. 9479с, оп. 1, д. 61, л. 83). Online, Retrieved from [<http://old.memo.ru/history/polacy/leb.htm>]
16. «Декларации о дружбе и взаимной помощи» // Судьбы. Воспоминания, дневники, письма, стихи, материалы экспедиций, доклады, протоколы допросов. Управление архивного дела администрации Алтайского края / Отв. составитель: Н.И. Разгон, Барнаул: "Пикет", 2001. - С. 304
17. Станислав Кот, дипломат и политик, историк культуры и образования. Посол Польши в СССР с 1 сентября 1941 по 14 сентября ГААО, ф. 685, оп., бс., д. 62, л. 981942 г. В 1942-1943 гг. – государственный министр польского правительства на Ближнем Востоке, в 1943-1944 гг. – министр информации.
18. Число организаций и сотрудников требует дальнейшего подтверждения. Данные приведены по: Лебедева Н.С.. Армия Андерса в документах российских архивов. Online, Retrieved from [<http://old.memo.ru/history/polacy/leb.htm>]. Автор опирается на воспоминания С.Кота: Kot S. Listy z Rosji do gen. Sikorskiego. Londyn, 1955, S. 27
19. Андерс В. Без последней главы // *Иностранная литература*. – 1990. - N 12. – С.242
20. ЦГА, ф. 1146с, оп. 1, д. 287, л. 84
21. АП РК, ф.708, оп.5/2, д. 19, л.167-170
22. Шифротелеграмма Наркомата Иностраных дел СССР, ГААО, ф.685, оп. бс, д.62, л.147-148
23. Худзио Х.. Из Сибири в свободный мир через польские представительства в Казахстане // *Польские дипломаты в Казахстане. 1941-1943*. - Астана, 2015. - С.13
24. ГА ЮКО. Ф.121, оп. 6, д.22, л.17.

ӨОЖ 391.745/749

М.Қ. Егізбаева., Г.Б. Қозғанбаева.
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

ТҮРКІ ЖӘНЕ СЛАВЯН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫНДАҒЫ ҰҚСАСТЫҚТАР (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Тәуелсіз Қазақстан – көпұлтты мемлекет, елімізде 130-ға жуық ұлттың өкілдері өмір сүреді. Оның ішінде түркі және славян халықтарының үлес салмағы басым екені белгілі. Сондықтан да мақалада орыс және қазақ халықтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының ұқсастықтары туралы қарастырылған. Мақаланың басты мақсаты - қазақ және орыс халықтарының отбасылық әдет-ғұрыптарындағы (бала туу, қыз ұзату, ұлын үйлендіру) ұқсастықтарды анықтау болып табылады. Аталмыш екі халықтың «күрсақ той», «кіндік шеше», «құда түсу», «күйеу жігіттің ұрын баруы», қалыңдықтың жасауы, қалыңмал төлеу сияқты салт-дәстүрлері салыстырмалы түрде сараланып, зерделенді. Қолда бар мәліметтерге сүйене отырып, қазақ және орыс халықтарының отбасылық әдет-ғұрыптарының ішінде ұқсас элементтер өте көп кездесетініне көз жеткіздік. Сонымен қатар, бұл ғұрыптардың пайда болуымен қоса, олардың семантикалық мәніне саралау жасадық.

Түйін сөздер: Этнос, ұлт, этнография, салт-дәстүр, киім, колөнер.

Аннотация. В статье рассматриваются аналогичные родильные и свадебные обычаи и обряды казахского и русского народов. Главная цель статьи – выявить идентичность в родильных и свадебных обрядах казахов и русских. Был сделан сравнительно-сопоставительный анализ этих обрядов казахов и русских, таких как «күрсақ той», «кіндік шеше» и т.д. Опираясь на имеющиеся материалы, автором было выявлено, что в родильных и свадебных обрядах казахов и русского народа много аналогичных элементов. Так же были проанализированы проблемы возникновения и семантический смысл этих обрядов.

Abstract. The article examines similar maternity and wedding customs and rites of Kazakh and Russian peoples. The main goal of the article is to reveal the identity of Kazakhs and Russians in maternity and wedding ceremonies. A comparative-comparative analysis of these rituals of Kazakhs and Russians was done, such as "күрсақ that", "кіндік шеше", etc. Relying on the available materials, the author found that in the maternity and wedding ceremonies of Kazakhs and the Russian people there are many similar elements. The problems of the origin and semantic meaning of these rites were also analyzed.

Кіріспе

Қазақ және орыс халықтары салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға бай халықтар. Қазақ халқы да, орыс халқы да бала тәрбиесі мен олардың жанұя құру мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Дүниеге сәби келу, қыз ұзатып, ұлын үйлендіру - отбасының зор бақыты. Сондықтан да қай халықтың болмасын әйел адамның екіқабат болып, бала туылғаннан бастап, баланың ер жетіп, үйлену тойын жасайтын уақытқа дейінгі өмірі толып жатқан әдет-ғұрыптары мен жөн-жоралғыларға толы.

Қарастырып отырған екі халық та ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін бөліп қараған. Мысалы, қазақтар ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, мал табуға, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқу сияқты үй ішінің ішкі жұмыстарына үйрету арқылы экономикалық тәрбиенің көзі болып табылатын үнемшілдікке, тәуекелшілдікке үндеп, сарандыққа салынып кетуден жирендіріп отырған. Ер бала дүниеге келсе батыр келді, ұрпағымның жалғасы келді деп, қыз бала дүниеге келсе, болашақ ұрпақ жалғастырар ана дүниеге келді деп қуанса, орыс халқында да ер бала дүние есігін ашса, ел қамын ойлар азамат, ұрпағымның жалғасы деп, қыз бала дүние есігін ашса, «қыз - қонақ» деп келер ұрпақты дүниеге әкелуші деп қуанған.

Орыстың белгілі педагогі К.Д. Ушинский: «Орыс халқының бала тәрбиесі оның сан ғасырлық тарихымен тығыз байланысты. Тәрбиенің негізін халықтың жақсы-жаман дәстүрінен іздестіру керек», - дейді [1, 326-440 бб.]. Орыс халқының нәресте туылғаннан кейінгі салт-дәстүрлерінің бірі - баланы шіркеуден шоқындырып алып келгеннен кейін оны арнайы босағаға жатқызу. Бұл дәстүрдің мағынасы «Жас сәбиді жамандықтан босағаның киесі қақсын, әрқашан аман сақтасын, есейгенде босағасы берік болсын» дегенді білдіреді. Сондай-ақ тоғыз айға толмай шетінеген баланы босаға іргесіне жерлеген. Сондықтан орыстардың салты бойынша босағаны басуға, босағада тұрып тамақ жеуге, қал-жағдай сұрасып, амандасуға болмайды. Тек әке-шешесінен бірдей айырылған жетім балар ғана босағада тұрып, нан мен тұз жеуіне болады [2, 36 б.]. Жалпы орыс халқының босағаға қатысты ырым-тиымдары да қазақ халқына өте ұқсас. А. Бижанова баланың кіндіген кескен саймандар мен кесіліп алынған кіндіктің бір бөлігі және баланың жолдасын үйдің

босағасына, не кіре берістің сол жағына тары, не жүгері дақылдарының дәнімен бірге көметін болғандығын айтады [3, 27 б.]. Босағаны киелі деп санап, жастар шаңырақ құрғанында немесе біреу жаңа үй алғанында жақын туған-туыстары келіп жаңа үйдің босағасына май жағу салтын жасайды. Ол осы үй берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген ниеттен туған. Босағасын майлаған адамға шаңырақ иелері кәде береді.

Орыс халқы да, қазақ халқы да жас келінге аса құрметпен қараған. Орыс халқы келініне бір жылға дейін ауыр жұмыс істетпеген. Егер жас келіннің жүкті екенін сезсе, абысын-ажындары, туған-туыстары оның сүйікті, қалаған тамағын әкеп берген, қонаққа шақырған [2, 41 б.]. Сол секілді қазақ халқында жас келіннің бойына бала біткенін сезген енесі, оны қамқорлығына алып, пәле-жаладан, тіл-көзден сақтаудың шарасын істей бастайды. Абысын-ажын, ауыл әйелдерін жинап, «құрсақ» тойын өткізеді. Оған жиналған әйелдің бәрі шашуларын әкеп шашып, келінге бата-тілектерін білдіреді. Өз білген ақыл-кеңесін аямайды. Өмір тәжібесі мол қарт аналар жас келінге бойға бала біткен соң бір жарым айда жерік басталатындығын, ол кезде жүрек айну, бас айналу, құсу сияқты белгілердің болатындығын айтып түсіндіреді [4, 130 б.]. Осы тұста орыс халқындағы аяғы ауыр әйел жеріктігі арқылы баланың жынысын пайымдаған [5, 124 б.]. Егер әйел тұзды, бұрышалған тағамдарға, етке жерік болса, онда оны ер бала дүниеге әкеледі деп, ал егер шөптен жасалған шәй мен жеміс-жидектерді көп жесе қыз бала босанады деп есептеген. Қазақ халқында аяғы ауыр әйел өзге үйге өз дастарханынан апарған затты өзі жесе қыз табады деп пайымдаған. Ал ұлды боламын десе, оған ырымдап алғаш сойылған малдың ұлтабарын жегізеді [4, 131 б.].

Орыс халқында да, қазақ халқында да анасының құрсағының сыртқы пошымына қарап, оның ұл не қыз бала екенін де болжай алады: егер ұл болса, іші кішкене, шошак, үшкір болып келеді; ал қыз бала домалақ, дөңес бітеді; сондай-ақ ұл жоғары, ал қыз бала төмен орналасады. Әдетте қимылдағанда қыз бала сол жақтан, ұл бала оң жақтан қозғалады деп есептеген [6, 100 б.]. Орыс халқында егер бала бірінші рет бұзау емізіп жатқанда қимылдаса, онда ол өскенде шаруа болады, ал, өзен жағасында тұрғанда қимылдаса, балықшы болады, егер базарда қимылдаса, саудагер болады деп болжаған [2, 43 б.].

Орыс халқында аяғы ауыр әйелге тасқа отыруға болмайды, егер тасқа отырса баланы ауыр босанады деп ырымдаса, жерде жатқан арқанды аттауға болмайды, аттаса, ішіндегі баланың кіндігі оратылып қалады, иін ағашты аттаса, бала бүкір болып туылады, мысықты не болмаса итті итерсе бала үстін жүн басып туылады деп ырымдаған [7, 61-62 бб.]. Қазақ халқында да екі қабат әйел керулі тұрған және шұбатылып жатқан арқаннан аттамайды. Бұлай істесе босанған кезде баланың кіндігі мойнына оралып, өміріне қауіп төнеді ырымдайды [6, 12 б.].

Орыс халқында толғақ жиілесімен барлық есік-терезелерді ашып, шаштарын тарқатып, сандық, шкаф есіктерін ашып толғатып жатқын әйелдің тез босануына «көмек» жасаған. Қазақ халқында да үй ішіндегі әбдірелер ашылып, тендер шешіледі, әдейі арнап түйреген қарынның ауызы ашылады [5, 218 б.].

Мұның бәрі - әйелдің тез босануына арналған ырымдар. Екі халықта да толғатқан әйел жанына бала таппаған әйелді жібермейді. Әрбір қазақ ауылында екіқабат әйелдерді босандыруды машық қылған қолы жеңіл кемпірлер болған. Оларды ел ішінде «Аққол ана» деп атайды. «Аққол аналар» кез келген келіншектің қай күні босанатынын тап басып біліп отырған. Сол секілді орыс халқында да жүкті әйелдерді кемпірлер босандырған.

Қазақта нәресте шыр етіп дүниеге келгеннен кейін нәрестені жерден көтеріп алатын әйел немесе ауылдың тәжірибелі әйелдерінің бірі ырымын жасап, нәрестенің кіндігін кескен әйелді «кіндік шеше» деп атайды. Бала кіндік шешесін алдын ала дайындап қояды. Ол көп балалы, елге сыйлы адам болу керек. Кіндік шеше қазақ салты бойынша екінші анасы есептеліп құрметтеледі. Кіндік шешеге көйлек-көншегін сыйлап, жолдық береді. Міне, сол сияқты орыс халқында да балаға қамқор болатын «кіндік әке-шешесі» болады. Көбінесе кіндік әке-шеше болып тума-туысы болып келеді. Егерде баланың әке-шешесі қайғылы жағдайға ұшыраса, баланы тәрбиелеу кіндік әкесі мен шешесінің міндеті болып табылады. Олар бірін-бірі «кум» және «кума» деп атады. Бір қызығы оларда «кіндік әке-шеше» болып 6 жастағы баладан бастап қарияға дейін бола алады [8, 225 б.].

Қазақ халқы нәресте дүниеге келген қырық күнді қауіп-қатерлі деп санаған. Осы күнге аман-есен жеткен баланы сау-саламат болады деген. Қырық күнге дейін үйден шырақ өшірмеуді әдетке айналдырған. Нәресте туылып қырық күнге толғанда жақын туыс-туғандардың көршілердің әйелдері қырық қасық шілде суын тамызып, нәрестені шомылдырып, нәрестенің қолын ұнға матырып, «қарын шашын» алып шүберекке түйіп, тұмарша етіп баланың оң иығына тағып, тырнағын алып көміп тастайды. Ұл баланы қырық күнге жеткізбей, 37-39 күнде, ал қыз баланы қырық күннен асырып, 42-44 күнде қырқынан шығарады. Бұл-ұл баланың қалыңдығына төлейтін мал аз болсын, ал қыздың қалың малы көп болсын деген ырым. Міне сол сияқты орыс халқында 40 күннен кейін нәрестенің «қарын шашын» алу дәстүрі жүреді. Нәресте шашын туған әкесі ала отырып: «Шашын қалың болсын, ал сен, жақсы болып, туған-туыс, дос-жаран арасында сыйлы болып өс» - деп айтады. Бұдан кейін баланын шашын алмайды [7, 10 б.].

Қазақ халқы баласын ағаш бесікке салып асырайды. Ағаш бесік көшпелі өмірге өте қолайлы. Бесік иіп кептірілген талдан жасалады. Екі басын қайын ағаштанда шауып жасауы мүмкін. Астына тақтай салып дәрет жүретін жерді тесіп, ойып қояды. Бала бөлеген бесіктің үстіне жеті нәрсе жабады. Әр жабылған нәрсенің өзіндік мәні бар. Мәселен, ең бірінші етіп, бесік көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тон, жабу, жүген және қамшы сияқты бұйымдар жабылады. Бесікке баланы қырқынан шығарғаннан кейін салады. Бесікті негізі баланың нағашы жұрты алдын ала жасатып, бесік тойына алып келіп тартатын болған. Баланы бесікке бөлер алдында ананың балаға деген махаббаты «бесік жыры» арқылы жеткізіледі:

Әй-әй	бөпем,	әй	бөпем.
Ән	айтайын,	бал	бөпем.
Ән	тыңдағын	келсе	егер,
Және айтайын, жан көкем...			
Бөпемменің	ай	ма	екен?
Шекер	ме	екен,	бал
Ойнақтап		бір	ма
Озып келер тай ме екен?!			екен?
Тас	бұлақтар	тауда	екен,
Жас	кұрақтар	сайда	екен.
Көлбең-көлбең			ұшатын
Көбелектер қайда екен?! [6, 19 б.]			

Осы секілді орыс халқында да, баланы аспалы ағаш бесікке салып асырайды. Бесікке бөлерде темір пышақпен аластайды. «Пәле-жаладан, тіл көзден сақтасын» деп темір пышақпен аластап, ер бала болса, жастықтың астына пышақ, ал қыз балаға қайшы салып қояды. Қазақ халқы секілді орыс халқында да, ананың балаға деген сүйіспеншілігін жеткізетін бесік жырлары өте көп кездеседі:

Баю,	баюшки,	баю
Мудрость	я	тебе
Будет	нас	она
От совсем не нужных встреч		
Счастье		долгожданное,
Радость		несказанная!
Умный,	ласковый	малыш,
Почему же ты не спишь?		
Закрывай	скорее	глазки
И	послушай	мою
Я	пойду	с
Помогу тебе уснуть [9, 100-101 бб.]		тобою
		в
		пусть,

Дүниеге келген жас нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-той, салтанатты жиындар мен рәсімдер көп. Қазақ халқында мұндай рәсімдердің алғашқысын «жарыс қазан» деп атаса, орыс халқында «проведок» деп атайды. Жарыс қазан атанатыны - мұндайда аяу, ірку, мөлшерлеу деген болмайды. Қазан әр үйде бірнеше жерден асылады. Келіншек аман-есен босанса, босанған әйел қалжасынан ауылдың үлкен-кіші, еркек-әйелді түгелдей дәм татып, ет жеп, сорпа ішеді. Жас босанған әйелге де жас сорпа «баптапа» беріп қалжалайды. Орыс халқында да ана босанғаннан кейін жасалатын рәсім «проведок» деп аталды. Бұл рәсімді отбасылар арасында қарым-қатынас, өзара көмек алмасу деп қарастыруға болады.

Дүниеге жаңа келген сәбиге ат қою рәсімі адам өміріндегі өте маңызды әрі айтулы оқиға болып табылады. Қазақ халқында бала туылғаннан кейін қырық күн өткен соң ел ішіндегі ауызы дуалы қарияға немесе баланың атасына, әжесіне немересінің атын қойғызады. Ат қойыстың кезінде бүкіл бір халықтың ұлттық ерекшелігі, таным-түсінігі, ой-арманы ап-айқын көрініп тұрады. Мәселен, балаға көз тиюден сақтасын деген оймен Итбай, Күшікбай, Жаманбай деген сияқты келеңсіз, оғаш есім қоятын болған. Сол секілді орыс халқында да балаға ат қою үлкен рөл атқарды. Олардың ойынша есім- адам өмірімен байланысты болды. Егер сәби әлсіз туылса, оның жағдайы тез жақсарсын деп жақсы мағынада аттар қойып отырды. Сонымен бірге оларда өлген бала есімін, тірі бала есімінде қоюға тиым салынды. Қазақ халқы секілді баларына аталары мен әжелері секілді болсын деп, көпті көрген кісілердің есімін берді. Жалпы адам есімі тілге жеңіл, жүрекке жылы мағыналы, әрі мәнді, әрі сәнді болуы қажет. Себебі есім адаммен бірге жасайтын тарихи заңды құбылыс [10, 184 б.].

Көріп отырғанымыздай, қазақ халқымен, орыс халқының бала тәрбиелеудегі ұқсастығы өте көп. Әрбір халықтың салт-дәстүрі баланы үлкенді құрметтеуге, кішіні ізеттеуге, табиғатты аялауға, жақсылық жасауға, жамандықтан арылуға, ешқандай қиындыққа мойын ұсынбауға тәрбиелейді.

Енді қызын ұзатып, ұлын үйлендіруге байланысты қарастырайық. Орыстарда кейде құда жіберуге келісім алу үшін алдымен жігіттің әке-шешесі қыздың үйіне ауылдағы сыйлы, тілге шешен адамды да жіберді. XIX ғ. ортасында орыстарда, әсіресе ірі қалаларда «кәсіби» құдалардың қызметін пайдаланатындар болды, солар арқылы қыздың әке-шешесінің келісін алғаннан кейін ғана «нағыз құдаларды» жіберді [11, 125 б.]. Ал қазақтарда болашақ күйеудің әкесі құдалықтың алдында қыздың үйіне «жаушы» жіберді. Қазақстанның кейбір өңірде жаушылар, әдетте сырт белгісімен-ақ ерекшеленді, жеңіл киініп, шалбарының бір балағын етігінің қонышына тығып, екінші балағын сыртына шығарып қояды. Бұл салттың қазақтарда өткен ғасырдың алғашқы ширегіне дейін болғандығын дерек берушілердің мәліметтері айғақтайды. Х. Арғынбаевтың айтуы бойынша, бұл әдет қыз әкесі құдалыққа қарсы болмай, жаушының жолы болып қайтуы үшін жасалатын ырым [8, 101 б.]. Орыстарда да қалыңдықтың ата-анасының келісін беруге септігін тигізеді деген ұғыммен сан алуан магиялық іс-әрекеттер жасалды. Мәселен, Қазан губерниясының орыс селенияларында қыздың үйіне кірмес бұрын құдағи келімен өзін үш рет айналыдыратын болған, бұл құдалық сәтті өтуіне әсер етеді деген сенімнен туса керек. Перм губерниясында құда үйге кірер алдында өкшесімен босағаны үш рет ұратын болған. Ә.Т. Төлеубаевтың көзқарасы бойынша, осындай іс-әрекеттер бұл отбасындағы қалыптасқан әдетті «өзгерту», «бұзу» үшін келгендігін білдіретін ғұрып [12, 15 б.].

Орыс халқында жігіт әкесі құда түспестен бұрын қалыңдықты өзі барып көреді. Келген адамның қызына құда түсіп келгенін жігіт әкесінің ісінен айқын аңғаруға болады. Жігіт әкесі кіре берістегі пешке қарама-қарсы бетін беріп отырады. Мұны «қызыл бұрыш» деп атайды. «Қызыл бұрыш» үйдегі киелі орын болып саналады. Жігіт әкесі өзімен бірге нан мен тұз, т.б. тағамдарды ала келеді. Қыз әкесі келген құдаларға ризалығын білдірсе, болашақ құда әкелген тағамдарын қалыңдық туыстарына ауыз тигізіп, сыйлайды. Орыс халқының сыйлау рәсімінде нан мен тұз негізгі орын алады [11, 122 б.].

Сол сияқты, қазақтарда құдалықтың басы - жайшылықта айттыру немесе құдандалық сөйлесумен басталып жатса, кейде, ұзақтан келетін бейтаныстардың тосыннан құдалық жорасын тұспалдай білдіретін «біз шаншу» аталатын ғұрыппен басталады. Біз шаншуға келгендер ешкіммен сөйлеспей, аттарының ертоқымын біржерге жиып, түскі асын ішкеннен соң да кетпей жатып алады. Үй иесі қонақасына кешінде мал сояды. Қонғандар ертеңінде түсте үн-түнсіз аттанып келеді. Келгендер көбінесе шалдар болады. Қонақтар кеткен соң үйдегілер бұл сырдың жұмбағын шешкілері келіп сырмақ қағады. Сырмаққа шаншылған бізді көреді. Шалдардың сырмаққа біз шаншуы бізде ұл бар еді, сол осы шаңыраққа да ұл болса қалай қарайсыз деген мақамы [13, 124 б.].

Құдалықты қазақтар да, орыстар да әдетте «сәтті» күнге белгілейтін. Қазақтар үшін «сәтті» күн болып сәрсенбі, сенбі күндері саналды. Құдалық үшін орыстар аптаның белгілі бір «жеңіл» күндерін, яғни жексенбі, сейсенбі, бейсенбінің кешкі немесе түнгі уақытын таңдады.

Қазақта да, орыста да құдалыққа жіберілетін адам мұқият таңдалды, себебі, құдалыққа барған адамның әңгімені жүргізуі, болашақ қалыңдық туыстарында жақсы пікір қалыптастыруы құдалықтың басты шарттарының бірі болды. Орыстар құдалыққа жігіттік кіндік әке-шешесі немесе жақын туыстарының бірін жіберді.

Құдалықтың екінші бір кезеңінде қазақтарда қалыңмал, орыстарда қалыңдықтың жасауы туралы келісілді. Қазақтарда қыз жасауы көбіне жігіт жақ төлеген қалыңмалдың көлеміне сәйкес болса, орыстарда қалыңдықтың артынан беретін жасауы жігіттің ата-анасының тойға жұмсаған қаржы көлеміне сәйкес болды. Осы жолы екі жақтың бір-біріне беретін сыйлары «киіт» туралы да сөз болды.

Қазақтарда қалың малдың көп бөлігі төленген соң, жігіт әкесі баласын қыз ауылына жібереді. Бұны «қалыңдық ойнамақ» немесе «ұрын бару» деп атайды. Жігіттің қасына үштен тоғызға дейін сенімді адамдар еріп барады. Оларды қосшы дейді. Өздерімен бірге олар әр түрлі сыйлықтар ала барады. Қазақта «қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деген нақыл сөз бар. Ал, орыстарда қызды көруге күйеу жігітпен бірге оның ата-анасы да барды. Бұл жораға қыздың дос қыздары да қатысып, олар сол жерде қыз өмірі туралы жыр айтады. Қызды көргеннен кейін қалыңдық пен күйеу жігітті алдын ала жайылған тонның немесе ішіктің үстіне тұрғызады [14, 214 б.]. Ал қазақтарда осыған ұқсас ғұрып қалыңдықты жігіттің үйіне апарғаннан кейін орындалады. Келін түскен күні кешке оны жігіт әкесі үйіне шақырады, сол жерге қалыңдыққа арнап қойдың шикі терісін төсеп қояды, қалыңдық сәлем берген соң оны теріге отырғызады. Бұл-келіннің мінезі осы терідей жұмсақ болсын дегенді білдіреді. Орыстардың да жас жұбайларды тон немесе ішіктің үстіне тұрғызуы осындай мағынаны меңзесе керек.

Қазақтарда қалыңдық үйден шығарда «сынсу» айтады.

Қазақтардағыдай орыстарда да қалыңдықты алып кетуге келген күйеу жігіттің жолын деревня адамдары шығып, әр түрлі жоралғылар арқылы жолын бөгейтін болған. Мысалы, үйдің қақпаларын жауып тастап, жолына арқан тартатын болған. Құдалардың жолына арқан тарту осы күні Қазақстанның шығысындағы қазақтарда да кездеседі. Қалыңдықтың үйінің жанында күйеу жігіт пен құдаларды қыздың дос қыздары қарсы алады, олар қақпаны жауып алып, күйеу жігіт және оның қасындағыларды дос

қыздарынан «айырыстырушылар» ретінде сипаттап ән айтатын болған. Күйеу жігіттің жолдасы топтың алдында жүрді, ол қолындағы бишігін үйіріп, «қаскөй күштерден» жолды тазалайтын. Ол қалыңдықтың дос қыздарымен сөйлесіп, жақсылап кәдесін берген соң ғана, қыздар жолды ашып, үйге кіргізеді. Ресейдің кейбір деревняларында күйеу жігіт пен оның жолдасы үйге кірген соң тығылып тасталған қалыңдықты іздейді немесе оның үлкен ағасынан «сатып» алатын болды [15, 135 б.]. Мұндай ғұрып қазақтарда да болған.

Осылайша, қыз ғұмырының символикалық «аяқталуын» көрсететін жоралғылардың бірі - тұрмысқа шыққан қыздың киімінде, әсіресе бас киіміндегі өзгерістер болды. Мысалы, орыстарда қалыңдық жігіттің үйіне келіп, некелері қиылғаннан кейін оның шаш үлгісі мен бас киімін өзгертті. Бұл ғұрыптың орындалу барысына күйеу жігіт пен оның ата-анасы, жолдастары қатысты, олар өлең айтып отырды. Бұрынғы бір бұрымның орнына екі бұрым өріліп, басына айналдыра оралды. Оның сыртынан «кокошник» деп аталатын бас киімді кигізді. Алтайдың орыс ауылдарында қалыңдықты бұрышқа отырғызды, жан-жағын орамалмен жауып, шашын тарқатып, екі бұрым етіп өрді. Басына тұрмыстағы әйелдердің бас киімі «самшураны» немесе орамал тақты [11, 142 б.]. Осы сияқты қазақтарда қалыңдық өз үйінде жүргенде шашын бірнеше бұрым қылып, ұшына шашбау тағатын. Тұрмысқа шыққан соң қазақтың жас әйелдері де енді шаштарын екі бұрым қылып өрді. Бұл ғұрыптар қалыңдықтың стаусының өзгергендігін, яғни, тұрмыстағы әйел қатарына қосылғандығын көрсетті.

Орыстарда қалыңдықты жігіт үйіне әкелген кезде туыстары мен келген қонақтар мылтық атып, жастардың үстіне бидай немесе құлмақ шашады. Шашуға бидай, жаңғақ, конфет, ақша да қолданылады. Орыс халқы үшін шашылған шашудың мол болуын, келешекте ырыс береке құт мол болсын деп, шашудай бала-шағалары көп болады деп жақсылыққа жориды.

Бұл ғұрып қазақтардың келінге «шашу» шашатынына ұқсас болды. Содан соң қақпаның алдына от жағып, оның арасынан қалыңдық пен күйеу жігітті өткізеді. Ал қазақтарда жаңа түскен келін отқа май құяды. Бұл отқа табынудан қалған сарқыншақтардың көрінісі. Кейбір жерлерде орыстар жастардың төбесіне нанды сындырып өздеріне берді және оны екеуі де өмір бойы сақтау керек болды. Ал, қазақтарда қыз үйінен шығарда бір кесек ет немесе нанды шүберекке орап, 2-3 рет қалыңдықтың басынан айналдырып алып қалады. Бұл ғұрып осы үйден кетіп бар жатқан адаммен бірге осы шаңырақтың ырысы, берекесі кетіп қалмасын деген ұғым.

Орыс халқында неке қиылған соң үйге кірген келіннің беті орамалмен жабылды. Оларда той келіннің бетін ашумен басталды. Әдетте жігіттің әкесі немесе күйеудің туыстарының бірі қолына нан немесе бәліш ұстап, кей жерлерде көсеумен келіннің бетіндегі орамалды көтеріп, бетін ашты. Сол нанмен жастардың басынан үш рет айналдырды. Қазақтарда да келіннің бетін ашу ғұрпы осы күнге дейін сақталған.

Орыс халқында той кезіндегі дастарханнан қалыңдық пен күйеу жігіттің тамақ ішуіне тиым салынды. Тамақ арқылы оларға көз тиюі мүмкін деп жорыған. Олардың алдына бос тегештер қойылды, қасықтарына қызыл лента байланып, ал сусынға арналған ыдыстары төңкеріліп қойылды [16, 185 с.]. Сол сияқты қазақтарда «өлі-тірі» деп аталатын арнайы сойылған малдың етінен қалыңдық пен күйеу жігіттің жеуіне тиым салынды.

Қарастырылған салт-дәстүрлерден көретініміз, орыс халқының да, қазақ халқының да, салтында жас келінге аса құрметпен қараған. Осылайша, қазақ және орыс халықтарының үйленуге байланысты салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарындағы ұқсастықтарды саралай отырып, олардың бірі түркі, екіншісі славян тілдес болуына қарамастан, отбасылық мәдениетінде көптеген ұқсастықтар бар екендігіне көз жеткіздік. Бұндай зерттеулер одан әрі жалғасытырылып, жан-жақты зерттеуді талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұқанова Б., Ильясова Р. Этнопедагогика: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008. - 440 б.
2. Панченко А. Отношение к детям в русской традиционной культуре // Отечественные записки. - № 3 (17) (2004).
3. Бижанова А. Е. Семейно-бытовые обряды казахов низовья Амударьи (вторая половина XIX-середина XX вв): автореф. ... канд. ист. наук. – Нукус, 2001.
4. Карутц Р. Дүниеге келу және балалық шақ // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. – Алматы, 2006. – Екінші том.
5. Русские: семейный и общественный быт. - М., 1989. - 334 с.
6. Калиев С., Оразбаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы «Рауан» 1994 ж.
7. Сумцов Н.Ф. Символика славянских обрядов: Избранные труды. М., 1998.
8. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья және неке. А., 1996
9. Иманбаева С. Орыс халқының салт-дәстүрлері // Ұлағат. – Алматы 1996 -103 б.
10. Терещенко А.В. История культуры Русского народа. - М., 2006

11. Балашов Д. М., Марченко Ю. И., Калмыкова Н. И. Русская свадьба. - М.: Современник, 1985. - 402 с.
12. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-нач. XX в.). -Алма-Ата: Ғылым, 1991. -213 с.
13. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі: қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптары. - Алматы: Өнер, 1992. - 80 б.
14. Тохтабаева Ш.Ж. Функция казахской традиционной одежды // Известия НАН РК. Серия обществ, наук. - 1994.- № 16. -С.11-20.
15. Соколова А. Л. Традиции русской народной свадьбы. - М., 2014.-292 с.
16. Забылин М. Русский народ. Его обычаи, обряды, предания, суеверия и поэзия. -М., 1990. – 616 с.

Қ.А. Еңсенов

Мемлекет тарихы институты

ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫ БЕС ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТАРИХЫ (1992-2017 жж.)

Аңдатпа. Берілген мақалада 1992-2017 жж. аралығында Қазақстан Республикасында өткізілген Дүниежүзі қазақтарының бес құрылтайының тарихы қарастырылған. Ғылыми-зерттеу мақаласын жазуға ғылыми әдебиеттер және Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты, Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағаты қорларынан алынған тарихи деректер ғылыми айналымға келтірілген.

Қазақстанда өткізілген Дүниежүзі қазақтарының бес құрылтайының тарихи маңызы аса зор екендігі анық. Бұл мәжілісте әлем елдеріне шашырап кеткен қазақтар бас қосып, тарихи атамекенінде болашақта жүзеге асырылатын өзекті мәселелерді талқылаған. Мысалы, шетел қазақтарының Қазақстанға оралуы, тіл, әдебиет, мәдениет, салт-дәстүрді сақтау және өзара бірін-бірі қолдау сияқты маңызды жұмыстарды атқару мәселелері айтылған.

Түйін сөздер. этнос, ұлт, халық, қазақтар, құрылтай, оралмандар, отандастар, көші-қон.

Қ.А. Еңсенов

Института истории государства

ИСТОРИЯ ПРОВЕДЕНИЯ ПЯТЕРЫХ КОГРЕССОВ МИРОВЫХ КАЗАХОВ (1992-2017 гг.)

Аннотация. В этой статье, История пятерых конгрессов мировых казахов, которая состоялась в Республике Казахстан. В научный оборот переведена научная литература для научной статьи и исторических архивов Архив Президента Республики Казахстан, Национального архива Республики Казахстан.

Очевидно, что пять конгрессов казахов в Казахстане имеют историческое значение. На этом собрании казахи, которые были рассеяны по всему миру, собрались вместе и обсудили актуальные проблемы в историческом контексте будущего. Например, вопрос возвращения иностранных казахстанцев в Казахстан, реализация таких важных работ, как язык, литература, культура, традиции и взаимная поддержка.

Ключевые слова. этнос, нация, народ, казахи, учредители, казахстан, репатриация, соотечественники, миграция.

K.A. Yensenov

HISTORY OF THE FIVE WORLD CONGRESS OF KAZAKH (1992-2017)

Abstract. In this article, the history of the five congresses of world Kazakhs, which took place in the Republic of Kazakhstan. Scientific literature has been translated into scientific circulation for a scientific article and historical archives. Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, National Archive of the Republic of Kazakhstan.

It is obvious that five congresses of Kazakhs in Kazakhstan have historical significance. At this meeting, the Kazakhs, who were scattered around the world, gathered together and discussed pressing issues in the historical context of the future. For example, the issue of returning foreign Kazakhstanis to Kazakhstan, the implementation of such important works as language, literature, culture, traditions and mutual support.

Keywords. ethnos, nation, people, kazakhs, founders, kazakhstan, repatriation, compatriots, migration.

Кіріспе

Қазақ халқы өз басынан талай тағдырды басынан кешіріп, алыс және жақын шетелдерге ауа көшіп бас сауғалаған замандар болған. Ол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте, 1928-1929 жылдардағы тәркілеуде, 1931-1933 жылдардағы ашаршылықта, 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргінде қазақ халқының мыңдаған және миллиондаған адамдарының тағдыры тәлкекке түсті. Өз елінде тұрақтай алмай бас сауғалап, жан сақтау үшін шетелдерге кетуге мәжбүр болды. Ол Ресей Патшалық және Кеңестік қызыл империяның әміршіл-әкімшіл жүйесінің адамзат баласына жасаған қылмысы болатын. Соның салдарынан көші-қонда жолда қырылды, қарсылық көрсеткендері атылды, асылды. Қазақ халқы өте аянышты және жантүршігерлік жағдайларға тап болды. Қазақ халқы әлемге тарыдай шашырап кетті.

Кезінде Қазақстанда алғаш рет өткізілетін Дүниежүзі қазақтары құрылтайына дайындық барысы туралы Қазақстан Сыртқы істер Министрінің орынбасары Сайлау Батырша-ұлы: «Құрметті Мырзатай Жолдасбекұлы! Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің тамыз айының 27 күнгі нөмірі 709-

шы қаулысына сәйкес осы жылдың қыркүйек айының 28-нен қазан айының 3-ші күндері аралығында Алматы қаласында Қазақтардың дүниежүзілік Құрылтайы өтетіндігі өзіңізге белгілі.

Осыған орай ұйымдастыру комитеті, дүниежүзінің 40-тан астам елдерінде тұратын отандастарымызға шақырту хат жолдап, оларды мемлекетіміз жүргізіп отырған байсалды да, баянды ішкі және сыртқы саясатымен, шет елдерде шашырап жүрген бауырларымыздың басын қосып, егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы өмірімен таныстыруды мақсат етіп отыр.

Бұл тұрғыда Қытай Халық Республикасында өмір сүріп жатқан миллионнан астам жерлестеріміздің бір топ өкілдерінің осы Құрылтай жұмысына қатысуы туралы Алматыдағы Қытай Халық Республикасының Елшісімен екі мәрте кездесіп, елшілік атына ресми ноталар жолдаған едік. Елші кездесулер кезінде біз қойып отырған ұсынысты мақұлдап, өз тарапынан бұл мәселені тыңғылықты шешуге ат салысатындығын айтқан болатын.

Өкінішке орай, осы жылғы 27-тамыз күні Қытай Елшілігінің дипломаты Сыртқы Істер министрлігіне келіп, Қытай Халық Республикасы үкіметінің шешіміне сәйкес Алматы қаласында өтетін Құрылтайға Қытай елі тарапынан өкілдердің келе алмайтындығын хабарлады. Дипломаттың айтуынша, осындай жиындар өтетін – Украина, Өзбекстан, Татарстан және Қытай мемлекеті дағдыға айналдырмаған. Өз мемлекетінің тапсыруы бойынша, деді қытай дипломаты, аталмыш Құрылтайға Алматыдағы елшіліктің бір өкілі қатысуы мүмкін. Осы мәселе төңірегіндегі жәйіттер жайында Сізге хабарласып отырмыз» [1:50-51], - деген хат жолдаған. Демек, тәуелсіздік алған тұста халықаралық маңызды мәжілісті ұйымдастырудың өзі қиындықтар тудырғанын байқаймыз.

Ең алғаш рет еліміз тәуелсіздік алған кезде әлемге шашырап кеткен қазақтардың басын қосып, алқалы жиналыс өткізген Бірінші Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы 1992 жылғы 28 қыркүйек пен 3 қазан аралығында Алматы қаласында өтті. Құрылтайдың басты мақсаты – бүкіл әлемдегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойлау, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің тұсында ендігі тағдыр-талаймыздың қалай өрілетіндігін талқылау. Құрылтай барысында әлем қазақтарының ұйытқысы болатын қауымдастық құрылды. Ең бастысы – тұңғыш Құрылтай алыстағы ағайынның елге оралатын ұлы көшіне қозғау салып берді.

1992 жылы 29 қыркүйекте азаттығымыздың алтын бесігі – Алматыда Дүниежүзілік тұңғыш құрылтайы ашылды. Құрылтайға Түркия, Германия, Франция, Швеция, Норвегия, Моңғолия, Ресей, Қырғызстан, Түркменстан, Өзбекстан және басқа елдерден, барлығы – 33 елден, сондай-ақ Қазақстан облыстарынан келген өкілдер – 800-ден астам кісі қатысты.

Мәжілісте Дүниежүзі қазақтары құрылтайын ұйымдастыру комитетінің төрағасы, сол жылдардағы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков ашты. Түркиядан келген Дәлелхан Жаналтайға сөз кезегі келгенде: «Мен бұл күнді көрем деп ойлаған жоқ едім. Құдайға шүкір, өшкенім жанды, өлгенім тірілді! Енді арман жоқ!» - дейді. Осы сөз құрылтайдың өзегіне айналды. Күн тәртібінде – Дүниежүзілік қазақтары қауымдастығын құру, оның жарғысын қабылдау, басшы органдарын сайлау талқыланды.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы болып Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев сайланды. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы, белгілі жазушы Қалдарбек Найманбаев төрағаның бірінші орынбасары, Түркиядан келген қандас баурымыз Дәлелхан Жаналтай, Мырзатай Жолдасбеков, Алтынбек Сәрсенбаев – төралқа мүшелелері болып сайланды.

Мәжілісте Елбасы Н.Ә. Назарбаев халқымыздың тарихы мен тағдыры тебірене толғаған баяндама жасады. Осы құрылтай кезінде алыстан келген ағайын елді аралады. Жезқазғанда, Ұлытауда, Түркістанда аруақтарға тағзым етті. Туған елі мен жерін аңсаған Моңғолияның Баян-Өлгей аймағынан Қазақстанға көшіп келген ақын Бекен Қайратұлының:

Атамекен, нұр алайын деп келдім,

Шертіп бір күй, уанайын деп келдім.

Сен жыласаң – жоқтау айтып тоқтаусыз,

Сен қуансаң – қуанайын деп келдім, -

деп жазған сағынышқа, елге деген махаббатқа толы өлеңі «Егеменді Қазақстан» газетінде жарияланды. Аталған басылымда бүкіл қазақ халқының көңіл-күйен білдіретін «Таныт, қазақ ұлтыңды, тауып атажұртыңды!», «Жинал, қазақ, жеріңе – егеменді еліңе!», «Әлемге атын қосқан, алаштың басын қосқан – Қазақ елі» және басқа да топтамалар жарық көрді. Әлем қазақтарының 1992 жылғы қыркүйектің 29-ында Алматыда өткен алғашқы құрылтайының шешімімен – Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы дүниеге келді. 1976 жылдан шетелдегі қандастармен мәдени байланыстар орнататын – «Қазақстан» қоғамы жұмыс жасады. 1993 жылдың 17 наурызында осы қоғамның кезектен тыс V конференциясы өткізіліп, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мен «Қазақстан» қоғамы бірікті. «Қазақстан қоғамы» өкілеттілігі тәмамдалып, дербес жұмыс істеуін тоқтатты [2:329-333].

Алматы қаласында 1995 жылы 22 сәуір күні Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының алыс және жақын шетелдерде тұратын қазақ диаспорасына мәдени, рухани, оқу-білім жағынан көмек беру мәселелеріне байланысты кеңейтілген мәжіліс өткен.

Кеңейтілген мәжіліске Германия, Швеция, Англия, Франция, Иран, Моңғолия, Қытай, Дания, Чехия, Өзбекстан, Қырғызстан – барлығы 12 елдегі қазақ диаспорасының өкілдері, Қазақстан Республикасының Президенті, үкімет, бірқатар министрліктер мен ведомствалар басшылары қатысты.

Осы мәжілісте Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары Қалдарбек Найманбаев кіріспе сөзбен ашты. Алғашқы сөз Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа берілді.

Президент өз сөзінде осыдан үш жыл бұрын өткен Құрылтайдың қаншалықты маңызды екендігіне тоқтала келіп, осы жиында құрылған, өзі төрағалық ететін Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының осы аралықта талай игілікті шаралар атқарғандығына тоқталды. Сондай-ақ, Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын 4 миллиондай қазақтың мүддесін қорғайтын осы ұйымның қазақ диаспорасымен байланысты жолға қойып отырғанын, алайда әлі де болса көп жұмыстарға қаржы тапшылығы кедергі келтіріп тұрғанын айтты. «Соған қарамай шеттен келген ағайынға төрімізді ұсынып, сығылысып орын бергендей көмек көрсетіп жатырмыз. Соңғы жылдарда Қазақстанға Моңғолиядан, Ираннан, Түркиядан жүз мыңнан астам қазақ көшіп келді. Ресей, Тәжікстан, Түркменстаннан, келіп жатқандар да баршылық. Олардың бәріне үй тауып беру, пәтер салуға несие мәселелері шешіліп жатыр» - деді.

Бұдан кейінгі сөзінде Президент Н.Ә. Назарбаев тәуелсіздіктің қазақ халқы үшін қаншалықты қымбаттығына тоқталды. Қазіргі уақытта қиыншылықтарды «Азат елміз» бір ауыз сөздің өтуіне беруге болатынын» айта келіп, ол Қазақстандағы қазіргі саяси-әлеуметтік жағдайлар, елдің болашағына қатысты көптеген мәселелерді тілге тиек етті.

Осы алқалы жиында жарассөз барысында сөз алғандар – Мәлік Малабахан (Германия), Мұхамед Ескелді (Иран), Қабылаш Әбікейұлы (Моңғолия), Никита Ысқақов (Ресей), Керім Елемес (Қытай) бірқатар күрделі мәселелерді көтеріп, өздері тұрып жатқан шет елдердегі қазақ халқының жағдайын баяндаған [3:5-9].

Дүниежүзі қазақтарының Екінші құрылтайының қарсаңында ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрі М.А. Құл-Мұхаммедтің атына Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасы төрағасының бірінші орынбасары Қ.Найманбаев: «Дүниежүзі қазақтарының кезекті құрылтайы өтетіні өзіңізге мәлім. Осынау өте маңызды шараға министрліктің жан-жақты көмегімен әзірлік жұмыстарын жүргізудеміз.

Ең бастысы шетелдегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік жаңа бағдарламаның жобасын жасап, құрылтайға қатысушылардың назарына ұсыну. Қазіргі қауымдастық ұсынған жоба Тілдерді дамыту департаментінде. Осы жұмыс тездетілсе. Біз өз тарапымыздан одан әрі көмектесуге әзірміз.

Екінші, Өзбекстан, Ресей, Еуропа және Түркия елдерінде кіші құрылтайлар өткізілуі қажет. Бұл жиындарды өткізудің ең үлкен мақсаты – алыстағы ағайындардың ұлттық рухын көтеру. Олардың іздейтін атажұрты – елі бар екенін еске салу. Сондықтан мұны әдеттегі той-думан емес, маңызды оқиға деп санаған жөн деп білеміз. Көмектесулеріңізді сұраймыз» [4:3], - деп хат жазған. Яғни, құрылтай алдында дайындық жұмыстары жасалғандығын байқаймыз.

2002 жылдың қазан айында қасиетті Түркістан қаласында Дүниежүзі қазақ құрылтайының Екінші құрылтайы өтті. Оған бүкіл әлемнен 400-ден астам қазақ жиналды. Осы 11 қазанда өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайының құрметіне Ахмед Яссауи мавзолейіндегі Тайқазанның тура көшірмесі жасалынды. Ортағасырдағы Шығыста бұрын-соңды болмаған сирек металдан жасалған Тайқазанды 1399 жылы иран шебері арнайы жасаған. Бұрында мерекелік табынушылық кезінде қажыларды көгілдір сумен сый көрсеткен.

2005 жылы қыркүйекте Үшінші Бүкіл әлемдік қазақ құрылтайы Қазақстанның жаңа астанасы – Астана қаласында өткізілді. Бүкіл әлемнен 32 елдің өкілдері қатысты. Президентке Бүкіләлемдік қазақ құрылтайы атынан құттықтайтын телеграмма келіп түсті, онда 5 млн. отандастар Н.Ә. Назарбаевты тек ҚР Президенті ғана емес, сондай-ақ, бүкіл әлем қазақтарының көшбасшысы ретінде санаған. Үшінші құрылтайда мәдениет және ақпарат, білім беру, көші-қон мен бизнес секілді мәселелерге «Сұхбат алаңы» атты дөңгелек үстелдер өткізілді. Шетелдегі оралмандар басқарушыларының Министрліктердің Парламент депутаттарымен диалогтары өткізілді.

Қоғамдық-саяси өмірдегі белгілі оқиғалардың бірі ретінде астанада 2011 жылы мамырда Төртінші Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы болды. Алдында өткен Үшінші Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына қарағанда, Төртінші Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына Қазақстаннан және әр түрлі елдерден студенттік ұйымдастықтан, жасөспірім ұйымның көшбасшылары қатысты.

Құрылтайға 35 шет елден келген қазақ ұлт өкілдері қатысты. Олардың ішінен 358 шет елден келген қонақтар. Делегаттар құрамында шығармашылық, ғылыми және педагогикалық, бизнес, спорт, БАҚ,

мемлекеттік және қоғамдық ұйымдағы зиялылар болды. Жиналғандардың арасында Чехияның экс-министрі, Чебоксарск жоғары оқу орынының доценті Гүлмира Тағайқызы Әкімова, Моңғолияның білім беру, ғылым және мәдениет вице-министрі Чоной Куланда, Мәскеуден профессор Нәйля Ермұханқызы Бекмаханова, техникалық ғылым докторлары Дәулет Мұхамеджанов және Асқар Дәулетов, армрестлинг бойынша Иран жүлдегері Жүсіп Шадкам және тағы басқалары қатысты.

Қазақстандық делегаттар арасында ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академиктері М. Жұрынов, Ө. Айтбай, С. Қирабаев, А. Бейсенова, Т. Шарманов, К. Байпақов, мемлекеттік жүлде иегерлері – Т. Молдағалиев, М. Айтхожина, А. Оразақын, А. Әшімов, Т. Әбдік, М. Жүнісова, Қазақстанның халық әртісі Б. Төлегенова, «Қазақстанның Еңбек ері» Е. Рахмадиев және тағы басқалары болды.

Құрылтайдың 60 пайызын жасөспермдер құрады. Олардың қатарында студенттер, магистранттар, Германия, Швеция, Австрия, Голландия, Норвегия, Великобритания, Моңғолия, Түркия, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және Қазақстандықтар қатысты [5:176-177].

Астанада 2017 жылдың 22-24 маусым аралығында Дүниежүзі қазақтарының Бесінші құрылтайы өтті. Құрылтайға барлығы 800 делегат пен қонақ жиналды, оның 350-і алыс және жақын әлемнің 39 елінен келді. Олар ғылыми-шығармашылық және педагогикалық зиялы қауым өкілдері, бизнес, спорт, бұқаралық ақпарат құралдары салаларының мамандары, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметкерлері. 1992 жылдан бері өткізіліп келе жатқан құрылтай дүниежүзінің түпкір-түпкірінде тұратын этникалық қазақтардың кездесу орны әрі бірегей сұқбат алаңы болып табылады.

Әлем қазақтарының делегациялары бас қосқан шараға жиынға алыс-жақын шетелдерден келген ағайындар бір-бірімен сағыныса қауышып, жарқын жүзде дидарласты. Көптеген маңызды мәселелер талқыланды. Ұсыныс-пікірлер тыңдалды. Дүниежүзі қазақтарын толғандырған мәселелерге назар аударылды. Жиналғандардың бірауыздан қолдауымен Елбасы Н.Ә. Назарбаев Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы болып қайта сайланды. Ал Төрағаның бірінші орынбасары болып Зауытбек Тұрысбеков сайланды. Президент бұл қызметті бұған дейін атқарып келген Талғат Мамашевке ризашылығын білдіріп, алғыс айтты. Жиын соңында Құрылтайдың Үндеуі де қабылданды.

Осы аталған құрылтайдың соңында Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақта «бармасаң, келмесең жат боласаң» деген сөз бар. Сондықтан тек қана құрылтайға емес, әр уақытта келіп тұрыңыздар. Біздің есігіміз әрдайым ашық. Шеттегі әрбір қандастарымыз – қазақ елінің бір түйіршігі. Сіздер екі ел арасындағы дәнекер боласыздар. Шетелдегі қазақтар елге жиі келіп, туған жерге тамыр бекітіп тұрғаны дұрыс. Сіздер елге келіп көзайым болсаңыздар, мен де сырттағы жастарымыздың ой-өрісін, білім деңгейін, бастысы, қазақы болмыстарын көріп, көңілім толып отыр. Осы қалыптан танбаңыздар. Қайда жүрсеңіздер де, арқа сүйер Атамкенді, бүкіл қазақ қасиет тұтар Қазақстанды жүрек төріне сақтап жүріңіздер. Сонда өздеріңіз де, ұрпақтарыңыз да мәңгі қазақ болып қаласыздар. Қазақ болу - мәртебе, мақтаныш, қазақ болу – жаратқанның сыйы! Осыны бәріміз де бағалай білейік! Біз сіздерге тілекшіміз, әркез біргеміз. Бәріңізді ата-бабалар аруағы қолдасын! Еліміз аман, іргеміз тыныш болсын! Көк байрағымыз желбіресін! Қазақстанның Мәңгілік Ел болуына бірлесе атсалысайық!» [6:6-7], - деген еді.

Қорытындылай айтсақ, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайының бес рет Қазақстан Республикасында өтуі елдікті білдіреді. Кезінде тағдырдың жазуымен шетел асқан қандастарымыздың Отанға оралуы және олардың жас ұрпақтарының елімізде өсіп-өнуі өте маңызды мәселе. Өйткені, әлемде қазақ дейтін халықтың жалғыз ғана Отаны бар. Ол - Қазақстан. Сондықтан, іргелі елге айналуы үшін әр ел өз мәселесін өзі шешуі тиіс. Қазақ халқының алдында әлі талай атқаратын жұмыстары мен асулары бар. Соның барлығына жоспарлы жұмыс атқару арқылы жету қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ). 5-к., 1-т., 1207-іс, 50-51-пп.
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. Оқулық. – Алматы: Раритет, 2010. – 329-333-бб.
3. ҚР ПМ. 5-н-к., 1-т., 5608-іс, 5-9-пп.
4. Қазақстан Республикасының ұлттық мұрағаты (ҚР ҰМ). 54-к., 1-т., 297-іс, 3-п.
5. Аяған Б.Ғ., Ауанасова А., Сулейменов А. Қазақстанның жаңа тарихы: дағдарыстан шығу. Үш томдық. Т.2. – Алматы: 2012. – 176-177-б.
6. Назарбаев Н.Ә. «ҚАЙДА ЖҮРСЕ ДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ТАРИХИ ОТАНЫ БІРЕУ – АҚ, ОЛ – ҚАЗАҚСТАН!» // Ана тілі, 29 маусым, 2017. – 6-7-бб.

ӘӘЖ 930.2:94(574):394

Ж.Е. Жаппасов, Н.А. Тасилова, А.Т. Ахметжанова
КазНУ пмени Аль-Фараби Алматы г., Қазақстан

ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ЭКСПЕДИЦИИ П.А. СКРЫПЛЕВА

Аннотация. В настоящей статье рассматриваются «Материалы по киргизскому землепользованию...» как исторический источник по истории Казахстана конца XIX - нач. XX века. Документы, собранные в материалах уникальны по масштабу охвата всей совокупности важнейших фактов, событий, явлений в области истории, этнографии, географии, топонимики и демографии казахского народа. Они представляют собой свод статистических материалов, который является бесценным источником в исследовании этнической истории казахского народа, особенности казахского традиционного хозяйства.

Это материалы исследований статистических и исследовательских экспедиций проведенных с целью колонизации территории Казахстана царской Россией в начале XX в. Несмотря на то что эти документы были источником для колониальной политики, они также являются ценным источником по структуре родоплеменного состава, хозяйственной, экономической, социальной истории и других аспектов жизни казахов того периода.

Ключевые слова. источник, источниковедение, анализ, метод, статистика, этнос, структура.

Ж.Е. Жаппасов, Н.А. Тасилова, А.Т. Ахметжанова
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

П.А. СКРЫПЛЕВ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада статист зерттеуші П.А. Скрыплевтің басшылығымен жүргізілген «Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» Қазақстан тарихының маңызды дерек көзі ретінде қарастырылады. Қырғыздардың (Қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» статистикалық мәліметтерден, ол қазақ халқының этникалық тарихын, дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін зерттеудің маңызды дерек көзі болып табылады. Онда қазақ тарихының маңызды дерек көзі болып табылатын «Қырғыздардың жер пайдалану материалдарын...» зерттеу мен талдау методикалары мен тәсілдері көрсетіліп, деректану ғылымының талаптарына сай зерттеу мен сынның өткізудің, сыныптау мен талдаудың әдістері мен оны нақты тарихи зерттеулерде пайдалану тәсілдері ұсынылған. Сонымен қатар статистикалық зерттеулерді ұйымдастырған, деректі құрастырған авторлар, олардың көзқарастары талданған. Түйін сөздер: дерек, деректану, талдау, әдіс, статистика, этнос, құрылым.

Zh.E. Zhappasov, N.A. Tasilova, A.T. Ahmetzhanova
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

HISTORICAL IMPORTANCE OF THE EXPEDITION

Abstract. This article analyzes the source called "Materials Kirghiz (Kazakhs) land use..." of the late XIX - early XX century. Topicality of the theme of investigation is that «Materials on Kyrgyz land using» introduces code of statistical materials which consists of 27 volumes, and it is invaluable source in investigation ethnical history of Kazakh people, peculiarities of Kazakh traditional economy.

It discusses the methodology of research and analysis of the important source of Kazakh history "Materials of Kyrgyz land use ...", proposed methods of research and testing, classification and analysis in accordance with the science of sources and methods of application in specific historical studies.

Keywords. source, science of sources, analysis, method, statistics, ethnos, structure.

Кіріспе

Орталық Ресейде шаруалардың қоныс аударуы XIX ғ. 70-80 жж. аграрлық дағдарыс пен крепостниктік правоның жойылуына байланысты үлкен масштабта жүрді. Аграрлық мәселенің шиеленісуіне және Ресейде шаруалар қозғалысының күшеюіне байланысты Патша үкіметі қоныстандыру саясатына шұғыл бетбұрыс жасады. Олар шаруаларды шет аймақтарға қоныстандыру арқылы халық тығыз

қоныстанған Еуропалық Ресейдің губернияларындағы аграрлық қайшылықтарды басуға болады деп ойлады. Шаруаларды қарқынды түрде қоныстандырған аймақ – Қазақстан болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген қазақ жерін түгел қамтыған зерттеу партиялары мен экспедициялардан патша өкіметінің Қазақстанда қарқынды түрде отарлау жұмыстарын жүргізгенін көруімізге болады.

Экспедиция мен зерттеу басшылары және жүргізілген жылдар	Зерттеу партияларының және зерттеу аймақтары	Зерттеулер жүргізілген аймақтар	Нәтижесінде статистикалық деректер және олардың жалпы саны	пайда болған
Ф.А. Щербина 1896-1903 жж.	Семей, Торғай облыстары	Ақмола, Торғай	Материалы по землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. 13 том.	киргизскому
В. Кузнецов 1907-1909 жж.	Ақмола облысы	Ақмола	Киргизское хозяйство в Акмолинской области. Повторное исследование 1907-1909 гг.. 5 том.	и разработанные
П.А. Скрыплев 1906-1913 жж.	Сыр-Дария облысы	Сыр-Дария	Материалы по землепользованию собранные и разработанные Сыр-Даринской статистической партией. 5 том.	и разработанные
П.П. Румянцев 1909-1913 жж.	Жетісу облысы	Жетісу	Материалы по обследованию туземного и русско-сторожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. 7 том.	и разработанные
П.А. Хворостанский 1904-1912 жж.	Орал, Торғай облыстары	Орал, Торғай	Материалы по землепользованию собранные и разработанные Статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого районо. 7 том.	и разработанные
А.В. Переплетчиков 1910-1911 жж.	Семей облысы	Семей	Материалы по повторному обследованию в 1910-1911гг. Хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской области. 3 том.	и разработанные

Кесте 1 - XIX ғ. соңы - XX ғ. басындағы Қазақстан жерін зерттеген экспедициялар мен статистикалық партиялар

Бұл мақалада біз 1906-1913 жж. аралығында Оңтүстік Қазақстанда жүргізілген П.А. Скрыплев[1] басшылығымен жүргізілген және көп зерттелінбеген статистикалық экспедицияның қызметіне және сол зерттеудің нәтижесінде пайда болған "Қырғыздардың жер пайдалану материалдарына..." (әрі қарай «ҚЖПМ» - автор.) талдау жасауды мақсат етіп алдық. Сыр-Дария облысында П. Скрыплев басқарған зерттеген партиясының жинаған «ҚЖПМ» Қазақстанның Шымкент[2; 3], Қазалы[4], Перовск[5], Әулиеата[6] уездерінің шаруашылығынан, әлеуметтік тарихынан, биологиясы мен геодезиясынан құнды мәліметтер беруімен де ерекшеленеді.

Сыр-Дария облысын зерттеген статистикалық партия жинақтаған «ҚЖПМ» сол кезеңде орталық болып есептелген Ташкент қаласында басылып шықты. Төмендегі кестеде Сырдария облысы бойынша жарияланған «ҚЖПМ» шыққан жылдары мен негізгі авторлары туралы мәліметтер бар.

Зерттелген облыстар	Зерттелген уездер	Материалдарды жинаған мүшелері	«ҚЖПМ» шыққан жері мен томдары
Сыр-Дария облысы	1. Шымкент	П.А.Скрыплев, П.И.Путилов, И.И.Рылов, В.А.Якиманский, В.И.Юферев	1). Том 1. Ташкент, 1910.;
	2. Әулиеата		2) Том 2. 1-бөлім. Мәтін. Ташкент, 1910 ж.;
	3. Перовск		Том 2. 2-бөлім. Кесте. Ташкент, 1910 ж.
	4. Қазалы		3). Том 3. Ташкент, 1911 ж.
	5. Шу мен Талас бойы		4). Том 4. Ташкент, 1912 ж.
			5). Том 5. Ташкент, 1913

ж.

6). Том 6. Ташкент, 1915

ж.

Барлығы 6 том, 2-томы
2-бөлімнен және осыған сай екі
кітаптан тұрады.

Барлығы

Кесте 2 - 1906-1913 жж. П.А. Скрыплев басқарған статистикалық партияның зерттеген қазақ жерлері мен «ҚЖПМ» туралы мәлімет

Сыр-Дария облысында жүргізілген зерттеудің нәтижесінде пайда болған «ҚЖПМ» жинауға атсалысқан ұжым статист, агроном, тіркеуші, есептеуші, топограф, геолог, биологтардан тұрды.

1906 ж. Сыр-Дария облысы Шымкент, Әулиеата, Қазалы, Перовск уездерінде зерттеу жұмыстарына жетекшілікті белгілі статист П. Скрыплев басқарды. П. Скрыплев осы зерттеуді 1906 ж. бастап жүргізіп, 1913 ж. осы жерде дүние салады. Ол Сырдария облысындағы переселендерге, қазақтардың жер пайдалануына қатысты «Материалы по обследованию переселенческого хазяство в Туркестанском крае», «ҚЖПМ» алғысөзін жазып, мәтінін түгел редакциялады.

Статистикалық партияның құрамы үнемі өзгеріп отырды. Дегенмен, партияның негізгі тірегі болған жұмысшылар сол калпында өзгеріссіз жұмыс жасады. Олардың қатарында кейіннен «ҚЖПМ» құрастыруға атсалысқан: И.И. Рылов, В.А. Якиманский, П.И. Путилов, А.А. Черновский, Е.Е. Яшнов, А.А. Росляков, С.С. Неуструевтар болды. Аты аталған зерттеушілер кейіннен Самарқанд облысының Жызак, Ходжент уездерін, Ферғана облысының Әндіжан, Наманган уездерін зерттеді.

Зерттеу жұмыстары Шымкент уезінен басталды. Бұл уезге Қоныс аудару басқармасы «ҚЖПМ» 2 бөлімнен тұратын 3 кітапты арнап шығарды.

Шымкент уезінде шаруашылық-статистикалық зерттеуді үш негізгі отряд жүргізді. Оларды И.Ф. Гусев, И.И. Рылов, И.Е. Ступаков басқарды. Зерттеуге статистерден А.П. Баранов, В.А. Якиманский мен П.И. Путиловтар қатысты. 1908 ж. көктемде И.Ф. Гусев кенеттен қайтыс болады. Ал топографтардан В.И. Юферев, В.А. Владимирский көптеген картографиялық суреттерді түсірді [195]. Әңірдің топырағы мен ботаникасын зерттеу С.С. Неуструевтің мойнына жүктелді. Сонымен қатар жергілікті тұрғындар арасынан алынатын тіркеушілер, аудармашылар мен есепке алушылар да болды. Әкінішке орай олардың аттары ешбір жерде аталмаған.

Әулиеата уезін зерттеу екі кезеңнен тұрды. Алғашқы рет 1907 ж. Билікөл, Күйік, Асын, Тастөбе болыстары зерттелген болатын. 1909 ж. статистикалық жұмыстар қайта басталды. Деректің өзінде бұл туралы: «В этом году была подвергнута исследованию вся остальная южная часть Аулиеатинского уезда, наиболее интересная в колонизационном отношении» [6, 1 б.], - делінген болатын. Уезге арналған статистикалық материалдарды өңдеу жұмыстары 1910 ж. көктемде аяқталды. Ал «ҚЖПМ» мәтіні осы жылдың күзінде құрастырылып, 1911 ж. баспадан шығарылды.

Әулиеата уезінде зерттеу жұмыстарына статистерден И.И. Рылов, В.А. Якиманский, П.И. Путиловтар қатысты. Ал деректі біріккен ұжым, оның ішінде табиғаты мен ботаникасы, жер қыртысына арналған тарауды С.С. Неуструев, З.А. Минквиц, О.Э. Кнорриндер жазып дайындаса, 2 және 3 тарауларды Е.Е. Яшнов, И.И. Рылов, И.Е. Сулов, В.А. Якиманскийлер құрастырды. Барлығын өңдеп, баспаға даярлаған П. Скрыплев еді.

1910 ж. зерттелген Қазалы уезінде жердің қыртысын, ботаникасын С.С. Неуструев, ал статистерден П.И. Путилов, М.И. Носков, А.А. Черновский, Е.Е. Яшнов, А.А. Росляков, В.Д. Новосельский, И.И. Рыловтар зерттеді. Алайда зерттеушілердің барлығы дерлік «ҚЖПМ» құрастыруға қатыса бермейтін. Мәселен, Қазалы уезін зерттеуге арналған деректің 1-тарауы «Қазалы уезінің табиғи жағдайының» мәтінін С.С. Неуструев даярласа, «Тұрғындары» деп аталатын 2-тарауды И.А. Біляев, «Жер өңдеу» деп аталатын 3-тарауын И.Е. Сулов, «Мал шаруашылығы» деген тарауын И.И. Мальцовтың жинаған материалының негізінде Н.А. Чудов даярлайды. Деректе сонымен қатар, И.А. Авдеев, Е.Е. Яшнов, М.И. Носков, А.А.Черновскилер де түрлі мәселелер бойынша жиналған материалдарды өңдеуге атсалысады.

Сырдария облысының Перовск уезі 1910 ж. көктемде зерттелінді. Бұл зерттеулердің барлығы ортақ бағдарламаның негізінде жүзеге асырылды. Және зерттеушілердің де құрамы жоғарыда аты аталған адамдардан тұрды.

Бұл әңірлерде зерттеу жүргізген ұжым сондай-ақ 1911, 1912 жылдарын Самарқанд облысының Ходжент пен Жызак уездерін зерттеуге алып, 1914 ж. «Материалы по землепользованию туземного кочевого населения района Голодной степи и прилегающих местностей Ходжентского и Джизакского уездов Самаркандской области» деп аталатын деректі де жариялады. Оны құрастырған ұжым жоғарыда аты аталған зерттеушілерден тұрды [7]. Сонымен қатар, 1911 жылы партия мүшелері Ферғана облысының Әндіжан,

Наманган уездерін зерттеу нысанына алып, «ҚЖПМ» осы уездерге арналған екі томын шығарды. 1913 ж 6 қаңтарда Әндижан уезіне арналған дерек жарыққа шықты [8]. Оның мәліметтеріне сүйенсек, зерттеу жұмыстары Базар-қорған, Қаракөл-Сересу, Кенкөл-Қарақыр, Қуғарт, Мәссін, Майлысай, Үзген, Шанкент, Яссын болыстары зерттелінген. Ал Наманган уезі 1912 ж. зерттелініп, 1913 ж. қарашада «ҚЖПМ» Ташкенттегі баспадан басылып шығарылды [9]. Наманганда тек 5 көшпелі Арым, Қырық-өгіл, Саруй, Сусамыр, Шатқал болыстары зерттелінген болатын. Зерттеушілер құрамы жоғарыда аты аталған ұжымнан тұрды.

Сырдария облысына арналған «ҚЖПМ» жүйелеу ісін редактор ретінде П. Скрыплев атқаратын. Бірақта 1913 ж. 5 наурызда П. Скрыплев кенеттен қайтыс болады. Осыдан кейін редакциялау ісін И.И. Рылов өз қолына алады. Ол көбінесе П. Скрыплевтің басшылығымен зерттелініп, жинақталған материалдарды өңдеумен айналысты.

Сырдария облысының уездеріне арналған зерттеулерге тіркеуші, есепші, тілмаш, сауалнама алушы ретінде қазақтар да қатысқанымен де олардың аттары дерек көзінде аталмаған болаты.

Сыр-Дария облысын зерттеген статистикалық партия.1896-1906 жылдар аралығында Түркістан өлкесі қоныс аударушыларға жабық аймақ болып есептеледі. Бірақта 1903 жылғы 10 маусымдағы «Сырдария, Ферғана және Самарқан облыстарындағы қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аудару» туралы ереженің қабылдануы, бұл аудандарға сол кезге дейін іс жүзінде заңсыз болып келген қоныс аударуды заңдастырып берді [10, 594 б.].

XX ғасырдың басында П.А. Столыпин реформасы аграрлық қайшылықтарды шиеленістірді. Аграрлық реформа Николай II 1906 ж. 9 қазандағы Указға және 1910 ж. 14 маусымдағы заңға негізделіп жүргізілді. Осыдан кейін «артық» жерлерді аламыз деген сылтаумен қазақтардың жақсы игерілген жерлерін ашық түрде тартып алу басталды. Жерді тартып алумен қатар, қазақ халқын аяусыз өз территориясынан шөлейт жерлерге қуды, қыстаулары мен тұрақтарын қиратып, оның құнын төлеуді ойлаған да жоқ.

Ресей империясының шығарған ресми заңдық құжаттарын талдау арқылы Түркістан өңірін жаулап алу империяның геостратегиялық позицияларын кеңейту, бай материалдық, табиғи және еңбек ресурстарын эксплуатациялау мақсатында жүргізілгендігін көруге болады.

1906 жылы 10 наурызда шығарылған үкім негізінде империя жанындағы ішкі істер министрлігінде қонысаудару басқармасы құрылды. Ал Түркістанда – Сырдария қонысаудару бөлімі ашылды. Бұл өңірдің ресурсты-экономикалық потенциалының бай болуы отарлаушылардың қызығушылығын тудырды. Бұл туралы 1908 жылы Түркістанға ревизиялауға барған граф К.К. Пален өзінің есептерінде: «Если не считать мотивов политического характера, имевших значение для завоевания Туркестана, этот край с первых же дней присоединение его к России представлял для русского правительства двойкий интерес: 1) с точки зрения финансовой политики как источник государственных доходов и как новый рынок для продуктов внутреннего производства и 2) с точки зрения колониальной политики как новая область для перемещения избыточного населения из губерний» - деп бұл өлкенің отарлау үшін құндылығын атап көрсеткен болатын [11].

Ал 1910 ж. 19 желтоқсандағы заң көшпенділердің «артық» жерлерін алудың қалыптасқан жүйесін айқындап берген болатын. Бұл туралы Ә.Бөкейхан өзінің «Үшінші Дума һәм қазақ» мақаласында: «Бұл закон бұрынғы күйінде тұрса Түркістанда қазақ жері мұжыққа алынбайтын еді; хукімет 279-ншы статьяға қосымша деп 1911-нші жылы 3-нші Думаға ұзындығы екі жол закон кіргізді: «Түркістанда қазақ жерінен артық жер табылса, қазына өз пайдасына алатын болсын» деп. Осылайша, Түркістан қазағына да Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай һәм Орал қазағының кебі келді. Енді Түркістанда қазақ жерін алғанда закон деп алады» [12, 97-98 бб.], - деген болатын.

Сырдария облысы XIX ғ. ортасында 7 уезден тұрды: Құрамын – 32100, Ходжент – 38550, Шымкент – 51250, Түркістан – 79550, Әулиеата – 67800, Перовск – 65950, Қазалы – 59550, ал барлығы 394750 кв. верст жерді алып жатты. Кейіннен оның құрамында Шымкент, Ташкент, Әулиеата, Перовск, Қазалы уезі қалды.

Сырдария облысының Шымкент, Әулиеата, Перовск, Қазалы 4 уезінде 1906-1913 жж. жүргізілген зерттеу жұмыстарына тоқталар болсақ, ол зерттеу бұл өңірлерді алдын-ала білікті мамандардың көріп, арнайы кеңесте жүргізілетін жұмыстардың қажеттілігін негіздеп, қаулы шығарғаннан кейін ғана жүзеге асты. Мәселен, белгілі статист А.А. Кауфман Ф. Щербина, П.Хворостанский, П. Скрыплев басқарған зерттеу партияларының ұйымдастырылу және жүргізілу барысында арнайы іс-сапармен сол жерлерге барып, қажетті нұсқаулар мен кеңестер беріп отырған. 1903 ж. Түркістан өңірінде болған сапарының есебінде А.Кауфман бұл жерлерді статистикалық партиялар арқылы зерттеу қажеттілігін негіздеген болатын.

Жер министрлігі 1904 ж. өзінде Сыр-Дария облысында қоныс аудару учаскелерін құру мақсатында зерттеу партияларын құруды жоспарлады. Бұл мәселе Мемлекеттік кеңестің күн тәртібіне де қойылып, заңдық негізде үлкен қарсылыққа да тап болды. Әйткені, 1886 ж. 12 маусымдағы «Түркістан генерал-губернаторлығын басқару жөніндегі ереженің» 270-бабында көрсетілген «Көшпелілердің қоныстары орналасқан мемлекет жерлері, олардың дәстүрі мен осы Ереже баптары негізінде мерзімсіз уақытқа

көшпелілердің қоғамдық пайдалануына беріледі», - делінген болатын. Ол «Далалық облыстарды басқару туралы ереженің» 120-бабымен ұқсас та еді, тек 270-бапта 120-бапта көрсетілген «Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік Мүлік министрлігі басқаруына өтеді», - делінген қосымша болмады. Демек, осы ресми заңдағы кемшілік көп уақытқа дейін Сыр-Дария облысында қоныс аудару партияларын құруға үлкен кедергілерді туғызды.

Тек 1905 ж. ғана Мемлекеттік кеңес жаңа заңдық негіздерді жасап, осы өңірді зерттеп, қоныс аудару ісін жүргізу үшін Сыр-Дария облысында статистикалық партияны құруды ұйғарды. Ол туралы «ҚЖПМ» дерегінде «1906 ж. көктемде Сыр-Дария статистикалық партиясының жұмысы басталды...» [1, 3 б.], - деп нақты зерттеудің ашылған уақытын көрсеткен. Бұл, осы өңірде ең алғаш рет шаруашылық-статистикалық, агрономдық және гидрогеологиялық зерттеулерді ұйымдастырған статистикалық партия еді.

«ҚЖПМ» дерегінде бұл зерттеудің басты міндеті түземдік тұрғындарға жер нормасын және артық жер мөлшерін анықтап, оларды Еуропалық Ресейден келетін келімсектерге беру болған деп жасырмай жазады [1, 4 б.]. Сонымен қатар бұл деректе: «Мемлекеттік кеңес қонысаудару ісін кеңінен қою үшін заңдық негіздің болмауынан 1905 жылы Сыр-Дария облысында шаруашылық-статистикалық, агрономиялық және гидрогеологиялық зерттеу үшін статистикалық партияны құруды қажет деп тауып, бір жағынан «қоныстандыру мақсатында артық жерлерді пайдалану мәселесіне негізделген заңдық шешімдер үшін материалдарды, екінші жағынан – ешбір уақытты ұттырмай-ақ қонысаудару учаскелерін құру жұмыстарын бастап кету үшін қажетті мәліметтердің қорын жинап, осылардың барлығын қазіргі таңдағы заңдық сипаттағы қиындықтарды жою үшін дайындап қою үстінде» [1, 4 б.], - деген сөзінен зерттеудің Түркістанды басқару ережесіне қатысты мәселенің шешімі табылғанша, отарлау жұмыстарын зерттеу жұмысының астарымен жүргізуді ойластырғандығын көруімізге болады.

Зерттеу партиялар жұмысының нақты міндеттерімен оған сәйкес ешқандай нұсқаулар болмағанымен, бұл статистикалық зерттеулер отарлау мақсатына қызмет етуі қажет екендігі айтпаса да белгілі еді. Яғни, бұл статистикалық зерттеу отарлау, қазақ жерін тартып алу мақсатында болғанымен, оның сол уақытта заңдық негізі болмаған еді.

Сыр-Дария облысының Шымкент уезін зерттеген (1906-1908 жж.) партия осы жерлердің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі 18 келімсек орыс деревняларын зерттеуге алды. Мұндағы басты мақсат - бір жағынан орыс келімсектерінің экономикалық жағдайын бақылау болса, екінші жағынан жер жетіспейді деген орыстар тарапынан түскен шағымдар болатын. Бұл деревнялардың жалпы көлемі оңтүстіктен солтүстікке 65 верст, шығыстан батысқа қарай 120 верстке созылып жатыр. Солтүстігінде Арыс өзені, шығысында Әулиеата уезімен, оңтүстігінде Ташкент уезімен шекараласады, батысында Бадам өзені мен Шымкент уезі созылып жатыр. Осы орыс деревняларын зерттеу Шымкент уезін зерттеумен қатар жүргізілгендіктен көп уақыт пен қаражатты қажет етті.

Дерек мәліметтеріне сүйенсек, 1906 ж. Шымкент уезінде зерттеу жұмыстары оңтүстік-шығысындағы таулы аймақтарынан бастау алды. Бұл кезеңде Машат, Қарамұрт, Бадам, Қазығұрт, Майлықент және Түлкібастың бір бөлігі зерттелген болатын. 1906-1907 жж. қыс бойы жиналған материалдар өңделіп, соның негізінде 1908 ж. «ҚЖПМ» I-томы жарияланды.

1907 ж. Түлкібастың екінші зерттелмеген бөлігі, Қошқарата, Сарыбұлақ, Бұрулдай, Бүгін, Шаян, Арыстанды, Бұржар, Арыс болыстары зерттелсе, 1908 ж. Ақтас, Байырқұм, Сарыкөл, Сыр-Дария, Жылыбұлақ, Қаракөл, Жаңасу, Көкшеқұм, Қаратау, Құршу, Шелек, Ноғай-Құрын, Шеғатай, Хантақ, Ақтөбе, Шу болыстары зерттелінді. Осы статистикалық материалдарды есептеу жұмыстары 1909 ж. көктемінде аяқталды. Нәтижесінде Қонысаудару басқармасы 1910 ж. Шымкент уезіне арналған II-томның 1, 2-бөлімдерін басып шығарған болатын.

1909 ж. Түркістан өлкесін ревизиялаған Сенатор Граф Паленнің тапсыруымен зерттеу партиялары шұғұл түрде Сыр-Дария, Ферғана, Самарқанд облыстары мен Әму-Дария бөлімшесін зерттеуге кірісті.

Сыр-Дария облысы Әулиеата уезінде зерттеу (1907-1910 жж.) жұмыстары 2 кезеңде жүзеге асты. Ең алғаш рет 1907 ж. Билікөл, Құйық, Тастөбе, Асын болыстары зерттелініп, топографтардың жетіспеуінен толық қамтылмаған болатын. 1909 ж. 25 болыс, атап айтсақ Аспарын, Ашын, Бақаир, Баутерек, Бештас, Ботамойнақ-Алмалы, Жайлау, Қарабақыр, Қарабура, Қаракөл, Қарақыстак, Кенкөл, Қарақатын, Құм-Арық, Күркіреу, Күшеней, Макпал, Талас, Толқын, Үш-Қорған, Шұнкүр болыстары зерттеу нысаны етіп алынды.

Жалпы зерттеу жұмыстарының жүргізілуі, қоныс аудару ісі мен қарашекпенділерге қажетті көмек туралы негізгі нұсқаулар мен тапсырмалар, оның барысы мен әдісі, зерттеушілер мен Қонысаудару басқармаларының меңгерушілері, олардың қызметі туралы «Переселение и землеустройство в Азиатской России» атты заңдар жинағында тәкпіштеліп баяндалған. Бұл жинақ бойынша қонысаударушыларға қажетті жерді анықтау үшін жүргізілген барлық зерттеулер тек келімсектерге ғана көмектесу мақсатында болған. Ал жергілікті халықтың жағдайын ешкім ойлаған да жоқ.

Қорыта келетін болсақ, патша өкіметі Қазақстан жерін отарлау мақсатында бүкіл кең-даласын зерттеп, қазақтар үшін «артық» деп табылатын жерлерді анықтау үшін бірнеше үлкен масштабтағы зерттеу экспедициялар мен статистикалық партияларды құрды. Олардың ортақ мақсаты «артық» деп қазақ жерлерін көбірек алып, осылайша отарлаудың «ғылыми» негізін жасау болды. Бұл зерттеу экспедицияларының жинаған материалдарының негізінде пайда болған «ҚЖПМ» отарлау тарихының дерегі болғанымен, онда Қазақстан тарихын, этнографиясын, геологиясы мен жағрафиясын, ботаникасын, экономикасы мен әлеуметтік құрылымының тарихын байытатын құнды мағлұматтар баршылық. Және бұл дерек көзін талдау нәтижесі XIX ғ. соңы - XX ғ. басындағы бүкіл қазақ жерінің тарихын қайта жаңғыртуға септігін тигізетіні анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Материалы по киргизскому землепользованию в Сырдарьинской области. – Чимкентский уезд. – Т. 1. – Ташкент., 1908. – С. 643.
2. МКЗ. – Т. 2. – Вып. 1. – Чимкентский уезд. – Ташкент., 1910. – С. 277.
3. МКЗ. – Т. 2. – Вып. 2. – Чимкентский уезд. – Таблицы. – Ташкент, 1910. – м– ф.
4. МКЗ. – Аулиеатинский уезд. – Ташкент, 1911. – С. 699.
5. МКЗ. – Перовский уезд. – Ташкент, 1912. – С. 640.
6. МКЗ. – Казалинский уезд. – Ташкент, 1913. – С. 386.
7. Материалы по землепользованию туземного кочевого населения района Голодной степи и прилегающих местностей Ходжентского и Джизакского уездов Самаркандской области. – Ташкент, 1914. – м– ф.
8. МКЗ. – Ферганская область. – Андижанский уезд. – Ташкент, 1913. – м– ф.
9. 156 МКЗ. – Ферганская область. – Наманганский уезд. – Ташкент, 1913. – м– ф.
10. Алферова Ю.А. Ф.А. Щербина в общественно–политической жизни России: 60–е годы XIX–начало XX вв. дисс. ... канд. истор. наук. – М., 2003. – С. 198.
11. Пален К.К. Приложение к отчету ревизии Туркестанского края. Материалы к характеристике народного хозяйства Туркестана. – Ч. 1. – отд. 4. – Спб, 1911. – С. 496.
12. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. Құрастырған М. Қойгелдиев. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.

930.2(574)

Ж.Е. Жаппасов, Н.А. Тасилова, А.Т. Ахметжанова
 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ОМАР ХАЙЯМНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада ортағасырларда өмір сүрген атақты философ-ғалым Омар Хайям Нишапуридің өмірі мен артында қалдырған бай мұрасы зерделеніп, адамзаттың рухани дамуына, кемелденуіне өз үлесін қосып, әлемдік деңгейде танылған ғұламаның тағдыры өзі өмір сүрген кезеңнің тарихы контекстінде тарихи жазба деректер мен тарихнамалық еңбектердің негізінде қарастырылады. Әсіресе, кеңестік кезеңде рубаяларымен танылған ақынның шын мәнінде ғылымға қосқан үлесі зерттеліп, нақыл сөздерінің мән-мағынасына талдау жасалынады.

Түйін сөздер. философия, ойшыл, рубаи, астрономия, Селжүк әулеті.

Ж.Е. Жаппасов, Н.А. Тасилова., А.Т. Ахметжанова
 КазНУ пмени Аль-Фараби, Алматы г., Казахстан

ОМАР ХАЙЯМ - ЖИЗНЬ И ТВОРЧЕСТВО

Аннотация. В настоящей статье на основе анализа исторических источников и исследований изучена жизнь и деятельность, творчество выдающегося ученого, философа и поэта Омара Хайяма. Известность Омар Хайям снискал, главным образом, как поэт, однако, если бы не его деятельность на литературном поприще, он все равно остался бы в истории науки как выдающийся математик, автор новаторских сочинений. При жизни Хайям был известен исключительно как выдающийся учёный. На протяжении всей жизни он писал стихотворные афоризмы, в которых высказывал свои сокровенные мысли о жизни, о человеке.

Ключевые слова. философия, мыслитель, рубаи, астрономия, династия Сельджукидов.

Zh.E. Zhappasov, N.A. Tasilova, A.T. Ahmetzhanova
 Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

OMAR HAYAM - LIFE AND CREATIVITY

Annotation. In this article, that based on an analysis of historical and researches the life and activity, creativity of the outstanding scientist, philosopher and poet Omar Khaya Hayam.

Omar Hayam won fame primarily as a poet, however, if not for his work in the literary field, he would still remain in the history of science as an outstanding mathematician, the author of innovative works.

During his lifetime Hayam was known exclusively as an outstanding scientist. Throughout his life he wrote poetic aphorisms, in which he expressed his innermost thoughts about life, about human.

Key words. philosophy, thinker, rubai, astronomy, dynasty of Seljukids.

Кіріспе

«Әділетті болу үшін алдымен мейірбан болу керек. Мейірбан болу деген сүрінбейтін тұяқтың болмайтынын түсіну. Адамның бәрі қателеседі...» - осы бір дана сөздердің авторы атақты философ Омар Хайям Нишапури, парсы философ-ғалымы, көреген ойшыл, математик, дарынды ақын, астроном әрі шайыр болған. Омар Хайямның ғылыми мұрасы математика мен астрономия саласын жаңа сапалы деңгейге көтеріп, философиялық еңбектері ұрпақ тәрбиесінде таптырмас құралға, ал айтқан нақыл сөздері кейінгі ұрпаққа насихатқа айналды[1]. Оның толық аты – Ғиясаддин Әбу әл-Фатх Омар ибн Ибраһим Хайям Нишапури. Омар Хайям хижра шәмси жыл санағы бойынша 427 (бір мәліметтер бойынша біздің жыл санауымыз бойынша 1040 жылы туылған десе, кейбір еңбектерде 1048 жыл деп көрсетіледі) жылы Селжүктер әулеті билік еткен тұста дүниеге келген. Әкесі Ибраһим сол кезеңде лашық үй жасаумен шұғылданған, сондықтан “Хайям” – осы кәсіпке байланысты берілген атау. Араб тілінде "хейям" - "шатыр" немесе "тоқушы" деген мағынаны береді екен. Ал Нишапур Омардың туған жерінің аты. Бұл қала Иранның солтүстігіндегі Хорасан өлкесінде ірі сауда-саттық орталығы болған, Қытай, Үндістан мен Орталық Азия, Араб елдерімен түрлі байланыстар жүргізген атақты қала болатын[2].

Омар Хайямның ұстазы Нишапурдың белгілі ғалымы Насыреддин шайх Мұхаммед Мансұр деп есептелді. Ғұмыры Балх, Самарқанд, Мерв, Исфаһан, Рей т.б. ортағасырларда білім мен ғылымның орталығы болған қалаларда өткен. Ол математика, физика, астрономия, философия, дін негіздері мен тарих ілімдерін Балх қаласында жетік меңгерген болатын.

Омар әйгілі ғұламалардан дәріс алып, Аристотель мен ибн Синаның философиялық көзқарастарын қолдаған. Хорезми, Фараби, Бируни, Рудаки, Фердауси, Қысыраудың еңбектерімен сусындап, өзіндік көзқарасын қалыптастырған. Нишапурда бай кітапхана, жоғары және орта білім беретін медреселері көп болыпты. Омардың балалық шағы осы қалада өткен. Омар алғашқы білімді медреседен алып, әрі қарай Балх пен Самарқандта білім алған. «Ақиқат қажысы» деген лақап атымен танылған Хайямның ғылыми еңбектері әдеби шығармаларынан гөрі маңыздырақ болғанымен, оған жаһандық атақ әкелген де дәл сол рубаилері (рубаи – қос тармақты, төрт жолдан тұратын өлең, лирикалық поэзияның формасы) [3]. Оның үстіне ақынның рубаилері әлемнің көптеген тілдеріне аударылған. *Кеңестік тарихнамада Омар Хайям көбінесе шарап пен махаббат туралы жырлаған адам ретінде танылған болатын. Бірақ бертін келе оның көптеген ғылым салаларын жетік меңгеріп, артынан құнды дүниелер қалдырғаны анықталып отыр.*

Селжүктер әулеті билік еткен тұстағы ғалымдардың мүшкіл жағдайы туралы Омар Хайям: "Біз ғалымдардың қырғынға ұшырауының куәсі болдық, олардан тек ауыр азапқа шыдаған бірен-сарандары ғана қалды. Бұл тірі қалған ғалымдарға түгелінен беріліп өз ғылымын жетілдіруге және тереңдетуге қатыгез тағдыр мүмкіндік бермеді. Осы күні ғалым түрінде жүргендердің көпшілігі болар-болмас білгендерін зұлымдық мақсаттарға ғана пайдаланып, алдамшылық пен екіжүзділіктің шеңберінде қалып жүр, шындыққа өтірікті кигізіп жүр", - деген болатын өзінің "Алгебра мен әлмүкәбәла есептерінің дәлелдемелері" деген еңбегінде[4].

Селжүк сұлтандары ірі ғалымдарды сарай жанында ұстап, көптеген кеңестер алып отыратын болған. 1074 жылы Омар Хайямды Селжүк билеушісі Мәлікшаһ сарайына шақыртып, Исфахан қаласында қызметке алынады. Осы қалада салынған обсерваторияның жетекшісі болып 17 жыл қызмет етеді. Астрономиялық зерттеулердің нәтижесінде "Мәлікшаһтың астрономиялық таблицасы" деп аталатын селжүктер күнтізбесін жасап шығарады. 1079 жылы ресми түрде "Джалали" деп аталған күнтізбені дайындап шығарғанда оның ғалымдар арасында беделі өседі. Бұл сол кездегі юлиан және григориан күнтізбесінен анағұрлым дәл көрсететін күнтізбе ретінде мойындалған болатын[5].

Хайям да сұлтандар үшін жұлдыз бойынша таълихнама (гороскоп) жасаумен шұғылданғаны мәлім. Ол, мәселен, ауа райын алдын ала болжауға әрекеттенген[7]. Бірақ та Хайям мұнда астрологиядан көрі аздық көпті тәжірибе жүзінде тексерілген белгі-нышандарға сүйенуі ғажап емес. Өйткені Хайямды өте жақсы білген Низами Самарқанди: «Мен Омардың алдын ала жұлдызға қарап болжауының бірнеше рет куәсі болдым. Алайда ол өз айтқандарына ешбір сенбейтін еді. Ұлы адамдар арасынан астрологиялық болжауларға сеніпті деген ешкімді көрген де, естіген де емеспін», - дейді. Бұған қарағанда Хайям жалған ғылым - астрологияны мансұқ еткені байқалады. Бұл жөнінде Хайям ұлы ұстаздары Фараби, Бируни, ибн Синалармен пікірлес болғанын көреміз. Заманның көптеген ірі оқымыстылары сияқты Омар Хайям да жан-жақты білімді, ғылымның көп саласында жемісті еңбек еткен ғалым. Оның жаратылыстану жөнінде жазылған бірсыпыра шығармалары бізге жеткен жоқ. Бізге мәлім еңбектері ішінде календарь реформасына байланысты жүргізген астрономиялық зерттеулерінің мәні зор. Хайямның кезінде Орта Азия мен Иранда Күн календары мен Ай календары қатар пайдаланылатын. Күн календары бойынша бір жылда 365 тәулік, ал Ай календары бойынша бір жылдағы тәулік саны одан 11 күн кем, яғни 354 тәулік бар деп алынған. Шынында, бұл санаулар тек жуық түрде ғана дұрыс. Осының салдарынан азаматтық немесе діни мейрамдар (наурыз, айт т. б.), түрлі маусымдардан басталып, аяқталу мерзімдері шатасып кетіп отырған. Міне, осы келіспеушілікті жою астрономдарға жүктеледі. Омар Хайям белгілі бір жүйемен високос жылдар қоя отырып, мүмкін болатын қатені барынша жоқ етуге тырысады. Хайямның календарының дәлдігін бағалауда ғылым тарихында бірнеше топшылаулар бар. Соның бірі бойынша, Омар Хайям әрбір 33 жылда 8 високос (кібісе) жыл қоюға тиіс болған, 7 рет әрбір 4 жылдан кейін, 1 рет 5 жылдан кейін. Сонда 5 мың жылда барып жинақталған қате бір тәулік болады екен. Ал қазір біз колданып жүрген григорьян календары бойынша мұндай қате 3333 жылда жиналады.

Тарихта Омар Хайямның аты діни заңдар мен медицинаның білгірі, математика мен астрономия ілімінің негізін жасап, жаңалық енгізген ғалым ретінде емес, ақын, өлеңдері мен нақыл сөздері ел аузында мәңгі сақталған тұлға ретінде қалды.

Ақын өмір мен өлім, жақсы мен жаман, жұмақ пен тозақ, қанағат пен обырлық, жастық пен кәрілік, махаббат пен зұлымдық, құштарлық пен тақуалық парқын төрт жолдан тұратын өлеңге сыйғызды. Оның рубайлары адамгершілік ұстанымдарға негізделген, ол әділетсіздікке қарсылық білдірді, қоршаған ортаға сын көзімен қарап, озық ойларын батыл айта білді. Өз ойын жеткізу үшін белгілі дәрежеде бейнелеу тәсілдерін қолданды. Мысалы, құмыра, пиала, дүкен, шеберхананы жырлау арқылы жаратушы мен әлемнің,

адамның арақатынасын сипаттаса, адам мүрдесі топыраққа айналған жерден өсіп шыққан гүлді өмір мен материяның мәңгілік құбылысы ретінде бейнеледі. Ақын өлеңдерінде махаббатты жырлау арқылы метафоралық терең ой тұжырымдалды. Оның өлеңдерінен ақиқатқа талпыныс, тіршіліктің мәнін парықтау мен енжарлықты, екіжүзділікті әжуәлау сарыны байқалады. Омар Хайям өлеңдері аз сөзбен келелі ой айтуымен, қарапайым сөздердің өзара жарасымды үйлесім тауып, әуезді болып келуімен ерекшеленді.

XIX ғасырда Э.Фиджеральд ақын өлеңдерін ағылшын тіліне аударды (1859 ж.). Бұл аударманы ғалым Теннисон “жаңадан ашылған планетаға” теңесе, кей ғалымдар тақырып әуендерін өзінше өзгертіп, кейде қосымшалар енгізіп жіберген деген пікір де айтады[6]. Міне, осы аударма кітап парсы-тәжіктің ұлы ақынын Еуропаға алғаш рет алып келіп, оны Батыстың оқушы қауымымен қауыштырған еді. Осыдан кейін Омар Хайям туралы, оның поэзиясы жайлы біріне-бірі қайшы, шым-шытырық пікірлер айтыла бастады. Оның ойлы, мұңлы өлеңдері көп көңіліне жол тапты. Дәл осы қарсаңда, атап айтқанда 1851 жылы неміс математигі Франц Вепке Парижде «Омар әл-Хайямның алгебрасы» деген еңбек жариялады. Мұнда бұрын еуропа ғылымына бүтіндей мәлімсіз орта ғасыр ғұламасының алгебралық трактатының арабша тексті мен французша аудармасы келтірілген. Тарихтағы аса көрнекті алгебрашылардың бірі Еуропа ғалымдарымен алыс заманнан аса таяғын ұстап келіп осылай табысып еді. Алғашқы кезде ақын Омар Хайям және математик әл-Хайями екеуі екі басқа кісі саналып жүрді. Мәселен, 1897 жылы шыққан Брокгауз бен Ефронның энциклопедиясында ғалым, ақын болып, екі бөлек екі томда (42 және 73 томда) дара-дара жүр. Әрине, бұл жаңсақтық кейін жөнделді. Ол ол ма, Омар Хайямның ғылым мен өнердің өзге салаларында да еңбектері үлкен екені ашыла бастады (философия, физика, астрономия, тарих, музыка, медицина т. б.). Сөйтіп, Омар Хайям дүние жүзілік әдебиет және ғылым тарихындағы ұлы тұлғалардың біріне айналды. Ол кезде кедей-кембағал кісінің ұстаздық етуі, ғылым жолын қууы аса қиын болатын. Бұл үшін ғалым сарай төңірегінде хатшы, ақын, жұлдызшы (астролог), тәуіп мамандықтарының бірін атқару шарт. Бұл жағдайда ғалымның тағдыры билеуші әкімнің ақыл-парасатына, қас-қабағына, сарай мақындығы төңкеріс, айла-шарғыға тікелей тәуелді болатыны өзінен-өзі түсінікті. Хайям өмір сүрген толассыз соғыс жайлаған аумалы-төкпелі заманда алдыңғы қатарлы ойшылдар мен ғалымдар халі тым ауыр болды. Олар өз көзқарастарын надан да мен-мен сұлтандардың, пасық та залым дін басылардың ыңғайына қарай құбылтып отыруға мәжбүр болды.

Омар Хайям рубайларының Қ.Шаңғытбаев аударған нұсқасы (325 рубай) 1965 жылы жеке кітап болып шықты. Ө.Күмісбаев “Иранбақтың бұлбұлдары” атты жинағында бірнеше шығыс ақындарымен қатар Омар Хайям өлеңдерін 2004 жылы аударды. Омар Хайямның кесенесі Нишапур қаласында орналасқан. Бұл адам тіршілігін математика мен астрономияға бағыштады, өзін Әбу-әли Ибн Синаның шәкіртімін деп есептеді және поэзиямен қолы бос кезде ғана айналысты. Бірақ оның есімін өлмес даңққа бөлеген поэзиясы болды. Фирдоусиден кейін өзін ақынмын деп атауға жүрексінген адам үшін бұл нағыз ақындық бақыт қой!

Омар Хайям – жасынан тынығу дегенді білмеген жан, оны әркез математика мәселелері толғандырды[8]. Дегенмен ол поэтикалық ізденістері кезінде рухани тұрғыда жаны жай табатын десек қателеспеспіз. Бірақ бұл да еңбек етудің бір түрі екенін есте ұстағанымыз жөн. Исфаханда Омар Хайям арнайы философиямен шұғылданады. Ол, әсіресе, Ибн-Сина еңбектерін мұқият зерттейді. Осы кезде арабтың ақыны әрі философы Абу-л-Ала әл-Маарри еңбектерімен танысады. 1080 жылы Омар Хайям алғашқы философиялық еңбегін жазды, оны «Болмыс және болуға тиісті істер туралы трактат» деп атайды. Бұл кітап Иранның оңтүстік провинцияларының бірінің имамы әрі уәзір Фарстың хатына жауап ретінде жазылған. Имам Шығыс пен Батыс философтарының патшасы Абу-л-Хатх Омар ибн Ибрахим Хайямнан Алла Тағаланың әлем мен адамды жаратудағы құдіреттілігін түсіндіруді және дұғалардың қажеттілігіне қалай қарайтындығын сұрады. Бұл хат атақты ғалым, ислам идеологы Омар Хайямның исламға қарсы айтылған сөздерінің кең таралуынан туындалып отыр. Бұл хаттың мақсаты Омар Хайямды исламның маңызды діни міндеттерін мойындату болды. Жауап трактатында өзін Ибн-Синаның шәкірті деп жариялап, өз ойларын Аристотель дүниетанымын ұстанған философ ретінде түсіндірді. Бұл еңбекте Алла Тағалаға алғашқы себеп, ол болмыс өзгешелігі заңы, құдай өмірінен тыс деген идея айтылған. Бұл әлемде Алла Тағаланың бар екендігін мойындай отырып, табиғаттағы тізбектелген нақты өзгерістердің бәрі табиғат заңдылықтарымен түсіндіріледі деді. Әрине, Омар Хайям пікірі мен ортодоксиялық мұсылмандық қағидалары сәйкес келе бермейді. Сол себепті кезінде Омардың мұсылмандығына шүбә келтірушілер де болған.

Омар Хайям «Болмыс және болатын істер туралы трактат» деп аталатын алғашқы философиялық еңбегінен кейін «Үш сұраққа жауап: мәңгілік және детерменизм», «Жалпы ғылымның пәні туралы ақыл жорығы». «Ғұмыр туралы трактат». «Қажетті кітап (бар нәрселер хақында)» деген еңбектерін де жариялаған болатын. Бұлар өте қысқа, кейбіреулері бірнеше беттен ғана тұрды.

Омар Хайямның математикадан жазған 2 ірі еңбегі белгілі. Олар: «Алгебра мен әлмүкбәла есептерінің дәлелдемелері туралы». «Евклид кітабындағы қиын постулаттарға түсіндірмелер» деп аталады. Бұл еңбектердің алдыңғысында алгебра, соңғысында геометрия мәселелері қозғалады. Хайям өз тақырыбына

байланысты Аристотельдің, Фарабидің, Птоломейдің, Евклидтің еңбектерін басшылыққа алып отырды. және математика, алгебра мен геометриялық есептерді шешудің шебері болған.

Омар Хайям «Алтын мен күмістен тұратын заттардағы алтын, күмістің мөлшерін анықтау өнері жөнінде» физикалық трактат жазған. Осымен қатар ол медицина тәуіптік өнерімен де көп шұғылдана берді. Бір нұсқада Омар Хайям сұлтан Санжар жас шағында шешекпен ауырған кезде оны емдеп жазды деген дерек бар. Омар Хайямның ғылыми еңбектерінің салмақты жағы оның математикалық жетістіктерінде жатыр. Жоғарыда айтылған календарь формасы жөніндегі жұмыстары мен математикадағы күрделі табыстары Омар Хайямды орта ғасырлардағы дүние жүзілік ғылымының ең көрнекті өкілдерінің бірі деп айтуға мүмкіндік береді. Омар Хайям Фарабидің пікірін дамыта келіп, алгебраны дербес математикалық ғылым ретінде қарап, математика тарихында алгебра пәнін алғаш анықтаған ғалымдар қатарына жатады. Оның концепциясы бойынша: алгебра және әлмукабала өнері - ғылыми өнер. Мұның мәні - белгісіз бола тұра басқа бір белгілі нәрсеге байланыстырып анықталатын абсолют сан немесе кесінді, алгебралық есептеулер теңдеу арқылы шешіледі. Егер Хорезми бірінші және екінші дәрежелі (квадрат) теңдеулерді бес түрге келтірген болса, Омар Хайям оларға үшінші дәрежелі (куб) теңдеулер түрін қосып, барлығы 25 түрлі теңдеулерді қарастырады. Үшінші дәрежелі теңдеулердің геометриялық шешуін табуда ол ескі грек математиктерінің дәстүріне сүйенгенімен, олардан әлдеқайда ілгері кетеді. Омар Хайям куб теңдеулердің әрбір түрі үшін олардың түбірін геометриялық жолмен салу тәсілін ұсынады. Ол әрбір теңдеу түбірін тиісті түрде сәйкестендіріп алған шеңберлер, параболалар, гиперболалардың қиылысу нүктелерінің координаттары ретінде табады. Толық болмаса да табылған түбірлерге зерттеу жүргізеді. Қорыта айтқанда, Омар Хайям - үшінші дәрежелі теңдеулерді тұңғыш рет саралап, оларды шешуді белгілі бір жүйеге салуға талпынған математик. Ол куб теңдеулерді алгебралық жолмен шешу әдісін қанша іздегенмен таба алмағанын мойындап, оны табуды болашақ ұрпаққа аманат етеді. Үшінші және төртінші дәрежелі теңдеулерді радикалдар арқылы шешу формулаларын Омар Хайямнан 400 жыл кейін, XVI ғасырда Европа математиктері табады (Гарталя, Кардано, Феррари т. б.). Омар Хайямның математика тарихында көрнекті роль атқарған тағы бір трактаты - «Евклид кітабындағы қиын аксиомаларға (постулаттарға) түсініктеме» деп аталады. Шығарманың атынан көрініп тұрғандай, бұл еңбекті ол ескі гректерден қалған математикалық мұраларды түсіндіру, зерттеу негізінде жазған. Ежелгі грек геометрі Евклид өз тұсындағы геометриялық білім-мағлұматтарды белгілі бір жүйеге салып, қазіргі орта мектеп геометриясына (элементарлық геометрия) жуық түрге келтірген. Евклид кітабының бас жағында бірнеше аксиомалар келтіреді. Осы аксиомалардың біреуі 2000 жыл бойы математиктер арасында үлкен талас туғызып келді. Ол математика тарихында «бесінші постулат» немесе «параллель түзулер жөніндегі аксиома» деп аталады. Бұл аксиоманың тұжырымы мынандай: «Егер бір түзу екі түзуді қиып өтіп, олармен қосындысы екі тік бұрыштан кем болатын тұстас ішкі бұрыштар жасайтын болса, онда ол екі түзу созған кезде міндетті түрде өз ара қиылысады». Лобачевский бесінші постулатты оған қайшы келетін басқа аксиомамен ауыстырып, Евклид геометриясынан өзгеше евклидтік емес геометрияны жасап шығарды. Омар Хайямның геометриялық зерттеулері Евклидтен Лобачевскийге дейін созылған осы параллель түзулер теориясы тарихының жуан ортасынан орын алады. Омар Хайям Евклид аксиомасының орнына оған бара-бар келетін басқа аксиомалар енгізеді және бұлар арқылы сол бесінші постулаттың өзін дәлелдейді. Әрине, Хайямның дәлелдеуі мінсіз емес. Алайда оның дәлелдеу әдісі және осы дәлелдеу барысында пайдаланылған табанындағы бұрыштары тік, бұйыр қабырғалары тең төрт бұрыш евклидтік емес геометрия тарихында өте маңызды роль атқарады. Бұлар кейін Шығыстың бір ірі математигі Насыреддиннің (XIII ғасыр) параллельдер теориясы жөніндегі жетістіктеріне негіз болады. Омар Хайям идеялары Насыреддин арқылы кейіннен Европа математиктеріне кеңінен мәлім болады. «Саккери төрт бұрышы» аталып кеткен әлгі төрт бұрыш Лобачевский зерттеулерінде де кездеседі. Бұл төрт бұрыш қазір «Хайям - Саккери төрт бұрышы» деп аталады. Жоғарыда аталған геометриялық трактатында Омар Хайям қатынастар теориясын және осыған байланысты құрамды қатынастарды айрықша қарастырып, аса маңызды идеялар айтады. Ежелгі гректер, мысалы, Евклид сандар мен геометриялық шамаларды бір-бірінен мүлде бөліп қараған. Олар сан деп тек бірдің жиынын, яғни бүтін оң сандарды ғана есептеген. Сондықтан да олар арифметиканы геометрияға қолдануға бүтіндей қарсы болған. Өз ара өлшемдес емес кесінділерді салыстыру үшін гректер арнайы түрде қатынастар теориясын жасаған. Омар Хайям Евклидтің осы қатынастар теориясын бүтіндей сынға алып, оның мықты және әлсіз жақтарын ашып көрсетпекке әрекеттенеді. Ол қатынастар теңдігінің Евклидтен бөлек, өзінше анықтамасын ұсынады. Бұл кесінділер қатынасын бүтін сандар қатынастары арқылы жуықтауға мүмкіндік береді. Омар Хайям трактатының үшінші бөлімінде құрамды қатынастарды қарастыра келіп, сан ұғымын кеңейту керектігі туралы өте тамаша қорытындыға келді. Омар Хайям бұл жерде Фарабиді тағы да тікелей дамытады. Ол кез келген үздіксіз шамаларды өлшеуге жарайтындай, бүтін сандардан әлдеқайда жалпы жаңа сандарды енгізуді ұсынады. Сөйтіп, Фараби мен Омар Хайям жүздеген жылдар бойы алшақ келген арифметика мен геометрия арасын байланыстыруға теория жүзінде тұңғыш қадам жасайды. Бұл тамаша идея ұзақ дамуды басынан кешіріп, кейін Европада нақты

сандар теориясының шығуына әкеліп соқты. Омар Хайям заманынан бері 900 жыл өтсе де, керітартпашылар оның есімін халық санасынан біржола өшіре алмады. Кеңес ғалымдары тарапынан Омар Хайямның ғылыми және әдеби мұраларын зерттеуде көп жұмыстар жүргізілді. Мәселен, Москва ғалымы Б.А.Розенфельд оның бізге жеткен бүкіл ғылыми және философиялық трактаттарын орыс тіліне аударып бастырды. Ол және белгілі математика тарихшысы А. П. Юшкевич Омар Хайямның математикалық еңбектерін түгелдей талдау, саралау жолында көп жетістіктерге жетті. Бұл зерттеулер Омар Хайямның ғалымдық және ақындық алып бейнесін ашып көрсетіп, оның адам баласы мәдениеті тарихынан алатын өзіне лайық үлкен орнын объективті түрде бағалауға мүмкіндік беріп отыр.

Омар Хайям Санжар сұлтанның кезінде Хорасаннан кетуге мәжбүр болып, Мавераннахрға келгенде Әбу Тахир дейтін бай, билікті де білікті кісінің оң көзі түсіп ғалым үзіліп қалған ғылыми жұмыстарын жалғастыруға мүмкіндік алады. Хайям Әбу Тахир туралы алгебралық трактатының кіріспесінде: «Даңқты, тендесі жоқ, қазылардың қазысы мырза Әбу Тахирдің көмегі мен ықыласы менің тынысымды кеңітті, оның мырзалығы мен жомарттығы арқамды жазып, мәртебемді көтерді. Оның қауымына жақындағаннан кейін мен өзімді тұрмыстың қиындығынан тастап кеткен философия мәселелерін сүйегіне дейін шағуға, егжей-тегжей баяндауға міндетті санадым», - деп жазады. Бұл үзінді Хайям заманында ғалымдар атақты мырзалардың материалдық қайырымына, жәрдеміне қаншалықты мұқтаж, зәру болғанын аңғартады. Олар қаласын-қаламасын күні үшін, әсіресе ғылым мен өнер үшін, надан, тәкаппар бай сұлтандарды марапаттап мақтауға мәжбүр болғаны сезіледі. Әбу Тахирден кейін Хайям Бұқара ханы Шамс әл-Мүлк, содан кейін Мәлік-шах сұлтанның қамқорлығында болады. Хайям әсіресе сұлтанның бас уәзірі жоғарыда айтылған Низам ол-Мүлкпен достасып, өзара жақсы қарым-қатынаста болған. Бақталастар қолынан Низам әл-Мүлк өлгеннен кейін көп ұзамай Мәлік-шах дүние салады. Оны да сарай төңірегіндегі билеушілер мен қожамолдалар қастандық жасап, у беріп өлтіріпті деген қауесет бар. Осыдан соң біраз төңкерістен кейін таққа Мәлік-шахтың баласы, кейіннен аты әйгілі болған сұлтан Санжар отырады. Ол астананы Мервке (қазір Мары қаласы, Түркменстанда) көшіреді. Ескі Мервте сұлтан Санжар құрметіне салынған зәулім күмбезді әлі бар. Осы тұста Хайям өзінің «Наурызнама» атты еңбегін тамамдайды. Бұл еңбекте ежелгі мейрам - Наурыз, түрлі күнтізбелер, тарихи әңгімелер мен аңыздарға көп орын берілген. Мәселен «Иран патшаларының салттары» деген тарауда Хайям олардың қонақжайлығы, еркөңілділігі, әділдігін сипаттайды, әсіресе зәулім үй салуға әуестігін, ғалымдарға қамқоршылығын баса айтады. «Олар үй салуға өте құштар еді, - деп жазады Хайям, - егер патша салтанатты сарай, қала-кент, керуен-сарай, қамал салдырса немесе канал қаздырса, ол құрылыс оның көзі тірісінде бітпей қалса оны аяқтау, жеріне жеткізу таққа отырған мирасқордың ең бірінші парызы болып саналған. Патшаның ұлы бұл жөнінде әкесінен де асып түсуге міндетті». «Қалам және сөз туралы» тарауды Хайям ғалымдарға арнайды: «Ілгергі ғұламалар, - дейді Хайям, - қаламды патшалық сәні, жүрек хабаршысы деп атаған. Қаламсыз сөз, денесіз жан тәріздес, ал олар қаламмен және денемен қосылса онда мәңгі-бақи сақталмақ... Сөз қадірін білетін, ал қалам өнерін меңгермеген кісі жарымжан адам секілді, өйткені қалам қасиеті үлкен қасиет, оған еш нәрсе тең келе алмайды, ол адамды періштеге, шайтанды адам дәрежесіне көтере алады...», - деген болатын. Низам әл-Мүлк қайтыс болғаннан кейін Хайям сарай төңірегінен аластатыла бастайды. Мұның басты себебі оның қайтыс болған уәзірмен аса жақын тұруы болса керек. Хайямның еркіндігі, дінге, саясатқа қайшы келетін мысқылды рубаяттары мен философиялық ойлары бұл араздықтың отын одан сайын маздатып жіберген сияқты. Дін басылары Омар Хайямды мұсылман жолынан тайды, ауытқыды деп айыптап көп қудалайды, ақыр аяғында қартайған шағында Меккеге тауап қылуға мәжбүр етеді. Бұл мәселенің егжей-тегжейін XIII ғасыр тарихшысы ал-Кифтидің «Кемеңгерлер тарихынан» еңбегінде: "Замандастары оның дінін даттап, ішкі ниеттерін сырын сыртқа шығарғаннан кейін, ол жанынан қорқып тілін тартып, қаламын тежеуге мәжбүр болды. Ол қажылыққа құдайдан қорыққандығынан емес, құпияларының жария болғаны үшін кетіп еді. Бағдатқа келгенін естігенде, ондағы көне ғылым білгірлері бәрі жиналып Хайямға сәлем беріп, сөз тыңдауға ұмтылысты. Алайда ол райынан қайтқан сыңай білдіріп, ешкімді қабылдамай қойды. Қажылықтан оралғанда ол басқа еш жерге бұрылмастан туған қаласына келді, ертелі-кеш намазға жығылып, бірақ өз сыры өз ішінде болып ешкіммен араласпай, томаға-тұйық күн кешті. Астрономия мен философияда оған тең келген кісі болмады». Бұл үзіндіге қарағанда, Хайямның Құран қағидалары мен шарифатты, қажылық пен намазды мойындағанын көреміз. Ол шын сырын ашық айтпай, бүркемелеп, білдірмеуге тырысқан, мұны Хайям өзінің көптеген рубаяттары, ғылыми-философиялық трактаттары арқылы жүзеге асырған деп айтуға болады. Тарихшы Табризи «Хайям үй-орман құруға, отбасы бақытын ешқашан ойлаған емес, одан ұрпақ қалған жоқ, оның ұрпағы - рубаяттары, араб және парсы тілінде жазылған мәшһүр шығармалары» деген мағлұмат келтіреді. Хайям 1131 ж. Нишапур қаласында 83 жасында қайтыс болған. Ғалымның өлімінің басы-қасында болған туысы Мұхаммед ал-Бағдади мынадай деректер береді: «Ол алтын тіс шұқығышын алып тісін асықпай тазартты да қолына Әбу Әлидің «Шипа кітабын» алып метафизикасын баптап оқи бастады. Дара және көп жайлы айтылған жерге жеткенде, екі бет арасына тіс шұқығышын қойып, «хатшыны шақыршы, мен өсиет жаздырайын» деді. Сонан соң

жалма-жан тұрып намазын оқыды, нәр татқан жоқ. Кешкі намаздан кейін сәждеге басын қойып: «О тәңірі, мен бар мүмкіндігім келгенше сені тануға ұмтылғаным өзіне аян. Кешір мені, менің сені білуім - менің саған қарай сапар шегуім», - деп жан тапсырады. Әрине, Омар Хайям өлер алдында аузына Алланың атын алып, кешірім сұрауы, оның бүкіл ұзаққа созылған саналы өмірінде жаратқанды тануға бағытталды деп баға беруге болады. Өйткені адамның бүкіл өткен ғұмырындағы ғылым мен білім алуға, пайдалы ілім қалдыруға бағытталуының өзі үлкен мәртебе. Орта Азия жазушысы Низами Самарқанди (1110-1155 жж) Хайяммен замандас, сұхбаттас болған кісі. Ол өзінің «Төрт тарау немесе сирек айтылатын әңгімелер жинағы» деп аталатын кітабында Хайям жөнінде бірсыпыра мағлұматтар береді. Ол бір естелігінде ғұламаның ақыры, зираты жайлы тебірене жазады: «Хиджраның 506 жылы Балхының құлдар сатылатын базарындағы Әбусейт Жарра әмірдің үйінде қожа имам Омар Хайям мен оның шәкірті оқымысты Мұзаффар Исфизари отыр екен. Оларға кішілік ізет көрсетіп, қызмет етейін деп мен де қосылдым. Сонда әңгіме үстінде Омар былай деп еді: «Менің зиратым самал жел сансыз түрлі гүлдерді үрлеп әкеліп, көктем сайын құлпыртып тұратын жерде болады». Мен бұл сөздерге қайран қалдым, бірақ ондай адамның бекер сөйлемейтінін бұрыннан білуші едім. Хиджраның 530 жылы жолым түсіп Нишапурға келгенімде, сол ұлы адамның бетін топырақ жауып сорлы дүниенің жетім қалғанына төрт жыл болған екен. Ол маған да ұстаз болған адам еді. Жатқан жерін білетін бір кісіні қасыма ертіп, дұға оқу үшін жұма күні қабіріне бардым. Әлгі кісі мені Хира зиратханасына әкелді. Сол жағыма карап едім, бақты қоршаған дуалдың түбіндегі моласын көзім шалды. Бақтағы жайқалып тұрған алмұрт пен шабдалы ағаштарының жасыл бұтақтары зиратты гүлге бөлеп тұр екен. Сол арада Балхыда естіген сөзім есіме түсіп, еңіреп қоя бердім. Жер үстінде оған осыдан лайық орын табылмас»...

Омар Хайям - ең әуелі сырға толы, парасатты пайымдаулар мен ойға негізделген рубаяттардың авторы. Рубаят шығыс ақындары арасында мол таралған төрт жолдық өлең формасы екенін жоғарыда айтқанбыз. Омар Хайямнан қалды делініп жүрген мыңнан аса рубаят бар. Олардың кейбіреулері бірнеше нұсқада кездеседі. Бұған қарағанда Хайямның рубаяттары алғашқы кезде қағаз жүзінде емес, ауыздан ауызға көшіп таралған тәрізді. Бұлардың басым көпшілігінде ол шарифаттың нұсқауларына қарама-қарсы бұл дүниенің қызығын паш етеді, адамның еркіндігін дәріптейді. Сондықтан да тарихшылар Хайямның рубаяттарын «шарифатты шағып алатын улы жыландар» деп тегін атап жүрген жоқ. Хайямның өлеңдері мұсылман дінінің қатып қалған қағидаларына, дүние молдалардың өтірік уағызына қарсы бағытталып, ащы мысқыл мен ажуаға толы болып келеді. Хайямның өлеңдеріндегі кереғар қайшылықтар, алуан түрлі контрастар оның ақындығын, дүниеге көзқарасын зерттеуші ғалымдар бұрыннан байқап, таң қалған жәйіттер. Жалпы, Омар Хайям өлеңдерін философиялық терең ойларды халыққа қонымды түрде жеткізудің жеңіл, ойға тез жатталатын құрал ретінде жатталып қалды.

Халық арасында Омар Хайямның есімі, еңбектері аса қымбат. 1934 жылы Хайямның творчествосын ардақтаушылар жиған қаржы-қаражатқа Нишапурда (имам Махрук мешіті қасында) ұлы ғұламаның моласына ескерткіш орнатылды. Ескерткіште парсы тілінде мынадай төрт жол өлең жазылған:

Хайямның моласына тізеңді бүк,

Тілек тіле, ойдағы қайғынды ұмыт.

Ескерткіштің уақытын білгің келсе,

Соңғы жолдың сандарын жинақтап шық.

Ең соңғы жолдың әріптеріне сәйкес цифрлардың (әбжад есебі бойынша) мәндерін қосса хиджра есебі бойынша ескерткіш соғылған жылы - 1313 жыл, яғни біздің календарь бойынша 1934 жыл шығады. Алайда тамаша ақын, асқан ғалымның өзі орнатып кеткен ескерткіші - оның поэзиялық, ғылыми мұралары екені даусыз. Еркіндікті, өмір қуанышын паш еткен асқақ рубаяттары оқушыларға қазір де дәл бұдан мың жыл бұрынғыдай рухани және көркемдік ләззат береді. Қайта дүние жүзінің сандаған тілдеріне аударылып, олар өлшеусіз кең өріс алып көпке ортақ болып отыр. Хайямның философиялық, ғылыми идеялары да қазіргі ғылым мен философияның қарқынды тасқынының құрамында өмір сүруде. Хайям аты қазақ халқына бұрыннан мәлім есім. Революцияға дейін-ақ ескіше оқыған ақындар, зиялылар Хайямды, оның шығармаларын білген. Дінді, дүмше молдаларды ажуа-сықақ еткен рубаяттары көптеген ақындарға үлгі болған. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сәбит Мұқанов өз кезінде Хайямның ұлылығын бір шумақ өлеңмен былай тұжырымдайды:

Төрт жолмен талай ойды еткен баян,

Сондықтан да атағы әлемге аян.

Мәңгіге төрт тағандап тұрып қалған,

Не деген берік еді Омар Хайям.

Омар Хайямның өшпес мұрасы математика, астрономия, философия, шәкірт тәрбиелеген ұстаз ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретіні хаь.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Омар Хайям. Рубаят. Трактаты (сборник). - Москва: Эксмо, 2004.

2. Омар Хайям. Самые мудрые притчи и афоризмы. - Москва: АСТ, 2016.
3. Омар Хайям и персидские поэты X-XI веков. - Москва: Белый город, 2006.
4. Ақпанбек Г. Қазақтардың дүниетанымы. - Алматы: Қазақ университеті, 1989.
5. Звездный каталог ал-Бируни с приложением каталогов Хайяма и ат-Туси. -Историко-астрономические исследования. - Вып. VIII. - 1962. - С.83-192.
6. Идрис Шах. Суфизм. - М., 1994. - 193 – 201б.
7. Климишин И. А. Календарь и хронология. - Москва: Наука, 1981.
8. Сөнбес жұлдыздар. – Алматы, 1996. - 194-215 бб.

МРНТИ 03.20;03.91

Жарасов А.А.

КазНУ имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы

**ЗАРУБЕЖНАЯ И КАЗАХСТАНСКАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ
В ИЗУЧЕНИИ ИСТОРИИ ИНСТИТУТА БАРЫМТЫ**

Аннотация. В данной статье разносторонне рассматривается изученность института барымты, которая утвердилась в казахском обществе в конце XIX и в начале XX вв. Автор проводит исторический анализ суждений и взглядов как отечественных, так и зарубежных историков на роль института барымты и причин появления. В статье точно определяются и показываются основные постулаты феномена барымты. Обозначаются основные различия барымты в восточных и западных регионах казахской степи.

Ключевые слова. Барымта, волостной би, старшина аула, волостной управитель, казахская степь.

**БАРЫМТА ИНСТИТУТЫНЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ
ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМА**

Аңдатпа. Мақалада XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында қалыптасқан қазақ қоғамындағы барымта институтының зерттелуі жан-жақты қарастырылады. Автор барымта институтының қызметін, шығу себептерін Отандық тарихшы ғалымдармен қатар шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі көзқарастары мен тұжырымдарына жүйелі тарихи талдау жасайды. Мақалада барымта феноменінің негізгі қағидаларын анықтап, нақты көрсетеді. Қазақ даласының батысы мен шығыс аймақтарындағы барымтаның негізгі айырмашылықтарын айқындайды.

Түйін сөздер. Барымта, болыс биі, ауыл старшинасы, болыс билеушісі, қазақ даласы

**FOREIGN AND KAZAKH HISTORIOGRAPHY IN THE HISTORY
OF THE INSTITUTE OF BARYMTAS**

Abstract. In this article, the study of the Barymta Institute, which was established in the Kazakh society at the end of the 19th and at the beginning of the 20th centuries, is considered in various ways. The author conducts a historical analysis of the views and judgments of both domestic and foreign historians on the role of the institute of barymtas and the causes of their appearance. In the article, the basic postulates of the phenomenon of Barymta are precisely defined and shown. The main differences between the Barymtas in the eastern and western regions of the Kazakh steppe are indicated.

Key words. Barymta, rural municipality, chief of the village, municipality governor, Kazakh steppe.

Введение. В процессе развития человеческого общества люди пытались установить определенные нормы, правила и законы, которые обеспечивали бы их безопасность и сохранность своего имущества. Если кто-либо выходил за эти установленные рамки, то это считалось правонарушением или преступлением, которое требовало наказания или установления справедливости. Вследствие чего появляется право, установленное в обычаях, религиозными предписаниями или же законом, которое предусматривает в зависимости от правонарушения соответствующую ответственность. Не было исключением и традиционное казахское общество, где правопорядок регулировался как сводами законов, так и религиозными предписаниями, которые пытались содержать в себе требование соответствия деяния и воздаяния. Но были и действия, которые оценивались противоречиво: с одной стороны, это преступление и правонарушение, требующее наказания, а с другой – героический акт возмездия в установлении справедливости. Данное действие именуется барымта.

Термин «барымта» означает «все, что должно принадлежать мне», т. е. «барым» – «мой, по праву принадлежащее мне имущество».

Исследованием и описанием института барымты занимались различные ученые. Интерес к изучению барымты проявили как западные и российские исследователи, так и казахстанские ученые.

Методология

Для исследования института барымты были применены различные методы. В частности, типологический метод, который состоит в познании по принципу от единичного к особенному, а затем - к общему и всеобщему. Он предполагает способность распознать индивидуальное через принадлежность к

общему, и, напротив, увидеть общую закономерность в разрозненных проявлениях единичного. А также историко-системный метод, с помощью которого получили цельный, комплексный подход к изучаемой проблеме.

Фонд историографических источников по институту барымты состоит из различных научных документов и исторических трудов различного периода. Для анализа института барымты рассмотрим исторические труды, написанные в конце XIX века российскими исследователями, а также современные исторические труды зарубежных и казахстанских ученых.

Основная часть

Немалый интерес и внимание в XIX веке к институту барымты было уделено российскими учеными и исследователями. Некоторые из них описывали барымту как грабеж, насильственный захват чужого имущества, самоуправство обиженной стороны, которое в последующем могло привести к феодальным войнам между родами.

Так, например, И. И. Крафт, работавший советником Тургайского областного управления по инородческим вопросам, писал, что барымта отвлекала правителей казахской степи от внешних опасностей и способствовала ослаблению государства, чем пользовались соседние народы, совершая нападения на казахов.

«Но при всей доступности, простоте и справедливости прежнего суда биев во время ханского владычества, суд этот не мог охранять личной и имущественной неприкосновенности населения. Дело в том, что как бы ни были хорошо установлены нормы общежития, как бы правосудно не решались дела, но если решения не будут приводиться в исполнение и обиженные не получают удовлетворения, то значение суда сведется к нулю и население будет вынуждено обращаться к самоуправству. В киргизских ордах при ханском управлении, когда грубая физическая сила заменяла собою право, только сильные роды получали удовлетворение по своим искам и претензиям. Обиженные из малочисленных родов не могли рассчитывать на удовлетворение и волей неволей организовали шайки для нападения на обидчиков и самоудовлетворения. Подвергавшиеся нападению, в свою очередь, таким же путем возвращали захваченный у них скот. Отсюда возникла между родами и отделениями баранта, разраставшаяся по мере увеличения числа враждовавших, к которым присоединялись сочувствовавшие из любви к набегам или по родству. Разрастаясь, баранта увлекала целые орды, которые выступали в качестве борющихся сторон. Такая междоусобная борьба, сопровождавшаяся убийствами и отгоном скота, ослабляла силы народа и отвлекала внимание его правителей от внешних опасностей. Этим обстоятельством пользовались соседние народы: башкиры, джунгары, и калмыки и не упускали случая, чтобы напасть на разрозненных внутреннею враждою киргиз и покорить их себе или разграбить до тла.

По принятии русского подданства, киргизы были защищены, на сколько позволяли обстоятельства, от нападений со стороны внешних врагов, но суд, расправа и внутреннее управление в ордах долгое время были предоставлены самим киргизам, вследствие чего баранта не прекращалась до введения русского управления в степи» (Крафт, 1898: 22–24). В целом же, барымта перестала существовать после установления советской власти.

Также барымту рассматривали как способ принуждения к справедливости или же скорейшего разрешения судебных претензий. И. Ибрагимов отмечает, что киргизы смотрят на барымту как на побудительную меру. «...киргиз когда его ответчик уклоняется от решения, заставляет его явиться на суд барантой, т. е. угоном у ответчика скота, который при разбирательстве дела возвращается явившемуся хозяину, тем самым ускоряет решение дела... Баранту производят еще в таких случаях, когда одна сторона из тяжущихся не довольна постановлением решения; посредством баранты апеллирующий вызывает своего противника вторично на суд...» (Ибрагимов, 1878: 27).

Не меньшего внимания заслуживает и мнение о барымте тюрколога, переводчика и государственного деятеля Н. С. Лыкошина. В своем труде «Пол жизни в Туркестане. Очерки быта туземного населения» Лыкошин описывает, что барымту нередко используют волостные управители в своих махинациях как способ обогащения или, если быть точнее, возвращения расходованных средств во время предвыборной кампании. «...Волостной управитель начинает изыскивать другие способы к пополнению дефицита, вызванного угощениями и подкупом избирателей, при чем одним из самых популярных приемов возмещения расходов являются примирительные разбирательства всех дел, возникающих между киргизами на почве гражданской или уголовной... Приходится склонять стороны к миру, даже и в тех случаях, когда возбуждается обвинение в конокрадстве. Расторопный волостной управитель умеет уговорить пострадавшего от конокрадства передать дело в его руки, берет известное вознаграждение за хлопоты, а, разыскав вора, убеждает того, что для него несравненно выгоднее внести известную сумму на пополнение убытков потерпевшего с приложением незначительной суммы в пользу примирителя, чем быть вызванным к бию и, помимо уплаты вознаграждения, рисковать еще попасть в тюрьму на несколько месяцев. В

большинстве случаев конокрад охотно идет на примирение и доходы волостного управителя растут, а вместе с тем увеличиваются в волости и кражи скота» (Лыкошин, 1916: 120).

В своем труде Н. И. Гродеков «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области» детально описывает повседневную жизнь, обрядности, юридические обычаи местного населения казахской степи. Автор не обошел стороной и описание барымты. Гродеков Н. И. не только дает разъяснение, что следует понимать под барымтой, но и рассказывает о том, что в период правления ханов барымта мало чем отличалась от войны. «Тайный отгон скота не называется барантою, а воровством. Также под словом баранта не следует понимать набег, с целью грабежа без особого к тому повода. Для того, чтобы набег мог быть назван барантою (барымта), требуется, чтобы: 1) отправились в путь днем, а не ночью; 2) открыто объявили этот набег барантою; 3) он имел целью получение удовлетворения за какой-нибудь ущерб, воровство, убийство, отнятие невесты или жены, обиду и т. д. Баранта производится еще в том случае, когда ответчик не позволяет взыскать с него присужденное бием... Во время киргизских ханов баранта мало чем отличалась от войны. И теперь еще баранта называется войною (яу булды). Нападение не обходилось без жестокостей: заковывали людей в путы, привязывали к деревьям, не заботясь об участи привязанного и пр.» (Гродеков, 1889: 170–171).

В своей работе по изучению юридических обычаев казахов П. Е. Маковецкий пишет, что казахи воспринимают барымту не как преступление и самоуправство, а как подвиг. Борьба русских властей не дает никаких положительных результатов, и число дел о барымте не сокращается, тем самым прибавляя новых батыров и героев, прославившихся угоном скота (Маковецкий, 1886: 61).

Фундаментальное исследование барымты провела профессор Висконсинского университета, американский историк Вирджиния Мартин. В своей монографии, написанной с применением западных методологических подходов в исследовании казахской правовой и политической культуры XIX века, ученый выделила институту барымты целую главу, где рассмотрела данную проблему с точки зрения различных аспектов, а также аргументированно сделала собственные выводы и суждения по данному вопросу. «С моей точки зрения, наоборот, не следует трактовать барымту как форму сопротивления. Хотя барымта продолжала совершаться, несмотря на российские законы, которые криминализировали ее, она не являлась ответом на те законы, когда казахи предпринимали барымту. Вместо этого барымта оставалась героическим и почетным актом, каким она была традиционно: это был обычай, который применялся казахами против казахов, с целью восстановления чести рода, когда другие правовые средства в казахской общине не могли служить этой цели... Многие казахи находили альтернативы официальному суду биев, российским судам и административным управлениям в равной степени недоступными, непонятными и неэффективными. Казах, который искал справедливого возмездия или компенсацию за совершенный неправомерный поступок, имел ряд альтернатив, к которым он мог обратиться при колониальной правовой системе, но человек, которым двигало собственное чувство чести и мести, вероятнее всего, добивался справедливости своими собственными руками, особенно если другие альтернативы не давали должного результата. Однако в этом контексте казах, который решил следовать своему собственному чувству справедливости, действовал без правовой санкции бия, и его действие уже больше не представляло легитимное правовое средство в системе норм и процедур адата» (Мартин, 2012: 180).

Но также встречались и случаи, когда казахам приходилось обращаться к российским властям за правовой помощью в решении наказать угонщиков. Так, 4 сентября 1880 года киргизы Калдыбай Джаушев, Айбас Тукешов, Кара-мурза Кулипаев пишут прошение старшине аула Киндже-Мамыр Ак-мурзе Донарееву: «Во время кочевки ими реки Эмбе урочища Акиз-тогай, киргизы Уральской области, Гурьевского уезда Ак-басовской волости, Бий-Мурза Туманчиев и Карасай Умбетов при них 60 человек вооруженных товарищей приехали в наш аул и отрезали привязанных на веревке 44 верблюда и 215 лошадей, которых и угнали, кроме того жестоко поранили пиками двоих наших человека, мы же не желая лишиться угнанного нашего скота отправились вслед за ними взять угнанный скот, но угонщики на наши просьбы не обратили внимания и не хотели отдать, тогда нам встретился знакомый наш киргиз Гурьевского уезда Эмбенской волости судебный би Джусуб-бек Кармысов который вошел в бедственное наше положение и стал угонщиков просить возвратить упомянутый выше скот и они тогда при нем возвратили нам только 212 лошадей, а три лошади были ими удержаны неизвестно по какой причине, верблюды же были возвращены, все вышеизложенном доносе Вам и присовокупляем, что угонщики сделали нам убыток кроме пораненых, еще и 640 руб., которые просим взыскать у виновных и удовлетворить нас Киргизы Калдыбай Джаушева и Айбаса Тукешева и Карамурза Кулипаева. Приложение тамги, 24го июня 1880 г.» (ЦГА РК. Ф.85 Оп.1 Д.215, 1880: 9). В итоге все убытки были возмещены и удовлетворены требования пострадавших. В данном случае мы видим, что в случаях, когда казахи не находили справедливости, им все же приходилось обращаться к официальным властям, которые способствовали решению проблемы.

Вирджиния Мартин не только рассмотрела барымту с точки зрения регулирующего института или же способа сопротивления колонизаторам в казахской степи, но и дает собственные суждения по поводу правовой и культурной цели барымты. «Барымта оставалась обычаем в казахской общине, но ее цель сместилась с открытой демонстрации последствий неправомерного поступка к скрытому утверждению героизма и славы преступника в качестве самоцели. Хотя месть оставалась основным мотивом, она стала самоцелью. В результате барымта оказалась ни чем иным, как кражей, но тем не менее она отличалась тем, что традиционно совершалась в казахской общине, где ее культурная цель могла быть понятой. Подобное смещение прослеживается не только в российских источниках, настроенных на раскрытие ее криминальной сути, но слышно и в казахских голосах в русских источниках, которые пытались оправдать кражу, чем традиционно являлась барымта: ненаказуемым обычаем, оправданным актом мести» (Мартин, 2012: 181).

Также подвигами угона скота запомнились не только совершенные внутри казахского общества деяния, но и действия, совершенные в приграничных районах Китая и Монголии, как барымташы Рамазан, который занимался угоном скота из Китая и Монголии. Рамазан тем самым обеспечивал свой аул на протяжении 19 лет и остался в памяти народа как герой (Тохтабай, 2007: 192).

Нередко производились набеги не только на соседние роды, но и на соседние народы. В результате угонялось большое количество скота, брались в плен люди (Усеинова, 2014: 88).

Подтверждение о том, что казахские барымташы совершали набеги и угоняли скот у китайских подданных можно встретить в архивных материалах Центрального государственного архива Республики Казахстан. В прошении китайских чиновников российским коллегам 24 апреля 1886: «Сообщение. В ночь на 4 число 4 луны сего барантачи придя скрытно, угнали табун казенных лошадей находящихся под надзором на урочище Шарабулук. Пошла погоня из солдат во главе проводника Газарчи. Настигнув барантачей последних оказалось больше 60 человек, а преследовавших было 13, вступили в стачку, но так как малое с большим не сравненно, то и успели отбить 8 лошадей...

Барантачами было угнано 77 лошадей, убито и пало 2 лошади. При дальнейшем преследовании барантачей захватить их не удалось..

Вечером 6 числа следуя до границы двух государств, заявили начальнику поста № 5 Мангазгаеву Г., который на другой день 7 числа снарядил со старшим во главе с Михаилом, послать для осмотра следов и преследования барантачей...

Рассмотрев изложенное и ввиду того, что тот случай угона казенного табуна, грабители которого преследовались и которые перешли русскую границу и следы которых принял старший Михайло для дальнейшего преследования, я исполняющий должность Цзянь-цзюня (прим. военный губернатор в Маньчжурии), сообщаю это почтенному Губернатору, прошу его распоряжении о задержании барантачей и возврат похищенного...» (ЦГА РК. Ф.177 Оп.1 Д.19,1886: 52). В указанный период такие инциденты на Кульджинской равнине были не редкостью. Возможно, в данном случае казахи пытались вернуть по праву принадлежащий им скот, который остался на территории Китая после Кульджинского кризиса. Таким образом, мы видим, что барымта совершалась и по отношению к другим народам.

В то же время были случаи угона скота и у русских поселенцев, проживающих на территории казахской степи. Но в большинстве случаев эти дела трактовались как кража. Однако, если угон или кража совершались под действием личной неприязни или обиды, это служило смягчающим обстоятельством в российской судебной системе того периода. Так, П. Е. Маковецкий пишет, что уменьшается ответственность, если преступление совершено нечаянно, малолетним, пьяным, лицом обиженным над обидевшим, в горах, вдали от жилых мест (Маковецкий, 1886: 65).

В подтверждение этого можно привести пример – дело из архивного материала Центрального государственного архива Республики Казахстан по обвинению казаха Юсупова Калыка в угоне лошадей, где обвиненный в угоне лошадей казах избежал наказания.

«Возвращаясь с работы в Итык, он встречает двух русских на лошадях с возом на Абакумовской выселке и просит их подвести до г. Капал, но те отказались сославшись на тяжелый воз. Затем русские находились в гостевом дворе где пили чай, Юсупов находился рядом и с его слов пил чай, после забирает находящихся на привязи лошадей и уезжает в Капал... Через день, он решает вернуть лошадей и привязывает их в Абакумовской выселке возле правления, но далеко ему скрыться не удастся, его задержали 3 казаха и отвезли в г. Капал, где он был взят под стражу» (ЦГА РК. Ф.241 Оп.1 Д.2, 1911: с. 8). Однако в дальнейшем после разбирательства он был освобожден. По-видимому, Юсупов К. обиделся на то, что русские не согласились его подвести и решил таким образом их проучить.

Огромный вклад внесли в изучение барымты казахстанские исследователи. Так, например, К. Р. Усеинова раскрывает, что такое барымта, кроме того, системно структурирует ее проявления в казахской степи. «На наш взгляд, барымта – это самовольное изъятие скота или другого имущества без присвоения его с целью принудить потерпевшего или его сородичей дать удовлетворение за нанесенную

обида или вознаградить за причиненный ущерб. Барымта – это, прежде всего, объективное стремление достичь справедливости» (Усеинова, 12, с. 73). Проанализировав содержание данного обычая, К. Р. Усеинова делает вывод: «...барымта в основном представляет собой: мечь, связанную с физическим или моральным ущербом; средство наказания за отход от общинных родовых интересов; способ защиты нарушенного права или же способ обеспечения явки ответчика в суд биев, или же способ принуждения к исполнению решения суда биев; форму социального протеста или недовольства; форму решения межродовых споров» (Усеинова, 12, 2015: 73).

Заключение

Таким образом, из обширного историографического фонда по проблеме изучения барымты мы рассмотрели различные концепции и взгляды на данный институт. Опираясь на них, можно сделать вывод, что барымта является нарушением как моральной и юридической правовой нормы, так и героическим поступком во имя сохранения чести рода, а также актом сопротивления народа. В то же время, если рассматривать барымту как возмездие, наносимый вред которого равноценен причиненному вреду, и учитывая тот факт, что барымта в казахской степи существовала даже в первой четверти XX века, следует предположить, что правосознание людей в казахском обществе не достигло на тот момент своей правовой зрелости.

ЛИТЕРАТУРА

1. Вирджиния Мартин Закон и обычай в степи: Казахи Среднего жуза и российский колониализм в XIX веке (2012) [Virginia Martin Law and custom in the steppe: Kazakhs of the Middle Zhuz and Russian colonialism in the 19th century] Алматы: ЦОП КазАТиСО, -282 с.
2. Гродеков Н. И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области (1889) [Kirghiz and Karakirgiz of the Syr-Darya region]. Т.1. Юридический быт., материал собран Г. Вышнегорским. – Ташкент Типолитография С.И. Лахтина, – 205 с
3. Ибрагимов И. Заметки о Киргизском суде (1878) [Notes on the Kyrgyz court]: Том VIII Из записок Императорского Русского Географического Общества по Отделению Этнографии.- Санкт-Петербург: Типография В. Киршбаума, - 27 с
4. Крафт И. И. Судебная часть в Туркестанском крае и степных областях (1898)[The judicial part in the Turkestan region and the steppe regions] 214 стр.
5. Лыкошин Н. С. Пол жизни в Туркестане: Очерки быта Туземного населения (1916)[Half Life in Turkestan: Essays on the Life of the Native Population] Склад Т-ва "В. А. Березовский" комиссионер военно-учебных заведений .- Петроград .,- 415 с.
6. Маковецкий П. Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов (1886)[Materials for studying the legal customs of the Kirghiz] Типография окружного штаба. Омск. стр.84
7. Тохтабай А. Барымта – батырлық мектебі (2007)[Barymta is a heroic schoo] Отан тарихы. № 3. – 186-193-бб.
8. Усеинова К. Р., Д.А.Оспанова Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан (2014) [Izvestiya of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan] №4-84-89стр.
9. Усеинова К.Р. Барымты в традиционном обществе казахов (2015.)[Barymts in the traditional Kazakh society] Вестник
10. КРСУ. Том 15. № 1 стр.70-74
 - a. ЦГА РК. Ф.85 Оп.1 Д.215 Л.9
 - b. ЦГА РК. Ф.177 Оп.1 Д.19 Л.52об.
 - c. ЦГА РК. Ф.241 Оп.1 Д.2 Л.8
11. Virzhiniya Martin, (2012) Zakon i obychay v stepi: Kazakhi Srednego zhuza i rossiyskiy kolonializm v XIX veke [Law and custom in the steppe: Kazakhs of the Middle Zhuz and Russian colonialism in the 19th century] Almaty: TSOP KazATiSO, pp. 282.
12. Grodekov N.I., (1889) Kirgizy i karakirgizy Syr-Dar'inskoy oblasti [Kirghiz and Karakirgiz of the Syr-Darya region]. Т.1. Yuridicheskiy byt / N.I. Grodekov ; material sobran G. Vyshnegorskim. – Tashkent : Tipolitografiya S.I. Lakhtina, pp. 205.
13. Ibragimov I., (1878) Zametki o Kirgizskom sude [Notes on the Kyrgyz court]: Tom VIII \ Iz zapisok Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo Obshestva po Otdeleniyu Etnografii.- Sankt-Peterburg: Tipografiya V.Kirshbauma, pp. 27.
14. Kraft I.I., (1898) Sudebnaya chast` v Turkestanskom kraye i stepnyh oblastyakh [The judicial part in the Turkestan region and the steppe regions] pp. 214.
15. Lykoshin N.S., (1916) Pol zhizni v Turkeстане: Ocherki byta Tuzemnogo naseleniya [Sex of Life in Turkestan: Essays on the Life of the Native Population] Sklad T-va "V.A. Berezovskiy" komissiyoner voenno-uchebnyh zavedeniy. Petrograd, pp. 415.
16. Makovetskiy P.Ye., (1886) Materialy dlya izucheniya yuridicheskikh obychayev kirgizov Типография окружного штаба [Materials for studying the legal customs of the Kirghiz]. Omsk, pp.84.
17. Tohtabai A., (2007) Barımta – batırlıq mektebi Otan tarihiy. -№ 3. pp.186-193.
18. Useinova K.R., Ospanova D.A., (2014) Izvestiya Nacionalnoy Akademiy nauk Respubliki Kazahstan [News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan]. №4. pp. 84-89.
19. Useinova K.R., (2015) Barımtı v traditsionnom obshestve kazahov Vestnik [Barymts in the traditional Kazakh society] KRSU. Tom 15. № 1. pp.70-74.
 - a. CGA RK. F.85 Op.1 D.215, L.9
 - b. CGA RK. F.177 Op.1; D.19 L.52 ob.
20. CGA RK. F.241; Op.1 D.2 L.8

УДК 902 (574)

Жуматаев Р.С., Шакенов С.Т.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ШІЛІКТІ ДАЛАСЫ ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ ЖЕРЛЕУ ҒҰРПЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫНЫҢ ОРНЫ

Аңдатпа. Ғылыми жұмыста авторлар еліміздің түкпір-түкпірінде кең тараған археологиялық ескерткіштердің ішіндегі ерте көшпелілер мәдениеттерінің жылқы немесе оның бөліктерін қосып жерлеу ғұрпы кездесетін қорымдардың таралуы мен ерекшеліктеріне қысқаша сипаттама жасап, Қазақстан ерте темір дәуірі археологиясында маңызды орын алатын Шығыс Қазақстанның Мәйемер, Берел және Құлажорға сынды кезеңдеріне тоқталған. Аталған географиялық аймақтың бірден-бір көзге алтындай жарқырап түсетін қорымдар кешенінің бірі, ол – Шілікті даласындағы б.з.д. I мыңжылдықтың басы мен б.з. I мыңжылдығының алғашқы ғасырларын қамтитын ерте темір дәуірі ескерткіштері болып табылады. Мақалада осы жоғарыда айтылған жылқымен жерлеу ғұрпының тағы бір мысалы болып табылатын Шілікті IV қорымындағы № 12 оба, Шілікті V қорымындағы № 7 обаларда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының барысы мен нәтижелері толықтай көрсетілген. Соның негізінде жазылған нақ ғылыми жұмыс, Шілікті даласындағы ерте темір дәуірінен бастап кездесетін жылқы қосып жерлеу дәстүрі тарихи-мәдени сабақтастығын үзбей этнографиялық дәуірге дейін жеткенін баяндайды.

Түйін сөздер. археология, Шілікті, қорым, қорған, жылқымен жерлеу.

Жуматаев Р.С., Шакенов С.Т.
МЕСТО ЛОШАДИ В ПОГРЕБАЛЬНЫХ ОБРЯДАХ РАННИХ КОЧЕВНИКОВ ЧИЛИКТИНСКОЙ ДОЛИНЫ

Аннотация. В работе авторы на основе археологических памятников погребально-поминального характера анализируют сопогребение с конем или его части туши. Для анализа взяты материалы известных раннекочевнических памятников как Майемер, Берел, Кулажорга, в контексте преемственности культур. Одним из таких памятников раннесакской культуры являются курганы Шиликтинской долины, относящиеся к началу I тыс. до н.э. В статье также приводятся отдельные захоронения с конем, зафиксированных при раскопках на могильниках Шиликти IV, курган №12, Шиликти V, курган №7. В итоге авторы приходят к мнению, что сопогребение с конем в Шиликтинской долине происходит в раннем железном веке и трансформируясь сохраняет преемственность культур.

Ключевые слова. археология, Шиликты, могильник, курган, захоронения с конем

Zhumataev.R.S., Shakenov S.T.
THE PLACE OF THE HORSE IN FUNERARY RITES OF THE EARLY NOMADS SHILIKTI VALLEY

Abstract. The authors on the basis of archaeological monuments funeral character analyze sporepedia with a horse or part of the carcass. For the analysis the materials of known early nomadic monuments as Mayeмер, Berel, Kulazhorga, in the context of continuity of cultures are taken. One of such monuments of members of PSU culture is the mounds Chilikti valley, referring to the beginning of the I Millennium BC the paper also provides a separate burial with a horse, recorded during excavations at the burial grounds, Shilikti IV, mound No. 12, Shilikti V, mound No. 7. As a result, the authors come to the conclusion that the contact with the horse in The shilikti valley takes place in the early iron age and transforming preserves the continuity of cultures.

Key words. archaeology, Shilikty, burial ground, kurgan, burial horse

Кіріспе

Б.з.д. II мыңжылдықтың соңында Еуразияның далалық аймақтарында жаңа мәдени-шаруашылық тұрпатының толыққанды орнығуы орын алады, яғни дала өркениетінің негізі қаланады. Осынау ұлан-ғайыр атырапта бір жағынан алып қарағанда түрлі санаттары бойынша бір-біріне етене жақын, екінші жағынан өзіндік ерекшеліктері бар салт аттылар өркениеті құлаш жайып, адамзат тарихының даму сатысына белгілі бір үлестерін қосты. Бүгінгі қазақ даласы да аталған тарихи үдерістің бір аумағы ретінде шығыстан батысқа батыстан шығысқа ағылған халықтардың ат дүбірінің куәсі болды. Оның айқын дәлелі ретінде еліміздің түкпір-түкпірінде тарыдай шашылып, сол заманнан ақпарат беріп тұрған түрлі археологиялық ескерткіштер

тобын атауымызға болады. Жалпы алғанда, Қазақстанның ерте темір дәуірі археологиясында жерлеу ғұрпы мәліметтерін зерттеу мен түсіндіруде жеткілікті дәрежеде тәжірибе жинақталған. Ақыреттік заттарды зерделеу арқылы ежелгі көшпелілер заманындағы материалдық және рухани мәдениетінің ерекшеліктері жан-жақты қырлары бойынша анықталған. Жерлеу ескерткіштері ең алдымен ежелгі халықтардың мәдениетіндегі сакральді нысандар қатарына жатады. Кез-келген жерлеу кешені жалпылай алғанда әлемнің жаратылуы туралы, соның ішінде о дүние жайлы анықтама береді. Киелі нысандар қатарына жататын жерлеу құрылыстары үшін олардың орналауы мен тізбектелуі, ішкі құрылыстары мен ақыреттік заттарының бір-бірімен байланыстылығы және белгілі бір рәсімдік жүйеге негізделуі тән болып келеді. Сол себепті де ежелгі көшпелілердің жерлеу ғұрпындағы жылқының орны мен рөліне қатысты мәселелерді шешу барысында жерлеу ескерткіштеріне талдау жасау маңызды қадам болып табылады.

Ерте темір дәуірінің жылқы немесе оның бөліктерін қосып жерлеу ғұрпы кездесетін қорымдар негізінен еліміздің шығысында, орталығында және оңтүстік-шығысында орналасқан. Зерттеу тақырыбымызды толыққанды ашу үшін және алдымызға қойған міндеттерге қол жеткізу үшін әр аймаққа жеке-жеке тоқталайық. Бұл ең алдымен әр аймақтың қарастырылып отырған кезеңде түрлі тарихи-мәдени қауымдастықтардың құрамында, соған сәйкес оларда әртүрлі діни-мифологиялық түсініктердің болуына қатысты. Сондықтан да әр аймақ бойынша сипаттаулар жасап алып, солардың негізінде ортақ тұжырым жасау біздің ойымызша пайдалы болып табылады.

Сонымен, осы аталған географиялық аймақтардың ішінде ежелгі көшпелілердің әдет-ғұрыптарындағы жылқының маңызын анықтауда Шығыс Қазақстандығы ескерткіштердің орны айрықша. Аймақтағы ерте темір дәуірі ескерткіштері шартты түрде Маймер, Берел және Құлажорға кезеңдері болып үшке жіктелген. Б.з.д I мыңжылдықтың басы мен б.з. I мыңжылдығының алғашқы ғасырларын қамтитын осы тарихи кезеңдегі ескерткіштерде жылқыға қатысты ғұрыптардың өзіндік ерекшеліктері сақталған. Олар жайлы біз өзіміздің бұрынғы еңбектерімізде талдау жасағамыз [1].

Осылардың ішінде біздің қызығушылығымызды тудыратыны жылқы қосып жерлеу дәстүрі сақталған құлажорға типіндегі ескерткіштер. Аталмыш типке жақын үш обаны 1961 жылы С.С. Черников Шілікті даласынан ашқан болатын (№ 11, 23, 30 обалар, 5-сурет). Жерлеу құрылыстары мен табылған заттарына қарап С.С. Черников бұл обаларды Құлажорға ескерткіштерімен байланыстырып, б.з. I ғ. мерзімдеді және Құлажорға кезеңі ескерткіштерінің таралуын осы аймаққа дейін кеңейту туралы пікір қалдырады [2]. Алайда бұл обалардың ешқайсысында жылқы қосып жерлеу дәстүрі кездеспейді. С.С. Черниковтың оларды б.з. I ғ. мерзімдеуі де содан, өйткені ат арнау дәстүрі бар обалар сәл ерте уақытқа жатады. Дәл осы аймақтан қарастырылып отырған типке жақын обалардың онға жуығы Ә.Т. Төлеубаев басшылық еткен экспедиция тарапынан зерттелді [3]. Нәтижесінде жылқы қосып жерлеу ғұрпы кездесетін екі оба ашылды.

Осы айтылған екі обаға кеңірек тоқталсақ. Бұл екі обаның бірі Шілікті IV, ал екіншісі Шілікті V қорымындарына жатады.

№ 12 оба. Шілікті V қорымына кіретін оба Шілікті-Зайсан тас жолынан солтүстік-шығысқа қарай 100 м жерде, тау бөктерлерінің етегінде орналасқан. Обадағы қазба жұмыстары 2012 ж. жүргізілді [4]. Оба кішірек және орташа тастардың топырақпен араласуынан үйілген. Үйіндінің формасы домалақ. Обаның етегімен есептегендегі диаметрі 9 м, биіктігі 0,5 м. Үйіндінің үстінде ешқандай ойыстың белгілері байқалмады, тек орталық тұсында бірнеше ірі тастар анықталып тұрды. Обаның үстіңгі қабаты ашылғаннан кейін, обаның орта тұсынан қабір шұңқырының іздерін анықтап тұрған тастар шоғыры ашылды. Қабір шұңқыры батыс-шығыс бағытында созылып, сәл ауытқушылықтар болды (ССШ-ООБ).

Осыдан кейін қабір шұңқырын толтырған тастардың бірінші қабаты алынып, одан арғы қабаттардың тастары ірілене түсіп көлемдері 50-60 см дейін жетті. Қабір шұңқырының солтүстік қабырғасының шығыс бұрышына таяу 85-90 см тереңдік деңгейінде жылқының жақ сүйегі мен қабырғалары кездесті. Тағы тереңдету жұмыстары жүргізіліп, 120 см жеткен тұста, солтүстік қабырға бойынан жылқы сүйектері ашылды. Анатомиялық қалпын сақтаған жылқы сол жақ бүйірімен жатқызылып, басы солтүстік-шығысқа қаратылған. Аяғының сүйектері мүлде сақталмаған, тонаушылардың әсерінен болса керек. Жылқының басына тастан төсеніш жасалған (1-сурет). 190 см жеткенде көне жер қабаты білінді. Осы тереңдікте қабір шұңқырының оңтүстік қабырғасынан тығыз орналастырылған тас жәшік ашылды. Тас жәшіктің ұзындығы 260 см, ені 80 см, биіктігі 45-47 см. Тас жәшіктің өзі өте ірі сом тастардан құралған: солтүстік қабырғасына 4, оңтүстік қабырғасына – 6, батыс және шығыс бөлітеріне бір-бір тастан қойылған. Солтүстік және оңтүстік қабырғаларының тастары өте көлемді.

Тас жәшіктің орта тұсында, оңтүстік қабырғада адамның сол қолының сүйектері жатты. Сонымен бірге тас жәшіктің шығыс бөлігінің сыртында оңтүстік қабырғаға жабыстырыла қыш ыдыс қойылған. Көлемі келесідей: биіктігі – 22 см, түбінің диаметрі – 11 см, ернеуінің диаметрі – 10,5 см, мойын тұсы – 9,5 см, орта тұсының диаметрі – 16 см, түбінен тұтқасына дейінгі аралық – 9,5 см. Ыдыстың түбі жайпақ, біраз шығыңқы бүйірі жайлап аса биік емес мойынға ұласып, сыртқа қайырылған ернеумен бітеді. Сыртқы түсі ашық сұр.

Ернеуінен сәл төменде білік бар, соның үстіне бірнеше ойықтар жасалған. Тұтқаларының бірі сақталған, екіншісінің орыны білініп тұр. Ізіне қарағанды бұл тұтқасы бұрынғы заманда сынғанға ұқсайды. Ыдыстың жанынан қойдың екі құйымшағы табылды.

Тас жәшіктің іші топырақпен, ұсақ тастардан тазартылған соң адамның қаңқасы толық ашылды. Қаңқаның жоғарғы жағы, сегізкөзге дейін толық сақталған. Төменгі жағы, яғни аяқ сүйектері болмады. Адамның бас сүйегі бөлек, шығысқа қаратылған. Осы жәйт мүрденің бастапқы қалпынан тонаушылар тарапынан қозғалғандығының анық көрінісі. Алғашқы қалпы бойынша адам шалқасынан, шығысқа қаратылып жатқызылған тәрізді. Адам сүйектері арасынан жылқының сүйегі кездесті, оның қалай түскендігі белгісіз (тонаушылардың әсері болар?). Тас жәшіктің ішінен адамның екінші қолының маңынан бірнеше алтын заттар табылды. Олардың формалары келесідей: екеуі домалақ, енді біреуі тамшы тәрізді. Әрқайсысында екі тесіктен бар. Киімге ілу үшін арналған болуы керек.

№7 Оба. Шілікті V қорымында орналасқан [5]. Қазбаға дейін, оба беті жалпақ тас қабатпен жабылған қалпы кездесті. Обаның биіктігі 0,3 м, ауданы солтүстіктен оңтүстікке қарай 12 м 95 см, батыстан шығысқа қарай 11 м 20 см құрады. Обаның солтүстігінде шаршы пішіндес қосымша құрылыс байқалды. Қосымша құрылыстың ауданы батыстан шығысқа қарай 4 м 50 см, солтүстіктен оңтүстікке қарай 2 м 70 см құрайды.

Обаның беткі топырақ жабындысын тазалаудан кейін, негізгі тас қабат құрылысы толық көрінді. Тас қабат өте тығыз етіп орналастырылған. Тас қабаты алынып, обаның орта тұсынан батыстан шығысқа қарай бағытталған жерлеу шұңқырының орны анықталды. Жерлеу шұңқырының іші ірі тастармен толтырылған. Тас үйінді жерлеу шұңқырын 1 м 80 см тереңдеткенде аяқталды. Жерлеу шұңқыры 2 м тереңдікке жеткенде, жылқы сүйектері көріне бастады. Жылқы сүйегі бастапқыда жерлеу шұңқырының солтүстік бетінен шықты. Жерлеу шұңқырын толық ашу барысында, жылқының басы солтүстік-шығысқа қарай бағытталып, аяқтары бауырына қарай бүгілген күйі жерленгені анықталды. Жылқының батыс жағында орта көлемдегі тастармен қоршалған адам қаңқасы шықты. Адам қаңқасы шалқасынан жатқызылып, басы жылқының басымен бір бағытта солтүстік-шығысқа қаратылып қойылған. Қаңқаның анатомиялық қалпы толық сақталған. Қаңқаның бас жағынан темір сынықтарының қалдығы және қола түйреуіш шықты. Қола түйреуіштің ұзындығы 21 см, бір жағы үшкір келген, екінші жағының басы доғалданып қайырылған.

Адам қаңқасының бас жағынан өте жақсы сақталған екі құмыра анықталды. Екі құмыра да қолмен жапсырылып жасалған. Бүйірі алмұрт тәріздес келген бірінші құмыраның биіктігі 22 см, ернеуінің диаметрі 9 см, түбінің диаметрі 11 см құрайды. Екінші аздап үлкендеу келген құмыраның биіктігі 38 см, ернеуінің диаметрі 10 см, түбінің диаметр 12 см құрайды. Аталған құмыра бүйірі алмұрт тәріздес жасалғанымен, мойыны ұзын етіп қолмен жапсырылып жасалған (2-3-суреттер).

№ 12, 7 обалар сыртқы құрылысы жағынан бір типтес болғанымен, ішкі құрылыстары бойынша сәл ерекшелік бар. Обаның екеуінің де қабір үсті құрылысы тас шеңберден тұрады. Қабір шұңқырлары терең, біріне адамды жерлеуге арналған тас жәшік жасалса, екіншісіне оның имитациясы берілген. Қабір шұңқырлары шығыс-батыс бағытында созылған. Екеуінде де жылқы жерлеу дәстүрі сақталып, жануарлар солтүстік-шығыс бағытына қаратылған. Жерлеу ғұрпы мен қабір үсті және қабір іші құрылыстарына қарай бұл обалар ерте құлажорға кезеңімен сипатталады. Ерте кезеңіне жататын ескерткіштер құрылысы жағынан дөңгелек пішінді, топырақ пен тас аралас үйінді болып келеді. Сонымен бірге олардың арасында қабір үсті құрылыстары сопақша немесе төртбұрышты үйметастар негізінде бір-екі қатар тас қоршаулар ретінде қарастырылып, қабір шұңқырлары батыс-шығыс бағытында, төменгі жағы кеңейе түсетіндігімен ерекшеленеді. Қабір шұңқыры төмендеген сайын қоңырау формалы болып кеңі түседі де, қабір ішінде тас жәшікте мәйіт бір жақ жанымен аяғы бүгүлі күйінде жерленеді. Ал жылқы қабір жабындысы үстінде немесе мәйіттің қасында қатар тынығу түрінде бауырымен жатқызыла қойылады. Ақыреттік заттары екінші кезеңмен салыстырмалы түрде алғанда әлдеқайда бай болып келеді. Алтын, қола және сүйектен жасалған бұйымдар, әшекей заттар және қарулардан басқа негізінен қызыл бояулар кей жағдайда өрнегі бар әртүрлі қыш ыдыстар бірге қойылады.

Жоғарыда айтылғандардың ішінде ең бастысы ол біздің тақырыбымызға негіз болып отырған жылқы қосып жерлеу дәстүрінің таралуы. Шілікті даласынан осындай ғұрыптың ашылуы болашақта ерте темір дәуірі тайпаларының көші-қон үдерісіне байланысты және басқада келелелі мәселелердің басын ашуға септігін тигізеді.

Жалпы қарастырып отырған мәселе төңірегінде бірнеше ғылыми мақалалар жариялаған Е.Е. Кузьмина өлікке арналған жылқыны құрбандық малы ретінде сипаттай отырып, оны тірілер әлемі мен аспандағы аруақтар арасындағы байланысшы ретінде қарастырған [6].

Осы пікірді қолдай отырып З.П. Соколова жылқының құрбандыққа 2 мақсатқа байланысты шалынғандығын атап көрсетеді: 1) Жерленген адамды көлікпен қамтамасыз ету; 2) адамның жанына ас арнау [7].

Жылқы культiмен байланысты көне фольклор мен мифологияны зерттеушi ғалымдардың ойынша, бұл мәселенiң шығуына ертедегi ғұрыптық салттар мен дәстүрлер себеп болуы мүмкiн. Сондықтан, жылқы бейнесi сипатталатын ежелгi мифологиялық түсiнiктердiң реконструкциясын жасауда мiндеттi түрде археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерiн басшылыққа алу қажет.

Бiздiң ойымызша жылқыны құрбандыққа шалуда төмендегiдей мәселелер басшылыққа алынады. Бiрiншiден, жылқыны жаратушы күшке арнап құрбандыққа шалу: құдай-ана, табиғаттың өлуi мен тiрiлуi құдайы, аспандағы күн құдай және басқа да қанатты ат кейпiндегi мифологиялық түсiнiктiң негiзiндегi құрбандық. Екiншiден, жерлеу ғұрпына байланысты құрбандық. Жылқы – бұл өлiлер әлемi мен тiрiлер әлемi арасындағы жалғастырушы болып табылатыны анық. Мұндай түсiнiк көне заманның дүниетанымында ғана емес, күнi бүгiнге дейiн дiни түсiнiктерде орын алып келедi. Оған қарапайым ғана мысал, жоғарыда сипатталған обалар орналасқан Шiлiктi өңiрiндегi қазақтардың жерлеу ғұрпында жылқы малы әлi күнге дейiн маңызға ие. Осы өлкедегi бейiттердiң көпшiлiгiнде жылқының бас сүйектерi қойылған. Жергiлiктi халықтың айтуынша олар қайтыс болған адамның асына сойылған жылқылардың бастары. Мәселен, А.И. Левшин де қазақ халқындағы жылқымен қатысты дәстүрдi байқап, оған қатысты былай деп жазады: «Кейде өлiкпен бiрге оның қару-жарағын, ат-әбзелдерiн қосып көмедi, оған қоса, тiптi кейде жылқыны сойып, оның етiн пiсiрiп жеп, сүйектерiн бейiттiң басында өртейдi» [8].


Тұжырымдай келе айтарымыз, Шiлiктi даласындағы ерте темiр дәуiрiнен бастап кездесетiн жылқы қосып жерлеу дәстүрi тарихи-мәдени сабақтастығын үзбей этнографиялық дәуiрге дейiн жеткен.



Сурет 1. №12 обаның қабiр шұңқырындағы жылқы



Сурет 2. Жылқымен және қосымша бұйымдармен жерленген адам қаңқасы



Сурет 3. №7 оба. Жылқы және ақыреттік заттармен бірге жерленген адам.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жуматаев Р.С. Ежелгі және орта ғасырлық көшпелілердің жерлеу ғұрпындағы жылқы: жазба деректер мен археологиялық мәліметтердің үйлесімі // «Қазіргі жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану» атты «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. А.Б.Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – Б. 106-112
2. Черников С.С. Отчет о работах Восточно-Казахстанской экспедиции ЛО ИА АН СССР в 1961 г. // Архив ИА. – Ф.11, опись 2, дело 120
3. Төлеубаев А.Т., Умиткалиев У.У., Жуматаев Р.С. Шілікті жазығындағы тас жәшікті жерлеу ескерткіштері // Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі 2011. – 2-том. – №29, С. 118-124
4. Төлеубаев Ә.Т., Жуматаев Р.С. 2012 жылы Шілікті V қорымындағы жүргізілген қазба жұмыстарының қорытындылары // Қазақстан археологиясы мен этнографиясы бойынша материалдар мен зерттеулер – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – Б. 3-14
5. Төлеубаев Ә.Т., Жуматаев Р.С., Шағирбаев М.С. Шілікті IV қорымындағы №7 обаның қазбасы нәтижесі // «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Ғ.Қ. Омаров. 1 бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – Б. 3-10
6. Кузьмина Е.Е. Конь в религии и искусстве саков и скифов // Скифы и сарматы. – Киев: Наукова думка, 1977. – С. 96–119.
7. Соколова З.П. Культ животных в религиях. – М.: Наука, 1972. – 213 с.
8. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, "Санат", 1996. – 656 с.

ӘОЖ 940.2 (574) Ж52

Б.А.ЖҮРСІНБАЕВ

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

**ТҮРКІСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ
ОҒАН РЕСЕЙЛІК ТҮРІК-МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ТИГІЗГЕН ЫҚПАЛЫ**

Аннотация. Патша үкіметінің ХХ ғасырдың бас кезінде отарлық елдерде жүргізген озбыр саясатының нәтижесінде Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірі терең дағдарысқа тірелді. Әсіресе Түркістан өлкесін басқару жөніндегі 1867 жылдан бастап жүргізген әкімшілік реформаларының нәтижесінде қазақ жерлері Ресей империясының меншігі ретінде бекітіліп, орталық губернияларынан көшіп келуші мұжықтарға кеңінен жол ашып, патша өкіметінің отарлық саясатына сай құрылған жергілікті басқару аппараттары өлкенің жергілікті халқын талап-тонаудың басты ошағына айналды. Осыған байланысты жергілікті жерлерде отаршылдық жүйеге қарсы құрылған ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметі жанданып қана қоймай, олардың Ресейдің түрік-мұсылмандық қозғалысымен байланыстары күшейе түседі.

Түйін сөздер. Түркістан, түрік-мұсылман қозғалысы, жәдидшілдік, қазақ зиялылары, мұсылман фракциясы, азаттық қозғалыс, ұлттық мүдде.

ДЖУРСИНБАЕВ Б.А.

Таразский государственный педагогический университет

**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НАЦИОНАЛЬНЫХ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИХ
ОРГАНИЗАЦИЙ В ТУРКЕСТАНЕ И ВЛИЯНИЕ РОССИЙСКИХ ТЮРКО-МУСУЛЬМАНСКИХ
ДВИЖЕНИЙ.**

Аннотация. В результате насильственной политики царской власти, проведенной в колониальных странах политическую, социально-экономическую и культурную жизнь коренного населения Туркестанского края настигла глубокая кризис. Особенно, в итоге административных реформ, осуществляемых с 1867 года по управлению Туркестанского края казахские земли были признаны собственностью Российской империи, стало возможным переселение крестьян из центральных губерний, местные органы управления царской власти превратились в орудие разграбления местного населения. В связи с этим, работа национальных общественно-политических организации, созданных для противостояния колониальной системе стала не только процветать, но и усиливались связь между российскими тюрко-мусульманскими движениями.

Ключевые слова. Туркестан, тюрко-мусульманское движение, джадизм, казахская интеллигенция, мусульманская фракция, освободительное движение, национальный интерес.

JURSINBAEV B.A.

Taraz State Pedagogical University

**ACTIVITIES OF NATIONAL SOCIAL AND POLITICAL ORGANIZATIONS IN TURKESTAN
AND INFLUENCE OF RUSSIAN TURKISH-MUSLIM MOVEMENTS.**

Abstract. As a result of the violent policy of tsarist power, the political, socio-economic and cultural life of the indigenous population of Turkestan Krai was overtaken by a deep crisis in the colonial countries. Especially, as a result of the administrative reforms carried out since 1867 to manage the Turkestan Territory, Kazakh lands were recognized as the property of the Russian Empire, it became possible to move peasants from the central provinces, the local government bodies of tsarist power turned into a tool for plundering the local population. In this regard, the work of the national socio-political organizations created to oppose the colonial system not only flourished, but also strengthened the connection between the Russian Turkic-Muslim movements.

Keywords. Turkestan, Turkic-Muslim movement, Jadism, Kazakh intelligentsia, Muslim faction, liberation movement, national interest.

Кіріспе

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына қарай пайда болған мұсылмандық қозғалыс патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарай жауап ретінде дүниеге келіп, бүкіл Ресей империясындағы ұлттық езгінің тауқыметін тартқан түрік тілдес мұсылман халықтарының саяси күштерін отаршылдыққа қарсы тұтас бір майданға біріктіру жолында қызмет жасады. Жалпыресейлік деңгейде өткен бұл қозғалыстың негізін түрікшіліктік және исламшылдық қорғанушылар идеологиясы атқарды. Осы тарихи кезеңде Ресей империясында жалпытүріктік азаттық идеясының күш алуына татар және башқұрт зиялылары зор үлес қосты. Өйткені орыстық отарлық езгіні ең алдымен басынан өткерген, сондықтанда онымен күресудің жолын терең меңгерген және осы бағытта біраз тәжірибе жинақтаған осы халықтардың өкілдері болып табылды. Исмаил Гаспринскийдің «Тарджиман», Фатих Каримовтың «Вақыт» газеттері, татар зиялылары ұйымдастырған баспаханалар, олар бастап берген жаңа әдістік (жәдидтік) оқыту белгілі дәрежеде жалпытүріктік азаттық идеясының қайта жаңғыруына қызмет жасады [1, 17-б]. Олар мұсылман оқу орындарында діни сабақтармен қатар, математика, жағрафия, тарих, биология секілді пәндерді оқытудықажеттігін алға тартып, араб әліпбиін түрік халықтарының тіліне ыңғайлау үшін ескі «қадымшылықтан» «усул-жәдидке» көшіруді ұсынды. Нәтижесінде XX ғасырдың басына қарай Түркістан өлкесінде де жәдидтік бағыттағы мектеп-медреселер қалыптасып қана қоймай олардың саны көбейеді. Сондай-ақ жәдидтік бағыт жергілікті халықтың санасын оятуға өз ықпалын тигізіп, отаршылдық саясатқа деген наразылықтарын күшейте түседі. Сол кездері жәдидтік ағартушылық жаңа оқу әдісіндегі жәдидтік мектептер ашу арқылы ұлттық сананы көтеру, жігерлі жастарды шетелдерге оқыту, қайырымдылық қорларын құру және ұлттық басылымдарды шығару арқылы халықты мықты саяси партия құруға әзірлеу сияқты бағыттардан тұрған. Осыған байланысты жәдидтердің түрік-мұсылман халықтарының мүддесін қорғайтын қоғамдық-саяси ұйым құруды көздегенін көрсетеді. Алайда Түркістан өлкесінде жәдидтік бағыттың күш алуына жергілікті патшалық өкімшілік үреймен қараған. Оған нақты мысал ретінде Түркістан генерал-губернаторының 1900 жылы Ішкі істер министріне жолдаған мәлімдемесінен байқауға болады. Онда былай делінген еді: «Таяу уақыттардан бері татар әдебиеттері арқылы өлкедегі мұсылмандардың өміріне ықпал ететіндей насихат жүргізілуде. Оған Гаспринскийдің жариялаған кітабы ықпал етуде. 1898 жылғы Әндіжан көтерілісі бізге мұсылмандар арасындағы кез-келген қозғалысқа асқан сақтықпен қарауды үйреткен жоқ па еді. ... Енді мұндай жағдайға тосқауыл қоятындай шара қолдану қажет-ақ» [2, 39-п.].

Тіпті өлкеде жәдидтік мектептердің ашылуына Сырдария облысының әскери губернаторы да ашықтан-ашық қарсылық білдіріп, Түркістан генерал-губернаторына былай деп мәлімдеме жасайды: «Ертеректе Қазаннан келген татарлар көшпелілер арасында пайғамбардың өситін насихаттайтын. Ал қазір олар мұны қойып, көшпелілерді орыс билігіне қарсы үгіттеуге кірісіп, бізге қарсы қырғыздардың өшпенділігін қоздыруда. Қырғыздардың пікірінде өзгерістер жүруде. Олар фанатизмге бет бұрған сияқты. Сондықтан татарлардың көшпелілер арасына келіп балаларды оқытуын қалайда тоқтату қажет» [3, 10-п.].

Дегенмен жергілікті патша өкімшілігі өлкедегі жәдидтік бағыттағы мектептер ашқан адамдарды қуып таратуға кірісуге жергілікті халықтың наразылығынан сескенді [4, с. 130]. Оның үстіне 1905 жылғы бірінші орыс революциясы да өз септігін тигізді.

Әсіресе 1905 жылғы 17 қазанда жарияланған патша манифестін де түркістандықтар зор ілтипатпен қарсы алды. Бұл манифесте сөз, баспасөз бостандығы жария етіліп, халыққа ұйымдарға бірігуге рұқсат етіліп, жақын арада Мемлекеттік думаның шақырылатындығы мәлімделінген болатын. Соған орай бұл манифест халық арасында «Бостандық манифесті» атанды. Осы манифестен соң Түркістан өлкесіндегі елді мекендерде қоғамдық ұйымдар да бой көтере бастады. Мұндай ұйымдар «Бостандық манифестін» халық арасында насихаттау, материалдық жағдайы нашарларға жәрдем ұйымдастыру және ағартушылық бағыттағы жұмыстар жүргізуді көздеді. Сондай ұйымдардың бірі Перовск қаласында «Жамиат» деген атпен бой көтерген еді. Бұл ұйым Мемлекеттік думаға сайлау қарсаңында қаладағы мұсылман тұрғындарының бірнеше жиынын өткізіп, Думаға депутат сайлау мәселесін талқылаған [5].

Бірінші орыс революциясы жылдары қазақ зиялылары патша өкіметіне оппозицияда болған кадеттер пртиясын белгілі дәрежеде үлгі тұтып, соған ұқсас партия құрып, қазақ халқының мүддесін қорғауды көздеді. Қазақ зиялылары осы мақсатта, 1905 жылдың соңына қарай Орал қаласында өткен бес облыстың (Ақмола, Семей, Торғай, Орал және Жетісу) делегаттық съезі «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құру туралы шешім қабылдады [6, 105-б.]. Бұл шешімді Қазақстан аумағында ұлттық қоғамдық-саяси құру жолындағы алғашқы қадам ретінде бағалауға болады.

Деректік материалдар «Қазақ конституциялық демократиялық партиясының» өзіндік бағдарламасы мен жарғысы болғандығын да айғақтайды. Сонымен бірге бұл партияның кадеттер партиясы секілді конституциялық монархия идеясын жақтағанын көрсетеді. Дегенмен қазақтың тұңғыш саяси партиясының кадеттер партиясына қарағанда солшылдық танытып, қазақ жеріне қоныс аударушыларды доғарту, қазақ облыстарына земстволық өзін-зі басқаруды және ұлттық мектептерді ашуды талап етті [7, 55-61-б.].

«Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының» орталық комитетіне Б.Қаратаев, Т.Бердиев, М. Бактыгереев, И. Тоқамбердиев, Х. Досмұхамедов, Н. Айтмұхамедов, М. Мұқанов, Т. Рақымбердиев, және И. Дүйсембин секілді қазақ қайраткерлері енген болатын. Осы қайраткерлердің партия жұмысын жандандыру бағытындағы әрекеті бірінші орыс революциясы тұсында сәтсіздікпен аяқталды. Бұл партия құрылғаннан соң көп ұзамай, жалпыхалықтық деңгейге көтерілмей өз жұмысын доғарды [6, 107-б.].

«Қазақ конституциялық-демократиялық» партиясының қоғамдық-саяси ұйым ретінде бой көтере алмауы қазақ зиялыларының кадеттер партиясына жақындығын теріске шығармайды. Оған сол бірінші орыс революциясы кезінде-ақ Б. Қаратаев, Ә. Бөкейханов және С. Жантөрин секілді қазақ зиялыларының кадеттер партиясына мүше болғандығын мысал ретінде келтіруге болады [6, 107-б.]. Дегенмен мұның өзі қазақ зиялыларының ресейлік деңгейдегі өзге де ұйымдардың құрамына енбеді, оның іс-шараларына атсалыспады дегенді білдірмейді. Оны Түркістан өлкесіне қарасты Жетісу облысынан шыққан көрнекті қазақ қайраткері 1905 жылы-ақ «Автономияшылдар одағы» ұйымына мүше болып, оның ұйымдастыруымен өткен съезге қатысып, онда қазақ халқының мұң-мұқтажын білдіріп, қазақтарға автономиялық деңгейде өзін-өзі басқарудың берілуін талап еткенінен де аңғаруға болады [8, с. 23-35].

М. Тынышбаевтың қатысуымен 1905 жылдың 19-20 қарашасы аралығында өткен «Автономияшылдар одағы» атты қоғамдық-саяси ұйымның съезінде Ресейдегі барлық халықтар орыс мемлекетін демократиялық негізде құруға атсалыссын, әрбір ұлт бостандықта болып, оның құқықтарына қол сұғылмасын, империяның болашақ мемлекеттік құрылысы халықтардың мүддесіне сай бір орталыққа қатаң бағындырылмаған түрде болсын, әр ұлт өз істерін өздері басқарсын деген қаулы қабылданған болатын [9, 65-б.].

«Автономияшылдар одағы» ұйымы мен кадеттер партиясына қазақ зиялыларының атсалысуы олардың жалпыресейлік деңгейдегі қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметіне тартылғанын айғақтайды. Қазақ зиялылары сол тарихи кезеңде жалпыресейлік деңгейдегі тағы бір саяси ұйым – «Ресей мұсылмандары одағы» атты ұйымның құрылуына да атсалысқан болатын. Бұл қоғамдық-саяси ұйымды құру мәселесі 1905 жылы 15 тамыз күні Нижний-Новгород қаласында өткен бүкілресейлік мұсылман съезінде көтерілген болатын. Жасырын түрде Ока өзеніндегі «Густав Струве» кемесінде И. Гаспринскийдің төрағалық етуімен өткен бұл съезге қатысушылар Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғайтын қоғамдық-саяси ұйым құру қажеттігін қолдаған еді. Осы съезде қабылданған қарарда Ресейдегі барлық халықтар тең құқықта болуы тиістігі де аталып көрсетілді. Сонымен қатар осы съезде түркі-мұсылман халықтарын бірлестіре отырып, олардың мүддесін тапқа, жікке бөлмей қорғайтын «Ресей мұсылмандары одағы» атты қоғамдық-саяси ұйымның бағдарламасы мен жарғысын әзірлеу Санкт-Петербург қаласында татар тілінде шығып тұрған «Үлфәт» газетінің редакторы Әбдурашид Ибрагимовке жүктелген болатын [10, 25-п.].

Жалпыресейлік деңгейде құрылуы тиіс болған қоғамдық-саяси ұйым – «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының жарғысы мен бағдарламасын қабылдау мақсатында 1906 қаңтардың ортасында Санкт-Петербург қаласында кезекті екінші бүкілресейлік мұсылман съезі шақырылды. Бұл съезге жиналған 100-ден астам делегаттардың қатарында түркістандық өкілдер де болды. Мәселен, бұл съезге Сырдария облысы қазақтары атынан И. Әбуов пен М. Оразаев, Ташкент қаласы мен Ферғана облысының өзбектері атынан Х. Ғафуров пен Қ. Таириров қатысты [9, 65-б.]. Екінші бүкілресейлік мұсылман съезінде «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының 23 тармақтан тұратын жарғысы қабылданды. Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғауды көздейтін бұл қоғамдық-саяси ұйымның жарғысында 16 қалада, оның ішінде Түркістан өлкесіндегі Перовскіде, Верныйда, Ташкентте, Ашхабадта ұйымның бөлімшелері ашылатындығы аталып көрсетілді. Бұл ұйымның бағдарламасын делегаттар жан-жақты талдай келе, оны тиянақтай түсу керек, сондықтан оны қабылдауды келесі съездің үлесін қалдырғанды орынды деп тапты. [9, 66-б.].

Осылайша, екінші бүкілресейлік мұсылман съезінде қабылданған «Ресей мұсылмандары одағының» жарғысына сәйкес, бұл қоғамдық-саяси ұйымның қызметінің ауқымы Түркістан өлкесіне де тарайтын болды. Ол Перовск, Верный, Ташкент, Ашхабад қалаларында ашылатын ұйымның бөлімшелері арқылы жүзеге асырылатын болып белгіленді. Мұның өзін Түркістан өлкесіндегі халықтардың осы қоғамдық-саяси ұйым арқылы өздерінің талап-тілектерін қанағаттандыруына мүмкіндік жасау бағытындағы шара деп бағалауға болады. «Ресей мұсылмандары одағы» атты қоғамдық-саяси ұйымның бағдарламасын қабылдаған бүкілресейлік үшінші мұсылман съезі 1906 жылы 16-21 тамыз аралығында 16-21 тамыз аралығында Нижний-Новгород қаласында 800-ге жуық делегаттың қатысуымен өткен бүкілресейлік үшінші мұсылман съезінде қабылданды. Осы съездегі делегаттардың қатарында Түркістан өлкесіндегі Сырдария облысының Н. Жапаров, Жетісу облысының А. Қойбағаров, Н. Дауылбаев, Ғ. Мұхаммедиев секілді өкілдері де бар еді. Кезекті үшінші бүкілресейлік мұсылман съезіне құрмет таныту мақсатында съез атына елдің түпкір-түпкірінен құттықтау жеделхаттары түскен еді. Сондай жеделхаттардың бірі Жетісу облысының жергілікті халқының атынан жіберілген болатын. Жетісулықтар съездің делегаттарын қызу құттықтай отырып,

өздерінің халық ағарту ісі саласында ана тілінде білім алуына билік орындары тарапынан қысым жасалмау қажеттігін де білдірген болатын. Съез делегаттары Жетісудың жергілікті халықтарының талап-тілектерін қанағаттандыру мақсатында, халық-ағарту ісі бойынша 33 тармақтан тұратын қаулы қабылдап, онда барлық елдімекендерде мұсылмандар үшін ана тілінде бастауыш білім алатын мектептер ашылуы керектігі орыс тілі орта мектептерде қосымша пән ретінде оқытылуы тиістігі, бастауыш мектептердің мемлекет тарапынан қаржыландырылуы қажеттігі атап көрсетті. Халық ағарту ісіне байланысты қабылданған қаулының талаптары «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының 72 тармақтан тұратын бағдарламасына да енгізілді.

Съездің шешімімен қабылданған бағдарламада бұл қоғамдық-саяси ұйымның мақсаты саяси, әлеуметтік-экономикалық, діни және басқа да реформаларды жүзеге асыруда империядағы мұсылмандардың мүддесін қорғау екендігі аталып көрсетілді. Бағдарламаға сәйкес «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымы да кадеттер партиясы секілді конституциялық-монархия идеясын жақтап, мұсылмандардың ұлттық-мәдени автономия алуын көздейтін болды. Съезде делегаттар ұйымның бағдарламасын қабылдаумен қатар, оның 15 адмнан тұратын орталық комитеті құрамын да сайлады. Орталық комитетке сайланғандардың қатарында қазақ қайраткерлерінен С. Жантөрин мен Ш. Қосшығұлов та бар еді. Съездің ұйғарымымен орталық комитетке тағы да 5 мүшені Түркістан өлкесі мен Кавказ өңірінің мұсылмандары сайлап жіберулері тиіс болды [9, 71-б.].

Түркістан өлкесінде өз бөлімшелерін ашуды көздеген «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымы да құрыла салысымен кең қант жая алмады. Патша өкіметі бұл ұйымды исламшылдық пен түрікшілдіктің ошағы, оның құрылуы мемлекеттегі тұрақтылыққа қауіп төндіреді деп есептеді. Полиция департаментіне жоғары билік орындарынан келіп түскен нұсқаулардың бірінде осыған орай былай делініп көрсетілді: «Қазіргі кезде көп миллиондаған мұсылман тұрғындары арасында панисламиз деп аталатын идеядан туындаған қозғалыстар көрініс беруде. Исламды насихаттаушылар империяға ізгі ниетте екендіктерін танытқанымен мұсылмандарды оқшауландыру ісін жалғастыруда. Олар османдық жас түріктердің ұйымдарымен астыртын байланыс орнатқан. Панисламистер мұсылмандардың ішкі өмірінде өздерінің ауызша насихат жүргізіп, өздерінің басты назарын медреселерге бұруда. Мұндай істе панисламистер татарлардың бай адамдарына арқа сүйейді. 17 қазандағы манифестен соң өткізілген мұсылмандардың жиналыстарында панисламистердің ықпалы жоғары болды. Олар өздерінің құрған ұйымдары негізінде империя мұсылмандарын оқшауландыру арқылы мемлекеттік құрылысқа қауіп төндіреді. Сондықтан да мұндай ұйымдардың қанат жаюынан сақтану қажет» [11, 38-40-п.].

Осындай мазмұндағы нұсқаулардан соң патша өкіметі «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымын тіркемеу жөнінде ұйғарым жасап, Түркістан өлкесі секілді шет аймақтарда оның бөлімшелерін аштырмауға күш салды. Сонымен қатар бұл қоғамдық-саяси ұйымды құрушыларды патша өкіметі қырына алып, оларды қуғындай бастады. Бұл өз кезегінде қоғамдық-саяси ұйымның ғұмыры қысқа болуына және Түркістан өлкесінде оның бөлімшелерінің ашылмай қалуына әкеліп соқтырды [12]. Столыпіндік реакция жылдары губернаторлардың, соның ішінде Түркістан өлкесі генерал-губернаторының да Полиция департаментіне берген мәлімдемелерінде бұл қоғамдық-саяси ұйымның бөлімшелері өздеріне қарасты аумақта ашылмағандығы және оны ашуға жол бермейтіндіктері аталып көрсетілді [13, с.143]. Отарлық жағдайда өздерінің мүддесін қорғауға қызмет ететін қоғамдық-саяси ұйым құруға мүмкіндік берілмегеніне қарамастан түркістандық зиялы қауым өкілдері ендігі жерде түрлі үйірмелер құрып, соның жиналыстарында қалыптасқан саяси ахуалға байланысты әрекет етуге кірісті. Ондай үйірмелер столыпіндік реакцияның екпініне қарамастан 1908 жылдары қалыптасты. Сол жылы Верный, Перовск, Әулиата, Шымкент, Пішіпек қалаларында және т.б. елдімекендерде «Гап» немесе «Машраб» деп аталатын үйірмелер бой көтерді. Полиция департаментінің Түркістан аудандық күзет бөліміне тыңшылар арқылы келіп түскен мәліметтердің бірінде бұл үйірмелер туралы былай делініп көрсетілген: «Жетісу, Ферғана және басқа да облыстарда «Гап» әрі «Машраб» деп аталатын үйірмелер бар. Верныйда мұндай үйірмелер оннан астам. «Машрабқа» ұлтына, жасына, кәсібіне қарай кем дегенде 17-20 адам тартылады. Үйірме мүшелері апта сайын 20 тиыннан жарна төлейді. Әр жексенбіде үйірме мүшелері жиналып, үйірменің атқарар жұмыстарын талқылайды» [14, 260-б.].

Жергілікті отарлық билік орындары мұндай «Машраб» секілді ұйымдардың құрылуынан секем алып, олардың қызметін тыңшылар арқылы қадағалауға алады. Верный қаласындағы «Машраб» үйірмесіне мүше болған И. Нығматуллин, М. Нұрмұхамедов, М. Максумов, Р. Әбдірахманов, М. Мірахметов, К. Сәлімжанов, Ж. Махмутбеков секілді т.б. адамдардың іс-әрекетін жандарм ротмистрі Астраханцев қатаң бақылауда ұстағанымен олардан үкіметтік тәртіпке қарсы ешнәрсе таппайды. Бірақ ол мұндай үйірмеден болашақта ірі ұйым қалыптасуы ықтимал деп санап, Түркістан аудандық күзет бөліміне «Машраб» үйірмелерінің өз беттерінше рұқсатсыз құрылуы және мүшелерінен жарна жинауы заңға қайшы келеді, сондықтан мұндай үйірмелерді жапқан орынды деген мәлімдеме жолдайды [15, 80-п.].

Верныйдағы жандарм бөлімшесі қаладағы тағы бір «Машраб» үйірмесіне тексеру жүргізіп, оның жетекшісі А. Мухамедшиннен үйірменің жұмысын доғартуды талап етеді. Әйтпесе, оған үйірме мүшелерінен заңсыз жарна жинаған деген айып тағылатындығын ескерткен болатын [16, 34-35-п.]. «Машраб» үйірмелеріне билік орындарының бұлайша шүйлігуінің де өзіндік себебі бар еді. Өйткені, сол кезде билік орындарына тыңшылар арқылы «Машраб» үйірмелерінде патша өкіметінің орыс шаруаларын Түркістан өлкесіне қоныс аудару жайы, соның салдарынан жергілікті халықтың шұрайлы жерлерінен айырылып жатқандығы және оқу-ағарту саласындағы орыстандыру саясаты жиі талқыланатындығы мәлім болған еді [17, 44-п.]. Сондай-ақ қазақ халқының жер мәселесіне байланысты мұң-мұқтажын қорғауда белсенділік танытып жүрген көрнекті қазақ қайраткері Б. Сыртановтың да А. Габдулвалиев жетекшілік ететін «Машраб» үйірмесімен байланысы барлығынан да жергілікті билік орындары тыңшылар арқылы хабардар тұғын [15, 4-п.]. Сырдария облысындағы Е. Қасымов, С. Өтегенов секілді қазақ қайраткерлері де сол кезде жергілікті тұрғындар арасында үйірмелр ашып, үкіметтік тәртіпті сынауға бағытталған әрекеттер жасауы ықтимал деген себеппен Түркістан аудандық күзет бөлімі тарапынан қатаң бақылауға алынды. Шымкент уезіндегі орыс-түзем мектептерінің бірінде мұғалім болып қызмет етіп жүрген Қ. Қожықовтың да мұндай үйірме құруы мүмкін деп есептелінді [18, 4-5-п.].

Жетісудағы отарлық әкімшілік өңірдегі «Машраб» үйірмелеріне қысым көрсетуді Ұзынағашта қазақ және қырғыз қайраткерлерінің басқосқан жиыны өткізілгеннен кейін күшейте түсті. Ұзынағаш съезі атанған қазақтар мен қырғыздардың 50 шақты өкілі қатысқан бұл жиын 21 қазан күні кешкісін Казанско-Богородский селосында өткен болатын. Онда қазақ-қырғыздардың отаршылдық саясат нәтижесінде бастан кешіп отырған тауқыметі талқыланып, жергілікті әкімшілік орындары тарапынан қазақ және қырғызға жасалып жатқан қысымшылыққа орталық билік орындарының назарын бұру үшін Санкт-Петербургке арнайы өкіл жіберу мәселесі қаралды. Көпшіліктің ұсынысы бойынша Санкт-Петербургке арнайы жіберілетін өкіл ретінде Б. Сыртанов белгіленді. Сондай-ақ съездің жұмысы барысында оның сапры үшін деп 500 сом ақша жиналды. Мұндай қаражат съездің ұйғарымы бойынша облыстағы уездерден де жиналатын болып белгіленген еді [19, 178-б.].

Б. Сыртановтың Санкт-Петербургке баруына деп «Машраб» үйірмелері тарапынан да қаражат жиналған болатын. Бұл ретте А. Габдулвалиев белсенділік танытты. Бұл жөнінде Түркістан аудандық күзет бөліміне келіп түскен мәлімдемеде былай делініп көрсетілген: «Жергілікті татар көпесі Абдулқудус Габдулвалиев өзінің беделін пайдаланып, Қапал уезінің қазағы Барлыбек Сыртановты Петербургке жіберу үшін деп жергілікті халықтан қаражат жинастыру ісіне атсалысты. Барлыбек Сыртанов Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясымен байланыс орнату үшін Петербургке аттанған болатын. Ол осы әрекеті арқылы мемлекеттік тәртіпке өз нұқсанын тигізді. 1911 жылдың 7 желтоқсаны күні Габдулвалиевтің үйінде жандарм ротмистрі тінту жүргізді. Бірақ бұл тінту нәтижелі бола қоймады» [20, 50-п.].

Билік орындары қазақтардың басқосқан кезкелген жиынына онда бір ұйым құру көзделмекші деп сескене қарады. Мәселен, 1911 жылы маусымда Жетісу облысына танымал Ноғай Дәулетбақовқа Верный уезінде ас берілгенде оған Шамалған болыстығынан М.Исмаилов, Үлкен Алматы болыстығынан Ы. Садыбеков, Жайылмыш болыстығынан Б. Әшекеев, Қордай болыстығынан Е. Базаров, Бәйткі болыстығынан Ә. Байсалов, Шу болыстығынан Ә. Қозыбеков, Шығыс Қастек болыстығынан Ш. Құдайбергенов, Ботбай болыстығынан Ө. Танкин, және облыстық басқарманың тілмәші Ы. Жайнақов қатысқан болатын. Осы аталған адамдардың ас беруге жиналуының өзінен жергілікті әкімшілік сескеніп, олардың арасына өз тыңшысын жіберіп, оған онда бір ұйым құру әрекеті жасалып жатпағандығын біліп қайтуды тапсырған [21, 49-п.].

Жергілікті әкімшілік орындары қазақтардың сауда серіктестігін құруының астарында болашақта бір ұйым құру идеясы жатыр деп есептеді. Мұны 1911 жылы Перовскіде С. Лапиннің ашқан сауда серіктестігіне уез бастығының көзқарасынан да аңғаруға болады. Бұл серіктестіктің басқармасы құрамында Ж. Басығарин, О. Көтібаров, К. Сейітбаев, Е. Қосыбаев, Б. Қошаев секілді жергілікті халық өкілдері бар еді. Уез бастығына қазақтардың мұндай серіктестікті құруы ұнай қоймады. Ол соған орай бұл серіктестікті жою мақсатында жоғары билік орындарына С. Лапинді қаралап көрсететін шағым да түсірген болатын [22, 49-п.].

Түркістан аудандық күзет бөлімінің 1911 жылы 21 қазан күні Полиция департаментіне жолдаған мәлімдемесінің мазмұнына қарағанда, сол кезде де Түркістан өлкесінде «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының бағдарламасын насихаттаушылар бой көрсеткен. Ондай адамдардың бірі екінші Мемлекеттік думаның мүшесі болған, Ташкент қаласының тұрғыны Ә. Кариев еді. Қалалық жандарм ротмистрі тыңшылардан алған мәліметтер негізінде оның үйінде тінту жүргізген. Тінту барысында оның үйінен мұсылман фракциясының бағдарламасы табылған. Осыған орай Түркістан аудандық күзет бөлімі Полиция департаментіне берген мәлімдемесінде былай деп жазған болатын: «Түркістан өлкесіндегі жергілікті мұсылман тұрғындары арасында үкіметке қарсы насихат жүргізушілердің сөзіне сенетіндер әлі күнге

баршылық. ...Кариев «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының жұмысына атсалысқан. Ол өзінің осы ұйым жайлы насихатын астыртын жүргізеді деген күдік бар» [23, 11-п.].

Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғауды мақсат тұтқан «Ресей мұсылмандары одағы» атты қоғамдық-саяси ұйымды құруға атсалысқан қайраткерлерге билік орындары осындай күдікпен қарауына 1911 жылы Түркістан өлкесіне, соның ішінде Сырдария облысының Шымкент уезіне эмиграцияда жүрген Ә. Ибрагимовтің астыртын келіп, үкіметке қарсы насихат жүргізіпті деген мәліметтің Түркістан аудандық күзет бөліміне түсуі де әсер еткен [24, 54-п.].

Столыпиндік реакция жылдары Түркияға эмиграцияға кетіп, сонда 1910 жылдан бастап «Тараф-ул-муслимин» («Мұсылмандарды өзара таныстыру») атты ұйым құрып және осы аттас басылым шығаруды қолға алған

Ә. Ибрагимовтің Түркістан өлкесіне астыртын келіп кеткені туралы хабар отарлық билік орындарын жергілікті халықты қатаң бақылауға алуға итермелей түскен еді. Өйткені, сол кезде «Тараф-ул-муслимин» ұйымы Ресей империясындағы қазақ, қырғыз, өзбек, татар секілді т.б. түркі-мұсылман халықтарын азаттық қозғалыста бірлестіруді мақсат тұтып, өзінің басылымдарын Түркістан өлкесіне де таратты. Сондай басылымдардың бірінде Түркістан өлкесіндегі ахуалға арналған материал жарияланып, онда былай делінді: «Бұрын Исламның қасиетті орны саналған Түркістан өлкесі бүгін де қаратүнекте, оның мұсылман тұрғындары езгігі түсіп тапталған. Түркістандықтардың мұндай ахуалы біздің көзімізге жас ұялатады» [14, 269-б.].

«Тараф-ул-муслимин» ұйымының басылымдарын отарлық әкімшілік Түркістан аймағына таралуына тосқауыл қою шараларын ұйымдастырып жатқан кезде Стамбұлда құрылған «Білім таратушы Бұхара қайырымдылық қоғамы» тарапынан да Түркістан аймағына үгіт жүргізу қарқын алған еді. Түркістан аудандық күзет бөліміне Полиция департаментінен келіп түскен мәліметтерге қарағанда, бұл қоғам Түркиядағы жастүріктердің ұйымдарымен тығыз қарым-қатынаста болған және соның идеяларын таратуға атсалысқан, соған орай үгіт-насихат жүргізу үшін өздерінің өкілдерін Түркістан өлкесіне жіберіп тұрған [23, 14-п.]. Бұл ұйым сол кезде өзінің алдына Түркістан өлкесіндегі жастарды Түркияда білім алуға тартуды және ондай білім алушыларға қаржылай көмек көрсетуді өзінің басты міндеті санаған болатын. Бірақ өзінің мұндай мақсатына қарамастан жастүріктер ұйымының ықпалына түскен [25, 87-88-п.]. Осыған байланысты аталмыш ұйым Түркістан өлкесі аумағында да өз бөлімшелерін ашуды көздеген. Ол бөлімшелердегі мүшелердің саны 30 адамнан кем болмаған жағдайда ондай бөлімшенің өзінің бір өкілін Стамбұлға жіберіп оқыту мүмкіндігіне ие болған [23, 20-п.].

Отарлық билік орындары Түркістан аумағында Түркия тарапынан үгіт-насихат жүргізілуіне үйірселер мен серіктестіктер қолдау танытады деп санады. Осы себепті 1910 жылы Ташкенттегі мұнауар қари ұйымдастырған «Үміт» [26, 23-п.] , Ферғанадағы жергілікті зиялылар ашқан «Тараки-парвар» («Прогресс») [27, 24-п.] ұйымдарын тексеруге кірісті. Бұл тексерулер аталған ұйымдардың қызметіне тосқауыл қоюға бағытталған болатын. Оны Түркістан аудандық күзет бөлімінің «Үміт» және «Тараки-парвар» ұйымдарының қызметі жергілікті биліктің беделін түсіруге бағытталған деген қорытынды жасауынан аңғаруға болады [27, 27-31-п.]. Шын мәнінде бұл ұйымдар жергілікті халық арасында ағартушылық жұмыстарын жүргізуді, осы мақсатта жәдидтік оқу орындарын оқу құралдарымен қамтамасыз етуді көздеген болатын.

Жетісу өңіріндегі «Машраб» үйірмелеріне де жергілікті әкімшіліктің шүйлігіне түскенін Түркістан аудандық күзет бөлімінің Полиция департаментіне мынандай мазмұндағы мәлімдеме жолданынан да аңғаруға болады: «Пішпекте адвокат Ахметбек Қойбағаров, көпес Дауылбаев, Сейіткәрім Мырзабаев, бұрынғы тілмәш Найзабек Тулин, талқан болыстығынан Ахмет Құдайбергенов, Тоқмақтың тұрғыны Ташмұхамед Бикаев Оренбург пен Троицкіден үкіметтің көшпелі халықтан жер кесіп алуын ашық айыптайтын мақалалар жариялауымен танылған «Айқап», «Ақмолла» және «Вақыт» секілді мұсылмандық басылымдарды алып тұрады. Бұл басылымдардағы жағымсыз мақалалардың авторлары – Орынбордағы Қаратаев пен Троицкідегі Сералин. Тыңшылардың айтуынша, Орынбор мен Троицкіден алынған басылымдар жасырын түрде Пішпектегі «Машраб» үйірмелерінде оқылатын көрінеді» [14, 272-б.].

Балқан соғысы басталған кезде Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының Түркияға қолдау көрсетіп, оның әскеріне деп қаржы жинастыруы да билік орындарын алаңдатпай қоймаған еді. Жергілікті әкімшілік мұндай әрекетті жасырын құрылған ұйымдар жүзеге асыруда деп есептеді. Сол кезде Түрік әскерлеріне көмекке деп Қырым мұсылмандары 200 мың сом, Кавказ мұсылмандары 150 мың сом қаражат жинаған [28, с.47]. Мұндай шаралар Түркістан аймағында да жалғасқан. Жетісу облысының Верный уезі қазақтары 10 мың сом жинаған [14, 270-б.]. Ташкенттегі «Үміт» қоғамының жетекшісі Мұнауар қари да кітап саудасынан түскен ақшаны Түркия флотының пайдасына аударған және ол бұдан бөлек Түркияға көмек көрсету мақсатында тұрғындардан астыртын ақша жинаған. Ол мұндай әрекетін бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін де жалғастыра түскен болатын [29, 57-б.]. Түркістан өлкесіндегі және Ресей империясының өзге де аймақтарындағы түркі-мұсылман халықтарының Түркияға іш тартушылығынан

патша өкіметі сезіктеніп, ендігі жерде бұған қалай да жол бермеу керктігін ойластыруға кірісті. Сонымен қатар империядағы түркі-мұсылман халықтарының әрекеттерін үйлестіретін қоғамдық-саяси ұйымның құрылуын алдын алу қажеттігін де қарастырды. Соның нәтижесінде Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалыста бірлігінің арта түсуіне тосқауыл қоюдың тиімді жолдың бірі ретінде олардың арасына іріткі салу таңдалып алынды. 1914 жылы наурызда Ішкі істер министрлігінің араласуымен империядағы түркі-мұсылмандық саяси күштердің арасына іріткі салып, олардың патша өкіметінің саясатына бірлесе қарсылық көрсетуін әлсірете түсетін қаражүздік партиясы бой көтерді. «Сират-ул-мустақим» («Дұрыс жол») деп аталған бұл партияға М.С. Баязитов жетекшілік етті. Оның партиядағы сенімді серіктерінің қатарында кәсіпкер Ф. Байрашев пен отставкадағы генерал-майор А. Шейх-Али болды. Үкіметтің нұсқауымен құрылған бұл партияның мүшелерінің саны бастапқыда 12 адам ғана еді. Кейіннен партия мүшелерінің саны біртіндеп арта түсті [30, 182-б.]. Патша өкіметінің болжамынша, бұл «Сират-ул-мустақим» партиясы империяның барлық аймақтарына, соның ішінде Түркістан өлкесіне де өз ықпалын жүргізіп, түркі-мұсылман халықтарын осы партия төңірегіне топтастыра түсуі және олардың отаршылдыққа қарсы бағытталған саяси күштерін әлсіретуі тиіс еді. Алайда, бұлай болмай шықты. Бұған бірден төртінші Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясы қарсы шығып, мерзімді басылымдарда бұл ұйымның Ресейдің Ішкі істер министрлігінің қамқорлығымен құрылған саяси партия және орыс қаражүздік партияларының көшірмесі екендігін, оның мұсылмандар мүддесін әсте көздемейтіндігін айтып үндеу жариялайды. Үндеуге Қ. Тевкелев, И.А. Ахтямов, М. Жафаров және С. Жантөрин, олармен бірге М. Бигиев, Гаяз Исхаки, Лутфулла Исхаки (Петроградтың имамы) және Гади Мақсудов қол қойды. Патша өкіметінің «Сират-ул-мустақим» партиясын құрудағы арандатушылық саясатына қарсы 1915 жылы Петроградта оқып жатқан қазақ, өзбек, татар, башқұрт жастары да, олардың ішінде М. Шоқай да баспасөз беттерінде өз пікірлерін білдірді. Олардың үндеуінде бұл қаражүздік «Сират-ул-мустақим» партиясына жергілікті жерлерде ешқандай қолдау көрсетілмеуі тиістігі мәлімделінген болатын [31, 49-50-б.].

Төртінші Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясының және Петроградта оқып жүрген студент жастардың «Сират-ул-мустақим» партиясына қолдау көрсетпеуі жайлы мәлімдемелері елдің түпкір-түпкіріне тарайды. Ол Түркістан өлкесіне де жетті. Осыған орай өзбек халқының белгілі қайраткері Түркістан өлкесінде бұл қоғамдық-саяси ұйымның қанат жаюын қолдамайтындығын танытты [32, 11-п.]. Осылайша халықтың қолдау танытпауы себепті билік орындары тарапынан арандатушылық мақсатта құрылған «Сират-ул-мустақим» партиясы Түркістан өлкесінде ғана емес, өзге өңірлерде де өз бөлімшелерін аша алмады. «Сират-ул-мустақим» партиясының бой көтеріп, Түркістан секілді шеткері аймақтарда оның бөлімшелерінің ашылуына сол кезде миссионерлер де мүдделілік танытқан еді. Бұл партияның кең қанат жая алмай, бөлімшелерінің құрылмай қалуын олар Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясы мен оның жанындағы бюро мүшелерінің қызметімен байланыстырды. Мәселен, миссионерлік әрекеттерге барынша қолдау көрсеткен Уфа және Мензелинск епископы Андрей осыған орай Шет діндер департаментінің директоры Харламовқа мынандай мазмұндағы шағым түсірген болатын: «Мұсылман фракциясы мұсылмандардың ішкі өмірінде маңызды рөл атқаруда. Ол мұсылмандарды бірлестіруде. Газеттер оған зор қызмет көрсетеді. Бірқатар газеттер арқылы мұсылмандарды өзіміз құрып берген партияны қолдамауға шақырды. Мұсылмандар Ресейден бөлінуді тілейді. Мен ол жөнінде көп мағлұмат алдым. Бірақ биліктегілер олардың істеріне маңыз бермей келеді және жеткілікті деңгейде оларға қысым көрсетпейді. Мұсылман фракциясы жанында құрылған бюро мұсылмандардың бірлігіне зор қызмет көрсетеді. Бюро мүшелерінің бірі – Садри Мақсудов қазақтардың арасына барып, оларды бірлестіріп жүр. Барлық мұсылмандар сол фракцияның төңірегіне жиылуда. Осыған көңіл бөлсеңіз екен» [33].

Мұсылман фракциясы жанындағы бюрода сол тұста Ә.Бөкейханов, С.Жантөрин, С. Мақсұдов, А. Цаликов, Ш. Құрбанғалиев секілді кпіреткерлер қызмет ететін. 1916 жылдың күзінде бұл бюроның құрамын Түркістан өлкесіне қарасты Сырдария облысының қазақтары атынан М. Шоқай толықтырған болатын [34, 353-б.]. Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғауды мақсат етіп, Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясына көмек көрсетуді жүзеге асыруды көздеген бұл бюроның өзіне билік орындары шүйліге қараған болатын.

Қорыта айтқанда, патшалық Ресейдің үстемдігі жағдайында ұлттық саяси элита өкілдерінің талпынысына қарамастан түркістан өлкесінде ұлттық қоғамдық-саяси ұйым құрыла қоймады. Патша өкіметі мұндай ұйымның құрылуына сескене қарап, осы бағыттағы әрекеттерге барынша тосқауыл қойды. Соднықтан да Түркістан өлкесінде ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар патша өкіметі құлатылғаннан кейінгі жағдайда ғана құрылу мүмкіндігіне ие болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қойгелдиев М.Қ. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 54 б.

2 ӨРОММ. И-1-к., 27-т., 148-іс.

3 РФММ. 124-к., 8-т., 252-іс.

- 4 Каппелер А. Две традиции в отношениях России к мусульманским народам Российской империи // Отечественная история. – 2003. – №2. – С.129-135.
- 5 Мактуб Сырдария областидан. Перовск шаһаридан. // Үлфәт. – 1906. – 16 февраль.
- 6 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат», 1995. – 368 б.
- 7 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т. 1.– 552 б.
- 8 Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: «Санат», 2009. – 288 с.
- 9 Рүстемов С. Қазақтар мен Ресей империясындағы өзге түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалыстағы өзара байланыстары. // Отан тарихы. – 2005. – №1. – 61-74 б.
- 10 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 1893-іс.
- 11 РФММ. 102-к., 240-т., 74(1)-іс.
- 12 Иттифакнинг қанунилишдирмаси // Вақыт. – 1907. – 4 ноябрь.
- 13 Ямаева Л.А. Мусульманский либерализм начала XX века как общественно-политическое движение. – Уфа: Гилем, 2002. – 300 с.
- 14 Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы. – Алматы: «Ценные бумаги», 2007. – 357 б.
- 15 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 1116-іс.
- 16 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 1117-іс.
- 17 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 1120-іс.
- 18 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 1174-іс.
- 19 Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.). – Астана: Елорда, 2004. – 216 б.
- 20 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 1228-іс.
- 21 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 1226-іс.
- 22 ӨРОММ. И-1-к., 1-т., 1645-іс.
- 23 РФММ. 102-к., 241-т., 74(ч.84) – іс.
- 24 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 1175-іс.
- 25 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 1260-іс.
- 26 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 2178-іс.
- 27 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 1968-іс.
- 28 Мухаметдинов Р.Ф. Нация и революция (Трансформация национальной идеи в татарском обществе первой трети XX века). – Казань: «Иман», 2000. – 150 с.
- 29 Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 214 б.
- 30 Рүстемов С. Ресей империясындағы азаттық қозғалысы және түркі-мұсылмандық студент жастар // Отан тарихы. – 2005. – №3. – 179-184 б.
- 31 Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М. Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік бомысы). – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.
- 32 ӨРОММ. И-461-к., 1-т., 2263-іс.
- 33 Бутун Русие мәселеларинин сиезди // Йолдыз. – 1917. – 28 июль.
- 34 «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.

ИЕМБЕКОВА М.О.
«Нархоз» университеті

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ: ҰҚШҰ МЕН ШЫҰ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Ұжымдық Қауіпсіздік Шарты Ұйымы (ҰҚШҰ) мен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) қызметтері талданған. Екі Ұйымның осы уақытқа дейін аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі атқарып жатқан шаралары сараланып, олардың қызметтеріне талдау жасалып, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қызметі салыстырылып, қайсысының атқарып жатқан жұмыстарының тиімді екендігін анықтауға талпыныс жасалған. Автор ҰҚШҰ-ның әскери әлеуеті мен мүкіндіктері басым екендігін, ал ШЫҰ-да кейінгі кезде экономикалық ынтымақтастық мәселесі басым болып отырғандығы жайында қорытынды жасаған.

Түйін сөздер. ҰҚШҰ, ШЫҰ, аймақтық қауіпсіздік, Орталық Азия қауіпсіздігі, Қазақстанның қауіпсіздігі.

ПРОБЛЕМЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ОСОБЕННОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОДКБ И ШОС

Аннотация. В статье рассмотрена деятельность ОДКБ и ШОС в обеспечении безопасности в Центральной Азии. Автором проанализированы меры принятые данными организациями в обеспечении региональной безопасности, сделан сравнительный анализ их деятельности, предпринята попытка выявить какая из данных организаций осуществляет наиболее эффективную деятельность в обеспечении региональной безопасности. Сделан вывод о том, что у ОДКБ больше преимуществ в военном потенциале и имеются военные возможности, в то время как ШОС в последние годы больше уделяет внимание на экономическое сотрудничество.

Ключевые слова. ОДКБ, ШОС, региональная безопасность, безопасность Центральной Азии, безопасность Казахстана.

PROBLEMS OF ENSURING SECURITY IN CENTRAL ASIA: SPECIFICS OF CSTO AND SCO ACTIVITIES

Abstract. The article deals with the activities of the CSTO and the SCO in ensuring security in Central Asia. The author analyzes the measures taken by these organizations in ensuring regional security, compares their activities, and attempts to identify which of these organizations performs the most effective activities in ensuring regional security. It is concluded that the CSTO has more advantages in military potential and military capabilities while the SCO in recent years has paid more attention to economic cooperation.

Key words. CSTO, SCO, regional security, security of Central Asia, security of Kazakhstan

Кіріспе

Қазіргі әлемде барлық мемлекеттер үшін де, бүкіл адамзат үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайы бірінші орында тұрған мәселе болып табылатыны сөзсіз. Әсіресе бұрынғы КСРО елдері үшін, оның ішінде бір жағында саяси жағдайы тұрақсыз Ауғанстан, екінші жағында террорлық әрекеттер мен соғыстардың ортасы болған Таяу Шығыс елдері, үшінші жағында ұйғыр сепаратистерінің қозғалыс қаупі бар Қытай, төртінші жағында территориялық даулары бар Кавказ елдері, солтүстігінде түртіп қалсаң сепаратистік қозғалыстар туып қалу қаупі бар Ресей орналасқан Орталық Азия аймағы үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібіндегі бірінші орында тұрғаны анық.

Одан бөлек жахандық деңгейге көтерілген қауіптердің легі өз алдына. Қазіргі кезде халықаралық терроризм, сепаратизм және экстремизм мәселелері жаппай көрініс алып отыр. Әсіресе аймаққа іргелес орналасқан Таяу Шығыс аймағындағы болып жатқан төңкерістер, соғыстар, террористік әрекеттер толас таппай отырған жағдайда аймақ елдерінің бір емес, бірнеше ұйымдарға мүше болып отырғаны түсінікті. Сонымен бірге әлемде толастамай отырған есірткі сату, заңсыз көш-қон легі, заңсыз қару сату, қылмыстық топтардың әрекеттері де үлкен қауіп екені айтпаса да түсінікті.

Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңыздылығын Елбасы Н.Назарбаев өзінің халыққа ұсынған «Қазақстан-2050» ұлттық стратегиясында былай деп баса көрсеткен болатын: «Екіншіден, аймақтық

қауіпсіздік бойынша жауапкершілікті ұғынудың маңыздылығы және Орталық Азиядағы тұрақтылыққа өз септігін тигізу, аймақтағы шиеленісті жағдайлардың алғы шарттарын жоюға көмектесу» [1].

Осыған байланысты Орталық Азия және ТМД кеңістігіндегі мемлекеттер өз елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аймақта бірқатар ұйымдар құрып, соның аясында бірлесе отырып осындай қауіптерге қарсы ұжымдық негізде бірлесе қарсы тұруды мақсат етуі орынды.

Орталық Азия мемлекеттері мен ТМД елдері ең алдымен 1992 жылы Ұжымдық қауіпсіздік Шарты Ұйымын (ҰҚШҰ) құра отырып бірікті. Одан соң Қытайдың ұсынысымен аймақ елдері алғашында 1996 жылы «Шанхай бестігі» деп, кейін 2001 жылы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы деп аталған ұйымға бірікті. Кейін Қазақстанның президенті Н.Назарбаевтың Ұсынысымен Азиядағы өзара көмек және сенім Кеңесі (АӨСШК) құрылды. Сонымен қатар аймақ елдері Еуропаның қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) да мүше болды.

Осының бәрі қазіргі кезде қауіпсіздік мәселесінің барлық мемлекеттер үшін ең басты жағдай екенін көрсетеді және қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұлттық мемлекеттердің сыртқы және ішкі саясаттағы көздеген басты мақсаты екенін де аңғартады.

Осы ретте қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мақсат етіп құрылған аймақтық, халықаралық ұйымдардың атқарып жатқан қызметтері мен оған мүше мемлекеттердің әрекеттері қаншалықты тиімді және мүше мемлекеттердің көздеген мақсаттары орындалып жатыр ма деген сұрақ туады. Осыған байланысты аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп отырған ұйымдардың жұмыстарын, қызметтерін талдап, саралап, олардың қызметтерінің бірін бірі қайталай ма, жоқ па соны анықтап, қажетті қорытындылар мен ұсыныстар жасау бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігі сөзсіз.

Осыдан келіп құрылған кезде батыс елдері НАТО-ға қарсы құрылды деп сескенген ШЫҰ мен ТМД елдерінің қауіпсіздігін көздеген ҰҚШҰ-ның қызметтері мен атқарып жатқан шараларын талдай отырып, осы екі ұйымның бірін-бірі қайталамай, қаншалықты тиімді қызмет жасап отырғанын анықтау халықаралық қатынастар мамандары үшін өзекті, әрі қажетті шара екендігі анық. Сонымен бірге екі ұйымның қазіргі кезге дейін атқарып келген қызметтерін талдай отырып, олардың жұмыстарын үйлестіріп, ортақ мақсат, міндеттерді бірігіп атқару үшін бағыт, бағдар беретін ұтымды ұсыныстар айтудың қажеттілігі де орынды.

Тақырыптың өзекті болатын себебінің тағы бір көрінісі екі Ұйымға да еліміз Қазақстан мүше болып отырғандығы, мүше болып қана емес сол ұйымдар шеңберінде белсенді саясат жүргізіп отыруы да бұл ұйымдардың біздің еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өсіп-өркендеуіне қажетті аймақтық бірлестіктер екенін көрсетеді.

Тәуелсіздігін алған алғашқы жылдарда өз территориясындағы ядролық қарудан бас тарта отырып, Қазақстан бұдан былайғы жерде еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде белсенді саясат жүргізіп келеді. Осы әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі де ескеріліп, БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақсыз мүшелігіне сайланып отырғанымыз да осындай батыл саясаттың арқасы. Сондықтан Қазақстан үшін қазіргі әлемдегі жахандық қауіптерден елді, аймақты қорғау, сол үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етуді мақсат еткен ұйымдарға мүше болу басты мақсат.

Осы тұрғыдан алғанда ШЫҰ мен ҰҚШҰ-ға мүше бола отырған Қазақстан үшін екі Ұйымның қандай пайдасы бар, осы уақытқа дейін қандай көмегін тигізді деген сұрақтар да өзекті екендігі сөзсіз. Сондықтан зерттеу жұмысында осы сұрақтарға жауап ізделінеді.

Негізінен анықтап алып қарасақ екі ұйымның бір-біріне ұқсастықтары көп. Екі ұйымның да құрамына мүше болып бірыңғай мемлекеттер кіреді, яғни Қазақстан, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан екі ұйымға да мүше. Екіншіден екі ұйымның да мақсаттары аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, атап айтқанда терроризммен, діни және саяси экстремизммен күрес, есірткі сатуға және заңсыз миграцияға қарсы тұру т.б. сондықтан екі ұйымның мақсат, міндеттерін бөле қарастыру мәселесінде біраз ерекшеліктер бар екендігін аңғаруға болады.

Бұлардың арасындағы айырмашылықтардың біріншісі ҰҚШҰ-да негізгі рөлді Ресей және оның әскери күштері атқарса, ШЫҰ-да кейінгі кезде Қытай және оның экономикалық мүддесі басты орынға шықты десе болады. Дегенмен, Ресей осы мәселеде өзінің бастапқы ұстанымында қалып отырғанының өзі екі белді державаның арасында бірқатар түсінбеушілікке алып келуі мүмкін. Өзінің ШЫҰ экономикалық мақсатта пайдаланғысы келетін ниетін білдірсе де, кейінгі кезде Қытай әскери потенциалы мен әскерлерінің дайындығы жағынан Ресейге пара-пар келетінін көрсетіп жүр. ШЫҰ-ның аясында Өңірлік антитеррорлық құрылымның (ӨАТҚ) құрылуының өзі Қытайдың әлі де болса зұлымдықтың үш түріне ұйым аясында қарсылық жасау мүмкіндігін қадағалайтынын көрсетеді.

Сонымен бірге екі ұйымның бір-бірінен ерекшелігі құрамына байланысты екенін атап өтуге болады. Бұл екі ұйымның құрамына келсек ШЫҰ-да Орталық Азия елдері Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан басқа еуразия кеңістігінде беделді державалар Ресейдің және азиялық Қытайдың мүше болуымен ерекшеленеді, ал ҰҚШҰ-ға тек қана ТМД кеңістігі елдері Ресей, Қазақстан, Қырғызстан,

Тәжікстан, Армения және Беларусь кіреді. Осының өзі екі ұйымның қауіпсіздікті қамтамасыз ету кеңістігінің бір бірінен алшақ болуын да, жақын болуын да көрсетеді. Себебі екі ұйымның да құрамында тұрақты мүше болып отырған Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдері үшін еуразия кеңістігіндегі қауіпсіздікті сақтау бірінші кезектегі мәселе. Бұл елдердің экономикалық, әскери-саяси дамуында алшақтық болғанмен, бәрінің көздеген мақсаты аймақтағы қауіптің алдын алу, қауіптерге қарсы бірігіп күресу. Осыған байланысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі екі ұйымның да күн тәртібінде тұратыны анық. Мұнда аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне толық қатыспауы мүмкін мемлекет Қытай.

Екінші жағынан алсақ, екі ұйым да қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылған бірлестіктер. Осы кезеңге дейінгі екі ұйымның қызметтерін талдай отырып, екі ұйымның да қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінен түспегенін көруге болады. Алайда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қаншалықты үлес қосып отырғандығы екі ұйымның да шынайы табиғатын анықтауға мүмкіндік берері сөзсіз.

Зерттеп қарасақ екі ұйымның да мақсаты мүше мемлекеттердің қауіпсіздігін қорғау. ҰҚШҰ осы мақсатты нақты ұстап келеді және оның қызметінде мүше мемлекеттердің қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери жағынан ынтымақтаса әрекет ету жағы басым түр. Ал ШЫҰ алып қарасақ, қазіргі кезде оның аясындағы ынтымақтастық бастапқы кезде көзделген қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қоса, анағұрлым экономикалық және тіпті мәдени-гуманитарлық салада ынтымақтасу жағы басым рөл атқарып келе жатқандығын көруге болады. ҰҚШҰ-ға Өзбекстанның бір кіріп бір шығуы да осыған байланысты. Кезінде Өзбекстанның Президенті И.Каримов екі ұйымның да қызметінің ұқсастығын айта отырып, өз мемлекетінің мүддесі бірдей екі ұйымға мүше бола алмайтындығын алға тартқан болатын. Дегенмен, ШЫҰ-на белді державалардың бірі Қытайдың мүше болуы және әсіресе Қытайдың бұл ұйым аясында экономикалық қатынастарды өркендетуге ұмтылуы, ұйымның қазіргі қызметінің ҰҚШҰ-дан айырмашылығы бар екенін көрсетеді.

Екі ұйым да аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздегенмен, шын мәнінде өз қызметтерін осы бағытта жүзеге асыруда төтенше оқиғаларға тез, әрі шұғыл араласпауында болып отыр. Оны 2010 жылы көктем-жаз айларында Қырғызстандағы революциялық оқиғалардан көруге болады. Қырғызстанда төңкеріс басталғанда елдің көмек сұрағанына қарамастан екі ұйымда да ондай әрекеттерге бармады. Олар өздерінің бұл ұстанымдарын бұл оқиға Қырғызстанның өзінің ішкі жағдайы, ал ұйым құқықтық тұрғыда елдің ішкі істеріне араласа алмайды деп түсіндірді. Шын мәнінде ШЫҰ 2010 жылы 10-11 маусым аралығында Ташкентте өткізген саммитінде осы оқиғаға байланысты мынадай шешім қабылдаған еді: «Қырғызстан Республикасындағы оқиғаларға байланысты мүше мемлекеттер елдің егемендігін, тәуелсіздігін және территориялық тұтастығын қуаттайды. Олар егеменді мемлекеттердің ішкі істеріне араласуға қарсы, сонымен бірге аймақта қандай да бір шиеленісті жағдай тудыратын әрекеттерге де қарсы, кез-келген шиеленісті саяси-дипломатиялық жолмен өзара диалог және келіссөздер арқылы шешуді қолдайды»[2].

2005 жылы ҰҚШҰ Қырғызстанда болған осындай оқиғаларды басуға әзір болып, өзінің көмегін ұсынғанда сол кездегі елдің президенті А.Ақаев мұндай көмектен бас тартқан болатын. ҰҚШҰ-ның шарты бойынша Ұйым тек сол елдің өтінішімен ғана ішкі қақтығыстарды басуға, реттеуге араласа алады. Себебі ҰҚШҰ негізінен аймаққа сырттан төнетін қауіп қатерлерді болдырмауға, алдын алуға, қауіпті жағдай туа қалған жағдайда оны тоқтатуға міндетті. Ал 2010 жылғы Қырғызстандағы оқиғаларға ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер 8-мамырда Мәскеуде өткен ресми емес саммитте Декларация қабылдап, елге техникалық және гуманитарлық көмек көрсетуге ғана шешім қабылдағаны белгілі.

Дегенмен Қырғызстандағы оқиғалар ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттерді ойландырып тастады. Қанша дегенмен Ұйым тек қана сыртқы қауіптерге қарсы күресуді белгілегенмен, осындай мүше мемлекеттердің өз ішіндегі дағдарысты жағдайда, көмек сұраған мемлекетке қалай көмектесу керектігін ойластыру керек болды. Өйткені мұндай жағдай әрбір мемлекетте орын алуы мүмкін. Осындай жағдайда бір-біріне көмек берудің механизмін ойластыру керек болды. Осыған байланысты сол 2010 жылы тамыз айында Ереванда мүше мемлекеттердің саммиті өткізіліп, онда болашақта осындай оқиғалар орын алса бірігіп әрекет ету үшін Ұйымның уставтық құжаттарына өзгерістер енгізу туралы келісілді.

Келісім бойынша құжаттарға өзгеріс енгізу мәселесі жан-жақты қарастырылып, 2010 жылы 10-желтоқсанда Ұйымның Мәскеуде өткізілген сессиясында Ұжымдық қауіпсіздік туралы Шартқа және Ұйымның Жарғысына өзгерістер енгізілді. ҰҚШҰ-ның Шартының 8-тарауына енгізілген өзгерістер бойынша «мүше мемлекеттердің қауіпсіздігіне, территориялық тұтастығына, тұрақтылығына және егеменділігіне төнген қауіптерге қарсы Ұйымның шеңберінде арнайы дағдарысты жағдайларды реттеуге қатысатын жүйені құру шараларын жүзеге асырады» деп белгіленген. Осыдан келіп бұдан былай ҰҚШҰ тек қана сыртқы қауіптерге ғана емес, ішкі қауіптерді реттеу мәселесіне араласа алатындығы түсінікті болды [3].

Осының өзі ШЫҰ-на қарағанда ҰҚШҰ-ның қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мүмкіндігі анағұрлым жоғары екенін аңғаруға болады.

ШЫҰ мүше мемлекеттер арасында «Бейбіт миссия» атты антитеррорлық жаттығуды үнемі өткізілгенімен, 2009 жылғы саммитте ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бойынша нақты жоспар қабылдап, бұл істі қолға алғанмен, шын мәнінде бақылап қарасақ, ұйымның қызметі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытынан бүгінгі күні жалпы саяси, экономикалық, тіпті гуманитарлық салаларды дамытуға басымдық беріп отырғанын көреміз.

Осыған қарағанда өзінің қызметін жаңа қауіп-қатерлерді болдырмау, алдын алу мәселесіне бағыттап жатқан ҰҚШҰ-ның қызметі ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді нақты жүзеге асыруда алда болатыны анық.

Ресей және Орталық Азия елдері шын мәнінде Қытай қатысып отырғандықтан ШЫҰ-ның роліне басымдық берсе де, қауіпсіздік саласындағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту ҰҚШҰ-ның қызметіне шоғырланғанын көруге болады. ШЫҰ аясында мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы көбіне ақпарат алмасу, жалпы ұстанымдарын келісумен шектелсе, ҰҚШҰ-ның аясында бірлескен операциялар жүзеге асырылып, ұжымдық әскери күштер тұрақты жұмыс жасауымен ұйымның әскери, саяси саладағы маңызы ерекшеленеді десе болады. Осының өзі ҰҚШҰ-ны посткеңестік кеңістікте қауіпсіздікті нақты қамтамасыз ете алатын ұйымға айналдырып отырғаны сөзсіз.

Конечно же, были и другие причины, побуждавшие казахов принимать новую веру, к примеру, кто-то хотел этим способом избежать наказания за содеянный в степи проступок или такие, "которые, похитив чужую жену, надеялись, что с принятием новой веры, права первого мужа на его" жену" прекратятся" [11, 12 об.-13].

Естественно, ждать от них добросовестного почитания христианской религии не приходилось. Об этом свидетельствуют записки известного миссионера, основателя "Киргизской миссии" священника Филарета Синьковского: "...после же крещения при наблюдении за жизнью новокрещенного, приходится видеть в нем крайнее равнодушие к воспринятой им вере и вследствие этого не охоту в усвоению им христианского вероучения..." [12, 2]. Были, кстати и такие случаи, когда новокрещенные казахи, находясь на "внутренней стороне", поступали на должность муллы [13, 9-10].

Поэтому- то и "Временное положение об управлении в степных областях оренбургского и западносибирского генерал-губернаторств" от 21 октября 1868 года не содержало в себе каких-либо положений, закрепляющих собой какие-то определенные достижения в области христианизаторской миссии. К примеру, согласно п.247 "Положения..." киргизам, принявшим христианство, дозволяется или оставаться в своих обществах, или прикочевывать к русским селениям в степи, с сохранением предоставленных киргизам прав". Конечно, как и раньше, крещенные казахи оставаться в своих обществах не могли и им, также как и раньше, не оставалось ничего другого как прикочевывать к русским селениям Тобольской и Томской губерний. Новокрещенцы, как и раньше, «если пожелают, могут приписываться к городским и сельским обществам всех наименований, не испрашивая на то предварительного согласия означенных обществ" [14, 451]. Но зато согласно данного "Положения..." был заложен ряд установок, который позволяет уверенно заявлять, что начался процесс игнорирования интересов мусульманского населения, полного свертывания развития и распространения ислама, как на территории казахстанских областей, так и на территории сопредельных российских округов с компактным проживанием казахского населения [14, 458]. То есть мы видим двуединый процесс, когда с одной стороны продолжают создаваться

условия для распространения христианства на фоне наступательной акции царизма на позиции ислама. Эти новые веяния можно объяснить тем, что в условиях 40-70-х годов XIX века социально-политическая ситуация в Казахстане резко изменилась: царизм начал проводить открытую захватническую политику после подавления серии национально-освободительных восстаний казахов и смещения от власти чингизидов.

Таким образом, на протяжении второй половины XVIII-начала XIX веков царизм не проводил активную работу по христианизации казахов, даже, наоборот: с целью привлечения степняков на свою сторону ему пришлось даже заниматься внедрением ислама. Некоторый отход от этой политики уже заметен уже с начала с 20-х годов XIX века, когда постепенно изменяющаяся в пользу царизма социально-политическая ситуация позволяет царскому правительству несколько активизировать работу по привлечению казахского населения в христианскую веру, правда, ненасильственными мерами. Активизация перехода казахов в православную веру особенно происходит в 40-60-х годах XIX века и связываем мы этот процесс с проводимой царизмом политики насильственного выселения казахов из внутренних российских округов, когда переход в православие был одним из главных способов избежать этой высылки. Но проследить точное количество крещенных казахов применительно к изучаемому времени представляет определенную трудность: во-первых, были случаи "совращения" из православия; во-вторых, смена фамилии, имен, сословия и распыленность их среди крестьянских и мещанских обществ приводит их к слиянию с русским православным населением на территории Тобольской и Томской губерний.

Христианизация степных казахов получает новый импульс с 1881 года, когда указом Синода было разрешено открытие киргизской миссии на основе Алтайской духовной миссии, занимавшейся христианизацией калмыков Бийском округе Томской губернии. Вот как описывает состояние религиозной жизни в казахской степи к моменту открытия новой миссии священник Ефрем Елисеев в своей работе "Записки миссионера Буковского стана Киргизской миссии за 1892 - 1899 гг.": "...в 1881 году, когда еще магометанство, как черная туча, сплошь покрывало киргизскую степь, а выходцы из Казани-татары, бухарские сарты, персияне и арабы, как хищные коршуны, терзали степных киргиз и злоупотребляли их религиозным чувством, на далекой окраине русского государства, в соседней с Китаем Семипалатинской области, указом Святейшего Синода, была открыта противомусульманская Киргизская духовная миссия" [15, 3].

Одним из первых миссионеров Киргизской миссии был упомянутый нами Филарет Синьковский, имевший к началу своей деятельности среди казахов большой опыт по христианизации алтайских калмыков [15, 3].

Киргизская миссия, действовавшая под эгидой Томской епархии, должна была заниматься христианизацией казахов, причисленных к Семипалатинской области [16, 2-3]. Первоначальным местом пребывания новой миссии был определен город Усть-Каменогорск, некогда относившийся к территории Томской губернии. Создание киргизской миссии на приграничной территории с Томской губернией, а не Тобольской было неслучайным: на территории первой численность казахского населения было в 3 раза больше чем на второй [17, 6]. Последнее обстоятельство объясняется тем, что Семипалатинская область на протяжении всего XIX века выделяла рекордное число джатаков и отходников, из которых пополнялось число крещеных казахов [18, 40].

Вот как дает описательное сравнение христианизаторской деятельности среди калмыков и казахов упомянутый нами Филарет Синьковский: "...там, на Алтае, на первых же порах, я увидел поле, частью уже вполне обработанное, а частью, обрабатываемое ревностными и самоотверженными тружениками благовестия Христова. Здесь же открылось предо мною обширнейшее поле, полное "тернии и волчцев", поле, на которое стопа христианского вероисповедника не ступала и которого апостольское рало не касалось... Там - для ознакомления с религиозною жизнью алтайцев, а равно в разных случаях первоначальной своей деятельности, я находил пособие в среде, как русских, так и крещеных инородцев. Здесь же я в начале встретил или полное незнание русскими киргизских верований, или же религиозный их индифферентизм, который крайне удивил меня, в особенности, во время моих поездок по казачьим поселкам Иртышской линии, а также вверх по рр. Бухтарме и Нарыму..." [19, 250].

Фактическое начало деятельности Киргизской миссии, когда реально началось крещение казахов этой организацией, принято считать 13 февраля 1883 года, когда в Усть-Каменогорской крепости был крещен некий казах по имени Елембай, нареченный новым именем Иоанн. По словам основателя этой миссии, этот новокрещенец с детства жил среди русских в селе Красноярском и известен был под именем Иван, так что большого труда привести его в лоно новой религии не стоило [19, 252].

В марте 1883 года центр Киргизской миссии был переведен из Усть-Каменогорска в Семипалатинск. Это решение было вызвано, видимо, теми соображениями, что Семипалатинск был в это время одним из крупнейших центров культурной, экономической и политической жизни всего Восточного

Казахстана, к тому же - областным центром [20]. Но ввиду некоторого противодействия со стороны губернатора области необходимо было искать новое место для Киргизской миссии. Основателю миссии пришлось совершить поездки по казачьим поселениям, расположенным по течению рек Нарыма, Бухтармы и Иртыша посредством расспросов и личных наблюдений подыскать место, удобное для стана Киргизской миссии, пока не был выбран казачий поселок Буконь. Данное место привлекло Филарета Синьковского тем, что буконьские казаки отличались "широким гостеприимством, почтительностью, необыкновенным трудолюбием... и усердием к посещению храма Божьего..." [19, 256]. Здесь нельзя не упомянуть активную помощь генерала Колпаковского Г.А.: "...Я оказал миссионеру (Ф.Синьковскому-З.К.) всякое содействие, какое было только в моей власти: выдал всем киргизам, принявшим православие, денежное пособие и подарки, затем приказал отвести вблизи поселка Буконского участок земли в 600 десятин, дабы ново крещенные могли там поселиться и заняться хлебопашеством, и, наконец, предоставил в распоряжение миссионера несколько земледельческих орудий для распространения между ново крещенными"[19, 293-294].

При проведении христианизации миссионеры сделали ставку на то, что, во-первых, казахи " все еще те же полу язычники и полу магометане, во-вторых, муллы у казахов "в большинстве, малограмотно, весьма не сильно в магометанском вероучении и, известное при этом своим крайним сребролюбием и вымогательством, не пользуются в народе полным авторитетом, а потому и не в силах нафантазировать свою кочевую паству", в-третьих, миссионеры брали в расчет и то обстоятельство, что казахи отличаются доверчивым отношением к русским, восприимчивостью к цивилизации, природной особенностью к изучению русского языка [19, 257].

Кроме того, миссионеры небезосновательно надеялись на помощь гражданской администрации[19,257]. К примеру, заметную поддержку Киргизской миссии оказывал генерал-губернатор Западной Сибири Казнаков, отмечавший в одном из своих отчетов по Западной Сибири в 1887 году:"...древние основные быта киргизов подверглись значительной ломке под влиянием Временного Положения (1868 года-З.К.) "Об управлении степными областями"...потеряв опоры в народных обычаях-законах, они стали искать опоры в религии. При таких обстоятельствах я пришел к убеждению, что настала пора для православной церкви воспользоваться благоприятным моментом и выступить с открытой проповедью православия там, где идет тайная пропаганда вероучения Магомета..." [21, 42-43].

Для лучшего обучения православной вере молодых казахов, изъявивших желание принять христианство, отправляли в миссионерские станы, где они изучали русский язык, грамоту и основы новой веры [11,218]. Казахи, принявшие православие, оставаться в степи не могли, там существовала реальная угроза физического насилия, всевозможных насмешек, издевательств со стороны своих соплеменников [23,13-14]. К тому же нельзя забывать, что сами христианские миссионеры не разрешали крещеным казахам даже временно отлучаться в степь из-за существования опасности " совращения из православия" [24, 26], также как и не могли за каждым из них посылать православного священнослужителя. Царизму приходилось либо раскидывать их по одному - по два по крестьянским и казачьим поселениям, либо образовывать для них особые поселения. Многие крещенные казахи выбирали второй вариант, так переселение в казачье или крестьянское поселения зачастую означало переход в услужение к казачье-крестьянскому населению [25, 103]. А казахи, как мы уже отмечали выше, переменяв веру, хотели изменить и свой социальный статус, требуя от крестьян и казаков уважительного к себе отношения [26,4], чего нелегко было им достичь [27, 16].

Из населенных пунктов, где компактно проживали крещенные казахи-выходцы из Семипалатинской области, можно назвать переселенческие поселки Тюдралы и Черный Ануй Сарасинской инородной управы Бийского уезда Томской губернии, где, к примеру, в 1910 году было сосредоточено более 50 крещеных казахских семейств [28, 37].

А образование Сарасинской инородной управы, где большинство составляли крещенные казахи, калмыки, тайцы, имело свою историю. В начале XIX века, в голодные годы джута казахи Семипалатинской области (тогда еще будущей - З.К.) выезжали из степной стороны Иртыша в русские селения с целью найма на работу к крестьянам разных волостей Алтайского края, в частности сел Алтайское, Смоленское, деревни Каменки, располагавшихся к северу от калмыцких кочевий. Сжившись с русским населением, часть из них крестилась в селах: Уральское, Алтайское, Красный Яр и т.д. Крестьяне выдавали за них своих дочерей и казахи "понемногу русели", сделавшись оседлым населением. "Ясачной комиссией" часть из них была переведена в оседлое состояние с образованием Сарасинского улуса, а до этого они не принадлежали ни к одному из местных обществ. Тогда же была образована Сарасинская инородная управа и принято решение "стянуть сюда всех казахов", проживающих по крестьянским селениям Томской губернии, для чего казахи переселялись туда зачастую принудительно, без их желания[29, 73]. Сарасинские казахи, приняв

христианскую веру, были вынуждены прекратить всякие связи со своей прежней средой, со степными казахами Семипалатинской области.

Что касается темпов проведения миссионерской деятельности, его результатов, то надо отметить, что они были незначительны. Например, в 1888 году Киргизской миссии удалось крестить всего 9 степняков (5 мужского и 4 женского пола) [30,15]. А в 1888 году крестилось 23 казаха, и этот показатель считался одним из самых рекордных за все 80-ые годы XIX века [16, 2-3]. Эти результаты, хотя и не очень значительные, можно было бы отнести к относительно успешной деятельности миссионеров, если бы не существовало обратного оттока. Новокрещенцы, решив свои "проблемы" на внутренней стороне, часто убегали от православных священников не только одиночками, но и парами: например, только в 1887 году из миссионерского стана Буконь убежали 4 пары(!) молодых крещеных казахов [26,8].

Не лишним будет заметить, что такая же ситуация была и по Тобольской Духовной Консistorии, где также были нередки случаи уклонения ново крещеных казахов из лоно православной веры [31, 1-3]. Как заметил один из представителей Киргизской миссии: "... отыскать ново крещенных в необъятной степи, среди сотен тысяч кочевников также трудно, как и трудно найти кошелек со дна моря..." [26, 9]. Тем более что степная казахская волостная администрация, заинтересованная в увеличении численности податного населения своих волостей, охотно принимала "возвращенцев", к тому же из лоно чуждой им христианской религии.

Поэтому не случайно, что и материалы Всероссийской переписи населения 1897 года по Томской губернии показали низкий процент казахов, принявших христианство. Всего здесь было зарегистрировано 1283 крещеных казаха или 5,12 % от общего числа казахского населения губернии. Из них 1070 человек или 4,34 % - православных, а остальные старообрядцы. Большая часть их была зафиксирована в Бийском округе Томской губернии (430 казаха) на территории Сарасинской инородней управы - 367 казаха [32,73-74].

Активной деятельности Киргизской миссии, по мнению миссионеров, препятствовало ряд объективных и субъективных обстоятельств: во-первых, "природный характер" казахов, во-вторых, кочевой образ их жизни, а так же - "их нравы и обычаи, « и распространение и утверждение ислама [19, 259], с чем трудно не согласиться.

Массовую христианизацию казахов в сопредельной с Томской губернией Семипалатинской области, царизму осуществить не удалось и в силу того, что мало было таких казахов, кто из чисто религиозных побуждений искренне принимал православие. Как уже было отмечено нами, большинство из них, принимая новую веру, преследовали личные, в первую очередь, материальные цели. Кроме того, царизм не всегда оказывал им материальную помощь для улучшения их быта и хозяйства [26, 11]. К тому же между носителями православной веры - крестьянами, казаками с одной стороны и крещеными казаками с другой - существовал некоторый «антагонизм» [32, 16], что не могло способствовать увеличению числа казахо-сторонников христианства.

Кстати, деятельность христианских миссионеров вызывала протест казахского населения. К примеру, в 1907 году при степном генерал-губернаторе было созвано совещание, где обсуждались наиболее животрепещущие проблемы, среди которых была поднята казахами проблема прекращения деятельности православных миссионеров. Кроме того, казахи просили свободный переход православных казахов обратно в лоно ислама. И поставить зависимость переходящих в христианство казахов только лишь по общественным приговорам. На что царизм, конечно, идти никак не мог [33, 4].

Таким образом, до середины XIX царизм проводил достаточно умеренную политику в религиозной сфере, нередко иницируя распространение даже ислама, руководствуясь своими геополитическими интересами. Тогда вопрос насаждения среди степняков христианской верой остро не стоял. Но к середине XIX века царизм начал проводить достаточно активную политику по христианизации казахов на территории Тобольской губернии и в особенности - Томской губернии. Большая часть крещеных казахов была сосредоточена на территории сопредельной с казахской степью Томской губернии. Более организованный характер этому процессу должно было придать создание на базе Алтайской миссии Киргизской миссии (1881 год), в задачу которой входила христианизация казахов, приписанных к Семипалатинской области. Но в силу ряда объективных и субъективных причин этому плану не было суждено осуществиться и поэтому большая часть казахского населения Тобольской и Томской губерний на всем протяжении нового времени продолжали исповедовать ислам.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И ИСТОЧНИКОВ

1. Тилеке Женис. Шежире:Ертис-Баянауыл онири. Т.1.Павлодар,1995.
2. Оренбургская Епархия в прошлом и настоящем.Исследование Николая Чернавского.Выпуск 2.// Труды Оренбургской ученой архивной комиссии.Оренбург,1903.- с.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких, орд и

- степей. Алматы, 1996.
4. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии (последняя четверть XVIII- 60-е годы XIX в.). - Москва, 1980. - с. 161.
 5. ЦГА РК, ф. 345, оп. 1, д. д. 1889, 1890, 1924, 1966, 1972, 1973, 1975, 1979, 1980-1981, 1982, 2010, 2011, 2017, 2018, 2020, 2019, 2021, 2022, 2033, 2034, 2035, 2057, 2283, 2284, 2409, 2416; ЦГА РК, ф. 374, оп. 1, д. д. 69, 92, 96, 639, 1405, 1560, 1562, 1840, 1974, 4214, 4473, 4474, 4515, 4563, 4989, 5015, 5092, 5199 и т. д.,
 6. ЦГА РК, ф. 345, оп. 1, д. 1889.
 7. ГААК РФ, ф. 2, оп. 1, д. 12.
 8. Завалишин И. Описание Западной Сибири. Т. 3. Сибирско-киргизская степь. Москва, 1867.
 9. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. - Оренбург, 1898. - 532 с.
 10. Русские миссии на окраинах. Историко-этнографический очерк протоиерея И. Беляева. - Спб., 1903.
 11. ЦГА РК. Ф. 345, оп. 1, д. 2416.
 12. Томские Епархивальные ведомости. Отдел неофициальный. - Томск, 1888. - N 11.
 13. ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 5380.
 14. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. Т. 1. с. 257-524 // Известия Оренбургского Отдела Императорского Русского Географического общества. Выпуск И. 17. - Тверь, 1902.
 15. Елисеев Е. Записки миссионера Буконского стана Киргизской миссии за 1892-1899 гг. - Спб., 1900. - 187 с.
 16. Томские Епархивальные ведомости. Отдел неофициальный. - Томск, 1889. - N 6.
 17. Патканов С. Статистические данные, показывающие племенной состав населения Сибири, язык и роды инородцев. - Спб., 1912.
 18. Касымбаев Ж.К. Развитие джатачества как следствие социальной дифференциации аула в 19-н. 20 вв. // Известия АН Республики Казахстан. Алма-Ата, 1992.
 19. Русские миссии на окраинах. Историко-этнографический очерк протоиерея И. Беляева. - Спб., 1903.
 20. Касымбаев Ж.К. История города Семипалатинска (1718 - 1917). - Алматы, 1998. - 276 с.
 21. ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 436.
 22. Азиатская Россия. - Спб., 1914. - Т. 18.
 23. Отчет об Алтайской и Киргизской миссиях Томской Епархии за 1886 год. - Бийск, 1887.
 24. Ельницкий К. Инородцы Сибири и среднеазиатских владений России. Этнографические очерки. - Спб., 1895.
 25. ЦГА РК. Ф. 345, оп. 1, д. 2416.
 26. Томские Епархивальные ведомости. Отдел неофициальный. - Томск, 1888. - N 11.
 27. ГААК, ф. 4, оп. 1, д. 3330.
 28. Штейнфельд В. Бийский уезд Томской губернии. Топографический, экономический и этнографический очерк уезда. - Бийск, 1910.
 29. Горный Алтай и его население. Т. 3. Вып. 2. Оседлые инородцы Бийского уезда. - Барнаул, 1902. -
 30. Томские Епархивальные ведомости. Отдел неофициальный. - Томск, 1887. - N 10.
 31. ГАОО РФ, ф. 3, оп. 10, д. 16318.
 32. ГААК, ф. 3, оп. 1, д. 516.
 33. Патканов С. О приросте инородческого населения Сибири. - Спб., 1911.

УДК 930.001.83

Н.Қ. КАТТАБЕКОВА

Қ. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ШИГАБУТДИН МАРЖАНИ: КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕР ӘРІ ТАРИХШЫ-ҒАЛЫМ

Аннотация. Мақалада татар халқының XIX ғасырдағы көрнекті тарихшы-ғалымы және ағартушысы Шигабутдин Маржанидің өмір жолы және оның түркі халықтары тарихын зерттеуге қосқан үлесі қарастырылады. Мақала орыс, татар және қазақ тілінде жарық көрген еңбектердің міліметтері негізінде жазылды. Сонымен қатар дерек көзі ретінде Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағатындағы қор құжаттары пайдаланылды.

Түйін сөздер. Түркі халықтары, тарих, татарлар, қазақтар, методология, медивистика

Н.К. КАТТАБЕКОВА

Международный казахско-турецкий университет им. К.А. Яссауи

ШИГАБУТДИН МАРЖАНИ: ВЫДАЮЩИЙСЯ ДЕЯТЕЛЬ И УЧЕНЫЙ-ИСТОРИК

Аңдатпа. В статье рассматриваются жизненный путь выдающегося татарского историка, просветителя и философа XIX века Шигабутдина Маржани и его деятельность по разработке истории истории тюркских народов. В качестве источника использованы материалы фонда Центрального государственного архива Республики Казахстан, а также литературы на русском, татарском и казахском языке.

Ключевые слова. Тюркские народы, история, татары, казахи, методология, медивистика

N.K. KATTABEKOVA

Kazakh-Turkish international University. K. A. Yassawi

SHIGABUTDIN MARGHANI: OUTSTANDING ACTIVITY AND SCIENTIST-HISTORIAN

Abstract. The article examines the life path of the outstanding Tatar historian, educator and philosopher of the 19th century Shigabutdin Marzhani and his work on the development of the history of the history of the Turkic peoples. As a source, materials from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, as well as literature in Russian, Tatar and Kazakh were used.

Keywords. Turkic peoples, history, Tatars, Kazakhs, methodology, medical science

Кіріспе

Тарихтың мәні мен міндеті мәселелерін зерттеген неміс халқының көрнекті философы, экзистенциализмнің бірегей өкілі Карл Ясперс адамзат тарихының басым бөлігі жадымызда сақталмағанын, оны тек зерттеушілердің ізденістері ғана белгілі дәрежеде қалпына келтіре алатындығын атап көрсеткен-ді [1, с. 28]. Дегенмен, тарихты түрліше ұғынуға немесе әрқилы түсіндіруге болатыны белгілі. Бұл мәселеге өткен дәуірлерде қоғамдық үдердісті зерттеушілер назар аударды, сөйтіп, тарихи танымның ерекшелігін арнайы түрде қарастырумен айналысатын тарих философиясы пәнінің қалыптасып, дамуына серпін берді [2, с.3]. Мұндай зерттеушілердің қатарында ағартушы-ғалым, діни қайраткер, өз соңында мол ғылыми мұра қалдырған тарихшы Шигабутдин (Шихаб ад-Дин) Маржани (1818-1889) есімін де ерекше атауға болады. Татар халқынан шыққан осы ғұламаға кезінде қазақтың әйгілі ғалымы А. Машанов (Машани) өзінің «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде былайша жоғары баға берген еді: «Маржани татар халқының, сонымен байланысты бұлғар халқының, қала берді барлық Орта Азия мен Қазақстан халқының тарихына негіз қалаған адам» [3, 83-б.].

Патшалық Ресейдің империядағы түркі-мұсылман халықтары қоныстанған өңірлерде отарлық саясатын қарқынды түрде жүргізіп, жергілікті халықтардың ұлттық санасын тұмшалау, оларды орыстандыру, шоқындыру бағытындағы іс-шараларын жүзеге асырып жатқан кезде ғұмыр кешкен Ш. Маржани Бұхара қаласынағы «Мір араб» медресесінде білім алған еді [4, с.42]. Ол Бұқарада оқып жүрген кезінде араб, парсы тілдерін терең меңгеріп, Хусаин ибн Мұхаммед әл-Карғали және Низамутдин әл-Илхам секілді оқымыстылардың ықпалымен ортағасырлық араб, парсы тілдерінде жазылған тарихи шығармаларды

оқуға ден қойған болатын. Бұқарадан оралғаннан кейін Қазандағы мешітте имам әрі сондағы татар мұғалімдерін даярлайтын оқу орнында оқытушы болып қызмет ете жүріп, Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамының мүшесі ретінде оның жұмысына қызу атсалысып, дінтану, философия саласына, сондай-ақ тарихқа қатысты еңбектер жазуды қолға алып, мұсылмандық Шығыстың белгілі ғылыми мектептерінің дәстүрін жалғастырып, 30 томнан астам еңбекті дүниеге әкелді. Олардың қатарында сол тұстағы Ресей империясының қол астында болған түркі-мұсылман халықтарының тарихына тікелей қатысы бар араб тіліндегі «Вафият әл-аслаф вә тахият әл-ахлаф» (Өткен бабалар өмірінен және олардың ұрпақтарға сәлемі) және татар тіліндегі «Мөстәфадел-әхбар фи әхвали Казан вә Бұлғар» (Қазан және Бұлғар туралы пайдаланылған хабарар) атты еңбектерін зиялы қауым өкілдері зор қошеметпен қарсы алды [5, с.34-35]. Ш. Маржанидің еңбектерін жоғары бағалаушылардың қатарында қазақ зиялылары да болды. Мәселен, 1915 жылы, яғни Ш. Маржанидің 100 жылдық мерейтойының аталып өтуі әзірленіп жатқан шақта қазақтың белгілі қайраткері М. Сералин «Айқап» журналында «Маржани» деген атпен мақала жариялап, онда: «Бұл кісі мұсылман дүниәсының басы айналып жатқанда дүниәге шығып, ол заманда жұрттың мұрнына иіс де кірмеген тарих ғылымына көп зейін жұмсаған, әр нәрсеге сақ көзімен назар салған, араб жұртына барып тұрмай, Русие мен Бұхарада жүрген кісі болса да араб тілін ең жүйрік шешендерінен кем білмеген бір жан еді! Жазған кітаптарының арасында «Назарат әл-хак», «Вафият әл-аслаф», «Мөстафадел-әхбар» кітаптары ең машһұрлары еді» [6, 79-б.], – деген еді.

Отарлық билік орындары бодандыққа түскен халықтардың бойында тәуелсіздікте болған кезі туралы жадтың түлеуіне, олардың өзін-өзі билеуінен айырылғанына өкінішпен қарауына жол бермеуді қатаң бақылауға алған тұста [7, 18-п.] түркістандық зиялы қауым өкілдері арасында Түркістан тарихын жазудың қажеттігі жөнінде мәселе көтеріле бастаған еді [8, 178-179- б.]. Оған сол кезде Ш. Маржанидің тек татар халқының ғана емес, Орталық Азия халықтарының да өткен дәуірлердегі тарихына қатысты еңбектерінің жарық көруі өз әсерін тигізбей қоймаған-ды. Ш.Маржани өз еңбектерінде тарихи оқиғаларды баяндаумен ғана шектеліп қалмай, тарихтың қоғамда алатын орны мен рөліне және оны зерттеу әдістеріне қатысты тың пікірлер білдірген еді. Бұл өз кезегінде түркі-мұсылман халықтары арасында өткен тарихқа деген құштарлықты, оны зерттеуге деген талпынысты арттыра түскен болатын.

Мұсылмандық Шығыстың ортағасырлық тарихшылары мен ойшылдарының шығармаларымен терең танысқан Ш. Маржани өзінің еңбектерін жазу барысында оларда тарихтың мәніне байланысты айтылатын ой-пікірлерге ерекше зер салып, мұндай пікірлерді өз тұжырымдарына тірек етіп алды. Оған ортағасырлық араб тарихшысы әрі энциклопедисті Таки ад-Дин әл-Маркизидің тарих ғылымына байланысты айтқан пікірі өз ықпалын тигізбей қалмаған-ды. Ол бұл жайлы былай деп жазған еді: «Тарих ғылымы – ең керемет ғылымның бірі. Оны ойлы, саналы адамдар тәрбиелілік маңызы зор, ізгілікті ғылым деп санайды. ... Заманының лайықты адамдары деп есептелгендердің тарихқа үңілуі, ұлы ойшылдардың тарихқа бас иіп, оған таңдануы бекер емес» [9, с.32].

Ш. Маржани тарихты барлық ғылыми білімнің анасы, аса маңызды құдіретті ғылым деп бағалап, өз замандастарын оған құрметпен қарауға шақырды. Ол тарихтың міндеті өскелең жас ұрпақты адамгершілікке баулу, оларды адамдар арасында болатын жаман қасиеттерден сақтандыру екенін негіздеуге күш салып, жастарды тарихқа өмір мектебі ретінде қарауға үндеп, тарихты қараңғылықтан алып шығатын шыраққа теңеді. Тарихтың тәрбиелілік функциясына баса мән берген Ш. Маржани адамгершілік қасиеттерді арттыру, жетілдіру негізінде қоғамдық прогреске кең жол ашуда өткен дәуірлердегі жағымды құбылыстар мен оқиғалардан ғана емес, жағымсыз жайттардан ла тағылым алу керектігін кеңінен насихаттады [10, с. 112]. Ш. Маржанидің тарихқа деген мұндай көзқарасы бүгінгі таңда тарихтың теориялық-методологиялық мәселелерін зерттеп жүрген ресейлік ғалым Н.И. Басовскаяның «тарих бірінші кезекте, мәңгілік адамгершілік құндылықтарға жету жолындағы жетістіктер мен адасушылықтарды аңғартуы тиіс» [11, с.9] деген пікірімен үйлесімділік табады.

Ғылыми білімді діни білімге қайшы келмейді, діни наным мен ғылым бейбітқатар өмір сүре алады, ғылыми білімді насихаттау арқылы қоғамның дамуына негіз жасалады, ал дін өз кезегінде қоғамның адамгершілік тұрғыда жетілуін қамтамасыз етеді деген пікірде болған Ш. Маржани: «Ғылым ыәм ағартушылықпен шұғылдану, ақыл, біліммен жетілу – салауаттылықтың көрінісі ... Зерек адамдар мен ақыл иелерінің айтуынша, ақиқаты ашық ғылым – ол ең қадірлі сипаттың бірі, ең мақтаулы жетістік. Ғылым үйрену – рақаттың ыәм бақыттың ең жоғары дәрежесі. Пәк Ислам шариғаты ғылым үйренуді ыәм ағартушылықты жетілдіруге үгіттеп, қызықтырады» [12, 41-б.], – деп жазған еді.

Халықты ағарту, білімді әрі жоғары адамгершілік қасиеттегі тұлғаларды тәрбиелеу және өткен дәуірлердегі рухани мұраларды игеру дамудың қайнар көзі деп санаған Ш. Маржани тарихтың қоғамдағы рөлін жоғары бағалады [13, с.136]. Ол тарих ғылымын бірегей теориялық әдіс негізінде жасалған білім жүйесі ретінде қарастырып, тарихшының міндеті әрбір оқиға мен құбылыстың себепт-салдарын зерттеу арқылы шынайылықты түсіндіру деп санайды. Соған орай өз шығармаларында тарихи оқиғаларды тізбектеп

баяндаумен ғана шектелмей, олардың арасындағы өзара байланысты түсіндіруге баса мән берді. Осылайша, Ш. Маржани тарихилық принципке сай тарих сананы жаңғыртуға және өткен дәуірлердегі оқиғалар мен құбылыстар жайлы түсінігіміздің шынайы болуына қызмет етуі тиістігін, белгілі бір проблеманы зерттеуде өткен дәуір мен өз заманының айырмашылығын көре білу керектігін, объектіні қоршаған ортасынан бөліп алмай онымен контексте қарастыру қажеттігін қолдады.

«Тарих сырттай қарағанда, мемлекеттер туралы немесе белгілі бір кәсіппен шұғылданушылар жайында, былайша айтқанда, өткен кезенді баяндайтын мәліметтер жиынтығы іспеттес. Дегенмен, онда өткеннен тәлім алатын үлгі-өнеге жетерлік», – дей отырып, Ш. Маржани тарихтың мәніне үңілу «даналы тұжырым» жасауға алып келеді деп есептеді [14, 88-б.]. Оның мұндағы «даналы тұжырым» дегені қоғамның алдағы кездегі даму жолын тарих аңғарта алады дегенге саятын. Бұл белгілі дәрежеде неміс ғалымы И.Г. Дройзеннің «тарих өткен дәуірлер туралы тура түсінік қалыптастырумен бірге қоғамның ары қарай қандай жолмен жүру керектігіне бағыт бере алады, тарихи зерттеудегі қателік әйтеуір бір қоғамның дамуына кері әсерін тигізбей қоймайды» [15, с.82], деген мазмұндағы пікіріне сәйкес келетін.

Ш. Маржани өз заманында тарихтың қоғамдағы орны мен рөліне және міндеті туралы жаңа идея ұсына білді. Ол тарихты отарлық езгінің тауқыметін тартқан халықтарды бірнеше ғасырлар бойғы ұйқыдан оятудың, елді өркендетудің және халықтың өзін-өзі тануының құралы деп есептеді. Осындай міндетті жүзеге асыратын тарихи еңбекті жазуды өзінің және әріптестерінің парызы деп білді. Мұндай еңбек өткен дәуірлердің мысалдары негізінде ұлттық сана-сезімнің көтерілуіне және адамдарды тәрбиелеуге, отансүйгіштік қасиеттердің артуына қызмет етеді деп санды [14, 89-б.].

Тарихи зерттеулердің басты методологиялық принципі Ш. Маржани үшін оқиғалар мен құбылыстар жайынан мағлұмат беретін фактілерді объективті түрде талдау болып табылады. Ол тарихшының діни немесе саяси көзқарасына орай тарихи шындықты бұрмаламауы тиістігін, бұрмаланған тарихтан алар тағылымның болмайтындығын ескертіп, тарихшыға үлкен талап қойды. Тарихшының өскелең жас ұрпақтың алдында жауапкершілікте екенін, тарихшы атына кір келтірмей халық алдындағы парызын есте сақтауы керектігін ескертеді. Тарихты зерттеу барысында субъективті пікірлерді басшылыққа алып, жіберілген ескі қателіктер мен жаңсақ тұжырымдарды бүркемелеуге болмайтындығын негіздей отырып, мұны зерттеу барысындағы басты ұстаным ретінде ұсынады және тарихи ақиқаттың негізгі өлшемі – адамның ақыл-парасаты деген тұжырымға келеді [16, с. 120].

Ш. Маржани тарихи процесті халықтардың рухани дамуының көрінісі ретінде түсініп, түрлі халықтардың рөліне баға беруде олардың жалпыадамзаттық мәдениетке қосқан үлесін өлшем етіп алады. Қоғамның үдемелі дамуын Ш. Маржани біріші кезекте рухани мәдениеттің, ғылымның, өнердің және діннің дамуымен байланыстырады. Ол мәдениетті қоғамның рухани және саяси дамуының нәтижесі, ақыл-ойдың даму деңгейі деп бағалайды [17, с.9]. Ш. Маржани үшін әлеуметтік прогрестің қозғаушы күші білім болып табылады. Оның пікірінше, қалалардың өсуі, өндіріс күштерінің дамуы білімнің таралуына тікелей тәуелді.

Ш. Маржанидің қоғамға байланысты көзқарасы ортағасырлық араб ғалымы Ибн Халдунның көзқарасымен үйлесімділікте. Ол да Ибн Халдун секілді қоғам мен мемлекет адамдардың арасында ынтымақтастық сезім орнаған кезде қалыптасады деп санайды. Сонымен қатар адамдардың өмір сүруіне қажетті материалдық игілік адамдардың өзара ынтымақтылығы мен бір-біріне көмек көрсету сезімі болған жағдайда жеткілікті болады деп есептейді. Ол мемлекетті таптардан тыс құрылым, мемлекет ортақ мақсатқа сай ұжымдар мен адамдарды біріктіріп, қоғамдық үйлесімділікті қамтамасыз етеді деген пікірде болды.

Тарихтағы тұлғалардың рөлі мәселесіне Ш. Маржани еңбектерінде едәуір көңіл бөлінген. Ш. Маржани тұлғалардың іс-әрекетін дәріптеу тарих ғылымының міндеті болып табылмайды деп атап көрсетеді. Ол тұлғалардың өз соңында қандай мұра, қандай шығарма, ғылыми еңбек қалдырғанын, сондай-ақ адамдарға қаншалықты жақсылық пен қайырымдылық жасағанын немесе зұлымдық істегенін айқындап, олардың әрекеттеріне баға беріп, халыққа жеткізу тарих ғылымының алдында тұрған басты міндеттердің бірі деп есептейді [18, с. 29].

Ортағасырлық араб ғалымдарының, соның ішінде Ибн Халдун дүниетанымының Ш. Маржаниға елеулі дәрежеде ықпалы болғанын қазіргі кездегі зерттеушілер теріске шығармайды. Бірақ Ш. Маржани Ибн Халдун секілді билеушілердің қызметін, халыққа жасаған қызметін, қайырымдылығын барынша дәріптемеді. Сондықтан да ол Ибн Халдунның еңбегіндегі тұлғалар жайлы мәліметтерді ортағасырлық өзге зерттеушілердің шығармаларындағы мағлұматтармен салыстыра талдады.

Деректерге сын көзбен қарау, жазба мәліметтермен қатар заттай дәлелдерді ғылыми айналымға тарту, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды баяндайтын жазба мәтіндер мен ауыз әдебиеті үлгілерін филологиялық тұрғыда және деректанулық негізде талдау Ш. Маржаниді Ибн Халдуннан ерекшелей түсетін. Ш. Маржани Шығыс халықтарының рухани мәдениетінің мол мұрасына дерек көзі ретінде қарап, олардағы мағлұматтардың шынайылық деңгейін айқындауға баса мән берді [17, с.8].

Барлық халықтар ғылымды игеруде бірдей қабілеттілікке ие, қабілеттілік халықтардың бойына табиғаттан берілген деген тұжырым жасаған Ш. Маржани бұл жөніндегі еуроцентристік көзқарастағылардың ұстанымына бірден қарсы шықты [19, с. 160-161]. Сол тарихи кезеңде еуропалық ағартушылар арасында көшпелі немесе дала өркениеті өкілдерін отырықшы өмір салт пен мәдениеттің жауы, «жабайылар» ретінде көрсету, еуропалықтардың Шығыстағы үстемдігін негіздеуде еуроцентристік идеяларды методологиялық тірек ретінде пайдалану орын алған-ды. Мұндай еуроцентристік тұжырымдаманы бірқатар орыс зерттеушілері пайдаланып, патшалық Ресейдің Орталық Азиядағы экспансиялық саясатын «орыстардың өркениеттік миссиясы» ретінде, ондағы отарлық билік орындарын жергілікті халықты еуропалық өркениетпен «байланыстырушы көпір» қызметін атқаратындығын дәлелдеуге тырысып, ұлыдержавалық мүддені жоғары қойған еді. Мәселен, сол тұста С.М. Соловьев «төңіректегі халықтар – варварлар, олар орыс княздарының жаулау объектісі болатындығын тарихтың өзі белгілеп берген», «орыстар шығысты отарлау барысында едәуір қарсылық көрмей, құдіретті әрі мықты мемлекет құрды» деген «отарлау» теориясының авторы ретінде танылған болатын [20, с. 151-153]. Ш. Маржани еуроцентристік көзқарас шынайылықты көрсетпейді, керісінше, бір халықты екінші халыққа өктем билік жүргізуін, яғни еуропалықтардың үстемдігін ақтауға бағытталған ұстаным деп бағалады. Осыған орай ол өз еңбектерінде Орталық Азия мен Еділ-Жайық өңірлерінде және басқа да мұсылмандық Шығыс аймақтарта озық өркениет ошақтары мен әлемге танымал ғұламалардың болғанын ашып көрсетуге ден қойды.

Ш. Маржани өз еңбектерін жазу барысында халықтар, мемлекеттер, қалалар, қайраткерлер, философиялық мектептер, діни және саяси ілімдер жайлы түрлі мәліметтер жинастырды. Өзінің мұндай әрекетін әріптестеріне үлгі ретінде ұсынып, тарихшылардың назарынан қоғам өмірінің бірде-бір қыры тыс қалмауы керектігін, зерттеу жұмысының кешенді түрде жүргізілуі қажеттігін жақтады. Ол қоғамдық өмірді толықтай қамтыған энциклопедиялық сипаттағы тарихи еңбекті жазуды қолдағанымен оны жүзеге асыру ерен еңбекті талап ететіндігін түсініп, былай деп жазған еді: «Жекелеген ғалымдар үшін ғана емес, тіпті өркениетті елдерге де толықтай, бәрін қамтитын тарихи еңбек жазу оңайға түспейді. ... Өз ғалымдарына қолдау көрсеткен елде ғана тарихпен, ғылыммен, қолөнермен және философиямен шұғылдану кенжелеп қалмайды» [10, с.102].

Қорыта айтқанда, Ш. Маржани тарихтың қоғамдағы орнын және тарихты зерттудің тәсілдерін патшалық Ресейдің үстемдігі жағдайында қарастырып, түркі-мұсылман халықтары арасында тарихи ойдың ілгері басуына өзіндік ықпалын тигізді. Оның тарихи пайымдаулары замандастарына ой салып, оның жолын қуған шәкірттерінің қалыптасуына жол ашты. Ш. Маржаниді ғұлама ұстазым деп үлгі тұтқандардың қатарында түркі әлеміне танымал көрнекті қайраткер, тарихшы-ғалым, тарих методологиясы мәселесін арнайы зерттеген Зәки Уәлиди Тоған да бар еді. Осы орайда Ш. Маржанидің ғана емес, оның ізбасар шәкірттерінің де шығармаларын тәржімалап, олармен болашақ қазақ тарихшыларының танысуына кең жол аша түсу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ясперс К. Смысл и назначение истории: Пер. с нем. – М.: Политиздат, 1991. – 527 с.
- 2 Семенов Ю.И. Философия истории. (Общая теория, основные проблемы, идеи и концепции от древности до наших дней). – М.: «Современные тетради», 2003. – 776 с.
- 3 Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
- 4 Юсупов М. Галимджан Баруди. – Казань: Тат. кн. изд-во, 2003. – 208 с.
- 5 Алишев С.Х. Татарская печать о Ш. Марджани и его времени // Марджани: Ученый, мыслитель, просветитель. – Казань: Тат. кн. изд-во, 1990, – 191 с.
- 6 Сералин М. Мақалалары, публицистикалық шығармалары, поэмалары мен аудармалары. – Алматы: «Аударма», 2002. – 344 б.
- 7 ҚРОММ. 154-қ., 1-т., 104 (а)-іс. – 56 п.
- 8 Бехбудий М. Танланган асарлар. – Тошкент: «Маънавият», 1999. – 280 б.
- 9 Урсу Д.П. Историография истории Африки. – М.: «Высшая школа», 1990. – 302 с.
- 10 Юсупов М.Х. Шигабутдин Марджани как историк. – Казань: Тат. кн. изд-во, 1981. – 232 с.
- 11 Басовская Н.И. Цель истории – история. –М.: РГГУ, 2002. – 536 с.
- 12 Мәржани Ш. Мөстәфадел-әхбар фи ахвали Казан вә Болгар (Казан ғәм Болгар хәлләри турында файдаланылган хәбарләр). – Казан: Татар. кит. нәшр., 1989. – 415 б.
- 13 Ибрагим Т.К., Султанов Ф.М., Юзеев А.Н. Татарская религиозно-философская мысль в общемусульманском контексте. – Казань: Тат. кн. изд-во, 2002. – 239 с.
- 14 Алишев С.Х. Татар тарихчилары. – Казань: Татар. кит. нәшр., 2006. – 206 б.
- 15 Кириленко Е.И. Традиция историко-методологических исследований в немецком либеральном историзме // Методологические и историографические вопросы исторической науки. – Томск. Изд-во ТГУ, 1992. – 129 с.
- 16 Очерки истории татарской общественной мысли. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2000. – 191 с.
- 17 Марджани Ш. Вафият ал-аслаф ва тахият ал-ахлаф (подробное о предшественниках и приветствие потомкам). – Казань: «Иман», 1999. – 125 с.
- 18 Очерки Марджани о восточных народах. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2003. – 175 с.
- 19 Юзеев А.Н. Татарская философская мысль конца XVIII – XIX вв. – Казань: Тат. кн. изд-во, 2001. – 192 с.

20 Сили Ш. Возникновение и источники теории «колонизации» С.М. Соловьева // Вопросы истории. – 2002. – №10. – С. 150 – 156.

ӘӘЖ 94(47+57)

Г.К.Көкебаева, Р.С.Мырзабекова
КАТЫНЬ ҚЫРҒЫНЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН ӨРЕСКЕЛ БҰЗУ

Аңдатпа. Мақалада кеңес-поляк қатынастары тарихының бір астары – Катынь мәселесі мен Катынь орманындағы жаппай қырғынның орын алу құпиясы қарастырылады. Бұл зерттеудің деректік негізі герман, поляк архивтерінің құжаттары мен Еуропа елдерінде жарық көрген құжаттар мен материалдар жинағы. Кеңестер Одағының әскери тұтқындарды ұстау туралы халықаралық конвенциясының шешімдерін мойындамауы салдарларынан бірінші болып жаппай шектен тыс тұтқынға түскен поляк офицерлері еді. Поляк офицерлері әскери тұтқындарға арналған лагерьлерде отырды және поляк ресми мекемелері 1940 жылдың сәуір айына дейін олармен байланыста болды. Кейін олар із-түссіз жоқ болып кетті. Поляк офицерлері Смоленскіге жақын жердегі Катынь орманында атылды. Катыньда болған оқиғаның шындығын ашу жолы өте ұзаққа созылды.

1990 жылдың сәуір айында В.Ярузельскийдің Мәскеуге ресми сапары барысында КСРО президенті Катынь қырғынына НКВД-ның жауапты екендігін ресми түрде мәлімдеді. 1990 жылы 14 сәуірде ТАСС-тың ресми мәлімдемесі жарияланды. КСРО президенті В.Ярузельскийге атылған поляк офицерлерінің тізімін және Катынь орманында КСРО-ның қауіпсіздік ұйымдарының қылмысын әшкерелейтін өзге құжаттарды табыстады. Осылай, поляк-кеңес қатынастары тарихында трагедияға толы тағы бір парақ ашылды.

Катынь трагедиясы және ұзақ жылдар мәліметтің құпия болуы халықаралық құқық, мораль, гуманизм нормаларын мойындамаған КСРО-ның тоталитарлық тәртібінің қылмысты саясатының салдары болып табылады.

Abstract. The article considers one of the aspects of the history of Soviet-Polish relations - the emergence of both the Katyn problem and the disclosure of the secrets of mass killing in the Katyn forest. The source base for our research was the materials of German and Polish archives, as well as collections of documents and materials published in European countries. The first to experience the consequences of the Soviet Union's failure to recognize the international conventions on the rules for keeping prisoners of war were Polish prisoners of war. Polish officers were in camps for prisoners of war, the Polish official institutions maintained contact with them until April 1940, and then they disappeared without a trace. Polish officers were shot in the Katyn forest near Smolensk. The path to uncovering the truth about Katyn was long. In April 1990, during the official visit of V. Jaruzelsky to Moscow, the President of the USSR made an official statement about the responsibility of the People's Commissariat of Internal Affairs for Katyn execution. On April 14, 1990, an official TASS statement was published. The President of the USSR handed V. Jaruzelsky the lists of killed Polish officers and other documents testifying to the crime committed by the USSR's security organs in the Katyn Forest. That was one of the most tragic pages in the history of Soviet-Polish relations. The Katyn tragedy and long-term silence about it were the consequence of the criminal policy of the totalitarian regime in the USSR, which completely ignored the norms of international law, morality and humanism.

Аннотация. В статье рассматривается один из аспектов истории советско-польских отношений – возникновение и Катынской проблемы и раскрытие тайны массового убийства в Катынском лесу. Источниковой базой для нашего исследования послужили материалы германских и польских архивов, а также опубликованные в странах Европы сборники документов и материалов. Первыми испытанными на себе последствия непризнания Советским Союзом международных конвенций о правилах содержания военнопленных были польские пленные офицеры. Польские офицеры находились в лагерях для военнопленных, польские официальные инстанции поддерживали с ними связи до апреля 1940 года, а потом они пропали без вести. Польские офицеры были расстреляны в Катынском лесу близ Смоленска. Путь к раскрытию правды о Катыни был долгим.

В апреле 1990 года во время официального визита В. Ярузельского в Москву президент СССР сделал официальное заявление об ответственности НКВД за катынский расстрел. 14 апреля 1990 года было опубликовано официальное заявление ТАСС. Президент СССР передал В. Ярузельскому списки убитых польских офицеров и другие документы, свидетельствующие о преступлении, совершенном органами безопасности СССР в Катынском лесу. Тем самым была заполнена одна из трагических страниц в истории советско-польских отношений. Катынская трагедия и многолетнее умолчание о ней явились следствием преступной политики тоталитарного режима в СССР, совершенно игнорировавшего нормы международного права, морали и гуманизма.

Кіріспе

Кеңес Одағындағы поляк офицерлерінің қайғылы тағдыры кеңестік тарих ғылымында зерттелмек түгілі, мүлде аталмай келген мәселе. Шетелдердегі поляк зерттеушілерінің бұл мәселеге қатысты еңбектерінің соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда-ақ шыға бастағанына қарамастан кеңестік ресми тарихнама бұл мәселені елемегенге тырысты. Ал 90-жылдарда Ресей зерттеушілері Катынь оқиғасына айрықша назар аударды, соның ішінде, әрине, Н.С. Лебедеваның еңбектері ерекше орын алады [1]. Сол кезден бастап зерттеулер мен құжаттар жинақтарының жарияланымдары әжептәуір көбейді және бірқатар құжаттар жинақтары шығарылды [2].

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысымыздың деректік негізін Еуропа елдерінің мұрағаттарынан жинақталған материалдар мен құжаттар, сондай-ақ жарияланған деректер жинақтары құрайды. Германияның Әскери мұрағатындағы, Федералдық мұрағатындағы және Сыртқы істер министрлігінің Саяси мұрағатындағы Катыньда тексеру жұмыстарын жүргізу туралы Қызыл Крест қоғамының Халықаралық Комитетімен жазысқан хаттары, 1943 жылғы кеңес-поляк қатынастары туралы материалдар, Польшаның мұрағаттық комиссиясы Ресей мұрағаттарынан жинаған құжаттар зерттелді. Сондай-ақ Катынь мәселесіне байланысты кейбір деректер Будапештегі Ашық қоғам институтының мұрағатынан алынды.

Екінші дүниежүзілік соғыста соғысушы елдердің барлығы тұтқындар мәселесінде 1929 жылғы «Соғыс тұтқындарын ұстау туралы» Женева конвенциясын негізге алды. Бұл конвенция бойынша, соғыс тұтқындары оны тұтқынға алған әскери бөлімнің немесе жеке адамның емес, тұтқындаушы мемлекеттің үкіметінің билігінде болады. Бұл принцип, біріншіден, соғыс тұтқынын жеке әскери топтар мен адамдардың жәбірлеуіне жол бермейді, екіншіден, соғысушы мемлекеттер үкіметтерінің алдына тұтқындарды қорғаудың белгілі бір халықаралық-құқықтық міндеттерін қояды, үшіншіден, соғысушы елдердің үкіметтеріне соғыс тұтқындарын қорғау ережелерін бұзғандығы туралы бір-біріне айып тағуға мүмкіншілік береді. Конвенцияда әскери адамдардың тұтқынға түскен сәттен бастап репатриацияға дейінгі кезеңдегі барлық құқықтары көрсетілді, тұтқындаушы мемлекеттер үкіметтерінің міндеттері толық түрде белгіленді. Конвенция бойынша: тұтқындар тіркеуге алынып, тізімдері протектор-мемлекетке (Швейцарияға) беріліп отырады; тұтқын лагерьлерін Қызыл Крест өкілдері тексеріп тұрады; тұтқындарға берілетін тамақ мөлшері тұтқындаушы елдің тылдағы әскери бөлімдеріне берілетін мөлшерде болуға тиісті; тұтқындардың өз елінен сәлемдеме алуға және Қызыл Кресттен азық-түлік, витамин, дәрі-дәрмек алуға, лагерьдегі ауыр жағдай туралы арыз айтуға құқығы бар. Конвенция бойынша соғысушы елдер тұтқындарының құқықтарының сақталуын бейтарап елдер үкіметтері бақылауға тиісті. Конвенцияда көрсетілмеген жағдайларда соғысушы елдердің бейбіт тұрғындары мен тұтқынға түскен әскерлері өркениетті халықтардың арасында қалыптасқан адамшылық салты мен заңына негізделген халықаралық құқық ережелерінің қорғауында болуға тиісті [3, 305 б.]. 47 мемлекет мақұлдаған бұл келісімге Кеңес Одағы қосылған жоқ. Кеңес үкіметінің соғыс тұтқындарының халықаралық-құқықтық статусын белгілейтін Женева конвенциясын мойындамауының зардабы 1939 жылы қолға түскен поляк соғыс тұтқындарының тағдырынан айқын көрінді.

Кеңес өкіметі Қызыл әскер бөлімдерін Польша жеріне енгізгенде оны «соғыс» деп емес, Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядағы «қандастарды» қорғау деп түсіндірді. Алайда соған қарамастан қызыл әскерлер Польша шекарасынан өткен бойда соғыс тұтқындарына қатысты бұйрықтар шығарыла бастады. 1939 жылы 19-қыркүйекте КСРО Қорғаныс халық комиссары К.Е. Ворошилов барлық соғыс тұтқындарын Ішкі істер халық комиссариатының Ерекше бөліміне жіберу туралы бұйрық берді. Бұйрық бойынша, соғыс тұтқындарына арналған Осташков, Юхнов, Козельск, Путивль, Козельшанск, Старобельск, Южск, Оранск лагерлері құрылды. Халықаралық конвенция бойынша соғыс тұтқыны тұтқындаушы елдің үкіметінің немесе басқа бір саяси топтарының жауы болып саналмайды, соғыс тұтқынының оны тұтқындаған елдің ішкі саясатына мүлде қатысы болуға тиісті емес, сондықтан басқа елдерде соғыс тұтқындарымен әскери мекемелер айналысты, ал Кеңес Одағында соғыс тұтқындары Ішкі істер халық комиссариатының қарауына берілді.

1939 жылдың 29-желтоқсанындағы «Соғыс тұтқындарын қабылдау орындарының жұмысы туралы» нұсқауда офицерлерді, мемлекеттік қызметкерлерді, полиция жандармдарын және «контрреволюциялық ұйымдардың мүшелерін» жеке лагерьлерге орналастыру бұйырылды. Офицерлердің негізгі бөлігі Старобельск, Осташков, Козельск лагерлерінде орналастырылды. 1939 жылдың қараша айында Козельск лагерінде 4727 тұтқын болды, оның ішінде 1 адмирал – Ксаверий Чернецкий, 4 генерал (Б. Богатеревич, Х. Минкевич, М. Сморовинский, Е. Волковицкий), 24 полковник, 79 подполковник, 258 майор, 654 капитан, 17 әскери теңіз флоты капитаны, 3420 басқа құрамдағы офицерлер, 7 капеллан болды. Бұлардың ішінде соғыс қарсаңында армия қатарына шақырылған 21 жоғарғы оқу орындарының қызметкерлері, 300 дәрігер, инженерлер, құқық қорғау орындарының қызметкерлері, мұғалімдер, 200 ұшқыш офицерлер бар еді. Старобельскіде 8 генерал (Л. Билевич, С. Галлер, А. Ковалевский, К. Луковский, Ф. Сикорский, К. Плисовский, Л. Скерский, П. Скуратович), 600 ұшқыш офицерлер, көптеген капелландар, 10-нан астам жоғары оқу орындарының қызметкерлері, жүздеген инженерлер мен мұғалімдер бар еді. Осы екі лагерьдегі

генералдардың жартысына жуығы жасына байланысты әскери қызметтен кеткендер болатын. Осташков лагерінде 5963 тұтқын қамалды, оның ішінде 5033 полиция қызметкерлері (оның 300-і полиция офицері, 40 жандарм шеніндегілер), 41 адам шекара күзетінен болды [4].

Старобельск лагерінде 8 генерал, 55 полковник, 127 подполковник, 316 майор, 846 капитан, 2529 басқа құрамдағы офицерлер, 18 капеллан, 1 полиция полковнигі, 1 әскери оқу орнының қызметкері болды. Лагерге 15-наурызда тұтқындардың ішінде 1305 әскери кадрлар, 352 әскер қызметі жасынан асып, демалысқа шыққандар бар болып шықты. Старобельск лагерінде соғыс кезінде офицер болған жоғары оқу орындарының профессорлары, дәрігерлер, инженерлер, оқытушылар, әскери ұшқыштар, көптеген қоғам қайраткерлері, әдебиетшілер мен журналистер бар еді [5, 10, 20-21 б.].

1940 жылдың наурыз айында Л. Берияның И. Сталинге жазған хатында аталған лагерьлердегі поляк офицерлерінің саны жөнінде мынадай мәліметтер берілді:

1) соғыс тұтқындарының лагерьлерінде 14 736 поляк әскери адамдары қамауда, олардың ішінде генералдар, полковниктер мен подполковниктер – 295, майорлар мен капитандар – 2 080, поручиктер, подпоручиктер және хорунжийлер – 6 049, полицияның, шекара күзетінің және жандармерияның офицерлері мен кіші қолбасшылары – 1 030, қатардағы полиция қызметкерлері, жандармдар, түрме қызметшілері және барлаушылар – 5 138, чиновниктер, ксендз және осадниктер – 144;

2) Украина мен Белоруссияның батыс облыстарының түрмелерінде 18 632 тұтқындар отыр, олардың ішінде бұрынғы офицерлер – 1 207, бұрынғы полиция барлаушылары мен жандармдары – 5 141, тыңшылар мен бүлдіргіштер – 347, бұрынғы помещиктер, фабриканттар және чиновниктер – 465, әртүрлі контрреволюциялық және көтерілісші ұйымдардың мүшелері – 5 345, қашқандар – 6 127.

Осыларды атай келіп, Берия НКВД оларды кеңес өкіметінің «ымырасыз, түзелмейтін жауы» деп санап, оларға ең ауыр жаза – өлім жазасын беру туралы мәселені айрықша қарауға ниеттенеді деп Сталинге хабарлады [6, 34-40]. 1940 жылдың 5-наурызында КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы осы аталған бірінші топтан – 14 700, екінші топтан – 11 000 поляк соғыс тұтқындарын өлім жазасына кесу туралы шешім қабылдады [6, 34-40 б.].

1941 жылы Польшаның эмиграциядағы үкіметі мен Кеңес Одағы арасындағы дипломатиялық қатынастар қалпына келтірілген соң, кеңес өкіметі КСРО жеріндегі лагерьлер мен түрмелерде отырған поляк соғыс тұтқындары мен еркінен айырылған азаматтарына кешірім жариялады. Кешірім алып, босап шыққандардың қатарында Козельск, Старобельск және Осташковтағы офицерлер де болуға тиісті еді. Алайда аталған үш лагерьде болғандардан тек қана Лубянкада тексерістен өтіп, жазаға кесіліп, лагерьге жіберілген аз ғана адам, 1940 жылдың сәуір айында Грязовецк лагеріне ауыстырылған 400 тұтқын босап келді. Басқа мындаған офицерлер қайтпай қалды. Кеңес Одағы жерінде Поляк әскерін құру ісінде екі жақтың арасындағы байланысты іске асыруға тағайындалған кеңес офицерлері аталған үш лагерьдегі поляк тұтқындары 1940 жылы қамаудан босатылып Польшаға қайтып кеткен деген алып-қашты сөз таратты. Лондондағы поляк үкіметінің нұсқауымен Польшадағы астыртын күрес топтары кеңес жерінде тұтқында болған офицерлерді іздестіріп, олардың Польшада да, неміс лагерьлерінде де жоқ екендігін, олардың отбасыларымен байланыстары 1940 жылдың сәуір-мамыр айларында үзіліп қалғандығын анықтады. Кеңес жерінде жасақталып жатқан Поляк әскерінің Бас қолбасшысы генерал Владыслав Андерс Старобельск лагерінде болғандардың қатарынан аман қалған 79 тұтқынның бірі, Грязовецк лагерінен босап келген ротмистр Юзеф Чапскийге аталған лагерьлерде хабарсыз кеткен офицерлер туралы мәліметтер жинауға тапсырма берді. Сонымен қатар генерал Андерс пен Кеңес Одағындағы поляк елшісі Станислав Кот кеңес басшыларымен кездесулерде поляк офицерлерінің тағдырын анықтауға тырысты. 1941 жылдың 14-қарашасында С. Кот И.В. Сталиннің қабылдауында болғанында, Кеңес Одағының басшысы поляк азаматтарының барлығы қамаудан толық босатылды деді. Лондондағы Польша үкіметі де кеңес үкіметінен үнемі поляк офицерлерінің тағдыры туралы сұрап отырды. 1942 жылдың 27-шілдесінде Польша үкіметі кеңес үкіметіне 8 000 офицерді іздестіру туралы нота тапсырды. Бұл тізімдер Козельск, Старобельск және Осташковта болып, одан Грязовецке ауыстыру нәтижесінде аман қалып, кейін босатылған соң Андерстің әскеріне кірген офицерлердің және Кеңес Одағының басқа лагерьлері мен түрмелерінде қамауда болған поляк соғыс тұтқындарының мәліметтеріне сүйеніп жасалған еді. Ұзақ кешіктіріліп берілген кеңес үкіметінің жауабында поляк соғыс тұтқындары отанында немесе шетелдерде жасырынып жүруі, жол-жөнекей қаза табуы мүмкін деген бұлыңғыр желеу айтылды. Осылайша кеңес өкіметі үнемі тура жауап беруден бұлтарып кететін. 1942 жылдың 18-наурызында И. Сталин генерал Андерсті қабылдағанда да поляк офицерлерінің тағдыр туралы сөз болды, Сталин оларды немістер ұстап алған болар деді, өйткені бұл кезде аталған үш лагерь тұрған аудандарды немістер басып алған болатын.

1942 жылдың жазында поляк офицерлерінің мүрдeleri Смоленскіден 14 шақырым жерде Катинь орманында табылды. 1943 жылдың ақпан-наурыз айларында немістер бұл жерде қазба жұмыстарын жүргізіп, поляк офицерлерін топ-тобымен көмген жерлерді тауып алды. 11-сәуірде жергілікті поляктардың өкілдері

казба орнына келіп, отандастарының мүрделерін өз көзімен көрді [7, 5 б.]. 14-сәуірде нацистік Германияның Насихат министрлігі Смоленск қаласына жақын жерде кеңес қауіпсіздік күштері өлтірген 12 мың поляк офицерлерінің мүрделері табылды деп баспасөзге хабарлады. Хабарламада Кеңес Одағы Шығыс Польшаны жаулап алған кезде Поляк Әскерінің 12 мың офицері мен 300 мың жауынгері тұтқынға түскен болатын, поляк офицерлері соғыс тұтқындарының лагерьлерінде 1940 жылдың сәуіріне дейін болған, одан кейін олар із-түзсіз жоғалып кетті, жергілікті халық пен теміржолшылардың айтуынша, оларды Смоленск маңындағы орманға топ-тобымен әкеліп, атып тастаған деген сөздер болды [8, 143 б.]. Мәскеу радиосы поляк офицерлерін жаппай қырған немістердің өздері деп айыптаған хабар берді. Бұл мәселеге шетелдердің назарын аудару үшін немістер Еуропа елдерінде эмиграцияда жүрген поляктардың өкілдерін әкеліп, қабірлерді көрсетуге бел буды. 19-сәуірде Будапешт пен Женевадағы неміс елшіліктеріне эмигрант поляктарды Смоленскіге шақыру туралы жеделхат жіберілді [8, 166-167 б.]. Қазу жұмыстарына Поляк Қызыл Крест қоғамы, поляк ғалымдары, жазушылары, өнер қайраткерлері, кәсіпкерлері қатыстырылды. Олар мүрделермен бірге табылған ордендер, құжаттар, офицерлік шендердің айырым белгілерін көріп, мүрделер поляк офицерлерінікі деп таныды.

Алайда Кеңес Одағының одақтастарының баспасөзі мен ақпарат агенттіктері бұл хабарларға күдікпен қарады. «Рейтер» агенттігі былай деп жазды: «Одақтастар арасына от жағу мүмкіндігін аңдып отыратын неміс үгіт-насихаты Смоленск маңында поляк офицерлерін көмген шұңқырлар табылды-мыс деген хабарды таратып отыр. Немістердің айтуынша, бұл офицерлер орыстардың қолына 1939-1940 жж. олар Польшаға кірген кезде түскен және ГПУ бұйрығымен 1940 жылдың наурыз-сәуір айларында атылған. Смоленскіні осыдан екі жыл бұрын басып алған немістер бұл оқиғаны енді ғана хабарлап отырғанының себебі түсінікті сияқты. Лондондағы поляк үкіметі орыстардың қолына түскен бірнеше мың поляк офицерлері хабарсыз кеткен, кеңес үкіметі олар баяғыда босатылған деп отырса да, күні бүгінге дейін Мәскеуге жіберілген дипломатиялық өтініштер жолымен іздеу нәтиже берген жоқ деп мәлімдеді. Поляк газеті «Dziennik Polski»: «Бұл сұмдық айыптау, әлбетте, неміс үгіт-насихатының поляк-орыс қатынастарын бұзуға бағытталған тағы да бір өтірігі болар. Екінші жағынан алғанда, Козельск және Старобельск соғыс тұтқындары лагерьлерінде болған поляк офицерлерінің тағдыры әлі күнге белгісіз және ол поляк қауымында үлкен мазасыздық туғызып отыр», – деп жазды [7, 2-3 б.]. 7-сәуірде Поляк үкіметі поляк офицерлерінің қайғылы тағдырын Германияның үгіт-насихат мақсатына пайдалануына қарсы наразылық білдірген ашық мәлімдеме жасады.

1943 жылдың 15-сәуірінде Неміс Қызыл Крест қоғамы Қызыл Крестің Халықаралық Комитетіне (ҚКХК) поляк офицерлерінің жаппай өлтірілген жерін қазуға қатысуды өтінген жеделхат жіберді. ҚКХК төрағасы М.Губер қабірлерді ашу (эксгумация) жүргізілгенде Халықаралық Қызыл Крест өкілдері осы іске қатысы бар барлық жақтар шақырса ғана қатыса алады деді. Осы сәтте эмиграциядағы Поляк үкіметі де М. Губерге осындай өтініш жіберді. 16-сәуірде Германияның Денсаулық сақтау министрлігі Еуропа елдерінің халықаралық ауқымда белгілі профессорларының – соттық медицина және криминалистика мамандарының тізімін жасады [9, 164-165 б.]. Бұл кезде Қызыл Крестің Халықаралық Комитеті Кеңес Одағындағы соғыс тұтқындарының жағдайы туралы кеңес өкіметімен келіссөздер жүргізуге әрекет жасап жатқан болатын. Сондықтан ол Неміс Қызыл Крест қоғамының өтінішін қабылдаса Кеңес Одағы келіссөздерден мүлдем бас тартуы мүмкін деп қауіптенді. Сондықтан М. Губер Қызыл Крестің соғыс тұтқындарының жағдайы туралы өтінішіне Кеңес үкіметінің жауабын күте тұруды ұсынды. Сонымен қатар Қызыл Крестің Халықаралық Комитеті Кеңес үкіметі жауапты әдейі ұзақ созуы мүмкін екенін де түсінді [8, 170-171 б.]. Алайда 1939 жылдың 12-қыркүйегінде соғысушы елдердің Қызыл Крест қоғамдарына жіберген меморандумы бойынша, Қызыл Крестің Халықаралық Комитеті поляк офицерлерінің қабірлерін ашу (эксгумация) ісіне қатыса алмайтын еді, өйткені осы іске қатысы бар Кеңес Одағы үкіметінен немесе Кеңес Қызыл Крест қоғамынан өтініш түскен жоқ еді. Кеңес Одағы 1929 жылғы «Соғыс тұтқындарын ұстау туралы» Женева келісіміне қол қойған жоқ, бірақ Кеңес Қызыл Крест қоғамы 1934 жылы Қызыл Крест қоғамдарының Халықаралық Лигасына кірген болатын. Сондықтан Қызыл Крестің Халықаралық Комитеті Катинь мәселесін бейтарап елдердің сарапшыларының қатысуымен тексеру жұмысының ұйымдастырылуы мүмкін деген ресми коммюнике жариялады [7, 8 б.].

Әрине, Ұлыбритания және АҚШ үкіметтері антигитлерлік одақты сақтау үшін кеңес-поляк қатынастарының шиеленіспегенін қалады. Ұлыбритания сыртқы істер министрі А. Иден В. Сикорскимен кездесіп, кеңес-поляк қатынастарын ұшықтырмау жөнінде сөйлесті. В. Сикорски Халықаралық Қызыл Крестің Катинь мәселесін тексеруі туралы табанды талап қоймауға уәде берді. 25-сәуірде У.Черчилль Сталинге хат жазды, онда В. Сикорскимен болған әңгімені хабарлай келіп, герман насихатының мақсаты одақтастардың арасына от салу екендігін ескертті және Польшамен қатынастарды үзбеді сұрады [9, 122-123 б.]. Алайда кеңес басшыларының бұған тоқтайын деген ниеті жоқ еді. 1943 жылдың 25-сәуірінде КСРО Сыртқы істер халық комиссары В.М. Молотов Польшаның елшісіне кеңес үкіметінің нотасын тапсырды. Нотада Катинь мәселесіне қатысты болып жатқан оқиғалардың барлығын Кеңес Одағына қарсы бағытталған

жалған жала деп бағалады, Польша үкіметіне Германиямен ымыраласты, өйткені осы жалған жамандау науқаны арқылы ол Кеңестік Украина, Кеңестік Белоруссия және Кеңестік Литваның мүдделері есебінен жер беруге кеңес үкіметін мәжбүр еткісі келеді деген айып тақты. Нотаның соңында Кеңес Одағы Польшамен дипломатиялық қатынастарын үзетіні айтылды [10, 301-303 б.]. Кеңес нотасы туралы хабар нацистік Германия басшыларының айрықша қуанышын туғызды [9, 196-198 б.]. Польшаның басшылары жауынгер одақтасымен қайшылықты ұшықтырмауға тырысты. Поляк үкіметінің 29-сәуірдегі жауабы соншалықты байсалды да сыпайы түрде болды. Жауап мәлімдемеде поляк үкіметінің саясаты Польша мен КСРО арасындағы достық түсінушілікті дамытуға, Поляк республикасының тұтастығы мен толық егеменділігін қолдауға бағытталғандығы айтылды. Кеңес әскерлерінің Польша республикасының жеріне енгізілуінің қайғылы зардаптарына қарамастан, поляк үкіметі Кеңес Одағымен одақтастық келісімшарт жасады және келісім бойынша өзіне алған міндеттерін ыждағаттылықпен орындады. Поляк үкіметі поляк әскери қызметкерлерінің Кеңес Одағында тұрып жатқан отбасылары мен балаларына адамшылықпен қарауды, сондай-ақ поляк азаматтарын кеңестік қамаудан босатуды талап етті. Поляк үкіметі 1943 жылдың 25-ақпанындағы мәлімдемесінде кеңес жерлеріне қатысты талаптар қойған емес, қазір де қойып отырған жоқ [7, 17-18 б.; 8, 200-203 б.]. Польша үкіметінің бұл мәлімдемесіне берген түсініктемесінде «Рейтер» агенттігі кеңес үкіметі бұрынғы поляк әскери қызметкерлерінің отбасылары мен балаларын Кеңес Одағынан алып кету туралы мәселені талқылауға келіскен жағдайда поляк үкіметі офицерлердің өліміне қатысты саяси мәселеден бас тартуы мүмкін деген болжам жасады. Еуропа елдерінің баспасөзі поляк-кеңес қатынастары туралы мәселені қызу талқылап жатты. «Дейли мейл» газеті Черчилль мен Рузвельт поляк-кеңес қатынастарын реттеу ісіне араласу туралы Сталинге тікелей өтініш жасай алар еді деген идея тастады. Баспасөз құралдары ағылшын сыртқы істер министрі поляк-кеңес алауыздықтарын реттеуде делдал болады деген жорамалдар айтып жатты [7, 26 б.; 8, 256 б.]. 26-қыркүйекте АҚШ президенті Ф. Рузвельт И. Сталинге хат жазып, онда болған оқиғаны поляк-кеңес қатынастарының мүлдем үзілгені деп емес, эмиграциядағы поляк үкіметімен келіссөздердің уақытша тоқтатылғаны дегенді көрсететін мүмкіншілік таба аласыз ба деп сұрады. Президент хатында В. Сикорски кеңес үкіметінің сыртынан немістермен ауыз жаласты дегенге сенбейтінін, сонымен қатар ағылшын премьер-министрінің поляк үкіметін алдағы уақытта бұл мәселеде неғұрлым өлшемді қадамдар жасауға көндіретінін айтты [11, 123 б.].

1943 жылдың 28-30-қыркүйегінде Халықаралық комиссия поляк офицерлерінің мүрдесін ашу жұмысын (экзгумация) жүргізді. Комиссия жұмысының нәтижесінде поляк офицерлері 1940 жылы атылған деген қорытынды жасалды [12].

Смоленск азат етілгеннен кейін кеңес үкіметі Катынь мәселесін тексеруге академик Н.Н. Бурденко басқарған арнаулы комиссия құрды. Комиссия тексеру жұмысын офицерлердің мүрдесі табылған «Козья гора» деп аталған ауданның жабық белдеу болмағанын көрсететін дәлелдер іздеуден бастады. Өйткені поляк офицерлерін кеңес қауіпсіздік күштерінің атқанын жоққа шығару үшін аталған жерде адамдарды жаппай атудың болмағанын, оның болуы мүмкін емес екенін дәлелдеу және жергілікті тұрғындардың куәлігін пайдалану қажет болды. Комиссияның анықтамасында 95 адам сұралды, Төтенше комиссияға берілген 17 өтініш тексерілді, іске қатысты әртүрлі құжаттар зерттелді, керекті сараптау жүргізілді деп көрсетілді [13, 63 б.]. Комиссия Смоленскіні немістер басып алғаннан кейін поляк офицерлерін көрген адамдардың куәліктерін жинады. Ақыры комиссия поляк офицерлерін 1941 жылдың күзінде немістер өлтірді деген қорытынды жасады [13, 63-70 б.].

1944 жылдың 26-қаңтарында орталық кеңес баспасөзінде арнаулы комиссияның хабарламасы басылды. Комиссияның хабарламасында Смоленск бургомистрінің орынбасары Б.В. Базилевскийдің 1941 жылдың қыркүйек айында оған бургомистр Б.Г. Меньшагин «поляктарды құрттық, әскери комендант фон Шветц оларды Смоленскіге таяу жерде атып тасталды дейді» деп айтқан сөздерін еске түсіргені куәлікке тартылды. Бұл хабарламада Базилевскийдің куәлігі айрықша маңызды деп көрсетілді [14].

1945 жылдың қазан айында Нюрнберг сотында КСРО, АҚШ және Ұлыбританияның соғыс қылмыскерлерін айыптау мәліметтерінің қатарына поляк офицерлерінің жаппай өлтірілу фактісі енгізілді. 1946 жылдың шілде айында халықаралық сотта Катыньдағы қылмысқа жауаптылардың ісі тыңдалды. Б.В. Базилевскийді Нюрнбергке алып келді, ол сотта арнаулы кеңес комиссиясының хабарламасында айтылған сөздерді қайталады. Адвокат О. Штаммердің «Меньшагиннің тағдыры қалай болғанын білесіз бе?» деген сұрағына Базилевский: «Меньшагин немістер шегінгенде, солармен бірге кетті, оның арғы тағдырын білмеймін», – деп жауап берді. Шындығында Меньшагин кеңес түрмесінде отырған болатын. Нюрнберг соты бұл дәлелдерді жеткіліксіз деп тапты да, немістердің Катынь қылмысына қатысы дәлелденбей қалды [4]. Сондықтан халықаралық сот үкімінің мәтініне бұл мәселе кіргізілген жоқ [15, 322].

Соғыстан кейін поляк соғыс тұтқындарының атылған жерінде «Мұнда 1941 жылдың күзінде неміс-фашист басқыншыларының қолынан азап көріп, қаза тапқан поляк тұтқын офицерлері жерленген» деген жазуы бар ескерткіш қойылды [6, 78 б.; 4]. Батыстағы поляк эмигранттары Катыньдағы оқиғаның кеңестік

нұсқасына сенген жоқ, сондықтан бірден-ақ, 40-жылдардың екінші жартысында осы мәселе туралы алғашқы еңбектер пайда болды. 1951 жылы АҚШ конгресі Катынь мәселесінің анық-қанығын тексеретін комиссия құрды. 1952 жылы АҚШ Мемлекеттік департаменті кеңес елшісіне кеңес үкіметінен Катынь орманында поляк офицерлерінің өлтірілуіне қатысты дәлелдер алуға бола ма деген өтінішпен хат жазды. Кеңес елшілігі АҚШ Мемлекеттік департаментіне берген нотасында бұл хатты халықаралық құқық қалыптарын бұзу деп бағалап, кезінде Катынь мәселесі туралы арнаулы комиссияның қорытындысы шыққанда АҚШ бұған қарсы болған жоқ еді, енді сегіз жыл өткен соң бұл мәселені қайта көтеру Кеңес Одағына жала жабу және гитлерлік қылмыстыларды ақтауға тырысу деп наразылық білдірді [16].

1972 жылы шілде айында Би-Би-Си радиосы Ұлыбритания үкіметінің қолында Катынь қылмысына фашистік Германия емес, Кеңес Одағы айыпты екенін көрсететін құжаттар бар деп хабарлады. Сол жылы Лондонның Кенсингтон-Челси ауданында Катынь құрбандарына ескерткіш қоюға қажетті қаржы жинау басталды. Кеңес үкіметі өзінің наразылығын Мәскеудегі ағылшын елшісіне ауызша ескертуге ұйғарды. Алайда Батыс елдерінде Катынь мәселесін үнемі көтеріп отырды. 1975 жылы британ парламентінде баспасөз конференциясы өткізіліп, оған қатысқандар Гаагадағы Халықаралық сотты бұл мәселені тексеруге шақырды. Сол жылы поляк эмигранттарының бастамасымен Стокгольмде Катынь құрбандарына ескерткіш қойылды. КОКП Орталық Комитетінің Саяси бюросы Катынь оқиғасына туралы пікірталастар туып кетпес үшін бұл оқиғаларға қатысты ресми мәлімдеме жасамау қажет деп тапты. Сондай-ақ Мемлекеттік Қорғаныс Комитетіне өзінің ресми емес байланыс жолдары арқылы батыс елдерінің үкіметтеріне жақын топтарға бұл әрекеттерді Кеңес Одағы халықаралық қатынастарды шиеленістіруге бағытталған арандатушылық деп санайды деген ойды жеткізу міндеті жүктелді [6, 70-72].

Сталиннің жеке басына табынушылықтың әшкереленуі де, Н.С. Хрущев билігі кезіндегі «жылымық» та Катынь құпиясын ашуға әсер еткен жоқ. 1965 жылдың 9-наурызында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бастығы А. Шелепин Н.С. Хрущевқа былай деп хабарлады: «КСРО министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде 1940 жылдан бері сол жылы атылған бұрынғы буржуазиялық Польшада тұтқындалған және еркінен айрылған поляк офицерлерінің, жандармдардың, полиция қызметкерлерінің, осадниктердің, помещиктердің, т.б. тіркеу құжаттары мен басқа да материалдары сақталында. КСРО НКВД арнаулы үштігінің шешімімен барлығы 21 857 адам, соның ішінде Катынь орманында (Смоленск облысы) – 4 421 адам, Харьковқа жақын жердегі Старобельск лагерінде – 3 820 адам, Осташков лагерінде (Калинин облысы) – 6 311 адам және Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның басқа лагерлері мен түрмелерінде 7 305 адам атылған. Аталған адамдардың көзін жоюға қатысты бүкіл операция КОКП ОК 1940 жылдың 5-наурызындағы Қаулысы негізінде жүргізілген. Олардың барлығы 1939 жылы соғыс тұтқындары мен еркінен айрылғандар ретінде ашылған тіркеу істері негізінде ең ауыр жазаға кесілген. Аталған операцияны жүргізген сәттен, яғни, 1940 жылдан бері 21 857 іс-құжаты берік бекітілген бөлмеде сақталуда және бұл істер бойынша ешкімге анықтама берілген емес. Кеңес мекемелері үшін бұл істердің ешқандай іскерлік те, тарихи да маңызы жоқ. Керісінше әлдебір күтпеген кездейсоқтық өткізілген операцияның құпиялылығын бұзуға әкелуі мүмкін, мұның өзі біздің мемлекетіміз үшін қажет емес. Оның үстіне Катынь орманында атылғандар туралы ресми түсіндірме бар, ол кеңес мекемелерінің бастамасымен 1944 жылы «Катынь орманында неміс-фашистік басқыншылардың тұтқын поляк офицерлерін атып өлтіргенін анықтау және тексеру бойынша арнаулы комиссия» деп аталған комиссияның тексерулерінің нәтижесінде бекітілген. Бұл комиссияның қорытындысына сәйкес сол жерде жойылған поляктардың барлығын неміс басқыншылары өлтірді деп саналады. Сол кезде тексеру материалдары кеңес және шетелдік баспасөзде кеңінен жарияланды. Комиссияның қорытындылары халықаралық қоғамдық пікірде берік орнықты. Осы айтылғандардың негізінде 1940 жылы жоғарыда аталған операцияның кезінде атылған адамдардың барлық тіркеу құжаттарын жойып жіберу дұрыс сияқты. КОКП ОК және Кеңес үкіметі тарапынан болуы мүмкін сұраныстар үшін аталған адамдарды ату жазасына кескен КСРО Ішкі істер халық комиссариаты үштіктерінің мәжіліс хаттамаларын және үштіктердің шешімінің орындалғаны туралы актілерді қалдыруға болады. Көлемі жағынан бұл құжаттар аса үлкен емес, оларды ерекше папкаларда сақтауға болады» [6, 42-45]. Осы іс бойынша айрықша маңызды құжаттар №1 папкаға салынып, ерекше сақтауға берілді. Мемлекет пен партияның әрбір жаңа басшысы осы құжаттармен танысқаннан кейін оларды желімделген пакетке салып, жауапты адамның қолын қойғызып, тығып қоятын. 1991 жылдың 24-желтоқсанынан бастап бұл құжаттар «ерекше папка» деген айдармен, «КСРО Президенті Аппаратының рұқсатынсыз ашылмасын. Анықтамалар берілмесін» деген жазумен сақталды [6, 16-24 б.]. Демек, КСРО басшылары ауысқан сайын, әрбір жаңа басшы Катынь құпиясын біліп отырды.

Катынь қайғылы оқиғасының құпиясы ұзақ уақыт сақталды. Батыс елдеріндегі поляк эмигранттары Катынь мәселесін ешуақытта ұмытпады. 1987 жылы 14-шілдеде Швейцариядағы бірнеше поляк ұйымы поляк диаспорасының атынан М.С. Горбачевқа Катынь орманында қаза тапқан поляк офицерлерінің тағдырын анықтаудың қажеттілігі туралы хат жазды [17]. 1985 жылы Варшава Шарты Ұйымының

Кеңесшілік комитетінің отырысынан кейін В. Ярузельский мен М.С. Горбачевтің кездесуі өткізілді. В. Ярузельский кеңес-поляк қатынастарын «біздің халықтарымыздың арасындағы өзара сенім мен шынайы достық қатынастарға кедергі болатынын» барлығынан тазарту қажет дей келіп, маңызды мәселелердің қатарында Катынь қайғылы оқиғасын атады. Кеңес-поляк қатынастарының кілттипан буындарын анықтау үшін КСРО мен Польша Ғалымдарының комиссиясы құрылды. Алайда біржарым жыл бойына комиссия Катынь мәселесі бойынша екі жақ арасында келісілген ұстанымды жасай алмады, өйткені кеңес тарихшыларының 1944 жылы айтылған ресми пікірді жоққа шығаруға өкілеттілігі де, сондай-ақ мұрағаттық материалдарды алуға да мүмкіндіктері болған жоқ. Ал Комиссияның поляктар жағы 1944 жылғы Н. Бурденконың Арнаулы комиссиясы жасаған қорытындының негізсіздігін айғақтайтын дәлелдерді көрсетті. 1988 жылы Комиссияға мүше кеңес ғалымдарына профессорлар Я. Мацишевский, Ч. Мадайчик, Р. Назаревич және М. Войцеховский дайындаған, поляк офицерлерін КСРО Ішкі істер халық комиссариатының қызметкерлері өлтіргенін дәлелдейтін құжат тапсырылды. Бұл құжат 1989 жылы Польшада жарық көрді. Енді Кеңес жағының Катынь мәселесіне қатысты ұстанымын қайта қарау қажеттігі туды. 1989 жылдың 22-наурызында Э. Шеварнадзе, В. Фалин және В. Крючков КОКП Орталық комитетіне Катынь мәселесі туралы құпия хат дайындады. Хаттың авторлары Катынь құпиясын ашпау Польшаның назарын басқа да мыңдаған поляк офицерлерінің, Харьков және Бологое ауданында хабарсыз кеткен топтарының тағдырына аударуы мүмкін деген қауіптерін айтты [6, 102-106]. 1989 жылдың 31-наурызында КОКП Орталық комитеті саяси бюросының отырысында КСРО Прокуратурасына, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне, Сыртқы істер министрлігіне, тағы басқа мекемелерге Катынь мәселесі бойынша кеңес ұстанымын жасауға тапсырма берілді [6, 100]. Ақыры Катыньдағы поляк офицерлерін ату қылмысын жасаған Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) және Берия мен Меркулов деп айтуға ұйғарды [6, 122].

1990 жылдың сәуір айында В. Ярузельскийдің Мәскеуге ресми сапарында КСРО президенті М.С. Горбачев Катыньдағы ауды ұйымдастыруда Ішкі істер халық комиссариаты жауапты деген мәлімдеме жасады. КСРО Президенті атылған поляк офицерлерінің тізімін және басқа құжаттарды В. Ярузельскийдің қолына тапсырды. 1990 жылдың 14-сәуірінде кеңес үкіметінің Катынь мәселесіне қатысты ұстанымы КОТА (ТАСС) ресми мәлімдемесінде жарияланды.

1990 жылдан бастап Катынь мәселесін зерттеу тереңдей түсті. Зерттеушілердің қолына мұрағат материалдары берілді. Харьков ауданы мен Тверь облысының Медное ауылындағы поляк соғыс тұтқындарының бейіттері табылды. Бүгінгі таңда кеңес лагерьлерінде 21 857 поляк соғыс тұтқындарының өлтірілгені белгілі. Катынь орманында өлтірілген поляк офицерлерінің ішінде әскери міндетін өтеген соң бейбіт өмірде дәрігер, инженер, мұғалім, ақын-жазушы болып жүргендер де баршылық еді. Егер олар тірі болса, онда олардың білімі, ақыл-ойы, дарыны соғыс біткен соң қаншама құнды туындылар берер еді. Катыньда өмірі қиылған поляктардың артында жанұялары, ұрпақтары қалды. 2000 жылы Катынь орманында Ресей мен Польша бірлесіп «Катынь» мұражайлық кешенін жасады. Поляк офицерлерін сонау алыс 1940 жылы атқан жерде поляк әскери зираты бар. Катынь қайғылы оқиғасы және ұзақ жылдар бойы оны құпияландыру, жалған ақпар беру халықаралық құқықтың, мораль мен адамшылықтың қағидаларымен мүлде санаспайтын Кеңес Одағындағы тоталитарлық режимнің қылмысты саясатының нәтижесі болатын. Халықаралық құқық қағидаларын бұзу кеңес өкіметінің басқа соғысушы елдердің ғана емес, Қызыл Әскердің тұтқынға түскен офицерлері мен жауынгерлерін «сатқындар» деп айыптауынан да көрінеді. Посткеңестік мемлекеттерде демократиялық үдеріс тереңдеген сайын кеңестік тоталитаризмнің барлық жағымсыз әрекеттерін ашу, сөйтіп, тарихтың «ақтаңдақтарын» толтыру мүмкіндігі көбейе бермек.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Лебедева Н.С. Катынь: преступление против человечества. М.: Культура, 1994. 352 с.
2. Катынская драма. Козельск, Старобельск, Осташков: судьба интернированных польских военнослужащих / Сост. О.В. Яснова. М.: Политиздат, 1991. 240 с.
3. Streim A. Das Völkerrecht und die sowjetischen Kriegsgefangenen // Zwei Wege nach Moskau. Vom Hitler-Stalin-Pakt bis zum «Unternehmen Barbarossa». Im Auftrag des Militärgeschichtlichen Forschungsamtes. Hrsg. von B. Wegner. – München: R.Piper GmbH, 1991. – S. 291-309.
4. Open Society Archives at Central European University, HU OSA 300-80-1, Box 343.
5. Ежевский Л. Катынь, 1940 / сокр. пер. с польского О. Штейн, Э. Штейн. 3-е изд. Катынь: Глос, 1990. 63 с.
6. Katyn. Dokumenty Ludobójstwa. Dokumenty I materialy archiwalne przekazane Polsce 14 października 1992 r. Red. Ewa Wosik. Warszawa : Polska Akademia Nauk. Instytut Studiów Politycznych, 1992. 183 s.
7. Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 5v/95.
8. Politisches Archiv des Auswärtigen Amtes (Berlin), R 29721.
9. Переписка Председателя Совета Министров СССР с президентами США и премьер-министром Великобритании во время Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. Т. 2. М., 1976. 471 с.
10. Внешняя политика Советского Союза в период Великой Отечественной войны». Т. 1. М., 1944. 791 с.
11. Катынь. Пленники необъявленной войны. Документы и материалы // Под ред. Р.Г. Пихои и А. Гейштора. Сост. Н.С. Лебедева, Н.А. Петросова, Б. Вошинский, В. Матерский. МФД, 1999. - 608 с.

12. Amtliches Material zum Massenmord von Katyn. Im Auftrage des Auswärtigen Amtes auf Grund urkundlichen Beweismaterials zusammengestellt, bearbeitet und herausgegeben von der Deutschen Informationsstelle. Berlin, 1943. 343 s.
13. Żołnierze Polscy-Więźniowie NKWD w latach 1939-1953. Przewodniczący Wojskowej Komisji Archiwalnej płk prof. Dr. Inz. Jan PIĘTA. Część I. – Warszawa, 1993. 82 S.
14. Сообщение Специальной комиссии по установлению и расследованию обстоятельств расстрела немецко-фашистскими захватчиками в катынском лесу военнопленных польских офицеров. М.: ОГИЗ Государственное издательство политической литературы, 1944, 55 с.
15. Kaiser G., Szczesniak A.L. Katyn: Der Massenmord an polischen Offizieren. Berlin: Links, 1992. 336 S.
16. Правда. 1952. 3 марта.
17. Neue Zürcher Zeitung. 1987. 16.Juli.

УДК 94(574)

Кузембаев Н.Е.

Павлодарский государственный педагогический университет

НАУЧНАЯ ШКОЛА АКАДЕМИКА Б.Е. КУМЕКОВА В КИПЧАКОВЕДЕНИИ

Аннотация. Академик Б.Е. Кумеков выдающийся казахстанский востоковед-арабист известен своими трудами в области арабских источников и кипчаковедения во всем мире. Ученый внес и продолжает вносить значительный вклад в подготовку научных кадров высшей квалификации республики. Его ученики развивают идеи своего научного руководителя на ниве арабистики, тюркологии и кипчаковедения. В настоящей работе рассматривается научная деятельность учеников академика Б.Е. Кумекова по разработке кипчакской проблематики. Благодаря многолетней научно-исследовательской и научно-педагогической деятельности ученого Казахстан стал ведущим научным центром по кипчаковедению.

Ключевые слова. Научная школа, академик Б.Е. Кумеков, кипчаковедение, историография, тюркология, арабистика, картография, арабские письменные источники, кипчакские племена, Дешт-и Кипчак.

Аңдатпа. Атақты қазақстандық шығыстанушы-арабтанушы академик Б.Е. Көмеков араб деректері және қыпшақтану салаларындағы еңбектерімен бүкіл әлемге танымал. Ғалым республикамызда жоғары білікті ғылыми мамандарды дайындауға қомақты үлес қосып келеді. Оның шәкірттері өздерінің ғылыми жетекшісінің арабтану, түркітану және қыпшақтану бағытындағы идеяларын дамыту үстінде. Бұл жұмыста академик Б.Е.Көмековтың шәкірттерінің қыпшақтану саласындағы ғылыми зерттеулері қарастырылады. Ғалымның көп жылғы ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан қыпшақтану саласының жетекші ғылыми орталығына айналды.

Түйін сөздер. Ғылыми мектеп, академик Б.Е. Көмеков, қыпшақтану, тарихнама, түркітану, арабтану, картографиясы, араб жазба деректері, қыпшақ тайпалары, Дешті Қыпшақ.

Annotation: Academician B.E. Kumekov, an outstanding Kazakh Orientalist-Arabist, is known for his works in the field of Arabic sources and Kipchak studies all over the world. He has made and continues to make a significant contribution to the training of top-qualification academic staff. His students develop the ideas of their research advisor in the field of Arabic, Turkic and Kipchak studies. In this paper, Academician B.E. Kumekov's students' scientific activity on the development of the Kipchak problematic is considered. Kazakhstan has become the leading scientific center for Kipchak studies due to his research and pedagogic activity.

Keywords. Scientific School, Academician B.E. Kumekov, Kipchak studies, historiography, Turkology, Arabic studies, Arabic written sources, Kipchak tribes, Desht-i Kipchak.

Введение

Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор Б.Е. Кумеков, выдающийся казахстанский востоковед-арабист и кипчаковед внес значительный вклад в разработку кипчакской проблематики. Кипчаковед доказал на основе глубокого анализа арабских письменных источников существование Кимекского каганата как полноценного государства и самостоятельный статус племени куманов в кипчакской конфедерации племен [1-3]. В меньшей степени научному сообществу известен вклад ученого в подготовку научных кадров высшей квалификации Республики Казахстан. Его ученики развивают идеи своего научного руководителя на ниве арабистики, тюркологии и кипчаковедения, тем самым продолжают множить славу казахстанской исторической науки.

Арабские письменные источники всегда оставались основой для научных исследований востоковеда, ведь именно в них содержится богатейший информационный материал по кипчакскому историко-культурному наследию. Знание арабского языка и литературы, знакомство с арабской культурой в заграничных поездках, также способствовали научным исследованиям академика.

Первые ученики востоковеда на ниве кипчаковедения были арабисты К.У. Саки и Б. Батыршаулы, оба обучавшиеся на филологическом факультете по специальности «востоковед-арабист» КазГУ имени аль-Фараби. К.У. Саки под влиянием научного руководителя стал изучать арабские источники по кипчакским мамлюкам в Египте. Учеба в Иорданском университете и Институте народов Азии и Африки в Московском университете, работа в качестве переводчика в Республике Ирак, в посольствах в Египте и Саудовской Аравии, способствовали сбору необходимой информации о деятельности мамлюкских правителей в Египте и Сирии. На основе изучения арабских письменных источников арабисту удалось воссоздать политическую

историю, культуру, военное дело, религиозные воззрения кипчаков-мамлюков. Среди мамлюкских султанов К.У. Саки изучил биографии Айбека, Кутуза, Байбарса, Калауна, Халил бека, Кетбуки и Лашына. В процессе работы удалось собрать ценный материал по деятельности мамлюкских султанов, в особенности Байбарса и Калауна, по защите исламского мира от посягательств крестоносцев, благотворительной деятельности, поддержке развития исламского просвещения, строительства мечетей, медресе, поддержке ученых того времени [4-5].

Второй ученик Б. Батыршаулы стал изучать международные связи мамлюкского Египта и Золотой Орды. В 2002 под научным руководством д.и.н., профессора Б.Е. Кумекова он защитил кандидатскую диссертацию по теме «Взаимоотношения Египетского мамлюкского государства с Дешт-и Кипчаком. На основе арабских источников XIII-XVI вв.» в КазНУ им. Аль-Фараби. Арабистом были показаны специфика этих взаимоотношений, роль выходцев из кипчакской среды на султанском престоле в процессе налаживания международных связей, в продвижении мусульманских ценностей и проповеди ислама в Золотой Орде. Взаимные интересы золотоордынских ханов и мамлюкских султанов в борьбе с Ильханидами Ирана, и развитии международной торговли, стали прочной основой для межгосударственного сотрудничества [6]. В итоге это сотрудничество помогло остановить продвижение монгольских войск на Ближний Восток и способствовало развитию исламской цивилизации. Учеба и работа в Ливии и Египте помогли арабисту собрать уникальный материал по архитектуре мамлюков. Наряду с этим Б. Батыршаулы совместно с академиком Б.Е. Кумековым подготовил и издал альбом по архитектуре мамлюков Египта и Сирии. Уникальным в этой работе является доказательство влияния кипчакской культуры на архитектуру исламского государства [7].

Не ограничиваясь работой с талантливыми учениками Б.Е. Кумеков воспитал себе достойную смену – дочь Р.Б. Кумекову, которая владеет арабским языком и занимается изучением арабских источников, в частности под авторством аль-Омари. Всерьез интересуется мусульманскими географическими сочинениями на предмет информации о территории Казахстана [8]. Р.Б. Кумекова работает в единственном не имеющем аналогов в мире Международном институте кипчаковедения в КазНУ имени аль-Фараби созданном выдающимся ученым, ее отцом Болатом Ешмухамбетовичем Кумековым. В институте кипчаковедения реализуются научные проекты по изучению кипчакского историко-культурного наследия, налаживаются международные научные связи с ведущими зарубежными научными востоковедными центрами, организуются специальные научные мероприятия посвященные кипчаковедению. Институт стал центром научной деятельности для молодых арабистов и тюркологов делающих свои первые шаги в науке.

Занимаясь преимущественно мусульманскими источниками, академик Б.Е. Кумеков не мог обойти стороной кипчако-латинский словарь «Кодекс Куманикус», его изучению посвятил диссертационное исследование ученик востоковеда К.С. Анарбаев. Если большинство кипчаковедов обращали внимание на памятник письменности с точки зрения филологии, то К.С. Анарбаев рассмотрел его как исторический источник по материальной и духовной культуре, хозяйству, менталитету, социально-политической структуре и истории кипчакских племен [9-11.]. Впервые на «Кодекс Куманикус» как исторический источник обратила внимание российский археолог С.А. Плетнева при изучении историко-археологического прошлого половцев [12-13]. Однако ученик востоковеда пошел гораздо дальше, сделав это предметом своего специального исследования. Обнаруженные материалы позволяют провести сравнительный исторический анализ с культурным наследием насельников Казахских степей.

Придавая крупное значение развитию источниковедческих исследований, академик Б.Е. Кумеков способствует развитию историографических исследований в кипчаковедении. Ученик Б.Е. Кумекова, выпускник КарГУ имени Е.А. Букетова, Н.Е. Кузембаев занимается изучением истории изучения кипчакских племен в российской исторической науке в XVIII – XX вв., наряду с этим исследует историографию и библиографию кипчаковедения в Казахстане, странах ближнего и дальнего зарубежья [14-17]. В курсе разработки историографии были рассмотрены исторические, археологические, археологические и филологические исследования, посвященные проблемам этнополитической истории, исторической географии, хозяйству и культуре кипчакских племен. Отдавая дань уважения деятелям прошлого, Н.Е. Кузембаев подготовил и издал научный сборник об историко-культурном наследии кимеков и кипчаков, посвященный памяти казахстанского кипчаковеда С.М. Ахинжанова [18]. Ученик академика показал идентичность кипчакского племени «дурут» с половецким «тертробичи» и «тертерами» во Втором Болгарском царстве [19]. В соавторстве с видным венгерским востоковедом, доктором исторических наук И. Зимони Н.Е. Кузембаев написал коллективную монографию, посвященную монгольскому завоеванию Дешт-и Кипчака [20-21]. Совместно с научным руководителем Б.Е. Кумековым были подготовлены и изданы учебные пособия на государственном и русском языках посвященные Кимекскому каганату [22-23].

Отдавая много времени работе с учениками, магистрантами и докторантами, академик Б.Е. Кумеков занимается преподавательской деятельностью, читает лекции в ведущих университетах Казахстана и Китая.

Не останавливаясь на достигнутых успехах именитый кипчаковед организует специальные научные мероприятия – международные конференции по кипчаковедению, первая была организована в Алматы, а вторая конференция в 2013 г. в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева в г. Астана [24]. Конференции стали площадкой для обмена научными идеями, налаживания международных научных связей, показали уровень развития кипчаковедческих исследований казахстанских ученых и окончательно закрепили за Казахстаном статус ведущего научного центра по разработке кипчакской проблематики в мире.

Таким образом, благодаря многолетней научно-исследовательской и научно-педагогической деятельности ученого Казахстан во многом стал ведущим научным центром по кипчаковедению. Ученики Б.Е. Кумекова продолжают множить славу казахстанской исторической науки, вносить вклад в развитие кипчаковедческих исследований.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX–XI вв. по арабским источникам. – А.-А.: Наука, 1972. – 156 с.
2. Кумеков Б.Е. Об этнонимии кыпчакской конфедерации западного Дешт-и Кыпчака XII – начала XIII века // Известия НАН РК. – Серия общественных наук. – 1993. – № 1. – С. 58-70.
3. Кумеков Б.Е. Арабские источники по истории кипчаков, куманов и кимаков VIII – нач. XIII вв.: диссертация в виде научного доклада на соискание научной степени доктора исторических наук: 07.00.09. – Санкт-Петербургский филиал Института востоковедения РАН, 1994. – 40 с.
4. Саки К.У. Қыпшақ мәмлүктер. – Астана: Фолиант, 2006. – 464 бет
5. Кумеков Б.Е., Саки К.У. Султан Бейбарс. История, личность, время. – А.: Аруна, 2010. – 96 с.
6. Батыршаулы Б. Взаимоотношения Египетского мамлюкского государства с Дешт-и Кыпчаком. На основе арабских источников XIII–XVI вв. – А.: Экономика, 2006.
7. Кумеков Б.Е., Батыршаулы Б. История мамлюкской архитектуры в Египте. – Астана, 2011
8. Арабские географы и путешественники IX – XII вв. / Вступ. ст., пер. с араб., коммент., тексты и факсимиле Б.Е. Кумеков, Р.Б. Кумекова. Отв. ред. А.К. Муминов. – А.: Дайк-Пресс, 2010. Том 2. – 328 с.
9. Анарбаев К.С. Құмандардың саяси-әлеуметтік құрылымы (XI–XIII ғғ.) // Ағартушы, ғалым, зерттеуші (Ш.Ш. Уәлихановтың туғанына 170 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары). - Шымкент, ОҚПУ, 20-21 мамыр 2005 жыл. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 96-99 бб.
10. Анарбаев К.С. Құман күнгізбесінің кейбір мәселелері («Кодекс Куманикус» материалдары негізінде) // ҚазҰУ Хабаршысы. - Тарих сериясы. - 2007. - №2. (12) – 52-58 - бб.
11. Анарбаев К.С. “Кодекс куманикус” кыпшақтардың тарихи-мәдени ескерткіші (XIII–XIV ғғ.). Монография. – Шымкент-Алматы, 2015. – 160 б.
12. Плетнева С.А. Половецкие каменные изваяния // Советские археологические источники. – 1974. – Вып. Е 4-2. – 200 с.
13. Плетнева С.А. Половцы. – М.: Наука, 1990. – 208 с.
14. Кузембаев Н.Е. История изучения кипчакских племен в России (XVIII–XX вв.). – А.: Эрекет-Принт, 2011. – 158 с.
15. Кузембаев Н.Е. Историография кипчаковедческих исследований в российской исторической науке (XVIII–XX вв.). – А.: Эрекет-Принт, 2011. – 113 с.
16. Кузембаев Н.Е. Изучение кипчакской проблематики в исторической науке России в XVIII – конце XX веков // Archivum Eurasiae Medii Aevi. – XVIII. – 2011. - p. 157-197.
17. Кузембаев Н.Е. К постановке вопроса о роли и значении трудов современных болгарских ученых в кипчаковедении // Epohi. Journal of History. – Veliko Turnovo. - 2016. – p. 57-60.
18. Историко-культурное наследие кимаков и кипчаков / Составитель Н.Е. Кузембаев. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2006. – 208 с.
19. Кузембаев Н.Е. Кыпчакские «дуруты», «тертробичи» и «тертеры» в истории Евразии // Central Eurasia in the Middle Ages. Studies in Honour of Peter B. Golden. Edited by Istvan Zimonyi and Osman Karatay. – Wiesbaden: Harrassowitz Verlag, 2016. – 445 p. - С. 223-234.
20. Кузембаев Н.Е. Монгольское завоевание кипчакских племен восточного Дешт-и Кыпчака и судьбы кипчакской элиты в составе Монгольской империи и за ее пределами // Archivum Eurasiae Medii Aevi. – XVIII. – 2012. - p. 185-197.
21. Зимони И., Кузембаев Н.Е. Монгольское завоевание Дешт-и Кыпчака: монография / И. Зимони, Н. Кузембаев. – Павлодар: Керек, 2014. – 119 с.
22. Кумеков Б.Е., Кузембаев Н.Е. Кимекский каганат: источники, историография, социум. – Павлодар: Издательство ПГПИ, 2014. – 99 с.
23. Көмеков Б.Е., Кузембаев Н.Е. Кимек кағанаты: деректер, тарихнама және қоғам. – Павлодар: ПМПИ баспасы, 2014. – 100 б.
24. «Еуразия кыпшақтары: тарих, тіл және жазба ескерткіштері»: халықаралық ғылыми конференция. 29-30 мамыр 2013 жыл. Жалпы редакциясын басқарған академик Көмеков Болат Ешмұхамбетұлы. – Астана, 2013. – 416 б.

А.Т.Кульбаева, Л.Т.Исова
КазНУ им. аль-Фараби

ПОЛЯКИ И КАЗАХИ: ТОЛЕРАНТНОЕ СОСУЩЕСТВОВАНИЕ ЧЕРЕЗ ВОСПРИЯТИЕ ДРУГ ДРУГА

Аннотация. В рамках проекта, инициированного Посольством Республики Польша в Республике Казахстан «Польские дипломатические представительства на территории Казахской ССР в годы второй мировой войны», исследовательская группа преподавателей Казахского Национального университета имени Аль-Фараби предприняла попытку найти польскую делегатуру в южных регионах Республики Казахстан. К сожалению, архивные документы, изученные группой, пока не могут дать однозначного ответа на поставленный вопрос о присутствии польских официальных дипломатических представителей в Алматинской области. Однако работа в архивах г. Алматы и Алматинской области дала возможность найти упоминания о польском контингенте и его круге общения в данном регионе.

Ключевые слова. Дипломатическая деятельность, представительство, польское посольства, КазССР, попечительские организаций.

А.Т.Кульбаева, Л.Т.Исова
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

ПОЛЯКТАР МЕН ҚАЗАҚТАР: ӨЗАРА ҮНДЕСТІКТЕГІ ҚАТАР ӨМІРДІҢ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. Қазақстан Республикасындағы Польша Республикасының Елшілігінің ұсынысының негізінде «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақ КСР аумағындағы поляк дипломатиялық өкілеттілігі» атты жоба қолға алынып, оның барысында ал-Фараби атындағы ҚазҰУ зерттеуші ғалымдарының бірқатар зерттеулері жүргізілді. Зерттеу тобы Қазақстан Республикасының оңтүстік аймақтарында болған поляк делегатурасының қызметін анықтауға тырысты. Зерттеу тобы зерттеп-білген мұрағат құжаттары әлі де болса, Алматы облысында поляк ресми дипломатиялық өкілеттілігінің шынайы қызметін сипаттайтын құжаттарды біржақты толық жинақтаған жауапта емес. Алайда, Алматы қаласындағы және Алматы облысындағы ресми мұрағаттарда атқарған жұмыстар, осы аймақтағы поляк бөлігі және ол туралы естеліктердің бар екендігі туралы мәліметтер табуға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер. Дипломатиялық қызмет, өкілеттілік, поляк елшілігі, ҚазССР, қамқорлық ұйымдары.

A. T. Kulbayeva, L. T. Issova
Al-Farabi Kazakh National University

POLES AND KAZAKHS: TOLERANT COEXISTENCE THROUGH PERCEPTION OF EACH OTHER

Summary. Within the project initiated by Embassy of the Republic of Poland in the Republic of Kazakhstan "The Polish diplomatic missions in the territory of the Kazakh SSR in the years of World War II" the research group of teachers of Al-Farabi Kazakh National University has made an attempt to find the Polish delegatura in the southern regions of the Republic of Kazakhstan. Unfortunately, the archival documents studied by group can't give definite answer to the question posed about presence of the Polish official diplomatic representatives in Almaty region yet. However work in archives of Almaty and Almaty region has given the chance to find mentions of the Polish contingent and its circle of contacts in this region.

Key words. Diplomatic activity, representation, Polish embassies, KAZSSR, trustee organizations.

Введение

Еще в конце XX века на всемирных конгрессах историков была выдвинута идея показать историю мира и стран через историю и судьбы людей, были введены понятия макроистория и микроистория. Понимание судьбы государства через судьбу его граждан позволяет по-новому взглянуть на коллизии XX века.

В рамках проекта, инициированного Посольством Республики Польша в Республике Казахстан «Польские дипломатические представительства на территории Казахской ССР в годы второй мировой войны», исследовательская группа преподавателей Казахского Национального университета имени Аль-Фараби предприняла попытку найти польскую делегатуру в южных регионах Республики Казахстан. К сожалению, архивные документы, изученные группой, пока не могут дать однозначного ответа на поставленный вопрос о присутствии польских официальных дипломатических представителей в Алматинской области. Однако работа в архивах г. Алматы и Алматинской области дала возможность найти упоминания о польском контингенте и его круге общения в данном регионе.

Несмотря на то, что польский этнический компонент в большей степени был сконцентрирован в северных областях Казахской ССР, и в Алма-Ате оказалось немало поляков, которые становились на учет во многих общественных и государственных учреждениях. Нами были изучены архивы Международной организации помощи борцам революции (МОПР). Это была общественная организация, основная цель которой была заявлена в названии. Конечно, далеко не все поляки, обращались в данную организацию, многие не имели представления о ней и в силу жизненных обстоятельств не могли претендовать на помощь, организованную МОПР. Но в условиях военного времени любая помощь, которая приходила, в том числе от общественников, была абсолютна необходима.

События 1939 года вынудили многих поляков покинуть оккупированные территории и искать пристанища за пределами Родины.

В Центральном Государственном архиве Республики Казахстан фонд Р-1125 содержит множество документов, связанных с судьбами перемещенных лиц, в том числе польских граждан, прибывших после 1939 г. в Казахстан. По ним, можно проследить, например, судьбу Мержан Иды Хаимовны, еврейки из г. Дубенка, как она сама пишет, получившей советское гражданство.

Записанное мною следующее: Я ушла из Польши в Советский Союз пешком, раненная гитлеровским солдатом в голову. Дочь оставила у родителей. Она была спасена мамой, которая выскочила оттуда во время расстрела отца, брата и ребенка сестры. Благодаря т. Молотову ребенок попал с провожатым в Советский Союз. Это первый раз, когда ребенок избежал смерти. Здесь в больнице она тяжело болела три месяца разными болезнями, врачи отстояли. Неужели она теперь умрет здесь от голода?!

АНКЕТА

Политэмигранта, эвакуированного в Казахстан.

1. **Фамилия, имя, отчество/полностью/** Мержан Ида Хаимовна
2. **Год рождения и место рождения** 1907г. Город Дубенка, Польши
3. **Национальность и гражданство** Еврейка. Советское
4. **Партийность/какой Компартии, с какого года/** Польской Компартии с 1928
5. **Специальность** Учительница-дошкольница
6. **Где, когда вел революционную работу, подвергался ли преследованиям, тюремному заключению, когда, где** В Варшаве, в Обвюнке. Экономически преследовалась. В 1939г. расстреляна в Польше почти вся
7. **Когда, откуда, почему эмигрирован** В 1939г. из Польши, когда Гитлер пил Польшу. Грозил мне смерть за политическую деятельность Из и отомстили семье.
8. **Когда, откуда, почему прибыл в Казахстан** Эвакуирована из Украины. Ковель приказом штаба МПВО В начале отечественной войны
9. **Где вы проживаете в настоящее время, чем занимаетесь** Район Терен-Узян. Колхоз Кагановича. Являюсь Колхозницей
10. **Семейное положение, кто из членов семьи с Вами находится/ перечислить по именам с указанием возраста/кто из членов семьи, где работает** Муж болеет, но работает в колхозе. Дочь – 4 года. Дана Мержан. Рожд. 1938г.
11. **Где находятся ближайшие родственники** Мать у Гитлера в Польше, сестры в Палестрия
12. **Состояние здоровья Вас и членов семьи** У меня порок сердца. Муж и дочь болеют.
13. **Бытовые условия/квартира, снабжение, питание/.В чем особенная нужда** Живем в коридоре. Совсем без мебели, постели. Спим на соломе. Пудаемся в житаеми от 15% нам не дают авансов, а вещей нет у нас для продажи
14. **Единовременные и месячные пособия, от кого, сколько получаете по прибытии в Казахстан** Зимой получили, один раз 100 р. на всех
15. **Пользовался до эвакуации от ЦК МОПР СССР пособиями и др. помощь** Нет. Мы всегда работали по специальности
16. **Точный адрес: почтовое отделение, /село, город, ж.д. станция/, район, область, колхоз, совхоз, МТС, улица, дом №** Район Терек-Узян. Колхоз Кагановича. И. Мержан

«27» «июля» 1942 г.

Подпись: И.Х. Мержан

Пометка:

С 1944 г. Живет в А-Ате. Работает в детсаде №49. 5-я линия. Дом. адрес: 12 Линия, д. № 70 [1].

Можно предположить, что Ида Мержан жила в каком-то доме, причем, скорее всего по программе т.н. уплотнения, которая широко применялась в Советском Союзе. Уплотнение сводилось к тому, что в помещении, рассчитанном по самым скромным меркам на 3-4 человек, порой проживало до 10, т.е. 2-3 семьи. Из анкеты видно, что на территории Советского Союза Ида Мержан находится с момента подписания пакта Риббентропа-Молотова, причем по ее собственному выражению, именно пакту она обязана спасением дочери. Кроме того, обращение в МОПР для Иды Мержан – жест отчаяния, последняя надежда спасти больную дочь.

Аннотация. Статья посвящена истории средневековых кереев, которые сыграли заметную роль в этногенезе казахов. Авторы на основе источников аргументированно доказывают их роль в формировании других тюркских племен в качестве отдельного этноса.

Ключевые слова. керей, казахи, тюркские племена, этногенез, этнос.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ КЕРЕЙЛЕР

Аңдатпа. Мақала қазақ халқының этногенезінде үлкен роль атқарған ортағасырлық керей тайпасының тарихына арналған. Кейінгі зерттеулерге қарағанда олар тек қазақ халқының құрамында ғана емес, басқа да түркі этностарының қалыптасуына зор әсер еткен. Мақалада осы процесс деректерге негізделіп дәлелденеді.

Ключевые слова. керей, казахи, тюркские племена, этногенез, этнос.

A. Kuzembayuly, E. Abil, T. Alibek
KEREIS AS A PART OF TURKIC PEOPLES

Abstract. The article is dedicated to the history of medieval Kereis, who played a notable role in the ethnogenesis of the Kazakhs. The authors, based on the sources, argumentatively prove their role in the formation of other Turkic tribes as a separate ethnic group.

Keywords. Kereis, Kazakhs, Turkic tribes, ethnogenesis, ethnos.

Введение

Современные казахи являются представителями больших родовых групп. Одним из них является *керей*, значительная часть которых обитает в пределах соседних государств и даже находится в составе других этносов. Значительные группы керейтов после завоеваний Чингисхана отдельными группами вошли в состав различных тюркских народов. По мнению отечественных этнологов, часть керейтов устремилась на запад, вплоть до Волги, где они сохранили свой этноним «*керейт*» и вошли позднее под этим названием в состав узбеков, киргизов, а небольшая группа - в состав казахов. Этноним керейт (*керейд, кириет, кирийет*) зафиксирован также в топонимии причерноморских степей. Другая часть керейтов осталась в Северном Казахстане и влилась в Средний Жуз казахов под названием керей (кара-керей, абак-керей), утратив окончание -ит в прежнем этнониме [1]. На наш взгляд, эта схема построена с учетом имеющихся материалов и выглядит убедительно. Прямыми потомками могулистанских керейтов можно признать кыргызский род герей племени доолос.

Группы керейтов есть и среди башкир. Это род *гэрэй*, к нему примыкают роды карагай, санкем, бушман и суун. Башкирский этнолог Р. Кузеев объясняет появление этнонимов гэрэй (гэрэй-кыпсак), гэрэ - у башкир, герей - у крымских татар частичной миграцией кереев на запад. На основании сравнения родовых гербов-тамг он считает, что в составе Золотой Орды керейты и керей имели определенные контакты с кунгратами.

Совершенно естественно предположить в этой ситуации тесные контакты между кунгратами и керейтами, связанными участием в монгольских походах, еще свежими воспоминаниями об оставшихся далеко на востоке племенных землях. «*В этом, на наш взгляд, основная причина сочетания кыпчакских, кунгратских и керейских (или керейтских) этнонимов в одних и тех же образованиях, а также сходства тамг, казалось бы, между различными образованиями*», - отмечает Р. Кузеев [2]. В пестроте и сложности кыпчакских признаков достаточно четко просматривается сходство тамг (и этнонимов) башкирского рода гэрэй-кыпчак, казахского - кара-гирей и керей.

Отметим, что по данным башкирских шежире, термин «керей» фиксируется в устье р. Уфы, где располагалась ставка правителя конфедерации кунграт-кыпчаков – г. Тура-Тау. В частности, в шежире юмран-табынских башкир говорится о Гирей-хане, жившем в устье р. Уфы. В башкирской летописи, проанализированной Д. Соколовым, говорится о дворце Кирей-хана «*на горе на кургане*», который исследователь ассоциирует с городом Туратау в устье Уфы [3].

Вместе с тем, легендарный Керей-хан башкир твердо связывается с кунгратской конфедерацией. Так, в башкирских родословных есть упоминание о том, что Туратау был ставкой конгратов: «*около города Уфы, на реке Белой...была крепость Кунграт, жители оттуда переселились в Ургенч...на реке Белой есть гора Тура-Тау. Тура – это имя кунгратского хана*» [3, с.126-127].

Интересен родовой состав гэрей-кыпсаков: арсланбек, асылбек, вахан, кабыкканат, кэстэй, мукай, мурсэй, нигмат, тау, тизэ, туйгун, тюйзе, умрэш, шаухияк. Особый интерес вызывает род арсланбек, совпадающий с именем мифического предка казахских кереев – Арыстанбека, сына Керей-батыра, что позволяет предполагать прямую генетическую связь башкирских гэрей-кыпсаков и казахских кереев.

Итак, появление гэрэй-кыпсаков тесно связано с этническими процессами в Золотой Орде в XIII - начале XIV в. Башкиры этих родов являются потомками кыпчаков Дешт-и-Кипчака, смешавшихся с керееми и кунгратами. Находясь, возможно, в числе подвластных кунгратам племен, они восприняли от них некоторые этнонимы и тамги.

Кроме гэрей-кыпсаков в состав башкирского народа входит самостоятельное племя гэрэ, формирование которого также можно связать с керейтскими миграциями. По преданиям самих гэрэ, миграция этого племени в Приуралье из Западной Сибири произошла одновременно с кыпчаками. Сначала они расселились на р. Белой. Позднее, в конце 14-15 вв., часть племени углубилась в забельские леса. С этим связывается разделение племени на две части – *идель-гэрэ (живущие на р.Белой) с родами ак тубэтэй, зайнулла, муйтэн, мутин, муксин, махмут, тояк, хасан и урман-гэрэ (живущие в лесах) с родами алдар, байгилде, балтач, балткы, баикурт, габидулла, даят, казанкешесе, канкилде, кильделяр, кулмамет, култами, кушык гэрэ, тауш, таибулат, типтяр, туйкеш, тукбирде, хайдар, шадырбай, янбуса.*

Род керейт фиксируется и среди узбеков Бухарского и Хивинского ханства [4]. В этот регион керейты попадают в составе 92 узбекских племен Мухаммеда Шейбани начале XVI века. А.Валиди Тоган отмечал: «узбеки (Ozbek) повсеместно именуется "*doksan iki boy Ozbek*" [узбеки 92 племен]. Здесь бой означает племя. У узбеков существует генеалогия, где все эти 92 племени названы поименно... Нет никаких сомнений, что эта генеалогия перечисляет названия племен эпохи Золотой Орды (Altin Orda), т.е. до отделения мангыт-ногаев и казахов»[5]

У современных узбеков самостоятельное племя «кереит» уже отсутствуют, но есть подразделение керейт объединения маркабаласы племени юз [6], а также ашамайлы в составе племени конгрят Восточной Бухары, Хорезма [6, с.322] и племени минг у узбеков Афганистана [5]. Кроме того, у узбекского племени кенегес есть роды абаклы и ашамайлы.

Значительное место потомки кереев занимают среди каракалпаков. Собственно кереев в списке каракалпакских племен нет, но существует крупное объединение ашамайлы, входящее в конфедерацию конырат. Кстати тамги казахских и каракалпакских ашамайлы совпадают. Каракалпакские коныраты состоят из 2 отделений: *Шулдук и Жаунгыр (Зуунгар). Шулдук состоит из уру Кият, Ашамайлы, Колдаулы, Костамгалы, Балгалы, Кандекли, Карамойын, Муйтен. Ашамайлы состоит из 13 уру: саки, карахожа, жалангаяк, айыллы, кабасан, туркменкара, жапар, сары, абыз, акай, пангара, ушбас, курама.* Обращает на себя внимание связь узбекских и каракалпакских керейтов (ашамайлы) с конратами, которая наблюдалась и у башкирских гэрэев.

Таким образом, мы можем считать, что узбекские и каракалпакские керейты и ашамайлы являются потомками населения Восточного Дешт-и Кыпчака и мигрировали в Маверранны в составе узбеков Мухаммеда Шейбани в начале XVI века.

Среди туркменских племен существует племя герейли, которое с некоторой долей вероятности можно связывать с керееми. На старинных средневековых кладбищах у селений Ярты-Кала и Кизыл-Имам на Чандыре и Шарлоук при слиянии Сумбара с Чандыром существуют необычные надгробия – каменные столбы высотой иногда до пяти метров. На них встречаются вырезанные фигурки людей (это несмотря на запрет мусульманской религии), растопыренная пятерня – атрибут принадлежности к шиизму и ряд других знаков. Живущие в этих местах туркмены – *гокланы и йомуды*, связывают это кладбища с племенем герейли [7]

Письменная традиция связывает герейли с туркменами саин-хани (туркмены Саин-хана или саинхановские туркмены). Так у иранских историков именовались туркмены, жившие между Гургеном и Атреком, по монгольскому прозвищу Саин, которое носил золотоордынский хан Батый. Они же называются иначе – «*яка-туркмены*». Данные, имеющиеся в «Алам ара-и Сефевии» и «Хабиб-ус-сияр» говорят о восстаниях улусов саин-хани и гирейли против Мухаммедом Заман-мирзы. В позднее средневековье герейли было самостоятельным племенем [8]. Туркменский этнограф С. Атаниязов считал герейли родственниками казахских кереев и потомками могулис-танских керейтов [9]. Современные герейли (герей) входят в состав племен дюеджи, йомуд, теке.

Письменная традиция включает герейли в список огузских племен, потомков Огуз-хана. Так, хивинский историк Абулгазы считает герейли потомками одного из шести сыновей Огуз-хана, рожденными от наложниц: «*назовем имена сыновей, родившихся у этих шести сыновей Огуз-хана от наложниц. Однако какой из них от [какого] из сыновей [Огуз-хана] – не известно. [Вот их имена]: Кене, Куне, Турбатлы, Гирейли, Султанлы, Оклы, Коклы, Сучлы, Хорасанлы, Йуртчы, Джамчи, Турумчи, Кумы, Соркы, - его*

[потомков] теперь называют сорхы, - Курджык, Сураджык, Караджык, Казыкурт, Кыргыз, Тикин, Лала, Мурдашуй, Сайыр» [10].

Туркменский этнограф А. Джикиев связывает происхождение туркменского рода герей с огузскими тюрками VIII в. [11]. Учитывая, однако, что сочинение Абу-л-Гази составлено значительно позднее, а также наличие в одном списке с герейли таких явно неогузских этнонимов, как кыргыз и тикин, нам представляется более аргументированной точка зрения, что герей (герейли) – потомки кереев Дешт-и Кыпчака. Учитывая, что среди потомков Огуз-хана в изложении Рашид-ад-Дина Герейли отсутствует, но уже в изложении Абулгази-Бахадура этот персонаж присутствует, можно предположить, что керей входят в состав туркменских плем примерно в XIV-XVI вв.

Ближайшие родственники казахов ногайцы также имеют в составе родовые группы с трибонимом «керей». Так среди средневековых менгытов зафиксирован ырыу (род) керейт (керей), в составе которого существовал тюп (подрод) бузаулык-керей [12]. Кроме того, в составе рода уйшын (уйсын) существовал тюп ашамай. В исследовании А.-Х.Ш. Джанибекова, посвященном изучению тамг крымских ногаев, присутствует несколько групп керейтского происхождения. Это отары с тамгой «ашамай», *керейты*, *иргаклы-керей*, *абаклы*, *ачамайлы*, *тама-керейты* и *кият-керей* [13].

Есть основания считать, что крымские ногайцы из племени керей сыграли определенную роль в возвышении султана Хаджи-Герая, основателя династии крымских Гиреев. В главе, посвященной генеалогии крымских ханов, К.Э. Босворт, в частности, указывает: «В период междоусобий, сотрясавших Золотую Орду после 760/1359 г., в Крыму утвердилась одна ветвь потомков Джучиева сына Тока-Темюра. В начале они были вассалами Тохтамыша, но затем, с начала XV в., полностью сбросили с себя зависимость от Золотой Орды и образовали самостоятельное ханство во главе с Хаджи-Гиреем (ум. в 871/1466 г.). Родовое имя Гирей (Герай) образовано, возможно, от керей, названия одного из родов, входивших в состав Золотой Орды, который оказал поддержку Хаджи-Гирею. Так или иначе, Крымское ханство стало одним из самых долговечных государств Чингисидов» [14]. Такого же мнения о происхождении родового имени Гирей (Кирей) придерживается известный крымско-татарский историк, профессор Халил Иналджик [15].

Крупнейший российский востоковед В.В. Бартольд считал, что второе имя Хаджи-Герая связано с тем, что аталыки (воспитатели) принцев данной династии принадлежали к роду керей [16]. По-видимому, у Хаджи еще не было намерения передать это имя по наследству своим потомкам; из его сыновей только один - Менглы, который не был ни старшим, ни непосредственным наследником своего отца, - носил имя Гирей; зато со времен Менгли это имя стало даваться каждому царевичу из этой династии. Позже в Крыму возвысились другие рода – *аргын*, *шырын* и *барын*, но этноним керей сохранился в названии целого ряда населенных пунктов. Так, в Камеральном описании Крыма 1771 года упоминаются деревня Кирейт Каракуртского кадыклыка, деревня Джан-герей Качи Беш Паресы кадыклыка [17], Кок-герай Мангытского кадыклыка, [17, с. 56] Керей и Абаклы Сакал кадыклыка, [17, с.63] Кер-ейт Самарчик кадыклыка, Керей и Кучук-Керей Четырлык кадыклыка [17, с.64].

Среди хакасов исарского улуса (от хакасского «иссархы» – внутренний) находившегося в центре Хакасско-Минусинской котловины вдоль Енисея от устья Абакан до р. Огур, основное население составляли рода ке-реит и изыр, ибо в русских источниках вместо названия исарцев часто фигурировали керейты или езерцы. Княжеские кочевья их находились в устьях р. Ерба и р. Абакана [18]. Родовой состав тарбагатайских кыргызов также может содержать и рода енисейских кыргызов, переселенных джунгарами в начале XVIII в. в Или – Иртышское междуречье. В частности рода керей и чотай, могут соответствовать родам керейт и чода хакасов, которые являются прямыми потомками енисейских кыргызов позднего средневековья [19].

Образ Керей-хана присутствует в хакасских преданиях и мифологии алтайцев. В составе пантеона подземных божеств присутствует свирепый «Кирей-хан» [20] (у северных алтайцев - Керей-хан), т.е. керейтский хан, один из помощников Ирлик-хана. Он очень жестокий, не знающий милосердия даже к своим детям. Аналогичный образ существует в религиозных верованиях алтайцев, у которых хозяин ада в царстве Ирлик-хана называется «Керей-хан [21]. Если учесть, что Ирлик-хан порой называется у хакасов «Чингис-хан» (Чингес-хан), то вполне уместно предположить, что мифический «Кирей-хан» связан с личностью исторического Ван-хана. В алтайских мифах Керей-хан – один из богатырей Эрлика - Эс коныклу Керей-хан (Керей хан с медным переносьем) [22].

В последние годы появились данные о керейтском происхождении других тюркоязычных этносов. В частности, некоторые авторы высказывают интересную гипотезу о происхождении этнографической группы татар-кряшен от керейтов, в частности, потомков улуса Керейчин. В частности М. Глухов высказал точку зрения, что керейты, покоренные Чингисханом, не утратили своей идентичности. Участие в завоевательных походах привело к их появлению в Средней Азии и Восточной Европе. Позднее, при образовании самостоятельных Крымского и Казанского ханств большое число керейтов оказались в Крыму и на Средней Волге [22]. Будучи христианами несторианского толка, керейты-керейчины с легкостью

восприняли православие, сохранив элементы дохристианских верований. Их потомки поныне живут в восточных районах Татарстана, сохраняя этноним керейчин в несколько деформированном виде, как реликт исторической памяти [23].

Отметим, что при всей внешней привлекательности, данная гипотеза требует своего подтверждения. Появление подобных гипотез связано с тем, что активизировавшаяся кряшенская интеллигенция, дистанцирующаяся от общепринятой точки зрения о насильственном крещении татар в XV-XIX веках, и как следствия этой политики, образования этнической группы кряшен, предпринимает попытки научного обоснования самостоятельного характера кряшенского этногенеза [23].

Аналогичная ситуация сложилась и историографии караимской истории. Караимы – тюрки, исповедывающие иудаизм краимского толка. В официальной науке этноним считается происходящим от слова «читающий» на иврите. Вместе с тем, самоназвание караимов «карай» или «карайлар» побудило современных представителей караимской интеллигенции предложить гипотезу о керейтском происхождении этого этноса [24]. Однако сложность реконструкции этнической истории караимов при признании керейтского происхождения этого этноса и отсутствие источников, подтверждающих ее, делает данную гипотезу слабо верифицируемой.

Таким образом, миграционные и этнические процессы на территории Евразии привели к инкорпорации отдельных групп керейтов в состав различных тюркских народов, при этом вполне отчетливо выделяются несколько территориально обособленных групп – в Могулистане, Центральном Казахстане и Сибири, послужившие исходными пунктами для дальнейших миграций кереев в различных направлениях.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX-начало XX в.). – Алма-Ата: Наука, 1968; Муканов М.С. Из исторического прошлого (Родословная племен керей и уак). – Алматы: Казахстан, 1998.
- 2 Кузеев Р. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – Москва: Наука, 1974.
- 3 Юсупов Ю.М. История Башкортостана XV-XVI веков. – Уфа: Гилем, 2009. – С.127
- 4 Ханьков Н.В. Описание Бухарского ханства. – СПб. 1843. – С. 66
- 5 Валиди Тоган Ахмед Заки. Происхождение казахов и узбеков // Режим доступа: <http://odnap11yazyk.narod.ru/uzbekkaz.htm>
- 6 Каюмов А. Узбекские племена и роды // Этнический атлас Узбекистана. – Ташкент, 2002. – С.328
- 7 Режим доступа: <http://www.erkin.net/news/chronicle2/news247.html>
- 8 Туркменистан и туркмены в конце XV - первой половине XVI в. По данным «Алам ара-и Сефевии». Ашхабад. Ылым. 1981. – С.61
- 9 Атаниязов С. Этнонимы в туркменском языке. – Ашхабад: Ылым, 1994. – С.93
- 10 Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази, хана хивинского. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1958. – С.51
- 11 Джикиев А. Туркмены Юго-восточного побережья Каспийского моря. – Ашхабад, 1961. – С.20
- 12 Трепавлов В.В. История Ногайской орды. – М., 2002. – С.501
- 13 Архив Даг НИИИЯЛ. Ф 28, оп. 1, д. 2; Архив РФ ИИАЭ ДНЦ РАН. Ф. 5, оп. 1, д.68
- 14 Босворт К.Э. Мусульманские династии. Справочник по хронологии и генеалогии. Перев. с англ. П.А. Грязневича. – М.: Наука, 1971. – С. 209-212
- 15 Inalcik H. Giray/ Emel, 1967. – N 41. – S.9-10
- 16 Баргольд В.В. Гирей // Сочинения. – М.: Наука, 1968. – Т.Ч. – С.522
- 17 Камеральное описание Крыма, 1784 года // Известия Таврической ученой архивной комиссии. Том 6, 1888. – С. 42-44
- 18 Бутанаев В.Я. К вопросу о Кыргызско-Хакасских этнографических связях // Кыргызцы: этногенетические и этнокультурные процессы в древности и средневековье в Центральной Азии: Материалы Международной научной конференции, посвященной 1000 летию эпоса «Манас» 22-24 сент. 1994 г. – Бишкек: Кыргызстан, 1996. – С. 102-126
- 19 Чертыков М.А. Тарбагатайские кыргызы // <http://www.kyrgyz.ru/?page=297>
- 20 Бутанаев В.Я. Бурханизм тюрков Саяно-Алтая. –Абакан, 2003.- С.107
- 21 Режим доступа: <http://altayim.narod.ru/legends.htm>
- 22 Глухов М. С. Tatarica. Энциклопедия. — Казань: Ватан, 1997. С.329
- 23 Татары (Серия «Народы и культуры» РАН). М.: Наука, 2001. — С.436
- 24 Этнография Крыма. Таврический Национальный Университет им. Вернадского // Электронный ресурс. Режим доступа: <http://www.ccssu.crimea.ua/crimea/etno/ethnos/karaimy/index.htm>

А. Күзембайұлы, Әбіл, Т. Әлібек
Т.Т. МҰСТАФИННИҢ ҚОҒАМДЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақала тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Т. Мұстафиннің өмірі, қоғамдық, педагогикалық және ғылыми қызметіне арналған. Қазақ университетінің тарих факультетінің түлегі ол елімізде саясаттану ғылымының негізін қалады, кадр дайындауды жолға қойды. Мақала Т.Т. Мұстафиннің 90 жасқа толуына орайластырылып отыр.

Түйін сөздер. Т.Т. Мұстафин, саяси ғылымдар, қоғамдық қызмет, педагогикалық және ғылыми қызметі, ғылымдағы жаңа бағыттар

А. Күзембайұлы, Е. Әбіл, Т. Әлібек
ОБЩЕСТВЕННАЯ, ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ И НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ Т.Т. МУСТАФИНА

Аннотация. Статья посвящена жизни, общественной, педагогической и научной деятельности доктора исторических наук, профессора Т.Т. Мустафина. Выпускник исторического факультета Казахского университета, он стоял на истоке полигической науки страны. Является организатором подготовки кадров по новому направлению науки. Статья написана по поводу 90-летия ученого.

Ключевые слова. Т.Т. Мустафин, политическая наука, общественная деятельность, педагогическая и научная деятельность, новое направление науки.

A. Kuzembayuly, E. Abil, T. Alibek
PUBLIC, EDUCATIONAL AND ACADEMIC ACTIVITIES OF T.T. MUSTAFIN

Abstract. The article is dedicated to the life and social, pedagogical and academic activities of Doctor of Historical Sciences, Professor T. T. Mustafin. Being a graduate of historical faculty of the Kazakh University, he stood at the source of political science of the country. He is the organizer of training in the new field of science. The article is dedicated to the 90th anniversary of the scholar.

Keywords: T.T. Mustafin, political science, social activity, pedagogical and scientific activity, new direction of science.

Кіріспе. Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жаңа гуманитарлық білім беру мәселесіне ерекше назар аударды. Ол «біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет» [1] деп жоғары оқу орындарындағы қоғамдық пәндердің қажеттілігіне аса мән берді.

Тәуелсіз елдің тәуелсіз саясаты болуы баршамызға мәлім. Кеңес заман-ында саясаттың өзі марксизм-ленинизм шырмауан шыға алмады. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде мәңгілік деп есептеп жүрген коммунистік идеологиясының қиюуы қашып, берекесі кете бастады. Оның идеяларына халық сенімсіздік туғыза бастады. Бұл үрдіс 1986 жылғы Алматы және басқа да қалалардағы жастар қозғалысынан көрініс тапты. Кейбір оқу орындарында студенттер марксизм ілімін оқудан бас тартты. Олар шет елдердің оқу орындарында оқытылатын саясаттану, әлеуметтану сияқты пәндерді оқу жоспарына кіргізуді талап ете бастады.

Өмірдің өзі қоғамдық пәндер алдына өз талаптарын қоя бастады. Осыған орай жоғарғы оқу орындарының алдыңғы қатарлы профессор-оқытушылары тығырықтан шығар жол іздеді. Солардың бірі биыл тірі болса 90 жасқа толатын тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының саяси ғылымдар академиясының президенті, Қазақстан жоғары мектебінің еңбегі сіңген қызметкері, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде еліміздегі алғашқы саясаттану кафедрасының негізін қалаушы Мұстафин Тілеміс Тілеуғабылұлы. Бірақ тағдырдың жазуымен дәл 70-ке толған күні дүниеден озды [2].

Мұстафин Тілеміс Тілеуғабылұлы 1928 жылы ақпан айының 4 жұлды-зында еліміздің солтүстігінде жатқан Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Лаба (Ұлы оба) атты кішкентай қазақ ауылында мұғалім отбасында дүниеге келген [3]. Әкесі Тілеуғабыл, өз уақытында туған өлкесіндегі танымал қазақ зиялылары мен халық ағартушыларының бірі, Ыбрай Алтынсарин ізін басқан, көптеген шын мәнінде халық мұғалімі болған, ауыл зиялыларының бірі еді. 1925-1926 жылдары Омбы қаласында білім алған Тілеуқабыл елінге

оралып орыс тілі мен әдебиетінен ауыл мектептерінде сабақ береді. Әкесі Мұстафаның орташа дәулеті болатын. Соған қарамастан ол репрессияға ұшырап, алдымен Қостанай түрмесінде екі жыл отырып, кейін Алматыға жер аударылады. Екі жылдан кейін дүние салған Мұстафа Қарадөң деген жерде жерленген [4].

Әке жолы балаға да үлгі болды. Отбасының рухани ұстанмы болашақ профессордың өмірлік мақсаттарын айқындап, мамандық таңдауына игі әсерін тигізді. 1943 жылы Тілеміс Тілеуғабылұлы Меңдіғара педагогикалық училище-сіне оқуға түсті [5]. Ол кезде 1940 жылы Боровское қазақ орта мектебінің базасында ашылған «Казпед» деген аты бар оқу орны Қостанай-Торғай өңірінің зиялы қауымының алтын ұясына айналған еді. Оқу орнын әр жылдары Қаражігітов Нұрмағамбет Оразғалиұлы (1940 -1945 ж.ж.), Дәненов Жұмағали Сәдуақасұлы (1946-1953), Струтовский Игорь Иванович (1964-1976ж.ж.) сияқты өз ісінің мамандары басқарды. Оның төрт бірдей түлегі (Қозыбаев М.Қ., Мұстафин Т.Т., Жұмасұлтанов Ә.Ж., О.Смағұлов) тарих ғылымдарының докторы болды [6].

1946-1951 жылдар аралығында ол сол кезде қазақтың маңдайына біткен жалғыз университет С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде білім алады. Студенттік шағында ғылыми үйірмелерге белсенді қатысып, алғашқы ғылыми баяндамаларын жасайды. Жоғары курстарда ол тарих факультетінде студенттік ғылыми қоғамының көшбасшыларының бірі болды [7].

Университетті үздік аяқтаған Тілемісті министрлік Ташкент қаласындағы Ленин атындағы Орта Азия мемлекеттік университетінің жанындағы жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыратын біржылдық курсқа жіберді. Курс тыңдаушысы ретінде ол оқуы мен Өзбекстанның партия мектебіндегі оқытушылық қызметін қатар алып жүрді.

Оның өмірінің Қарағанды дәуірі шығармашылық жетістіктерге толы болды. 1952-1975 жылдары ол Қарағанды мемлекеттік медицина институтында қызмет істеді [8]. Бұл жерде ол қатардағы оқытушыдан кафедра меңгерушілігіне дейін өсті. Кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғады, институттың, қаланың және облыстың қоғамдық өміріне белсене араласты. Екі тілді де терең меңгерген, өте шешен сөйлейтін адам еді. Әлі есімде, өткен ғасырдың 70-жылдары Қарағанды қаласында қоғамдық пәнер оқытушыларының облыстық семинарлары жиі өтіп тұратын. Соның бірін Қарағанды металлургия комбинаты партком хатшысы Н.Ә. Назарбаев және Т.Т. Мұстафин екеуі өткізді. Үш сағаттық мәжілістің қалай өткенін білмей қалдық. Екеуі жарыса сөйлеп бізді ойландырған көп сұрақтарға жауап берді [9].

1975 жылы Тілеміс Тілеуғабылұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ауысты. Әуелі, Университет жанындағы қоғамдық ғылымдар оқытушыларының біліктілігін арттыру институтында кафедра меңгерді. Ол басқарған жылдары кафедра ғылыми және әдістемелік жұмыстар бойынша үздік нәтижелер көрсетіп, байқауларда жүлделі орындарға ие болады. 80-жылдары Т.Т. Мұстафиннің жетекшілігімен кафедра бірнеше әлеуметтану-лық зерттеулер жүргізді, кейіннен олардың нәтижелері Алматы және Өске-мен қалаларындағы ірі жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының әлеуметтік даму жоспарына негіз болды [10].

1987 жылдың наурыз айы мен 1988 жылдың қараша айы аралығында Т.Т. Мұстафин әл-Фараби атындағы ҚазМУ-да оқу жұмысы жөніндегі проректор қызметін атқарды. Ол факультеттердің әдістемелік комиссияларының рөлін арттыруға бағытталған және оқытуға инновациялық әдістерді енгізу бойынша көптеген жұмыстарды жүзеге асыруға ат салысты [11].

Ол елде және әлемде болып жатқан үдерістерден ешқашан тыс қалған емес. Осыған байланысты Т.Т. Мұстафин 1991 жылы әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың философия, саясаттану және психология факультетінде арнайы бөлім ашты. Осы уақытта Т.Т. Мұстафин қоғамда болып жатқан үдерістерді аналитикалық талдап, ғылыми ізденістерге бағыт-бағдар беріп отырды. 90-жылдары Мұстафиннің бастауымен саясаттану бойынша алғашқы оқу бағдарламалары жасалынды. Саясаттануды ғылым және оқу пәні ретінде қалыптастыруда академиялық мәселелер туындады. 90-жылдардың басында бұл мәселелерге аса көңіл бөлінбеді. Тілеміс Тілеуғабылұлы бұл мәселелерді көріп қана қоймай, саясаттанудың гуманитарлық және қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі рөлі мен орны, оның ғылым ретіндегі пәні, басқа ғылымдармен ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы орынды сауалдар қоя білді. Саясаттанудың ЖОО-да оқу пәні ретінде өз орны белгіленгенімен, жаңа ғылымды тану үшін жалпы әдіснамалық негіз бен оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттігі туындады.

Белгілі саясаткер әрі қоғам қайраткері Қ. Сұлтанов өзінің ұстазын былай деп еске алады «Еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігін ерекше қуанышпен қарсы алған ғалым жаңа заманның алғашқы күндерінен бастап бүкіл тарихқа, тарихи білімге, гуманитарлық білімге жаңа, тәуелсіз Қазақстан тұрғысынан зерделі зейін қою қажеттігін айтып, саяси ғылым саласын қалыптастыруға бастамашы бола білді» [12].

Т.Т. Мұстафин әлем таныған ғалым. Ол шетелдік ғалымдармен тығыз байланыста. Оклахома университетінің студенттеріне екі рет лекция оқыды, Шет елдерде өткен «дөңгелек үстелдерге» қатынасып, онда Қазақстандағы саяси үдерістер жөнінде баяндамалар жасады. Сонымен қатар жақын шет елдердегі өз әріптестерімен де қарым-қатынас жасап тұрады Қырғызстан ұлттық университетімен бірлесіп халықаралық

семинарлар өткізді, ғылыми мақалалар жинағын шығарды. Қазақстан-Америка-Қырғызстан ғалымдарымен «Политология, политика и современность» атты оқу құралының жарық көруі осындай байланыстың нәтижесі [13].

Ұстаздың жолын шәкірттері жалғастыратыны белгілі. Ол азғантай уақыттың ішінде 29 шәкіртінің ғылыми атақ алуына септігін тигізді. Олардың ішінде мына төмендегі тұлғаларды атап өтуге болады: И.Н. Тасмағамбетов, Қ.Е. Көшербаев, Қ.С. Сұлтанов, А.Х. Бижанов, М.С. Машан, Е.Т. Карин, С.К. Көшкімбаев [14].

Профессор Мұстафин Т.Т. 274 еңбектің, соның ішінде саясаттану бойынша 5 монография мен 2 оқулықтың авторы. 15-тен астам ғылыми мақалалар, конференция материалдары мен дөңгелек үстелдер жинақтарының бас редакторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 25 кандидаттық және 4 докторлық диссертация қорғалды. 1980-1988 жж. аралығында саяси ғылымдар кеңес қауымдастығы Президиумы Қазақстан бөлімінің мүшесі. ҚР жаратылыстану ғылымдары мен әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі болып сайланды. Үкімет оның бұл еңбегін жоғары бағалап «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «КСРО Жоғары мектебі» белгісімен марапаттады. Табысты лекторлық қызметі үшін оның есімі «Білім» қоғамының Құрмет кітабына енгізілген. «ҚазКСР Жоғарғы мектебінің еңбек сіңірген қызметкері» деген атағы да бар [15].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
- 2 Өкінішсіз өмір. Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2015. – 77 б.
- 3 Наурызбаева Э. Мұстафин Тілеміс Тлеуғабылұлы // Ашамайлы-керей Танаш баба шежіресі. – Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2011. – 342-343-бб.
- 4 Наурызбаева Э. Мұстафаұлы Тлеуғабыл // Ашамайлы-керей Танаш баба шежіресі. – Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2011. – 341 б.
- 5 Лұқпанов А.И. Қазақстандық саяси ғылымның атасы // Тілеміс Мұстафин / Құрастырушылар: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 49 б.
- 6 Күзембайұлы А., ӘлібекТ. Ұлы обаның ұлы тұлғасы // Нұрлы таң. – 2018. – 3 ақпан
- 7 Алибек Т. Самородок из аула Лаба // Костанайская новость. – 2018. – 4 февраль
- 8 Наурызбаева Э. Мұстафин Тілеміс Тлеуғабылұлы // Ашамайлы-керей Танаш баба шежіресі. – Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2011. – 343 б.
- 9 Профессор Аманжол Күзембайұлы естелігінен.
- 10 Утешов С.К. Человек неутомимой энергии // Тілеміс Мұстафин / Құраст.: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 64 б.
11. Мұстафин Тілеміс Тілеуқабылұлының ғылыми-педагогикалық қызметі туралы // Тілеміс Мұстафин / Құраст.: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 9 б.
12. Сұлтанов Қ.С. Еліміздегі саяси ғылымдар саласындағы зерттеулердің негізін қалаған тұлға // Тілеміс Мұстафин / Құраст.: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 21-24-бб.
- 13 Темирболат Б.Б. Памяти профессора Мұстафина // Тілеміс Мұстафин / Құраст.: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 33 б.
14. Шаукенова З.К. Тлемису Тлеугабдуловичу Мұстафину – ученому, учителю, человеку посвящается // Саясат. – 2008. – № 4. – С. 4-5.
15. Мұстафин Тілеміс Тілеуқабылұлының ғылыми-педагогикалық қызметі туралы // Тілеміс Мұстафин / Құраст.: Г.Ө. Насимова, Г.Б. Әскеева, Н.А. Саитова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 10 б.

Қарасаев Ғ.М.

Мемлекет тарихы институты, Қазақстан, Астана

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС АЙМАҒЫ, АЛТАЙ ӨңІРІН ОРЫС ШАРУАЛАРЫМЕН ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ (мақсаты, барысы, нәтижелері)

Аңдатпа. Мақалада автор ресейлік архив материалдары негізінде XX ғасыр басындағы Шығыс Қазақстан мен Алтай өлкесіндегі Ресей империясының қоныстандыру саясатының мақсаты, барысы мен нәтижелерін қарастырады.

Түйін сөздер. Қазақстан, шығыс, Алтай өлкесі, Ресей империясы, орыс шаруалары, қоныстандыру саясаты.

Карасаев Г.М.

Институт истории государства, г. Астана, Казахстан

ПОЛИТИКА РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ ПО ПЕРЕСЕЛЕНИЮ РУССКИХ КРЕСТЬЯН В ВОСТОЧНЫЙ КАЗАХСТАН И АЛТАЙСКИЙ КРАЙ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА (ЦЕЛЬ, ХОД, ИТОГИ)

Аннотация. В данной статье автор на основе российских архивных материалов рассматривает цели, ход и результаты переселенческой политики Российской империи в начале XX века на территории Восточного Казахстана и Алтайского края.

Ключевые слова. Казахстан, восток, Алтайский край, Российская империя, русское крестьянство, переселенческая политика.

Karassayev G.M.

Institute of History of the State. Astana, Kazakhstan

THE POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE ON THE RESETTLEMENT OF RUSSIAN PEASANTS TO EAST KAZAKHSTAN AND THE ALTAI TERRITORY IN THE EARLY XXTH CENTURY (OBJECTIVES, PROGRESS, RESULTS)

Summary. In this article, the author, on the basis of Russian archival materials, examines the objectives, progress and results of the resettlement policy of the Russian Empire in the early XXth century in the territory of East Kazakhstan and the Altai Territory.

Keywords. Kazakhstan, East, Altai Territory, Russian Empire, Russian peasantry, segregation policy.

Кіріспе

XX ғасырдың басындағы Ресей империясының Қазақстанның Шығыс аймақтары, Алтай өңірін орыс шаруаларымен қоныстандыру ісі аса ауқымдылығымен, келетін шаруалардың сандарының молдығымен, оларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау мен жәрдемнің нақты іске асыруларымен ерекшеленді. Империя үшін оның өзіндік саяси және экономикалық себептері болды. Атап айтқанда:

- XX ғасырдың басынан бастау алатын Ресей империясының шығыстағы саясатының күрделенуі (Ресей-Жапон қатынасының шиеленісуі, Жапонияның Қиыр Шығыстағы территорияларға талаптары, Ресей мен Қытай арасындағы Қазақстанның шығысы, Алтай аймақтарына деген тартыстары);

- осыдан барып, Қазақстанның Шығысы, Алтай өңірін өнеркәсіптік (түсті металдар өндірісі, Ұлы Сібір темір жолын салу, т.б.), ауылшаруашылықтық тұрғыдағы игеруді жылдамдатудың қажеттілігі;

- Ресей империясының Орталық губерниялардағы жерсіз шаруаларды осы өңірлерге қоныстандыру арқылы олардың толқулары, наразылықтары мен жаңа жерлер алуға деген талаптарын қанағаттандыру;

- Қытаймен екі арадағы шекаралық аймақтарды толығымен орыс шаруаларымен қоныстандырудың қарқынын жылдамдату;

- жаппай қоныстандыру арқылы Қазақстанның Шығысы мен Кенді Алтайды түгелімен орыстық өңір ету болды.

XX ғасырдың басындағы қазақ жерлерін қоныстандыру одан бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда ерекше болды. Егер де бұрын Қазақстанның барлық жерлері сияқты бұл аймақтарға да орыс шаруалары негізінен өз күштерімен, жекелеп келген болса, енді бұл іс мемлекеттік маңызға ие болды. Орталық қоныстандыру Басқармасы, оның орыс шаруалары келіп орналасуға жататын барлық облыстар, уездердегі комитеттері негізделді. Империялық жаңа құрылымдардың міндеті келетін қоныстанушылардың сандарын анықтау, оларға қажетті жерлерді дайындау болды. Сонымен қатар олардың барлығының қаржымен, егін шаруашылығына қажетті құрал жабдықтармен, тұқыммен, медициналық көмек көрсету, білім беру, т.б. қамтамасыз етілуі бақылауға алынды.

Қоныстандыру орындарының ең басты міндетіне қоныстанушылардың жекелей емес, ауымдарымен, селоларымен келіп орналасуларын, олардың қайтадан қайтуларын болдырмау кірді. XX ғасырдың басындағы Столыпинның аграрлық реформасының мақсаты да осындай талаптарды орындаудан туғандығы белгілі.

Ресей империясының бұл қоныстандыру саясаты жергілікті қазақтарды қыстаулары, жайылымдықтарынан түгелдей мал шаруашылығына қолайсыз аймақтарға ығыстыру арқылы жүзеге асырылды. Ол жерлерде орыс мұжықтарының қоныстары, деревнялары, казак станицалары негізделді. Қоныстанушылар орналасқан жерлерге жергілікті қазақтардың таяп келулеріне, тіпті малдарының енулеріне де қатаң тиым салынды. Олардың егістікке пайдаланудан артық жерлері қазақтарға еселенген бағамен жалға берілді.

Сол мерзімдегі тарихи деректерден жерінен айырылған қазақтарға мемлекеттік тұрғыда көмектесу туралы ешқандай мәліметтер кездеспейді. Қазақ халқы өздерінің тарихи мекендерінде күйсіз, шаруашылықсыз, теңсіз, бейшара, жерсіз топқа айналдырылды. Әскерилендірілген жергілікті патша әкімшіліктері, орыс казактары мен қоныстанушылары байырғы тұрғындар арасында қорқыныш, үрей тудыруды, осы арқылы олардың қарсылықтарын болдырмауды мақсат етті. Қазақтардың малдарын тартып алу, ашық тонаушылыққа ұшырату, т.б. зорлық-зомбылық жасау, тіпті ешқандай себепсіз өлтіре салу қалыптасқан әдеттерге айналды.... Орыс билеушілерінің бейнесінде, - деп көрсетеді М. Тынышбаев,- олар адам емес, қайдағы бір өмір сүруге құқығы жоқ зияндылар, сондықтан да оларға қарсы кез-келген қатал шараларды қолдануға болады.

Тұрғындар әбден шарасыздыққа ұшыраған: олар естіп көрмеген қорлық пен қанауды бастарынан кешіруде.

... Қырғыздардың орыс бодандығына енген кезінен бастап жарқын, қуанышты күн, бақытты бір сәт болған жоқ. Сол кезеңнен бастап ешкім, ешқандай ресми басшы қырғыздар үшін қайырымды іс, не осыған ұқсас ештеңе де атқарған емес.

... үкімет біріншіден, жабайы және дөрекі жазалау шаралары мен тіліне, салтына, дініне қысым жасау арқылы жалпы жеке ұлт ретіндегі қырғыздарды жою негізінде барша өңірді орыстандыруға, екіншіден; әртүрлі әкімшілік шаралары, жарлықтары, ережелері арқылы қырғыздарды ешқандай құқықсыз заңнан тыс тобыр етуге, үшіншіден, олардың қанымен сақтап қалған және бабаларының сүйектері толған жерлерінен айыру, тақыр және өнімсіз жерлерге, ажал құшағына қууға ұмтылуда ...”[1].

Орыс отарлаушыларының қазақ даласындағы осындай зорлық зомбылықтары мен жүгенсіздіктері бодандыққа айналуымыздың барлық кезеңінде орын алып келді. Осындай жағдайлар туралы жазылған тарихи деректер аса молынан кездеседі. Мысалы, орыс отарлаушыларының қазақ даласындағы үнемі жүргізген қырғындарының бірқатары туралы Кенесары Қасымовтың 1841 жылғы 7 тамыздағы Орынбор шекара комиссиясының председателі генерал-майор Генске жазған арызындағы: “27-жылы Көкшетаудан екі жүз орыс,- бастығы команданың Минграву майор әлике шұбыртпалы деген елді шапты. Терісаққанда елу сегіз кісіні өлтіріп кетті, алған малдарының хисабы жоқ.

30-жылы Қараөткелден жүз орыс,- бастығы бір сотник ...алты жүз кісі жамиғы жеті жүз болып, бұларды алдап шақыртып алып, Қарағаш деген жерде жүз жиырма кісіні өлтіріп, өзгесі қашып құтылып жүр.

31-жылы Көкшетаудан бес жүз орыс,- бастығы подполковник Алексей Максимович деген Саржан сұлтанның ауылын, алтай, тоқа, қаракесек, алшын, жағалбайлыны шапты. Төртжүз елу кісіні өлтіріп, ... Алған маллар сондайлық хисапсыз ...” [2], - деген мағлұматтары жоғарыдағы айтылғандарға дәлел бола алады. Отарлаушылардың, солардың ішіндегі казак әскерлерінің қазақ даласындағы орын алып келген жүгенсіздіктерін олардың бұл қылықтарына толығымен куә болған Ш. Уәлиханов та ашына баяндады. “Олардың (қазақтардың - *Ф.Қ.*) күйреуге ұшырауларына,-деп жазады ғалым,- екінші кінәлі казактар. Бұл тонаушы тұрғындар өздерін барлық жерлерде көрсете білді. Қырғызбен қалай қатынас жасайды? Өте қарапайым. Олардың барлық жекеменшігі казактар үшін өздерінікіндей көрінеді, сондықтан да қырғыздың қойын тартып алу, өгізі не жылқысын ұрлап кету-жастықтан, еркеліктен басқа ештеңе емес деп бағаланады.

... Тіпті барлық Сібір әскерлері қырғыздар есебінен күн көреді деп айтуға болады” [3].

Келесі деректегі: “(1808-1819) Жеке Сібір корпусының командирі Генерал-лейтенант Глазенап ... Сібір жүйесі казак әскерлерін дұрыс бөле алды. 10 бесжүздік полктар мен екі атты артиллерия ротасын

ұйымдастырды. Аталған құрылым жыртқыш қырғыздарды ауыздықтап, оларды бағындыра алды” [4], - деген айқындамадан отарлаушылар және олардың бағыныштыларына айналған қазақтар арасындағы қатынастың барысын білуге болады.

“Қазақтардың қырғыздардың құқықтары мен меншігін силамау деген жоғары шегіне жеткендігі сондай, - деп жазады XIX ғасырдағы Батыс Сібір қазақтарының тарихын зерттеуші И.Ф. Бабков: - оларды ұсақ тонауға ұшырату мен күш көрсету жергілікті қазақтар басшылығы тарапынан жасырылып отырады-бұл барлығына белгілі жағдай. Пикеттік (шекара күзетіндегі, - *Ф.Қ.*) қазақтар үнемі қырғыз малдарын аулауға шығатындықтан олардың арасында қақтығыс орын алады, алайда өзінің құқықтарын қорғауға ұмтылған қарусыз қырғыз әрқашан өлімге дейін апаратын жеңіліс табады және мұндай жағдайда жергілікті казак басшылығы қылмысты жасырып, генерал-губернаторға дейін жеткізбейді” [5].

Ал XX ғасырдың басында Зайсан аймағында мұғалімдік қызмет атқарған Хафиз Сәрсекеев: “Көшкен елмен Алтай тауына шыққанымда мұжықтардың (орыс қоныстанушы шаруаларының, - *Ф.Қ.*) қазаққа қылып отырған зорлықтарының шет жағасын көрдім. Қара Ертіс елінің болысы Ахмеди Саржан ұғлының ауылдары жайлаудан қайтып келе жатып, Балақалжыр деген жердегі мұжық қаласының жанына қонды. Ауылдың келіп түскені-ақ сол еді, әлгі қаланың мұжықтары “8 атымыз жоғалып еді, ізі осында келді” деп сап ете түсті. “Атымызды тап, болмаса ізімізді шығарып бер” деп отырып алды. Қазақ пен мұжық барып ізді қараса із ескі, мұжық жаңа келген із деп бой бермейді. Сөйтіп тұрғанда мұжықтар жабыла атқа мініп, қалың халыққа жөнелісті. Барысымен шетте жатқан Іштікбай дегеннің бір айғырының үйірін айдай жөнелді. Іштікбай жылқысының соңынан шапқанда мұжықтар сол арада жұрттың көзінше мылтықпен басып салды, Іштікбай опат болды. Бұл іс туралы қаладан судиа мен доктор келіп өлген кісіні сойып, дознание қылып кетті. Іштікбайды өлтірген мұжықты абақтыға жапқан жоқ, кепілге берді.

Мұжықтардың түрі жаман болған соң қазақ өте қорқады. “Ақпыз бізге не қылады”- деп отыра алмайды. Бұл жақта мұжықтың малы жоғалса болыстар қазақтың қолынан тауып беруге подписка алады екен. Бұлай етпей амал да жоқ: малдан бас қымбат қой” [6], - деген хабарлама береді.

“Базардан қайтқан бір аттылы қазақ, деп жазылған төменгі айғақтамада, - жолды қысқарту үшін төтелей тартып, орыс поселкасының ішінен өтпей ме. Аттылы қазақтың орыс поселкасының ішімен жайбарақат кетіп бара жатқанын терезеден көрген С. Кузнецов деген келімсек жалмажан винтовкасын терезеден шығарып, әлгі қазақты атып өлтіреді. Артынан сот болады. Тергеуші Кузнецовқа “Сен әлгі қазақты неге атып өлтірдің” демей ме сонда Кузнецов тергеушіге шекеден қарап, “Ол неге біздің көшемен жүреді?! Оған орыс поселкасының ішімен жүруге кім рұқсат берді?!” дейді. (Бұл туралы Тұрар Рысқұлов бір емес, бірнеше рет жазды да)” [7]. Міне осындай аздаған тарихи мағлұматтардың өзі ғана қазақ халқының бірнеше ғасырларға созылған ресейлік отарлаудан көрген қасіретін паш ететіндігі айғақ.

Егер де XX ғасырдың басындағы ресейлік нақты мұрағат деректеріне назар аударатын болсақ, патшалық отарлаудың соңғы кезеңі - XX ғасыр туысымен басталған орыс шаруаларын Қазақстанның шығысы, Алтай өңірлеріне қоныстандырудың нәтижесінің жергілікті халыққа әкелген орны толмас зиянының одан ары жалғастырылғанына көз жеткізуге болады. Мысалы, жаңа ғасырдың басындағы Ақмола-Семей уақытша жерге орналастыру партиясы меңгерушісінің Мемлекеттік Жер мүлкі Департаментіне жазған хабарламасында: “1901 жылғыс 12 қыркүйектегі №14 ереженің №3 бабына және 1904 жылғы Ақмола-Семипалатинск және Омбы партияларындағы жобаланған тізімге, сонымен бірге сол жылғы Уақытша комиссия шешіміне орай Семей облысы Павлодар және Ақмола облысының Омбы уездерінде жаңа қоныстандыру учаскелері, солардың қатарында біріншісінде 4848 адамға арналған жалпы көлемі 88.330.22 десятина 14 участок, екіншісінде 7188 адамға арналған жалпы көлемі 117.963.50 десятина, ал барлығы 11966 адамдық 206.293.72 десятиналық 49 участок дайындалды” [8], - деп көрсетілді.

Келесі, Империялық Қоныстандыру Басқармасының ресми мәліметінде: “Семей облысындағы 1905 жылғы қоныстандыру учаскелеріне шаруаларды орналастырудың барысы туралы анықтамада: Өскемен уезінің Георгиевка болыстығында 551 адамға арналған 8331 қоныстану участогі, Покровское болыстығында 306 десятиналық 6 участок, Катон-Қарағай болыстығының Катон-қарағай қонысында 510 десятиналық 33 участок, Балықты бұлақ қонысында 767 десятиналық участок, Зайсан уезі Қалжыр болыстығы Николаевск қонысының Жоғары Теректі аймағында 1692,25 десятиналық 30 участок, Алексеевск қонысының Орта Теректі аймағында 6138 десятиналық 90 участок” [9] дайындалғандығы туралы анықтама жасалынып, бұл жерлерден байырғы тұрғындарды аластатудың уақыты белгіленді.

Ал, “Семей ауданы бойынша қоныстандыру ісі меңгерушісінің 1906 жылдың 18 қарашасындағы “Алдыңғы көктемге Павлодар уезінің аудандарына 1000 жанұяға дейінгі жаңа қоныстанушылар келуі тиіс [10], - деген мәлімдемесі бұл өңірлердің орыс шаруаларымен қоныстандырудың жыл өткен сайын белсенділікпен іске асырылғандығын айғақ етеді.

Жергілікті патша әкімшіліктері, қоныстандыру комитеттері жаңадан келушілердің мүддесі үшін тұтастай қазақ ауылдарын тарихи мекендерінен ығыстыруды іске асыра бастады. Мысалы: “Ақмола

облысындағы жерге орналастыру мен қоныстанушыларға арналған жер бөліктерін дайындау басқармасының 1908 жылғы 26 маусымдағы мәжілісі жаңадан келіп орналасатындар үшін Ақмола облысы Омбы уезі №2 Николаевск және №5 Қорған әкімшілік ауылдарына қарасты “Кусак” мекенін (қазақтардан,-*Ғ.Қ.*) босату” [11],- туралы шешім шығарды.

Келесі, “Омбы уақытша комиссиясы 1904 жылдың 9 және 10 қарашасындағы Қорған болыстығында қоныстанушылар бөлігін ұйымдастыру туралы мәжілісінде бір ер адамға 15 десятина есеппен жалпы ауданы 202 адамға арналған 3497 десятина, соның ішінде 3168 десятина қолайлы жер бар Ақмола облысы Омбы уезі Қорған болыстығынан “Елеуке” қоныстанушылар бөлегі және 1 Қорған болыстығындағы 1 және Ү ауылдар құрамындағы №26 қырғыздардың пайдалануындағы жалпы әр ер адамға 15 десятинадан есептелетін 451 жанға арналған ауданы 6912 десятина, соның ішінде қолайлы жері 6889 десятиналды “Киікпай” қоныстанушылар бөлігін дайындау” [12], - және жергілікті тұрғындарды бұл жерден аластату туралы шешім шығарып, бұл жерлерден қазақтар толығымен шығарылды.

Осылармен қатар, “Ақмола облыстық қоныстанушылар бөліктерін негіздеу комиссиясының 1904 жылғы 23 маусымдағы келесі ұйғарымымен Ақмола облысы Омбы уезі Покровск болыстығының қырғыздар пайдалануындағы табиғи-тарихи ауданындағы Әкімшілік ауылға қарасты “Мұртұк” елді мекен аймағында жаңа қоныстанушылар бөліктері құрылды” [13].

1908 жылдан бастап барғысы келетін орыс қоныстанушыларының сандарының еселеп молаюына орай Қазақстанның шығысы және Алтай өңірінен жаңа жер бөліктерін дайындау одан ары жүйелі түрде жүргізіле бастады. Мысалы, Ресей Империялық Қоныстандыру Басқармасының мәліметтері бойынша 1908 жылғы жер бөлу және қоныстанушылар бөліктерін дайындау жұмыстарының жоспары жасалынып, онда Семей облысы бойынша: “Павлодар уезінен 167000 десятина, 8250 бөлік, Қарқаралы уезінен 12000 десятина-600 бөлік, Өскемен уезінен 98000 десятина - 4900 бөлік, Зайсан уезінен 31500 десятина - 1600 бөлік дайындалғандығы” [14] жарияланса, 1909 жылы осы облыстағы “Павлодар уезінде 5583714 десятина, Қарқаралы уезінде 2870625 десятина, Өскемен уезінде 1310968 десятина, Зайсан уезінде 900000 десятина, Семей уезінде 6000000 десятинанан” [15] қамтитын жаңа учаскелер дайындалатындығы жарияланған.

Бұл мерзімде Қазақстанның аталған аймағынан жерсіз шаруаларға ғана емес, мемлекеттік шенеуніктерге, әскери қызметкерлерге де қалағандарынша жер беру ісі одан ары жалғастырылды. Осыған орай қазақ даласынан жер алуға ұмтылушылардың сандары да еселеп арта түсті. Оны бір ғана Мемлекеттік жер мүлігі Департаментінің Қоныстандыру Басқармасына 1906 жылғы 12 сәуірдегі жазған: “Отставкадағы полковник Михайл Золотовқа Семей облысындағы қазыналық жерден Сібірді отарлау туралы жасалған жоба негізінде тиісті жер бөлігін беруге ұсыныс жасайды,” [16] - деген дерек дәлелдей түседі.

Қазақстанның шығыс өңірлерінен әскери қызмет атқарғандардан тарапынан мүмкіндігінше молынан жер алу әсіресе 1904-1905 жылдардағы орыс-жапон соғысынан кейін молаю түсті. Оған себептер патша әкімшілігінің шекаралық өңірлерді әскери игеруге деген ұмтылысы және жаңа аграрлық реформаның талаптары болды. Мысалы, оны императорлық Ішкі істер министрлігі Жер бөлімінің Императрица Мария Федоровнаға жазған: “Орыс-жапон соғысына қатысушы 680 Порт-Артур гарнизонының төменгі дәрежелі әскери қызметкерлері мен шаруалары Семей облысы Павлодар уезіндегі Кондаул учаскесіне қоныстандыруды сұрайды, алайда қоныстандыру басқармасының бастығы мырза оған рұқсат бермейді, сондықтан Аса жоғары мәртебелі императрица сізен біздің осы өтінішімізді қанағаттандыруды сұраймыз” [17], - деген мазмұндағы ұсынысы бекіте түседі.

Осы мерзімде Империялық үкімет тарапынан қоныстану орындарын дайындауға байланысты қыстаулық үйлері, қорлары, т.б. құрылыстары қиратылып, жайылымдықтары босатылуға тиісті қазақтарға жаңа жайылымдықтар дайындау іске асырылмады, бұл мәселе отарлаушылардың міндеттеріне енбеді. Тек қана аз мөлшердегі ақшалай құн төлеу жұмысы ұйымдастырылды. Алайда бұл қаржылар жергілікті тұрғындарға келген шығындарын жаба алмады. Сонымен бірге бұл ашалай көмектің уақытында төленгендігі туралы да ешқандай деректер кездеспейді. Төмендегі ресейлік мемлекеттік мұрағаттарындағы мәліметтер бұған дәлел болатын сияқты. Мысалы, Дала Генерал-губернаторының 1905 жылдың 16 желтоқсанындағы Жерге орналастыру және жер ісі Бас басқармасына жіберілген хабарламасында 1906 жылғы қоныстанушылар қаржысы есебінен “1906 жылғы 12 желтоқсан мен 1907 жылдың 7 наурыз аралығындағы қоныстанушылар бөліктерін дайындау кезінде Ақжар қоныстандыру бөлігіндегі қиратылатын қыстаулар, солардың ішінде: Ақжарқыстауы 146, Тегісбай қыстауы 120, Үш тоты Қызмойнақ қыстауы 120, Қарасу қыстауы 435, Үлкен намыс қыстауы 570, Терең құдық қыстауы 320, Жалғызкелді қыстауы 470, Қаракөл қыстауы 320, Айбас №1 қыстауы 55, Тасқұдық қыстауы 380, Сары өзен қыстауы 255, барлығы 3194 рубльге” [18], - бағаланғандығы көрсетілген.

Дала Генерал-Губернаторы кеңсесінің 1906 жылғы 14 қаңтардағы Бас Қоныстандыру Басқармасына жіберген: “Ақмола және Семей облыстарындағы қоныстандыру бөліктерін ұйымдастыруға орай қыстауларын

қиратуға байланысты қырғыздарға төлеу үшін 1905 жылы 25141 рубль және 1906 жылы 9000 рубль қаржы бөлінді.

Биылғы жылы бұл мақсатқа 14582 рубль, ал келесі жылға Қоныстандыру басқармасының 2 қаңтардағы №4 хабарламасы бойынша 10000 рубль жұмсалады.

1-дәрежелі орман бөліктерінің дайындалуларына орай қыстауларының басқа жерлерге ауыстыруларына байланысты қырғыздардың өтініштерін іске асыру үшін биылғы жылдың 28 қыркүйегінде №5418... ұсыныс жасалды. Бұл ұсыныс 1 топтағы қоныстандыру ... және орман бөліктері негізделгендіктен қыстауларынан айырылған қырғыздардың өтініштерін орындаудың кешіктірілендігінен жасалды. Өз мерзімінде ақшаларын ала алмаған қырғыздардың жаңа жерлерге орналасуға мүмкіндіктері жоқ, сондықтан да олар қоныстанушылар бөліктері мен ормандық саяжайларда қалуға мәжбүр болуда және осы арқылы қоныстандыру ісінің ойдағыдай жүруіне кедергі жасауда, орман шаруашылығына нұқсан келтіруде.

Қоныстандыру бөліктерін дайындау кезіндегі қырғыз қыстауларын көшіруге арналған қаржының көлемі 1902-1904 жылдар аралығындағы үш жылдық мөлшермен 23000 рубл. мөлшерінде, ал 1 деңгейдегі орман бөліктерін дайындау үшін жоғарыдағыдай есеп бойынша 8000 руб. мөлшерінде белгіленеді” [19],- деген мәліметтерінен қазақ даласын толығымен отарлау ісінің барысын білуге болады.

Мысалы, Дала өлкесіндегі қоныстанушыларды орналастыру және жер өңдеуді іске асыруға арналған Ақмола-Семипалатинск партиясының Ақмола облысы Петропавловск уезі Құсмұрын болыстығындағы “Қарасу” елді мекенінде қоныстанушылар бөліктерін негіздеуге байланысты бұзылатын қырғыз құрылыстарының анықтамалығы туралы 1905 жылдың 23 тамыз күнгі Жер ісі және Мемлекеттік мүлік министрлігіне жіберген мәліметінде жергілікті қазақтардың жылдап негіздеп, бірнеше ұрпақ бойы күнкөрістерінің негізіне айналған қыстауларының анықтамалығы, ондағы қиратылатын құрылыстардың анықтамалығы, сол үшін берілетін болымсыз көмектерінің мөлшері көрсетілген. Онда жазылғанындай: “Чудобай аймағында қиратылуға тиісті барлығы 21 қыстау уақытша комиссияның қорытындысымен - 1360 рубльге бағаланды. Соның ішінде: Бешубай Дайырбаевтың қыстауы – 1 жертөле, 1 асүй, 3 жабық және 1 ашық қора - 40 рубль; Сағымбай Даумаатовтың қыстауы – 1 қыстау, 10 шаршы метр алаң, 1 асүй, 3 кіші жабық және 1 ашық қора - 45 рубльге бағаланды” [20].

Осылармен қатар, жоғарыдағы аталған “Ақмола-Семипалатинск партиясының 1906 жылдың 14 тамызындағы ұсынысымен Семей облысы Павлодар уезі Бескүдүк болыстығындағы Галкин қоныстандыру бөлігін ұйымдастыруға орай қиратылатын 6 қырғыз құрылыстарының анықтамалығы беріліп, солардың қатарындағы екі қыстауға барлығы:

1. Есмұханбет Бекеев – шымнан салынған бір қыстау, пеші бар бөлме, төбесі талмен жабылған, оның айналасында шарбақпен қоршалған 1 мал тұратын төбесі сабан, шарбақпен жабылған қора - 50 рубль;
2. Әбәш Азымтаев - ағаштан салынған 1 қыстау, пеші бар екі бөлме ағашпен қоршалған мал ұстайтын ашық қора - 50 рубль” [21], - төлеу туралы шешім шығарылған.

Орыс мұжықтарының қазақ даласындағы өздерін еркін сезінулері, жүгенсіздіктері мен күш қолданулары, жергілікті тұрғындардың одан көрген зардаптарына Семей ауданы қоныстандыру ісі өкілінің 1907 жылдың 24 ақпан күнгі: “Биылғы жылдың көктеміндегі қоныстанушыларының белсенді түрде келуі кезінде қырғыз жайылымдықтары жерсіз орыс шаруаларына беріледі деген қауесет тарады. Осыдан кейін қоныстанушылардың басым бөлегі белгіленген жерлерге орналастыруды немесе жаңа бөліктер беруді талап ете бастады.

Соның ішінде шаруалар егін шаруашылығын жүргізуге неғұрлым қолайлы қырғыз жерлеріне орналасуға тілек етті.

Ең қолайлы участок Павлодар уезіндегі үлкен шыршалы орман арасындағы Александровск және Галкинск қоныстарына жақын үлкен жол маңайындағы Кандагуль немесе Кабдангуль өңірі болды.

Қазан айының алғашқы күндерінде Галкинск қонысында болғанымда мен өз еріктерімен орналасу үшін Кабдангульге келе бастағандықтарын білдім.

Мақсат қойған жерге жетіп, бороздалар тартып, белгілер және Томск губерниясы Ключи қонысынан бірге ала келген құрылыс ағаштарын қойып жатқан 250-300-дей шаруалар тобын кездестірдім.

Келгендермен әңгімеден олардың барлығы көрші Барнауль уезіндегі Кабинеттік Озерск ауданындағы Ключи, Гридеги, Аймагуль және т.б. қоныстарда уақытша тұрып жатқан шаруалар екендігі белгілі болды” [22],- деген мәлімдемесі дәлел болады.

Одан кейінгі, Империялық “Жерге орналастыру және Жер ісі Басқармасының бастығы Г. Глинканың 1907 жылдың 24 наурыздағы Дала Генерал-губернаторына жазған: “Дала өлкесіндегі мол санды әлі орналастырылмаған және мұнда тоқтаусыз келіп жатқан қоныстанушылар Сіздің мәртебеңізге сеніп тапсырылған өлкеден отарлау мүддесіне сай жеткілікті көлемдегі жер табу ісіне ерекше мән беруге мәжбүр ететіндігі белгілі.

Қоныстанушылардың жерге деген аса қажетті сұранысына арналған өңірлер қатарында Кавдангуль ауданы бар Семей облысы Павлодар уезіндегі Маралды болыстығы бар” [23],- деген хабарламасы отарлаушылардың жергілікті қазақтарды ата-мекендерінен толығымен қууды одан ары жалғастырғандығын дәлелдейді.

Семей аудандық қоныстандыру бөлімінің меңгершісі Фон Штеиннің: “Қаракөл” аңғарында кемінде 60-80 адамдық қоныстандыру учаскесін негіздеу жоспарланып отыр, ал мұның өзі тағы да 40-тан артық қырғыздардың қыстауларын орын ауыстыруға әкеліп соғады” [24],- деген қорытындысы да Қазақстанның шығыс өлкесін барынша орыстандырудың тоқтаусыз іске асырылып келгендігіне айғақ болады.

Көрсетілген уақыттағы бүкіл қазақ жері сияқты, оның шығысы, Алтай өңірлерін орыс шаруаларымен толығымен қоныстандырудың орны толмас зардаптары туралы патша әкімшілігіне жергілікті халық тарапынан үнемі жазылып келді. Бұған дәлел, Семей облысы Павлодар уезі 1 шаруалар учаскесі 11 болыстықтың бір топ қазақтары 1907 жылдың 18 сәуірінде Министрлер Кеңесінің Төрағасына арнайы шағым түсіріп, өздерінің мүшкіл халдерін баяндап, көмек сұрады. “Жоғары мәртебелі Министрлер Кеңесінің Төрағасына,- деп жазылған онда, - ... біздің уездің бір ғана Тереңкөл болыстығында қоныстандыру учаскелеріне 63 қыстау, 507 шабындық жерлер, 461 жаздық және күздік жайылымдық тұрақтары еніп отыр. Участоктарға тиісті 1 ден 3 шақырымға дейінгі жерлерде 449 қыстау, 505 шабындық жерлер, 595 жаздық және күздік тұрақтар орналасқан. Болыстық бойынша барлығы 2350 жанұя, оның ішінде әлі қоныстанушыларға жерлері берілмеген 200 жанұя, казак және офицерлер жерлерінде тұратын 300 жанұя бар. Томск губерниясындағы учаскелерде 600 жанұя тұрады. Қоныстандыру учаскелеріне жақын жерлерде 449 жанұя орналасқан. Қазыналық дачалар аралығында 648 жанұя, барлығы 2197 жанұя.

Маралды болыстығында қоныстанушыларға 36 қыстау, 112 шабындық, 260 жазғы және күзгі тұрақтар, участоктардан 1-2-3 шақырым қашықтықтағы 90 қыстау, 45 шабындық, 90 жаздық және күздік тұрақтар өткен.

Бұл болыстықта барлығы 962 жанұя бар, олардың ішінде казак және офицерлер жерінде 150 жанұя.

Томск губерниясында 50 жанұя, Кабинеттік (Құлынды даласы) жерлерде 219 жанұя тұрады.

Ұрық болыстығында қоныстандыру бөліктеріне 11 қыстау, шабындық 81 шабындық, 80 жаздық және күздік тұрақтар, солармен қатар 1-2-3 шақырым қашықтықта орналасқан 64 қыстау, 48 шабындық, 184 жаздық және күздік тұрақтар берілген.

Болыстықта барлығы 1751 жанұя, Томск губерниясында 910 жанұя, учаскелер жанында 75 жанұя, болыстықтың өзінде қыстайтын 50 жанұя бар.

Бесқұдық болыстығында қоныстанушылар учаскесіне 6 қыстау, 25 жазғы және 100 күзгі шабындық, 60 жазғы және күзгі тұрақтар өтті. Участоктан 4-1, 2 және 3 шақырым қашықтықтағы қоныстанушылар иелігіне берілген 41 қыстау, 41 шабындық жерлер, 100 жазғы және күзгі тұрақтар орналасқан.

Бүкіл болыстық бойынша 1152 жанұя, оның ішінде казак және офицерлер жерінде 600 жанұя, Томск губерниясында 50 жанұя, Құлынды даласында (Кабинеттік жерлерде) 77 жанұя, қазыналық дачалық жерлерде 250 жанұя, болыстық жерде 175 жанұя орналасқан.

Мүлдем жер жетпегендіктен қырғыз халқы осы төрт болыстықтағы құнарсыз жерлерге ауысқан, солардың ішінде: Тереңкөл болыстығында 1450, Маралдыда 543, Ұрықта 546, Басқұдықта 425, ал барлығы 1152+ 1911+952+2350=6375 жанұя тұрады. Олардың 1550-і казактар мен офицерлер жерінде, ал сонымен қатар Томск губерниясының кабинеттік және губерниялық жерлерінде 1906 жанұя бар. Қоныстанушыларды қырғыздар жеріне орналастыруға байланысты өмір жағдайымыз мүлдемге өзгерді. Қоныстанушы шаруа әрбір ұсақ, ірі малдың байқаусызда оның жеріне еніп кеткендігі үшін қанаушылықпен айып алады. Өзіміздің жайылымдық жерлеріміз болмағандықтан барар жеріміз қалмады.

Олардың (қазақтардың,- *Ғ.Қ.*) қыстаулары казактардың оншақырымдық жүйелері арқылы кесіліп, Ертістің екі жағына шығарылған, тіпті бұл жерлердің көп бөлегі әскери участоктар құрамына еніп, офицерлер мен басқа да шенеуніктердің өмірлік пайдалануларына берілген. Олар бұл жерлерді ауқатты адамдарға сатады, ал соңғылары өздерінің қалаулары бойынша оны қырғыздарға екі –үш есе бағаға жалға береді.

Офицер қайтыс болған жағдайда жер оның мұрагерлеріне, жесіріне, тағы дасқа туыстарына өтеді, ал жаңа қожайындар бұрыннан қабылданған ережені білмегендіктен участогінде ертеден бері байырғы жер иелері ретінде 50-100 жанұядан тұрып келе жатқан қырғыздарды қудалай бастайды, осыдан барып соңғылары мүлдем лажсыздықтан және бағыныштылықтан сотпен құқықтарынан айырылған адамдардай жаңа жер иелерінің барлық талаптары мен әмірлерін орындауға мәжбүр болуда” [25]. Алайда олардың бұл өтініштерінің орындалғандығы туралы ешқандай құжат кездеспейді.

Қазақ даласынан орыс шаруалары, казактары, әскери қызметкерлері, шеуніктері үшін осындай қоныстандыру бөліктерін дайындау жергілікті тұрғындарды жайылымдықтарынан айырып, кәсіптерін күйретті. Көшпелі мал шаруашылығы оларды асырап, өркендету құралынан айырылды. Нәтижесінде ХХ

ғасырдың басындағы қазақ жұртының байырғы мекенінде ыдырауы, күйзелуі, ұрпағының амандығы мен болашағы жолындағы амалсыздан отаршыларға қарсы қарулы қарсылыққа шығуы, лажсыздан көрші елдерге бас сауғалауы оған дейін болмаған дәрежеде орын алды.

Сондықтан да, Егемендікке қолы жетіп, Мәңгілік Ел болуға бет алған қазіргі ұрпақтың халқымыздың бірнеше ғасыр бойы Ресей отарлаушыларына бодандыққа түсуінің себептері және одан көрген зардаптарының қорытындыларын айқындап, сабақ ала білулері басты міндет деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тынышбаев М. История казахского народа. – Алма-Ата, 1993. – С.24-25
2. Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова. – Алматы: Гылым, 1996. – С.36
3. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. – Алма-Ата-1968. – С.31
4. Записки Императорского русского географического общества. / под ред. А.Н. Бекетова. 1861 книжка первая. Действительный член Николай Абрамов. “Областной город Семипалатинск”. – Спб., 1861. – С.166
5. Бабков И.Ф. Записки о моей службе в Сибири. – Санкт-Петербург, 1912. – С. 85-86
6. Қазақ газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: “Арыс” баспасы, 2009. – 304-305 бб.
7. // Жас Алаш. – 2016. – 26 шілде
7. РГИА, Ф. 391, оп. 3, д. 81, л.25
9. РГИА, Ф. 391, оп. 3, д. 86, лл.41,41 об,-42 об.
10. РГИА, Ф. 391, оп.3, д. 90, л.23
11. ИАОО, Ф,354, оп. 1, д. 6, л.4
12. ИАОО, Ф. 354, оп.1, д. 3, лл. 276 об, 277
13. ИАОО, Ф. 354, оп. 1, д. 3, л.136
14. РГИА, Ф. 391, оп. 3, д. 773, л.24
15. РГИА, Ф. 391, оп. 3, д. 773, л.23
16. РГИА, Ф. 391, оп. 3, д. 86, лл.2-2 об
17. РГИА, Ф. 391, оп. 3, д. 86, л. 11
18. РГИА, Ф.391, оп. 3, д.274, л.4
19. РГИА, Ф.391, оп. 3, д.274, лл. 8, 9-9 об
20. РГИА, Ф.391, оп.3, д.274, лл. 14-16
21. РГИА, Ф.391, оп. 3, д. 274, лл. 25,26
22. РГИА, Ф. 391, оп. 3, д. 115 лл. 40-40 об
23. РГИА, Ф. 391, оп. 3, д. 11, лл.48,49 об
24. РГИА, Ф. 391, оп. 3, д. 115, лл. 94, 94 об
25. РГИА, Ф. 391, оп. 3, д. 445, лл. 5, 7 об, 8,8 об, 9-10

ӘОЖ 940.2 (574) Қ52

ҚОЖАМЖАРОВА Д.П.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

ТҮРКІСТАН КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ (1917 ЖЫЛ)

Аннотация. Ақпан төңкерісінен кейін Уақытша үкіметтің қаулысына сәйкес құрылған Түркістан комитеті өлкеде туындаған мәселелерді шешу үшін орталық билік атынан басқару міндеті жүктеледі. Түркістан комитетінің мүшелері қызметке кіріскен бойда Уақытша үкімет жариялаған ұлттар арасындағы теңдік, демократ, принциптердің сақталуы туралы және тағы басқа да қаулыларды жүзеге асыруды қолға алады. Түркістан комитетінің мүшелері Тынышбаев пен О.А.Шкапский Жетісу облысына барып, онда 1916 жылғы көтерілістен соң туындаған ауыртпалықтарды шешуге кіріседі.

Түйін сөздер. Түркістан комитеті, Уақытша үкіметі, Ақпан төңкерісі, қазақ ауылдары, съездер, делегаттар.

ҚОЖАМЖАРОВА Д.П.

Таразского государственного педагогического университета

ОБРАЗОВАНИЯ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТУРКЕСТАНСКОГО КОМИТЕТА (1917 г.)

Аңдатпа. После Февральской революции Туркестанский комитет, созданный в соответствии с постановлением Временного правительства, имеет задачу управления центральным правительством для решения проблем, возникающих в регионе. Члены Туркестанского комитета отвечают за осуществление равенства, демократии, уважения принципов, провозглашенных Временным правительством и других резолюций. Члены Туркестанского комитета М.Тынышбаев и О.А. Шкапский посетили Жетысускую область и начали решать проблемы, возникшие после восстания 1916 года.

Ключевые слова. Туркестанский комитет, Временное правительство, Февральская революция, казахские аулы, съезды, делегаты.

KOZHAMZHAROVA D.P.

Taraz State Pedagogical University

FORMATION AND ACTIVITY OF THE TURKESTAN COMMITTEE IN 1917

Abstract. After the February Revolution, the Turkestan Committee, established in accordance with the Provisional Government's decree, has the task of managing the central government to solve problems arising in the region. Members of the Turkestan Committee are responsible for the implementation of equality, democracy, respect for the principles proclaimed by the Provisional Government and other resolutions. Members of the Turkestan Committee M. Tynyshbaev and O. A. Shkapsky visited the Zhetysu region and began to solve the problems that arose after the 1916 uprising.

Key words: Turkestan Committee, Provisional Government, February Revolution, Kazakh auls, congresses, delegates.

Кіріспе

I дүниежүзілік соғыс кезіндегі майдандағы жеңілістері және одан туындаған экономикалық күйзеліс пен әлеуметтік шиеленістердің салдарлары Ресейді буржуазиялық-демократиялық төңкеріске алып келіп, патшаны тақтан құлатып, елде Уақытша үкіметті орнатады.

Петербургтегі Ақпан оқиғалары туралы хабар тез арада бүкіл қазақ даласына жетеді. Патша өкіметінің құлатылғанын құттықтаған көп адамдық митингілер мен шерулер қазақ даласының барлық ірі қалалары мен темір жол станцияларында өтеді. Патша өкіметінің тақтан құлап, елде жаңа саяси жүйенің қалыптаса бастауына күллі империя халқының басым көпшілігі, соның ішінде Түркістанның жергілікті халқы мен оның зиялы қауымы зор қуанышпен қарсы алып, бұл өзгерістерден үлкен үміт күтті.

Жергілікті халықтардың Ақпан төңкерісіне және Уақытша үкіметке арналған құттықтаулар мен жылы лебіздері ауылдардан, болыстықтардан және уездерден жан-жақтан жіберіліп жатты. Мысалы, 1917 жылы 7 наурызда Петроградқа Уақытша Үкімет атына Сырдария облысының 12 болыстық атынан Өтеміс

пен Қарабәкір құттықтап жеделхат жіберсе, оның артынша облыстың Қарбұлақ елді мекенінің тұрғындары да өз лебиздерін телеграф арқылы білдіреді [1, 59-60-66.].

Олар «Өйткені, ақпан революциясының жеңісі Ресей империясының құрамында болған барлық халықтарға бұрын болмаған көптеген ұлы демократиялық бостандықтар берді: саяси партиялар құру, сөз бостандығы, баспасөз бостандығы, түрлі митингілер ұйымдастыру мен манифестациялар бостандығы. Орталық езгінің құлауы Россия империясының шет аймақтарындағы оның ішінде қазақ халқы да, ұлттық-саяси бостандыққа жетуге жол ашады деп сенді» [1, 58-б.].

Оны Түркістанның көрнекті қоғам қайраткері М. Шоқай да растай түседі: «... Орыс мемлекетінің бізге жасаған қиянаты жойылатынына, кең ауқымды «ішкі ұлт мекемесі» құрылатынына, бұл өлкеге орыс қоныс аударушыларының үдере көшуінің тоқталатынына сенетінбіз» [2, 109-б.].

Сол кездегі қуанышқа бөленген жергілікті халықтың көңіл күйін А.Байтұрсынов былайша түсіндіреді: «Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса, ол, біріншіден, бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруына және екіншіден, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді» [3, 239-б.].

Яғни, Ақпан төңкерісінен соң патшалық биліктен құтылған Түркістан халқы ғасырлар бойы аңсаған ұлттық теңдікке қол жеткізетін кез келді деп түсінді. Оны 1917 жылы наурызда шыққан «Қазақ» газетінен көреміз: «Киіз тұғырлы қазақтың оң жағынан ай, сол жағынан күн туды, жақсылық қуаныш жалғыз ғана орыстікі емес. Отаны Россия болған жұрттың бәріне тегіс жақсылық, бәріне тегіс қуаныш» [4, 306-б.].

Алаш ұлына деген үндеуінде Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Шоқай былай дейді: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Кеше ғана құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырдан бері жұрттың бәрін қорлықта ұстаған, құлдықта ұстаған жауыз үкімет өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті деп қуанды» [5, 86-б.].

Сонымен қатар, үндеуде Алаш қайраткерлері жергілікті халықты патша үкіметі мен оның жергілікті билік орындарын құлатып, облыстар мен уезд орталықтарынан патша әкімшілігінің неғұрлым реакцияшыл өкілдерін тұтқындап немесе қызметтерінен қуып, Түркістан мен Қазақстан халықтарына келешекке деген үміт отын жаққан Уақытша үкіметті қолдауға шақырды.

Бірақ, кейін М. Шоқай Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан төңкерісі халық үмітін ақтамағанын өкінішпен былай деп жеткізеді: «1917 жылғы Ресей революциясы болғалы он тоғыз жыл өтті. Бұл революцияны шын көңілден сүйсіне, тебірене қарсы алғанымыз әлі есімізде. Түркістандықтардың көбісі, әсіресе қарттар 1917 жылғы революцияны Ресей мен Түркістанның ара жігін айырған 1916 жылғы Түркістан көтерілісінің заңды жалғасы деп қабылдаған еді. Өттең бұл қуанышымыз ұзаққа бармады. Революция үмітімізді ақтамай, сенімнен айырды, алданып қалғанымызды айқын көрсетті. Байтақ еліміз құрбан болған перзенттерінің қаны мен тәніне толы болды. Түркістанның мыңдаған жігіттері бетіне жаңа перде бүркенген ескі отаршылдыққа қарсы күресте опат болды. Мыңдаған жас Түркістан қаһармандары Ресей зынданында, айдауда шіріп жатты. Ондаған мың, жүздеген мың түркістандықтар адам сияқты өмір сүру мүмкіндігінен айырылып, елінен безіп кетуге мәжбүр болды. Асқан ықылас-ілттипат, зор үмітпен қарсы алынған революция кейін жалпы ұлттық қасіретке айналды [6, 256-б.].

Осылайша, Ақпан төңкерісіне баға берген М. Шоқай сол кездегі ащы шындықты ашып, тәуелсіздік жолының әлі алыс екенін көрсетті.

Билікті қолдарына алған Уақытша Үкіметтің жергілікті жерлерде өзінің басқару-әкімшілік орындарын құру туралы 1917 жылғы 4 наурыздағы арнайы қаулысы Еуропалық Ресейде тез жүзеге асқанымен, Түркістан өлкесінде уақытша Үкіметтің басқару-әкімшілік орындарын құру және бұл комитеттердің билікті өз қолына жинақтап, қызметке кірісу барысында өзіндік ерекшеліктер мен қиыншылықтарға кездесті. Өйткені, Уақытша Үкіметтің орталықтан алшақ жатқан Түркістан сияқты аудандарға көңіл бөлуге мұршалары да келмеді және Түркістан генерал-губернаторлығы басқару жағынан әскери министрлікке бағынғандықтан және соғыс уақытында өмір сүріп жатқандықтан өкімет оны наурыздың аяғына дейін жоймады. Яғни, Уақытша үкімет Ресейдің барлық халықтарына азаматтық теңдікті беретінін жариялағанымен Түркістандағы патша әкімшілігін басқарған генерал-губернатор Куропаткин «7 сәуірге дейін өлкедегі билікті сақтап қалып, Түркістан мұсылмандарының барлық билікті өз қолдарына алуынан қорқып, мұсылмандарға теңдік принциптерін толық қолданбау қажет», - деп қарсыласып бағады [7, с. 96]. Осыған қарамастан Уақытша Үкімет облыс, уезд, болыс және ауылдарда құлаған ескі үкіметтің орындарына жаңа басқару орындарын құрып, олар алғашқы кезеңде Азаматтық комитеттер есебінде пайда болады. 1917 жылдың 9-16 сәуір аралығында Ташкентте Түркістан өлкелік атқару комитеттері делегаттарының съезі шақырылып, оған Түркістан өлкесі облыстары мен Бұқара хандығы атқару комитеттерінің 171 делегаты қатысып, оның қатарларында Г. Бройдо, М. Бекбуди, Ф. Ходжаев, С. Лапин сияқты белгілі қайраткерлер бар съезд делегаттары көпұлтты өлкенің демократиялық мемлекетке өтуінің күрделі мәселелерін қарастырады [3, 90-б.].

1917 жылдың 7 сәуір күні Уақытша үкіметтің шешімімен өлкені басқаратын, құрамында Н.Н. Щепкин (төраға), Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев, С. Мақсұдов, В.С. Елпатьевский, А.Л. Липовский, П.И. Преображенский, О.А. Шкапский және генерал Ә. Дәулетшин бар Түркістан комитеті құрылған-ды. Бұл комитетке Сырдария, Жетісу, Ферғана және Закаспий облыстарында, сондай-ақ Бұқара мен Хиуада Уақытша үкімет атынан билік жүргізу өкілеттілігі берілді [8, 2-п].

Ә. Бөкейханов сол кезде Торғай облысының комиссары болып тағайындалуына байланысты Түркістан комитетінің ісіне араласа алмағандығы М. Шоқай өз естелігінде айта келе, Түркістан комитетінің мүшелерінің әрқайсысына сипаттама беріп өткен. Ол Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамында кадет Щепкиннен басқа көзге түсерлік бірде-бір саяси тұлға жоқ деп бағалайды. Сондай-ақ ол кадет партиясының мүшесі болған, Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясы құрамында түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғауда өзінің белсенділігімен көзге түскен С. Мақсұдовқа да көңілі тола қоймағандығын былайша білдірген болатын: «Бұл кісі кадет партиясының мүшесі. Революцияның съезінде Ресей қол астындағы мұсылман халықтары өз тағдырын өзі шешуіне кадет партиясы ғана көмектесе алады деп соққан. Садри Мақсұдидек Ресей мұсылмандарынан Ресей Мемлекеттік думасына қатысқан кісілердің ішіндегі ең танымалы болатын. Бірақ орыс ұлттық либерал демократиялық партиясына, яғни кадеттер партиясына жақын болуы оны бұл жерде көп нәрседен қағып еді» [6, 278-б.].

Осы жерде М. Шоқайдың С. Мақсұдовтың революция съезінде сөйлеген сөзі деп отырғаны 1917 жылы 25-28 наурыз аралығында өткен кадеттер партиясының VII съезінде айтылғанын да айта кеткен жөн. Ол бұл съезде Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылысы мәселесіне байланысты сөз алып, былай деп мәлімдеген болатын: «Барлық мұсылмандар, бірі де қалмай демократиялық республиканы қолдайды. Орыс республикасы бір орталыққа қатаң бағындырылмаған күйде болуы тиіс. Француз республикасын үлгі етудің қажеті жоқ. Францияда шеткері бір аймақта мектеп ашу үшін Парижден рұқсат алу қажет. Ұлаң-ғайыр Ресей жағдайында мұндайға жол беруге болмайды. Қазір біздің партия билік партиясына айналды. Біздің партияға мұсылмандар әрқашан да әріптес болып келгенін естен шығармайық. Олар партияның тұрақты қамқорлығына үміттену құқығына ие» [9, с. 394-395]. Кадеттер съезінде С. Мақсұдовтың сөйлеген осы сөзіне М. Шоқай ғана емес, С. Жантөрин, Г. Исхаки, С. Алкин, М. Бигиев секілді т.б. мұсылман халықтарының өкілдері наразылық танытқан еді. Олар өз наразылықтарында көп миллиондық мұсылмандар өздерінің саяси мүддесін кадеттер партиясымен еш байланыстырмайтындығын білдіріп жатты. Бұл наразылық сол тұста бірқатар мерзімді басылымдарда жарияланған болатын. Онда: «Біздің дауысымыз барлық мұсылмандардың үні деп ойлаймыз. Ресей мұсылмандары сыртқы және ішкі саясатта демократиялық идеяларды басшылыққа алатын партиямен ғана бірге бола алады», – деп мәлімделінген-ді [11, с.99].

1917 жылдың 9-16 сәуір аралығында Ташкентте мемлекеттік құрылыс процесін тездету мақсатымен Түркістан өлкесіндегі (оның ішінде Сырдария және Жетісу облыстарындағы) атқару комитеттері делегаттарының съезі шақырылды. Оның алғашқы үш күндегі мәжілісін Түркістан комитетінің мүшесі М. Тынышбаев басқарды. Съезге Түркістан өлкесі облыстары мен Бұқара әмірлігі атқару комитеттерінің 171 делегаты қатысты. Қатарларында Г. Бройдо, М. Бехбуди, У. Ходжаев, С. Лапин сияқты белгілі қайраткерлер бар съез делегаттары көпұлтты өлкенің демократияға өтуінің күрделі мәселелерін талқылады [3, 90-б.]. Түркістан өлкесіндегі атқару комитеттері делегаттарының съезіне өз қызметіне кіру үшін Ташкентке келген Түркістан комитетінің төрағасы Н.Н. Щепкин де қатысып, Уақытша үкіметтің декларациясын жариялап, «Түркістан комитеті өз қызметі барысында басқарудың демократиялық принциптерін және азаттық, теңдік әрі ағайыншылдық идеяларын басшылыққа алатындығын мәлімдеді. Ол өлкедегі билікті ұйымдастыру мәселесіне байланысты ауылдық және болыстық биліктің төменнен жоғары қарай ұйымдастырылуы тиістігін, билік буындары арасында іскерлік байланыс болуы керектігін, бірақ уездік, облыстық және өлкелік деңгейдегі билік орындарын құру Түркістан комитеті құзырында болуын қалайтындығын танытты. Сондай-ақ ол Түркістан комитеті жанынан жергілікті халықтың өкілдері тартылған кеңес беретін ұйым құру керектігі жөнінде ұсыныс та білдірді [11, с.16].

Н.Н. Щепкиннің және Түркістан комитетінің өзге де мүшелерінің өлкені басқару жөніндегі пікірлері ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың өкілдері арасында күдік те тудырған болатын. Мәселен, атқару комитеттері делегаттарының съезінде Елпатьевскийдің сөйлеген сөзіне орай «Шуро-и-Ислам» ұйымының өкілі М. Бехбуди: «Нұсқауларды кім шығарады? Біз бе, әлде Түркістан комитеті ме? Демократиялық бастамалар жоғалған ба? Түсініксіз. Мұнда не үшін жиналды. Түркістан комитетінің мүшелері біздің өмірімізді терең түсінбейміз дейді. Олар сонда да басқару туралы нұсқаулар шығармақшы. Мұны қалай түсінуге болады» [11, с.28], – мәлімдеген болатын. Уақытша үкімет шын мәнінде, Түркістандағы генерал-губернаторлықты Түркістан комитетімен алмастырғанда өлкені отарлық басқарудың сыртқы көрінісін ғана өзгеріске түсірген еді. Бұл өз кезегінде Түркістан комитеті мен ұлттық-қоғамдық саяси ұйымдар арасындағы текетіреті тудырған-ды [12, с.30]. Түркістан өлкесіндегі саяси күштер Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті құрылғаннан кейінгі кезеңде билік үшін талпынысын күшейте түсті. Мұндай талпыныстың соңы

көп жағдайда жанжалды түрде жүрді. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар уездік және облыстық комиссарларды тағайындау кезінде Түркістан комитетінің өздерімен есептесулер талап етті. Тура осындай талапты жұмысшы-солдат депутаттары кеңестері де қойған еді. Түркістан комитеті Сырдария облысының және оның уездерінің комиссарларын қоғамдық-саяси ұйымдардың келісімінсіз тағайындауына Ташкент жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі бірінші болып наразылық танытты. Түркістан комитетінің мұндай әрекеті өлкедегі қоғамдық-саяси ұйымдар тарапынан «революция жеңісіне қайшы келеді» деп айыпталды.

1917 жылдың 3 мамыр күні өткен Ташкент қаласы мен Сырдария облысы жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің съезі Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті жергілікті қоғамдық-саяси ұйымдармен санаспай билік орындарына тағайындаулар жүргізбеуі тиіс деген шешім қабылдап, Петроградтағы уақытша үкіметтің атына Түркістан комитетін кері шақырып алу жөнінде жеделхат жолдады. Бұл жеделхатқа Уақытша үкіметтің төрағасы князь Львов Түркістан комитетіне өзінің сенім білдіретіндігі және атқарып жатқан жұмысының дұрыс бағытта деп санайтыны жөнінде жауап қайырды. Бұған қарамастан Н.Н.Щепкин денсаулығы нашарлығын және шаршағанын айтып, өзін кері шақыртып алуды сұрап жатты. Ол 13 мамыр күні князь Львовқа: «Қазіргі кезде комитет коллегия ретінде артық болып тұр, ал оның мұсылман мүшелері тіпті зиянды. Біз мұнда өлкелік кеңес құрдық. Маған осы кеңестегі мұсылман өкілдері толығымен мұсылмандар мүддесін көздейтін секілді көрінеді. Осы күнге дейін үстемдік етуші халық мұсылмандарға жоғарыдан қарайтын, ал олар болса үндемейтін. Енді заман өзгерген кезде мұсылмандар өздерінің сан жағынан басымдығын, орыстардың моральдық рухы төмендегенін сезінуде, найза ұшының қатері күннен күнге сезілуде» [12, с.40].

Н.Н. Щепкиннің князь Львовқа «найза ұшының қатері күннен күнге сезілуде» деп жазуына сол кезде жергілікті халық арасында көтеріліс шыққалы жатыр екен деген қауесеттің таралуы да әсер еткен болса керек. Мұндай қауесеттің бірі сол кезде «Ранное утро» газеті арқылы да тараған еді. Бұл қауесеттің негізсіз екенін «Қазақ» газеті арқылы Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз кеңесінің төрағасы И. Жайнақов былайша білдірген болатын: «Ранное утро» газетінде Ташкенттен мынандай бір телеграм басылған: «Жетісудан, Самарқандтан, Ұратөбеден ьәм басқа орындардан әскер басы хабарлар алды қазақ ішінде бүліншілік бұрын да, қазір де бұрынғы жер жайғастырушы мекемелерінің әділдікті аттап, жер алу әдісінің салдарынан шыққан» деген. Алматыдағы обласной қазақ съезінде Жетісудың барша уездерінен жиылған қазақ-қырғыз өкілдері жоғарыда айтылған телеграмдағы хабарлар шылғи өтірік деп біліп, ондай жалған хабарлардың жайылуына аза бойы тік тұрды. Ондай дәйегі жоқ өтірік ескі тәртіпті жақтаушылардың барша Түркістанды, болмаса Жетісуды жырмалап, мұндағы жергілікті жұрттарға, оның ішінде қазақтарға бостандық дәмін татырмай, бұрынғыдан езілген, тапталған күнінде қалдырмаққа қылып жатқан қулық пен сұмдықтары» [13]. Қалыптасқан мұндай жағдайда ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың жетекшілері «өлкеге саяси автономияны енгізуді мүмкін емес деп санаған» Түркістан комитетінің демократиялық ұстанымға берік еместігіне қаныға түсті. Бірақ бұған қарамастан өлкедегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар Түркістан комитетінің отставкаға кетуін қалай қоймады. Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі атынан Уақытша үкіметке жолданған хатта өлкедегі ахуалдың нашарлығына қарамастан Түркістан комитетінің отставкаға кетуі орынсыз деп саналды. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар өлкедегі биліктің жиі алмасуы жоспарланған істердің жүзеге асуына кедергі келтіреді деп есептеді. 1917 жылдың 25 мамыры күні өткен Түркістан комитетінің кезекті мәжілісінде Н.Н. Щепкин өзінің Түркістанда қызмет етуден бас тартатындығын мәлім етті. Бұл мәжілісте өлкедегі билікті қатаң орталықтандырмау, жекелеген өңірлерге өзін-өзі басқаруға мүмкіндіктер жасау мәселесі қарастырылған болатын. Түркістан комитетінің мәжілісінде мұндай мәселенің қойылуы ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың талабынан туындаған болатын [14, с.139-140].

Түркістан комитетінің осы мәжілісінен кейінгі кезеңде Н.Н. Щепкин өзін Түркістан комитеті төрағасы қызметінен кететіндігі жөнінде Уақытша үкіметке өтініш беруін жиілетте түсті. Оның мұндай өтініші 1917 жылы 1 шілде күні қанағтандырылып, Түркістан комитетінің алғашқы құрамы отставкаға кетті. М. Шоқай төрағалық ететін Түркістан өлкелік мұсылмандардың орталық кеңесі Уақытша үкіметке хат жолдап жаңадан тағайындалатын Түркістан комитеті мүшелерінің жартысы мұсылман болуы керектігін талап етті. Сонымен қатар Түркістан комитетіне енетін адамдардың кандидатурасы өлкелік мұсылмандық ұйымымен келістірілуі тиістігін де ескертті [8, 25-п.]. Түркістан комитетінің төрағасына ұсынылатын кандидатура төңірегінде Ташкенттегі қоғамдық- саяси ұйымдар арасында қызу пікірталас өрбіді. Түркістан өлкелік мұсылмандардың орталық кеңесі жергілікті тұрғындар арасында өзіндік беделге ие, социал-революционерлер партиясының мүшесі Вадим Чайкиннің кандидатурасын Түркістан комитетіне төрағалыққа ұсынды. Қаладағы жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі қоның кандидатурасына ашық қарсылық танытып, қысым көрсету жолына көшті. Осыған орай В. Чайкин өз кандидатурасын Түркістан комитетіне төрағалықтан алып тастауға мәжбүр болды [15, 46-п.].

1917 жылдың 19 шілдесі күні Уақытша үкімет Түркістан комитетінің төрағасы етіп Ферғана облысының бұрынғы вице-губернаторы, өлкедегі меньшевиктер партиясының жетекшісі, II Мемлекеттік

думаның мүшесі В.П. Наливкинді тағайындады. Араға біраз уақыт салып, ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың талап етуімен Түркістан комитетінің құрамына М. Шоқай тағайындалды [12, с.41-42].

Осылайша Түркістан өлкесіндегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың талап етуімен жергілікті билік орындары өздерінің өкілдерін өлкелік және облыстық және уездік деңгейдегі билік орындарына енгізу ісінде табандылық таныта білді. Түркістан комитетінің алғашқы құрамы кезінде-ақ ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың бірқатар өкілдері облыстық және уездік комиссарлардың орынбасары қызметін атқаруға қол жеткізген болатын. Мәселен, Верный уезі комиссарының орынбасары қызметіне Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің төрағасы И. Жайнақов, Пішпек уездік комиссарының орынбасары қызметін уездік Қырғыз-қазақ комитетінің мүшесі Ә. Сыдықов, Жаркент уезі комиссарының орынбасары қызметіне уездік Қазақ-қырғыз комитетінің төрағасы Т. Есенғұлов [16, 35-п.], Әулиеата уездік комиссарының орынбасары қызметіне уездік Қазақ-қырғыз кеңесінің төрағасы Ә. Кенесарин атқарды [17]. Түркістан өлкесінің жергілікті жерлерінде құрылған атқару комитеттерінің басшылығына жергілікті халық өкілдері тартыла қоймады. Мұны Черняев қаласында Тризна, Қазалы қаласында Ершов, Түркістан қаласында Рождественский төрағалық ететін атқару комитеттері құрылуынан да аңғаруға болады [18, 21-30-п.]. Түркістан өлкесіндегі ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың Уақытша үкімет тұсында Жетісу өңірінде 1916 жылғы көтерілістен соң шиленісе түскен ұлтаралық қатынасты реттеуге баса мән берген болатын. Уақытша үкімет те Түркістан комитетіне ең негізгі міндеттерінің бірі есебінде Жетісуда қалыптасқан ауыр жағдайды тез арада жойып, облыс өмірін бір қалыпқа түсіруді жүктеген болатын. Түркістан комитеті құрылған кезде-ақ Жетісу өңірінде болған көтеріліс салдарын жоюды комитет мүшелері М. Тынышбаев пен О. Шкапскийге міндеттеді [19, 1-п.].

1917 жылдың 19 сәуірінде М. Тынышбаев Түркістан Комитетінің мәжілісінде баяндама жасап, қырғыз-қазақ халқы өкілдерінің келісімімен Жетісу босқындарын орналастыру жайын әңгімелеп, «Орыс келімсектерінің қазақ-қырғызға өшпенділігі басылғанша Құлжа, Қашқар маңындағы босқындарды уақытша төмендегідей тәртіппен: Құлжа маңындағы қырғыздарды Жаркент, Верный уездерінің шығыс жағына, ал Қашқардағы қырғыздарды Нарын ауданына орналастыра тұру қазіргі жағдайдағы ең тиімді шара болып табылмақ», – дей келіп баяндамашы, бұл ұсыныстың қырғыз халқы өкілдері келісімімен жасалғанын ескертеді. Баяндамада аталған Жаркент, Верный уездерінің шығыс жағы және Нарын ауданы келімсектердің үлес салмағы төмен және тыныштау өңір болғандықтан облыстағы жағдай тұрақтанғанша, мұндай шешімнің іске асырылуы тиімді деген ой туғызды [20, 43-б.]. Сонымен қатар М. Тынышбаев И. Жайнақовқа: «30-сәуірде Пішпекте болу ойымызда бар. Сіздің жеделхатыңыздың мазмұнын комитет қолдап, Петроград, Пекин, Құлжа, Қашқардағы орыс өкілдеріне, Қытай өкімет орындарына телеграф арқылы қазақ-қырғызды қайтаруға жәрдемдесу сұралды», – деп хабарлайды [20, 118-б.].

21 сәуірде О. Шкапский мен М. Тынышбаев репатрианттар мәселесіне байланысты Петроградтағы Уақытша Үкіметтің Екіншілік және Сыртқы істер министрліктеріне жеделхаттар жолдап, онда мәселенің кезек күттірмейтін күрделілігі және өзектілігі айтылып, халықтың басындағы ауыр жағдайды шешу үшін Тынышбаевтың баяндамасы мен Жетісу облыстық қазақ съезінің қаулысы негізінде іске кірісе беретіндерін хабарлайды. Оған Уақытша Үкімет өз келісімін береді. 1917 жылы 25 сәуірдегі отырысында Түркістан комитеті М. Тынышбаев пен О.А. Шкапскийдің тағы да Жетісу жағдайы туралы баяндамаларын тыңдап, мынадай қаулы қабылдайды: «1. Майданның қара жұмысына бұратаналарды алуға байланысты туған жайларды жою үшін Жетісу облысына комитет мүшелері Тынышбаевты, Шкапскийді және Драгоман Степановичті (Қашқар консулдығының тілмәші) іссапарға жіберу; 2. Көтерілістен болған шығынды қайтару үшін Пржевальск уезінің орыс халқына 10 миллион және Қытайдан қайтып жатқан қырғыздарға 5 миллион сом қаржы сұрау туралы Уақытша Үкімет атына жеделхат дайындауды Комитет төрағасына тапсыру; 3. Комитет мүшелері Тынышбаев пен Шкапскийге Жетісу өлкесінде болған кездерінде осы өлке бойынша Түркістан комитетінің құқығы мен міндеттерін өз мойындарына жүктеу» [21, 44-п.]. М. Тынышбаев пен О. Шкапский 27 сәуірде Ташкенттен шығып, сәуірдің соңында Жетісу өлкесіне келеді, қатты зардап шеккен уездерді аралап, Пішпек, Әулиеата, Қапал, Жаркентке және босқындардың ең көп орналасқан жері – Текеске дейін барып қайтады. Олар барған жерлерінде мәжілістер өткізіп, қазақ-қырғыз мәселесін талқылайды. Сондай мәжілістің бірі 1917 жылы 4-6 мамыр күндері Пішпекте өтіп, күн тәртібіне Пішпек, Пржевальск және Жаркент уездеріндегі қазақ-қырғыздардың орыстармен қарым-қатынасы және дүнгендер мәселесі қойылады. Бұл жиынға О. Шкапский, М. Тынышбаев, Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақов, Пржевальск уезі қырғыздарының төрағасы К. Тельтаев және Қашқар консулдығының тілмашы Стефанович, Пржевальск уездік комиссары П.И. Шебалин, Жетісу облыстық қоныстандыру ісінің меңгерушісі қызметін уақытша атқарушы В.А. Гончаровский, Уақытша Үкімет жіберген өкіл С.Н. Шендриков қатысып, онда В.А. Гончаровский мен П.И. Шебалин Куропаткиннің босқындарды Нарын өлкесіне орналастыру туралы ұсынысын қайта алға тартады [21, 51-п.].

Қызу айтыстан кейін мәжіліске қатысушылар Қытайдан қайтқан Пржевальск, ішінара Пішпек (Атаке, Сарыбағыш болыстары) қырғыздарын орыс шаруалары тынышталғанша Ыстық көл, Үлкен және Кіші Кебин, Ақ Бекет жаққа уақытша жібермеу қажет деген бір тоқтамға келіп, шешім қабылдайды.

Қытайдан оралған қазақ пен қырғызды уақытша былайша орналастыру жоспарланады:

1. Құлжа жақтан келетін Жаркент уезінің албан руының қазақтары мен Пржевальск уезінің бұғы руының қырғыздарын Нарын мен Жаркент уезінің Қолжат аймағына және Верный уезінің Қызылбөрік болысына жайғастыру.

2. Ақсу, Үштұрпан жақтан келген және келетіндерді Пржевальск уезіндегі Тоң, Семізбел, Улахол өңіріне және Нарын бөлігіне, Пішпек уезінің таудан арғы болыстарына орналастыру.

3. Бұл қазақ-қырғызды орналастыру үшін ерекше комиссия – бірі Жаркент ауданында, бірі Нарын-пржевальск ауданында жергілікті тұрғындар өкілдерінің қатысуымен құрылады.

4. Қазыналық қосалқы жерлер босқындарға уақытша берілсін, бірақ қазақ-қырғызға онда тұрақты қыстауға рұқсат етілмейді.

5. Көтеріліс кезінде зардап шеккен Столыпин, Белоцарское селениелерінің иеліктері де Қытайдан қайтқандарға берілсін, ал ол жерлердегі орыс шаруалары Шу-Кебин ауданындағы Атаке, Сарыбағыш болыстары жеріне орналассын, орыс шаруалары олардың көтерілістің басты ұйымдастырушылары деп санайды, қолдағы мәліметтерге қарағанда, олар Қытайдан мүлдем қайтпайтын түрі бар, я жақын арада қайтпайтын көрінеді, егер де келе қалса, Нарын ауданына, өз туыстары арасына орналассын, олардың кейбірінен осындай ұсыныс та түсіп жатыр.

6. Құлжа ауданындағы қазақ-қырғызды аса ауыр кедейленген жағдайларына қарай Қытайдан оралуын жақын арада қайтарылуы тиіс. Ал Ақсу мен Үштұрпан ауданындағылар өз тілектері мен қабілеттеріне қарай бірте-бірте қайтарылсын, жаппай көшіруге жол берілмесін. ... Аз топпен Көктал өзені бойымен жоғары қарай жүріп, оралмандардың Нарын ауданына өтуі дұрыс деп табылсын, өйткені олар бірден өз туыстары ортасына келеді де орыс тұрғындарымен қақтығысып қалудан аман қалады. Ақсуда қалып кеткендердің мүддесін қорғау елге оралғанша Қытайдағы Ресей өкілеттілігіне тапсырылсын;

- Орыстар мен оралмандар арасында қақтығыстар болдырмау үшін Сантаста, Рыбачьеде және Кольцовкада сенімді әскери отряд қойылсын;

- Тоқмақта Тынай болысы мен Оренбург қазақтарының жерін, Шамсы болысындағы, Кегеті шатқалындағы ең жақсы жерді, өз бетінше басып алған Столыпино мен Белоцарское селосының шаруаларын Атаке және Сарыбағыш болыстарына орналастыру бұл мәселеге қатысы бар жақтардың өкілдерімен келісе шешілсін;

- Пржевальскіде орыстардың Маринск дүнгендеріне дұшпандығы өршіп тұрғанда олардың ескі қоныстарына оралуы тиімсіз [21, 52-53-пп.].

Сонымен қатар, мәжіліске қатысушылар босқын қазақ-қырғызды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін де көтеріп, оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін Жетісу облыстық Қазақ комитеті жанынан И.Жайнақов төрағалық ететін арнайы комиссия құрылсын деген қаулы қабылданады да, Түркістан комитетінен Жетісу губернаторына келіп түскен 100 мың сом ақша және тағы басқа жиналатын қаржылар осы комиссияға берілетін болды. Пішпектегі мәжілістің шешіміне орай 25 мамырдан бастап, босқын қазақ-қырғызды жерге орналастыру жұмыстары басталады. 1917 жылы 23 шілдеде Пржевальск уездік атқару комитеті жиналысында Пржевальск уезінің шығыс бөлігінен Жаркент уезіне барып қоныстанатын қырғыздарды екі уездің шекарасындағы Талдыбұлақ және Иірсу деген жерге жинап, оларды Верный уезінің Жаркент уезіндегі қазақтар арасына орналастыру керек деген шешім шығарады. Бұл қырғыздар Пржевальск уезінің 7 болысынан тірі қалғандары еді. Олардың барлығы дерлік мал-мүлігінен айрылғандар және көпшілігінде басына тігер киіз үйі де болмады. Қазақ жеріне аман жеткен қырғыздардың 549 отбасы Жаркент уезінің Мерке болысына, 348 отбасы Шілік болысына, 250 отбасы Верный уезінің Қызылбөрік болысындағы қазақ ауылдарының арасына орналастырылады [21, 45-п.].

Қазақ жеріне орналасқан қырғыздарға қазақ ауылдары тарапынан көмек ұйымдастыруға Жетісу облыстық Қазақ комитетінің Илияс Дәулетбақов, Манке Исмаилов, Шегіров секілді өкілдері белсене араласады. Сонымен қатар, қазақ зиялылары қырғыз-қазақ босқындары үшін үкімет тарапынан қазынадан, ақшалай жәрдем көрсетілуіне күш салды, тамақтандыру орындарын ашты, жеке адамдар мен қоғамдық ұйымдар тарапынан қаржылай көмек берілуін ұйымдастырды, орыс шаруалары мен солдаттарының босқын қазақ-қырғызды ату, асу, өртеп жіберу секілді дұшпандық әрекетін тоқтатуға тырысты. Бірақ орыстар мен қазақ-қырғыз арасының жігін жалғау оңайға түспеді. 1917 жылы қырғыздардың басшы адамдарының – манаптарының қуғынға ұшырауы да қырғыз халқының көптеп қырылуына, бас сауғалап елден кетуіне бір себеп болды. «1916 жылы ескі тәртіптің қысымына және қорлауына шыдай алмаған, мен және менің бауырларым және көптеген Қырғыз, Қытайға көшіп кеткен едік, ... Өткен жылы Нарын уезіне елдің жағдайын білейін деп келген едім. Тоқмақ төңірегіндегі ашулы шаруалар бізді андып жүр», - деп Кемел Шабдановтың

көрсеткеніндей, патша үкіметі де, уақытша үкімет те манаптарға 1916 жылғы көтерілісті ұйымдастырушылар ескі жүйенің өкілдері ретінде қарап, оларды жоюға және қарапайым халықты қарсы қоюға ұмтылды [21, 9-п.].

Сондай-ақ М. Тынышбаев, О. Шкапский, И. Жайнақов секілді белсенділерді қазақ-қырғыз мүддесі жолындағы қызметіне де кедергі келтірушілер көбейеді. М.Тынышбаев пен О.Шкапскийге Пржевальск қырғыздары мен Ташкенттегі мұсылман ұйымдарынан елді нанмен қамтамасыз ете алмай отыр, Пржевальск шаруаларының кісі өлтіртуін қойдырта алмады деген шағым түсті деп Уақытша Үкімет қолында үлкен өкілеттілігі бар әскери комиссарлар Иванов, Рафиков, Абызовты Ташкенттен Жетісуға жібереді. Мұны естіп О. Шкапский мен М. Тынышбаев құрылтайға әзірлік кезінде мұнда қалуға болмас деп Жетісудан кетуге бел байлайды. Партиялылыққа бөлінудің кесірі құрылтай жиналысына Жетісу облысынан депутаттыққа кандидат И. Жайнақовқа да тиіп, оған Б. Тамабаевты 1916 жылы көтеріліс кезінде дарға астыруға себепкер болғандардың бірі деген айып тағылып, қызметінен түсіріледі. Бірақ елдің И. Жайнақовқа ықыласы ерекше болғандықтан, оны қырғыз-қазақ комитетінің төрағасы И. Арабаев жоғары бағалап, «Қазақ» газеті бетінде «Бишара қырғыз бауырларыңызды ұмытпаңыздар!» атты мақаласын жариялайды [22].

«Босқын бейшаралардың халін алыстан жылап, Алаш деп аяныш күйімізге харекет қылып жатқан облыстағы алтын таяғымыз Ибрахим мырза Жайнақовқа біз Пржевал қырғыздары жаралы жүрегімізден тәңір жарылқасын айтамыз. ... Бүкіл киіз туырлықты қазақ баласынан бейшара болған біз байғұстарға талай Жайнақовтар шығар», - деп ақтарыла жазды И. Арабаев. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың Жетісудағы қоныс аударушылардың жергілікті халыққа қысым көрсетуіне тосқауыл қою жолындағы әрекеті сол тұста нәтижелі бола қоймады. Оның үстіне Уақытша үкімет те ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың қолдаушылығына қарамастан тұрақсыз саяси билікке айналып, анархия мен зорлық-зомбылыққа тиям сала алмайтын кейіпте еді. Осылайша, ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар Түркістан өлкесінің саяси өміріне қызу атсалысты деуге болады. Олардың бұл бағыттағы қызметі Уақытша үкіметке қолдау көрсете отырып, оның жергілікті билік орындарына өз өкілдерін енгізуінен, большевиктердің өлкедегі билікті тартып алуына қарсылық танытқан іс-шараларға тартылуынан, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына қызу әзірлік жұмыстарын жүргізуінен, өлкеде мұсылмандық әскери бөлімдер құру жолындағы әрекетінен және Жетісу өңіріндегі ұлтаралық қатынасты реттеуге деген талпынысынан айқын аңғарылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Раджапов А.О. Оңтүстік Қазақстан қос революция тұсында: тарих ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 1997. – 157 б.
- 2 Шокай М. Түркістанның қилы тағдыры / құрастырған Б. Серікбайұлы Көшім-Ноғай. – Алматы: Жалын, 1992. – 184 б.
- 3 Нұрпейісов К. Алаш ғәм алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.
- 4 «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
- 5 Шілдебай С.К. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы: Ғылым, 2002. – 214 б.
- 6 Шокай М. Таңдамалы. - Алматы: Қайнар, 1998. - 511 б.
- 7 Кастельская З.Д. Из истории Туркестанского края. - Москва: Книга, 1980. – 240 с.
- 8 ӨРОММ. И-1044-қ., 1-т., 37-іс.
- 9 Съезды и конференции конституционно-демократической партии. – Т. 3. –Кн. 1. 1915-1917 гг. – М.: «Российская политическая энциклопедия», 2000. – 831 с.
- 10 Исхаков С.М. Российские мусульмане и революция (весна 1917 г. – лето 1918 г.). – М.: Институт Российской истории РАН, 2003. – 470 с.
- 11 Протоколы съезда делегатов исполнительных комитетов Туркестанского края. – Ташкент: «Туркестанские ведомости», 1917. – 32 с.
- 12 Абдуллаев Р.М., Агзамходжаев С.С., Алимов И.А. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. – Ташкент: «Шарк», 2000. – 672 с.
- 13 Жайнақов И. Қазақ съезінің ереуілдігі // Қазақ. – 1917. – 22 апрель.
- 14 Победа Октябрьской революции в Узбекистане. Сб. документов. –Т.1. – Ташкент «Фан», 1963. – 658 с.
- 15 РФММ. 9599-қ., 1-т., 217-іс.
- 16 ҚРОММ. 9-қ., 1-т., 26-іс.
- 17 Әулиеата уезі // Бірлік туы. – 1917. – 20 август.
- 18 ӨРОММ. И-1-қ., 31-т., 1176-іс.
- 19 ҚРОММ. 9-қ., 1-т., 30-іс.
- 20 Жүгенбаева Г.С. Мұқамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938 ж.ж.). – Алматы: КазККА, 2000. – 228 б.
- 21 ҚРОММ. 9-т., 1-т., 55-іс.
- 22 Арабаев И. Бишара қырғыз бауырларыңызды ұмытпаңыздар // Қазақ. - 1917. - 17 шілде. - № 236.

УДК 2(574)Қ-64

О.М. ҚОҢЫРАТБАЕВ

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті жанындағы Ж. Баласағұн ат. Түркістан өлкесінің тарихын зерттеу орталығы

МҰСЫЛМАН БЮРОСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ 1919 ЖЫЛҒЫ КӨКТЕМ-ЖАЗ АЙЛАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Орталық Азия аймағында орнаған кеңестік билік жағдайында жергілікті түркі-мұсылман халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының ұйтқысы, егемендік идеясының жаршысы – 1919-1920 жылдары Түркістан республикасында қызмет атқарған Мұсылман Бюросы болды.

Мақалада Мұсылман Бюросының құрылуы мен 1919 жылғы көктем-жаз айларындағы қызметі тың мұрағат құжаттары негізінде жан-жақты зерттелініп, ғылыми талдауға алынған. Сондай-ақ Мәскеудің Түркістандағы ұлт саясаты, Мұсылман Бюросының егемендік жолындағы күресі, тарихи кезеңдегі күрделі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени үрдістердің, ұлт-азаттық қозғалысының ішкі мәніне сараптама жасалынған.

Түйін сөздер. Мұсылман бюросы, Түркістан республикасы, Түркістан өлкесі, Түркістан автономиясы, Мұсылман коммунистерінің I съезі, Турар Рысқұлов, басмашылар қозғалысы, Түркістандағы ашаршылық, ұлт-азаттық қозғалысы

О.М. КОҢЫРАТБАЕВ

Центр по изучению истории Туркестанского края им. Жусипа Баласагуна при ТарГПУ

СОЗДАНИЯ МУСУЛЬМАНСКОГО БЮРО И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ВЕСНОЙ И ЛЕТОМ 1919 ГОДА

Аннотация. Проводником идей суверенитета, организатором национально-освободительного движения коренных тюрко-мусульманских народов в условиях установления советской власти в центральноазиатском регионе выступало Мусульманское бюро, действовавшее в 1919-1920 гг.

В статье на основе новых архивных документов рассматривается история создания Мусульманского бюро и его деятельность весной и летом 1919 года. Проанализирована национальная политика большевиков в Туркестане, борьба Мусульманского бюро за отстаивание суверенитета Туркестана, особенность сложных политических, социально-экономических и культурных процессов данной исторической эпохи, а также национально-освободительного движения.

Ключевые слова. Мусульманское бюро, Туркестанская республика, Туркестанский край, Туркестанская автономия, I съезд мусульманских коммунистов, Турар Рыскулов, басмаческая движения, голод в Туркестане, национально-освободительное движения.

O.M. KONGYRATBAYEV

Zhusip Balasagun Center for the Study of History of Turkestan region

CREATION OF THE MUSLIMS BUREAU AND ITS ACTIVITY IN THE SPRING AND SUMMER OF 1919

Abstract. The Muslim Bureau, acting in 1919-1920, acted as the conductor of the ideas of sovereignty, the organizer of the national liberation movement of the indigenous Turkic-Muslim peoples in the conditions of establishing Soviet power in the Central Asian region.

In the article considered based on new archival documents, the history of the creation of the Muslim Bureau and its activities in the spring and summer of 1919. Have analyzed the national policy of the Bolsheviks in Turkestan, the struggle of the Muslim Bureau for upholding the sovereignty of Turkestan, the peculiarities of the complex political, socio-economic and cultural processes of this historical epoch, as well as the national liberation movement.

Key words: Muslim Bureau, Turkestan Republic, Turkestan region, Turkestan Autonomy, 1st Congress of Muslim Communists, Turar Ryskulov, Basmachi movement, famine in Turkestan, national liberation movement.

Кіріспе

Жарты ғасырлық отарлық езгі мен бірінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан туындаған ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі және оны монархиялық биліктің аса қатыгездікпен басып-жаншуы, 1917 жылғы қос революция, революциядан соң құрамына бірде-бір мұсылман өкілі кіргізілмеген Ташкенттегі кеңес билігінің оспадарсыз саясаты Түркістан өлкесін 1918-1919 жылдары сұрапыл ашаршылыққа ұшыратты. Түркістанның тұрғылықты халқын апаттан аман алып қалу мақсатында Тұрар Рысқұлов басшылығымен саяси билікке енді ғана араласа бастаған түркі-мұсылман жастары 1919 жылдың көктеміне қарай арпалыса жүріп аштықтың бетін қайтарып, 1 миллиондай мұсылман жұртшылығын ажалдан арашалап алады.

Түркістанды жайлаған сұрапыл ашаршылықпен күрес барысында мұсылман жастары саяси билікті қолға алмай жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мүмкін еместігін жақсы түсінеді. Бұл уақытта республикалық билікте жергілікті халықтардың өкілдері мүлдем жоқ болатын, оған бір жағынан, мұсылман зиялыларының саяси тәжірибесіздігі, большевиктік революцияны тосырқай, сенімсіздікпен қабылдауы себеп болса, екінші жағынан, орыс революционерлерінің шовинистік саясаты кедергі болды.

Сондықтан да, бұрын билікке сенімсіздік танытып келген мұсылман жастары 1919 жылы наурызда өткен Түркістан кеңестерінің VII съезі мен өлкелік партия комитетінің II конференциясына белсене қатынасады. Съезде ұлт мәселесі қызу талқыланады. Түркістанға арнайы мандатпен келген П. Кобозев съезде былай дейді: «автономияның мәні тұрғысында алғанда мұнда тұрғындардың 95 пайызы мұсылмандар, бірақ билік орындарындағы көпшілік орыстар болып табылады» [1, 3-арт.п.]. Мұсылман жастарының атынан сөйлеген Т. Рысқұлов республика басшыларының шовинистік саясатын қатаң сынға алады: «Орыстар арасында мұсылман бұқарасы мен мұсылман қайраткерлеріне деген негізсіз сенімсіздік жайлаған... Мұсылман бұқарасы мен мұсылман қайраткерлеріне деген сенімсіздік – бұл кең етек алған ауру... Егер бізге, мұсылман еңбекшілерінің басшыларына сенім білдірген болса, онда жәбірлеу мен мазақтауларға, сенімсіздікке орын болмауға тиіс. Біз ортақ мүддеге, дос, жаңа құрылысқа көшкіміз келеді, сондықтан сенімсіздік болуы мүмкін емес. Жұмыс істесек барлығымыз бірге істеуіміз керек, бірақ біреулердің бағынышты, құлдық жағдайында, ал екіншілерінің қожа мен бастық жағдайында болмауы тиіс» [1, 5-арт.п.].

Мұсылман жастарының белсенді өкілдері съезде республикалық деңгейдегі қызметтерге сайланады. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия төрағасы Тұрар Рысқұлов Түрікатком төрағасының орынбасарлығына қол жеткізеді. Мұсылман жастарының қысымымен ТКП II конференциясы «партияның мұсылман бөлігіндегі партия жұмысына басшылық пен ұйымдастыруды» [2] жақсарту үшін Мұсылман Бюросын құру туралы шешім қабылдайды. Мұсбюро құрамына: Тұрар Рысқұлов (төрағасы), Низаметдин Қожаев, Юсуп Алиев, Құрбан Ибрагимов және Әбдіқадыр Мұхитдинов кірді [3]. Өлкелік партия комитеті 1919 жылы 6 сәуірде Мұсбюро туралы ережені бекітеді. «Мұсылман Бюросы, – делінген ережеде, – өлкедегі РКП (б) мұсылман ұйымдарының белсенді, жоғарғы басқару органы болып табылады, ол партияның орталық органының барлық құқығын және өлкелік партия комитетінің алдында есеп беріп, оның қолдауына сүйенетін үкімет мекемесі құқығын пайдаланады» [4]. Мәжілісте Т. Рысқұлов Мұсбюроның алдында тұрған міндеттердің орасан зор екенін атап көрсетті. «Өлкелік партия комитеті, – дейді Т. Рысқұлов, – осы уақытқа дейін мұсылман бұқарасы арасындағы жұмыстан қол үзіп, бұл бағытта ештеңе атқармады... Мұсылман Бюросы мұсылман бұқарасы үшін өлкелік партия комитетінің барлық жұмыстарын атқаруға тиіс» [5, 22-п.]. Ал, бұл жұмыстарды атқару үшін мұсылман өкілдерінің саяси қайраткерлері мен партия қызметкерлерін даярлау керек. Мұсылман бұқарасына түсінікті тілде, олардың өз ана тілдерінде саяси әдебиеттер бастыру мәселесіне тоқталды. Мұсылман Бюросына аталған міндеттермен қатар: «Иштракиун» газетіне басшылық ету; тікелей және Ұлт істері комиссариатының көмегіне сүйеніп үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу; партиялық және саяси әдебиеттерді ұлт тілдеріне тәржімелеу ісіне басшылық жасау; мұсылман қоғам және партия қайраткерлерін даярлап, оларды мемлекеттік басқару жүйесіне тарту міндеті жүктеледі [5, 23-п.].

Сәуір-мамыр айларында Түркістанның барлық облыстары, уездері мен қалаларында Мұсбюроның жергілікті ұйымдары құрылды. Ұйымдасқан түрде, жүйелі жұмыс істеуге кіріскен Мұсбюроға өз конференцияларын шақырып отыру құқығы берілді. 1919 жылы 18 сәуірде РКП (б) Орталық Комитеті Мұсбюроға Мәскеудегі Шығыс халықтарының коммунистік ұйымдарының Орталық Бюросымен өз бетімен тікелей радиобайланыс жасауына рұқсат етті [5, 32-п.].

1919 жылы 22 сәуірде Мұсбюро жетекшілері Мәскеуге, РКП (б) Орталық Комитеті мен Шығыс халықтарының коммунистік ұйымдарының Орталық Бюросына жіберген радиограммасында Ташкентте құрылған Мұсылман Бюросының атқарар жұмыстары мен жүргізер саясатына тоқтала келіп, былай деп жазады: «Мұсбюро Түркістанда кеңес өкіметінің экономикалық құрылысы мен өлке халықтарының 95 пайызын құрайтын мұсылмандардың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын қайта құруға көмектеседі, әрі барлық іс мұсылман еңбекшілерінің ұйымдастыру деңгейіне байланысты болғандықтан, халықпен қарым-

қатынаста партиядан ерекше күш-жігер жұмсау талап етіледі» [6, 34-п.]. РКП (б) Орталық Комитетінен Түркістан басшылығына мұсылман еңбекшілерін мемлекеттік құрылысқа нақты тарту мәселесі бойынша тиісті нұсқау беруді сұрайды.

Мұсылмандар арасынан мемлекеттік қызметке мамандар даярлау мақсатымен Мұсбюро жанынан ұйымдастырылған Ұйымдастыру-үгіт курсының тыңдаушыларына арналған бағдарлама даярланды. Бағдарлама бойынша тыңдаушылардың мынандай бағыттарда білім алып, мамандануы көзделді: конституция негіздері; экономикалық өмірдің негіздері; кооперация; кәсіподақ қозғалысы; мемлекеттік басқарудың түрлері; ұлт мәселесі; орыс тілі; түркі тілдері; іс жүргізу мен есеп-қисап; география; түркістантану; армия және әскери құрылыс және т.б. [7, 19-п.]. Курс бағдарламасы қоғамдық-саяси және экономикалық өмірдің көптеген қырларын қамтыған. Кейбір пәндер қазіргі таңда да өз мәнін жоя қоймаған, мысалы: «түркістантану», «түркі тілдері», «әскери құрылыс», «ұлт мәселесі», «кооперация», «мемлекеттік басқарудың түрлері мен әдістері» және т.б. Курсқа әр қабылдау кезінде 100 адамнан оқыды, оқуға негізінен партия мүшелері мен кәсіподақ мүшелері қабылданды. Тыңдаушыларға қойылар талап өте қатаң болды, оған негізінен бұрын қылмысты болмаған, жасы 18-ге толған, түркі тілдерінде сауатты, курста оқылатын міндетті пәндерді оқып-үйренуге қабілеті бар жергілікті халықтардың өкілдері алынды. Материалдық жағынан тыңдаушылар қызыл әскерлермен теңестірілді. Тыңдаушылардың отбасылары қызыл әскер отбасылары сияқты Әлеуметтік қамсыздандыру комиссариатының есебінен қамсыздандырылды. Дәрістер түркі тілдерінде оқытылды, ал мамандар жетіспеген пәндер орыс тілінде жүргізіліп, міндетті түрде тәржімеленетін. Курстың барлық шығынын төлеу Халық ағарту комиссариатына жүктеліп, ал тәрбие ісіне Мұсбюро жауап берді [7, 18-18-арт.п.]. Аталған курс Түркістанда мемлекеттік өмірдің түрліше салалары бойынша білікті мамандар даярлауға зор ықпал етті. Курсты бітірушілер қабілеті мен біліміне қарай кеңес, партия қызметіне, үкімет мекемелері мен комиссариаттарға, Қызыл армия бөлімдеріне жіберілді. Олардың арасынан кейінірек ірі қоғам қайраткерлері, ғылыми қызметкерлер, әскери мамандар өсіп жетілді.

Мұсылман Бюросы алғаш құрылған күнінен бастап-ақ Түркістанның түркі-мұсылман халқының құқығын қорғайтын саяси ұйымға айналды. Ашаршылықпен күрес айларында қоғамдық тамақтандыру орындарында белсенді қызмет атқарған Түркістанның 11 000 отаншыл жастары Мұсбюро құрылғаннан кейін жаппай партия қатарына өтіп, басқару ісіне қызу араласа бастады.

1919 жылы көктемге таман ашаршылықтың бетін қайтара алған мұсылман қайраткерлері мамыр айынан бастап Ферғана облысындағы қарулы қақтығысты тоқтату ісімен шұғылдана бастады. Ташкент революционерлері 1918 жылы ақпанда Түркістан Мұхтариятын («Қоқан автономиясын») қиратқаннан кейін [8, с. 41-52], жергілікті халық ортасында кеңестік билікке қарсы қарулы қозғалыс өрістей бастады. Орыс большевиктері бұл қозғалысқа «басмашылар қозғалысы» деген атау берді. Басмашылық топтар революцияға дейін де әрекет ететін, бірақ ол кезде мұндай топтарды – түрліше қылмыстары үшін сотталып, бірінші дүние жүзілік соғыс майданынан қайтқан солдаттардан көп мөлшерде қару-жарақ сатып алып, кәсіби қарақшылық жасаумен айналысқан адамдар құрған еді. Кеңес өкіметін зорлықпен, қарудың күшімен орнату мақсатындағы қанды оқиғалардан соң, жергілікті халықтың арасында бұл саясатқа наразылық туды да, олар қарулы топтарды осы саясатқа қарсы тұра алатын бірден-бір әскери күш ретінде қабылдады. Осылайша, қарапайым түрдегі қарақшылар топтары құрамына ондаған мың адамдарды біріктірген қарулы армияға айналып шыға келді, қозғалыс жалпы халықтық, ұлт-азаттық сипатқа ие бола бастайды. Саяси билік басындағы орыс революционерлері енді ұлт-азаттық сипат алып отырған жалпыхалықтық қозғалыспен соғысуға мәжбүр болды. Қарсыласушы күштердің ымыраға келуі күн өткен сайын қиындай түсті, себебі орыс революционерлері қарулы қозғалыстың ішкі мәнін түсіне алмады, оны қарақшылардың іс-әрекетіне жатқызып шатасты, ал қозғалысқа қатысқан жергілікті халықтар өзінің зорлық-зомбылығы мен заңсыз іс-әрекеттері жағынан патша үкіметінен асып түскен жаңа өкіметті заңды үкімет ретінде қабылдағысы келмеді. «Біз, Кеңестік Түркістан – аса қиын, ауыр жағдайда, лаулаған оттың ортасында қалдық, бізде революция, оны біз – Орта Азия большевиктерінің шағын тобы басқарып отырмыз. Айналамыздың бәрі – қаптаған халық, миллиондаған азиялық тобыр. Онда не болып жатқанынан мүлдем хабарсыз едік» [9, с. 400], – деп жазды Түркістанның большевиктік үкіметінің алғашқы басшысы Ф. Колесов өз естелігінде.

Күн өткен сайын өршіп, қанатын жая бастаған қарулы қозғалысты басып-жаншу үшін орыс большевиктері Ферғанаға армия бөлімшелерін үсті-үстіне аттандырып жатты. Ферғанада ұлтаралық қақтығыс қолдан өршітіп, орыс мұжықтары қаруландырылды, армян ұлтшылдарының «Дашнакцютун» партиясының қарулы топтарының мұсылмандарға қарсы арандатушылық іс-әрекеттеріне ашық қолдау көрсетілді. Ферғана майданы қолбасшысының 1919 жылы 4 тамызда жасаған құпия мәлімдемесінде былай делінген: «кеңес өкіметі орыс шаруаларын қаруландырды. Қаруландырғанда да қорғаныс үшін емес, ұлттық қарақшыларды жою үшін қаруландырды» [10, 2-п.].

Қызыл әскердің сорақы істері сын көтермейді. «Ошқа басмашылар келген кезде, – дейді VII съездің делегаты Х. Құсанбаев, – бұл туралы Әндіжанға хабарланды да, ол жақтан қызыл гвардия бөлімдері келіп

басмашыларды талқандады, бірақ артынан олардың өздері базарды өртеп, ескі Ошты тонай бастады; ал біраздан соң дашнактар келіп оларға қосылады да, тонау, зорлау, өртеуді жалғастырды. Тіпті балаларды да аямады, оларды өлтіріп, кескілеп тастады. Осылайша, Ош қаласы 5 тәулік бойы тоналды, соның салдарынан 2000 адам құрбан болды» [11, 68-арт.п.]. Халық Комиссарлар Комитетінің төрағасы К. Сорокин РКП (б) Орталық Комитетіне былай деп жазды: «Қызыл армияның сапалық құрамы... Ферғанада басмашылық қозғалыстың дамуына аз септігін тигізбеді..., қарақшыларға қарсы жіберілген бөлімдердің... өздері қарақшылықпен айналысып кетеді, ал қарақшылар жақындай бастаса тылға қарай қашады» [12, 4-п.].

Түркістан кеңестерінің төтенше VII съезі Ферғана облысы делегаттарының талап етуімен қалыптасқан жағдайды жергілікті жердің өзінде зерттеу үшін арнайы комиссия тағайындаған болатын, бірақ бұл комиссия сәуір айында Ферғана облысында болып ештеңе бітірмей оралады. Ферғанадағы қарулы қақтығысты басу үшін ең алдымен орыс революционерлерінің көзқарасын өзгерту қажет еді. Сондықтан да, 1919 жылы 22 сәуірде Мұсбюроның Ферғана облысының жағдайын талқыға салған мәжілісі ұйымдастырылады. Ферғана майданының құрылуына, дейді Мұсбюро төрағасы Т. Рысқұлов, мұсылмандар мен «Дашнакцютун» партиясының жетекшілігімен кешірілмес қылмыстар жасаған армяндар арасындағы ұлттық қақтығыс себеп болды. Халықтың қашып басмашылар қатарына қосылуына орыс большевиктерінің арандатушылығы мен Қызыл армия бөлімдерінің қанды қырғындары да қатты әсер етті. Жағдайдың қатты асқынып кетуіне байланысты Ферғанада тыныштық орнату ұзаққа созылатын іс болып тұр [13, 217-п.].

Мұсбюро мәжілісі Ферғана облысына қатысты мәселелерді талқылай келе мынадай қаулы жобасын қабылдайды: «1) Түрікаткомнан бұл мәселені шұғыл талқылап, Иргаш, Мадаминбек, Махаммат және Хал-Қожа қосындарында жүрген барлық еңбекші мұсылмандарға кешірім (амниция) жариялау, оларды өз қаруларын тапсырып, кеңес өкіметі жағынан өтуге, бейбіт еңбекпен шұғылдануға шақыру өтінілсін; 2) олардың өмірлерінің қауіпсіздігі қағаз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де қамтамасыз етілсін және оларға өздерінің бүлінген шаруашылықтарын қалпына келтіру үшін материалдық көмек берілсін; 3) әлсіз халықтарды күштілердің ұлттық езушілігіне қарсы батыл күрес жариялансын...; 4) Қызыл армия қатарында арандатушы армян элементтерін қарусыздандыру арқылы тазалау жүргізілсін және сенімді жұмысшылар мен партия мүшелері қаруландырып, бейбіт тұрғындарға жасалатын кез келген зорлыққа тыйым салынсын» [14, 3-3-арт.п.].

Мұсбюроның талап етуімен Түрікатком 1919 жылы 29 сәуірде Ферғана облысына байланысты жаңа комиссия тағайындайды [14, 36-п.]. Комиссия құрамына: Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы К. Сорокин, Мұсбюро төрағасы Т. Рысқұлов, Ұлт істері комиссариатының, Түрікатком төралқасының және Өлкелік партия комитетінің бірнеше өкілдері кіргізілді. Комиссияға Ферғана облысына қатысты барлық шаралар туралы ерекше құқық берілді: кеңес органдарының қызметін қадағалау және тексеру; қажет кезде жергілікті кеңестер мен мемлекеттік ұйымдарды тарату; қызмет бабында қылмысты болған кеңес және партия қызметкерлерін тұтқындау; революциялық трибунал мен әскери-дала соттарына тарту және т.б. [15, 220-п.] Сондай-ақ, Түрікаткомның Ферғана халқына арналған үндеуі [16] жарияланды, бұл үндеуді Т. Рысқұлов пен К. Сорокин дайындаған еді.

Ферғана комиссиясы мамыр айында Ферғана облысында болып, жағдаймен танысып шықты. К. Сорокин мен Т. Рысқұлов қол қойған 1919 жылғы 9 мамырдағы № 9 бұйрық бойынша: мүшелері мен төрағасы үздіксіз маскүнемдікке салынғаны және уездегі кеңес жұмысын бетімен жібергені үшін Скобелев уездік атқару комитеті таратылып, орнына уақытша революциялық комитет ұйымдастырылды. Ревком құрамына Скобелев қалалық кеңесінен бір, Скобелев уездік партия ұйымы комитетінен екі және Скобелев қалалық Мұсбюродан үш адам мүшелікке кіргізілді [17, 29-п.].

Жергілікті жердің өзінде жүргізілген бақылау Ферғанада орын алып отырған жағдайға негізінен Қызыл армия мен билік басындағы шовинистік пиғылдағы еуропалықтар кінәлі екені айқын болды. 1919 жылы 11 мамырда Әндіжан қаласынан Ташкентке, Түрікатком төрағасы А. Казаковқа жолдаған хатында Т. Рысқұлов былай деп жазады: «Ташкенттен Ферғанаға келген барлық делегаттардың пікірі, бұған арғы күрес жолдары туралы біздің пікіріміз дұрыс болып шықты: (Ферғана) майданы Қоқан оқиғаларынан бергі уақыттағы кеңес қайраткерлерінің теріс іс-әрекеті негізінде туған. Ферғана облысындағы барлық оқиғалар желісінен «Дашнакцютун» партияның арандатушылық әрекеті сезіліп отырады. Қызыл армия бөлімдері басмашылармен күресудің орнына жаппай маскүнемдікке салынған, қару мен патрондарды сол қарақшылардың өздеріне сатқан (әсіресе, армяндар), уездерден өткенде қарақшыларды жасырды деп кінәлап, бейбіт қышпақтарды тонаған. Армяндар жаппай сарт қыздарын зорлап, әйелдер мен балаларды кескілеген. Осының барлығы мұсылмандардың діни сезіміне тиіп, намысын қорлаған, содан олар қашып басмашылар тобына қосылған... Тек уездерде ғана емес, тіпті қалаларда да шын мәнінде кеңес өкіметі жоқ... Мұсылман коммунистерін Иргаш пен Мадаминнің жансыздары деп сенбей қуғындаған... Бакытсыз мұсылман коммунистері екі оттың – кеңестердегі жолдастары мен өздерін ерекше қатігездікпен жазалайтын қарақшы

топтарының ортасында қалған... Партия ұйымдары өте көп залал келтірген (маскүнемдік, паракорлық күнделікті құбылысқа айналған) алуан түрлі лайықсыз элементтермен былғанған» [18, 75-75-арт.п.].

Комиссия Ферғана облысының көптеген қалалары мен елді мекендерінде болып, халыққа Түрікатком үндеуінің мәнін түсіндіреді, Мұсбюроның қызметі туралы баяндайды. Қызметінде берекесіздік пен тәртіпсіздік жайлаған қалалық-уездік атқару комитеттері таратылып, уақытша ревкомдар тағайындалады [19, 297-299-п.]. Қалалар мен уездерде Мұсбюроның жергілікті ұйымдары ашылады. Ферғана облысында мұсылман ұйымдары пайда болып, белсенді саяси қызметке кіріседі. Партия қатарында тазалау жүргізіліп, Скобелевте 150 адам, ал Әндіжанда 200 адам оның қатарынан аластатылды [20].

1919 жылы 20 мамырда Түрікатком мәжілісінде Т. Рысқұлов Ферғана комиссиясының жұмысы жайлы баяндама жасайды. Ферғанадағы саяси ахуалды бәсеңдету үшін Қызыл армияның маскүнемдікке салынған бөлімшелерін алмастыру, арандатушы «Дашнакцютун» партиясын заңнан тыс деп жариялап, қылмысты мүшелерін сотқа тарту, облыстағы негізгі саяси-мемлекеттік билікті жергілікті халық ортасынан шыққан басшыларға тапсыру және т.б. ұсынады [21, 63-п.]. Ал, 1919 жылы 27 мамырда Ферғана комиссиясы өзінің № 36 бұйрығымен: «Дашнакцютун партиясының барлық мүшелерін, Қызыл армия қатарында есепте тұрмаған армян тұрғындарын... өздерінде бар барлық оқ-дәрімен атылатын қарулары мен суық қаруларын тапсыруға» [17, 15-п.] міндеттейді. Өлкелік партия комитетінің 30 маусымдағы мәжілісінде Т. Рысқұловтың «Дашнакцютун» партиясын заңнан тыс деп жариялауды табандылықпен талап етуімен, мәжіліс ол партияның Түркістан аумағында өмір сүруін тоқтату туралы қаулы қабылдады [5, 95-арт.п.].

Орыс революционерлерінің Түркістанның әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық және діни ерекшеліктерін ескермей, ішкі Ресейде іске асырылып жатқан шараларды мұнда да күшпен енгізу саясатын ұстанғандығы Ферғанада қарулы қозғалыстың өршіп кетуіне әсер етті. «Қоқан автономиясын талқандау мен Бұқарадағы оқиғалар кеңес өкіметін мұсылман бұқарасына басқа қырынан танытты. Бұл оқиғаларда саяси басшылар дүние жүзі мұсылмандарына жағымсыз әсері болған толып жатқан, кешіруге болмайтын қателер жіберді және Ферғанадағы сияқты жаңа майдандардың ашылуына себепші болды» [22], – дейді Т. Рысқұлов ТКП IV съезінде сөйлеген сөзінде.

Мұсылман Бюросының қысымымен шовинистік ниеттегі әскери бөлімдер Ферғанадан шығарылып, орыс мұжықтары мен армяндардан қару тартып алынды. Армяндардың қылмысты топтары тұтқындалып, белсенді мүшелері Түркістаннан қуылды. Мұсылман Бюросы – мұсылмандар үшін үміт сәулесін тұтатқан ұйымға айналса, ал озбыр еуропалықтар үшін қаһарлы күшке айналды.

1919 жылдың маусым айына шақырылған Түркістан коммунистік партиясының III съезінің қарсаңында, яғни 24-30 мамыр аралығында Ташкент қаласында Мұсбюроның ұйымдастыруымен мұсылман коммунистік ұйымдарының I өлкелік конференциясы болып өтті. Конференцияға республиканың 5 облысынан және одан тысқары аймақтардан 130-ға жуық түркі-мұсылман делегаттары қатынасты. Атап айтқанда: Хатреддин Абдулаев, Илья Абдулиев, Яхит Абдулин, Мұстафақұл Абдураев, Рахымқұл Абдурасулев, Абдуразак Абдукахаров, Зуфур Абдурахимов, Халмутар Абдурахманов, Абумаев, Лазиз Азизов, Мухаметдин Азизханов, Айгулов Нармухамат, Исаак Акбаров, Зайнап Алиакбаров, Юсуп (Мухамедюсуп) Алиев, Алимамедов, Шаймардан Аллаяр, Хайдар Аминов, Сарыбай Арифов, Сұмбай Арифов, Абдулла Аулиани, Аспанқұл Ахмедов, Раушан Әбенқожынов, Әліқожаев, Мұхамедәлі Бағызбаев, Мәуленқұл Байзақов, Молдамұсылман Байтаев, Жолабек Батырбеков, Қандарбек Бөлебаев, Осман Бөлекбаев, Уәли Бурнашев, Ағзамқожа Бұрхандқожаев, Абдулла Газыханов, Абдулла Гайнулин, Рахматулла Ганиакбаров, Аманқұл Думатов, Абулкасым Жабаров, Түзел Жанбаев, Әлішер Жанкин, Жанов, Қожа Сопы Жорабаев, Убайдулла Иргазиев, Гүләм Ирисбеков, Сафар Ирматов, Исмайл Исеев, Ахмеджан Казиев, Аршет Каипов, Султан Камалидинов, Якус Кенгельдин, Әбдірахман Кеңдібаев, Абубекер Куняшев, Ішкұбат Қазақов, Ахмет Қарабаев, Құдратулла Қасымқожаев, Саидхан Қасымқожаев, Ибрагим Қожаев, Уманқожа Қожаев, Урманқожа Қожаев, Молданарсұт Құлыбаев, Базарбай Құрманбаев, Абдукахар Құшбегиев, Кәрім Мамедов, Мансур Мансуров, Ишанкул Мирдусамасов, Мираким Мирзалиев, Миряхья Мирзасов, Мирсалих Миркаримов, Пирназар Мурзаев, Мусаханов, Хайдар Мухамедмытаров, Зия Мухамедов, Құрбанжан Мухамедов, Рахматжан Мухамедшарипов, Абдукәрім Мухитдинов, Ахмед Сафа Мұхтаршакиров, Латып Мұғамедиев, Дүйсен Мыңжасаров, Мірсағатов, Тойбек Нарқұлов, Садық Нарынбетов, Әбдіғани Насыров, Дүйсебай Нысанбаев, Пантелеймон Осмаков, Жарылқасын Отарбаев, Юлчибек Пармахаматов, Кари Юлдаш Пулатов, Канмухамед Расулев, Газиз Рафиков, Пулатбай Рахматбаев, Әбдімомын Рыскелдинов, Тұрар Рысқұлов, Бердісабыр Сабыров, Мірсағат Садықов, Рахматулла Садықов, Алдашбек Сағымбаев, Сайдуәли Сайдахметов, Сайджан Сайдқожаев, Абдуразак Сайдханов, Сатыбалды Саманчинов, Егеш Саятбаев, Насрулла Таиров, Ахмедқары Тәжіқожаев, Мирзамурат Турдымуратов, Хафиз Түменев, Ағзамқожа Умарқожаев, Юлдаш Умбетов, Бабаяр Умурзаков, Насрулла Усмаров, Хафиз Фаворисов, Абдурахман Фахретдинов, Байнияз Хангельдин, Хамрақожа Хасанбеков, Қожа Сопы Хасанжанов, Карим Хасанов, Момынқожа Хусаинов, Мухамеджан Чанышев, Шариф Чембарисов, Шанасыр Шамансуров, Мухитдин

Шамарданов, Абдурахмат Шамирзаев, Абдусатар Шарифов, Мухамед Шафаров, Мәмедәлі Эфендиев, Турдымурат Юлдашев, Молдазупар Юсупжанов, Садық Юсупов, Абдурахман Ягафаров.

Конференцияның мандат комиссиясы 130 мандатты шешуші дауыспен, 10 мандатты кеңесші дауыспен тіркеген, бірақ кейбір делегаттар шешуші дауыспен де, кеңесші дауыспен де екі рет тіркелген, өйткені кейбір делегаттардың қолында қос мандаттан болған. Мысалы, Әбдірахман Фахретдинов бір мезгілде Керкі партия ұйымынан және Керкі мұсылман коммунистер ұйымынан тіркелген болса, Хафиз Фаворисов конференцияға Мұсбюро төралқасы атынан да, Ташкент татарларының коммунистік секциясының атынан да қатынасқан. Сонымен қатар, Голодностепь уезінен келген мұсылман коммунистері – Хайдар Аминов, Құдратулла Қасымқожаев, Абдуразақ Сайдханов, Әбдіғани Насыров және Мирсалих Миркаримов шешуші дауыспен де, кеңесші дауыспен де тіркеуден өткен. Осы жайттарды ескеретін болсақ, конференцияға барлығы 130 адамдай делегат қатынасқан болып шығады. Жетісу облысының өкілі Қанай Боранбаев пен «Шығысты азат ету одағының» хатшысы Гасановтың есімдері делегаттар тізіміне енбеген, бірақ аталған қос қайраткер де конференция төралқасының құрамында болған.

Конференция жұмысына Түрікатком төрағасы А. Казаков, Түркістан Коммунистік партиясы Өлкелік комитетінің төрағасы А. Солькин, РКП (б) Орталық Комитеті мен БОАК-нің өкілетті өкілі П. Кобозев және Түркістан Әскери комиссарының көмекшісі Б. Шагабутдинов қатынасып, сөз сөйлеген.

Мұсылман бюросының төрағасы Т. Рысқұлов конференцияны салтанатты жағдайда аша отырып, өз сөзінде республиканың саяси-әлеуметтік ахуалына қысқаша шолу жасайды. А. Солькин, А. Казаков сынды шовинистік ниеттерімен танымал болған республика басшыларынан кейін жарыссөзге шыққан П. Кобозев Түркістанда жүргізіліп келген ұлт саясатын қатал сынға алады. Түркістан халқының 95 пайызы мұсылмандар болса, тек 5 пайызы орыстар, дейді ол, ал бірақ осы 5 пайыз орыстар өлкедегі барлық билікті өз қолдарында ұстап тұр, яғни бұл дегеніміз – Түркістанда ұлттық езгі, азшылықтың озбырлығы әлі де орын алып отыр деген сөз!

Конференция төралқасы мына құрамда бекітілді: Т. Рысқұлов (төраға), Гасанов (орынбасары), М. Эфендиев (Түркия коммунистерінің өкілі), Ю. Алиев және Қ. Боранбаев. Конференцияның күн тәртібіне: 1) ағымдағы жағдай; 2) жергілікті ұйымдардың баяндамалары; 3) мұсылман партия ұйымының жергілікті бөлімшелерін ашу және өлкелік Мұсылман бюросы мен жергілікті мұсылман секцияларының ережесін бекіту; 4) жергілікті партия ұйымдарының қызметі және кеңестер органдарымен қарым-қатынасы; 5) мұсылман коммунистік ұйымдарының I өлкелік конференцияның атынан Шығыс халықтарына арналған декларация қабылдау; 6) РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатына және Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Орталық бюросына өкілдер жіберу; 7) Өлкелік Мұсылман Бюросының төралқасын сайлау.

Конференцияның күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша Т. Рысқұлов көлемді баяндама жасап, басты назарды Түркістанның ішкі-сыртқы жағдайына аударды. Т. Рысқұлов армяндардың «Дашнакцутюн» партиясының Ферғана облысының бейбіт тұрғындарына қарсы жасаған зорлық-зомбылықтары мен келеңсіз іс-қимылдарын қатаң сынға алады. Түркістандағы билік тізгінін ұстаған орыс большевиктерінің жергілікті түркі-мұсылман қайраткерлері мен халықтарына сенімсіздік таныту арқылы оларды мемлекеттік басқарудан шет қалдыруға ұмтылып отырғандығы айыпталынды.

1919 жылы жазда Мұсылман Бюросының қызметі жандана бастады, оның құрамынан: ұйымдастыру-үгіт, редакция-баспа, мәдени-ағарту және әскери бөлімдері ашылады. Мұсбюроның әскери бөлімі Түркістандағы Қызыл армия бөлімдеріндегі мұсылман коммунистері ұйымдарының қызметіне басшылық жасады [23]. Әскери бөлім Қызыл Армия қатарында жергілікті халықтар өкілдерінің көбеюіне, олардың әскери өнерді үйреніп, мамандануына қолғабыс етті. Революциялық-әскери кеңестің Саяси бөлімі жанынан Мұсылман Саяси бөлімі құрылып, оның құрамына жергілікті халықтар өкілдерінен мамандар кіргізілді [24, 9-п]. Мұсылман Саяси бөлімінің ережесі бекітілді. Мұсылман Саяси бөлімінің меңгерушісі Революциялық-әскери кеңестің Саяси бөлімі коллегиясының толық мүшелігіне өткізіліп, Мұсбюроның өкілі ретінде Революциялық-әскери кеңестің барлық мәжілістеріне қатысуға құқылы болды. Мұсылман Саяси бөлімінің меңгерушісі болып Данияров бекітілді [25, 66-п].

Түркістан мұсылмандарын мемлекеттік іске тарту мәселесі бойынша Мұсбюро жүргізе бастаған шараларға билік басындағы еуропалық революционерлер қарсы шыға бастады. 1919 жылы маусымда Ташкент қаласында өткен ТКП III съезінде бұл мәселе бойынша үлкен пікірталас туды. Еуропалық коммунистердің өкілі П. Константинопольский былай дейді: «Егер ашық айтар болсам онда Түркістанда пролетариат жоқ. Жартылай пролетариат бар, езілген бұқара, езілген шаруа бар, ал біздің көзқарасымыз бойынша бұл топтар тарихи прогресті қозғаушы революциялық күш бола алмайды» [26, с. 42]. Бұл Түркістандағы еуропалық коммунистер ортасында кең тараған шовинистік пиғылдағы көзқарас болатын. Олар мұсылмандарды мемлекеттік басқаруға жібермей, отарлық басқару жүйесін сақтап қалуға тырысты.

Түркістандағы жағдайды жіті бақылап отырған Кремль қалыптасқан саяси ахуалға алаңдай бастайды. Еуропалық коммунистер және мұсылман коммунистерінің ұлт мәселесі бойынша өзара ымыраға келе алмауы жалпы жағдайды шиеленістіріп жіберді. Шиеленісті бәсеңдетудің жалғыз жолы – республиканың жергілікті халқын мемлекеттік іске қатыстыру болатын. Сондықтан да, 1919 жылы 10 шілдеде РКП (б) Орталық Комитеті Ташкентке Түркістанның жергілікті халықтарын мемлекеттік қызметке тарту туралы радиogramма жібереді. Радиogramмада: «Түркістанның түз халықтарын, олардың партияға қатыстылығын міндетті түрде есепке алып жатпай-ақ, тұрғындардың сандық арақатынас көрсеткіші бойынша кең түрде мемлекеттік қызметке тарту қажеттілігі» [27, с. 736] тапсырылды. Ұсынылатын кандидаттарды мұсылман ұйымдары іріктесе жеткілікті екені, мұсылман ұйымдарының келісімінсіз мұсылмандардың мүліктерін тәркілеуге қатаң тыйым салынатыны атап көрсетілді. Радиogramма Түркістанда әртүрлі көңіл-күйде қабылданды, еуропалық коммунистер бұл шараны іске асыру мүмкін емес деп жар салды, өйткені тұрғындардың сандық арақатынасы бойынша үкімет мекемелеріндегі мұсылмандардың саны бірден 95 пайызға артар еді. Ал, мұсылмандар Мұсбюроның ұйымдастыруымен радиogramмаға қызу қолдау білдіреді.

Түрікатком төрағасы А. Казаков радиogramманы халықтан жасырып қалуға тырысқан кезде, 1919 жылы 16 шілдеде Мұсбюро Ташкенттің ескі бөлігінде мыңдаған мұсылмандар қатынасқан жиын ұйымдастырып, радиogramманың мазмұнын қалың бұқараға жариялап жібереді. Мұсбюроның әрекетіне П. Кобозев қолдау білдіреді [28, с. 187-188]. Бірақ Түркістанның саяси өмірінде үлкен серпіліс тудырған радиogramма РКП (б) Орталық Комитетінің табансыздығының кесірінен іске аспай қалды. Бұл Кремльдің мұсылман халықтарына қатысты астарлы саясатының көрінісі болатын.

Мұсбюро бұл айларда РКП (б) Орталық Комитетінің солқылдақ саясатының кесірінен Түркістанның орталық саяси билігін өзгерте алмағанымен, республиканың аймақтарында күш ала бастайды. Мұсбюроның арнайы комиссиялары барлық аймақтарда тексеру жұмыстарын жүргізіп, облыстық, уездік билік орындарындағы толып жатқан келеңсіз істердің бетін ашады, шовинистік элементтерді ығыстырып, жергілікті қайраткерлердің жоғарылауына мүмкіндік жасайды. Сондай тексеру комиссиясының бірі – 1919 жылы шілде-тамыз айларында Сырдария облысының Әулиеата және Черняев уездеріне тағайындалған комиссия болатын.

Әулиеата мен Черняев уездеріндегі жағдайдың шиеленісіп кетуіне байланысты Мұсбюро арнайы комиссия тағайындайды. Комиссия төралығына Мұсбюро төрағасы Т. Рысқұлов бекітіледі [29, 82-арт.п.]. Шешім өлкелік партия комитетінің 1919 жылғы 3 шілдедегі және Түрікаткомның 4 шілдедегі қаулыларымен бекітілді. Комиссия 1919 жылы 30 шілдеде Әулиеата қаласына келіп, тексеру жұмыстарын бастайды. Комиссия уезде қоғамдық тәртіп орнату үшін ең алдымен маскүнемдікпен күрес шараларын белгілейді. Спирттік ішімдік өндіріп, оны сатумен айналысқандарға қолдарындағы барлық спирт қоры мен құрал-жабдықтарды үш күн ішінде қалалық, уездік, селолық, болыстық және ауылдық атқару комитеттеріне тапсыру міндеттелді; өз бетімен тапсырушыларға кешірім болатыны, ал ішімдік даярлауды жалғастырушылар жұмысшы-шаруа үкіметінің пәрменін орындаудан бас тартушылар ретінде табан астында атылатыны ескертілді. Көшелер мен қоғамдық орындарда мас күйінде жүрушілер жазаға тартылды. Барлық атқару комитеттері мен мемлекет мекемелері аталған шараларды іске асыруға міндеттеліп, бұйрықты орындамаған мекемелер таратылып, мүшелері революциялық трибуналдың сотына жіберілді. Комиссия уездегі салық жүйесімен таныса келе, жергілікті халықтан ретсіз салық алуға тыйым салады. Салық алудың жоспарлы мөлшері белгіленіп, бұл іс тек жергілікті атқару комитеттерінің рұқсатымен ғана іске асырылатын болды. Ретсіз салық алушылар мен қарумен қорқытып мал-мүлікті тәркілеушілер сотқа берілді [30, 1-арт.п.]. Комиссия 1919 жылы 7 тамызда Әулиеата уездік атқару комитетін таратып, құрамына 5 мүше кірген ревком тағайындайды [31, 4-п.].

Мұсбюро ұйымдастырған осындай комиссиялар республиканың барлық аймақтарында жұмыс жүргізіп, жергілікті биліктегі шовинистік элементтерді тазалаумен айналысты. Мұсбюро үкіметтің экономикалық саясатына да белсене араласты.

Мұсбюроны республика басшылығы да еріксіз мойындай бастады. Енді қалыптасып жатқан Мұсбюро сауатты мамандарға зәру болды. Мұсбюроның ұсынысымен Өлкелік партия комитетінің 1919 жылы 23 маусымдағы мәжілісінде мұсылман зиялыларын мәдени құрылысқа тарту мәселесі қаралады. Мұсылман зиялылары арасынан жоғары, орта және төмен білімі бар адамдарды арнайы қызметке шақыру көзделді. Өлкелік партия комитеті сауатты мұсылман зиялыларының Мұсбюроға келіп тіркелуін талап еткен арнайы бұйрық шығаруды Түрікаткомда талқылау Т. Рысқұловқа жүктелді. 1919 жылы 23 шілдеде Түрікатком Т. Рысқұлов даярлаған № 213 бұйрықты жариялайды, онда республиканың барлық жергілікті кеңес ұйымдарына орталықта да, жергілікті жерлерде де мұсылман өкілдерінен интеллектуалды маман қызметкерлер даярлап, оларды партия және кеңес мекемелеріндегі қызметке жоспарлы түрде қатынастыру үшін мұсылман бұқарасы арасындағы орыс мектептерін бітірген жоғары, орта және төменгі дәрежелі білімі бар азаматтар мен мұсылманша жоғары және орта білімі бар азаматтардың және қоғамдық өмірдің түрліше

салаларында еңбек етіп жүрген басқа да интеллектуалды мамандардың тізімін екі аптаның ішінде тапсыру міндетін жүктеді [32, 106-п.]. Сөйтіп, Мұсбюро осы бағыттағы барлық жұмыстарды үйлестіруші ұйым болып танылды.

Мұсбюро мұсылмандарға түсінікті тілде мерзімді басылымдар шығарып, тарату ісіне де ерекше көңіл бөлді. Жергілікті халықтардың тілінде әдебиеттер басып шығаратын баспалардың болмауы мен газет-журналдың жоқтығы себепті Ұлт істері комиссариатының құзырындағы «Иштракун» газетін Мұсбюроның қарамағына беруді талап етеді. 1919 жылы 30 маусымда Түрікаткомның шешімімен «Иштракиун» газеті Түрікатком мен Мұсбюроның ресми газеті болып қайта құрылды [32, 118-п.]. Газет жергілікті халықтар тілінде үкіметтің барлық қаулылары мен шешімдерін жариялап отыруға міндеттенді. Бірақ республикадағы ең ірі екі бірдей ұйымның ресми органы болуына қарамай-ақ, бұл газет республикалық Полиграфия басқармасының қыспағынан құтыла алмады, орыс тілді газеттерге қарағанда «Иштракиун» қағаз тапшылығын үнемі шегіп отырды. Оның үстіне газет көлемінің шағындығы газет редакциясына тек ресми құжаттарды бастырып, ал қалған салалар бойынша даярлаған материалдарды жариялауға мүмкіндік қалдырмады.

Мемлекеттік басқару аппараты мен Түрікаткомның ағымдағы іс-құжаттарын орыс тілімен қатар, жергілікті халықтардың тілінде де жүргізу үшін Мұсбюро өз тарапынан тәжірибелі тәржімешілер жібергізді [32, 111-п.]. 1919 жылы 27 шілдеде Өлкелік партия комитетінің мәжілісінде Мұсбюроның Халық Комиссарлар Кеңесі мен Әскери комиссариатқа жолдаған қатынас хаты талқыланады. Бұл құжатта тұрғындардың мұсылман бөлігіне қатысты құжаттардың Мұсбюроның мақұлдандыруымен ғана қабылданып, бір данасының міндетті түрде жергілікті халықтардың тілінде жазылуы тиіс екені атап көрсетілген.

1919 жылы күзде Мәскеуге барған Мұсбюро делегациясы 2000 пұт баспа қағаздарын сатып алып, Ташкентке жеткізеді. Сонымен қатар, түрліше саяси әдебиеттер, кеңсе мүліктері, Мұсбюро жанындағы фотография бөлімі үшін қажетті фото материалдары, географиялық карталар да әкелінді. Ташкентке келіп мұсылман баспаларында қызмет істеу үшін Мәскеуден тәжірибелі баспагерлер, аудармашылар, құюшылар, әріп терушілер шақырылды. Мұсбюроның мәдени-ағарту бөлімі үшін Қазан қаласынан бай кітапхана сатып алынды [33, 131-132-п.]. Делегация мүшелері Мұсбюродан тағы да 1000 маман шақырып, 700 пұт шрифт, 10 000 пұт қағаз және типография машиналарын сатып алу үшін қосымша 5 000 000 рубль бөліртуді өтінеді. Бұл шаралар жергілікті тілдердің қолданыс аясын кеңейте түсті.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- 1 ӨРОМА (Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві). Р-17-к., 1-т., 17-іс, 3-арт.п.
- 2 Туркестанский коммунист. – 1919. – 10 апреля.
- 3 ӨРПАА (Өзбекстан Республикасы Президенті аппаратының архиві). 60-к., 1-т., 85-іс, 26-арт.п.
- 4 Известия ТурЦИКа. – 1919. – 27 апреля.
- 5 ӨРПАА. 60-к., 1-т., 59-іс, 22-п.
- 6 ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 257-іс, 34-п.
- 7 ӨРПАА. 60-к., 1-т., 299-іс, 19-п.
- 8 Хасанов М.К. «Кокандская автономия» и некоторые ее уроки. // Общественные науки в Узбекистане. – 1990. – № 2. – С. 41-52.
- 9 Колесов Ф. Ворота Тамерлана // Война в песках (Материалы по истории гражданской войны в Средней Азии). Сб. ст. – М.: ОГИЗ, 1935. – С. 400.
- 10 РӨСТМА (Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архиві). 122-к., 1-т., 29-іс, 2-п.
- 11 ӨРПАА. 60-к., 1-т., 99-іс, 68-арт. п.
- 12 РӨСТМА. 17-к., 84-т., 27-іс, 4-п.
- 13 ӨРОМА. Р-36-к., 1-т., 17-іс, 217-п.
- 14 ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 10-іс, 3-3-арт. пп.
- 15 ӨРОМА. Р-17-к., 2-т., 23-іс, 220-п.
- 16 Известия (Ферганского облсовдепа). – 1919. – 7 мая. – № 93.
- 17 ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 699-іс, 29-п.
- 18 ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 14-іс, 75-75-арт. пп.
- 19 ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 695-іс, 297-299-пп.
- 20 Известия ТурЦИКа. – 1919. – 8 июня. – № 117.
- 21 ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 14-іс, 10-іс, 63-п.
- 22 Туркестанский коммунист. – 1919. – 11 октября. – № 127.
- 23 Туркестанский коммунист. – 1919. – 23 июля.
- 24 ӨРПАА. 60-к., 1-т., 236-іс, 9-п.
- 25 ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 244-іс, 66-п.
- 26 Труды III съезда Коммунистической партии Туркестанской Республики РСФСР. – Ташкент: Изд. «Туркестанский коммунист», 1919. – С. 42.
- 27 Из истории гражданской войны в СССР (Сборник документов и материалов в трех томах). Том II. Март 1919 г. – февраль 1920 г. – М.: Советская Россия, 1961. – С. 736.
- 28 Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. – Ташкент, 1925. – С. 187-188.
- 29 ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 143-іс, 82-арт.п.

- 30 ΘΡΟΜΑ. Ρ-17-κ., 1-τ., 703-ic, 1-арт.п.
- 31 ΘΡΠΑΑ. 60-κ., 1-τ., 289-ic, 4-п.
- 32 ΘΡΟΜΑ. Ρ-17-κ., 1-τ., 244-ic, 106-п.
- 33 ΘΡΟΜΑ. Ρ-17-κ., 1-τ., 228-ic, 131-132-пп.

Қоңырбаев Нұржан Өсерханұлы
ЕНУ

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ (Алтыбай болысы бойынша)

Аңдатпа. Аталған мақалада ұлт қайраткері Әлихан Бөкейханның Щербина экспедициясы (1897-1903 ж.ж.) кезіндегі Алтыбай болысы қазақтары туралы жазған этнографиялық еңбектері еніп отыр. Онда Алтыбай болысы сол кездегі халықтырының географиялық оналасуы, тұрмыс тіршілігін зерттеу жұмыстарының тарихы сипатталған. Атап айтқанда, болыстардың орналасу тарихы, халықтың қыстаудан жайлауға көшуі, жайлаудан қайта қыстауға көшуі және шыңырау құдықтар туралы айтылады.

Түйін сөздер: қазақ этнографиясы, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тұрмыс тіршілік, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, құмды шөл, шыңырау құдықтар, бидай, болыстар, рулар, көш, қыстау, жайлау, өріс, өзендер, күйек, отын, ауылдар т.б.

Аннотация. В эту статью включены этнографические работы, написанные националистом Алихана Бокейхана о казахах Алтыбайской волости время экспедиции Щербина (1897-1903 г.г.). В нем описывается географическое преобразование племени адай и его история жизни. В частности, речь идет о местонахождении поселений, переселении населения на пастбища, переселении пастбищ с пастбищ и бездны.

Abstract. This article includes ethnographic works written by nationalist Alikhan Bokeikhan about Kazakhs of Altybai district during Shcherbina expedition (1897-1903 ad). It describes the geographical transformation of the Altybai district tribe and its history of life. In particular, it speaks about the location of the settlements, the relocation of the population to the pastures, the relocation of the pastures from the pastures and the abyss.

Кіріспе

Әлихан Бөкейхан - қоғам қайраткері, саясаткер, Алаш партиясы мен Алашорда қозғалысының жетекшісі. Сол себепті Әлихан Бөкейханның жазған ғылыми мұрасы, зерттеу еңбектері де әр қырынан жан-жақты зерттелуі тиіс. Әлихан Бөкейхан қазақ халқының тарихына, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты жариялаған еңбектерінде қазақтың дәстүрлі шаруашылығының өзекті мәселелері маңызды орын алды. Әлихан Бөкейхан 1896-1901 жылдары Ф.А. Щербина бастаған экспедицияның мүшесі ретінде далалық облыстарды статистикалық тұрғыда зерттеуге қатысуы барысындағы тәжірибесі мен соның нәтижесінде жинақталған деректік материалдары қазақ халқының шаруашылық жүйесіне қатысты айтылған ғылыми пікірлері мен қорытындыларына негіз болды.

Қысқта мал ұстау. Әрбір түлік түріне жеке қора болады. Жем шөптерін де әр қайсысына жетегіндей етіп жинайды. Жылқы мен қойды тебіндеп жаяды.. Семіз жақсы тоқтылар үлкен ту қойлармен тұра береді. Егер арықтай бастаса жеке ұстайды. Жем шөпті ашық қорада береді. Ал түнде күн суытқанда «бітеу қораға» (төбесі жабық, автор Н.Қ) қамайды. Күн қысқа уақыттарда, күн қызарып шыққаннан малды өріске шығарып, тоғыз сағаттай жайып келеді. Егер күн суық болса, сәл кештеу яғни күннің көзі жылығанда ғана малды жайылымға шығарады. Мал қолда болса шөпті екінші рет сағат түскі бірлерде шашады. Егер малдар тез жеп қойса үшінші рет тағы да шашады. Шөп көп тасталып қойса, аяғымен таптап тасатуы мүмкін. Жем шөп аз болғанда, үйіп немесе бұрышқа жинап береді. Шөптен қалған қалдықты кешке бірақ жинайды. Егер тоқтылар буаз болса, күні түні жеке ұстайды. Шөпті екі үш рет аздап береді, сонда жақсы желінеді. Күніне бір рет суға айдайды. Әдетте малды суға екінші рет шөп шашқан соң жібереді. Суғарылып келген малға тағы да аздап шөп шашып, содан соң ғана «бітеу қораға» қамайды. Тұзды үлкен-үлкен етіп ашық қораға үйіп қояды. Елу-жүз қойға үш төрт пұт тұз кетеді. Көктем шыға малды көктеуге айдайды. Жылы күндері далада малды түн жарымға дейін ұстайды. [1. 245-254]

Ірі қараларды және торпақ, бұзауларды «жабық» немесе «ашық қорада» ұстап шөп береді. Көктемде бұзауларға шөпті аздан яғни күніне екі үш рет береді. Сиырларға қоймен бірдей шөп береді. Бірақ бірінші сиырға, екінші қойға салады. Басқа малдар ашық қорада тұрғанда жас бұзаулар мен құлындарды шөпке қоя береді. [2. 27-52]

Суық күндері малға шөпті бітеу қорада (төбесі жабық, автор Н.Қ) береді. Жылқыларға шөпті күніне үш төрт рет ал түнде күндізгіден де көп береді. Малға жем шөп беру тәртібі төмендегідей, бірінші жылқыға, келесі сиырға, үшінші қойға, ең соңынан түйеге береді. [3. 252-261] Түйеге шөпті жерге шашпайды, керісінше

қабырғаға жанастырып, үйіп қояды. Түйе шөпті жерден алып жемейді. Шөпті түйеге төрт рет аздап береді. Ерекшелігі түйе шөпті жылқыға қарағанда, бір бумаға аз жейді.

Саулық қойлар сәуір айының екінші жартысынан бастап, ай соңына дейін туа бастайды. Кедейлердікі ерте, ал байлардікі кеш туады. Кедейлер жас төлдерді күзге жақын анасынан айырып, бөлек жаяды. Жылқының биелері де наурыз, сәуір және май айларында құлындайды. Алғашқы бие сауым май айының бірі мен жиырмасы аралығы. Биені өте тез әрі қысқа уақытта сауып отырады. Тіпті соңғы биені сауып болған соң қайтадан бірінші биені саууға кіріседі. Бие күніне алты сауымға түседі. Қымызды қазан айында піседі. [4. 89-90]

Жүйн қырку. Саулық қой көктемде төрт фунтка дейін жүн берсе, еркек қой үш төрт фунт жүн береді. Қозылар екіден бір фунт қана жүн бере алады. Жақсы, толық жабағы жүнді семіз саулық қойдан алуға болады. Сонымен қатар еркек қой, ту қой, бойдақ қой жабағыны аздап жарым жартылай ғана береді. Базарда саулық қойдың жабағысы бағалы саналады.

Жүннің және қылдың алынуы.

Түбіт жүн.....төрттен бір.

Арқа жүні.....бір.

Құнандікі.....бестен бір.

Дөнежін байталдікі.....төрттен бір.

Қылдан әдетте арқан еседі.

Күзгі қырқын немесе күзеу. Күзгі қырдандағы жүннің көп немесе аздығы малдың тұқымына байланысты болады. Мәселен жүз жиырма қойдан алты пұт жүн алынады. Бір қойдан шамамен екі фунт жүн алынады. Елушақты үлкен қойдан он аршын киіз шығады. [5.136-142]

Түйені күзде қырқайды. Бір түйеден он бес немесе одан да көп фунт жүн алынуы мүмкін. Алынған жүннен күпі, шекпен немесе алаша тоқуға болады.

Сиыр майы. Он сиырдан үш пұт алуға болады. Тілмаш Василев жатақтар жеті сиырдан бес пұт май алғанын мысалға келтіреді.

Терісі. Үлкен малдың терісі алпыс жетпіс коп. Орташа малдың терісі қырық елу коп. Шағын малдың терісі отыз бес коп. Ту сиыр мен дөнен өгіздің терісі бес рубль. Үлкен бұқанікі алты рубль. Құнан өгіздің терісі үш рубль. Тайыншанікі бес рубль, қырық коп. Ту биенің терісі екі рубль елу коп. Тай мен құнанның терісі үш рубльге дейін. Жабағының терісі алпыс жетпіс коп. Жабағы жүні бір жарым рубльден екі рубльге дейін барса, түйенің жүні төрт жарым, бес рубльге дейін барады.

Ірі жер иесінің бірі сарт Наурумов өз жұмысын былай жүргізеді. Шөпті Алтыбай болысынан шабады, ал Ертіс пен Маралдының маңынан жылқыға қажетті шөпті таңдап жүріп орады. Сонымен қатар егін егуді де таңдап істейді. Атыздың жалпақтығы үш төрт аршын, тереңдігі екі қарыс. Бір күнде бір десятина жерді жыртуға болады. Жұмысты үш соқамен, он алты он жеті тісімен жүргізеді. Шөп шапқанда да ерекшеліктері бар. Алдыңғы түйеде екі адам отырады. Бір жұмысшы атпен түйенің қасында жүріп отырса, келесі бір жұмысшы түйенің жолын дұрыстап отырады. Орылған жерді екі ре жүріп өтеді. Орылған жерде төрт жұмысшы, екі ат айдаушы (қырғыз), Барлығы алқапқа он екі адам шығады. Жұмыс уақыты алтыдан он екіге дейін немесе екіден сегізге дейін жалпы он екі сағатқа созылады. Бір десятинаға кететін шығын шамамен, үш рубль, бес пұт шабындыққа алпыс копейка, барлығы он рубль. Шөп шабушы жиырмасыншы апрельден май айының соңына дейін отыз рубль еңбек ақысын алады. Бір жұмысшы бір десятинаға елу копейкадан отыз күнге жалданады. Атты айдаушы айына бес рубль ғана алады. Шаруалар жұмыс барысында етпен қамтамасыз етіледі. Күніне үш рет бауырсақпен шай, бидай көже (бидайды келіге түйіп екі үш сағат қайнатып, сүтпен араластырып тағы да қайнатады) сонымен қатар тары көже де жасайды.

Шөп шабу бастапқыда бір десятинаға төрт рубльден басталып келе келе бес алты рубль, соңына таман сегіз рубльге дейін барады.

Сабаннан бидайды ажырату. Пішенді жинап үстіне су құяды. Содан кейін үстінен отыз атты жүргізеді. Отыз атты екі қатар мен он бес аттан бөліп ораналастырылады. Ортасында ат айдаушы аттарды бақылап жүрісін туралап отырады. Үйілген пішеннің радиусы бірте бірте қысқарып ортаға қарай жинала береді. Бір күнде отыз ат бес жүз пұт пішен дайындайды. Келесі күні таза бидайды қаптап, жаңбыр тимес үшін үстін жауып тастайды. Қыста бидайды ағаш қамбада сақтайды. Тоқсаныншы жылдары Малды да тоқсан мың пұт пішен шабылған, Орта егін алқаптары алпыс жетпіс пұт береді. [6. 71-76]

Алтыбай болысындағы шөл құдықта сексен алтыншы жылы жақсы пішен орылса, сексен сегізінші жылы бұл жерге мысық құйрық пен қаңбақ (мысық қйрық пен қаңбақ шөптің аты) шығып кетті. Жұмыс істеп отыз бес десятина пішен орып алғандар да болды. Ең жақсы десятинадан қырық пұт, қалғандарынан жиырма, жиырма бес, отыз пұт тіпті онбес пұтқа дейін өнім алды. Сексен тоғызыншы жылы (1889 жылы) жиырма десятина пішен орылды. Яғни бір десятинаға жиырма он бес қырық пұт пішен орылды. Тоқсаныншы жылдары қырық десятинадан жиырма пұт пішен алынды. Тоқсан үшінші жылы тас қораның

маңына жарты десятинаға қарбыз егілді. Кіші (аз, автор Н.Қ) жерге пісте егілді. Қарбызды ертерек, шамамен жиырмасыншы сәуірде егеді. Қарбыздар маусымның аяғында жетіледі. Алтыбай болысында көпшіліктің атынан екі ат пен отыз рубль бөлінеді. Бұл старшинаның қажеттіліне жұмсалады. Үлкен басшылар өздерінің жеке көлігін жалдайды. Саудагерлер мен алыпсатарлар қарызды келісіммен береді. Егер кедейлер бір бұзауға қарызға алса келесі жылы тайынша етіп қайтарады. Кедейлер байлардан әртүрлі мал алады, шаруа жылқылар, мүйізді ірі қаралар, қой алады. Қарызын бөліп төлейді немес еңбекпен өтейді. Қағаз жүзіндегі куәлік үлкен ақсақалдың қатысумен жазылады [б. 133-140].

Соңғы уақытта жақсы қыстаулар салынады. Бұрындары базар жәрмеңкелердің алыстығынан киімдерді терілерден тігетін. Қазір барлық киімдер жаңа және сатып алынған. Ілгеріде қырғыздардың (қазақтардың автор Н. Қ) тағамы қымыздан, қатықтан, айраннан, құрттан, ірімшік, май мен еттен тұрса, қазір, шай, көже және нанды да асқа пайдаланып жүр. Нанды бірінші рет алпысыншы жылдары (1860 жылдары) сатып ала бастады. Алғаш Павлодар, Барнауыл өлкесінен қырық елу коп, бір пұтқа бағаланып келді. Салыстырмалы түрде бұрынғы тіршілік нашар, ал қазіргі тіршілік бұрынғыдан жақсы деген пікірге келуге болады.

Әлихан Бөкейханның қазақтың дәстүрлі шаруашылығына қатысты жазған еңбектерінің түпкі мақсаты – патшалық Ресей үкіметінің отарлық мәнге ие қоныс аудару мен қазақ жерін жаппай тартып алу саясатына ғылыми тұрғыда негізделген дәлелдері арқылы қарсы тұру. Қазақ даласының табиғи-климаттық ерекшеліктері мен көшпелі мал шаруашылығының заңдылықтарын есепке алмай жүргізілген аграрлық саясаттың жергілікті халықтың да, қоныс аударушылардың да шаруашылығына зиянын тигізетініне патша чиновниктерінің көзін жеткізу еді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бөкейханов Ә. Н. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. – Астана: Сарыарқа, 2009. 2 том. - 566 б.
2. Бөкейханов Ә. (Полное собрание сочинений) – Астана: Сарыарқа, 2009. -564 б.
3. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. -477 б.
4. Бөкейханов Ә. Н. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. – Астана: Сарыарқа, 2009. 3 том. - 555 б.
5. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы. «Қазақ энциклопедиясы», 1995. -477 бет
6. Омарқожаұлы Н., Әлімбаев Б., Мал шаруашылығы. – Астана: Фолиант. 2010. - 424 б.

ӘОЖ 94(574):930

Н.Н. ҚҰРМАНАЛИНА

Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы қ., Қазақстан

**ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫНАН
(1953-1991 жж.)**

Аңдатпа. Мақалада қазақ-жоңғар қарым-қатынастарының ХХ ғ. екінші жартысынан бастап тәуелсіздікке дейінгі тарихнамасы қарастырылады. Жалпы қазақ-жоңғар күресінің тарихнамасын шартты түрде үш кезеңге бөліп саралауға болады: төңкеріске дейінгі кезең, кеңестік дәуір, қазіргі заман. Кеңестік дәуірдегі тарих ғылымының өзіндік даму ерекшеліктері болды. Тіпті ол кезеңдегі қазақ-жоңғар қатынасының зерттелу тарихнамасын да жылымыққа дейінгі және кейінгі деп бөліп қарастыруға болады. Зерттеу жұмысы жылымықтан кейінгі кезеңнен бастап 1991 ж. дейінгі аралықтағы елдегі тарих ғылымының даму барысын сипаттауға, ондағы қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің зерттелуіндегі мәселелерді қарастыруға арналған.

Түйін сөздер. қазақ халқы, Жоңғар мемлекеті, басқыншылық соғыс, Ресей империясы, кеңестік тарихнама, зерттеушінің қорытындысы.

Н.Н. КУРМАНАЛИНА

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы, Казахстан

**ИЗ ИСТОРИОГРАФИИ КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИХ ВОЙН
(1953-1991 гг.)**

Аннотация. Статья посвящена историографии вопроса казахско-джунгарских отношений второй половины ХХ в. Историографию казахско-джунгарских войн с хронологической точки зрения условно можно поделить на три основные этапы: дореволюционную, советскую и современную. В советский период историческая наука развивалась своим особенным путем. Даже советскую историографию казахско-джунгарских войн можно разделить на промежутки до оттепели и после. Данная статья посвящена рассмотрению вопросов историографии казахско-джунгарской борьбы со времен оттепели по 1991 г., то есть, период независимости.

Ключевые слова. казахский народ, Джунгарское государство, наступательные войны, Российская империя, советская историография, заключения исследователя.

N.N. KURMANALINA

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

FROM THE HISTORIOGRAPHY OF THE KAZAKH-DZUNGARIAN WARS (1953-1991)

Abstract. The article is devoted to the pre-revolutionary Russian historiography on the issue regarding Kazakh-Dzhungarian relations. The historiography of the Kazakh-Jungar wars from the chronological point of view can be divided into three main stages: pre-revolutionary, Soviet and modern. In the Soviet period, historical science had developed its own special way. Even the Soviet historiography of the Kazakh-Jungar wars can be divided into periods before and after the 'Thaw'. This article deals with the issues of the Kazakh-Jungar conflicts historiography from 1953 to 1991, that is, to the time of the independent Kazakhstan period.

Keywords. Kazakh people, Dzungarian state, offensive wars, Russian empire, soviet historiography, researcher's conclusions.

Кіріспе

Жылымық жылдары туралы белгілі тарихшы Т. Омарбеков келесідегідей көрсеткен: «белгілі жазушы И. Эренбургтың аузынан шығып, жұрттың көкейінен орын алған осынау көркем теңеудің сол жылдардағы саяси жағдайға дәлме-дәл сипаттама беретіні де рас» (Омарбеков, 2003: 414). Ғалымның бұл пікіріне толықтай қосыламыз. Ол өзінің ойын толықтыра түсіп, СССР Жоғары Советінің тамыз сессиясы да жаңа әлеуметтік бетбұрыстың болатынын және партия Сталиннің жеке басына табынуды немесе сол жылдары кеткен қателіктерді лениндік принциппен аяусыз сынау жолын таңдағандығын көрсеткен. Бұл кезде елде

уақытша болса да демократиялық жағдайлар қалыптаса бастаған, жеке басқа табынушылық доғарылған. Аталған оқиғадан соң, тарихшы Т.Ә. Төлебаевтың көрсетуінше, тарих ғылымының біршама жаңа бағыт алуына және еркінрек дамуына жол ашылған. Ол Сталиндік кезеңдегі догматизммен, «БКП(б) тарихы. Қысқаша курстағы» қасаң біржақтылықпен күрес басталғанын және тарихи журналдардың саны көбейіп, КСРО тарихы бойынша арнайы журнал шыға бастағанын келтірген. Сонымен бірге тарих ғылымының салаларындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын бағыттап отыратын ғылыми кеңестер жүйесі құрылып, бұрын қол жетпейтін мұрағат қорларын қарауға рұқсат етіліп, олар ғылыми айналымдарға түсу мүмкіндігіне ие болғаны көрсетілген (Төлебаев Т.Ә., 2014: 188). Тарихшы орын алған жағдайларды жақсы сипаттап кеткен. Тарих ғылымының даму ахуалындағы аталған өзгерістерге зерттеу жүргізу барысында көз жеткізуге болады.

Зерттеулерге шолу

Кеңестік дәуірдің аталған кезеңінде қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресіне қатысты зерттеулер молая түсті. Оған Н.Г. Аполлова, В.Я. Басин, Б.П. Гуревич, И.В. Ерофеева И.Я. Златкин, В.С. Кузнецов, М. Кутлуков, В.А. Моисеев, Д. Сапаралиев, Р.Б. Сүлейменов, К.Ш. Хафизова, А.Х. Ходжаев, Ш.Б. Чимитдоржиев, У.Э. Эрдниев сынды тарихшылар және басқа да зерттеушілер өз үлестерін қосты.

Ғалымдардың еңбектерінде Жоңғария бұған дейін хошоут, дербен, ойрат, қалмақ және т.с.с. тайпалардың жалпы атауымен белгіленіп келген еді. Енді ел есіндегі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғаларына себепші болған нақты мемлекетке, яғни И.Я. Златкиннің Жоңғар хандығының тарихына арналған арнайы зерттеу монографиясының жарыққа шығуы зерттеу тақырыбымыздың тарихнамасындағы елеулі оқиға болды.

Тарихнамалық зерттеуіміздің хронологиялық шеңберіне тоқталатын болсақ, онда ХХ ғ. 50-жж. бастап 1991 жылға дейінгі уақыт аралығы қамтылды.

Негізгі бөлім

Қазақ елі өз хандығын құра бастаған кезеңнен бастап-ақ сыртқы саясатындағы бір бағытта ойрат тайпаларынан қорғанып бағуға мәжбүр болған. В.А. Моисеевтің ойынша, моғолстандық ханның Жетісу өлкесінде Қазақ хандығының құрыла бастағанына қарсылық көрсетпегендегі себептердің бірі қазақтарды ойраттарға қарсы күш ретінде қолдануға деген ниетінде жатқан. Ол: «одной из причин, побудившей могулистанского хана Есен-Буку не препятствовать казахам обосновываться в Семиречие, была надежда использовать их силы в борьбе против ойратов, поэтому вполне естественно предположить, что с первых дней своего возникновения Казахскому ханству пришлось отстаивать право на существование в борьбе с ойратами», - деп жазады (Моисеев В.А., 1991: 13). 1609-1616 жж. ойраттардың басқыншылық соғысы салдарынан қазақтардың кей бөлігінің оларға бағынышты болғаны туралы М.Б. Джамгерчинов жазды: «начавшиеся в 1609 г. и закончившиеся до 1616 г. успешные войны калмакских князей приводят к подчинению им части казахских феодалов и к укреплению позиций калмакских князей в занимаемых ими районах южной Сибири» (Джамгерчинов М.Б., 1985: 138). Аталған кездері қазақ пен ойрат кезектесе жеңіске жетіп отырған.

И.Я. Златкин Моңғолия тарихына арнаған очеркінде Жоңғар хандығының құрылуына қатысты Сібір жылнамашысы Черепановқа сілтеме жасай отырып, нақты мағлұмат береді: «...Зенгорское владение, ибо Кара-Кулы тайши сын Батур тайша благоразумием и хобростью своей, как рассеянные калмыцкие республики с их тайшами вместе совокупил, и часть Бухарии (т.е. Восточного Туркестана – И.З.) завоевал, и с того времени как в 1635 г. он, Батур тайша, стал именоваться контайша» (Златкин И.Я., 1957: 32). Дерекке сүйенген зерттеуші 1635 ж. Қаракұла тайшының ұлы Батыр шашыраған ойрат тайпаларының басын біріктіріп, өзі қоңтайшы атала бастаған тұстан бастап Жоңғария иелігі жеке дара көтеріле бастағанын келтіреді. Бұл тұжырымды қолдаған Е. Кычанов та Жоңғар хандығының құрылуының аяқталу кезін 1635 ж. сәйкестендіріп: «1635 год считается окончательным годом формирования Джунгарского ханства», - деп көрсетті (Кычанов Е.И., 1980: 17). А.И. Чернышев: «в 30-х годах XVII в. как внутривосточные, так и внешнеполитические условия благоприятствовали образованию Джунгарского ханства», - дейді (Чернышев А.И., 1990: 49). Осы уақытта Жоңғар хандығының құрылуына ішкі және сыртқы саяси жағдайлар да ыңғайлы болғандығы айғақталған. Осылайша, И.Я. Златкиннің осы тұжырымы өз заманының авторларының қолдауына ие болып, тұрақталған тұжырымға айналды.

Н.Г. Аполлованың пікірінше, XVII ғ. орта тұсынан бастап ойрат тайпалық одағының ыдырауы нәтижесінде одан Жоңғария бөлініп шығып, жеке мемлекет ретінде рәсімделеді. Оның үстіне осы кезден-ақ жоңғар шонжарлары қазақ жерлеріне соңынан кейде ірі әскери қатығыстарға дейін ұласып отырған үздіксіз шапқыншылықтарын жасаған (Аполлова Н.Г., 1960: 89-90). Ш.Б. Чимитдоржиевтің осы мәселеге қатысты ойы Н.Г. Аполловамен бір жерден шыққан (Чимитдоржиев Ш.Б., 1979: 35). Жоғарыдағы екі тарихшы да Жоңғар хандығының мемлекет болып құрыла салысымен-ақ қазақтарға қарсы шапқыншылық саясат ұстанғандығын ерекшелеп жазды.

Егер XVI ғ. соңына қарай қазақтардың мемлекеті айтарлықтай бірлікте болып, ойраттармен қатынаста мықтылығын көрсете алса, Жоңғар хандығы құрылғаннан кейін жағдай өзгере бастаған. Билеуші Қарақұланың қоластына бірлескен жоңғарлар күшіне еніп, қазақтың бірлігі, керісінше шашырай бастаған. Осыны сипаттаған И.Я. Златкин еңбегінде ойраттар мен қазақ қауымының өзара қатынасы айтарлықтай өзгергенін жазды. Егер XVI ғ.-XVII ғ. бас кезінде салыстырмалы түрде бірлігі жарасқан қазақ мемлекетіне соғыста жеңілістерге ұшырап отырған әлсіз ойрат княздіктері қарсы тұрса, одан кейінгі уақыттарда күштің арасалмағы ауысып, ойрат билеушілері өз күшіне ене бастайды. Бұл жағдайды И.Я. Златкин төмендегідей түсіндіреді: «это объясняется постепенным объединением ойратских владений под властью Хара-Хулы, ослаблением ханской власти преемников Тевеккеля и распадом Казахстана на ряд самостоятельных владений» (Златкин И.Я., 1964: 166). Сол секілді XVII ғ. 20-жж. ойраттардың шапқыншылығына қазақ, халкас және ноғай жауынгерлері бірлесе соққы бергендігі келесі еңбекте де көрсетілген (История Казахской ССР, Т. 2. 1979: 287). Зерттеушілердің басым бөлігі И.Я. Златкин сияқты Жоңғар хандығы құрылғанға дейінгі кезеңде ойраттар мен қазақтар арасындағы соғыстарда қазақтар жағы басым болғанын жазған. Оған қазақтардың өзара бірлігінің басым болуы әрі шапқыншылыққа өзге тамырлас елмен бірігіп тойтарыс бергендігі себеп болған. Бірақ Жоңғария мемлекет болып құрылғаннан кейін жағдай өзгеріп, басымдықтың жоңғарларға ауғанын зерттеушілер түйіндейді.

Г.В. Вернадскийдің есебіне сай ойраттар XVII ғ. бірлесіп жүз мың атты әскер шығара алған (Вернадский Г.В., 1966: 22), оның бұл пікірін Е.И. Кычанов та қолдаған (Кычанов Е.И., 1980: 22). И. Чередовтың сөзін келтірген В.А. Моисеев те қоңтайшы жауынгерлерінің саны жүз мыңға жеткенін растаған. Онда: «конттайши военного люда собирается... со ста тысяч и больше, в том числе с пятьдесят тысяч латников и пансырников», - деп жазылған (Моисеев В.А., 1980: 70). Қазақ әскерінің саны да олардан кем болмағаны анық. Жалпы, бұл кезеңдерде көшпелілердің әскери жүйесі аса мықты болғанын ғалымдар мойындаған: «кочевая военная система была одной из самых совершенных военных систем средневековья» (Бартольд В.В., 1964: 68). Ал оған көшпелі қауым өз ішінде өткізіп отырған түрлі жарыстардың – күрес, садақ ату, аң аулау т.б. жас жауынгер үшін жақсы тәжірибе ретінде пайдасы мол болғандығын ерекшелеген зерттеушілер бар. Оларда: «различного рода состязания – борьба, стрельба из лука, облавные охоты на диких зверей – являлись хорошим тренажем для молодых воинов», - деп көрсетілген (Моисеев В.А., 1990: 71). Көшпенді халық отырықшы өмір салтын кешкен елдерден қара күшінің басымдығымен ерекше көзге түсетіндігі туралы деректерде көп кездеседі.

Н.Г. Аполлованың ойынша, Қазақстан үшін жоңғарлармен көршілес орналасу қауіпті болған, себебі оның шекарасына жапсарлас орналасқан Цин империясы Жоңғария мен Қазақстан есебінен өз иеліктерін кеңейтуді көздеген екен (Аполлова Н.Г., 1960: 90). Жоңғария мемлекетінің өзін зерттеушілер агрессиялы мемлекет ретінде сипаттайтыны бар. Н.Г. Аполлова Жоңғар хандығын әскери-феодалдық мемлекет ретінде сипаттағанымен, В.А. Моисеев сияқты тарихшылар оның бұл қорытындысын құптамайды. Бірақ бүгінгі таңда да зерттеушілердің кейбірі Жоңғар хандығын әскери мемлекетке жатқызады.

А.И. Чернышевтің пікірінше, «Моңғол-ойрат заңдарының» негізгі мазмұны моңғол шонжарлары арасындағы алауыздықты жойып, олардың күшін сыртқы жау – мәнжүр мемлекетімен күресуді насихаттауға бағытталған: «основное содержание которых, по нашему мнению, направлено на ликвидацию конфликтов между монгольскими князьями, на объединении их сил против внешнего врага, т.е. маньчжурского государства» (Чернышев А.И., 1990: 50). Әр елде ынтымақ пен ауызбірліктің болуы маңызды фактор, сол себепті бұндай мәселенің тиісті құжаттарда көрсетілуі орынды. Көпшілікке кең танылған 1640 ж. бұл заңдар жинағында сыртқы жаумен күрес мәселесіне ерекше орын берілгендігін ғалымдар көрсетті. Мысалға, оған сәйкес бұл кодексте сыртқы қауіпке қарсы шаралардың сипаты ауыр болған. Өлім жазасы жаудың шапқыншылыққа даярланып жатқандығын біле тұра көпшілікке хабарламағандарға; дабыл соғылған уақытта жорыққа қатысу үшін жасақтың жиналатын орнына келмегендерге; сонымен қатар соғыс кезінде қауіпті жағдайға душар болған шонжарға көмек көрсетпегендерге тағайындалатын болған (Златкин И.Я., 1957: 33). Өзге де зерттеушілер олардың әскерінде қатаң тәртіп қадағаланып, оны бұзғандар қатты жазаға ұшырап отырғандығын көрсетеді: «в войске соблюдалась строгая дисциплина, ее нарушители жестоко наказывались» (Моисеев В.А., 1990: 231). Жоңғар мемлекетінің әскери ұйымдасуы жағынан мықты болуына ондағы әскери тәртіптің қатаң сақталуы да өз септігін тигізуі әбден мүмкін. Бұл заңдағы тағы бір мәліметті У.Э. Эрдниев келтірген: «по «Ики Цааджин бичиг» брак между родственниками по отцовской линии категорически запрещался» (Эрдниев У.Э., 1970: 26). Оған сәйкес қазақтардағы жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүріндегідей жоңғарларда да әке жағынан туыс адамдар арасында неке қиюға тыйым салынғанын білуге болады.

Қоңтайшының Есім ханға бейбітшілік келіссөздер жүргізу үшін жіберген елшілері қазақ ауылдарын тонап шапқан. Сол себептен хан ашуға мініп қарсы жақты шауып қайтқан (История Казахской ССР, Т. 2.

1979: 287). Осындай себептер де қазақ-ойрат арасында шапқыншылықтардың туындап отыруына өз әсерін тигізген болуы керек.

Келесі зерттеушілер де Тәуке хан тұсында ел бірлікте болғанын жазады. Онымен қоса, Тәуке ханның қоластында қарақалпақтардың қазақтармен бірге ғұмыр кешкені айтылған (Шалекенов У.Х., 1966: 20). Салдарынан XVII ғ. 90-жж. жоңғар билеушілерінің қыспағы әлсіз болды. Өйткені Қазақ хандығы нығайған және қырғыздар мен қазақтар бірлескен, оларға тағы қарақалпақтардың бір бөлігі қосылғандықтан, жоңғарлардың күшіне қарсы тұра алған (История Казахской ССР, Т. 2. 1979: 290). Жоңғария басқыншылығына тек қазақтар емес, кей кездері қырғыздар, өзбектер, сонымен қатар қарақалпақтар да бірлесе отырып, қарсы шайқасқан кездер болғандығы туралы зерттеушілердің еңбектерінде бар.

В.Я. Басиннің қорытындыларына сәйкес Галдан Бошоктудың жоңғар тағын иеленудегі себептің бірі – оның қазақ билеушілері арасынан қолдауға ие болғандығында жатыр (Басин В.Я., 1971: 102). Алайда Галдан Бошоктудың хан тағына отырғанына қазақтардың сеп тигізгендігі жайлы өзге зерттеушілер жазбайды әрі В.Я. Басин де нақты деректі көрсетпегендіктен, бұл ой күмән туғызады. Сонымен қатар Галдан Бошокту соғысуды ұнатқан және оны жақсы меңгерген, Далайлама қолдауына сүйенген, елді қоластына біріктіре алған: «он умел и любил воевать. Извне он пользовался поддержкой Далай-ламы, внутри страны сумел сплотить всех старых поданных своего отца и старших братьев» (Кычанов Е.И., 1980: 38). Бұл қоңтайшының беделді билеуші болғандығы туралы деректер көптеген еңбектерде көрсетіледі.

Ресейдің Жоңғар елінде болған елшісі И. Унковскийдің Цеван Рабтанның таққа отырысымен Қазақ ордасына қарсы отыз мыңдық әскер ұстағандығын және бірнеше рет қазақтармен соғысқанын көрсеткен пікірін көптеген зерттеушілер қолдайды. Елші: «с самого начала своего владения, он контайша (т.е. джунгарский хан Цеван-Рабтан (1697-1727) – Э.М.), войска соержит против Казачьей орды около тридцати тысяч и много оных казаков повоевал», - деп көрсеткен (Масанов Э.А., 1966: 40). Қазақтар жоңғарлар үшін осал жау болмаған, сол себепті қарсы жақ бар мүмкіндіктерін пайдаланып отыруға тырысқан. Алайда дәл осы қоңтайшы билеген тұста жоңғарлардың ең қатты басқыншылық жорығы орын алып, қазақтарға қиын күндер туғаны белгілі.

Келесі бір еңбекте, яғни 1957 ж. шыққан «Қазақ ССР тарихының» алғашқы томында жоңғар билеушілерінің Қазақстанға жасаған шапқыншылықтары салдарын тек XIII ғ. басындағы моңғол жорықтарымен ғана салыстыруға келетіндігі ерекшеленген: «по своим разрушительным последствиям набеги джунгарских феодалов на Казахстан можно сравнить только с монгольским нашествием начала XIII в.» (История Казахской ССР, Т. 1. 1957: 232). Бұндағы берілген баға «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасына сай айтылған болса керек. Өйткені сол кездегі жоңғарлардың шапқыншылығы туралы көптеген деректер сақталған әрі кейбір мәліметтерде тенеулер қолдану арқылы асырмалатып айтылған тұстарының да болғаны зерттеулерден белгілі.

Орынбор экспедициясының басшысы қазақтардың жағдайын орынды сипаттаған. Ол: «қазақтар басқыншыларды жеңе алатын еді, егер өзара бірлікте болғанында», - деп көрсеткен. Сонымен қатар ол қазақтарда бірлік болмағандықтан, бір хан соғысса, екіншісі тастап кетіп, соның салдарынан олардың өз иеліктерінен айрылып жататындығын сөз еткен: «ежели б еще согласились. А у них один хан войной пойдет. А другой оставляет, и так свое владение у калмыков теряют» (История Казахской ССР, Т. 1. 1957: 232). Сол сияқты М.С. Мұқановтың пікірінше, қазақ халқының бірлесіп, үлкен әскери күш құрған кезінде жоңғарлар агрессиясына қарсы тұруға мүмкіндіктері болатын еді. Ол: «и в этих условиях только объединение казахов в единое ополчение могло противостоять агрессии джунгар», - деп көрсеткен (Муканов М.С., 1991: 10). Бұған дейін де атап өтілгендей, қазақтардың бірлігі жарасқан кездері жоңғар шапқыншылығына қарсы қасқайып қарсылық көрсетіп, елін, жерін қорғап отырған. Ал қазақ елінің ішінде алауыздық жайлаған уақыттарда олар жоңғарлардың басқыншылығына төтеп бере алмай, жеңіліске ұшыраған жағдайлар көп орын алған.

Г.Е. Марков қоғамдағы батырлардың алатын орнына, олардың сипаты мен қызметіне баға бере отырып, XVIII ғ. бойы жауынгер қолбасшыларының ықпалының бірте-бірте күшейе түскенін ерекшеленген (Марков Г.Е., 1976: 151). Мысалға, Т. Сұлтанов қазақ ханы Тәукенің жеке мөріне қарағанда оның батыр деген атағы болғанын тұжырымдаған (Султанов Т.И., 1982: 102). Сонымен қатар ол ханның құқықтары мен қызметін саралай отырып, оның негізгілеріне – ханның бас қолбасшы ретінде соғыс жариялау, бейбіт келісімге келу құқығы және шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізіп, мемлекеттің сыртқы саясатындағы бағытты анықтауда құқығы болғандығын көрсеткен. Билер қолбасшы тәрізді соғыс жорықтары барысында өз руын, елін бастап шыққан (Султанов Т.И., 1982: 99). Батырлардың саяси рөлінің күшеюі осы мысалдардан да көрінеді. Заман талабына сай хан да, би де батырлықты серік еткен. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі кезіндегі елдегі әлеуметтік құрылыстың жіктелуін, яғни хан, аға хан, би, батыр, төлеңгіт сияқты категориялардың анықтамасы мен функцияларын нақтылай түсу тақырыпты кешенді түрде зерттеуге өз ықпалын тигізеді.

1950-жж. кейін жазылған «Қазақ КСР тарихы» көп томдық еңбектерінің бұрынырақ бірнеше рет басылғандарына қарағандағы басты айырмашылық қазақ елінің жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес мәселесінің сипатталуына аз назар аударылуында жатыр. Алайда 1957 ж. жарық көрген «Қазақ КСР тарихының» 1-томында бұған дейін шығарылған осындай форматтағы еңбектерде көрініс таппаған алмаған сұрақтар да қамтылған. Мысалға, Аягөздегі шайқас туралы мағлұмат. 1718 ж. Аягөздегі шайқаста қазақтар біраз жетістіктерге жеткенімен де, жеңіс жоңғарлар жағында болған. Орыс елшісі Брянцев сол соғыстың куәсі болған Құтлымби сөзіне сүйеніп, қазақтардың жеңіліске ұшырауына әскербасы Әбілхайыр мен Қайып сұлтандардың келісімсіз іс-әрекеті және жоңғарлардың тылдан төтенше соққы жасауы себеп болғандығымен түсіндірген (История Казахской ССР, Т. 1. 1957: 234). Қазақтардың жеңіліске ұшырағаны келесі деректе де айтылған: «...на р.Аягуз казахское ополчение потерпело жестокое поражение» (История Казахской ССР, Т. 3. 1979: 17). Қазіргі таңда Аягөз өзені бойындағы шайқастың барысы жоғарыдағыдай сипатталғанымен, хронологиясы 1717 ж. деп көрсетіліп жүргендігін айту керек. А. Сабырханов деректерге сүйеніп, 1717 ж. қазақтардың Жоңғариямен шайқасуы Ангус (Арыс) өзенінің бойында болғандығын көрсеткен (Сабырханов А., 1970: 34). Алайда бұл жерде кейінгі зерттеулерге сай, Ангус деп Арыс өзені емес, Аягөз өзені айтылып жүр. А. Сабырханов бұл оқиғаны баяндай келе Қазақ хандығы жағынан бұл ұрысқа 30 мыңдай қол қатысқанын, ал жоңғар әскерлерінің саны туралы деректер толық емес екендігін жеткізген. Сонымен қатар автордың ұрыстың үш күнге созылып, қазақтардың шегінуімен аяқталғандығы туралы деректері қазірде беріліп жүрген мәліметтерге сай (Сабырханов А., 1970: 34). Кейбір деректер бойынша Қайып хан қасында қалған екі адаммен эзер қашып құтылғанымен, олардың өз ұлыстарына аман жеткендігі айтылады (Қазақстан тарихы, Т. 3. 2010: 128). А. Сабырханов Әбілқайыр хандығына 1717 жылы көктем айларында Жоңғарлардың шабуыл жасағанын, олардың Бөген, Шаян, Арыс өзендерінің бойында қазақ ауылдарын қырып-жойғаны туралы мәліметтердің кездесетінін жеткізеді (Сабырханов А., 1970: 34). Сол сияқты 1957 ж. жарық көрген «Қазақ КСР тарихының» 1-томында 1718 ж. Арыс өзені бойында да қазақ күштерінің басқа бөлігі жоңғарлардан соққы жегендігі жазылған (История Казахской ССР, Т. 1. 1957: 234]. Бұл жерде ескере кететін жайт, тағы да оқиға хронологиясына қатысты. А. Сабырхановтың көрсеткен нұсқасы емес, соңғы көрсетілген жылдың, яғни 1718 ж. дұрыс екендігі кейінгі бес томдық басылымда жазылған (Қазақстан тарихы, Т. 3. 2010: 128). Жалпы, Аягөз өзені бойындағы және Арыс өзені бойындағы жоңғарлардың қазақтарға жасаған шапқыншылық соғыстарының сипаты жоғарыда талданған еңбектерде дұрыс көрсетілген. Тек оның нақты жылдарына қатысты өзгешеліктер орын алған.

1723 ж. Цеван Рабтан шапқыншылығының ауыр зардабы тек қазақ еліне ғана емес, басқа да Азия елдеріне өз ықпалын тигізген. Ол бойынша бір деректе ығыстырылған қазақтардың Заравшан даласына ағылғандығы айтылған. Самарқанд, Бұқара маңындағы егіс аудандары күйреп, Мауереннахрда аштық орнаған, тіпті адам етін жеген кездер болған (Чехович О.Д., 1956: 88). О.Б. Чеховичтің бұл ойын өз еңбегінде келтірген Б.Г. Гафуров былай жазған: «до крайнего разорения была доведена долина Заравшана непрерывными семилетними (1723-1730 гг.) набегами казахов. Наступил страшный голод, оставшееся в живых население разбежалось на окраины, Бухара и Самарканд опустели» (Гафуров Б.Г., 1972: 572). Қазақ елі үшін осынау ауыр жылдары жоңғар тарапынан шапқыншылыққа тап болса, екінші жағынан осы көрсетілген авторлардың сөздері бойынша қазақтар Самарқанд, Бұқара қалаларын шапқан. Алайда қазақтарды бұл жерде шапқыншылар емес, босқындар ретінде көрсеткен орынды және босып шұбырған қазақтардың басқа елді шабуға мұршасы да болмағаны түсінікті сияқты. Бұл оқиғаға қатысты мәселелерді зерттей түсудің қажеттігін айғақтайды.

И.Я. Златкин: «ойраты обрушились на Средний жуз, заставив его бежать под стены Оренбурга. Россия выступила в защиту казахов, так как не была заинтересована в чрезмерном усилении Ойратского ханства», - деп бірнеше тұжырым жасады. Ол Галдан Церен мәнжүрлермен соғысып жатқан кезде, яғни 30-жж. қазақ билеушілерінің ойрат ұлыстарын бірнеше рет шапқандығын және соған жауап ретінде оның 40-жж. Цибден басшылығымен үлкен әскер жібергендігін жазған. Соққы тиген Орта жуз қазақтары Орынборға дейін ығысқанда Ойрат хандығының тым күшейгендігін қаламаған орыстардың қазақтарға көмектескендігін келтіреді (Тулепбаев Б.А., 1981: 84).

Ал Б.Я. Басин болса И. Неплюев пен жоңғар елшілері келіссөздері кезінде соңғылары Жоңғарияның Қазақстанға басып кіруін кек алу шарасынан болғандығымен түсіндіруге тырысқандығын келтірген. Яғни жоңғарлар И.Я. Златкин көрсеткендей, қазақтар жоңғарлардың қытаймен соғысын пайдаланып, жоңғар ұлыстарына көп шабуылдар жасаған, жоңғарлар сондықтан кек алуды көздеген. Бірақ В.Я. Басиннің тұжырымына сәйкес жоңғарлар, бір жағынан, өздерінің агрессиялық іс-әрекеттері үшін бар кінәні қазақтарға жапса, екінші жағынан – қазақтарды қырған қылмыстарын жазалау шаралары ретінде түсіндіруін айыптаған. Автор жоңғарлардың Кіші және Орта жүзден алым және аманат алуды көздегенін, ал Ұлы жүзден онсыз да Галдан Церенде үнемі аманаттар барын көрсеткен (Басин В.Я., 1969: 112). Бұл жерде жоңғарлардың түрлі себепті сылтау жасап, қазақ елін басып алу ниеті байқалады.

1743 ж. К. Миллердің елшілігінің атқарған істерінің нәтижесі кеңестік кезеңдегі еңбектердің барлығында дерлік оң бағаланған. Оларда бірауыздан Абылай ханның тұтқыннан босатылуына осы елшіліктің тікелей қатысы болғандығы баяндалған. Мысалға, Н.Г. Аполлова мұрағат құжаттарына сілтеме бере отырып: «посольство Миллера, отправленное к джунгарскому хун-тайджи Галдан-Церену в 1743 г., договорилось о мире между джунгарами и казаками как подданными России и вернуло из джунгарского плена султана Аблая», - деп көрсетеді (Аполлова Н.Г., 1960: 92). Бұнда елшілік келіссөздері салдарынан Ресей қоластындағы қазақтар мен жоңғарлар арасында бейбіт қатынастар жөніндегі мәселе шешіліп, Абылай сұлтан жоңғар тұтқынынан босағандығы расталған. Келесі еңбекте де Абылай сұлтанның ресейлік елші К. Миллердің белсенді іс-әрекетінің нәтижесінде тұтқыннан 1743 ж. 5 қыркүйекте босағандығы туралы ой жазылған: «...султан Аблай, в результате активного содействия российского посла К. Миллера возвратившийся из джунгарского плена 5 сентября 1743 г.» (История Казахской ССР, Т. 3. 1979: 72). Т.Ж. Шойынбаев та Миллердің елшілігінің нәтижесі сәтті болғандығын қолдаған (Шойынбаев Т.Ж., 1973: 46), сол сияқты Р.Б. Сүлейменов те (Сүлейменов Р.Б., 1983: 24). Ш. Чимитдоржиев осы Миллер елшілігінің сәтті болып, Абылайды тұтқыннан босатуға мүмкіндік туғанына таңданыспен қараған, себебі Абылай Галдан Цереннің баласы Шарышты өлтірген, автордың пікірінше (Чимитдоржиев Ш.Б., 1978: 152). Абылай сұлтанның Шарышты жекпе-жекте мерт қылғаны жөнінде, сөз жоқ, ауыз әдебиетінің мәліметтерінде көптеп айтылады, тіпті көп томдық «Қазақ ССР тарихы» еңбектерінде де ол туралы шынайы факт ретінде жазылған. Сондықтан ол мәліметтің шынайылығына көз жеткізу үшін ауыз әдебиетіне қоса басқа деректер бойынша да зерттеу жұмысын тереңдетіп жүргізген орынды деп есептелінеді.

В.Я. Басин еңбегіндегі мәліметтерге сай, Әбілмәмбет өзінің кіші ұлын Жоңғария билеушісіне соғысты тоқтатып, Абылайды босатсын деген мақсатта аманатқа жіберген. Орта жүзден қайтқан Т. Балтасевтің көрсетуінше, Абылай сұлтанды босатпас бұрын жоңғар билеушісі өзіндегі Әбілмәмбеттің ұлын Барактың баласымен ауыстыруды талап еткен, онымен қоса Галдан Церен өзінің бір қызын Абылайға ұзатқан. Соңғы ой халық ауыз әдебиетіндегі аңыздарға да сай келеді, өйткені онда Абылайға қоңтайшының қызын бергендігі туралы айтылған (Басин В.Я., 1969: 119-121). Жоғарыдағы Т. Балтасевтің мәліметін берген Ш. Чимитдоржиев болса, қоңтайшының Абылайға қызын ғана бермей, Ташкент маңындағы көш жерлерін де беруге уәде еткен. Ал Абылай болса, аманаттарды ауыстырумен қатар башқұрт көтерілісінің басшысы Қарасақалды Галдан Церенге ұстап әкелуге міндеттелген (Чимитдоржиев Ш.Б., 1978: 152). Абылаймен қоңтайшы қандай келіссөз жасағанымен де, оның ең алдымен қазақ алдында өз позициясын нығайтуды көздеп баққаны нақты болу керек. Ал келесі деректе автор Абылайдың өз ойын жеткізуге тырысқан. Ол бойынша Абылай Неплюевке айтқан сөзінде тұтқыннан босағаны үшін патшайымға және Миллерге өз разылығын білдірген: «...свобода-де ему оттоль учинена высочайшим е.и.в. призрением и милосердием чрез посылку туда майора Миллера...» (Басин В.Я., 1969: 121). Осы автор өзінің келесі еңбегінде қазақ даласында 1742 ж. болған А. Кусебаев бастаған башқұрттар тобының мәліметін келтірген. Олар Кіші жүз қазақтарына Жоңғар елінен үш өкіл келіп, өздеріне аманатқа он адам сұрағанын және сол үшін Абылайды қайтаруды уәде еткендігі туралы жеткізген: «к казахам младшего жуза прибыли три представителя Джунгарии и просили «к себе в аманаты знатных людей десять человек..., за что обещали возвратить из плена Султана Аблая» (Басин В.Я., 1971: 167). И.В. Ерофееваның ойынша, сәтті елшіліктің нәтижелері қазақ билеушілері арасында орыстарға қарай икемделуді күшейте түскен. Ол былай деп көрсеткен: «практические результаты дипломатической миссии привели к усилению прорусской ориентации казахских владетелей» (Ерофеева И.В., 1990: 67). Қаралып отырған кезеңнің тарихнамасында да Абылай сұлтанның жоңғарлардан тұтқыннан босауындағы орыс елшісінің қызметі оң жағынан сипатталғанымен, сұлтанның тұтқынға түсуіне және одан босап шығуына себеп болған барлық жағдайларға байланысты проблемалар толық шешімін таппаған деуімізге болады.

Қазақтағы жайылымдық-көшпелі қауым туралы зерттеу жүргізген В. Шахматов XVIII ғ. үздіксіз соғыстар мен өзара тартыстар, қақтығыстар мен барымталар көшпелілерге жыл сайын тұрақты жайылымдарды қолдануға мүмкіндік тудыра қоймағандығына назар аударған (Шахматов В.Ф., 1964: 32). Автордың бұл ойын келесі зерттеуші де қостаған. Ол жоңғарлардың Жетісуды, ортаазиялық иеліктердегі қалаларды басып алған соң қазақтардың солтүстік-батыс аймақтарға жылжығанын жазған. Осының нәтижесінде қазақтардың көбісінің экономикалық жағынан ортаазия нарығымен байланыстырып тұрған әдеттегі жүйесі істен шығып, қалыптасқан жүзжылдық көшу циклі бұзылғандығын да автор сөз еткен (Басин В.Я., 1969: 68). Расымен де көшпелі өмір салтында жайылымдық жерлер ел тіршілігі үшін жоғары маңызға ие болған. Бұл жоңғарлардың қазақтарға жасаған шабуылды жорықтарының тигізген теріс ықпалдарының бірі болды.

1741 ж. Галдан Церен Орта жүз сұлтандарынан көшу аймақтарын таңдау барысында көрсеткен бұйрығына бағынуды талап еткендігі деректе ерекшеленген (Шахматов В.Ф., 1964: 34]. Жоңғарлардың қазақ шонжарларына қойған талаптарын А. Сабырханов толықтырады, ол бойынша қазақтар: 1) Жоңғарияға

тәуелді болуға көну және бұған кепілдік ретінде аманаттар беруге; 2) қайда көшіп-қону жөнінде қоңтайшылардың нұсқауын орындауға тиісті болған (Сабырханов А., 1970: 50-51). Бұндағы бірінші талап Абылайды тұтқыннан босатуға байланысты қойылғандығын жоғарыда көрсетілген еді.

Қарақалпақтар тарихына еңбегін арнаған авторлар XVII-XVIII ғғ. тоғысында қарақалпақтар қазақ ханы Тәукенің қоластына кіргендігін және XVII ғ. жоңғарлардың батысқа жылжуы Тәуке бастаған қазақтардың әскери қимылдарының нәтижесінде тоқтатылғандығын жазған (Камалов С.К., Уббиниязов Ж.У., Кошанов А.К., 1988: 22, 25). У.Х. Шәлекенов көрсеткендей, қазақтар мен қарақалпақтар сырттан келген басқыншылармен бірлесіп күрескен. Мысалға, 1710 ж. халық жасағы жоңғар шабуылына тойтарыс беріп, оларды шығысқа лақтырып тастаған (Шәлекенов У.Х., 1966: 20). А. Сабырханов та автор ойын қолдаған. Ол 1711-1712 жылдары қазақ жасақтары Жоңғарияға басып кіріп, шекара қоныстарын талқандап, қолға түскендерін тұтқынға алып қайтқандығын жазған (Сабырханов А., 1970: 30). Алайда XVIII ғ. 20-жж. жоңғарлардың Сырдың орта ағысы жағын басып алуының нәтижесінде қарақалпақтардың екіге бөлініп, «жоғарғы» қарақалпақтар жоңғарларға бағынса, «төменгі» қарақалпақтар 1743 ж. кейбірі 1762 ж. дейін Кіші жүз қазақтарына тәуелді болған (Нурмухамедов М.К., Жданко Т.А., Камалов С.К., 1971: 23-24). Бұл жерде де жоңғар шапқыншылығының тек қазақтарға ғана емес, қарақалпақтардың да даму тарихына әсері зор болғандығын қорытындылауға болады.

Жоңғар шапқыншылығы расымен де қазақ қоғамының ғана емес, сонымен қатар оған көрші орналасқан қарақалпақ, өзбек және т.б. халықтардың да экономикалық және саяси өміріне теріс ықпалын тигізгеніменен, дәл қазақ үшін ол ұлттық сипаттағы қауіп болғандығын орынды ерекшелеген В.Я. Басин (Басин В.Я., 1971: 128). Сол сияқты Ч.Б. Чимитдоржиев өзбектердің ойраттармен тікелей қатынасқа ерекше жағдайларда ғана түсіп отырғандығын жақсы көрсеткен. Ол ойрат жауынгерлері қырғыз бен қазақтарды жеңген кездерде ғана, олардың территорияларын басып алған жағдайда ғана өзбек тайпаларының мекендеген жеріне жетіп, өз билігін мойындатуға тырысатын болғандығын жазды (Чимитдоржиев Ш.Б., 1979: 21). Жоңғар шапқыншылығы қаншалықты тегеурінді болғандығын өзге де зерттеу еңбектерінде көрсетіліп жүр. Әсіресе, оның Орта Азияға жасаған шапқыншылығының бастапқы екіні қазақтарға тиіп отырды.

М.Б. Джамгерчинов: «...за период 1600-1650 гг. со стороны Калмакского ханства в Киргизстан состоялся один военный поход (весной 1643 г.) 50-тысячного войска во главе с Батур-хонтайшой, в результате которого власть калмакского хана установилась на небольшой территории Киргизии на непродолжительное время», - деген қорытындыға келген (Джамгерчинов М.Б., 1985: 146). Автор қалмақтардың қырғыздарға жорығы болған деп қана сипаттаған. Алайда қазірде ол шайқаста жоңғарлар да тек өздері емес, өзге ойраттармен бірлесіп қимылдағаны, нақ сол сияқты оларға қарсы қырғыздар ғана емес, қазақтар да бірлесіп шайқасқаны белгілі. Әрі жоңғардың бұл шапқыншылығы негізінен Жәңгір бастаған қазақтарға бағытталғандығы бізде қалыптасқан тұжырым болып қалған. Бұл кездегі, әсіресе, «Орбұлақ шайқасы» деген атпен белгілі болған қазақ пен жоңғар арасындағы шайқаста қырғыздардың да атсалысқаны туралы пікірлер де қолдауға ие екендігі белгілі.

Ш.Б. Чимитдоржиев: «Сырдарьинские города являлись яблоком раздора для казахских и узбекских феодалов, причиной очень многих сражений между ними. Следует сказать, что в эту борьбу активно включалось третье заинтересованное лицо – Джунгарское ханство», - деп көрсетеді (Чимитдоржиев Ш.Б., 1979: 23). Автор осы аймақтағы елдер арасындағы талас-тартыс себептерінің бірі Сыр бойындағы қалалар екендігіне дұрыс назар салған. Бұл мәселені М. Вяткин, В. Бортольд сияқты ғалымдар да көтерген болатын.

В.С. Батраковтың ойынша, XVIII ғ. 20-жж. қазақтардың көпшілігі жоңғар шапқыншылығынан қорғану мақсатында Ресеймен іргелес жерлерге көшіп келген. 1723 ж. оқиғалардан соң Кіші жүз бен Орта жүздің хандары орыстың бодандығын қабылдауға бет бұрған (Батраков В.С., 1966: 13). Негізінен Кіші жүз қазақтарының Ресей қоластына енуіне байланысты нақты қадамдар жасалған жыл ретінде 1730 ж. танылғаны белгілі.

Б.П. Гуревич «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарынан кейін қазақтардың тек 1730 ж. ғана Аңырақай шайқасында жоңғарларға қарсы азаттық күресін бастағанын жазған (Гуревич Б.П., 1983: 60). Зерттеуші Аңырақайдан бұрын қазақтың рухын көтерудегі маңызы зор болған Бұлантыдағы шайқасты назарынан тыс қалдырыпты. Тарихшының ойынша, Жоңғар хандығының күштілігіне оның Цин империясымен жүргізген көптеген соғыстары дәлел бола алады: «свидетельством мощи Джунгарского ханства как государства являлись его войны с Цинской империей в 1715-1726 и в 1729-1737 гг.» (Гуревич Б.П., 1983: 276). Себебі Цин империясымен күресе отырып, Орталық Азия бағытында да жаулаушылық саясат ұстану Жоңғария елі үшін оңайға тимеген. Жоңғарияның өз заманында мықты мемлекет болғандығы дау туғызбайды. В.С. Кузнецов та: «с самого начала история Джунгарского ханства была пронизана борьбой за самосохранение и независимое существование перед лицом агрессивных поползновений минского, а затем цинского Китая», - деп көрсеткен (Кузнецов В.С., 1983: 5). Жоңғар хандығы жеке мемлекет болып құрылған кезден бастап-ақ оның тарихы өзін-өзі сақтау үшін, тәуелсіз тіршілік ету үшін агрессиялық

Қытаймен күрестерге толы болғандығын ерекшелеген. Және бұл жағдай да Жоңғарияның мықты мемлекетке айналып, шыңдала түсуіне белгілі бір дәрежеде сеп болуы ықтимал.

В.С. Кузнецов көрсеткендей, XVIII ғ. алғашқы жартысында Жоңғар хандығы Орталық Азиядағы өте мықты мемлекет болды. Ал Галдан Цереннің билігі тұсында Ойраттардың державасы өзінің гүлденуінің шегі кезеңін бастан кешірген: «правление хунтайджи Галдан-Церина (1727-1745) – период наивысшего расцвета Ойратской державы» (Кузнецов В.С., 1983: 17). Сол секілді М. Кутлуков: «в годы правления Галдана Бушукту (1671-1697) и особенно его приемника Цэван-Рабтана (1697-1727) джунгары достигли наивысшего расцвета», - дейді (Кутлуков М., 1987: 146). Ал А.И. Чернышевтің пікірінше, Галдан Церенмен қоса Цэван Рабтанның билігі кезі де Жоңғар мемлекетінің гүлденген шағымен сай келеді. Ол: «время их (Цэван Рабтан, Галдан Церен – Н.Қ.) правления можно с полным основанием назвать периодом расцвета Джунгарского ханства», - деп көрсеткен (Чернышев А.И., 1990: 51). Төл тарихымызға қатысты айтсақ, Цэван Рабтан билігі тұсында жоңғарлар қазақтарға өте ауыр шапқыншылықтар жасап, үлкен жеңістерге жеткен болатын.

Кеңестік кезеңнің тарих ғылымында Қазақстанның Ресейге қосылуы оң бағаланып келді. А.П. Савицкий Орта Азияның Ресейдің қоластына енуі туралы мақаласында оның айтарлықтай бөлігінің қарсылықсыз, өз еркімен Ресей бодандығын қабылдағанын жазған, олардың қатарында автор қазақ жерлерін, қырғыздарды, қарақалпақтарды және басқаларын атап көрсеткен (Савицкий А.П., 1964: 114). Б.А. Төлепбаев өзінің зерттеу мақаласында Жоңғария мен Цин империясының қауіпіне нүкте қою үшін жалғыз жол – Ресей құрамына кіру болғанын Әбілхайыр мен оның жақтастары бұрынырақ түсінгендігін және осы әрекеттің салдарынан қазақ халқы физикалық жағынан жойылып кету, яғни қытай басқыншыларының әрекеттерінен жойылған Жоңғарияның кебін киюден аман қалғандығын көрсеткен (Төлепбаев Б.А., 1981: 7, 9). Б.П. Гуревич жоғарыдағы автор сөзін қолдап, қазақтардың Ресейге қосылғандықтан, қазақ халқының өмір сүруінің өзіне қауіп тудырған жоңғар шапқыншылығынан құтыла алғандығын тұжырымдайды (Гуревич Б.П., 1983: 77). Т.Ж. Шойынбаев Жоңғардың сыртқы қауіпінен қазақ халқына құрып кету қатері болғанын жазды (Шойынбаев Т.Ж., 1973: 26). В.Я. Басиннің көрсетуінше, XVIII ғ. бірінші ширегінің соңына қарай қазақ билеушілерінің өзара талас-тартыстарының әсерінен Жоңғар қыспағына қарсы күш көрсете алмайтындықтары айқын болды (Басин В.Я., 1969: 144). Осы Жоңғариямен күрес Қазақ хандығының Ресеймен жақындасуын тездеткенін А. Сабырханов қорытындылайды (Сабырханов А., 1970: 24). Келесі авторлар қазақ халқына қажет бейбітшілікті тек орыс мемлекеті ғана беруі мүмкін болғанын ерекшелеген: «казахскому народу нужен был мир, в его могло принести только русское государство» (История Казахской ССР, Т. 3. 1979: 71). Зерттеушілердің пайымдауларына, Жоңғариядан келген қауіпті қазақтар тек экономикалық және мәдени дамуда жоғарырақ деңгейде тұрған мемлекетпен экономикалық байланыстарын нығайту жолымен ғана шеше алатын еді (Басин В.Я., 1969: 73). Әйткенмен жоғарыда көрсетілгендей тұжырымдардың кеңестік зерттеушілердің еңбектерінің барлығында бірдей көрсетілуін, яғни қазақтардың Ресей боданына айналуы оң шешімді іс болғандығы туралы қорытындылар сол заманның идеологиялық талаптарынан туындағаны сөзсіз түсінікті.

Н.Г. Аполлованың Қазақстан тарихының Ресейге қосылу алдындағы кезеңіне қатысты «ең аз зұлымдық» формуласын түсіндіруін келтірсек. Оның ойынша, аталған формула Қазақстанның бұл кездегі сыртқы жағдайы тым күрделі әрі қиын болғандықтан, қазақ халқы алдында толықтай Ресейге бағыну, болмаса Жоңғария теперішінде болуды таңдау тұрғандығымен түсіндіре жазған (Аполлова Н.Г., 1960: 10-11). Бұл зерттеушінің пайымдауына, қазақ елінің Жоңғарияға емес, Ресейге қосылуының залалы азырақ болған.

«Губернатор писал, что казахи живут в «вечной ссоре» с ойратами, «казачья орда всегда готова жить с нами в мире и воевать против Джунгарии», - дей келе Ш.Б. Чимитдоржиев Сібірдегі биліктің қазақ сұлтандарымен бірлесіп, жоңғарларға қарсы тұруға талпынған әрекеттері нәтижесіз қалғанын көрсетеді. Автор оған Цэван Рабтанның Қазақстан мен Орта Азияда жүргізген белсенді әрекеттері кедергі болғанын алға тартады (Чимитдоржиев Ш.Б., 1978: 141). Сол сияқты Т. Шойынбаевтың ойынша, Ресей Жоңғар хандығының күшеюіне мүдделі болмағандықтан, онымен қарсы күресте қазақтарға көмек көрсете алған: «Россия, будучи не заинтересованной в усилении Джунгарского ханства, могла помочь казахам в борьбе против него (джунгаров – Н.Қ.)» (Шойынбаев Т.Ж., 1973: 20). Жоғарыдағы екі еңбекте де орыстардың бүйрегі жоңғарларға емес, қазақтарға бұрып тұрғаны жазылған. Дегенмен Ресей қазақ-жоңғар күресі мәселесінде толықтай қазақ жағында болып, үнемі қазақтарды қолдап отырғандығы туралы пікірлерге бірқатар зерттеушілер сынмен қараған. Осыған байланысты қазақтар империя боданына айнала бастағаннан кейін ғана орыс билігі жоңғарларға қарсы әрекеттерге талпынғандығы түсіндіріледі. Бұл жерде И.Я. Златкиннің пікірін келтірсек орынды болар. Ол қазақ-жоңғар қатынасы бойынша Ресей елінің ұстанған саясатына баға бере отырып, орыстардың ойратпен қазақ арасында жаңа шапқыншылықтардың алдын алу шараларын жасағанымен де, олардың күштерінің өзара бірігіп кетуіне қарсы тұруға ұмтылғанын, себебі Ресей билігі

бұдан өз мүддесіне деген қауіпті байқағандығын жеткізген (Златкин И.Я, 1957: 91). Зерттеушінің Ресей саясатына берген бағасы орынды. Қазақ мемлекеті дербес болып тұрған шақта орыстардың қазақтарға жоңғарға қарсы күресте кірісіп тұрып көмектеспеуінің бір себебі Қазақ хандығының күшеюін қолдамауында болғандығы көрсетіледі еңбектерде. Сонымен бірге Ресейдің негізгі көздегені Жоңғарияның да, Қазақ хандығының да бір-бірінен асып түсіп, мықты мемлекетке айналуына шектеу қою болғандығын қазіргі зерттеушілер жазып жүр.

П.П. Иванов Орта Азия тарихына арнаған еңбегінде: «когда чжунгарское государство было совершенно уничтожено китайскими войсками, казахи получили возможность возвратиться на свои места, однако прежней независимостью они уже не пользовались», - деп орынды атап өтеді (Иванов П.П., 1958: 54). Жоңғар хандығы жойылғаннан соң ғана қазақтар толықтай өздерінің бұрынғы жайылым жерлеріне оралған, алайда қазақ жүздері бірте-бірте дербестігінен айрылып, орыстардың отарына айнала бастаған болатын.

Қорытынды

Кеңестік кезеңнің біз қарастырған жылдарында ерекше жағдайда ғұмыр кешкен Жоңғария мемлекетінің тарихы көптеген зертеушілердің қызығушылығын тудырған тақырыптардың бірінен саналады. Әсіресе, Жоңғар хандығының тарихына қатысты И.Я. Златкиннің монографиясының шығуы тарих ғылымындағы жоңғартану саласын алға жетелесе, нақты қарастырылып отырған тақырыпқа орай В.А. Моисеевтің өзінің докторлық диссертациясының негізінде жазған «Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.)» зерттеу еңбегінің маңызы жоғары болды.

Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресіне қатысты мәселелерді тілге тиек еткен ғылыми еңбектердің саны молая түсті. Тікелей қазақ-жоңғар қатынастарының түйінді проблемаларын көтерген арнайы зерттеу мақалалары, монографиялық еңбектер жазылды. Аталған еңбектерде көп мұрағат құжаттары ғылыми айналымға енгізілді әрі ғылыми жұмыстарда оларды сыни тұрғыда талдауға көңіл бөлінді. Зерттеу тақырыбына қатысты бұрын беймәлім болып келген фактілер қосылды. Зерттеліп отырған проблема кең түрде ашыла түсті, қазақ пен жоңғар арасында орын алған шайқастарға қатысты, сол замандағы тарихи тұлғаларға байланысты зерттеушілердің жаңа ой-қорытындылары қолданылған деректер аясына сай молайғанымен, идеологиялық бағыт проблеманы кең ауқымда бағалауға мүмкіндік туғызбады.

Кеңестік кезеңде жылымық болғанымен, қоғам дамуында түбегейлі өзгерістер орын алмады. Ол жайында тарихшы Т. Омарбековтың төмендегідей қорытындылаған ойымен келісуге болады. Ол бойынша: жылымық жылдарында сталинизм принциптерін біржолата қиратып жіберуге сара жол ашылмады. Еліміз субъективизм мен волонтаризм тұтқынында тоқырауға қарай сырғып келе жатты. Елуінші жылдардың және алпысыншы жылдардың орталарында орын алған жылымық жылу – саяси және экономикалық өзгерістер жасауға талпыну аяқталмай қалды (Омарбеков Т., 2003: 423). XX ғ. екінші жартысында басталған кеңестік тұстағы бетбұрысты кезең алғашқы екінің, қоғамдық-саяси өмірге әкелген еркіндігін, ерекшелігін ұзақ ұстап тұра алмады. Жалпы, кеңестік дәуір тұтас бір кезең ретінде тарихымызда ерекшеленетіні даусыз. Кеңестік тұста өзекті емес болып саналған тақырыптар қатарында Қазақ хандығының тарихы болды деуге болады. Ол уақытта қазақ халқының даму тарихына оның Ресейдің қоластына енуіндегі прогрессивтік сипатын ашу ең өзекті мәселелердің бірінен саналды. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихы да өз нәтижесінде Ресейдің боданына айналуы тұрғысынан қарастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX в. – М.: Изд-во АН СССР, 1960. – 456 с.
2. Бартольд В.В. Калмыки // Сочинения. – М.: Наука, 1964. – Т. 2, ч. 1. – С. 96-101.
3. Басин В.Я. Казахстан в системе внешней политики России в первой половине XVIII века // Казахстан в XV-XVIII веках: вопросы социально-политической истории. – Алматы: Наука, 1969. – С. 50-145.
4. Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. (Казахстан в системе внешне политики Российской империи). – Алма-Ата: Наука, 1971. – 273 с.
5. Батраков В.С. К вопросу о торговых связях казахов со Средней Азией и Россией в XVIII веке // Материалы по истории Средней Азии. – Ташкент: Наука, 1966. – С. 11-24.
6. Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. – М.: Изд-во АН СССР, 1957. – 342 с.
7. Вернадский Г.В. Историческая основа русско-калмыцких отношений // Kalmyk-Oirat symposium. – Philadelphia: Society for the Promotion of Kalmyk Culture, 1966. – С. 11-50.
8. Гафуров Б.Г. Таджика (древнейшая, древняя и средневековая история). – М.: Наука, 1972. – 657 с.
9. Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX в. – М.: Наука, 1983. – Изд. второе. – 309 с.
 - а. Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX в. – М.: Наука, 1983. – Изд. второе. – 309 с.

10. Джамгерчинов М.Б. Из истории взаимоотношения Киргизстана с калмаками в первой половине XVII в. // Из истории дореволюционного Киргизстана. – Фрунзе: Илим, 1985. – С. 136-147.
11. Ерофеева И.В. Русско-джунгарские отношения в 40-х гг. XVIII в. и Казахстан (посольство К. Миллера) // Из истории международных отношений в Центральной Азии: средние века и новое время. – Алма-Ата: Гылым, 1990. – С. 43-67.
12. Златкин И.Я. История Джунгарского ханства 1635-1758. – М.: Наука, 1964. – 482 с.
13. Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии (XVI – середина XIX в.). – М.: Изд-во вост. литературы, 1958. – 248 с.
14. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней) // В пяти томах. – Алма-Ата: Наука, 1979. – Т. 2. – 424 с.
15. История Казахской ССР // В двух томах. – Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1957. – Т. 1. – 609 с.
16. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней // В пяти томах. – Алма-Ата: Наука, 1979. – Т. 3. – 543 с.
17. Камалов С.К., Уббинязов Ж.У., Кошанов А.К. Из истории взаимоотношений каракалпаков с другими народами Средней Азии и Казахстана в XVII – начале XX вв. – Ташкент: Фан, 1988. – 108 с.
18. Кузнецов В.С. Амурсана. – Новосибирск: Наука, 1980. – 176 с.
19. Кузнецов В.С. Цинская империя на рубежах Центральной Азии (вторая половина XVIII – первая половина XIX в.). – Новосибирск: Наука, 1983. – 124 с.
20. Кутлуков М. Цинское завоевание Джунгарии и Восточного Туркестана в 1755-1759 гг. и освещение его в трудах местных кашгарских историков // Из истории Средней Азии и Восточного Туркестана XV-XIX вв.: сборник. – Ташкент: Фан, 1987. – С. 59-82.
21. Кычанов Е.И. Повествование об ойратском Галдане Бошукту-хане. – Новосибирск: Наука, 1980. – 190 с.
22. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) // Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 2010. – Т. 3. – 768 б.
23. Марков Г.Е. Кочевники Азии (структура хозяйства и общественной организации). – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1976. – 320 с.
24. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 322 с.
25. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.). – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 238 с.
26. Моисеев В.А. О военном деле и войнах Джунгарского ханства // Из истории международных отношений в Центральной Азии (средние века и новое время). – Алма-Ата: Гылым, 1990. – С. 67-82.
27. Муқанов М.С. Этническая территория казахов в XVIII – начале XX веков. – Алма-Ата: Казахстан, 1991. – 64 с.
28. Нурмухамедов М.К., Жданко Т.А., Камалов С.К. Каракалпаки (краткий очерк истории с древнейших времен до наших дней). – Ташкент: Фан, 1971. – 120 с.
29. Омарбеков Т. Жылымық // Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы: Өнер, 2003. – Б. 414-423.
30. Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырлардағы қарым-қатынастары. – Алматы: Гылым, 1970. – 137 б.
31. Савицкий А.П. Из истории присоединения Средней Азии к России // Материалы по истории Средней Азии и Узбекистана: научные труды. – Ташкент: Наука, 1964. – Вып. 238. – С. 114-133.
32. Сулейменов Р.Б. Внешнеполитические связи Казахстана XVI-XVIII вв. в советской историографии // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 8-34.
33. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). – М.: Наука, 1982. – 133 с.
34. Төлебаев Т.Ә. Қазақстандағы капитализм: өткені мен бүгінгі (тарихнамалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 250 б.
35. Тулепбаев Б.А. Добровольное присоединение Казахстана к России и его историческое значение // Вопросы истории. – 1981. – № 9. – С. 3-17.
36. Чернышев А.И. Общественное и государственное развитие ойратов в XVIII в. – М.: Наука, 1990. – 138 с.
37. Чехович О.Д. О некоторых вопросах истории Средней Азии XVIII-XIX веков // Вопросы истории. – 1956. – № 3. – С. 84-95.
38. Чимитдоржиев Ш.Б. Взаимоотношения Монголии и России в XVII-XVIII вв. – М.: Наука, 1978. – 216 с.
39. Чимитдоржиев Ш.Б. Взаимоотношения Монголии и Средней Азии в XVII-XVIII вв. – М.: Наука, 1979. – 88 с.
40. Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи: к истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII-XX вв. – Ташкент: Фан, 1966. – 334 с.
41. Шахматов В.Ф. Казахская пастбищно-кочевая община (вопросы образования, эволюции и разложения). – Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1964. – 205 с.
42. Шоинбаев Т.Ж. Прогрессивное значение присоединения Казахстана к России. – Алма-Ата: Казахстан, 1973. – 248 с.
43. Эрдниев У.Э. Калмыки (конец XIX – начало XX вв.) историко-этнографические очерки. – Элиста: Калмыцкое книжное изд-во, 1970. – 307 с.

УДК327.8

Масабаев Канат Изимович
КазНУ им. аль-Фараби

ЭВОЛЮЦИЯ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ КИТАЯ И КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКИЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ.

Аннотация. В данной статье рассматривается, как китайские традиционные верования служили ключевым элементом раннего развития китайской государственной системы и влияние основ конфуцианства на формирование и развитие особых взаимоотношений Китая с соседями. В статье также проанализированы особенности характера международных отношений различных исторических, политических и социально-экономических этапов развития с момента создания Китайской Народной Республики с 1949 года. В последней части статьи рассматриваются многогранные связи между Казахстаном и Китаем, включая Шанхайскую организацию сотрудничества и торгово-экономические связи.

Ключевые слова. Китай, традиция, история, экономика, политика, сотрудничество, ШОС

Масабаев Қанат Ізімұлы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ҚЫТАЙДЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ.

Аңдатпа. Бұл мақалада Қытайдың мемлекеттік жүйесінің ерте кезде қалыптасуында қытайлық дәстүрлі негіздердің басты ұстаным ретінде пайдаланылғандығы қарастырылып, әсіресе, конфуцийлік ілім негіздерінің Қытайдың көршілерімен арадағы ерекше қарым-қатынастарының қалыптасып, дамуына жасаған әсері баяндалған. Сондай-ақ мақалада Қытай Халық Республикасы құрылған 1949 жылдан бергі әр түрлі тарихи, саяси және экономикалық-әлеуметтік даму кезеңдерінің сипаты мен халықаралық қатынастарының ерекшелігі талданған. Мақаланың соңғы бөлімінде Қазақстан мен Қытай арасындағы көп жақтылы байланыстарға тоқталған. Оның ішінде Шаңхай ынтымақтастығы және сауда-экономикалық байланыстар қамтылған.

Түйін сөздер. Қытай, дәстүр, тарих, экономика, саясат, ынтымақтастық, ШЫҰ

Massabayev Kanat
Al-Farabi KazNU

EVOLUTION OF CHINA'S POLITICAL SYSTEM AND KAZAKH-CHINESE RELATIONS.

Abstract. This article reviews how Chinese traditional beliefs were used as a key element in the early development of the Chinese governmental system and the influence of Confucianism on the formation and development of China's special relations with neighbors. The article also analyzes the nature of the international relations of various historical, political and socio-economic stages of development from the establishment of the People's Republic of China since 1949. The last part of the article deals with the versatile links between Kazakhstan and China, including the Shanghai Cooperation Organization and trade and economic ties.

Введение

Начиная с глубокой древности, в Китае закладывались основы государственного управления и определенной политической культуры. В формировании политической культуры важную роль играли древние верования китайцев. Культ неба как краеугольный камень традиционных верований на протяжении тысяч лет имел значительное влияние на общественную мысль китайского народа. Влияние традиционных верований, присутствует в конфуцианстве, даосизме, легизме и даже в буддизме, как та основа, на которой появилась, и получило свое развитие духовная жизнь китайского общества.

Великий китайский историк Сыма Цянь (145-86 гг. до н.э.) описывая формы правления владетельных домов, царствовавших в древнем Китае в своих «Исторических записках» говорит о трех принципах - *чжун*, *цзин* и *вэнь* - как о сложившейся политической традиции, согласно которой “в царстве Ся

в правлении опирались на *чжун*, присущее человеческой природе прямодушие; в царстве Инь- на *цзин*, на заложенный в человеке инстинкт почитания; в царстве Чжоу- на *вэнь*, на культуру...» [1].

Современная азербайджанская живопись представлена работами художников, как старшего, так и среднего и молодого поколения. Творчество этих художников, которые в своих работах обращались к различным изобразительным методам, охватывает жанры, начиная с классического реализма, заканчивая авангардистскими перформансами и инсталляциями. Среди данного разнообразия художественных методов довольно часто можно встретить образы, созданные с помощью такого художественного метода, как гротеск. В большинстве случаев, обращение к гротеску происходит на фоне поиска и воплощения метафорического, переносного смысла. Занятые исследованием «внешней» и «внутренней» эстетических категорий в собственных произведениях художники, с использованием гротеска в качестве художественного метода, добиваются создания глубокого, «многослойного» образа. Подобные образы создаются, иногда, по образу реального человека или произошедшего события, порой же являются плодом воображения, и носят цель воплощения какой-либо определенной идеи или представления. Художники, которые выступают с позиции «видимого» и «невидимого» принципа, при создании подобного образа прибегают к таким методам, как преувеличение, «нагруженность», деформация и искажение, тем самым отдавая предпочтение выпячиванию «скрытого» смысла, подтекста образа. Порой простую на первый взгляд сцену чувствительное художественное восприятие может представить в качестве сложного, двусмысленного и многозначного образа, раскрывая зрителю его «скрытую» сторону, тем самым приобретая возможность создать более богатый образ.

Во всех сферах современного азербайджанского изобразительного искусства среди работ художников в выражении человеческой жизни и мира образов можно встретить подобные гротескные произведения. В качестве художественного метода гротеск дает возможность художнику изобразить образ «под новым углом», что в свою очередь, является причиной столь часто встречающихся, сопровождающихся фигуративностью, образностью, произведений.

Одним из современных художников, использующих гротеск как художественный метод в собственных работах, является Мир Теймур Мамедов. Он – автор большого количества незабываемых произведений в области графики, живописи, скульптуры. Тем не менее, сам мастер считает себя скорее керамистом, что доказывает внушительная серия работ в данной сфере, созданная художником за последнее время. В керамических скульптурах мастера, которые являются продолжением на современный лад заложенной в прежние времена в творчестве Азима Азимзаде, Алекпера Рзакулиева темы «Типажей старого Баку», встречаются сопровождаемые гротеском современные бакинские типажи. Несмотря на то, что созданные мастером керамические скульптуры, отражающие своеобразный «Абшеронский типаж» с помощью веселых, шутливых образов, состоят всего из одной фигуры, они, в целом, соответствуют характеру избранного жанра (рисунок 1, 2, 3, 4, 5).



Мир Теймур Мамедов. «Абшеронский типаж» (рисунки 1, 2, 3, 4, 5).

Созданные Мир Теймуром образы, будучи хорошо знакомы каждому бакинцу, привлекают внимание своей искренностью. Простые люди труда, набожные люди, продавцы галантереи и множество других образов, пройдя через воображение художника, подверглись своеобразному «преувеличению»,

«раздуванию» задуманного образа. Эти фигуры, обладающие различной эмоциональностью, однозначно вызывают улыбку и привлекают внимание своей теплотой, свежестью и неординарностью. Широко используя возможности гротеска при создании данных образов, художник изображает персонажей из обычной жизни, как человек, хорошо с ними знакомый и имеющий ясное о них представление, раскрывая невидимые обычному глазу их человеческие качества и характеры, тем самым настраивая на этом создаваемый образ.

В ряду художников, «нагружающих» с помощью гротеска образ дополнительными оттенками и смыслами, можно отметить и Джавада Мирджавадова. Художник, изображающий «картины жизни» современного и прошлого времени в фантазмагорической манере, доводит до зрителя кажущиеся на первый взгляд обычными картины из жизни и метафорический смысл образов именно с использованием гротеска (рисунок 6, 7). В знаменитой серии работ художника, которая носит название «Восточные мотивы», данный метод нашел свое наиболее яркое воплощение. В произведениях «Танцовщица», «Деревенский мотив», «Восточная невеста», образы человека, животных выступают в качестве существ, обитающих в каком-то фантастическом мире. Образы, созданные с использованием таких художественных средств, как стилизация, преувеличение и искажение, превращают внешне знакомые образы и мотивы в образы нереального мира. Гротескные образы превращены в образы будто бы другой, параллельной истории и времени. С помощью этих образов художнику удается выразить, в некоторых случаях, саркастические, а иногда и «теплые», искренние чувства, свою симпатию по отношению к данным образам.



Джавад Мирджавадов. Из серии «Восточные мотивы». (рисунок 6)




Джавад Мирджавадов. «Танцовщица». (рисунок 7)



Джавад Мирджавадов. «Морской волк». (рисунок 8)

Усиление воздействия, значения и идеи образа при помощи гротеска наиболее четко видно в произведении автора под названием «Морской волк» (рисунок 8). Старый моряк, боцман изображен в характерной для моряков полосатой тельняшке и с мундштуком (трубкой). Известный из жизни и художественной литературы образ «морского волка», подвергшись гротеску со стороны художника, превратился в существо ужасное, жестокое и беспощадное. Здесь художник изобразил не конкретного человека, а собирательный образ «морского волка», сделав его более впечатляющим и запоминающимся.

Одним из художников, применявших гротеск при обращении к древним восточным мотивам, является Ашраф Хейбатов. Использованная в его произведениях «Восточная красавица», «Восточный боец» стилизация, а в некоторых случаях и карикатура, возвысившись до уровня шаржа, придает изображению дополнительное значение, духовное качество, характер, еще больше обогатив оттенки и слои данных образов. Анатомические пропорции держащей в руках цветок и погружившейся в мир грез восточной красавицы полностью нарушены, и несмотря на нереалистичность усиленной декоративности, перед взором зрителей предстает образ ожидающей свою счастливую судьбу молодой девушки (рисунок 9). Прототип данного образа можно встретить в средневековых восточных миниатюрах. Почерпнув вдохновение у миниатюры держащей в руках цветок, сидящей на земле в восточном наряде молодой девушки, художник свою «Восточную красавицу» извлекает из средневековой среды и помещает в среду своего родного Баку. Виднеющийся на заднем плане силуэт бакинской башни и крепостных стен позволяет усилить местное происхождение образа.



Ашраф Хейбатов «Восточная красавица». (рисунок 9)

Подобный образ гротескного характера можно встретить и в другом произведении художника. В произведении «Восточный боец» изображен держащий своего боевого верблюда за привязь и шагающий рядом с ним человек, наряженный в типичные для средних веков доспехи, шлем и кольчугу (рисунок 10). Сопровождающий верблюда боец изображен с чрезмерно большой по отношению к телу головой, что позволило вывести его портретные черты наиболее ясно и утрировано. Этим художник смог направить внимание зрителей с общего образа бойца на его портретные черты. Образ война, участвовавшего в войнах, в кровавых сражениях, в крайней степени ожесточившегося и ставшего беспощадным, показан в лице неотступного, твердого и шагающего в направлении своей цели человека. Усиление символического смысла образа было напрямую достигнуто с помощью гротеска. Утрирование характерных для средневекового восточного бойца особенностей, их целенаправленное усиление, позволили создать образ «неотступного» человека, знающего свою цель и с верой твердо шагающего в ее направлении.



Ашраф Хейбатов. «Восточный боец». (рисунок 10)

Одним из художников, которые в своем творчестве всегда обращались к гротеску и художественной образности, был Ахмед Камал. Художник всегда выражал нетривиальное отношение к мировым и жизненным событиям, моральным и социальным ценностям, и нередко в своих образах использовал «двусмысленность», метафорические значения путем применения гротеска и художественной

«нагруженности». Отказавшись от метода социалистического реализма, художник в своих композициях, отражающих жизненные образы и моральные ценности, широко использовал фантазмагорию и символические образы. Один из гротескных образов автора ясно прослеживается в произведении «Диалог» (рисунок 11). На первый взгляд в произведении изображены стоящие друг против друга и выражающие друг к другу определенные отношения две красные собаки. Среди ряда особенностей, выражающих «язык гротеска», в произведении можно отметить яркокрасный окрас собак, резкое искажение их пластичной формы и превращение в фантастических существ. Здесь художник постарался выразить метафорически отношения между мужчиной и женщиной, скрытую сущность этих отношений, что позволило ему создать крайне ясный, «легко читаемый» образ.



Ахмед Камал. «Диалог» (рисунок 11).

Гротеск, художественные образы, созданные в результате смешения реального с нереальным, нередко встречаются в произведениях Народного художника Азербайджана Гайюра Юнуса. В произведениях, в которых художник синтезирует древний стиль Гаджаров с современной жизнью и ее формами, мифологические и реальные образы стилизуются «под Гаджаров». Используя такие художественные методы, как преувеличение, искажение, художественный монтаж или трансформация, художнику удается вложить в созданные собой образы «скрытые» смыслы. В результате синтеза фигур девушки и птицы автор порой вкладывает в образ девушки метафорический смысл, сравнивая ее то с мифическими «птицей счастья», «птицей всевластия», то с образом перелетных птиц. В результате подобного художественного синтеза, образы приобретают дополнительный, «скрытый под самым нижним слоем» смысл и оттенки идей (рисунок 12).



Гайюр Юнус. «под Гаджаров». (рисунок 11)

Еще одним художником, который нередко обращается к гротеску в своих произведениях, которые, в свою очередь, имеют глубокий символический смысл, является выдающийся Азербайджанский скульптор Фазиль Наджафов. В своих произведениях автор широко использует произвольную визуальную трансформацию с целью усиления идейного содержания образа, его символического звучания и воздействия образа на зрителей. Для достижения подобного эффекта мастер в некоторых случаях активно использует такие методы художественного творчества, как художественное преувеличение, натяжение пластичной формы, фрагментация и искажение целого, соединение неконгруэнтных частей в отношении реальных мотивов и изображений.

С этой точки зрения, скульптурная композиция художника под названием «Лицо войны» заслуживает особого внимания (рисунок 13). Фигура маленького хилого человечка, управляющего колесницей (боевой колесницей), выраженной образом человеческого черепа, с огромными колесами, является аллегорическим воплощением собирательного образа всех захватчиков. Колесница- череп, которой управляет захватчик, на самом деле является «колесницей смерти», и управляет ей именно человек. В реальности созданный скульптором образ фантастичен, однако, этот необычный фантазмагоричный образ в конечном итоге достигает широкого обобщения и приобретает глубокое символическое значение.



Фазиль Наджафов. Лицо войны». (рисунок 13)

Одним из художников, который часто прибегает к гротеску, как к художественному методу изображения в своем творчестве, является Расим Бабаев. Его многочисленные «дивы», «пери» и другие образы, являются воплощением единства реальности и фантастики. В результате фантастического описания реальных образов и придания им новых, нереальных черт с помощью такого метода, как художественный монтаж, достигается выражение новых смыслов и идей. Соединение реальных и мифических персонажей в одном образе вводит создаваемый образ в мифопоэтический контекст, что делает его более «удобочитаемым» и легко воспринимаемым на основе такого явления, как «мифологическая память».

Среди подобных образов, созданных художником и наделенных подобными метафорическими смыслами, в качестве примера можно привести образ из произведения «Колдунья» (рисунок 14). На полотне художник изобразил женщину, которая занимается колдовством на фоне лунной ночи. Наряд, головное покрытие женщины не является изображением реального, современного одеяния женщин, а является будто бы одеждой персонажа волшебных сказок. «Манипулируя» верой человека шарлатанка колдунья будто показывает фокус. После более внимательного просмотра становится ясно, что у нее не две, а три руки! Этим художнику удается выпятить шарлатанскую природу гадалок и их отличие от простых людей.



Расим Бабаев. «Колдунья» (рисунок 14)

Анализ использования гротеска в качестве художественного средства в творчестве современных азербайджанских художников позволяет утверждать, что художники прибегают к данному методу для придания создаваемым образам более глубокого, дополнительного и «скрытого» смысла.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. 6-si mikrarayon rəssamları. Kataloq. Bakı. 2011
 2. Мирза Гюльрена. Творческий процесс и индивидуальный стиль художника в азербайджанской станковой живописи последней трети XX века. Автореф. дис. на соиск. учен. степ. к.иск. Баку. 2004. 28 с.
 3. Алиев Эльчин. Проблема восприятия визуальной формы в искусстве. Автореферат Диссертации. Государственная Академия Художеств Азербайджана. Баку. 2004. 26 с.
 4. Байрамов Т. Р. Проблема художественной традиции в изобразительном искусстве Азербайджана. Автореферат Диссертации. Баку. 1997. 27 с.
 5. Тагирова Мехрибан. Проблемы и тенденции современной азербайджанской живописи (1980-2000 гг.). Автореферат Диссертации. Баку. 2005. 25 с.
- Абдуллаева Рена. Проблема художественного стиля в информационной культуре. Автореферат Диссертации. Баку. 2005.

ӘОЖ 93/94

Мұқтар Ә.Қ., Жумабаев А.Ж.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАСАУЫЛДАР ИНСТИТУТЫ ТАРИХЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Аннотация. Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамындағы жасауылдар институтының тарихы мен олардың атқарған қызметі талданады. Жасауылдар институты түрік қағанаты заманынан бастап, Алтын Орда, кейінгі хандықтар дәуірінде жалғасын табады. Мұрағаттық құжаттар олардың Қазақ хандығында да болғанын дәлелдейді. Жасауылдар хан маңында қызмет жасап, арнайы тапсырмаларды орындаушы, салық жинаушы, кейде елшілер қатарында да көрінеді. ХІХ ғасырда олар Арынғазы, Кенесары хан билігі кезеңінде айрықша көзге түседі. Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аясындағы № АР 05134572 ғылыми жобасын орындауға арналған.

Түйін сөздер. Түрік қағанаты, Алтын орда, Қазақ хандығы, әлеуметтік институт, жасауылдар, Ресей саясаты, Сырым батыр, Арынғазы хан, Кенесары хан.

Муктар А.К., Жумабаев А.Ж.
Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова
**ИСТОРИЯ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТА ЖАСАУЛСТВА В ТРАДИЦИОННОМ
КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ**

Аннотация. В статье анализируется история и деятельность института жасаулства в традиционной казахской обществе. Исторические источники доказывают что институт жасаулства берет начало от Тюркского каганата и продолжало свое развитие в Золотой Орде, в ханствах образованных на их территории. По архивным документам в Казахском ханстве жасаулы всегда находились в подчинении хана и участвовали в сборе налогов и посольствах. ХІХ веке они были верными помощниками Арынғазы, Кенесары хана. Статья выполнена в рамках реализации проекта № АР 05134572 Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Ключевые слова. Тюркский каганат, Золотая Орда, Казахское ханство, социальные институты, жасауыл, политика России, батыр Сырым, хан Арынғазы, хан Кенесары

Muktar A.K., Zhumabayev A. Zh.
Kh.Dosmukhamedov Atyrau state university
**HISTORY AND ACTIVITY OF ZHASAUL INSTITUTION IN TRADITIONAL KAZAKH
SOCIETY**

Abstract. The article analyzes the history and activity of the institute of zhasauylstvo in the traditional Kazakh society. Historical sources prove that the institute of zhasauyl has originated from the Türkic Kaganate and continued its development in the Golden Horde, in the khanates formed in their territory. According to archival documents in the Kazakh Khanate, the zhasauyls were always subordinated to the khan and participated in the collection of taxes and embassies. In the nineteenth century, they were faithful assistants to Aryngaz, Kenesary Khan. The article was implemented within the framework of the project №АР 05134572 of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Keywords. Turkic kaganate, Golden Horde, Kazakh Khanate, social institutions, zhasauyl, Russian policy, batyr Syrym, Khan Aryngazy, Khan Kenesary

Кіріспе

Қазақ қоғамының дәстүрлі басқару жүйесінде жасауылдар институты және оның қалыптасуы тарихы, жасауылдардың қызметі бүгінге дейін арнайы зерттелді деу қиын. Ол турасында терең ғылыми ізденіс болмағандықтан Қазақстанда жарық көрген зерттеу мәселесіне қатысты іргелі еңбектер(Зиманов С.,2009; Касымбаев Ж.,2002; Ерофеева И., 2007; Мұқтар Ә., 2001; Мұқтар Ә., Сыдықов Е., 2015) мен мақалалар (Мұқтар Ә., 2010; Есқалиев С.А., 2012; Меңлібаев Ф.А.,2010; Исенов Ә.,2012) да толыққанды ақпарат бере алмайды. 2001 жылы жарияланған Ұлттық энциклопедия: «біріншіден, жасауыл – ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі әскербасының қасындағы шабарманы. Ол жорық кезінде әскерді қару-жарақпен, азық-түлікпен, мініс аттарымен қамтамасыз ету, тексеру, бақылау істерімен шұғылданған. Қала қорғанының

қақпасын мезгіл-мезгіл ашып-жабатын күзет әскерлерін де жасауыл деп те атаған, екіншіден, жасауыл – 1576 жылдан казак-орыс әскерлеріндегі әскери атақ, шен ретінде қолданылған есауыл сөзінің қазақша дыбысталуы. Бұл шен 1775 жылы обер-офицер, 1798-1800 жылдары атты әскер ротмистрі атағына теңгерілді. 1917 жылдан кейін шен ретінде жойылды» деген түсініктеме береді («Қазақстан». Ұлттық энциклопедия., 2001: 600). Мұның өзі де жасауылдың атқарған қызметін қажетті деңгейде аша алмайды. Өйткені мұрағаттық деректер жоғарыдағы түсінікке елшілікті де, салық жинаушыны да қосады. Жасауылдар туралы мәліметтер халық әдебиетінде жеткілікті. Мәселен, Ыбырай Алтынсарин «Мұжық пен жасауыл» әңгімесінде жасауыл қызметінің өзіндік ерекшелігін суреттейді. Ол бойынша тапқан асыл тасын патшаға сыйлағысы келген мұжықтың оған кіру әрекеті арқылы жасауыл қызметінің қыр-сырын анықтаймыз. Әңгімеде: «Мұжық мені патшаға жолықтыр деп тілек етті. Не жұмысың бар? - деді олар. Патшаға сый алып келемін,- деді мұжық. Жасауыл айтты: Патша саған не сый берсе, жартысын маған бер, болмаса жолықтырмаймын. Мұжық бұған разы болды. Мұнан соң, мұжықты патшаға алып келісті. Патша тасын алып, мұжыққа алда разы болсын айтып, мың теңге беріп еді, мұжық аяғына жығылып: Тақсыр, мың теңгені алмаймын арқама елу шыбық салдырыңыз,- деді. Патша бір мағнасы бар шығар деп, жасауылына бұйырды – ақырын ғана мұның арқасына елу шыбық соқ деп. Жиырма бес шыбығын салып болғанда, мұжық айтты: Енді маған болар, қалғанын бәлен жасауылға салдырыңыз, алған сыйымның жартысын не де болса соған бермекші едім. Бұл жасауылды шақыртып, оған келістіріп жиырма бес шыбық ұрдырды. Сонан соң, бұл айласына разы болып, мұжыққа патша екі мың теңге бергізді делінсе (Алтынсарин Ы.), Нұрпейіс Байғанин «Нарқыз» атты шығармасында:

«Мәмбет жарлық салады,
Жасауылдар жарлығын
Дереу қабыл алады.
Жолаушы мен жортушы
Жүрер жолдың торабын

Жасауылдар бағады» деп жырлайды(Байғанин Н.,2014:237). Ауыз әдебиетіндегі құнды ақпараттар Кенесары хан кезіндегі «Жасауылдар қырғыны» оқиғасымен жетіп отыр. Зерттеуші П.Бисенбаевтың анықтауынша олар Ұлттық Ғылым академиясының кітапханасында сақталған Н.Ахметбеков, О.Шипин, Қ.Қараевтың туындыларында көрініс табады(Бисенбаев П., 2011). Зерттеуші Торғай өңірінде туып, «Жасауыл қырғанды» көзімен көрген, егжей-тегжейін түгел білетін адамдармен тілдескен ақын Нұрхан Ахметбековтың «Жасауыл қырған» жырын зерделейді. Ол арқылы Кенесары хан жасауылдарының зекет салығын жинауға шыққанын анықтауға болады. Тарихи зерттеулер мен мұрағаттық деректер осы анықтамаларды толықтыра, әрі тарқата түседі. Яғни жасауылдардың қызметі билеушінің нақты тапсырмасына байланысты болғандай.

Моңғол заманында «жасауыл – моңғол әскер тәртібін бақылаушы, соғыста түскен олжаны есепке алып, билеуші адам» дегенді білдірсе, Алтын Орда мемлекетін басқару жүйесінде салық жинауды даруғалар, басқару міндетін, әрі жергілікті халыққа әскери бақылауды басқақтар жүзеге асырған. Олардың атқаратын қызметтері жасауылдарға өте ұқсас. Кейбір жергілікті жерлерде олар салық жинау хақысын алушылар ретінде де көрініп отырды. XV-XVII ғасырларда әскерді азық-түлікпен жабдықтау үшін шаруалар мен қала тұрғындарынан алынатын заттай алым «тағар» деп деп аталған. Бұл алымдардың мөлшері белгісіз. Ибн Рузбихан Исфханидің мәліметтеріне қарағанда, тағар түрінде әскер үшін азық-түлік, астық түріндегі (азық) та, салт мінетін аттар мен күш көліктері үшін (жем) жиналған. Тағар жинаумен диуан шенеуіктері (диуанийан) мен жасауылдар (йасавулан) айналысқан(**Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 2010:87, 546-547**). Яғни ортағасырлық мемлекеттерде жасауыл, «йасавулан» билеушінің тікелей тапсырмасын орындаушы, әрі мемлекетте салық жинаушы болғандай. Белгілі тарихшы М. Әбусейітова өз зерттеуінде Өзбек хандығында жасауылдардың қызметін: «Абд ал-Азиз ханның қабылдауы туралы (29 желтоқсан 1670 ж.) тізімде былай делінеді: «қақпа алдында оларды, Бористі, Малай-бек (топчи-баши) қарсы алды (ол барлық садақшылардың, жаяу әскер мен зеңбіректердің, жасауылдың бастығы екен) ол Борис пен серіктері патша сарайына аттарымен кірмей, жаяу кіруі керек, өйткені ешқандай елші патша сарайына атымен кірген емес деді. Абд-Азим патшаның алдында кітапшылар әрқайсысы бөлек, көп кісі ежелгі заң ілімінен әңгіме айтып отырды. Ал патшаның алдында оның қылышы, садағы, болат қалқаны, арт жағында асатаяғы мен қылыштарын ұстап 12 адам кезекпен ауысып тұрды. Бұлармен қатар патша алдында екі жүз не одан да көп посох ұстаған жасауылдар, олардың сыртында екі қатар түзіп екі жүздей жазып алушылар тұрды» деп тарқата түседі(Әбусейітова М. Қазақ хандарының дипломатиясы.:9). Міне, осы дәстүр Қазақ хандығында да қолдауға ие болған. 1736 жылы Қазақ хандығында болып Аға хан Әбілқайырмен кездескен Дж. Кэстль хан жасауылдарын көріп, оларды ханның адьютанты деп те атап» хан сарайы алдында тұрған Қалыбек жасауылды: «Сөзі пруссиялықтардың ежелден келе жатқан өлшеміне лайық әскер тәртібіне сай қысқа болса, дене бітімі жағынан сол қайран заманның нағыз үлгісі еді; бүкіл тыртыған бойы сүйек пен тері; тартылған терісі аузын жабуға жетпей, тістері ырсып тұратын, епті және шапшаң қимылды жасауыл»- деп

сипаттайды(Джон Кэстль,1996:32). Әбілқайыр хан жанында Хангелді жасауыл үлкен беделде болған. Олармен қатарлас тарихи деректерге Ақкете Алыбай, Киікбай және Жәнібек батыр тапсырмасын орындаған Қайып, 1737 жылы Орта жүзден Башқортастанға жіберілген 40 жасауыл түседі. Тарихи құжатта Сібір драгун полкінің полковнигі И.Арсеньев: «Биыл Ноғай жолындағы Бурзян болысы Бырсаев ауылына Сібір, Ноғай жолдарынан 300 старшындары, жүздіктері жиналды. Олар ақылдаса келе Орта жүз ханы Сәмекеге 12 адам елшілерін жіберіп, өздерін қол астына алуын және бірлесе орыстарға қарсы соғысуын сұрады. Содан қазақ ханы 40 жасауылын жіберіп, өзге болыстарға хатын таратты» деп Сібір губерниялық кеңсесіне хабарлайды(Избасарова Г. Башкирские восстания XVIII века, РМКАА. 248 к., 17 т.,1164 кітап, 309 п.). Солардың ішінен Алыбай жасауыл Кіші жүз ханы Нұралының ұйымдастыруымен 1749 жылы 3 тамызда өткен кеңесте Әбілқайыр хан өлтірілгеннен кейінгі жағдайды талқылауға қатысады. Мұндай маңызды мәселелерге әлімұлынан шекті, төртқара, қарасақал, шөмекей кете, байұлынан – алаша, ысық, адай, жетірудан - тама, табын рулары, Орта жүзден 17 адам, соның ішінде Жәнібек тархан, Қожаназар батырлар қатысады. Жиынды жазбаға түсірген тыңшы А.Яковлев жасаған тізімнен Ақкете руынан Алтай би, Алыбай жасауыл, Арал мырза, Жорас батыр, Тонқашы би, Түнжолы би, Ризап би, Таңқы би, Сарт мырзаны, тама руынан Есет тарханды, адай руынан белгілі Мырзатайды және т.б. кездестіреміз (РИССА. 122 к., 122/1 т., 1749, 4 іс). А.Яковлев жиналған қазақтар қазақ-жоңғар қарым-қатынасын реттеп, олардың қолындағы тұтқындарды қайтаруды, ол үшін Қарабай сұлтан мен 2-3 атақты старшындарды елші ретінде жіберуді және Жоңғар контайшысынан Барақ сұлтанды қолға түсіруге көмектесуін өтінді деп толықтыра түседі.

Ақкете Алыбай жасауыл Нұралы ханның 1749 жылы Орынборда өткен қазақ-орыс кездесуіне Кіші, Орта жүзден қатысқан 72 адамның ішінде де байқалады. Алыбай белді тұлғалар Жәнібек, Есет тархандар, Шақшақ Бөкенбай, Жағалбайлы Серке, Ақкете Алтай батырлар, Бостыбай би, Әжібай би баласы Әкім батыр, Ожырай кете Текелі батыр, кете Досқали батырлар қатарында аталады(РФ ОрОМА. 3 к., 1 т., 22 іс). 1755 жылы қазақ-башқұрт қарым-қатынасы шиеленіскен кезеңде де жасауылдар ел тыныштығын қалпына келтіруге жұмыстанады. Мәселен, 1757 жылы 26 шілдеде Ақкете руынан Әжібай би ауылынан 14 башқұрт Орынборға қайтарылды. Оны Ақкете Алыбай, Ертай, Шалдық (Жәдік болуы мүмкін - Ә.М.), Ожырай кете Арсыланбек т.б. ұйымдастырады. Кейін Орынборда жүргізілген тергеуде Ноғай жолы Үсерген болысының Мұталипов ауылының башқұрты Елдаш Абдрахманов берген жауабында «Мен Кувате старшын бастауымен қазақ ордасында Ақкете руындағы Алыбайда тұрақтадым, кейін оның рұқсат етуімен Орынборға жіберілдім. Бүгінде оның қолында қызым қалды. Ал әйелім 1755 жылы елге келді» - деп хабарлайды (РИССА. 122 к., 122/1 т., 1757, 4 іс). Жалпы жасауылдар әрбір қазақтың руларында болған. 1748 жылы күзде Батыр сұлтан хан көтерілген кезеңде Шөмекей руының Бозғыл бөлімінен Жолай жасауыл белсенділік танытқан(Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. 1961: 433) Яғни Қазақ хандығы дәуірінде жасауылдар елдің қоғамдық-саяси қызметіне тығыз араласқан. Оны Қазақ хандығы тарихының маманы И.Ерофееваның зерттеулері де құптай түседі. О И.Ерофеева жасауылдарды қазақ рулары әскерінің басшыларына қызмет ететін топ, ресми тапсырмалардың тікелей орындаушылаы деп анықтай келе, олардың есімдері Орынбор шекаралық әкімшілігінің жоғары лауазымды тұлғаларының ресми құжаттарында және қазақ хандарының, сұлтандардың және батырлардың әртүрлі мәртебесі бар ресейлік шенеуніктерге жіберген хаттарының мәтіндерінде кездесетінін атап өтеді. Зерттеуші жасауылдардың негізгі міндеттері әскерлерді жұмылдыру, олардың жауынгерлік дайындық жағдайы туралы ақпарат жинау, жауынгердің командирін тәртіпті сақшыларға тапсыру, шетелдіктердің адресаттарына хат-хабарларды жеткізіп беру және дала командирлеріне жазбаша хабарлама жіберу және т.б. болды деп нақтылайды(Роль номадов евразийских степей в развитии мирового военного искусства., 2010:323). Хан сеніміне ие болған олар елшіліктер қатарына да қосылған. Ол турасында тарихшы А.Сабырханов 1789 жылы Петербургке елшілікке жіберілген Егізғали сұлтанмен бірге аттанған жасауылды жаза отыра, «бұрын елшілік материалдарында кездеспеген «жасауыл» термині бұл жерде бірінші рет ұшырап отыр. Олардың әлеуметтік орнын анықтау қиын», - дегенді(Сабырханов А.,1981). Біздіңше, олар елшілік құрамында өзара байланысты және қауіпсіздікті қамтамасыз еткендей. Бұл мәселе Хиуа-орыс қарым-қатынасында да көрініс табады. 1739 жылы Елбарыс хан Иран шахының өзіне қауіп төндірген кезеңінде Санкт Петербургке Артық батыр бастаған елшілерін жіберген. Құрамында 40 адам бар елшілік теңіз арқылы жүріп 15 қыркүйекте Астраханға, 1740 жылы 21 наурызда Москваға, 23 маусымда Ресей астанасына жеткен. Елшілік құрамында 25 ханның туыстары, 15 елшілік адамдары, соның ішінде көпес Аллаберді, Молда Нияз болған. Алдымен вице канцлер Остерманмен, 3 тамызда Анна Иоановна патшайыммен кездескен. Патшайым қабылдауына Артық батыр, Аллаберді және жасауыл жіберілген. Артық батыр қабылдау залында жасауылдан хан хатын алып, оны оқып патшайымға табыстайды. Осы бір тарихи деректе: «В другой карете сидел купчина и ясаул, которой в руках держал ханской лист, зашитой в парчевом мешке» делінген(Веселовский Н., 1884: 68-81). Яғни хан хаты жасауылдың қолында сақталған. Сонымен алғаш рет жасауылдың жоғары елшілік құрамындағы қызметі анықталып отыр.

ХҮІІІ ғасырдың алғашқы жартысындағы жасауылдар түркімендер тарихында да кездеседі. Мәселен 1740 жылы 5 қыркүйекте Д.Гладышев: «түркімен халқында атақты старшындар – Бекінші аталық, Нияз Мұхаммет аталық, Азын-Мұхаммет батыр, Мұхаммет Ғали палуан, Ақ Мұхамметбай, Азына Халид, Мұхаммет жасауыл, Ұрды Қылыш жасауыл. Олар бірлесе 30 мың түркіменді басқарып, Хиуаға бағынады» деп көрсетеді (Ханыков Я.В., 1851). Құжат жасауылдардың түркімендер қоғамының алдыңғы қатарында болғанын растайды. Жасауылдар қызметі Сырым бастаған азаттық қозғалысы кезеңінде де пайдаланылады. Ресей империясының 1785-1786 жылдары Кіші жүзде дәстүрлі басқару жүйесін жоюды қолға алған тұсында Сырым бастаған белді тұлғалар рулар арасындағы байланысты жасауылдар арқылы сақтауға күш салады. Ол сол бір тарихи жағдайда жүзеге асқан жаңалық болды.

Жасауылдар институтына жаңа реформалар ХІХ ғасырда Қазақ хандығының белді тұлғалары Арынғазы мен Кенесары хан басшылығымен жасалды. Өйткені бұл кезеңде сыртқы ықпалмен Қазақ хандығының тұтастығы жойыла бастады. Бір жағынан Ресей, екінші жағынан Цин патшалығы Қазақ елінде жаппай өз хандарын бекітіп, ішкі талас-тартысты өршітті. Екі империя да дәстүрлі басқару жүйесіне өзіндік билік жүйелерін енгізуге күш салады. 1816 жылы Кіші жүздің оңтүстігінде мойындалған хан сайланған Арынғазы бірден Кіші және Орта жүздер арасындағы ішкі бірлікті қалыптастыруға тырысады. Міне осы тұста ол ұсақ рулық бытыраңқылықты жою үшін әр ру басыларының билігін шектеп, жасауыл лауазымын енгізген. Хан олардың қызметіне жалақы төлеуді халық есебінен жүзеге асырады (Ахметова Ұ., 2004:68). Тарихшы Е.Бекмаханов атақты монографиясында Кенесары хан құрған мемлекеттік құрылымдағы жасауылдар қызметін толықтыра талдайды. Ғалым анықтауынша жасауылдар архив деректері бойынша жергілікті жерлердегі билікті жүргізген «Кенесары эмиссарлары» деп аталған. Кенесары әр руға өз жасауылдарын бекітеді. Олар алым-салық жинау барысын, жоғарғы үкімет шешімдерінің орындалуын бақылап, көшіп-кону аудандарын белгіледі, Кенесарыға қосылған рулардың көңіл күйін бақылады т.б. Жасауылдар ауыл-ауылға Кенесары ханның үндеулерін таратып, халықты көтеріліске шақырады (Бекмаханов Е., 1994.: 287). Кенесары шайқастарда ерекше көзге түскен жігіттерді әлеуметтік жағдайына қарамастан көтермелеп, жасауылдыққа тағайындаған. Поручик Герннің мәліметіне қарағанда, Кенесары әскерінде «ерекше ерлігі үшін» бас сыйлық - үкімет қаруы берілген. Сыйлық беру мынадай ретпен жүргізілген - әдеттегі таяқ не құрықтан кейін найза, сонан соң селебе пышақ, одан кейін қайқы қылыш, одан әрі жасауыл атағы». Герн Кенесарының елшілерді қабылдауына және осы бағытта өзіне 100 құрметті жасауылдан тұратын өкілдік жіберілгенін жазып алады.

Е.Бекмаханов тарихтағы «Жасауыл қырған» оқиғасын архив деректерімен талдаған алғашқы ғалым. Ол 1936 жылы Торғай қаласынан Нұркинов жазып алған «Жасауыл қырған» дастанын саралады. Дастанда Наурызбайдың 90 жасауылының 1844 жылы жаппастықтардан зекет жинау кезінде қырылып қалғаны келтіріледі. Жаппас руының ру басы зауряд-хорунжий Төлегеновтың зекет жинаушыларды бір түнде қалай қырып салғаны суреттеледі. Дастанда егжей-тегжейлі айтылатын фактілер жазба құжаттар арқылы расталған. Бұл арада ғалым Чкалов облысыны тарихи архивінен (бүгінгі Орынбор облысы мемлекеттік архиві-Ә.М.) тапқан билеуші сұлтан Ахмет Жантөриннің қысқаша хаты арқылы Наурызбайдың жасауылдарының қалай қаза болғанын және бұл оқиғаға жаппас руы тармақтарының қалай қарайтынын талдайды. Бұдан басқа, Омар Шипиннің «Жеті батырдың қысқаша тарихында» да бұл оқиғаны көзі көргендердің сұраққа жауаптары келтірілген. Кенесары өз билігінде жасауылдарды кеңірек пайдаланған. Рулар арасындағы аса маңызды сот істерін, сондай-ақ өзінің қол астынан тыс жерлердегі рулардың бұларға талап қойған шағымдарын Кенесары тікелей өзі қарады немесе сол жерлерге арнайы жасауыл жіберіп қараттырды. Талап қойылған сот ісін қарауды негізінен үш топқа бөлуге болады: 1) Кенесарының қарауындағы рулардың барымта және адам өліміне байланысты қаралатын сот істері; 2) Кенесарыға бағынышты емес рулардың арыздары қаралатын сот істері, олар бұған жиі арызданатын; 3) Кенесарыға қарасты қазақтар мен патша бодандары арасындағы дауды шешетін сот ісі (Бекмаханов Е., 1994.:50-51, 286-289). Мұның барлығы Кенесары тұсындағы жасауылдар қызметінің айрықша күшейгенін айғақтайды. Біздіңше хан олар арқылы, ең сенімді жасауылдары арқылы өз тәртібін бекітті, дәстүрлі хандық басқаруды күшейтті, елді өз төңірегіне жинап бағындыра бастады. Әрине мұндай жағдайда ол ең алдымен түркі дәуірінен келе жатқан жасауылдар қызметіне сенім қалыптасты. Демек түркі дәуіріндегі «Елбасыларын алғаш таққа отырғызғанда жасауылдары мен мәртебелілері оны кигізге отырғызып, күн қозғалысы бағытымен тоғыз рет айналады» (Жолдасбаев С., 2010:1), Моғолстан мемлекетіндегі жиналыстар мен мерекелерде тәртіп пен рәсімдердің қадағалауын қамтамасыз ететін лауазымды адамдар – жасауылдар (Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 2010:196), Сібір хандығындағы ханның ұлыстарға жұмсайтыны жасауылдар (Сібір хандығы, 2018:1) деген тұжырымдар Қазақ хандығында да қатаң сақталған. Ол түркі дәуірінде бастау алып, Шыңғыс хан, одан кейінгі Алтын Орда заманында дами түсті, олар билеген аймаққа енгізілді. Дегенмен кейін құрылған хандықтар дәуірінде ол тікелей ел билеушілерінің ұстанымдарына сай ерекшеленіп отырған. Олардың бірі салық жинауда, екіншілері әскери-соғыс

майданында, үшіншілері хан карауылы мен жеке тапсырмаларын орындаушылықта, төртіншілері елшілікте көрініс табады. Мұның барлығы жасауылдар тарихының кешенді зерттелу маңыздылығын дәлелдейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алтынсарин Б. Мұжық пен жасауыл /<https://kk.bookmate.com/reader/ofdAat57/> Пайд. уақыты 10:56; 12.05.2018
2. Ахметова Ұ. Арынғазы хан (1786-1833) (жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы). – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. – 186 б.
3. Әбусейітова М. Қазақ хандарының дипломатиясы // <http://e-history.kz/media/upload/4232/2015/07/30/f4b91baff8e1c01be7903c998c723f5b.pdf> Пайд. уақыты 23:26; 08.05.2018.
4. Байғанин Н. Шығармалары. – Алматы: «НұрлыPress.kz», 2014. - 288 б.
5. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1994. – 416 б.
6. Бисенбаев П. «Жасауыл қырғыны» жырындағы тарихи тұлғалар бейнесі // Абай институтының хабаршысы. -2011.- № 2(8)
7. Веселовский Н. Прием в России и отпуск среднеазиатских послов в XVII и XVIII вв. (история, 1884) // Журнал Министерства народного просвещения. - С.-Петербург. -1884. -14 июль. –С.68-81
8. Вяткин М.П. Батыр Срым. –М.Л.: АН СССР, 1947. -392 с.
9. Джон Кэстль 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы.- Алматы: Атамұра, 1996. -96 б.
10. Жолдасбаев С. Түркі дәуірін терең де мазмұнды зерттеуге қосылған жаңалық // Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркология. -2010. -№ 1-2
11. Зиманов С. Общественный строй казахов первой половины XIX века и Букеевское ханство / Салық Зиманов. –Алматы: Изд-во «Арыс», 2009. -400 с.
12. Ескалиев, С. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар институты және Алыбай Жасауыл туралы бірер сөз // Жоғары оқу орнындағы білім,ғылым және инновация: кешегісі,бүгіні және келешегі: М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 80 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының материалдары.- Орал, 2012. - 88-93 б.
13. Ерофеева И. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. Изд. 3-е исправленное и дополненное. –Алматы: Дайк-Пресс, 2007. -456 с.
14. Избасарова Г. Башкирские восстания XVIII века. ie.kz/?page_id=341;PMKAA(Ресей мемлекетінің көне актілер архиві)248 қ., 17 т., 1164 кітап, 309 п.
15. Исенов Ө. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жасауылдар институты // М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы. - 2012. - №1. - 48-54 б.
16. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов)Алма-Ата: АН Казахской ССР, 1961. -741 с.
17. Касымбаев, Ж. Последний поход хана Кенесары и его гибель (декабрь1846-апрель1847гг.) [Текст] / Ж. Касымбаев. - Алматы : Ана тілі, 2002. - 200 с.
18. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 640 б.
19. Меңлібаев Ғ. «Жасауыл қырған» оқиғасы туралы тарихи шындық немесе Жаппас шежіресінің белгісіз бір беті // Алаш. -2010. - № 2. -79-87 б.
20. Мұқтар Ә. Жасауыл Алыбай (Алыбай Қосақозұлы туралы айғақтар) // Егемен Қазақстан. - 2010. -25 қыркүйек.
21. Мұқтар Ә. Азаттық таңы жолында. Монография.-Алматы, Ғылым 2001. -257 б.
22. Мұқтар Ә., Сыдықов Е. ХҮІІ-ХІХ ғасырлардағы Қазақ хандығы. Монография. -Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Мереке baspasy, 2015. -688 б.
23. Ресей Федерациясы Орынбор облысының мемлекеттік архиві(РФ. ОрОМА). 3 қ. 1 т., 22 іс
24. Ресей империясының Сыртқы Саясат архиві(РИССА) 122 қ., 122/1 т., 1749, 4 іс
25. РИССА. 122 қ., 122/1 т., 1757, 4 іс
26. Роль кочевников евразийских степей в развитии мирового военного искусства. Научные чтения памяти Н. Э. Масанова: Сб. мат-лов межд. науч. конф. - Алматы: «Издательство LEM», 2010. -400 с. + 28 с. вкл.
27. Сабырханов А. Ұлы бетбұрыс. –Алматы: Мектеп, 1981. -294 б.
28. Сібір хандығы /https://studopedia.ru/5_162676_v-eneolit.html/ Пайд. уақыты 23:26; 08.05.2018.
29. Ханыков Я.В. Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740-1741 годах Гладышевым и Муравиным. С.-Петербург, Типография МВД. 1851

ӘОЖ 902/904 (574.5)

**Г.Р. Мұхтарова¹, Т.Ж. Тулегенов¹, Ж. Құрбанәлі¹
Дин Ян², Миау Ифей², Жау Хан Чин²**

¹ «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі,
Есік, Қазақстан

² Шанси аймақтық археология институты,
Шиан, Қытай Халық Республикасы

РАХАТ ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ 2017 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ІЗДЕНІС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КЕЙБІР ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада ерте темір дәуірі Рахат қалашығында жүргізілген археологиялық барлау және қазба жұмыстарының алғашқы нәтижесі қарастырылған. Жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде ерте темір дәуірінен бастап кейінгі ортағасырға дейінгі аралықтағы бұйымдар табылды. Барлау жұмыстары мен ескерткіштің құрылымдары – сол жердегі төбелердің адам қолымен жасалғандығы туралы болжамды растады. Қалашықта соңғы өмір сүру кезеңімен байланысты мәдени қабаттар ашылып, жаңа деректер легімен толықтырылды.

Түйін сөздер: археология, қала-жүйесі, керамика, топография, стратиграфия, сак мәдениеті.

**Г.Р. Мухтарова¹, Т.Ж. Тулегенов¹, Ж. Курбанали¹
Дин Ян², Миау Ифей², Жау Хан Чин²**

¹ Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык» Есик, Казахстан

² Институт археологии провинции «Шанси» Шиан, Китайская Народная Республика

НЕКОТОРЫЕ ИТОГИ ПРОВЕДЕННЫХ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИЗЫСКАТЕЛЬСКИХ РАБОТ НА ГОРОДИЩЕ РАХАТ В 2017 ГОДУ

Резюме. В статье рассматриваются результаты совместных археологических исследовательских работ на городище Рахат произведенных сотрудниками заповедника-музея «Иссык» и Института археологии провинции Шанси (КНР). В результате полевых разведочных изысканий были обнаружены артефакты относящиеся к периодам от раннего железного века до позднего средневековья. Реализация совместных исследований выявила необходимость расширения площади раскопок для получения более информативного материала и выявления более ранних культурных пластов.

Ключевые слова. археология, городская система, керамика, топография, стратиграфия, сакская культура.

**G.R. Mukhtarova¹, T.Zh. Tulegenov¹, Zh. Kurbanali¹
Ding Yan², Miao Yifei², Zhao Hanging²**

¹ The State Historical and Cultural Reserve-Museum "Issyk" Esik, Kazakhstan

² Institut of Archeology of Shansi «Province» Shian, People's Republic of China

SOME RESULTS OF THE ARCHAEOLOGICAL EXAMINING WORKS ON THE CITY OF RAHAT IN 2017

Summary. The article discusses the results of joint archaeological research work on the Rakhat ancient settlement made by the employees of the Issyk Reserve Museum and the Chancery Institute of Archeology in China. As a result of field exploration, artifacts dating back to the early Iron Age to the late Middle Ages were discovered. The implementation of joint research has identified the need to expand the excavation area to obtain more informative material and to identify earlier cultural layers.

Key words: archeology, urban system, ceramics, topography, stratigraphy, saka culture.

Кіріспе

Бүгінгі таңда Есік – Түрген қосөзендерінің алқабында ондаған қоныстар мен қалашықтар анықталды. Есік аумағында Рахат және Өрікті қалашықтарымен бірге, оларға іргелес жүйені құрайтын кішігірім тұрақтар бар. Олар 1999 жылғы «Алтын адам» ассоциациясы тарапынан ашылды (Б.Н. Нұрмұханбетов).

Сақ мәдениетінің аталмыш ескерткіштері «Есік» қорық-музейінің қорғау аумағында орналасқан. Олар қоныстар, сонымен бірге қалашықтар (өте берік сарай мен ғибадатхана құрылыстары) ретінде сипатталады.

2004 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты қызметкерлері Рахат қалашығын барлау мақсатында қазба жұмыстарын жүргізді. Орталық төбенің солтүстік-шығыс шетінде көлемдері 4x4 м стратиграфиялық бақылау (шурф) салынды. Беткі қабатын алып тазартылғаннан кейін көзешінің шырағы мен керамика сынықтары (кұлақтары, түбі және ыдыс бүйірлері), мұрыншасы бар қыш майшам, үй жануарларының сүйектері табылды. Одан арғы тазалау жұмыстары қабырға бөлігін және көлемі 50 см-ге дейін жететін екі шаруашылық шұңқырын (күйдірілген іздері бар) анықтауға мүмкіндік берді. Табылған материалдар қоныстың жоғарғы қабаты ортағасырлық мерзім деп ой түйуге мүмкіндік берді [1, 17 б].

2017 жылдың мамыр-шілде айларында «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі (Қазақстан) мен Шанси аймақтық археологиялық институты (ҚХР) бірлесіп, Іле Алатауының етегіндегі тегіс келген екінші терассаның солтүстік шетінде, Тасмұрын шатқалына кіре беріс тұста орналасқан атақты сақ-үйсіндердің Рахат қала жұртына, сонымен қатар қала маңындағы ескерткіштерге алғашқы барлау және қазба жұмыстарын жүргізді. Ескерткіштің «Есік қорымына» жақын жатуы, ерте көшпелілер мәдениеті жөнінде жаңа мәліметтер алу мақсатында қалашықта зерттеулер жүргізуге ұштасты.

Халықаралық ғылыми-зерттеу жұмыстарының басты мақсаты ескерткіштің стратиграфиясын, уақытын, құрылымын және археологиялық кешенін зерттеу болып табылады. Осы мақсатта қалашық маңында бірнеше барлау-бақылау кесінділері жасалынды.

Рахат қалашығы «Рахат» ауылының оңтүстік-шығыс шетінде, аттас өзеннің сол жағалауында, Есік-Талғар трассасының бойында орналасқан (GPS – географиялық координаттары: N: 43°20.250'; E: 077°22.614'). Орналасуы мен сыртқы құрылымына қарап алғашқы болжамдар бұл қалашықты – сақ-үйсін дәуіріне қатысты қала-бекініс деп отырмыз (1-сурет). Әлемге әйгілі болған «Алтын адам» да осы қала жұрттың маңында жерленген. Рахат секілді маңызды қалашықтардың ғылыми-тарихи және археологиялық әдебиеттерге енгізілмей, белгісіз қалпында қалуы өте қызықты жағдай болып табылады. Алайда, 1953 жылы Г.С.Мартынов айтқан сақ қазаны мен құрбандық тақтасының табылған жері «Рахат» қалашығы болды (қараңыз «Археологическая карта Казахстана» А-А, 1960, стр.310, №4302). Г.С. Мартынов мұнда қала жайлы ешбір дерек келтірмейді. Осы негізде «Рахат» қалашығына ұқсас құрылыстарды Алдыңғы Азия (Месопотамия) мен Орталық Америкадағы (майя мәдениеті) кешендерімен ғана салыстыруға болады. Рахат қалашығының мұнара-қамалдары зиккураттар секілді алғашында төбе тұрғызылып, оның үстіне қажетті құрылыстар салынып сипатталуымен де өте маңызды болды. [2, 252 б].

Археологиялық қазба жұмыстары барысында белгіленген нысанның мәдени қабатын анықтауға арналған арнайы тескіш құрылғысы, сонымен қатар, лазерлі тахеометр өлшеу құрылғысы мен AutoCAD, ArcGIS жүйесінде өңделетін жоғары дәлдіктегі RTK аппараты қолданылып, үш өлшемді сурет түсіру құрылғысы, аэрофото түсірілім және басқа да заманауи технологияларды пайдалана отырып өте құнды археологиялық материалдарға қол жеткізілді.

Қалашықтың жоспарын биік үйілген сегіз төбе құраса (2-сурет), орталық төбе жоспары тік төртбұрыш пішінді, қалашықтың орталық бөлігінде орналасқан (№-1 биік төбе), биік конус тәрізді төбенің жоғары бөлігінің ені тарлау, ал астыңғы табаны жалпақтау платформа тәрізді келген, биіктігі 18 метр, жоғарғы бетінің аумағы 3200 шаршы метр, орталық бөлікті айнала жасалған орлар қоршап тұр, ордың сыртқы қабырғасының диаметрі шамамен 220 метрді құрайды және айналасын бес бірдей созылып жатқан үйінді топырақ қоршаған. Рахат қалашығы территориясының жалпы аумағы 250 мың шаршы метрді құрайды. Археологиялық барлау-бақылау жұмыстарының арқасында № 1 биік төбенің жоғарғы бөлігіндегі қалыптасқан мәдени қабатының қалыңдығы 0,7 метр екенін анықталды. Бірінші ордың сыртқы шығыс бөлігіндегі жазықтау беткейіндегі мәдени қабаты біршама қалыңдау (терең), мөлшермен 2 метрді құрайды. Ал батыс бөлігінде қалыптасқан мәдени қабаты жұқалау, шамамен 1,0 метр қалыңдықты құрайды. Осы биік төбенің солтүстік жағындағы орналасқан бірінші ордың ортаңғы бөлігіндегі 4,4 метр қалыңдықтағы мәдени қабатты ең қалыңы деп айтуға болады. Биік төбені қоршаған екінші ордың солтүстік яғни, сыртқы жағында да қалыңдығы 0,4-1 метр шамасындағы ауқымды мәдени қабат қалыптасқан. Сонымен қатар зерттеу жұмыстары барысында қалашықтың нақты өлшемдері мен биік нүктелері анықталып, жобасы мен кесіндісі сызбаға түсірілді (3-4 сурет).

Қалашық үш қамал кешендерінен тұратын шығыстан батысқа қарай тау сілемінде созылып жатқан жүйені құрайды. Қамалдардың көлемдері әртүрлі болғанымен, орталықтағы цитаделі (№-1 биік төбе) мен оларды қоршаған қамал қабырғалары ұқсас келеді. Мұнда қиық пирамида тәрізді бірнеше мұнаралары бар көлемді қамал кешендерден тұратын цитадель анық байқалады. Анағұрлым көлемді мұнаралардың биіктігі 75 метрден асады. Басқа мұнаралар негізгі мұнарадан алшақ орналасқан және көлемдері кішірек болып келеді.

Цитаделдің оңтүстік жағында шахристанның орны болуы мүмкін тегіс жазықтық көрініп тұр. Қалашық цитадельден шығысқа қарай созылып жатқан негіздері бірдей мұнараларды құрайтын кішірек келген, қиық пирамида тәрізді мұнаралармен жалғасып жатыр. Осы тұста айта кететін мәселе, қаланың сумен қамтамасыз етілуі де осы таудан келетін ағын сулармен тікелей байланысты болуы мүмкін. Себебі таудан ағатын судың орындары бүгінге дейін терең ор болып сақталып қалған, әрі су жүретін ірі жылға қаланың оңтүстігінен келіп, шығыс қабырғаны сыртынан бойлай отырып солтүстік тұсына қарай жайыла келіп, көрінбей кетеді. Мұндай жүйе оңтүстік өлкелердегі қалаларда жиі байқалады [3, 174 б.].

Рахат қалашығы алаңында аумағы 32 шаршы метр құрайтын үш орынға бақылау-барлау қазба жұмысы жүргізілді. Мәдени қабатын анықтау үшін жүргізілген бұл нысанды шартты түрде қазба 1 (№ TG1) деген белгі қойылды. Қазба орны биік төбенің солтүстік жағындағы бірінші ордың ортаңғы бөлігіне орналастырылды (5-сурет). Қазба нысанының бағыты (азимут 20°), оңтүстіктен солтүстікке қарай (ұзындығы) 10 метр, шығыстан батысқа қарай (ені) 2 метр, тереңдігі 4,4 метрлік қазба жасалынды (6-сурет).

Біздің бастапқы шым-топырақ қабатын тазарту барысында шөп пен топырақ қабаты қалыңдау келгенін байқадық. Ол өз кезегінде күрекпен жұмыс істеуге қолайлық туғызды. Қ-1-дегі (№TG1) стратиграфиялық кесінді қалыптасуы бастапқыда 9 қабатқа бөлінді (7-сурет), әр қабаттың орталық бөлігі ойық, ал оңтүстік пен солтүстікке қарай екі басы жоғары тік созылған, яғни шұңқырдың ішіндегі жиналған топырақтың пішіні ордың көлденең қимасының ойығымен бірдей болып шықты. Бұл жерде жалпы 13 мәдени қалдықтың, оның ішінде 1 күл шұңқыры, 2 күл ошағы, 2 пеш, 6 пештің беті (тас плиталар) және 2 тасты құралдың орны анықталды. Зерттеулер барысында ерте кезеңдегі пештер мен тас плиталар ордың орта бөлігіндегі ойық жерінде орналасқаны, ал кейінгі пештер мен ошақтар ордың оңтүстік жағындағы аумақтан тысқары жерде орналасқандығы анықталды. Бұл заттардың (артефактінің) орналасқан орны жер қыртысының көтерілуіне байланысты бірте-бірте оңтүстік жағындағы жерден тысқары аймаққа қарай жылжиды, бұл қауіпті жағдайдан қашуға бейімделуге деген талпыныс болуы мүмкін.

Жұмыс барысында екінші қабаттың төменгі жағында (Z4), қазба нысанның оңтүстік жарты бөлігінде орналасқан № 4 плита беті (ауызы) жағы табылды. Бет жағы дөңгеленген, біршама жоғары температурада күйдірілген диаметрі шамамен 60 см, қалыңдығы 8 см және жер бетіне дейін шамамен 80 см. сұр түсті қалдығы қалған. Анатомия бойынша, бұл күйдірілген пештің беті негізінен екі қабатқа бөлінеді: бірінші қабат (үстіңгі қабаты) аса қатты, түсі қызыл қоңыр, қалыңдығы 3-5 см, ал орталық бөлігі шет жағымен салыстырғанда біршама қалыңырақ болды. Екінші қабаттың топырағы өте тығыз, қалыңдығы 3 см құрайды.

Кесінді-қазбаның үшінші қабатының астыңғы жағында (L2), қазба нысанының орта бөлігінде орналасқан № 2 пеш аузы, бет жағы сопақша келген, аузы жағының ені 20 см, ұзындығы 30 см, төменгі жағының ені 8 см, тереңдігі 12 см, жердің бетіне дейінгі тереңдігі 120 см. Пештің ішінде кішкене түйіршектелген тастар бар (L1 де де бар). Пештің қабырғасының күй деңгейі нашар, алайда, шекаралас аумағы әлі де айқын көрінеді. Бұл пештің айналасы сары топырақпен қоршалған, топырақтың ені 43 см-ді құрайды. Онымен қатарлас тұрған топырақтың құрамы (түсі) өзгеше болғандықтан басқа жақтан тасып әкелген топырақ деген болжам жасалды.

Аталмыш қазба орнынан 80 данадан астам темір, қыш, тас, сүйектердің бөлшектері табылды. Бұл бөлшектерден ішінде қызыл, қоңыр және құмды қыштар, майда және ірі құм аралас жасалған қыш түрі де кездесті. Екі түрлі қыштың күйдіру температурасы біршама жоғары болды. Табылған артефактілер негізінен - темір пышақтар, қыш құмыраларының сынықтары, жүздері бүдірлі құралдар және бүйірі тегіс кесілген тас құралдар болып келеді.

Соғыс аймақтарына жақын орналасқан Украина, Белоруссия және Ресей территориясынан орта және жоғарғы оқу орындары Қазақстанға ауыстырылғандықтан, енді Қазақстан ірі оқу орындарының орталығына айналды. Соның ішінде Алматыға 12 жоғарғы оқу орны және 4 техникум, атақты Москва институттары: авиация, заң, сауда-кооператив, түсті металлургия және алтын, Бүкілодақтық мемлекеттік киноматография және т.б. институттары көшірілген еді.

Сонымен қатар соғыста жараланған солдаттарды емдеу үшін Алматы қаласында 11 әскери госпиталь ашылды, олар негізінен мектептерде, ЖОО және демалыс үйлерінде орналасты. Онда урология, көз және ортопедиялық бөлімшелері ашылып жұмыс жасады. Бұл жерде жараланған солдаттар емделіп, денсаулықтарын қалпына келтіріп алғаннан кейін солдаттардың 72% қайта соғыс алаңына кетіп жатты.

Сондай ақ, Қазақстан мен Алматы қаласына ірі өнеркәсіп ошақтарын, мәдени орталықтармен қатар халықтарды да көшіру жүзеге асырылған. ВКП(б) Орталық Комитеті мен Кеңес үкіметі соғыстың алғашқы күндерінен соғыс жүріп жатқан аудандардағы халықты ұйымдасқан түрде көшіріп алудың барлық шараларын қолданды. 1941 жылғы 27 маусымда ВКП(б) Орталық Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі қоныс аударған халықтарды тасымалдауды ұйымдастыру, жол бойында адамдарды азық-түлікпен жабдықтау, оларды қоныстандыру және жұмысқа орналастыру жөнінде қаулы қабылдады. Республикалар мен облыстарда халықты қоныстандыру ісімен шұғылданатын басқармалар құрылды. Мұндай басқарма Қазақстанда 1941 жылғы шілде айында ұйымдастырылды. Қазақстанға көшірілген азаматтардың бірінші эшелоны 1941 жылдың шілде айында келді. Жалпы саны 2794 адам болды [5, 1-4 пп.].

Алматы қаласы соғыс болып жатқан аймақтардан эвакуацияланған халықтарға пана болды. Олардың ішінде режиссер, актер, суретші, жазушылар мен инженерлер бар еді. Айтар болсақ, Алматы қаласына ақын, драматург және атақты балалар жазушысы Самуил Маршак, жазушы Михаил Зощенко, балалар жазушысы, поэтесса Наталья Кончаловская, жазушы Сергей Михалков келді.

Енді мұрағат деректеріне сүйенер болсақ, Қазақстанның барлық облыстарына эвакуацияланған халықтар орналастырылды. Қазақстанға 1941 жылы 15 қарашаға дейінгі аралықта 97696 адам келген, 1942 жылдың 1 қаңтарына дейінгі уақытта 288796 адам келіп, барлығы 386492 адамды құраған. Бұлардың саны 1943 жылдың 1 қаңтарына дейін 484149 адамға өскен, яғни 1 жыл ішінде 97657 адамға көбейген. Соның ішінде Алматы қаласына 1941 жылдың 15 қарашасынан (3016 адам) - 1942 жылдың 1 қаңтарына дейінгі аралықта (849 адам), барлығы 3865 адам келген. 1942 жылдың ішінде қалаға 22439 адам эвакуацияланған, олардың саны 1943 жылдың 1 қаңтарында 26304 адамға өскен [5, 5-8 пп.].

Келген халықтың жастық-жыныстық құрамы мынадай болған: 1943 жылдың 1 қаңтарына дейін Алматы қаласына барлығы 26304 адам эвакуацияланған. Келгендер ішінде әйелдердің үлесі басымырақ, олардың саны 40,1 % (10560 адам) құрады, ерлер болса - 20% (5260 адам), 14-16 жас аралығындағы жасөспірім балалардың үлесі - 5,2% (1360 адам), 14 жасқа дейінгі балалардың үлесі - 34,7% (9124 адам) болған [5, 9 п.].

Эвакуацияланған халықтың жұмысқа орналастырылуы мен еңбекке қабілеттілерінің саны 3818 адамға жетіп, 1942 жылдың 1 мамырына дейінгі аралықта жұмысқа сонша адам орналастырылды, яғни 100% жұмыспен қамтылды. Ал, 1942 жылдың 1 маусымынан еңбекке қабілеттілер саны өсіп 7100 адамның 3828 адамы жұмысқа алынды, яғни 53,9%. 1.01.1943 жылдың мәліметі бойынша 7100 адам еңбекке қабілетті деп табылып, оның 3228 адамы жұмыспен қамтамасыз етілді, яғни 45,5% [6, 43-п.].

Ұлы Отан соғысындағы адам шығыны өте көп болып, соғысқа тартылған 1,2 млн. адамның 650 мыңдайы отанына оралмады, соғыстың құрбаны болды. Олардың ішінде 350 мыңға жуығы қазақтар еді, соғыста туысқандарын жоғалтқандардың есебі болмады. Егер соғыс қарсаңында республикадағы қазақтар Қазақстан халқының 39% құраса, соғыс аяқталғаннан кейін Қазақстанда жергілікті ұлт өкілдері тым азайып кетті. Мұның барлығы қазақтардың өз жерінде азаюына әкеп соқтырды және өзінің тарихи отанында өмір сүріп отырған қазақтар жалпы халықтың аз бөлігін құрады.

Алматы қаласына эвакуацияланған халықтар негізінен соғыс жүріп жатқан аймақтардан келгендер еді. Мысалы: 1941 жылдың екінші жартысынан қалаға 24202 адам, 1942 жылы – 19652 адам келіп, барлығы 43854 адамды құрады. Олар негізінен Ленинград қаласынан 1941 жылы – 1309, 1942 жылы – 2217 адам, Калинин қаласынан сәйкесінше 221 және 125 адам, Москвадан сәйкесінше 9540 және 2552 адам, Смоленскіден сәйкесінше 239 және 115 адам, Туладан сәйкесінше 111 және 54 адам, Орловтан сәйкесінше 182 және 63 адам, Курскіден сәйкесінше 390 және 95 адам, Ростовтан сәйкесінше 532 және 1057 адам, Белоруссиядан сәйкесінше 0 және 218 адам, Литва мен Латвиядан сәйкесінше 1534 және 0 адам, Украинадан сәйкесінше 9368 және 3963 адам, Қырым мен Молдавиядан сәйкесінше 776 және 0 адам, Орбсоналдан сәйкесінше 0 және 835 адам, Кабардино-Балқариядан сәйкесінше 0 және 182 адам, Дағыстаннан сәйкесінше 0 және 6870 адам, Сталинград қаласынан сәйкесінше 0 және 235 адам көшіріліп әкелінді [7, 30-45 пп.].

Енді халықтың 1939-1946 жылдардағы өсу динамикасын салыстырып көрелік.

жылдар	саны
--------	------

1.01.1939 ж.	230,5
1.01.1940 ж.	231,4
1.01.1941 ж.	238,5
1.01.1942 ж.	247,3
1.01.1943 ж.	257,8
1.12.1943 ж.	260,4
1.01.1944 ж.	260,6
1.08.1944 ж.	245,3
1.01.1945 ж.	235,1
1.01.1946 ж.	239,2

2-кесте. Алматы халқының өсу динамикасы (мың адам есебінен) [8]

Кестеден көріп отырғанымыздай, қала халқының саны жыл сайын өзгеріп отырды, 1941 жылдан бастап халықтың саны күрт көбейе бастаған. Ең көп өсім, 1942 жылдың 1 қаңтарынан 1944 жылдың 1 қаңтар аралығында халықтың өсу динамикасы жоғары болған. Бұл өзгерістердің себебі, Алматы қаласына өнеркәсіп орындарының негізгі ошақтарының көптеп орналастырылуы, сонымен қатар мамандар мен жұмысшылардың және олардың отбасыларының да бірге көшірілуі көп ықпал етті. Ал 1944 жылдың тамыз айынан бастап халық саны төмендей бастады. Бұған себеп соғыстың саябырсып, неміс басқыншыларының кері шегіне бастаған кезі еді. Осыған байланысты реэвакуация басталды да, халық санының кемуіне әкелді.

Осы жылдардағы халық санының өсіп-кемуіне мобилизациялау да өзіндік әсерін тигізді. Алматы қаласында 1941 ж. 1 қаңтардағы халық саны 238500 болса, соның 1938-1941 жж. 22 маусымға дейін 3153 адамы мобилизацияланды, ал 1941 ж. 22 маусымынан 31 желтоқсанға дейін 18758, 1942 ж. – 6051, 1943 ж. – 21114, 1944 ж. – 5547, 1945 ж. – 4011 адам әр кезеңде мобилизация бойынша шақырылып, 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 31 желтоқсанына дейін – 75481, ал 1938 ж. 1 қаңтарынан 1946 жылдың 1 қаңтарына дейін 78634 адам соғысқа алынған. Осы соғысқа кеткендердің көпшілігі қайтып оралған жоқ. Шайқаста қаза тапқандар қала бойынша – 12994 адам, госпитальда жарақаттан, аурудан – 3419, тұтқында қаза болған – 379 адам, хабарсыз кеткендер – 15308 адам, барлық шығын – 32100 адам болған [9, 6 п.].

Алматы халқы негізінен көші-қон арқасында өсті. 1939-1959 жылдардағы екі санақ арасындағы механикалық өсуді қарастырар болсақ, онда кеткендерге қарағанда келгендер басым болып, көші-қон үдерісі оң сальдоны көрсетті. Мысалы: 1939 жылы 17,1 мың, 1940 жылы 19,8 мың, 1941 жылы 6,4 мың, 1942 жылы 10,5 мың адам болса, 1943 жылы 8,2 мыңға, 1944 жылы –17,1 мыңға кемісе, 1945 жылдан бастап қайта өсе бастады 7,8 мыңға, 1946 жылы 32,1 мың, 1947 жылы 7,0 мың, 1948 жыл мен 1949 жылдары халық саны кеми бастады: 1948 – 5,1 мың, 1949 жылы – 1,4 мың, 1950 жылдан қайта өсе бастады 3,9 мыңға, 1951 жылы 2,1 мың, 1952 жылы 2,7 мың, 1953 жылы 4,4 мың, 1954 жылы 3,8 мың, 1955 жылы 3,9 мың, 1956 жылы 4,3 мың, 1957 жылы 17,2 мың, 1958 жылы 16,0 мың, 1959 жылы 18,8 мың адам қосылды. Сонда, 1939-1959 жылдар аралығында көші-қон көрсеткіші өсу үстінде болып, тек 1944 (-17,1 мың) және 1948 (-5,1 мың), 1949 жылдары (-1,4 мың) адамның қаладан кеткендігі көрінеді [10, 19 п.].

1939 жылғы санақ бойынша Алматыда барлығы 230503 (ерлер – 50,1%, әйелдер – 49,9%) адам тіркелген, ал 1959 жылғы санақта 456481 (ерлер – 45%, әйелдер – 55%) адамға өсіп, 20 жыл аралығында қала халқының саны 2 есеге көбейген. 1939 жылғы санақта Алматыдағы негізгі ірі этностардың арақатынасы төмендегідей болды: – 25599 мың (11,1%), орыстар – 166431 (72,2%), украиндар – 16674 мың (7,3 %), татарлар – 5999 мың (2,6 %), еврейлер – 2231 мың (1,0 %), ұйғырлар – 4328 мың (1,9 %), мордвалар – 1481 мың (0,7%), белорустар – 1447 мың (0,6 %), өзбектер 1322 (0,6%) және басқа ұлт өкілдері – 4991 мың (2,0%) адам болған [11].

Ал 1959 жылғы санақта, 20 жыл аралығында қала халқының ұлттық құрамы мынадай болып өзгерді: қазақтар – 39410 мың (8,6%), орыстар – 333480 мың (73,1%), украиндар – 22989 мың (5,0 %), татарлар – 12458 мың (2,7 %), еврейлер – 8425 мың (1,8 %), ұйғырлар – 7974 мың (1,7 %), корейлер – 2474 мың (0,5%), белорустар – 2611 мың (0,6 %) және басқа ұлт өкілдері – 26660 мың (5,8%) адам [12]. Екі санақ аралығында қазақтар 1,5 есе, орыстар 2 есе, украиндар 1,4 есе, татарлар 2 есе, еврейлер 3 есе, ұйғырлар 1,8 есе, белорустар 1,8 есе, басқа ұлт өкілдері 5,4 есе көбейген.

Қорыта келе айтарымыз, 1939-1959 жж. аралығындағы Алматы қаласындағы әлеуметтік-демографиялық дамуда үлкен өзгерістер болды. Халықтың механикалық жолмен дамуының артуы, майдан аймақтарынан көшірілген өнеркәсіп пен оқу орындары және солармен қоса келген мамандардың қоныс аударуының ықпалынан болды. Бұл қала халқының саны мен оның ұлттық құрамының өзгеруіне алып келді. Сонымен қатар ірі өнеркәсіп орындарының дамуы жұмысшы табының сандық және сапалық құрылымының өзгеруіне әсер етті. Қала ірі саяси, экономикалық және мәдени орталық ретінде дамып, көркейе түсті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Асылбеков М.Х. Ұлы Отан соғысы тарихына әділеттік керек // Қазақ әдебиеті. 2014, –№38 (3358).
- 2 Оразов К.Ю. Рабочий класс Казахстана в Великой Отечественной войне. – А: Наука, 1975. – 131 с. (25 с.)
- 3 https://tengrinews.kz/strange_news/jizn-v-tyilu-alma-ata-v-godyi-velikoy-otechestvennoy-voynyi-254827/
- 4 Едігенов Н.Е. Алматы Ұлы Отан соғысы жылдарында. –А: Ғылым, –161 б.
- 5 ҚР ОММ. 1987-қор, 1-т., 17-іс, 1-9 пп.
- 6 Алматы қалалық мұрағаты. 107-қор, 8-т., 46-іс, 43 п.
- 7 ҚР ОММ. 698-қор, 14-т., 260-іс, 70-п.; 280-іс, 30-45 пп.
- 8 Төлекова М.К. Жетісу халқы (1897-1999 жылдар). –А., 2002, –164 б. ҚР ОММ. 698-қор, 14-т., 508-іс, 6-п.
- 9 Российский государственный архив экономики. Ф. 1562, оп. 336, д. 220, л.19;
- 10 Итоги Всесоюзной переписи 1959 года КазССР. – Москва: Госстатиздат, 1962. – 172 с.

ӘОЖ 323.31(574)(09)

Р.Е. Оразов

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

СЫЗДЫҚ СҰЛТАННЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Аннотация. Мақалада Сыздық сұлтанның өмірі мен қызметіне және оның Ресейдің отарлау саясатына қарсы күресі қарастырылған. Автордың пікірі мен тұжырымдары қазан төңкерісіне дейінгі орыс әскери зерттеушілері еңбектері мен Ахмет Кенесариннің қазақ тілінде жарық көрген еңбектеріндегі мәліметтер негізінде берілген. Сонымен қатар дерек көзі ретінде Қазақстан және Өзбекстан архивтерінің құжаттары кеңінен пайдаланылған.

Түйін сөздер. Сыздық, Ахмет, сұлтан, Ресей, хан, билік, отарлау, ұлт-азаттық күрес, қолбасшы, батыр

Р.Е. Оразов

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

ЖИЗНЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СЫЗДЫК СУЛТАНА

Андатпа. В статье рассматривается жизнь и деятельность Сыздык султана и его борьба против колониальной политики России. Статья была написана на основе работ российских военных исследователей до октябрьской революции и произведений Ахмета Кенесарина на казахском языке. В то же время как источники использовались материалы архивов Казахстана и Узбекистана.

Ключевые слова. Сыздық, Ахмет, султан, Россия, хан, власть, колонизация, национально-освободительная борьба, главный командующий, батыр

Кіріспе

Еліміздің мың жылғы тарихында жеке тұлғалардың, тарихи қайраткерлердің туған еліне, халқына сіңірген еңбегі, олардың қоғамдық-саяси және әлеуметтік үрдістердегі рөлі ерекше болғаны белгілі. Әсіресе, Отандық тарихта кешегі тағдыры тәлкекке ұшырап, бодандық қамытын киген халқымыздың азаттығы жолындағы күресте өз өмірін құрбандыққа қия отырып, қан майданда от кешіп, патша әскерлерінің мылтықтары мен зеңбіректеріне қарсы еш тайсалмастан қол бастаған Сырым, Кенесары, Исатай, Есет, Әзберген және тағы басқа да аяулы азаматтарымызды ардақтау арқылы олардың өмірі мен саяси қызметтері жан-жақты талданып, оған ғылыми түрде баға берілуде. Дегенмен де осы күнге дейін зерттеушілердің назарынан тыс қалып келе жатқан белгілі тұлғалар баршылық. Солардың бірі – XIX ғасырдағы азаттық қозғалыстың тарихында ерекше із қалдырған, өз өмірінің басым бөлігін туған жері мен халқын басқыншылардан қорғау жолындағы азаттық соғыстарға арнаған қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының ұлы Сыздық сұлтан еді.

Өкінішке орай, Отандық тарихнамада Сыздық сұлтанның өмірі мен азаттық жолындағы рөлі мен қызметін зерттеу мәселесі әлі де дұрыс жолға қойылмауда. Оның өміріне қатысты бірнеше мақалалар жазылғанымен де, ол әлі күнге дейін ғылыми тұрғыда өз бағасын алмаған тарихи тұлғалардың қатарында тұр. Тіпті «Қазақстан тарихының» көптомдық академиялық басылымының 2000 жылы жарық көрген 3 томында Сыздық сұлтанның Оңтүстік Қазақстанды Ресей басқыншыларынан қорғап күрескен кезеңі 1860-1864 жылдар аралығы туралы ешқандай мәлімет жоқ. Сыздық сұлтан бастаған күресті ұлт-азаттық күрестердің заңды жалғасы екендігі назардан тыс қалған.

Сыздық сұлтанның өмір жолы ел тарихындағы аса күрделі кезеңге сәйкес келді. Себебі сұлтанның өмірге келген XIX ғасырдың I жартысында қазақ даласына Қоқан, Бұхар, Хиуа, Қытай мен Ресей мемлекеттері өз ықпалдарын жүргізуге ұмтылды. Әсіресе, XIX ғасырдың бірінші ширегінде қазақтарды өзіне толық бағындыруға тырысқан Ресей империясы осы аймаққа мықтап орналасуды көздеп, шешуші әрекетке көшудің дайындығына кіріседі. Яғни, XIX ғасырдың бас кезінде Ресей экономикасының жаңа капиталистік жолға түсуі, өнеркәсібі мен саудасының өрлеуі жаңа өнім өткізетін нарыққа және шикізат көзі болып табылатын аймақтарға қажеттілікті туғызғандықтан патша өкіметі бұл мәселені Қазақстанды отарлау арқылы шешпек болды. «Ресей үшін қазақ елін өз отарына айналдырудағы басты мақсат елдің табиғи байлықтарын, арзан жұмыс күшін, арзан шикізатты қажетіне пайдалану, неғұрлым мол пайда табу болды» [1, 118-б.].

Кенесары ханның ұлт-азаттық қозғалысы жеңіліске ұшыраған соң, патша өкіметі бүкіл қазақ даласын басып алуды жеделдетеді. Дегенмен Кенесары хан өлгенімен оның ісі тоқтамайды. Әкесінің азаттық

жолындағы күресін оның балалары жалғастырады. Әсіресе солардың ішінде Сыздық сұлтанның еліміздің тәуелсіздік жолындағы күресіне ерекше өжеттілік пен айбындылық және табандылық көрсетеді. Сыздық сұлтандағы мұндай қасиет тікелей арғы атасы Абылай ханнан қонса керек. Бұл жөнінде патшаның әскери шенеунігі Н. Павлов өзінің еңбегінде былай деп жазады: «Кенесарының баласы, Абылай ханның шөбересі, Тұрандағы аса ірі тұлғалардың бірі болып табылатын даланың осынау жаужүрек ұлының бойына бізге деген өшпенділік ана сүтімен бірге дарыған еді. Тұран өлкесіндегі Сыздықтың сирек кездесер оқшау бір қасиеті – атақ, мансап, қадір-құрмет іздемегендігі, ержүрек жауынгер, талмас қажыр иесі екендігінде» [2, с. 163].

Жалпы Сыздықтың шыққан тегін талдасақ, Ахмет Кенесарыұлының «Кенесары және Сыздық сұлтандар» атты жазған кітабында оның атасы Қасым сұлтан Абылай ханнан тарайтын отыз ұлының ішіндегі ең кенжесі болса, Сыздықтың әкесі Кенесары хан да Қасым сұлтанның бәйбішесінен алтыншы бала болып дүниеге келген екен. Ал Кенесары хан қаза болғаннан кейін оның екі әйелінен сегіз ұл қалады. Бәйбішесі Күнімжаннан: Жапар, Тайшық, Ахмет, екінші әйелі Жаңылдан: Омар, Осман, Әбубәкір, Сыздық, Жегей. Кенесары хан қайтыс болған жылы Тайшық сұлтан – жиырмада, Сыздық – он, Ахмет – бес жаста болған [3, 19-б.]. Яғни Сыздық сұлтан әкесі Кенесары хан ұлт-азаттық қозғалысты бастаған 1837 жылы дүниеге келген болып шығады. Алайда Ақмола сыртқы дуан приказының Сібір қазақтарының шекара бастығына Көшек сұлтан және онымен бірге көшіп жүрген қазақтар туралы жіберген 1847 жылы 30 қазандағы мәліметінде Кенесарының ұлы Жапар 15 жаста, одан басқа Кенесарының 13 жастағы Тайшық пен 9 жастағы Ахмет есімді ұлдары болса, Саржанның 12 жастағы Қошқарбай есімді ұлы бар. Олардың бәрі бірге көшіп жүр делінеді [4, 11-12-пп.].

Байқап қарасақ Кенесарының ұлдары туралы екі деректен бір-біріне қарама-қайшы екі түрлі мәлімет аламыз. Оның үстіне мұрағаттағы деректе Сыздық сұлтанның жасы нақты көрсетілмеген. Егерде осы деректердің қайсысы дұрыс деген сұрақ қояр болсақ, онда мұрағат құжатында көрсетілген мәлімет шындыққа келеді. Өйткені біріншіден, патша әкімшілігі Кенесары ханды ғана емес оның бүкіл әулетін жіті бақылауға алып қана қоймай олар туралы жан-жақты әрі нақты мәліметтер жинап отырған. Екіншіден, Ахмет Кенесариннің еңбегіндегі Тайшық пен оның туған інісі Ахметтің жас аралықтары тым ұзақ. Сонымен қатар, Тайшықтың жасы 1847 жылы жиырма жаста болатын болса, онда ол міндетті түрде әкесімен бірге қырғыздарға қарсы соғысар еді. Алайда Тайшықтың қазақ-қырғыз соғысына қатысқаны жөнінде ешқандай дерек жоқ. Сондықтан Тайшық ол уақытта әлі жауынгер боларлық жасқа жетпеген деп айта аламыз. Дегенмен деректер арасындағы осындай алшақтыққа қарамастан оларды өзара салыстыру арқылы Сыздықтың жасы Тайшықтан кіші, ал Ахметтен үлкен екенін байқап, Кенесары өлген жылы Сыздықтың жасы шамамен 10-12 жастар шамасын құраған деп бағалауға болады. Бұл болжамды «Уақ-Есмағамбеттің Сыздық сұлтан жайлы әңгімесі» деген атаумен жазылып алынған М.Ж. Көпеевтің Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорынан табылған мәлімет дәлелдейді.

Аталмыш еңбектің мәтінін толық берсек, онда былай делінген: «Кенесары, Наурызбай, Ержан, Құдайменді бас көтерер төрелер – бәрі қырғыздан қырғын тапты. Қалған қатын-қалаш, бала-шаға 12 жасар Сыздық төрені басымызға жыға қылып шаншып, қарсақша жалтақтап, қоянша жалтақтап, Бетпақтың шөлінде, Жеті Қоңырдың желінде жан сақтап күнелттік. Сөйтіп жүргенде «Әзірейіл барда жаным бар деме, Ақ жалау бар да малым бар деме», – дегізген Ақжалау келді. 500 кісімен фалхыд деді, қолбасы Қанағатша деген сарт болса керек. Жүзге жетер жетпес азаматпен алдынан қарсы шықтық. Сыздық төре жасы 14-те. Тұрысқан жеріміз Созақ маңайы. Екі жақ та ту көтеріп, айқасып қалғанда, Сыздық төре Қанағатшамен шаппа-шап келіп қалып, Қанағатшаны мұрттай ұшырды, найзамен шаншып түсірді. Сарт мергендері оқты жанбырдай жаудыра бастады. Сыздықтың туын ұстаған Уақ жігіті еді, оққа ұшты. Сыздық сол жігіттің сүйегін жерде қалдырмаймын деп, ат үстінен өңгеріп, алдына ала бергенде, қолының байланып, өзінің біреуді алдыма өңгеріп аламын деп айналып қалғанын көрген біреу найзамен өндірішегінен шанышқанда найза шарт етіп сынды да, ұңғы темір Сыздықтың денесінде қалды. Сыздық қолға түсті. Созаққа апарып, сабан шанаға отырғызып қойды. Денеде қалған найзаның ұңғы темірін кемпірауыз тістеуікпен тартып суырып алып, уыс-уыс мақтамен тығындап, тірілей Қоқандағы ханға жіберді. Барған соң Қоқан ханы дәрігерлерге бақтырып, дәрі жақтырып, жазылған соң, Қанағатшаны шақыртып алып: «Сені мұрттай ұшырып, шаншып түсірген осы бала ма? – деп сұрапты. Жоқ бұл емес, – деп айта алмаған. Бұл мансап орын саған лайық емес, мына балаға жөн, – деп Қанағатшаның фансадылығын Сыздыққа алып беріп, торы арғымақ, алтын жабдық сыйлап, 500 басы қылған» [5, 7-9-бб.]. Сонымен осы дерекке назар аударсақ Сыздық сұлтанның жасы 1847 жылы 12-де болғанын көреміз. Яғни Сыздық сұлтанның 1835 жылы дүниеге келгенін анықтаймыз. Мұнымен қатар бұл деректен Сыздық сұлтанның елдің намысы үшін 14 жасында-ақ қолына найза алып атқа қонғанын, алдына келген қарсыласын шаншып түсіріп батыр атанғанын байқаймыз.

Аталмыш деректе көрсетілген мәліметтерді мұрағатта растайды. Мәселен, мұрағат құжаттары Кенесары қырғыздардан жеңіліс тапқаннан кейін оның туысқандары Қоқанның иелігіне қашып барып Созақтың маңын мекендегенін былай деп береді: «Кенесарының әулетінің қарамағындағы рулар атап

айтқанда Көшек сұлтанның қарамағында Ағыз Қалқамандардың билері Бұланбай мен Садырбек 60 шаңырақ, Әлік Байдалының биі Сүйік Қожақанов 70 шаңырақ, Қараулдың Балтабегі және Шолаққұт 100 шаңырақ, Шұбырталы Маныбай және Ағыбай 70 шаңырақ, Темеше болысының Баятар руының биі Кенже Таттымбетов 30 шаңырақ, Жеке батыр Шоңғыттың төлеңгіттері 90 шаңырақ Қаратау мен Саржас және Мардақ сайы жағындағы Созақ пен Түркістанның аралығында көшіп қонуда [4, 11-12-пп.]. Ханның қазасынан кейін Сыздық сұлтан туысқандарымен және өздеріне қарайтын барша халқымен Шудың саға жағындағы Қаратау маңына қарай көшкенін Ахмет Кенесарин де растай түседі: «...сол аймақта олар қырық үй төлеңгеттерімен бірге Қоқан хандығына ешқандай салық төлемеу шартымен орналасады. Сол уақыттары Қоқан хандығын Худояр хан мен Мұсылманқұл бастаған қыпшақтар билейді. Осылайша Кенесарының балалары Түркістан хакіміне қарап, қоңыраттардың арасында тұрады. Сыздық сұлтан ер жеткенге дейін ауылдарында молда жалдап сауат ашады. Сонымен қатар, атқа міну, мылтық ату әдістерін үйренді. Ер жеткеннен кейін Тайшық, Сыздық, Ахмет сұлтандар әскери қызметке кіріп, қай жерде де өз ерліктерімен көзге түсті. Сондай қызметтері үшін Қоқан ханы олардың күшеюіне де пансат басы атағын беріп, әрқайсысын бес жүз жігітке бастық етіп қояды. Олар бірнеше жыл сол қызметтерін атқарды [3, 20-б.].

Осылайша әкесі Кенесары ұлт-азаттық күресті бастаған кезде өмірге келген Сыздық сұлтан туған кезінен бастап-ақ патша өкіметінің қазақ даласына орнатқан отаршылдық саясатының зардаптарын көріп қана қоймай, одан құтылу үшін соғысқан қазақтардың азаттық күресінің ащы да ауыр жолын бойына сіңіріп өседі.

Сыздық сұлтан жөнінде ел аузында аңыз әңгімелер мен хикаяттар көп. Соның бірінде Сыздық сұлтанның ірі саясаткер, әрі қолбасшылығымен болғандығымен қатар, қан майданда ешқандай қауіптен қорықпайтын ержүректілігі айтылады. Мәселен, Сыздық сұлтанды көзімен көріп, онымен сұхбаттас болған Е.Т. Смирнов Сыздықты былай суреттейді: «Бұл күнде Сыздық сұлтан Шымкент уезінде, Арыс өзенінің бойындағы Қарабұлақ деген сарт қыстағының теріскей жағында, алты шақырымдай жерде, бір кезде бабасы Абылай ханның ордасы болған Ханқорған харабасының (қираған орнының) қасында тұрып жатыр. Сыздықтың малы бар, қыстауының маңында егін салады, қолы бос кездері кітап оқиды, намазын қаза қалдырмайды. Жасы елу бестер шамасында, орта бойлы, өте ширақ адам, қазаққа тән бидай өңді, аздап ақ шала бастаған шоқша сақалы бар, әсіресе көздері әдемі, жанарлы, сырт көрінісі аса келісімді жасалған, дене бітімі, әйелдерге тән нәзік саусақтары, өзін сабырлы, салмақты ұстауы кісімен сөйлескендегі ұяңдығы – бұл адамның Орта Азия хандарының сарай тұрмысын көрген, түрік халқының нағыз ақсүйек адамы екенін танытады, шынында да өзі де ақсүйектер нәсілінен ғой. Алғашқы көргенде осы ойшыл, келбетті келген сабырлы адамның сахараның ештеңеден тайсалмайтын баскесері атанған, жетпісінші жылдары біздің Түркістандағы алғы шебіміздегілердің үрейін ұшырған, күтпеген кезде және біздің осалдау жерімізден тап беріп, басқа қазақ, түрікпен топтарына қарағанда қайсарлықпен, өршелене шабуыл жасаған партизан, атақты шабандоз екеніне нанғың да келмейді. Ал енді өзі шешен, ағыза сөйлеп, көздері от шашып, қыза келгенде, алғашқы көрген сабырлы, момын адамды қайта тани алмай қаласыз. Алдыңызда сөз жоқ, құдай зерде берген дарынды, жаны жас, қарапайым халыққа айтайын деген ойын да, сөзін де жеткізе білетін шешен, қайраты тасыған қажырлы адам пайда бола қалады», – деп әділ сипаттаған [6, с.5].

Тайшық Созақта әкімшілік қызметті атқарып отыра бермеген. Ол өз жасақтарымен орыс әскерлеріне тұтқиылдан тап беріп, партизандық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы соғыс жүргізген. Мәселен, Тайшық бастаған 1 500 қазақтар Бурабай бекетіне шабуыл жасап, орыстар қиратып кеткен Жөлек бекінісін қалпына келтіруге тырысады. Бірақ капитан Шкупа мен старшина Бородин бастаған орыс әскерлері оған жол бермейді [7, 74-п.]. Сонымен қатар Кенесарының балалары Қоқанның иелігіне көшкісі келмей орыс билігін мойындап, патша үкіметіне салық төлеп отырған қазақ ауылдарын тыныштыққа қоймаған. 1855 жылы 13 қыркүйекте Кенесарының ұлдары Сыздық пен Ахмет және ханның немере інісі Көкше Есенгелді қыпшақтардың ауылын шауып, 293 жылқысы мен 90 түйесін айдап кетсе, Тайшық бастаған 60 қазақ Қарасу алқабында мекендеген қыпшақтардың ауылын шабады [8, 15-п.]. Келесі жылы ақпанда Қаратаудан шыққан ташкенттік және қоқандық қазақтарды басқарған Сыздық сұлтан Шу және Сарысуда мекендейтін қазақтарға шабуыл жасап, олардың көбісін өлтіріп 15 мың жылқысын, 2 мыңдай түйелерін, 10 мыңдай қойларын, 700-ге жуық ірі қара малдарын айдап кетеді. Оған жауап ретінде патша әкімшілігі наурыз айында бірнеше жүз сібірлік қазақтарды ташкенттік қазақтардың малдарын айдап келу үшін барымтаға аттандырады. Оларды қорғау мақсатында 100 сібірлік қазақтарды қоса жөнелтеді. Орыстардың барымташы қазақтары Шудан өтіп Қаратаудан аздаған малдарды барымталаған кезде Сарысу өзенінің бойында оларды Сыздық бастаған қаратаулықтар күтіп алып, оларға бас салады. Алайда қазақтардың дер кезінде көмек беруінің нәтижесінде Сыздық сұлтанның шабуылына тойтарыс беріліп кері қарай қуылып тасталады [9, 56-60-пп.].

Маусым патша әкімшілігі айында ташкенттік керуен арқылы тыңшыларынан Сыздық Ұлытау станицасын шауып, сібірлік және орынборлық қазақтарды тонау үшін Қаратауда 2 мың адам жинап жатыр деген мәлімет алады. Осы хабарды алғаннан кейін Батыс Сібірдің генерал-губернаторының нұсқауы

бойынша қазақтардың алдын алу үшін Қаратаудағы қазақтардың малдарын барымталап қайтуға Ұлытаудан Сібір қазақтары облысының әскери губернаторының адъютанты капитан Соловцевтың басқаруында 2 зеңбірегі мен 2 ракеталық қондырғылары бар 250 казак Шу өзеніне аттандырылса, 2 зеңбірегі бар 100 казактан құралған екінші әскери топта оның артынша жіберіледі. Тамыз айының соңында 500 адамнан тұратын сібірлік қазақтар Шу өзенінен өтіп қаратаулықтардан 7 мың қой, 600 ірі мал мен 200 түйесін тартып алып үлгіреді. Дегенмен сібірлік әскерлер Шудың бойында бақылап тұрғанда Сыздық сұлтан Сібір мен Орынбордың даласына кіріп Ұлытау станицасы мен Торғайға бағыт алады да, одан шыққан кішігірім топтар Ұлытаудағы қазақтарды шауып ондаған адамдарды өлтіріп, екеуін тұтқынға алады.

Алайда Сыздық сұлтан қаратаулықтарды шабу мақсатында Шудың бойына орыс әскерлерінің келгенін естіген соң жорығын тоқтатып, кері бұрылады да Сібір әскерлерін шеберлікпен айналып өтіп, Қаратауға келеді. Өзінің қатарын 4 мың адамға толықтырған ол орыс әскеріне жақындайды. Бұл кезде сібірлік казактар Ұлытауға қарай қаратаулықтардың малдарын айдаған барымташы сібірлік қазақтарды артынан қорғап тұрған болатын. 6 қыркүйекте таң ата бірнеше қазақты байқаған капитан Соловцев өзімен бірге урядник пен 5 казакты ертіп алып, оларға бас салады да біреуін тұтқынға түсіреді. Қолға түскен қазақты тергеген кезде ол 500 адамнан тұратын қоқандықтар жақын маңда келе жатқанын айтады.

Тұтқынның сөзін тексеруді ойлаған капитан қасына бірнеше казакты алып төбеге шыққан кезде оны 500 емес 4 мың адам қоршап алады да бәрін шауып тастайды. Осылайша Сыздық сұлтанның тапсырмасын орындаған казак әдейілеп тұтқынға түседі. Бірақ-та басшысыз қалса да сібірліктер еш саспастан қатарын түзейді де Сыздық сұлтанның әскерін жақындатып алып, оларға қарсы барлық зеңбіректер мен мылтықтардан оқ жаудырады. Сыздық сұлтанның әскері өздерінің қырылғанына қарамастан басқыншылардың әскеріне қарай қатарынан төрт рет шабуыл жасайды. Бірақ олардың барлық шабуылы сәтсіз аяқталып үлкен шығынға ұшырайды. Осылайша басқыншылар толық жеңіске жетеді [10, 56-60-пп.]. Бұл шайқаста Сыздық сұлтан өзінің жастығына қарамастан алғаш рет қолбасшылық қабілетін көрсете бастады. 1858 жылы 3 маусымда Түркістан бегі бастаған қоқандықтар ірі шабуыл ұйымдастыруға тырысқанымен, жеңіліс тауып кері қайтады. Шайқас кезінде Кенесарының ұлы Тайшық пен Түркістан бегі тұтқынға түсіп қала жаздайды. Бұл жөнінде Сырдария шебі қолбасшысының Орынбор корпус бастығына жіберген № 609 мәлімдемесінен біле аламыз. Онда былай делінген еді: «1858 жылы 3 масымда Түркістанның бегі Мырза Нияз бастаған қоқандықтар біздің иелікке шабуыл жасады. Алайда қарсылыққа тап болған олар кері қарай қашуға мәжбүр болады. Тіпті бек пен Кенесарының ұлы Тайшықтың өзі тұтқынға түсе жаздайды. Бұл шайқаста өлгені, жаралысы және тұтқынға түскені бар 800 адамынан айрылады» [10, 55-п.].

Негізінде қазақтардың орыс басқыншыларымен Ақмешіт аймағы үшін жүргізген соғыстары әлі жап-жас Сыздық сұлтанға зор тәжірибе жинақтаған үлкен күрес мектебіне айналды. Осы өңірде ол болашақта зор пайдасын тигізген партизандық соғыстың қыры мен сырын игерді және шайқастарда жеңістерге жетудің жолын үйреніп қана қоймай, жеңілістердің де ащы дәмін сезініп, оған мойымайтын қайсарлық мінезді қалыптастырды. Яғни, келешектегі әскери қолбасшылықтың қасиеттерін бойына сіңіре бастайды. Дегенмен ол өзінің қолбасшылық дарындылығын 1860 жылы өткен Алматы түбінде өткен Ұзынағаш шайқасы кезінде-ақ жан-жақты көрсетіп, басқыншылардың ерекше наразылығын аудартқан болатын.

Ахмет Кенесарыұлының кітабында бұл шайқас туралы төмендегідей мәлімет келтіріледі: «1860 жылы Қоқанда ерлігімен атағы шыққан Қанағатшаһ Ташкентті билеп тұрған кезде генерал Колпаковский бастаған орыс әскері Алматыдан шығып, Тоқмақ қамалын қиратып, басып алады. Оған қарсы Қанағатшаһ паруаншы қырық мың әскерімен Верныйға қарай аттанады, солардың ішінде Тайшық, Сыздық, Ахмет сұлтандар бар еді. Қанағатшаһ аттанғаны жайлы хабар алған соң, Колпаковский әскерін шекарадағы Қастек бекінісі маңына орналастырып күтіп жатады. Қанағатшаһ асудан асып, Ырғайтты-Қайыңды деген жерге жеткен соң, Тайшық, Сыздық, Ахмет сұлтандарға қырғыз, қазақтардан құралған бір топ жасақ беріп : «Ілгері барып, ала алсаңдар Ұзынағашты алыңдар. Ала алмаған күнде де жауды Қастекке жібермеңдер, біз де ертең жетерміз», – деп бұйрық берді... Сұлтандар Ұзынағашқа жеткенде онда бір зеңбірегімен екі жүз солдат бар екен. Сұлтандар солдаттардың мылтық атуына да, зеңбірек атуына да мұрша бермей, шабуылға кірісті, сондықтан екі жақтан да адам шығыны көп болған жоқ. Жаужүрек жігіттер жау шебіне шауып барып, солдаттардың қолдарындағы мылтықтарын да тартып алып жүрді. Осылай олар үш күн соғысты. Төртінші күн дегенде Қастектегі орыс әскері түнде кейін шегініп, Ұзынағашқа жақындады. Таң ата, Колпаковскийдің өзі басқарған сегіз жүз солдат қазақтарды мылтықпен де, зеңбірекпен де атқылап, сұлтандарды кейін шегінуге мәжбүр етті. Бұдан кейін де Ұзынағаш пен Қастек арасында бірнеше қақтығыс болды. Ақыры, Саурық батыр қорғаны деген жерге қырық мың әскерімен Қанағатшаһ паруанашы да келіп жетті. Мұнша көп әскерді көрген Колпаковский де тоқтады. Қанағатшаһ паруанашының әскері мылтық атып, түске дейін шабуыл жасады. Оның сарбаздары орыс әскеріне жақындаған кезде Колпаковский жеті зеңбіректі картөчпен оқтап, дүркіндете атуға бұйрық берді. Зеңбірек оғынан Қоқан сарбаздары топалаң тиген қойдай қырылды. Сол жерде жеті жүз сарбаз және көптеген атты әскер қаза тапты. Сол жерде жеңілген Қанағатшаһ паруанашы

Қастектен төмен шегініп, Жиренайғыр бойына барып тоқтайды. Келесі күні таң алдында ол Тайшық, Сыздық, Ахмет сұлтандарды басшы етіп, қазақ қырғыз жасақтарын Алматыға жібереді. Оларға: «Мен ертең Қастекке қарай аттанам, сендер Алматыға шабуыл жасаңдар. Мені қашан да Қастек маңынан табасыңдар» деп бұйрық береді. Сұлтандар Ұзынағаштан өтіп Қарғалы деген жерге жеткенде лауазым иесі, датқа атағы бар, жолға ауыр қарт адамдарды: Батырбек, Байзақ, Момынбек, Қожабек, Сыпатай, Қырғыздардың манабы Жантайды сол жерде қалдырып, өздері Шадыман манап, Сұраншы батыр, Байсейіттермен бірге қырғыз пен қазақтың бес жүз таңдамалы жас жігіттерін бастап күні-түні жүріп отырып, Алматы бекінісінің маңына келіп жасырынып жатады. Келесі күні азанда шабуыл жасап, қала сыртында жүрген төрт орыс пен бір орыс шаруасының қызын ұстап алады. Сол күні түске таман Қарғалыда қалған датқаларға қайтып келіп, Қастекке барады. Барса, Қанағат паруанашы бұлар кеткен бойда-ақ кейін қайтқан, ал бұларды, орыс әскері соңдарына түспесін деп әдейі алдап жіберген екен. Оларды сұлтандар Қайыңды-Ырғайтыда қуып жетіп, қолға түскен орыстарын Қанағат паруанашыға тарту етіп береді. Тоқмаққа қайтқан соң Қанағат паруанашы бұзылған қамалды қайта тұрғызуға кіріссе, ал сұлтандар олармен қоштасып, Түркістандағы өздерінің туыстарына қайтады» [3, 20-21-бб.].

Орыс әскери шенеуніктері Ұзынағаш шайқасында Қанағатшақтың соғыс жоспарының өте дұрыс жасалғандығын айтып, жоғары бағалады. Қанағатшақтың жоспары бойынша, біріншіден, қару-жарақ көп жиналған, бірақ орыс әскерлері аз орналасқан Алматыны алу көзделді. «Алматыға шабуыл жасалса, – деп жазды І. Жансүгіров, – Қараталдан оңтүстікке қарайғы Ұлы жүз түгелімен Қоқанға қосылған болар еді. Сөйтіп, әр жердегі бөлек-бөлек орыс әскерін бет-бетімен қоянша соғып жеңетін еді. Онда Ертіске дейінгі Орта жүз түгелімен қозғалып, Іле тұс-тұсындағы орысты шауып жіберуге кәдік еді». Екіншіден, ойға-қырға от қою әдісі жүзеге асырылды. Жел айдаған өрт Саурық қорғанына жақындап келіп, басқа жаққа ауып кеткен. Даладағы өрт отрядқа қауіпсіз болғанымен, оқ-дәрі жәшіктеріне тигенде, сөз жоқ, орыс әскерлерін шығынға батыратын еді. Үшіншіден, алдын ала орыс әскерлерінің күшін бытыратып, адастыру мақсатымен «Қоқандықтардың бір бөлігі Ілеге кетті», «Сұраншы бастаған мыңға жуық қол Алматыға кетті» деген сияқты дақпырт сөздер таратып, дұшпан күшінің бөлініп жарылуын қамтамасыз еткен. Төртіншіден, артиллерияны орыс әскерлерінің күшін титықтатып барып қосу көзделген. Бірақ, Қанағатшақтың бұл соғыс жоспары іске аспай қалды. Ұзынағаш шайқасы Іле өлкесінде орыстардың біржола табан тіреуіне әкелді және Іленің оңтүстігінен орыстарды біржола ығыстырып шығармақ болған қоқандық күшке, түркі-мұсылмандардың біріккен күшіне қатты соққы берілді. Сөйтіп, Жетісу өлкесінде 1860 жылдан бастап орыс ықпалы біржола орнады [11, 40-41-бб.].

Жетісу қазақтарының қоқандықтарды жаппай қолдаудағы мәнісі олардың ішінде Сыздық сұлтан сияқты Кенесарының ұрпақтарының болуында жатса керек. Сонымен Жетісу өлкесінің Ресейдің құрамына кіруі патша өкіметінің басқыншылық саясатының күшеюіне жол ашып, Жетісу өлкесінде әскери бекіністердің көптеп салынуына, орыс казактарының лег-легімен қазақ жеріне ағылуына және қазақ жайылымдарының күштеп тартып алынуына және тағы басқа саяси жағдайларға алып келіп, Ұлы жүз қазақтарын Ресей империясының толық отарлық езгісіне түсірді.

Яғни, Ресей Жетісу жеріне таза отарлаушы күш ретінде қадам басып, келесі басқыншылық жорықтарға дайындық жүргізуге көше бастайды. Осы мақсатқа жету үшін патша өкіметі Жетісу өлкесін әскери орынға айналдырып, Верныйды қазақ даласындағы ең ірі бекініс етіп жасайды. Онда сол замандағы ең озық соғыс техникаларымен жасақталған мықты гарнизон орналасты. Бұл гарнизонның міндетіне өлкедегі орыс билігін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген уақытта Қазақстанның оңтүстігіне қарай тереңдеп кіруіне және Орталық Азияға басқыншылық жорықтарын жасау кірді. Дегенмен, олардың Түркістан өлкесіне қарай басқан қадамдары көптеген тосқауылдарға кездесуіне мәжбүрледі. Өйткені оларды азаттық үшін жандарын өлімге тігуге дайын тұрған Сыздық сұлтан бастаған қазақтардың ерен ерліктері күтіп тұрған еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құсайынұлы Қ. Қазақ шаруашылығы отаршылдық дәуірінде. – Алматы: Дәнекер, 2001. – 120 б.
- 2 Павлов Н. История Туркестана. – Ташкент: Типография при канцелярии Туркестанского Генерал-губернатора, 1910. – 238 с.
- 3 Кенесарыұлы А Кенесары және Сыздық сұлтандар / Қазақша аудармасы: Ф. Ахмедов. – Алматы: Жалын, 1992. – 48 б.
- 4 ҚРОММ. 374-к., 1-т., 1922-іс.
- 5 Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қоры. 1175–ші папка М.Ж. Көпеевтің қолжазбалары.
- 6 Кенесарин А. Кенесары и Садык / предисловие Е.Т. Смирнова. – Ташкент: Типо-литография С.И. Лихтина, 1889. – 133 с.
- 7 ҚРОММ. 4-к., 1-т., 16-іс.
- 8 РФОРОММ. 6-к., 10-т., 7268-іс.
- 9 ҚРОММ. 383-к., 1-т., 28-іс.
- 10 ӨРОММ. 715-к., 1-т., 20-іс.
- 11 Махаева А. Ұзынағаш шайқасы // Қазақ тарихы. – 2004. – № 6. – 36-42-бб.

Ж.Орамах

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ЖАСҚҰСТАҒЫ ТЕКЕТИРЕС ПЕН ТАСТӨБЕДЕГІ ҰРЫС

Аңдатпа. Мақалада 1836-1838 жылдардағы Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі қарсаңындағы Бөкей Ордасындағы әлеуметтік-экономикалық ахуал және оның шиеленісу себептері, қозғаушы күші, Исатай батырдың қарсылығы тек Жәңгір ханға ғана емес, оны қолдаған жандайшаптарына да бағытталғаны айтылады.

Көтерілісшілердің алғашқы қадамы хан ордасы Жасқұсты қоршаумен басталады да, бірақ күші жетіп тұрса да Орданы шаппаудың себептері көрсетіліген.

Мұрағаттық және тарихи деректер негізінде көтерілісшілер Жасқұсты тастап, Бекетай құмындағы Тастөбеге жеткенде Гекенің жазалаушы отрядымен кездесіп, жеңіліс тапқаны баяндалған. Бұл жеңілістен кейін Исатайдың күші азайып, енді Кіші жүз жағына өтуге бет алғандығы көрсетілген.

Түйін сөздер. ахуал, Қайыпқали, шекара, губернатор, комиссия, әділдік, Жасқұс, Бекетай, Тастөбе, би, мәмлелер, кепілдік.

Ж.Орамах

Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова

ПРОТИВОСТОЯНИЕ ПОД ЖАСКУСОМ И СХВАТКА В ТАСТОБЕ

Аннотация. В статье говорится о начале крестьянского восстания 1836-1838 годов под руководством Исатая и Махамбета в Букеевской Орде. Движущие силы - рядовые крестьяне, которые были не довольны проводимой социально-экономической политикой хана Жангира. Восстание было направлено также против султанов и биев, которые поддерживали хана.

Первые шаги восставших начались с осады ханской Орды-Жаскус. Достаточно убедительно показаны причины отказа и отступления Исатая от

разрушений Орды. Далее рассказывается, на основе архивных и исторических источников, как восставшие встретились в Тастобе с неравными силами карательного отряда, под командованием Геке, что привело к поражению и ослаблению силы восставших. После этого Исатай решил перейти на сторону Младшего Жуза, с целью пополнить ряды своих сторонников и материально укрепиться.

Ключевые слова. положение, Кайыпқали, граница, губернатор, комиссия, справедливость, Жаскус, Бекетай, Тастобе, би, посредник, поручительство.

Zh. Oramah

Aktobe Regional State University named after K. Zhubanov

CONFRONTATION AT ZHASKUS AND TASTOBA'S BATTLE

Summary. The article refers to the beginning of the peasant uprising in 1836-1838 under Isatay and Makhambet leadership in Bukeyev Horde. The driving forces are ordinary peasants who were not happy with Zhangir Khan's social and economic politics. The rebellion was also directed against the sultans and biys, who supported the khan. The first steps of the rebellion began with the siege of Khan's Horde-Zhaskus. The reasons had sufficiently shown for Isatay's refusal and derogation from Horde's destruction. Based on archival and historical sources had gone on the rebellion met in Tastoba with unequal forces of punitive detachment led by Geke, which has resulted to defeat and weakened to the rebel. After this, Isatay decided to move Younger Zhouz side, in order to add the ranks on their supporters and be strengthened materially.

Key words. position, Kaiypkali, border, governor, commission, justice, Zhaskus, Beketay, Tastobe, bi, facilitator, surety.

Kіріспе

Ресей императоры Павел I-нің 1801 жылы 11-наурыздағы Жарлығымен, бұрын қалмақтар мекендеген Еділ мен Жайық арасындағы жерге сұлтан Бөкейдің емін-еркін көшіп-қонуына рұқсат беріп құрылған хандықты хандықты «Ішкі Қазақ Ордасы» деп атады. Кейін хандық ел аузында және патша үкіметінің ресми

құжаттарында «Бөкей Ордасы» деп аталып кеткен. Орданың қонысы, шаруашылығы бір арнаға түсіп онала бастаған мен билік тарапынан қазақ шаруаларына әлеуметтік-экономикалық қысым күшейе түсті, ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық қатынастар мен шаруашылық үрдістер патша өкіметінің ел билеу әдісіне ыңғайластырып жүргізілді. Жәңгір ханның өзіндік салт-дәстүрі бар жартылай көшпелі мал шаруашылығын ірі және орташа жергілікті шонжарлар бөлігіне сүйене отырып жүргізу, хандық пен отаршылдық езгінің күшеюіне, қауымдық жерлерді шонжарлардың жаппай тартып алуына, шаруалардың экономикалық әлеуетінің құлдырап, жоқшылыққа ұшырауын туғызды. Бұл өз кезегінде Ордада әртүрлі әлеуметтік қайшылықтар мен қоғамдық қақтығыстарға алып келді.

Біздің пікірімізше, көтеріліс алдындағы әлеуметтік-саяси ахуал төмендегі жәйіттерден туған деп айтуға болады. Біріншіден, әкімшілік жағынан Бөкей Ордасы Орынбор Шекара комиссиясы мен Орынбор генерал-губернаторлығына бағынды. Патша өкіметі өзінің отаршылдық саясатын Жәңгір хан арқылы жүргізді, өйткені оны хандық лауазымға сол өкімет бекітсе, кейін оған әскери генерал-майор атағын берген. Бұл жерде Жәңгірді патша өкіметінің Ордада орыстандыру саясатын жүргізді деп айыптаудан гөрі орыстың отарлық саясатына қолдау көрсетті десек дұрысырақ болар. Орыстың шен-шекпенін кигеннен кейін оның басқа амалы жоқ болатын. Екіншіден, Астраханда европалық білім алып, Ордада қазақтардың патриархалдық – рулық басқару жүйесін түбірінен өзгертпей әкімшілік басқаруды қайта құру мүмкін болмайтындығын Жәңгір хан түсінді. Осыған байланысты тархан атағын беру арқылы жақтастарының санын көбейтті, өзінің әлеуметтік тірегін нығайтты. Хан билерді сайлаудың орнына оларды өзі тағайындады, кейбір аға сұлтандарды биліктен тайдырды. Олардың орнына ханды әр уақытта жақтайтын туыстары мен жақындарын тартты. Рулық старшындардың беделі төмендеді. Үшіншіден, Жәңгір хан жергілікті әкімшіліктегі қызмет атқаратын ірі және орташа шонжарларға біржақты сүйене отырып, отаршылдық және хандық езгінің күшеюіне, ауылдық-қауымдық жерлерді шонжарлардың жаппай тартып алуына әкеп соқты. Бұл жағдай шаруашылық өмірдің мықтап бұзылуын, қазақ ауылдарының экономикалық әлеуетінің құлдырауы, жоқшылыққа ұшырап, кедей қожалықтардың көбеюін, хан билігінің беделі мен ықпалының төмендеуін туғызды. Осының нәтижесінде Ордада жер мен лауазымдарды бөлісуде кейбір аға сұлтандарды айналып өтті.

Осындай сұлтандардың қатарына кезінде Сырым өлтірген Есім ханның ұлы Қайыпқали сұлтан жатты. Ордадағы шаруалардың алғашқы ірі бас көтеруі оның есімімен байланысты. Бөкей Ордасында 1826-1827 жылдардағы қыс ерекше ауыр болды. Боран мен аяздың қаталдығынан көптеген мал шығыны болды. Оның үстіне Саратов губерниясының помещиктері территориясына жем іздеп өтіп кеткен қазақ шаруаларының бірнеше мың мал басын кейін қайтармай қойды. Осындай экономикалық жұтауға ұшыраған еңбекші бұқараның әрине наразылығы күшейе түсті. Қайыпқали осы наразылықтарды пайдаланып, қазақтардың Жайықтың бұхар жағына кейін көшіруге үгіттеді және іске асырды.

Сұлтанның айналысындағылардың мәліметтеріне қарағанда, Жәңгір хан қазақтарды қазақ әскерлеріне қызмет етіп, қалмақтар мен басқұрттарға қарсы соғысқа пайдаланады деген сыбыс тартты. Сондай-ақ Бөкей Ордасында жиырма жыл тұрған қазақтар Еділдің оң жағалауына көшіріліп крепостниктік жағдайда болады депте лақап таратты. Бұлардың басым көпшілігі Қайыпқалидың төңірегіндегілердің арандатуы еді. Қайыпқалидың негізгі мақсаты Орда қазақтарын Жәңгір ханнан бөліп, оларды Жайықтың оң жағындағы далалыққа көшіріп, Хиуа хандығына сүйеніп, өзін Кіші Орданың ханы етіп жариялау болатын. Бұл мақсатқа жету үшін ол Бөкей Ордасындағы қазақ еңбекшілерінің феодалдық-отарлық қанауға қарсы наразылығына сүйенгісі келді.

1827 жылдың наурыз айында басталған қазақтардың Жайықтың бергі бетіне жаппай өту қозғалысы сәуір айына дейін жалғасты. Патша әкімшілігінің қолданған шаралары негізінде көшу тоқтатылды. Бірақ, аз уақыттың ішінде 1800 үй көшіп үлгерген [1,254-б.] Оның басты себебі Нижнеурал желісі бекінісінің комендаты мен жеке бөлімдердің бастықтарының қазақтардан кең көлемде пара алып, жақсы бекітілген шекаралық желіден өткізіп жіберуі себеп болды.

Қазақтардың Жайықтың бұқар бетіне жаппай өтіп кетуі патша әкімшілігі күтпеген жағдай еді. Қазақтарды қорқыту-үркіту үшін ұйымдастырушылар мен өтуге қатысқан 195 адам тұтқындалып, істері Шекара комиссиясының сотына жіберілді және қазақтардың өту себептері тексерілді. Бұл мәселе бойынша, тіпті Жәңгір ханнан да жауап алғынған. Тергеуді Шекара комиссиясының төрағасы Генс жүргізді. Бастапқыда Орда қазақтарының ашу наразылықтарын тек ханға қас «жаманқылықты» адамдардың үгіт-насихатынан деген теріс қорытынды жасағанмен, кейін Генстің әскери-губернатор Эссенге жазған мәлімдемесінде көрсеткендей, басты себептердің бірі – Жәңгір басқару істерінен аға сұлтандар мен старшындарды биліктен алыстатып, жанына жас сұлтандарды жинады деп көрсетті. Патша шенеуніктерінің пікірі бойынша аға сұлтандар мен старшындарды Ордадағы басқару істеріне тартумен, қазақтарды туыстық байланыстарды есепке алмай бөлшектеу және Ішкі Орда мен Кіші Орданың арасындағы байланысты жою арқылы толқуларды болдырмауға болады деген тұжырымға келді. Жәңгірге молдалар мен ахундарды тек

діни мәселелер жөнінде кеңес беруді ұсынды. Эссен ханның кейбір жағдайда билігін асыра пайдаланғандығы қазақтардың ызасын тудырып отырғандығын ашық айтты. Осыған жауап ретінде хандықта кейбір жас сұлтандарды жұмыстан босатып, құрметті старшындарды енгізген хан Кеңесі құрылды. Бірақ «Хан кеңесінің құрылуы» Ордада басқару жүйесін өзгерте алмады. Кеңеске сайланған старшындар өздерінің рутайпаларынан бөлініп Хан ордасында тұруға тиіс болды және олар кейін тек өз қауымынан салық жинайтындарға айналды. Старшындардың басым көпшілігі бұны қолдамады.

Жерге шек қоюда жеңілдетілмеді. Дегенмен, Ішкі Ордада 1827 жылы тексеру жүргізген сенатор Энгель өзінің есебінде, қазақтардың Каспий теңізінің жағалауы мен Өзен аралығындағы көшіп қонатын жерді кеңейту қажеттігін атап көрсеткен болатын. Бірақ, бұл мәселе помещиктердің жерге жекеменшіктік құқығына келіп тірелді.

Қазақтардың жер мәселесін жеңілдете алмағанымен, Энгелдің тексерісі жергілікті әкімшілікке «жағымсыз» адамдарды білуге көмектесті. Олардың ішінде Қайыпқали сұлтан болды. Генстің ұсынысы бойынша сұлтан ретінде ханның айтқанына құлақ аспау, сенатор Энгелдің шақырғанына келмеу, сондай-ақ қазақтарды Жайықтың далалық бетіне өтуге үгіт жүргізген күдікті адам деп тұтқындап, ісі Шекара комиссиясының сотына берілді. Алайда, Шекара комиссиясы оны тек қана «күдікті» деп танып, Жәңгірдің өтініші бойынша өзіне кепілдікке, Ішкі Ордаға қайтарып берді.

Дегенмен, Ордада халық қозғалысының жаңа кезеңі жақындап қалған еді. Өйткені қазақтардың 1827 жылғы қозғалысын тудырған бірде-бір себеп жойылған жоқ, оған қоса жағдай бұрынғыдан да бетер шиеленісе түсті. Оған себеп болған Генстің 1828 жылғы қарашада генерал Эссенге жеткізген хабарында: Каспий теңізінің жағалауындағы граф Безбородканың меншігіндегі жерге белгісіз екі адам сатып алдық деп, қыстауға рұқсат сұраған қазақтардан әрбір жылқыға – 50 тыйын, қойға - 25 және әрбір киіз үйге 25 рубльден төлем талап еткен [1,256-б.]. Генс помещиктерге қазақтар жалға алған жерлерге алымды төмендетуге кеңес беріп, оларға Өзен және Қамыс-Самар өзендерінде мал жайып қоныстануды бақылауға алып, 1827-1828 жылдары қыста орыс жерлерінде шөп шапқандары үшін қандай да болса талап етуді тоқтату керек деді. Мұның бірі де іске асқан жоқ.

1829 жылы ақпан айында Орданың көптеген ауылдары тағы да Жайықтан өту үшін жаңа қозғалыс бастады, оның басында қайтадан Қайыпқали сұлтан тұрды. Қазақтардың қозғалысына тиым салу үшін Ордаға қарулы отряд жіберілді. Жәңгірдің Орынборға хабарлауына қарағанда Қайыпқали қазақтарды ханнан бөлініп шығуға, бұған қарсы болғандарға күш көрсетіп, мал-мүлкін талан-таражға салуға шақырды. Бұл жерде хан Қайыпқалидың рөлін асыра көрсеткенге ұқсайды. Қазақтардың жаңа қозғалысының себебі хан тарапынан оларға төзуге болмайтын алым-салықтар мен қысымшылық еді. Тіпті, ауыр алым-салықтар салық төлеушілердің жағдайына қарамай жылына бірнеше рет алынып отырды. Қазақтар хан төңірегіне жиналған сұлтандар мен старшындардың еріксіз үйлерін салуға тартылды. Кейбір старшындар көшіп-қону кезінде қысымшылыққа ұшырайтындарын айтып, тіпті хан айналасындағылардың олардың әйелдері мен қыздарын тартып алып қорлайтын жағдайлардың да болғанын хабардар еткен. Сондай-ақ орыс помещиктері мен орал әскерлерінің қазақтардың жерін тартып алуы ел тыныштығына үлкен нұқсан келтірді. Әрине мұндай жағдайда халық қозғалысы Қайыпқалидың мәжбүрлеуінсіз-ақ болатыны өзінен-өзі ақиқат еді.

Көтерілістің кең және жаулық сипат алғаны соншалықты, Жәңгір Ордан қашып, Қамышин қаласына тығылуы мәжбүр болды. Бірақ, көтерілісті басынан бастап Қайыпқали сұлтанның өзі әлсіретті. Бородин отрядымен кездескенде атаманмен келіссөз жүргізгеннен кейін ол оралдықтарға кетіп, сонда тұтқындалды. Оның бұлай істеуіне не себеп болғаны осы кезге дейін белгісіз және ол туралы мұрағаттық қорларда да ешқандай құжат кездеспейді. Сірә, Бородин сұлтанға әлдеқандай уәде беріп, орыс әкімшілігі рақымшылдық жасайды деп сендірген болар. Ақыры қамауға алынып, түрмеге қамалады.

Бөкей Ордасындағы Қайыпқали сұлтан басқарған 1829 жылғы қозғалыс 1827 жылдағыдай екі қозғалыс осылай нәтижесіз аяқталды. 1830 жылы 10 наурызда Қайыпқали сәтін тауып Орынбор түрмесінен қашып шығып, Кіші жүздің Батыс бөлігінде біраз бой тасалап, Хиуаға қарай ауысып, Кіші жүздің біраз руларынан қол жинайды. 1831 жылдың соңына қарай қалың адай қол астына кіргеннен кейін үлкен күшке айналды. Бұл енді Хиуа үшін күшті одаққа айналды. Хиуа сұлтанға одақ болсада қазақ үшін емес, өзінің қазақ еліне ықпалы үшін қолдады [2.323-324-бб.] - дейді зерттеуші Тілекқабұл Боранғалиұлы. Хиуа билеушілері Қайыпқалиды адай мен шектіге хан етіп, сол арқылы ықпалды екі руды өз жағына шығарғысы келді.

Ішкі Ордада феодалдық үрдістердің тездетілуімен таптық қайшылықтардың, сондай-ақ отарлық саясаттың тереңдеуіне байланысты жер қатынастары шешілген жоқ. Өйткені Жәңгір мен оның айналасындағылардың әлі жеткендерден зорлықпен жерлерін тартып алуы азайған жоқ, оның үстіне қазақтардан зекет жинау оларды кедейлендіре түсті. Сондықтанда Ордада бұқара халықтың қозғалысы тек отаршылдыққа емес антифеодалдық сипат алды. Бұдан әрі қозғалыстың өрлеуі беріш руының старшыны Исатай Тайманов пен дауылпаз ақын, азаттық күрестің жалынды жыршысы, көтеріліске белсене қатысушы

Махамбет Өтемісовтың есімдерімен байланысты. Екеуіде өжет, тұла бойларында жойқын күш, әділдік, адалдық сияқты мінез-құлық жетіп артылды. Жәңгір екеуінде сыйлады, екеуіне де сенді. Соның дәлелі, 1812 жылдың басында 21 жасар Исатай Жайық Беріш руының старшындығына Бөкейдің әмірімен сайланып, 1813 жылдың қыркүйегінде Орынбор Шекара комиссиясы Орынбор әскери-губернаторына Исатай Таймановты старшындыққа бекітуді сұрап хат жазған. Губернатор Г.С.Волконский 1814 жылдың 12 қарашында Исатайды Жайық Беріш руының старшыны етіп бекітеді. Оның иелігіне «Кокарьев пен Кульпин кордондарының арасындағы жазықтық пен жайлауды және теңіз жағалауындағы Аралшық, Куйген, Түйеарал сияқты бес аралды да жайлауға құзырлы болған [3,247 п.].

Бөкей хан еншілеген осы иеліктерде Исатай әл-ауқатты өмір сүріп, ханның сенімді адамдарының бірі болды. Бөкей қайтыс болғаннан кейінде, шамамен 1820-1821 жылдарға дейін Исатай өмірі тыныштықта болған сияқты, ал 1822 жылдан бастап Шығай хандық билік жүргізген жылдардың соңына таман мал ұрлады, елді шапты, адам өлтірдің деген әртүрлі жалалар жабылып түрмеге қамалған. Бірақ олардың біреуі де заңдық тұрғыдан дәлелденген жоқ, оның басына түскен жала, немесе Шығай сұлтанмен болған араздық осылай нәтижесіз аяқталып, Жәңгір таққа отырысымен Исатайдың басына түскен іс жөнделе бастады. Жәңгір оны бала кезінен жақсы білген, оны ел ағасы, батыр деп құрметтеп сыйлаған. Ханның сұрауымен Шекара комиссиясының төрағасы істі Оралдан Орынборға алғызды да, тергеу кезіндегі айғақтардың куәлік жауаптарындағы қайшылықтарды дәлел етіп, істі Жәңгірдің өзі тексеріп, әділ шешімін табуға жібереді. Ал Жәңгір істі әрі қарай тексерген де, қозғаған да жоқ. Исатайды бостандыққа шығарады. Осы жерде Исатайдың ақталуына Жәңгірдің досы, хандықтың ішіндегі істерді оңды шешуде, үнемі оған қамқоршы болған шекара комиссиясының төрағасы полковник Генстің септігі тигені сөзсіз. Өйткені бұл істі шешу ханның құзырына жатпайтын-ды. Жәңгір таққа отырған соң, Исатайдың жағдайы жақсарды. 1826 жылы Жәңгір Исатайдың қоныстарын бекемдеп, заңдастырып құжат берді. Тіпті, ханның үлкен саяси мәні бар тапсырмасын-Петербургқа баратын Бұхар елшілері Ішкі Орданың үстімен өтетіндіктен Исатайға оларды Сарайшықта қарсы алып, көлденең оқиғаларға соқтырмай, Астраханға жеткізіп салу жүктелген болатын. Исатай бұл тапсырманы мүлтіксіз орындады.

1824-1827 жылдар аралығында Исатай туралы мұрағаттық деректерде даулы істерге қатысты деректер кездеспегенмен, ол Орда саяси-элеуметтік өмірінің қалың ортасында болған.

1834 жылы Жәңгірдің таққа отырғанына он жыл толуына орай, Шекара комиссиясы алда Николай I патшаның таққа отыруының он жылдық мерекесі тұрғандықтан дабырлатып Ордада той өткізуді қолдамаған. Осыған қарамастан орданың ішінде, Торғын өзенінің бойында тоғыз ағаш үйден салынған саяжайда 1834 жылдың маусымында той өткен. Осы тойдан есте қалған екі оқиға туралы Ә.Сарай «Исатай-Махамбет тарихы» атты зерттеуінде кеңінен жазған. Оның бірі палуандардың күресі. Қоңыраулы Торым палуан (жанкүйерлер хан жағы) мен Беріштен шыққан Тәни палуан. Екеуі бірін-бірі ала алмай итжығыс болғанда, Торымға қарағанда әрі жас, әрі шапшаң қимылдайтын Тәни Жәңгірдің Қоңыраулы палуанның басынан аттап кеткен. Қоңыраулы аяғындағы тақалы кебісін шешіп алып, Тәниді бір ұрып шалқасынан түсірген. Жеңіс Торым палуанға беріледі. Мұның соңы дауға айналып, кейін Беріштер ханға қарсы атқа қонды дейді екен қариялар.

Екінші әңгіме 70 шақырымға белгіленген, 70 жүйрік қосылған ат бәйгесі туралы. Бәйгені өткізуге арнайы комиссия сайланды. Осы жарыста бірінші болып Тәжі кедейдің қарақасқасы келсе де, екінші болып келген Жәңгірдің Шыбыққарасына бірінші жүлдені берген. Осыған өкпелеген Тәжі бәйгемді алып бер деп Исатайға жалынады. Осы тойға алғаш рет мініп барған Ақтабанды ойқастатып, атын жетектеп кетіп бара жатқан Жәңгірге Исатай: «Уа, хан ием, өз тойыңда бәйгені өзін алғаның қалай? Мына пақырдың алақанын жайдырмай, бәйгесін бер» дейді. Сонда Жәңгір: «Батырмай-ай, орынды жерге де, орынсыз жерге де киліге бересің-ау. Анау қабықтың арасында 200 нартайлақ жайлып жүр, қолыңнан қақпаймын, дұрыс деп білсең шағым иесіне бәйгесін алып бер» деп жүре беріпті [4,71-73-бб.]. Бұл жерде Исатай әділдікті бетке ұстаса, Жәңгірдің байлық емес атаққа құмарлығын көруге болады.

Тойдан соң би сайлау, старшын тағайындау съезіне көшті. Оның алдында Николай I патшаның таққа отыруының онжылдығына Петербургке баратын депутация құрамы талқыланып, дау-дамайсыз тез шешілді.

Шатақтың көкесі би сайлауында басталды. Оған себеп болған мынадай жәйт еді. 1828 жылы Ұялы съезінде Шомбалмен бірге түскен Балқыны хан кеңесіне өткізіп алған болатын. Бұл жолы қайткенде де оны орнынан кетіруге Исатай дайындалып келіп, Балқының әділеттіктен айырылып, параның астында қалғандығын бетіне басты. Жаңадан билеуші лауазымына қолдары жетіп жатқан Қарауыл қожа мен балқылардың тек бұқара халыққа емес, өздеріне қарсы шыққандарға әртүрлі әрекеттер жасап, реті келсе абақтыға тығып тастайтындарын Исатай айтпай-ақ білді.

Жай уақытта асықпай сөйлейтін Исатай ханның сөйлетпей сөзін үзе бергеннен кейін тек Балқымен шектелмей Жәңгірдің де, Қарауыл қожаның да аттарын атап, жер бөлістегі олардың қиянаттарын беттеріне басты. Жәңгір Исатай менің ел алдында арымды төкті, жазықсыз сөкті деп билер кеңесіне жүгінді. Билер

кеңесі ұзаққа созылса да батырға 60 атан айып салды. Істі насырға шаптырмай ағайындары 60 атан айдап алып келіп, Исатайды босатып алды.

Осы бір даудың төңірегінде халық арасында төмендегідей өлең қалған екен. Оны біздің пікірімізше Махамбет шығарған болуы ғажап емес.

Оның мәтіні төмендегідей:

Он екі би мен шұнақ хан,

Күндегенің мен екен.

Шабатының ел екен.

Қаныңды судай төгермін,

Қабырғанды қойдай сөгермін.

Қалың елге кірермін,

Хан ұлына қас болу,

Қара ұлына дос болу,

Мендей ерге жол екен,-

деп [3.76-77-бб.], Исатай төңірегіндегілерді ертіп, съезден кетіп қалады. Балқы екінші рет хан кеңесіне тағы да сайланады.

Би сайлауында Жәңгірге қарсы шыққан батырға хан тек 60 атан айып тарттырып қоймай, ата қонысынан да айырды. Бұл дегеніңіз хан мен батырдың арасына жік түсті, қара мысық өтті деген сөз.

Теңіз жағалауындағы Исатайдың қоныстарына көптен бері көз салып жүрген Жәңгірдің қайын атасы Қарауыл қожа жоғарыдағы жағдайды пайдаланып пайда тапқысы келді. Исатай қоныстары Безбородко, Юсупов, Багратион сияқты помещиктердің патша үкіметі ХҮІІІ ғасырдың орта кезінде сыйға тартқан жерлер болатын. Безбородканың жерінің көлемі 2 млн. десятина болса, Юсуповтың екі саяжайы болды: бірінің көлемі 115000 десятина. Қарауыл қожа осы жерлерді жалға алып мол пайда табуды ойлады.

Бұл жерлерді алғашқы кезде қазақтар емін-еркін жайлап жүрген. Кейін жоғарыдағы аты аталған алпауыттар жалға берудің тиімді екенін түсініп, жайылымды, шабындықтарды жалға бере бастады. 1820 жылы теңіз жағалауына қыстағаны үшін А.Сапожников деген көпес қазақтардан көп мал алса, 1834 жылы князь Юсупов шабындықтан шөп шапқаны үшін 1157 сом ақша өндіріп алған. 1834 жылы Қарауыл қожа Юсупов, Безбородкамен жерді жалға алуға келісім шартқа отырып, олардың әрқайсысына жылына 1000 сом беруге келіседі. Ол теңіз жағалауын қыстайтын шаруалардан алдымен 7 мың сом ақша алып, оның үстіне 100 мың бау қамыс шаптырды. Помещиктерге беретін ақшасын толық төлеп, жылына тек Юсуповтың жерінен 10 мың сом таза пайда тапты және тағы да жалға төлейміз деп 2 мың бас тоқты жинап алды. Ал Безбородко жерін жалдаушылардан ақшалай алғанынан басқа 2 мың бас ірі қой жиып алды. [3,79-80-бб.].

Қарауыл қожаның басқа да заңсыздықтарын айтып, Исатай бастаған сегіз старшын ханға хат жазып, 1835 жылы сұлтан Шөке Нұралыханұлын Қарауыл қожаны орнынан түсіруге көмектес деп ара ағайындық сұрап, шағымшылардан 264 түйе, 127 жылқы, 19222 сом ақша жинап береді. Сұлтан Зұлқарнайды ортаға салып көреді, бірақ ештеңе өнбейді. Ал, Қарауыл қожа айылын да жимады. Исатай болса барынша шыдамдылық танытып, дауды мүмкіндігінше далалық ережеге сай, бейбіт жолмен шешуге ниеттенген сияқты. Әлдеқалай болар еді, егер араға өжет, адуын, мәмілеге келмейтін, алған бетінен қайтпайтын, ханмен араздасқан Махамбет келіп ушықтырмағанда.

Махамбет Өтемістің он ұлының Тоқтамыс, Бекмағанбеттен кейінгі үшінші бала. Заман ағымына және әке берген тәрбие мен оқу-тоқудың әсері болуы керек балаларының бәрі зерек, көзі ашық, оңды-солды бағамдайтын болған. Өтеміс ұлдарының арасында ерекше сауатты болған, орысша сөйлеп те, жаза да білген Махамбет. Білімді ауыл мектебінен алған. Махамбет қазақша терең сауатты болған. Оған оның бойындағы ақындық қасиеттің ерте оянғандығы дәлел. Ол алғашқы «Түйеші шалға жауабы» деген өлеңін 10 жасында шығарса, ақындық қабілеті осы кездерден басталғаны даусыз. Махамбет ауыл мектебінде оқыса да терең білімді, өзінің білсем деген құштарлығымен алған. Ал ақындық қабілет, дарындық қанымен туа біткен, Тәңір құдыреті сыйлаған қасиет екеніне ешбір күмән жоқ деп жорамалдаймыз.

Махамбет ақындығымен қатар домбырашы да болған. Шамамен 12-13 жасында күй тартуға әбден машықтанған. Ол кезде домбыра үйрететін әдейі мектеп болмаған. Ал Махамбеттің домбыраға құштарлығы Нарын топырағынан қонған сияқты. Ішкі Ордада күй атасы Беріш Ұзақ Мырзабекұлы деген ғұлама күйші болғанын екінің бірі біле бермейді. Ол Құрманғазының және басқа да күйшілердің ұстазы болған деген ел аузындағы әңгімелер жетерлік.

Міне, Махамбет осындай ақындық-музыкалық ортада тәрбиеленіп, балалық шақтан өтіп ержетіп, есейіп келе жатты.

Махамбеттің ханға оппозиция құрып көтеріліске шығуына Орынбордан

қайтып келген кезде, оның Исатайдың Жәңгір ханмен ұрыс-керісіне куә болып, енді батырдың жағында болуға шешім қабылдаса, ертеректе, нақтырақ

айтсақ, 1816 жылы әкесі Өтемістің мал-мүлкім, дүние-жиыазым таланды деп әуелі Шығай сұлтанға, одан ештеңе өнбегесін Астрахан губернаторына, кейін шекара комиссиясы мен Орынбор генерал-губернаторына арызы, сондай-ақ «бүлікшіл сұлтан» Қайыпқали Есімұлы мен батыр Шыман (Шынғали) Орманұлының ықпалында болуыда әсер еткен сияқты.

Махамбеттің бойындағы ерекше бір туа біткен қасиет - жауым деген адамнан кегімді алам деп ашық айтты. Ол Жәңгір ханды жауым деп ойламаған, өйткені ол хан ордасында қызмет етті, старшын болып сайланды.

Исатай мен Махамбеттің Жәңгірге ара-қатынасы суый бастап, хан сарайынан алыстай бастайды, бірақ ханның әділдігінен күдер үзбеді. 1836 жылдың маусымында онымен татуласу үшін, әрі Қарауыл қожа мен Балқының халыққа жасаған зорлық-зомбылықтарын жеткізуге ханның жайлауына құрамында 17 адам бар топ Қандыағашқа бет алғанда, оларға тағы да ханға арыздары бар 100-ге тарта адам қосылды. Мұны естіген Жәңгір бұл күш көрсету деп бағалап, обалдары өздеріне [5,19-п.] деп, Шекара комиссиясына жедел хат жолдап көмек сұрайды. Осы оқиғаларды зерттеп, ақ қарасын әділ шешеміз дегеннің өзінде арада жарты жылдай өте шықты, өзгерген ештеңе болмады. Осыдан кейін Исатайға жаңа ой туып, ханның әділетсіз бұйрықтары мен шешімдерінен бас тарту үшін орыс өкіметінің сеніміне кіргісі келіп, ел ішіндегі жүрген қашқындарды ұстауға Махамбет бастаған серіктермен жолға шығады. Қашқындарды ұстамақ ниетпен жүздік Дәнеков бастаған Орал казактарынан құралған 25 адамдық командамен қосылып, өш алмақ болып Қарауыл қожаның қол астындағы ауылдарға барып, осында паналап жүрген күдікті татарды ұстайды. Ол Балқы бидің рұқсатымен тұрып жатқанын мойындайды.

Осында тағы да билетсіз жүрген бір кісіні тұтқынға алады. Осы бойда түрлі қақтығыстар орын алады. Отрядқа союға қой бермеген бақташылар Күшік Жапаров пен Тайбек Жадияров соққыдан таяқ жеп, Күшік Жапаров қайтыс болды деп Исатай мен Махамбетке жала жабады. Бірақ, олар соққыдан емес, найзағай түсіп өлген деп мойындамайды [5,13-п.], ханның шақырғанына бармады.

Осындай жағдайда Исатай бастаған, Махамбет қостаған, 1836-1838 жылдардағы халық-азаттық көтеріліс бұрқ етті. Көтерілістің негізгі әлеуметтік базасы, қозғаушы күші еңбекші көшпелі шаруалар болды. Исатай мен Махамбеттің ер жеткен балалары көтеріліске түгелдей қатысты. Көтеріліс үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең 1833-1836 жылдарды қамтып, қарулы көтеріліске дайындық кезеңі ретінде сипатталады. Екінші кезең көтерілісшілердің 1837 жылдың басында ханға қарсы ашық аттануымен басталып, 1837 жылығы қарашаның орта шенінде көтерілістің жеңіліске ұшырауымен аяқталады. Үшінші кезең көтерілісшілердің 1837 жылдың желтоқсанның орта шенінен, жаңа күштер жинап шайқастар ұйымдастырудан бастап, 1838 жылдың шілде айының ортасында, Ақбұлақ өзенінің бойында жеңіліске ұшырап, Исатайдың қаза болуымен аяқталады [6,337-338-бб.].

1836 жылдың аяғында көтерілісшілер қыс түссе ашықтан-ашық өш алуды бастап кетті. 1837 жылдың 17 ақпанында олар Қарауыл қожаның ауылына шабуылды бастап, өздеріне ермеген Беріш руының старшыны Төлегеннің 160 жылқысын тартып алды. Қожа ауылының 50 адамын байлап-матап, төрт адамын өлтіріп, бірнеше адамды жаралап, тұрылығын турап, керегесін қақыратып, шаңырағын ортаға түсіріп, көз жауын алатын қымбат сандығы ішіндегі дүниесі мен өзінікі бар, қазынанікі бар – 3 мың рубль байлығын бірге алып, 441 жылқысы мен 41 түйесін айдап кетеді. Талайға тізесі батқан Қарауыл қожа әп-сәтте жұрт аяр сорлыға айналады. Әрине, мұның барлығы адал еңбегімен тапқан байлық емес, қара халықтың маңдай терімен тапқан еңбектерінің жемісі болатын.

1837 жылдың 26 мамырында көтерілісшілер Теректі мекеніндегі Балқы бидің қала үлгісімен салынған қарағай үйіне басып кіріп, бар дүние-мүлікін 20 түйеге артып, 50 сәйгүлігін алып, 270 адам үш күн ойрандады. Бұл аз дегендей 1837 жылдың 16 қыркүйегінде батырлар 200 адамдық жасақпен Қарауыл қожаның ауылын екінші рет шапты. Қожа мал-мүлкін ұмытып, айнала тосқауыл жасап, он екі қарулы жігітімен әйтеуір отбасын қорғап қалады. Қатын - баласы, оның ішінде үш жасар ұлы-қазақтың болашақ этнограф - ғалымы Салық Бабажановта аман қалды [2,341-343-бб.].

Көтерілісшілер бұдан әрі талай сұлтандардың, хан айналасындағы жандайшаптардың отауларының шаңырағын ортасына түсіріп, мал-мүлкін талап, отбастарын шұбыртқан кек алу жорықтары жалғаса береді. Исатайға да, Махамбетке де кеше ғана дәм-тұзы жарасқан ханмен араздасу оңайға түскен жоқ, сондықтанда ханмен кездесудің, түсінісудің амалын іздеді. Ондай сәт туғандай болды.

1837 жылдың 31 мамыры күні Жәңгір хан Ордадағы ушыққан ахуалды ақылдаспаққа және көтерілісшілерге қарсы әскери күш көрсетуді сұрауға нөкерлерімен Орынборға жолға шықты. Ханның жол сапары Исатай жайлап отырған Ұялы ойы арқылы өтетін. Маусым айының бірінші жұлдызында хан Қойтуған деген елді мекенге түнейді. Келесі күні Қойтуғаннан он шақырым жүрмей-ақ анадайдан Исатайдың тобы көрінеді. Исатай ханның Орынборға неге бара жатқанын және осы сапарынан кейін жағдайдың басқаша болатынын түсініп, осы бойда кездесіп қалуды ойлады. Бұған дейінгі істеріне әбден көңілі қалған Жәңгір күймесін тоқтатпады. Исатай мен Махамбет тікелей ханға бара алмады. Одан әрі жол жүру шаршаттыма,

әлде Исатай жағынан көрініп тұрған қауіпсіздікті (қастандықтың жоқ екенін) сездіме Ұялы сайға келіп дамылдады. Осы жерде Жәңгірге Исатай екінші рет жақындап келді. Исатай жіберді ме, әлде старшын Жүніс Жантелиннің өз әрекетіме, көтерілісшілерден бөлініп Жәңгірге келіп қосылады. Жүніс ханға соңғы айлардағы болған оқиғаларды бүкпесіз баяндайды. Оның хабарлауынша Исатай башқұрттар сияқты орыс үкіметіне тікелей бағынып, казачество қатарына өтіп, казак-орыс әскерімен қоян-қолтық әрекет жасамақшы. Осыны естіген Жәңгір хан: «Қырық атамнан бері хан болып келе жатқан менің басымда толық билік жоқ. Орысқа қол шоқпар болып не таппақ! Ендеше менің ендігі жерде аянарым жоқ. Көресіні түбі өзі панасына тығылмақ сол атты қазақтан көреді» -деп қатты ашуланыпты

[2,345-б.]. Бұл хабарлама Жүніс жағынан, сірә арандату болса керек. Азаттық үшін күрескендер мұндай әрекетке баруы мүмкін емес, жаумен ымыраға келу Исатайдың да, Махамбеттің де бойында жоқ қасиет.

1837 жылдың бүкіл жазы мен күзінде кек алу жорықтары жалғаса берді.

Бұл кезде Исатайға қосылушылардың саны күн сайын ұлғая түсті. 1837 жылғы 11 маусымда көтерілісшілерге қаруланған 500-дей руластары келіп қосылса, бір айдан кейін 1000-ға жуық шаңырақ пен қаруланған 600 қазақ келіп қосылды [6,341-б.]. 1837 жылы көтерілісшілердің саны 1836 жылмен салыстырғанда 3-5 есе көбейіп, 4-5 мың адамға жеткен [7,61-б.].

Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілердің күштері бірнеше топқа бөлініп, үнемі орын ауыстырып отырды. Бұл қарсы күштерге тікелей жолықпай хан ордасына жақындаудың амалы болатын. Олар жай жүрген жоқ, жол-жөнекей хан шенеуніктері мен шонжарлардың ауылдары мен иеліктерін қиратып, жерлерін тартып алды. Ол жерлерге өз билеушілерін тағайындады, өздеріне жаңа жақтастар тартты. 1837 жылдың 15-20 қазан аралығында көтерілісшілердің лагері хан ордасынан 60-70 шақырым жердегі Теректіқұмға жеткен, ал 24-қазанда 40 шақырым, 2-3 күннен кейін хан ордасынан 4-8 шақырым жерге келіп қос тіккен. Сөйтіп, құрамында 3,5 мыңдай адамы бар көтерілісшілер хан ордасы Жасқұсты қоршайды [6,341-б.,2.347-б.]. Қоршау екі аптаға созылған. Орданы ойран етудің орнына Исатай тағы да ханмен татуласудың жолын іздеді. Жәңгірді райынан қайтаруға ниеттеніп, түрлі рулардың адамдары қол қойған хат жолдап, батыр мен ақынның амалсыздан жасаған әрекеттеріне кешірім жасауды өтінген. Ал Жәңгір болса, «Махамбет-көтерілістің негізгі дем берушісі» деп жауап берген. Осы берілген жауапты кейіннен тарихшылар көтерілістің ұраны етіп алды. Шынында да, Махамбет көтерілістің дауылпаз жыршысы, идеологі болғаны тарих дәлелдеді. Жауына қатал болған Исатай Жасқұсты қоршағанда солқылдақтық танытты. Махамбеттің хан ордасын талқандайық дегеніне көнбей, сабырлыққа шақырған болатын.

Бөкей Ордасы тақырыбына айтарлықтай зерттеу жүргізіп, қалам төсеп жүргендердің бірі Б.Аманшин: «Осы бір сәт Орданы шауып алуға дәл келіп-ақ тұр еді. Бірақ Исатай олай істемеді. Жәңгір ханмен әлі де болса ымыраға келіп, оны ақиқат жолына түсірем бе деген пікірінен қайтпады» [8,11-б.] –дейді.

Ия, Исатай тек Махамбет емес, өзінің үзеңгілес жақын серіктері Үбі, Таңатар,Қабылбайдың да сөздерін тыңдамай уақыттан ұтылып қалғаны белгілі. Бұл үшін батырды даттаудың да, ақтаудың да қажеті жоқ деп есептейміз.

Исатайдың хан ордасын талқандамауының себептері де жоқ емес еді. Біріншіден, оның бұл қылығы ашуды ақылдылықпен жеңу еді. Жарайды, сол сәтте Орданы шауып, ханды өлтіріп, мал-мүлкін талады дейік, онымен іс бітпейді ғой. Одан кейін қандай қадам жасауға тиіс, Ордаға ойран салғанмен, ханды өлтіргенмен қоғамдық құрылыс өзгермейді және көтерілісшілерге тойтарыс беруге патша үкіметінің әскери күші жетерлік. Осыдан келіп халық зардап шегер еді. Исатай осыны түсінді. Екіншіден, Исатайдың өзі де, қаруластарыда, оны қолдайтын старшындарда Жәңгір ханның көзін жоюды ойлаған жоқ. Олар ханның барлық билері мен кеңесшілерін, сұлтандарын, әсіресе Балқы би мен Қарауыл қожаны қызметтерінен тайдырып, олардың орнына Исатай жағындағы сенімді адамдарды тағайындау болатын. Сүйтіп, билік қайта рулық старшындардың қолына көшсе ханның билігі шектеледі, халық мүддесі қорғалады деп ойлады. Үшіншіден, Исатайдың да ойында уақыт оздырып, қыс түсе мұз қатқанда Жайықтың оң жақ бетіне өтіп кетіп, қол жинап көтерілісті жалғастыру еді. Бұл ойын кейінгі оқиғалар толықтай дәлелдеді. Исатайдың бұл жерде жіберген басты қателігі: «егер ханнан тікелей бұйрық болмаса жазалаушы орыс отряды бізге қарсы оқ атпайды деп сенді» [9,13-б.] -деп көрсетеді тарихшы – ғалым Ж.Жақсығалиев. Төртіншіден, Исатайдың хан Ордасын ойрандауға күші жетіп тұрса да шаппауы ел аузында айтылып жүрген аңғалдығы мен сенгіштігі емес, оның көшпелі қоғамында қалыптасқан сөзде тұрып уәдені (анттасқаны-Ж.О.). бұзбау мәрттігі деп түсінген жөн. Бұл жөнінде З.Алдамжаров ел аузындағы деректерге сүйеніп, «Исатайдың әкесі Тайман мен Бөкей ханның арасында сыйластықта, хандықтың іргесін нығайтуға, Еділ-Жайық арасын қазақтың тұрақты мекеніне айналдыруға, екі ұрпақтың арасындағы достық мәңгілік болуға уағдаласқан» [10,160-161 бб.] – екен дейді. Заман өзгеріп, Исатай мен Жәңгірдің арасына сына, қағылып,бір-бірінің арасы суып, ханды Орданы ойрандап, шабуға таялғанда да Исатай екі аруахтың анттарынан аттап, Жәңгірдің қанын мойнына көтеруді қаламай, бабаларымыздан келе жатқан дәстүрді бұзғысы келмегендігі деп түсінген жөн сияқты.

Бесіншіден, Исатай мен Жәңгірдің арасында шешен Бекпембет арқылы келіссөздер жүріп жатқан болатын. Қара тілден май ағызатын Бепенбет Исатайдың алдына келіп: «Уа, батыр Исеке! Хан артық айтқан сөзім, біреуге таяғым, біреуге тілім тисе, кешсін, шыбынжанымды қисын. Қандай талабы бар екенін айтсын. Ойланып, орындауға 10 күн мұрса берем» [4,216-б.]-деген хан сәлемін жеткізді. Бұны естіген қалың **нөпір**, тіпті кеңес жасаған 17 старшындарда: хан талабымызды орындаса, бекерге қан төкпейік, пәтуаға келейік деушілер аз болмағанға ұқсайды. Демек, Орданы шаппау тек жалғыз Исатайдың шешімі емес екен.

Осы кезде Исатайдың екі ойлы болып қалғанын байқап, Махамбет: бұл ханның қулығы, алдау екенін түсіндіріп айтқаны:

Хан баласы қабан-ды,
Қайырылып шапса, жаман-ды.
Хан баласы қара жылан-ды.
Қайта айналса, шағар-ды.

Шабар күнің, бүгін-ді,
Бүгіннен кейін қиын-ды.

Бұл 1837 жылдың қазан айының 24 жұлдызы болатын.

Исатай Махамбеттің сөзіне құлақ аспай, он күн уақыт береді және ханға өзінің төмендегідей талабын жазады:

1. Би кеңесін өзгерту.

2. Би, Қисым басқарушыларын орнынан түсіру. Бірінші кезекте Балқы мен Қарауыл кожаны орнынан түсіріп, орындарына көтерілісшілерді жақтаушылардан қою. Сөйтіп, билікті рубасыларының қолына беріп, хан әкімшілігін шектеу.

3. Өздеріне қатысты істі тоқтату.

4. Қылмысты істерді тексеріп, шешім айтуды орыс сотына емес, халық билерінің қолына беру.

5. Ханның орыс әкімшілігіне жалтақтай бермеуі. Елді ата-баба жолымен

басқару (Бұл дегенің – ұлттық автономияның талаптары еді) [4,318-б.].

Бұл талапқа 620 адам қол қойып, мөрлерін басып талқылауға жіберіледі.

Бұл кезде Жәңгір ханда қарап жатпай Орынбордан жазалау отрядын тездетіп жіберуді өтінді. Көтеріліс шарықтау шегіне жетіп, ханның күні қараң, Орда ойран алдында тұрғанда 1837 жылдың 24-ші қазанында подполковник Карл Карпович Геке Орал қаласынан шығып, 26-да Глинянскіге келіп, арасы 160-180 шақырым жерді суыт жүріп, бір жарым тәулікте шағын отрядымен Жасқұсқа жетеді.

Келе салысымен Геке Исатайға «әскеріңді тарат, елден күшпен тартып алынған малды түгелдей қайтар, олай болмаса ертеңгі күндерің қиын болады» - деп қорқытып та, қатаңдау хат жазады. Хатты оқып шыққан Жәңгір бұлай жазуға болмады, көнбейді деп ақыл береді. Осыдан кейін Геке тілдесеуге Исатайдың өзін шақырып, өміріңе ешқандай қауіп-қатердің жоқтығына сендіреді. Бірақ Исатай өзі бармай 7 старшынын жібереді. Олар Гекенің алдында барғанда жандарынан қорыққаннан, мал-мүліктерін тартып алып, адамдарын тұтқындап алған соң, амалсыздан еріп жүрміз деп сендіреді. Ұтыры келсе Исатайдан кетеміз деп уәделерін бергенмен, шыға бере айнып кетеді.

Геке Исатайға 1-қарашада қатал талап қойып, хат жазады. Хаттың мазмұнын Ә.Сарайдың «Исатай-Махамбет тарихы» зерттеу кітабынан толық келтіруді жөн көрдік.

«Старшын Исатай Тайманұлы!

Ішкі Ордада тыныштық орнатып, әр түрлі адамдардан түсіп жатқан арыз-шағымдарды тексеруге Орынбор әскери губернаторы Ордаға мені жіберді. Губернатор қазақтар арасында жанжал оты тұтанғанына қатты қапалы: тез арада тәртіп пен тыныштық орнауын қалайды. Губернатордың талап етуі бойынша оның бұйрығын тапсыру үшін старшындарыңмен және басқа да басшы адамдарыңмен келіссөз жүргізу үшін сені Ордаға шақырамын. Сіздер мәселенің аса маңызды екенін түсініп, құлақ аспаумен өз жағдайларыңды өздерің қиындатпайды деп, хандарың мен мемлекеттік бастықтардың өздеріне араша болатынын түсінеді деп ойлаймын.

Подполковник Геке» [5,220-п.].

Бұл хатқа да Жәңгір қарсы болғанмен, Гекенің өз ойы бар еді. Осындай

Мәмлегерлік ойын ойнап, қосымша жазалау отряды келгенше уақыт ұтып, күш жинау екенін, әрине көтерілісшілер түсінді.

Исатайда мәмлегерлік жағынан құр жаяу емес, мазмұны төмендегідей Гекеге хат жазады.

«Мейірімді мырза, Сіздің 1-қараша күні жолдаған қағазыңызды сол күні алдым, онда мені, төңірегімдегі старшындарды келіссөзге шақырған екенсіз – біз бұл қатынасыңызды оқып, үлкен қуанышқа кенеліп қалдық. Сізбен келіссөз жүргізуді біз де жақтаймыз, өйткені мұны жоғары мәртебелі бастықтың рұқсатымен Сіздің істеген жақсылығыңыз деп білеміз. Әйтсе де біз жоғары дәрежелі хан ордасында қаскүнем қара ниет адамдар болуына байланысты онда бара алмаймыз. Олардың бізді бақытсыздыққа душар ететіні

не етпейтініне кепілдік жоқ қой. Олардан сақтанамыз. Бұған біздің көзімізді жеткізе түсетін бір жай - 31 қазанда тарап кеткен сыбайластарымызды шақырып келуге жіберген 100 кісімізге хан тарапынан шабуыл жасалып, қара ниет қарақшылар 14 кісімізді жарақаттап кетті. Екеуі қазір өлім халінде. Алтауы хабарсыз жоғалды. 1-қарашада тағы да 2 адамды жарақаттап, үшеуін тұтқынға алды. Бұл жағдайды ескермей отыра алмаймыз (біз хан ордасын тонаған жоқпыз ғой). Ал жалпы тыныштықты қалпына келтіру үшін менің жақтастарым келісім бойынша жоғары дәрежелі ханға өтініш тілегін жолдады» [11,100.п.]

Исатайдың хатын Гекеге Бекмағанбет Өтемісұлы (Махамбеттің бауыры) табыс етті. Хатты оқып болғаннан кейін Геке әй-шәй жоқ Бекмағанбетке дүрсе қоя береді. Қатты ашуланып, енді Исатаймен ешқандай келісім болмайды, оны старшын емес, қарақшы деп жариялауға жарлық береді. Гекенің айтқандарын жеткізген Бекмағанбетті Исатай байлап тастайды. Исатайдың әрекетін баста түсінбегенмен кейін анықталғандай, ол көтерілісшілердің арасындағы жағдайды жауға тікелей хабарлап отырған сияқты. Өтеміс ұлдарының арасында тек Бекмағанбет қана көтерілісшілердің мүддесін сатқан, ханға сатылған адам деп біледі халық. Осы айтылғандарды Ығылманның «Исатай-Махамбет» дастанында Махамбет аузымен айтылған мына өлең жолдары дәлелдейтін сияқты.

Бекмағанбет туғаным,
Туғаным деп сенбеймін.
Ханның ісін қолдап жүр,
Өлтірем десең маған хош,
Жүрмеңіз менен ұялып.
Осылар бізді алдап жүр,
Қалаға хабар жолдап жүр.

Осы дастанның азғана үзіндісінен Бекмағанбеттің азда болса сатқындық бір іс істегені байқалады. Осыған тағы бір дәлел Жәңгір хан Өтеміс ұлдарының ағаттық істерінің бірде-біреуіне кешірім бермей, тек Бекмағанбетке кешірім беруінен де күдіктенуге болады. Жасқұсты қамау кезінде Исатайдан жаза алғаннан кейін Бекмағанбет көтерілістен жырақтанып, қанды қырғын оқиғаларға қатыспады.

Жәңгір көтерілісшілері қойған талаптардың бірде-бірін орындаған жоқ.

Халқына жаны ашыды ма, орыстардың күші басым, текке қырыласындар, - деп орыс әскерінің қанқұйлы соғысқа дайындалып жатқаны туралы көтерілісшілерді құлаққағыс етті.

2-қарашада Геке төменгі дистанцияның бастығы ротмистр Акутинге Горскідегі 200 отрядты Жасқұсқа жіберуге бұйрық берсе, оған жолда подполковник Меркульев басқаратын Кулагин мен Зеленый бекіністерінің екі полкі қосылды. 5 қарашада атаман Покатилов Гекенің сұрауымен 50 адам, екі зеңбірек жөнелтті. Астрахан губернаторы бір зеңбірегі бар 300 казак-орыс отрядын подполковник Алев бастап, жеделдетіп Ордаға таянған еді.

Осы кезде Меркульев басқарған әскери күш бет алысын Теректіге бұрып, көтерілісшілердің ауылын қамап, мақсаты Исатайдың отбасын қолға түсіру болатын. Бұл хабарды естіген Исатай 5-қарашадан 6-қарашаға қараған түнде, 300 жігітімен ауылына бет алады. Ел іші ауылға әскердің келуі елдің берекесін алып қойған жоқ, тіпті көтерілісшілердің арасында да үрей туғызып, Исатай кетісімен-ақ көтерілісшілер қатары ыдырай бастады. Олардың ішінде ханнан жаңылдым-жазылдым деп кешірім сұрағандарда болса керек. Меркульев отряды 7-қарашада Жаманқұмға бет алған Исатай ауылын тоқтатып, 40 үйлі отбасын түгелдей тұтқындайды. Исатай ауылына тек 8-қарашада жетеді. Исатай Меркульевке: «өзімізге не қылсаң да мейлің, әйел-бала, кемпір-шалға тимендер,

босатындар» деп талап қояды. Бұдан ештеңе өнбегесін Исатай әскерді қамап, жан-жақтарынан үюлі шөптерді өртеп, түтінге тұншығып, соғысуға айналасын көре алмаған Меркульев көтерілісшілердің отбасын түгелдей қайтарып беруге мәжбүр болады. Бұл 40 үйдің ішінде Исатай мен Махамбеттің және басқада батырлардың отбасылары болған. Меркульев отряды жоспарының орындалмауына, әрине өрттен зәрулері ұшып тұншықса, сонымен қатар оларда азық-түлік тапшылығы және зеңбіректерінің болмауы себеп болған сияқты.

Көтерілісшілердің үй-іштерін тұтқындап тұрып айырылып қалған Меркульев Теректіге шегініп, жаңа тактикалық әскери тапсырма алу үшін Гекенің келуін күтті.

Жасқұс түбіндегі текетірестен кейінгі ұрыс Бекетай құмындағы Тастөбе шайқасы. Екі жақтың да тұрысар жері, көтерілістің немен бітетінде осы шайқас болды. Геке дипломатиялық әдістерді түгел тауысып, жазалаушы отряд қимылына басшылық жасау үшін Бекетай құмына бет бұрды.

Геке Тастөбеге 15 қарашада таң ата жетеді. Түнгі жүрістен шаршаған адамдарын тынықтырайын деп енді аттан түсе бергенде, көз жететіндей жерде Исатай бастап келе жатқан 500-дей қалың жасақты көріп, Геке шабуыл шебін құрып, соғысқа дайындалады. Жасақшыларға көрінбестей етіп екі зеңбірек орнатты. Зеңбіректен атылған алғашқы оқтан кейін 200 адаммен шабуылға шықпақ болады. Бұл Гекенің соғыс тактикасы болатын. Осындай қарбалас үстінде орыс отрядының шабуылын күтпестен, Исатайлар бірінші

болып шабуылға қойып кетеді. Геке тығып қойған зеңбіректен оқ аттырады, бірақ ол Исатай жігіттеріне ешқандай шығын әкелген жоқ. Зеңбіректен оқ атылысымен Истайларға қарсы екі қанаттан қиқулап оқ атып, үрей тудырмақ болған казактардан батырдың қолы қаймыққан жоқ, керісінше шетінен жүйрік-жарау атты, найзагер жігіттердің қарқыны Гекенің зәресін ұшырады. Соғыс алаңында қоян-қолтық ұрыс басталып кетті. Исатайдың жігіттері 200 казак-орыс отрядының бір қанатын күйрете шегіндіреді, олардың пысы баслып, еңсесі түсіп қатары сейіле бастайды. Осы бір сәтте көтерілісшілердің қолда бар қаруларының бәрі қолданыста болды. Казак-орыс отряды қашып, көтерілісшілер қуып отрядқа тақала бергенде, қарсы беттен қос зеңбірек бір мезгілде Исатайларға оқ жаудырады. Қазақ жасағы үшін зеңбіректен басқа тажал қару жоқ еді. Іле-шала зеңбіректер тағы атылды. Көтерілісшілер бұршақша жауған қалың оққа тап болып, олардың қатарында іркіліс байқалды. Осыдан кейін көтерілісшілердің қатары бірікпей, бытырай шегінді.

Әскердің алды бөгелді,
Қырдан ойға төгілді.
Орыс добын үш атты,
Доптың үні шыққанда,
Сонда батыр жөнелді.

Жөнелмей батыр не қылсын, -деп жасақтың жеңіліске бет бұрған сәтіне Махамбеттің налитын тұсы осы болатын. Гекенің әскері түгелімен шабуылға шығады. Осы кезде Исатай атының басын кері бұрып қаша жөнеледі. Орыс – казактар Исатайларды 7 шақырым бойы қуғанмен, шаршаған Ақтабан атынан басқа жүйрік атқа ауысып мініп, қуғыншыларға ұстатпай, Сарт Еділов, Махамбет Өтемісов, Қалдыбай секілді қаруластарымен бірге құтылып кетеді.

Тастөбе ұрысы көтерілісшілерді көп шығынға ұшыратты. Осы шайқаста көтерілісшілердің 60 адам қаза тапты. Оның ішінде Исатайдың 20 жасар баласы

Ақай, шешесі Мылқым және жас келіншегімен оққа ұшты. Қазақтардан 4 адам жараланды [2,353-б.,4,228-б.].

Осы ұрыстың қақ ортасында болған Геке, жүзбасы Чижин көтерілісшілердің ерлігіне таңғалып, жағасын ұстаған. Тастөбе шайқасында жасақшылардың тірі қалғандары, әсіресе көтеріліс басшылары қолға түспей қашып құтылған.

Исатай қолы мен Геке отрядының арасындағы қақтығыс Тастөбеден кейін де бірнеше күнге созылды. Исатай тобы әлсіз болып қалды. Жайық бойын қуалай Геке торуылдар қойып, Исатай тобының Жайықтың Кіші жүз бетіне өтуіне мүмкіндік бермеді. Көтерілістің жеңіліске ұшырағанына көзі жеткен көтерілісшілер Исатай мен Махамбеттерден теріс айналып, ауылдарына қаша бастады. Ұрыстың шешуші сәтінде шеркеш руының ағайынды жігіттері Қали мен Жанұзақ Адырбековтер Исатайға айтпастан түн жамылып қашып кетті. Бірақ, олардың көбі жазалаушы отрядтың қолына түсіп, мысалы Адырбековтердің тоғыз жылқысын, сегіз түйесін, қырық қойын тартып алды.

Исатайдың енді қалған мүмкіндігі де, мақсатыда арғы бетке (Кіші жүзге) өту болды. Исатайдың барлау жасап келген жігіттерінің мәліметінше барлық жерде әскердің күшті күзеті тұрды. Арғы бетке өтуден күдер аз еді. Осындай қиын жағдайдың өзінде Исатай жауға қарсы ашық ұрысқа бармай, іздеріне түскен отрядтардан құтылып кетіп отырды. Бірақ күресті тоқтатпады. Жәңгірдің жақтастарының ауылдарына тұтқилдан шабуыл жасап тонап, барымта жасап, әпсәтте орындарынан кетіп қалып, Сырымның партизандық күрес әдісіне ден қойды. Не істерін білмей абыржып, толғанып тұрған Махамбетке қарап: «Әй махамбет, жолдасым, бақытым ауып басымнан, әскерім кетіп қасымнан, жапанда жалғыз қалғасын, өкінгеннен пайда жоқ, құдайым басқа салғасын», -деп мұңы мен қайғысын жасырған жоқ.

Геке әскері Исатай тобының соңына түсуді бір сәтте тоқтатқан жоқ.

22-қарашада Бекайдардағы Елекен моласы жанында Истомин отрядымен кездесіп, біраз соғысқаннан кейін күштің тең болмауына байланысты, әрі отбасыларының қолға түспестей қашықтыққа кеткенін білген Исатай жігіттері шегініс жасайды. Исатай екі-үш адамымен үлкен топтан бөлініп ұзай түссе, Истомин топтаса қашқындардың ішінде Исатай болар деп алданды. Жаудың ішінде Исатайды танитын адам жоқ болатын, сондықтан алданып қалды. Ал Махамбет болса аса тапқырлықпен құтылып кеткен. Истоминнің ұшқыр-жүйрік аты Махамбетке қол созым қалғанда батыр оған қарсы бірнеше жебе атып, содан соң астындағы құс жастығын қанжарымен жарып жібереді. Қуғаншыларға қарай ұшқан мамықтан ештеңе көрмей және түтек арасынан атылған жебеден ажал құшудан қорыққан Истоминдер Махамбеттен көз жазып қалады. Исатай мен Махамбет орыс жазалаушы отрядымен және Жәңгір әскерімен болған ұрыстардан аман құтылып шықты.

Тастөбедегі жеңіліс көтерілісшілерге айтарлықтай нұқсан келтірді. Феодалдық ақсүйектер жеңісін тойлады. Жәңгірдің әмірімен хан ордасында жасырынған сұлтандар мен билер шайқас орнына барып, бағынышты қазақтарды ескі қыстақтарға қайтып баруды талап етті. Хан бұйрығын тыңдамағандар аяусыз жазаланып, мал-мүліктері тартып алынды. Жазалаушы отрядтардан үрейленген жүздеген ауылдар

отбасыларымен қыстақтарын тастап, құм ішін паналады. Көтеріліске қатысқандардың кейбіреулерін түрмеге жапты, сотсыз қамшымен соқты, денелерін күйдірді, содан кейін Сібірге жер аударып,

каторғылық жұмысқа жекті. Мысалы, Махамбеттің бірге туған бір туысына Исатай Жайықтан өтіп кеткеннен кейін 250 адамнан үш рет өткізіп дүре соғып, содан кейін крепостниктік жұмысқа Киевке жер аударып, өмірбақи солдат болуға үкім шығарған [12,320-б.].

Исатай бастаған көтерілістің жеңіліс дәмін татуы көрсеткендей, қазақ халқын өз феодалдарының қанауынан азат етудің бірден-бір жолы Ресей самодержавиясына қарсы күресу екенін көрсетті. Жасқұс түбіндегі текетірес нәтижесіз және Тастөбедегі ұрыс жеңіліспен аяқталғанмен күрес аяқталған жоқ еді. Күрес Жайықтың оң жағалауына ауысты. Бұл бөлек зерттеу болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вяткин М. Очерки истории Казахской ССР. –Алматы: Госполитиздат,1941 – 368 б.
2. Баранғалиұлы Т. Жәңгір хан. –Алматы: «Абзал –ай»,2014 – 528 б.
3. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағат (бұдан әрі ҚРОММ). 4-к., 1-т.,1974-іс.
4. Сарай Ә. Исатай-Махамбет тарихы. Зерттеу- Алматы: «Өлке», 1997 – 387 б.
5. РФ Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі РФОММ), 222 к., 1-т., 9-іс.
6. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық, 3-т. – Алматы: «Атамұра», 2002, -767 б.
7. Кенжалиев И. Тайманұлы Исатай. – Алматы: «Қазақстан», 1977 - 273 б.
8. Аманшин Б. Махамбеттің тағдыры. //Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. Қосымша. – Алматы: «Өлке», 2012.85 б.
9. Жақсығалиев Ж. Исатай батыр Жәңгір ханның Ордасын неге шаппады ? // Қазақ тарихы. -2015. -№1.-87 б.
10. Алдамжаров З. Тарих: пайым мен тағылым. – Алматы: Қазақстан, 2002. - 203 б.
- 11.РФОММ. 6-к.,10-т.,3332-іс.
- 12.Бекмаханов Е. История Казахстана (История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Издание 1943 г., 3-е издание.- Алматы: Атамұра, 2011. - 405 б.

Ж.Орамах, Р.Тасқымбаева

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

АҚБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Бөкей Ордасындағы Исатай мен Махамбет бастаған азаттық күрестің Жасқұстағы текетірес пен Тастөбедегі ұрыстың сәтсіздіктерінен кейін көтеріліс басшыларының жаңа тактикалық әдістерге көшіп, Кіші жүз аймағына барып жаңа қол жинап, күресті жалғастыру ниетінде болғаны айтылады. Алайда, Геке бастаған жазалаушы отряд және ханның әскери құрамы көтерілісшілерді Жайықтың Кіші жүз жағына өткізбеу үшін сонынан қалмай, Ақбұлақ өзенінің бойында өліспей беріспейтін шайқас болды. Күш тең емес еді. Мақалада жазалаушы отряд отты қару-зеңбіректі пайдаланса, көтерілісшілерде әрі кеткенде наған болған, олда бәрінде емес және көтерілісшілердің саны Тастөбедегі ұрыстан кейін азайып қалғандығы айтылады.

Геке жағындағы тегеурінді күшке қарсылық көрсете алмай көтеріліс жеңіліспен аяқталады, Исатай мерт болады. Мақаланың негізгі желісі Исатай батырдың ерлігі мен қаза болуы туралы, сүйегінің қайда жерленгені жайлы әртүрлі пікірлерге қоса, осы жолдардың авторлары жаңа пікірде қосқан. Мұрағаттық және тарихи әдебиеттерге сүйеніп, көтерілістен кейін тірі қалған кейбір тұлғалар туралы да құнды деректер берген.

Түйін сөздер. халық-азаттық көтеріліс, жазалаушы отряд, Жайықтың сол жақ беті, Ақбұлақ, ұлттық батыр, Шейітсай, Шолакмолда, зеңбірек.

Ж.О.Орамах, Р.Б.Тасқымбаева

Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова

АКБУЛАКСКОЕ СРАЖЕНИЕ

Аннотация. В этой статье рассказывается об Акбулакском сражении, как продолжение боя в Тастобе. Несмотря на отчаянные попытки Исатая, карательный отряд Геке преследовал восставших до реки Жайк, чтобы не дать возможности перейти на сторону Младшего жуза. Перехитрив отряд Гека, Исатаю все же удалось, не потеряв людские силы, перейти на правый берег Жайка.

Карательный отряд продолжал преследование восставших и они встретились около реки Акбулак. Силы были неравными. Отряд Гека использовал огнестрельное оружие, в частности артиллерию. Восстание потерпело поражение, в неравном бою Исатай погиб.

Более подробно освещено как сражался Исатай, где похоронено его тело. Здесь приводятся разные мнения по этому поводу, в том числе мнение авторов. А также приведены интересные факты из жизни некоторых участников восстания, которые остались в живых.

Ключевые слова. национально-освободительное восстание, карательный отряд, левый берег Жайка, Акбулак, народный герой, Шейтсай, Шолак молда, артиллерия.

Zh. Oramah, R.B.Taskymbayeva

Aktobe Regional State University named after K. Zhubanov

AKBULAK BATTLE

Abstract. This article described the Akbulak battle as a continuation of the Tastoba battle. Despite desperate attempt of Isatay, the punitive detachment of Geke was persecuted the rebels to the Zhaiyk River in order to prevent the possibility of crossing over to Younger Zhuz side., Isatay still managed without losing human force had gone on the right bank of the Zhaiyk, outfoxing the detachment Geke. The punitive detachment continued the rebels' persecution and they had met near the Akbulak River. The forces were unequal. Detachment Geke used firearms, in particular artillery. The uprising was defeated and in an unequal battle Isatay was died.

In more details had given to fight Isatay, where his body was buried. It also provides different views about that including the opinion of authors. As well as interesting facts from the life of some participants who were still alive.

Key words. national liberation uprising, punitive detachment, left bank of the Zhaiyk, Akbulak, people's hero, Sheitsay, Sholak Molda, artillery.

Кіріспе

Жасқұс маңындағы текетрес пен Тастөбедегі ұрыстан кейін Орынбор әскери-губернаторы Перовский қазақ шаруаларының толқуының ұрысқа алып келгендігінің себептерін анықтау үшін тексеру жүргізуге бұйрық берген. Тексерістің қортындысы анықтағандай сылтау, себепсіз шаруалар мен көтеріліс басшылары мұндай ауыр қасіреті мол қимылға ешқашан батыл бармас еді деген шешімге келді. Жәңгірдің Орданы басқаруға пайдаланған сұлтандар, билер, старшындардың озбырлығы тек Исатай жақтастарымен қатар басқа да қазақтарды шектен тыс қанаумен, кемсітумен ерекшеленген. Сондықтан да, лауазымды адамдарды жауапқа тартудың орнына көтерілісшілерді айыптады. Бұл Жәңгір құрған ел басқару жүйесінің жарамсыздығын көрсетіп, ол қайтыс болғаннан кейін хандықтың жойылуына алып келгенін тарих дәлелдеді.

Тастөбедегі ұрыс жеңіліспен аяқталса да, Исатай мен Махамбетті қолға түсіре алмағасын батыр мен ақынның отбасыларын, көтерілісшілерді жазалап, жазалаушы отряд қайткенде де осы әдіспен оларды қолға түсіруді ойлайды. Ел ішінде қуғын-сүргін ұйымдастырды. Губернатор Исатайды «**тірілей алып келген кісе құны 500 сом күміс сыйлық тігеді, өлілей алып келсе соның жартысы**». Ақша үшін Исатайды ұстап беруге жер-жерден 80 адам тілек білдіріп, оларды Жантөре старшын басқарғанмен Исатайды қолға түсіре алмайды [1,113-п.]. Осы жағдай азда болса Жайықтың әрі өтудің тұманнан жаңа шыққан күн сәулесін елестетті. Исатай мен Махамбеттің ойы жаңадан қол жинап күресті жалғастыру, жазалаушы отрядпен шешуші шайқастар жүргізу болатын. Бұл Исатайлардың елінен, жерінен қашу емес, Жәңгірден Гекеден жеңілу емес. Бұл «азаматтықтар намыс пен бас бостандығы үшін алты күндей алаулап, он екі күндей ой ойлап, ақылды алпыс жаққа шаптырып бас тіккен күрестің жалғасы еді [2, 357-б.].

1837 жылдың 10-12 - желтоқсанында қар жауып қатты боран соқты, аяз 23 градусқа дейін көтерілді. Исатайлардың күткені де осы еді. Жайыққа қарай суыт жүрді. «Шешінген судан тайынбас» - дегендей ебін тапса ұрыссыз, ебін таппаса қарудың күшімен күзетті бұзып өтпек. Енді арғы бетке өтудің жолдарын іздестірді. Сондай қолайлы сәт туды. Жайықтың екі жағына қойылған әскери тосындардың жиі желісіне қарамастан, көтерілісшілер 1837 жылдың 13-желтоқсанында, таңғы сағат 4 кезінде қарлы, аязды, боранды түнінде Жаманқала форпосты түбінен өтіп, Кіші жүздің кең даласына сіңіп кете барды.

Осы маңда 12 шақырымдық шепті күзетіп жүрген казактар бүкіл әскерді аяғынан тік тұрғызғанмен Исатайларға кедергі жасай алмай көтерілісшілердің тек бір жігітін ғана атып түсірді.

Ішкі Орда шаруаларының қозғалысы осылай аяқталғанмен күрес аяқталған жоқ еді. Күрес Жайықтың оң жағасына ауысты. Исатай мен Махамбет Жайықтан өткеннен кейінде қаруларын тастауды ойлаған жоқ. Жазалау отрядымен шешуші шайқастар жүргізу үшін күштерін жинады. 1838 - жылдың көктемінде ханды және оның жақтаушыларын қорқытатын ірі отрядта құрып үлгерді. Ал мұны білген Орынбор генерал-губернаторлығы Кіші жүз аумағындағы Исатайдың қозғалысын басып-жаншу үшін өңірге жаңа жазалау отрядтарын үсті-үстіне жіберіп жатты. Геке Исатай тобын өкшелеп қуудан шаршамады.

Көтерілісшілер Жайық сыртында ел аралап, қол жинап, Жем бойындағы Назар, Шекті, Адай, Кете, Табын т.б. ауылдарынан қол, азық-түлік, көлік жинап көтерілісті қайта жандандыру болды. Бұл мақсатқа біршама қос батырдың қолы жетті. 1838 жылдың алғашқы 6 айында көтеріліс Бөкей хандығының территориясынан Кіші жүз жерінің басым бөлігіне ауысты.

Исатайдың ойы Қайыпқали сұлтанмен, Хиуа хандығымен одақтасып патша үкіметіне қарсы күресу болатын. Бұл ниеті іске аспағанмен, шамамен 3 мыңнан аса сарбаз жинаған [1,14-п.]. Осы күштен 500 жігітті таңдап алып, 1838 жылдың 12 шілдеде Ақбұлақ және Қиыл өзендерінің арасында Геке басқарған біріккен ірі жазалау отрядымен түйісіп, соңғы күші қалғанша соғысты. Кейбір дерек көздері осы күні көтерілісшілердің бар-жоғы 900 қол болды дейді. Осыған қарағанда олардың арасында ыдыраушылық болған сияқты. Көтерілістің бұл кезеңі жер, озбырлыққа, әлеуметтік теңсіздікке қарсы күрес шеңберінен шығып, азаттық күреске, отаршылдыққа қарсы сипат алды.

Ақбұлақ шайқасы болатын шілденің 11-нен, 12-сіне қараған түні Исатай жан-жаққа қарауыл қойып, далада түнейді де таң елең-алаңнан атқа қонып, тұтқиылдан Гекенің қарауындағы Асфандияр Сүйеуғалиұлы сұлтанның күзетшілеріне тап беріп, есін жиғызбай талқандайды. Бұл оқиға жазалаушы отрядтың бекініп жатқан жерінен онша қашық емес, шамамен 3-4 шақырымның айналасы болса керек. Мұны ұрыста қолға түскен екі тұтқыннан естіп, әскердің мән-жайын біліп, жаудың негізгі тобының Ақбұлақтың арғы бетіндегі ойпаңда екенінен хабардар болды. Исатай төбеге шығып, әскери штабтың ызы-қиқы күйде екеніне, зеңбіректерді көрсетпеу үшін арбамен қоршап қойғанына көзі жетті және Гекені де таныды. Жаудың отты қаруларын есептемегенде, әскерінің құрамы көтерілісшілерден екі есе көп еді. Бұл жауды жеңудің мүмкіншілігі қаншалықты аз болса, жеңілу мүмкіндігі соншалықты көп деген сөз еді. Бірақ шегіну-жеңілу еді. Ат басын кейін бұрып жаудан құтылып кетуге болатын болса да, батыр алған бетінен қайтпады. Бұлай істемесе батырдың өлгені, қайткенде де жауды осы жерде тоқтатып, әрі қарай ел ішіне жібермеу. Олай болған жағдайда жазықсыз ауылдар шабылады, ел тоналады, қан төгіледі, ел босады. Сонда кешегі оны қолдаған халық қарғыс айтады деп шешті де қолын бастап, Гекенің арғы беттегі бекінісіне оқ жаудырады. Исатайдың басты ойы зеңбіректің бар-жоғын білу болатын. Исатайға қарсы ескі жауы, казак құрама отрядының

басшысы, подполковник Гекеге Баймағанбет сұлтанның отряды келіп қосылады. Осы сәттегі орыс әскерінің қимыл тактикасын Исатай білмеген болатын. Осыны пайдаланып Баймағанбет Айшуақов Исатайға тыңшы-қазақ жібереді. Ол өзін көтерілістің жанашыры Байұлы руының өкілі ретінде таныстырып, ауылын Баймағанбет тонап, малдарын тартып алды деп өтірік наразылық білдіреді. Бұл жалған мәліметке сенген Исатай бесжүз сарбазымен сұлтанға қарсы жорыққа шығады. Жансызға да керегі осы еді, жарты жол жүрмей көтерілісшілерден бөлініп, ол Исатайдың қарсы шабуылға шығып келе жатқанын хабарлап үлгереді. Жаудың жаулық ой түгелдей іске асып, Гекенің отряды Ақбұлақ өзенінің жарғабақ бетіне жасырынып, айналаға қойған бақылаушы топқа көтерілісшілер лап қойғанда, олар қаша жөнелді. Осы кезде жасырынып жатқан Баймағанбеттің негізгі күші ұрысқа араласып, Геке зеңбіректен оқ атуға бұйырық береді. Атылған зеңбіректен бе, әлде лақтырылған гранатаның біреуіме, бір топ жігіттерге түсіп, екі адам өліп, бірнеше адам жарақаттанады. Зеңбіректің сырына қанық Исатай жасағын сәл кейін шегіндіріп, қайтадан алға ұмтылды.

Осы кезде казак-орыс әскері мен Баймағанбет жасағы қарсы шабуылға шықты. Кенеттен Баймағанбет өзінің жасағын кері шегіндіріп, өтірік қашқан болып қулыққа басты. Ұрыстың қызған кезінде Баймағанбеттің жасағын қуып, Геке күштерінің артынан, екі жағынан қаптап келіп қалғанын Исатай байқамай қалады. Көтерілісшілер осы сәтте жаудан құтылып кетуге болатын еді, бір қараса Гекенің әскері қалып, Баймағанбет казак-орыс отряды және өзінің жасағымен өкшелеп қуып келеді екен. Осы кезде Исатай кейін бұрылып, жолдастарын тоқтатып, жүзге жуық майдандас, кәнігі батырлармен Баймағанбетке қарсы ұмтылады. Әпсәтте, шаппа-шап, қолма-қол ұрыс басталды да кетті. Исатай батырлары казак-орыстардың біраз адамдарын жайпап, шепті бұзып өте шығады, бірақ олардың екпініне ілесе алмаған біраз жігіт жау қоршауда қалып қояды. Соларды құтқарам деп Исатай жігіттерімен қоршауға тағы леп қойып, қоршаудағыларды ілестіріп алып, әскер шебін қайтадан бұзып шығады. Батыр осы кезде баласы Оспанның (19 жасар) қоршауда қалып қойғанын көріп қайта бұрылып, Оспанда, басқада жасақтарын құтқарып, Үбі, Қожахметтерді соңына ертіп, Шейітсайға қарай бет алады. Оларға қоршаудан сытылып шыққан Махамбет қосылады. Оспан казак-орыстардың найзасынан арқасынан жарақат алған екен. Исатай Махамбетке: «Жан жолдасым, Махамбет!» «Жұмыртқа үшін құс та өлер – ұяда жатқан шайқамай!» демеуші ме еді. Баламды бердім қолыңа, құтқара көр!» [3,330-б.] -дейді. Махамбет батырдың өлердей қиылып айтқан сөзін екі етпей, Оспан отырған атты шылбырынан сүйрей алға тартты. Олар ұсталмайтындай ұзап кеткенше артынан қарап тұрды. Оспанды аман-есен қуғыншылардан алып шыққан Махамбет, қасында Исатайдың ұлы Досмағанбет бар, Ойыл Қиыл арасындағы елге жеткенімен Оспанды өлімнен құтқара алмады.

Қуғыншылар Исатайды нысанаға алып оқ жаудыртып келеді, тиген оқ әлсіреп келеме, сауытынан өтпейді. Қуғыншылар Орынбор жасағынан Хорунжий Петровтың отряды еді. Исатай Үбі, Қожахметтерге жақындап қалған Урядник Иван Богатыревтің атын екі рет жаралап бетін қайтарып тастайды. Осы кезде Угольный станциясының казак-орысы Леонтий Зеленин Исатайдың атын нысанаға алып тигізе алмаған соң, аттан түсіп, жата қалып атады. Оқ аттың қыл мықынан тиіп, сүрініп барып қайта тұрып құлайды. Қуғыншылардың алдында келе жатқан Көбен Сүбіліұлы Исатайды найзамен іліп аттан түсіреді. Батыр жаяу соғысады. Өлгі үшеуі: Иван Богатырев, Леонтий Зеленин және Көбен Сүбіліұлы Исатайға жолай алмай тұрғанда казак-орыс жасағы келіп жетеді. Исатай қос тапаншамен атысып, жауларын жолатпай бір казакты өлтіреді. Оғы таусылып қалып қылыштасады. Осы кезде артынан аңдып келіп Көбен батырдың арқасына жабысады, оған Сәтбай мен Жапар келіп көмектесіп қолына жармасады. Алыс-жұлыс кезінде Исатайдың дулығасы шешіліп қалғанын көріп, Богатырев қылышпен батырдың шекесін қақ айырады, батыр құлайды. Исатайдың кеудесінен тапаншамен атып өлтіреді.

Бұрын жазғанымыздай Исатайды ұстап берген кісіге 500 сом күміс ақша тігілгенін. Оны ұстау қиынға соққаннан болар, осы сома екі есе көбейіп 1000 сомға жеткен түрі бар. Оның үстіне Баймағанбет өз атынан қосымша 2000 сом бәйге тіккен. Осы 3000 сомнан Көбеге тигені бар болғаны 25 сом. Өйткені Исатайды казак Зеленинде, Хорунжий Петровта аттым деп дау шығарған. Ақыры екеуіде 25 сомнан сыйлық алған. Қалған ақшаны иттей ырылдасып, бөлісіп алған[3, 336-б.].

Сөйтіп, казак халқының сүйікті, айбынды ұлы, бостандық үшін жанын пиде еткен Исатай Тайманов мерт болды. Азаттық үшін күрескен Исатай ойлаған арманына жете алмай, дүниеден өтті. Ол жаудан сескенбеді, қорқып тізе бүккен жоқ. Көтерілістің маңызын былай қойғанда, батырдың осылай өлуінің өзі ұрпақтарға үлгі емес пе? Ол батырлықтың да, адамгершіліктің де биік рухы қандай болуы керек екенін көрсетті. Исатай туралы оның қас жауы, отаршыл жендет Гекенің өзі: «Исатай өзінің көзсіз батырлығының құрбаны болды» деген. Мұны айтып отырғаны Исатайдың қашып құтылып кетуге толық мүмкіндігі болғанын меңзегені. Исатай бастаған көтерілістің ізі суымай зерттеген Н.Савичев Исатай туралы: «Тып-тыныш аспанды тілген жарық жұлдыздай зуылдай ағып барды да, кенет ғайып болды» деп жазса, А.Ф.Рязанов: «Исатай Тайманұлы казак халқының ұлттық батыры» деп қорытты [3, 331-б.].

Көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін патша өкіметі мен хан дала өңірінде бой тасалаған, көтеріліске қатысқан адамдарды қатыгездікпен қудалады, жазалады. Жазалаушы отрядтар көтеріліске

белсене қатыскандарды қолға түсіріп, көптеген ауылдарды талап-тонауға ұшыратты. Көтерілске қатысушыларға дүре соғылып, өлімші етіп жараланды. Каторгалық жұмысқа кесілді. Сібірге айдалды, мүліктері, малдары тәркіленіп, мәңгілікке жер аударылды. Исатайдың адал ағайынды серік-сарбаздары Нұрғыс, Ергіс, Көшім Сартовтар мен олардың әкесі Сарт Ералин ең ауыр жазаға кесілді. Ресми деректер бойынша көтеріліске белсене қатысқан 39 адам тергеусіз және сотсыз қамауда ұсталған, олардың біразы сотқа дейін-ақ түрмеде өліп кеткен [4, 1-2-5 п., 4-п.].

Ақбұлақ шайқасында өлген адамдардың нақты дерегі жоқ, әртүрлі баянатта түрліше: 60-70, 60-80, 60-100 деп көрсетілген. Ә. Сарайдың еңбегінде тіпті 60-тың өзі көптеу деген ой білдіреді. Ал, В.Вяткин Ақбұлақ ұрысында өлген адамдардың санын 80 деп көрсеткен [5, 262-б.].

Ал патша әскерінің шығыны бір баянатта Гекенің көрсетуі бойынша Исатай екі тапаншамен бір, екінші бір баянатта 4 казакты жаралады деп мәлімет берген. Ел аузындағы деректерде тек Исатайдың өзі патша әскерінің 8 адамын мерт еткен [3,333-б.] болса, басқалары қарап жатпаған болар. Исатай жігітерінің ішінде қиядағыны атып түсіретін сүр мергендер болған ғой.

Исатай мен Махамбет басшылық еткен шаруалар көтерілісі жеңіліс тапты. Оның ең басты бір себебі хан бастаған сұлтандар мен билердің отарлық саясат көздеген патша үкіметімен ымыраласып өз халқына қарсы шығуы еді. Басқаша болуы мүмкін еместе еді, хан билігін тек осындай жағдайда сақтап қалуға болатын.

Шаруалар қозғалысы кең көлемде тарай алмады, аясы тар және шектеулі болды. Қазақстандағы болсын, басқа да аймақтардағы азаттық қозғалыстармен байланыс болмады. Алайда көтерілісшілердің батылдығы, басшыларының ерлігі әлеуметтік бостандық жолындағы күрестің туын кейінгі ұрпаққа аманаттады, билеуші топты үрейлендірді.

Ақбұлақтағы шайқас ел аузында «Қиыл қырғыны» деп аталады.

Көтеріліс басылғанмен хан, билеуші сұлтандар мен олардың төңірегіндегілер көп уақыт бойы үрейлі күй кешкен. Жәңгір халық алдында өзін кінәлі сезіндіме, көтерілістен кейін құтқарылған мал-мүліктерін иелеріне қайтарып беру ісіне араласпай, үкімет шенеуніктерінің ырқына берген. Көтеріліс басылғаннан кейін бес жыл өтседе Жәңгір хан Орынбор шекара комиссиясына жолдаған бір хатында: «Исатай қарақшыларының арам ниетті қалдықтары да мені үнемі алаңдатып келеді», - деп жазған [4, 4-п.]. Оған дәлел 1843 жылдың басында Махамбеттің Жайық өзеніне жақын ауылдарға келгенін естіп, хан Шекаралық комиссияға дереу хат жазып: «Исатай қарақшыларының басшысы Махамбет Өтемісов соттың шепке жақындауына тыйым салынғанына қарамастан, соған жақын жерде тұрып жатыр, үнемі жағымсыз әңгіме таратып, Ішкі Ордадан қашқандарды өзіне қосып алуда» деген [4,7-п.]. Көтеріліске тікелей қатысқан тұлғалардың Исатай мен Махамбеттің, Жәңгір мен Қарауыл қожаның тағдырлары туралы қысқаша мәлімет беруді жөн көріп отырмыз.

Солардың бірі Исатайдың сүйегі қайда жерленген деген мәселе. Ұрыстан кейін көтерілісшілердің көбі қашып-пысып жан сақтаудың амалын ойлап, ұрыста шейт болған боздақтарды, оның ішінде Исатай батырды да жер қойнауына жайбырақат беруге мүмкіндік болмағаны белгілі. Дегенмен, патша әскері сол 12 шілде күні түскі тамаққа отырғанда, көтерілісшілер қорықпай шейт болғандарды жиып алып кеткен сияқты. Оларды дәл сол күні жер қойнауына беріп үлгерді ме жоқ па, ол жағы белгісіз. Бірақ, ұзаққа алып кете алмай Шейтсай мен Шолақмолда қорымының біреуіне жерленген деген әртүрлі пікірлер қалыптасқан және олардың мазмұны біріне-бірі қайшы, себебі сол пікірді айтушылардың, әрине бірде біреуі Исатайдың моласын дәлме-дәл көрсете алмайды. Олардың өздері анау айтты, мынау айтты дегендей дәлелі жоқ естігендерін айтады. Тіпті кейбірі Ақбұлақ, Шекемер, Қарағанды өзенінің бойында жерленген дегенді айтады. Ұрыстың болған жері Ақбұлақ өзенінің жоғарғы арнасы. Шолақмолда осы жерден батысқа қарай 8-12 шақырым, ал Шейтсай - 30 шақырымдай. Ақбұлақтан осы екі қорымның ара қашықтығына қарап бір топ Исатай Шолақмолда қорымында жерленген деген пікір айтады. Тіпті ұрыс қимылдары Шолақмолданың қасында болған деген дәлелдерін келтіреді. Екінші топ көтерілісшілер патша әскерінің бейқамдығын пайдаланып, өліктерді тез жинап алып, жаудың көзіне түспес үшін асығыс Шейтсайға жөнеліп, өліктерді және Исатайдың денесін сонда жерлеген деген уәж айтады. Осы әңгіме төңірегіндегі 2014 жылдың өзінде «Жас алаш» газетінде үш [12], тағы басқа баспасөз беттерінде мақалалар жарияланды. Бұл мақалалардың негізгі сарыны сол әркім өздерінше дәлел айтады.

Бұл туралы кезінде Алаш көсемдерінің бірі Халел Досмұхамедов:

«Исатай қырық тоғыз жасында 1838 ит жылы жеттің (шілде –Ж.О.) он екінші күні ұрыста өлді. Сүйегі Темір уезіндегі (сол кезде Ақбұлақ осы уезге қараған –Ж.О.) Қиыл деген өзеннің бойындағы Шолақмолда деген молада» [6,79-б.] – деп жазған.

Бөкей Ордасы мен Жәңгір хан және Исатай мен Махамбет басшылық еткен көтеріліс туралы қалам төсеп жүрген замандасым болар, Ғаділше Өтебәлі «Исатай батыр Шейтсайда жерленбеген, оның моласын Шолақмолда қорымынан іздеу керек [7] деген пікір білдіреді.

Исатайдың сүйегін табу мақсатымен Шейітсайда көптеген қазба жұмыстарын жүргізген атақты антрополог Ноэль Шаяхметовтің мына бір сөздері көп сұраққа жауап бергендей сияқты. «Кейде ойлаған істерің орындала бермейді екен. Оған Исатай бейнесін тірілту жолында тер төккен үш жылымның нәтижесіз аяқталғанын айтуға болады. Өкінетінім - сол жазда (1968 жылдың жазы) Шейітсайда батыр мүрдесінің қай жерде жерленгенін таба алмай қайттым» деген [7]. Қазба жұмыстарын жүргізген қабірлердің ішінен Исатай батырдың дене пішіміне ұқсайтыны табылмай, тек ең соңында бір қабірден Ноэль іздегендей екі дене шыққан. Сол кезде қабірге өзі түсіп, біреуінің бас сүйегін алып, тазалап, сыртынан орап, сөмкесіне салып Алматыға алып кеткен. Одан кейін ол бас сүйекті қайта орнына көмді ме, жоқ па, оғанда айтарлықтай дәлел жоқ. Ноэльдің өкінішіне қарағанда ол бас сүйек Исатайдікі болмағанға ұқсайды. Осы жерде оқырмандарды ойландыратын мәселе батырдың сүйегі Шейітсайда жерленгені күмән тудырады. Алайда оның сүйегі сол маңда жерленген болса – ол Шолақмолда зираты. Демек, Шолақмолда зиратында қазба жұмыстарын жүргізіліп жатса артық болмас еді. Қалай болғанда да бассыз дене табылса әңгіме бөлек.

Жоғарыдағы айтылғандардан мынадай ой түйгіміз келеді. Әрине ол біздің жеке ойымыз. Исатайдың сүйегі Шейітсайда да, Шолақмолда да жерленбеген. Жазалаушы отрядтың бейқамдылығын пайдаланып көтерілісшілер өліктерді жинап, алатындай мүмкіндік болған жоқ. Өліктердің ішінде Исатайдың денеесі жатса міндетті түрде қарауыл қойылуға тиіс. Сондықтанда, Исатайдың сүйегін өліктердің ортасында қалдыру көңілге сыймайды, тіпті мүмкін емес. Губернатор Перовский жазалаушы отрядтың командирі Гекеге әдейілеп Исатайды тірілей, не өлі денесін алып келіндер деп бұйрық берген жоқ па? Басын алып келуде екіталай, өйткені жоғарыда жазғанымыздай оның басындағы дулығасының шешіліп қалғанын көрген Богатырев батырдың басын қылышпен қақ айырған. Сонда деймін-ау, губернаторға батырдың жарты басын қалай алып барып көрсетеді? Жазалаушы отряд батырдың денеесін түгелдей Орынборға алып кетуі ақиқатқа жақындау сияқты. Н. Шаяхметовтың қанша тер төкеніне қарамай Шейітсайдан оның сүйегін таба алмауы осының айғағы. Біздің пікірімізше Исатайдың сүйегін Орынбордың айналасындағы мұсылман зираттарынан іздеу керек сияқты, бірақ табылуы екіталай. Осы мәселеге қатысты тағы бір айтатын пікір: қазір бізде жөнді-жөнсіз мазар-ескерткіш орнатқыштар көбейіп кетті. Біз оған қарсы емеспіз. Исатай батырға қатысты айтатын болсақ мазар ескерткіш жасау үшін, әуелі оның денесінің қайда жерленгенін, осы дәл Исатайдың моласы деген толық сенім болғанда ғана ақ қарасын айырғаннан кейін мазар салу дұрыс. Исатай бабамыз ондай құрметке ие. Ал, анықталмаған қабірдің үстіне осы Исатайдыкі деп мазар салу «белгісіз жауынгерге» ескеріткіш қойғанмен бірдей емес пе? Бұл атың шықпаса жер өрте» дегеннің сиқы деп айтудан басқа амал жоқ. Әңгіменің ақиқатына келсек жерленген демеі қайтыс болған жері деп шайқас болған жерге белгі қойса әңгіме басқа.

Ішкі Орда қазақтары көтерілісшілерінің басшысы Исатайдың өлімінен кейінгі ел тағдыры мен батырдың өлімі және сүйегінің қай жерде жерленгені туралы біраз жаздық, енді батырдың саяси көмекшісі, көтерілістің идеологы – Махамбет өмірінің беймәлім беттері мен тағдыры туралы аз-кем сөз етелік.

Бізді көп ойландырып, толғандыратыны – Исатай қаза болып, көтеріліс жеңіліспен аяқталғаннан кейінгі кездегі Махамбеттің іс-қимылдарынан мәлімет өте аз. Ел есінде қалған дерексіз әңгімелерге сенсек, қол жинауға Хиуаға барған, бірақ ол ойы іске аспағанға ұқсайды. Басылымдарда жарық көрген Махамбеттің өлеңдерінен байқайтынымыз, оның Исатайдың өлімі мен көтерілістің жеңілісін өксіген өжеттікке беріліп, кейде бес қаруын беліне байлағандай тебіреніп: «Желп-желп еткен ала ту, жиырып алар күн қайда, орама мылтық тарс ұрып, жауға ататын күн қайда, жалаулы найза қолға алып, жау тоқтатар күн қайда», -деуі Махамбеттің азаттық үшін әлі де қолға қару алып шығуды аңсағанын білдірмей ме? Махамбет Хиуадан қайтып келгеннен кейінде, ішкі жақтан қол жинап, жауға тыңнан шабуыл жасауда ойында болса керек. Ішкі Ордаға кіруге тиым салынғанына байланысты күш жинауды Кіші жүзде іске асырмақ болған. Патша үкіметінің жазалау отрядының және хан жасақтарының жазалауынан қорыққан қазақ шаруаларының Махамбеттің соңынан еріп, жаңа көтеріліске қатысу құлқы болмаған және Исатайға қарағанда Махамбеттің ақындық жағы артық болғанмен, ұйымдастыру, қалың халықты соңынан ерту жағынан әрине кемістігі барын мойындау керек. Осындай ойлары іске аспағаннан кейін, патша үкіметі мен Жәңгірдің қолдауымен Баймағанбет сұлтан Махамбеттің көзін құртуға жұмыстанады. Отбасымен бірге тұра алмай құба түзде панасыз да шарасыз, жай-күйсіз, көрінгенге көзтүрткі болып күн кешеді.

Сөйтіп жүріп, халықтың мұнын мұндап, жоғын жоқтап жүрген абзал ақын Баймағанбет сұлтанның жұмсауымен жіберілген бес жендеттің (Төлейдің Ықыласы, Боздақтың Жаңабергені, Нұралының Мұсасы, Өтеулінің Жүсібі, Тұрымның Төрежаны) қолынан қаза табады. Өкініштісі сол, осылардың ішінде өзіне ет жақын туыстары да болған. Тіпті, Ықыластың туыстығы бір-екі аталық болса керек. Баласы Нұрсұлтан: «Көке, ауылға беттеп 5-6 атты адамдар келе жатыр» деп хабарлағанда, Махамбет оларды танып: «Е, тәйір, бауырларым екен ғой» [6] деуі, дәлел болғандай. Махамбет байсалды, сақ, жаужүрек, сезімтал, өліспей берілмейтін тұлға. Соған қарағанда оны қапыда қолға түсірген. Оның өлтірілген сәті де әртүрлі

айтылады. Бір көріністе Махамбет жекжат жақынының үйінде отырғанда жаулары басып кіріп, оның бірден басын шапқан десе, екінші бір әңгімеде Махамбет өз үйінде отырғанда жаулары байқатпай келіп, байлаулы тұрған атын босатып, қашуға мүмкіндік бермей, үлкен айқас кезінде өлтіріп, басын алып кеткеніне отбасының мүшелері де куә болған екен дейді. Шындыққа жақыны осы екінші, Ықылас қатысқан әңгімеге жақын. Ықылас Махамбеттің жаулыққа қимайтын сыйлас адамы болса керек, бірақ ол адамдық, сыйластық қасиетті қараниеттілікке айырбастаған. Бұл оқиға 1846 жылдың қазан айы болса, тура бір жылдан кейін – 1847 жылдың қазанында ақынның ағасы Бекмағанбет Шекара комиссиясына қылмыстық істі тоқтатып, қазақ салты жолымен келісімге келгендері туралы арыз берген дейді. Олай болса оны зорлап көндіргеніне күмәндануға бола ма? Сайып келгенде, Махамбет өмірінің белгісіз, ақтаңдақ беттері жетерлік. Оның ақиқатына біздер тек мұрағат материалдарына қол жеткізу арқылы жете аламыз. Бұл жолда іздену, зерттеу, тың материалдар табу болашақтың ісі. Осының нәтижесінде Махамбет өмірінің жаңа тұстарын, іскимылдарын, ақындық, батырлық жолдарынан молынан мәліметтер алуға болары хақ.

Исатай мен Махамбеттен басқа көптеген көтеріліс сарбаздары шейіт болғаны тарихтан белгілі. Олардың барлығына тоқтап кетуге де мүмкіндік жоқ, рухтары кешіреп, бірақ халық жадында сақтаулы.

Көтерілісшілерге қарсы шығып оқ аттырғандардың қатарында Жәңгір, Баймағанбет сұлтан және Қарауыл қожалардың болғаны тарихтан білеміз. Осылардың ішіндегі Қарауыл қожа арандатып айдап салып, көмектескені болмаса қолына қару алып көтерілісшілерге қарсы оқ атпаған сияқты. Олардың да көтерілістен кейінгі тағдырлары оқырман үшін беймәлім болуы әбден мүмкін. Осыған орай олар туралы да мәлімет бере кетейік.

Көтеріліс басылғаннан кейін Жәңгір жабырқаулы күй кешті. Мүмкін ол өзін халықтың алдында кінәлі, үкімет алдында дәрменсіз болғанын сезінеді ме екен, көп істерге араласпай билікті аз уақыт болса да үкімет шенеуніктерінің ырқына беріп қойған сәттері де болды.

Жиырма жылдан астам хандық билік құрған Жәңгірді біреулер жұмақта өмір сүргендей етіп көрсетеді. Ел билеу, әсіресе Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістен кейін оңай болған жоқ. Халық өзгерді, үлкенді тыңдау, ханнан имену, сыйлау, сөзге тоқтау жайына қалып күдікшіл, айғайшыл, ашушаң мінез көрсететін болды. Осылардың ішіндегі Жәңгірдің жанына батқаны, оған арнап: «орысқа бізді қай күні сатып жібереді», - деген сөз өте ауыр тиді. Тіпті «орысқа шоқынған» дейтін сөзге ханның жүйкесін әдбен шаршатты. Патша сарайы төңірегіндегі хандыққа қарсы күштер атысып-шабысып жатқанда, 1837 жылы 15 қаңтарда Сенат «Хан құны 30 сомнан аспайтын даулы істерді ғана қарауға құқылы, басқасын орыс әкімшілігінің соты қарасын» деген шешімі ханды қуыршаққа айналдыру еді. Бұл дегеніңіз хандықты жойып, Орда билігін Уақытша кеңеске беру болатын. Осының бәрін ұқтырам деп біреуге тілі тиіп, біреуге таяғы батып жүргенде 1840 жылы патшаның мейірімі түсіп, оған генерал-майор әскери шенін, дворян атағын беріп, I дәрежелі қасиетті Анна орденімен марапаттап, оқалы шапан жауып, беліне «Ерлігі үшін» деген арнайы қылыш байлап көңілін біраз сергітіп тастаған болатын.

Бірақ көңілдегі қорқыныш бүтіндей сейілген жоқ болатын. Көлденең кетіп бара жатқан көк атты кездесе, осы мені атып кетпейме деп қауіптенетін күй кешті, тұщы ұйқысы бұзылды, есікті кілттеп, күзетті күшейтті. Осының соңы Жәңгірдің денсаулығы бұзылып, қан қысымы көтерілетін дертке айналды.

Қорыққанға қос көрінеді дегендей Жәңгір орыс дәрігерлерінен де қауіптеніп, қазақ еміне жүгінеді. Осы кезде Орал-Орынбор аймағында дағыстандық Зигмуддинов деген бақсы жүргенін естіп, балдызын жіберіп алдыртады. Бұл 1845 жылдың көктемі болатын. Емші әуелі осы кезде науқастанып жүрген Фатимадан, сосын Жәңгірден қан алады. Екеуіде сергектеніп, жақсарып қалады. Риза болған хан емшіні құдайы қонақ жасап, саятшылық құрғызады.

Емші Жәңгірден екінші рет қан алып, асығыс танытып еліне қайтып кетеді. Арада бір апта өтер-өтпестен ханның денсаулығы нашарлап, аяқ астынан ішкі құрылыстары бүріп, ондалап қалады. Дәрігер шақыртып, оның келуін күтпей бірталай қазақ емдерін жасап, құсады. Келген дәрігер оған ұстамалы «қояншық» (эпилепсия, припадок) дерті деген диагноз қояды. Хан осы аурудан ба, әлде басқа да дерті болды ма, 1845 жылдың 11 шілдесінде, 44 жасында қайтыс болды.

Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Үбі батыр Жәңгірдің жанына сая болар деп дағыстан емшісін шақыртқанын естіп, әдейі оны іздеп барып, қалайда Жәңгірді өлтір деп барлық байлығын берген. Емші екінші рет қан алғанда у араластырып жіберген деген қауесеттер бар. Келесі бір әңгімеде ханның өліміне, өлердің алдында үйленген жас тоқалы Зылихадан (кейде Салиха депте аталған) зорығып өлді дегенде әңгіме тараған [3,395-б.].

Жәңгірдің өліміне байланысты аңызға айналған күмәнді жайттар жетерлік. Соның бірін жоғарыдағы дағыстан емшісі Зигмуддиновпен байланыстырғанбыз. Екінші аңыз-әңгімеде осы кісіні еліне алып келіп қонақтап жүргенде, ол Жәңгірдің шашын ұстарамен алатын көрінеді. Абайсызда ма, әлде әдейі ме у жағылған ұстарамен кесіп алады. Ханның өлімін осы жәйттен де көреді. Оның өтірік-шынын қазір

ажырату мүмкін емес. Дегенмен, оқиғаның бір адаммен байланысты болуына қарағанда Жәңгір қазасына тікелей дағыстан емшісі қатыстыма деген ой туады. Осымен байланысты Жәңгірдің өліміне Орынбор генерал-губернаторы В.А.Обручев, Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы М.В.Ладыженский айтарлықтай қинала қоймаған, тіпті ресми түрде қазаға көңіл айтқандары туралы да мәлімет кездеспейді. Осыған қарағанда Зигмундинов патша шенеуніктерінің жалдамалы агенті болуы да мүмкін деген ой келеді. Өйткені, Жәңгір патша үкіметінің хандықта Ресейдің басқару жүйесін енгізуге, орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыруға, христиан дінін енгізуге, сұлтандардың құқын тарылтып, басқару аппаратын орыс әкімшілік жүйесіне ыңғайлау сияқты алда күтіп тұрған өзгерістерге қарсы болатынын орыс шенеуніктері түсінген. Бұл алдағы жоспарларды іске асыру үшін Жәңгірдің көзін құрту олардың күн тәртібінде тұрған басты мәселе болған сияқты.

Ішкі Орда тарихында, қала берді Исатай – Махамбет бастаған халық-азаттық көтерілістің бел ортасында, азаматтық пен адалдықты көтерілісшілерге қарсы қойғандардың бірі Баймағанбет Айшуақов. Ол ел билеуге 1815 жылдан бастап араласып хан тарапынан да, патша үкіметінің ілтипатына бөлініп бірнеше лауазымдар мен сый-сыяпаттарға ие болған. Соның бәрін тізбектемей-ақ, тек Махамбетті өлтіру үшін құлшынғанын айтса да болды емес па? Осы еңбегі үшін 1847 жылы 27 ақпан күні Николай I патша ағзам оған генерал-майор шенін берген. Содан қайтып келе жатқанда ма, әлде басқа уақытта ма, сол генерал шенімен жалған дүниеден хош айтысқан. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге сенсек, ол былай болған: Көңілі толып, патшаның қолын алып, қошеметке бөленгені бар, елге жетуге асығып келе жатқанда көктемнің жылуымен Елек өзенінің мұзы қозғалып өтуге кедергі жасаса керек, сұлтан ешкімді тыңдамай паром-салмен өтудің орнына өзеннен қайықпен өтем деп бұйырған ғой. Електің ағысы қойсын ба, әп-сәтте қасындағы алты төресімен бірге сең ағызып су түбіне кетіреді.

Осы күтпеген өлімнің бір куәгері, кезінде Баймағанбеттен Махамбеттің басын даулаған бажасы Асаубай Құдайкеұлы болды дейді. Сұлтанның суға кетуін осы Асаубайдың әрекеті депте айтады. Сол тұста Електің екінші жағында 4-5 серіктерімен Үбіде болған [3,397-б.]. Егер Баймағанбет Електен аман-есен өтіп кетсе, қарсы жағада тұрған Үбілер жай тұрмаған болар. Сұлтанның дәмі қалай болғанда да осы жерде таусылатыны шешіліп қойғанға ұқсайды. Мүмкін солайда болар, «есепсіз ештеңе жоқ, бас басты жұтады» деген қазағымда бар емес пе ?

Ішкі Ордадағы келесі бір тұлға Бабажанов Қарауыл 1775 жылы дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі Қарауыл, кейін есіміне қожалық әулетін жалғап Қарауылқожа аталып кеткен. Бөкей сұлтан патшаның рақымымен Еділ мен Жайық арасына қоныс тепкенде Қарауылда рұқсат алған, Бөкей берген билет бойынша (емін-еркін жүру үшін берілген) Жайықтың екі бетіне әрі-бері өтіп жүретін. Бірақ түпкілікті мекені Ішкі Орда болып қалды. Қарауылқожаның екі әйелі: бірінші бәйбішесі қожаның қызы Ұлбиден үш ұл (Көпболсын, Мұхамет, Мұстафа), екінші Пірәлі ханның қызы Жәмиладан – төрт (Мұхамедсадық, Мұхамедсабыр, Сапа, Сейіт) есімді ұлдарымен ұрпақ жайған. Төрт қызын Орданың шенді-шекпенділеріне ұзатып, беделін де, әлеуметтік тірегінде мызғымастай орнықтырған. Ең кіші қызы Зылиханы (Салиханы) жастай Жәңгір ханға тоқалдыққа бергенін жоғарыда айтқанбыз.

Бабажановтың 1805 жылдан бастап беріш руының старшыны, 1834 жылдан бастап 3-4 жыл 1-Теңіз бөлігі адай руы қазақтарын басқарған уақытта халыққа жасаған жақсылығы мен жамандық жақтары болған. Ішкі Орданың көрші Орынбор, Саратов, Астрахан, Орал жоғары топтарымен жақсы қатынаста болуымен байланысты теңіз өңірінің халқына сырттан аса қажетті астық, азық-түлік, қолөнер бұйымдарын үстеме бағамен сатса да халықтың мұқтажын қанағаттандырып отырды. Орыс помещиктерінің жерлерін жалға алып, қазақтардың теңіз жағалауына қыстап шығуға қол жеткізді. Астрахан шенеуніктерімен соттасып, княгиня Багратион тарапынан заңсыз салынған айыппұлдарды дәлелдеп шықты. Алпауыттардың, әсіресе Юсуповтың иелігінен жұтқа тап болған қазақтарға балық аулауға үкіметтен рұқсат алып беруінің өзі бір төбе. Әрине Қарауылқожаның халыққа жасаған қысымшылығы да жоқ емес. Әсіресе ханға қайыната болғаннан кейінгі уақытта олар негізінен орда жерінің шұрайлы бөлігін орыс помещиктерінен жалға алып, аса көтеріңкі бағамен шаруаларға қоныстануға, мал жаюға, шөп шабуға, балық аулауға, бау-бақша егуге беріп отырды, өзі де мөлшерден әлде қайда артық жер иемденді. Осы қылықтары үшін хан 1837 жылы Исатайдың арызы негізге алынып, генерал-губернатор Қарауылқожаның старшындықтан түсірді. Бірақ ол бөкейліктегі билік басындағылардың арасында ықпалын жоғалтқан жоқ. Сондықтан да Жәңгір оны әкімшілік қызметке қайтаруды ойлап, 1845 жылдың қаңтарында Шекара комиссиясына мәлімдеме жасайды. Шекара комиссиясындағылар Бабажановтың кезінде старшын Таймановты қызмет бабымен, теріс әрекеттері үшін қудалағанынан басқа кінәрат таба алмай, оның патша үкіметінің сеніп тапсырған, Ф.Бергтің Арал мен Каспий жағалауына жасалған экспедиция жұмыстарына қатысқанын еске алып, осы көмегі үшін оған әскери капитан дәрежесіне сай келетін есауыл шенін бергенді бағалап, бұрынғы атақ-дәрежесі қайтарылып берілді. Көп кешікпей Жәңгірдің дүниеден өткеніне байланысты Қарауылқожаның беделі де әлсіреді. Теңіз

жағалауындағы билік жаңа буынға, оқыған білімді жастарға ауыса бастады. 1850 жылы Қарауылқожа қайтыс болып, оның иелігіне баласы Мұхамедшах рубасы болып тағайындалады.

Қарауылқожа Исатаймен қанша араз болғанмен көтеріліс кезінде патша үкіметінің, хан әскеріне көмектескені туралы ешқандай мәлімет кездестіре алмадық. Осыған қарағанда кімге болса да атыс-шабысты тілемегенге ұқсайды.

Исатай мен Махамбет бастаған азаттық көтерілісті, ондағы қарсы екі жақтың іс-қимылдарына, көтеріліске қатысқан тұлғалардың одан кейінгі тағдырларына талдау жасап мынадай түйін жасауға болатын сияқты.

Біріншіден, шаруалар көтерілісі жеңіліс тапты, өйткені хан билігі мен билеуші-сұлтандардың жағында күш-қуаты жағынан басым, патша үкіметінің жазалаушы отряды болды. Бұрын зеңбіректің атылғанын естімек түгел, атында естімеген қарудан көтерілісшілердің қорқыныш үрейі, абыржу, бірқатар бөлігінің көтерілісшілер қатарын тастап кетуге дейін барды.

Екіншіден, көтерілісшілердің нақты саяси жоспары болған жоқ, тіпті көтеріліс жеңген жағдайдың өзінде әрі қарай қандай әрекет жасайтындары белгісіз болды. Хан мен оның айналасындағы билеуші-сұлтандарды тақтан тайдырып немесе өлтірсе іс бітті дегендей сипат алды. Қалың бұқара көтеріліске бірыңғай ниетті болмағандай.

Үшіншіден, Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс тек Ішкі Ордамен шектеліп қоймай, Кіші жүзге тарады, демек ол ортақ тарих. Ол отарлық қанауға қарсы, ел ішіндегі өз мүдделерін қорғаған мансұқ топтарға қарсы ұйымдасқан ішкі азаматтық майдан.

Төртіншіден, қазақ даласында қиын-қыстау кезеңдерде елге тірек болған, қалың жұртты төңірегіне жинай білген тұлғалар болған. Исатай мен Махамбет те осылардың қатарында. Өкінішке орай, олар оқиғаны таразылап, оңды-солды есептеп, бір тактикалық әдістерге сүйенетін саясатшыл күрескер емес еді, олар көбіне күшке, көзжұмба ерлікке сүйенеді.

Бесіншіден, көтеріліс басшылары алға қойған мақсатына жету үшін отаршылдар алдында тізе бүгіп, кінәліміз деп жалбарынып, шен-шекпен, дәреже дәметкендер емес, ымыраға көнбеді. Қарсыластарын өлтірсек болды, қоғам өзгеретіндей сезінді. Олардың өлімге өз бастарын тігуінің де мәні осында еді.

Алтыншыдан, жау қазақ халқының азаттық үшін күресте бәйтеректей батыр Исатай мен аламан ақын Махамбеттің көзін жойғанмен, олар бастап кеткен іс аяқсыз қалған жоқ. Оған дәлел біз бүгін Тәуелсіз елміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. РФ Орынбор Облыстық Мемлекеттік Мұрағат (бұдан әрі – РФ ООММ). 6-к., 10-т., 7691-іс.
2. Боранғалиұлы Т. Жәңгірхан – Алматы: «Абзал-ай», 2014. – 528 б.
3. Сарай Ә. Исатай-Махамбет тарихы. Зерттеу. – Алматы: «Өлке», 1997.-387 б.
4. ҚР орталық Мемлекеттік мұрағат (бұдан әрі-ҚРОММ). 78-к., 1-т., 93-іс; 150-іс.
5. Вяткин М. Очерки истории Казахской ССР.- 1-т. – Алматы: Казгосиздат, 1941.-368 б.
6. Досмухамедұлы Х. Аламан. – Алматы: «Қазақстан», 1991.-190 б.
7. Сәрсембина Б. Исатайдың сүйегін таппай жатып, оған қалай мазар тұрғызамыз.// Жас алаш – 2014, 22 шілде; Жұмағалиев Ж. Исатай Шейтсайда жерленген.// Жас алаш-2014, 5 қыркүйек; Өтебәлі Ғ. Исатай қайда жерленген. // Егемен Қазақстан – 2014, 30 қаңтар; Киеге де ие керек. // Жас алаш. – 2014, 28 қазан.

Жанымхан Ошан

Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты

КӨНЕ ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ӘМІРШІ БОГУ ҚАҒАНҒА ҚАТЫСТЫ АҢЫЗДАҒЫ ЕСКІ ДІНИ НАНЫМДАР

Аңдатпа. Ұлы даланы қоныстанған байырғы көшпенділер арасында аты әріден қалған Богу қаған атты тарихи тұлға бар. Тарихи еңбектерде айтулы тұлғаның есімі көбіне XIII ғасыр қарсаңындағы Идиқұт билеушілерінің ата-бабасы ретінде көрсетіледі, дей тұрғанмен ол аталған кезеңдегі бір қатар тайпалардың этногенезімен байланысты болып шығады. Ал, Богу қағанға қатысты аңыздың нақты мазмұны болса ұлы дала тарихындағы аса байырғы діни нанымдармен сабақтасып отырады.

Түйін сөздер: Түрік тайпалары, аңыз, Богу қаған, ағаш тотемі, Қаракорым

Ошан Жанымхан

Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова

ДРЕВНИЕ РЕЛИГИОЗНЫЕ УБЕЖДЕНИЯ В МИФАХ О БОГЮ КАГАНА-ВЕЛИКИЙ ПОВЕЛИТЕЛЬ В ИСТОРИИ ДРЕВНЕ-ТЮРКСКИХ ПЛЕМЕНИ.

Аннотация. Эта статья содержит информацию о Богу Кагане, исторической фигуре и легендах о нем, которые сохранились среди тюркских народов до XIII века и в исторических работах Востока. Некоторые части содержания легенды тесно связаны со старым мировоззрением и религиозными убеждениями кочевников.

Ключевые слова: Тюркское племя, Легенда, Примитивное поклонение, Религия, Тотем дерева, Богу-хан, Каракорым

Oshan Zhanymkhan

The Institute of Oriental Studies of R.Suleymenov

OLD RELIGIOUS BELIEFS OF IN LEGENDS ON BOGU KAGAN, A GREAT RULER IN THE HISTORY OF OLD TURKIC TRIBES

Abstract. This article contains information about Bogu Kagan, a historical figure, and the legends about him which were preserved among the Turkic peoples until XIII century and in the historical works of east. Some parts of the content of the legend are closely related to the old world outlook and religious beliefs of nomads.

Keywords. Turkic tribe, Legend, Primitive worship, Religion, Tree totem, Bugu Khan, Qara-qorum

Кіріспе

Көшпенділердің өз генеалогиялық аңызын көк бөрімен, қарға-құзғынмен қатысты баяндауы туралы алғашқы хабарлар Усун мемлекетінің тарихына қатысты б.з.д. II ғасырдың аяғында хатқа түскен еді. Онда баяндалғанындай бір кездері Усун еліне көршілері Юечжилер шабуыл жасап, тұтқынға түскен Усун бекзадасының қол-аяғын шауып иен далада тастап кетеді. Осы кезде оны қаншық қасқыр емізіп, қарға-құзғын жемтік әкеп беріп бағып-қағып, аман сақтап қалады. Түркі-моңғол тайпалары арасында өздерін мұндай көк бөрімен және басқа аң-құспен қатысты баяндауы олардың келесі мың жылдықтар тарихында өз жалғасын тапқаны түрлі әдебиет беттерінен жиі кезігіп отырады. Алайда дәл осынау тарихи кезеңде біз жекелеген тайпалардың өз генеалогиялық шежіресін аң-құспен байланысты баяндаумен қатар ағашпен, орман-тоғаймен қатысты баяндайтын жағдайға куә боламыз.

Бізге жеткен мұндай ресми мәліметтің хатқа түскен мезгілі мейілінше кейінгі дәуірге, атап айтқанда моңғол дәуіріне дейін Бесбалық пен Тұрпанда билік еткен Ұйғыр Ідұқ-құты билеушілерінің ата-бабасына қатысты баяндалады. Соған қарамастан аңыздың қатысты мазмұндары бізді өте ерте замандардағы көне түркі жұртына бастап апарды әрі аңызда сақталған кей мазмұндар ұйғыр тайпалары ауқымынан шеттеп шығып басқа да түркі тайпалары арасына қарай өрістей түседі.

Қытайдың ресми 24 әулеттік тарихының бірі болған «Юаньши» кітабінің авторлары моңғол жорығына дейін билік құрған Ұйғыр Ідұқ-құт мемлекеті билеушісі Барчұқ-арт-дігін Ідұқ-құтқа айтулы еңбектен арнаулы тараушада орын бере отырып, аталған тарихи тұлға мен ол билеген елдің тарихы туралы

бірсыпыра мәліметтерді жазып қалдырған. Сондай мәліметтер қатарына Ідүк-құт билеушілерінің арғы ата-бабасы мен олардың бастан кешкен тарихы туралы жартылай аңыз түрінде сақталып келген дүниелер де хатқа түскен [1, 2999-3002-бб.; 2, 179-186-бб.].

Ідүк-құт әулетінің арғы ата-бабасы туралы дәл осындай мазмұндағы дерек «Юаньши» кітабындағы Барчүк-алт-дігінге арналған арнаулы тараушадан өзге Бесбалықтан шыққан бірқатар тарихи тұлғаларға қатысты әдеби ескерткіштерде де сақталған. Сондай ескерткіштер қатарында «Гаочан ваны ескерткіші» [3, 24 ц.], «Инянчжэн ескерткіші» [4, 240-б.], «Жунлугун ескерткіші» [5, 21 ц.] «Гаочандық Се әулетінің өмірбаяны» [6, 11 ц.] деген ескерткіштер кездеседі.

Ең маңыздысы дәл сондай аңыз Қытай деректерінде сақталумен бірге, ұқсас мезгілдегі Парсы авторларының және басқа да елдердің дерек көздерінде де жазылып отырған. Соның ішінде Жувейнидің әйгілі еңбегінде бұл мазмұндар өте-мөте толық баяндалған. Міне сондай мазмұндағы аңыз түрі Марко Полоның әйгілі саяхатнамасында да кездеседі. Түрлі әдебиеттерге жазылған бұл аңыздар мазмұнының бір-бірімен мейлінше сәйкес келуі ерекше ескеруге тұрады. Мұндай жағдай ең бірінші Ұйғыр Ідүк-құттарының арғы ата-бабасы туралы әріден бастау алған аңыздың аталған тарихи шығармалар жазылған дәуірде аса кең ауқымда таралған аңыз болғанын көрсетіп береді.

Төменде біз сол тарихи шығармалардың кейбіреуінде сақталған мазмұнын көрсетіп өтуге кезек бермекшіміз. Сонымен, айтулы аңыздың «Юаньши» кітабы мамұнынан орын алған нұсқасы былайша баяндаған:

«Ұйғыр Баэршу аэртэ дэцзинь Идуху дегендегі «Идиху» деген Гаочан мемлекеті [*Қарақожа//Qaraqhodja*] билеушілерінің атақ-мәртебесі еді¹. Олардың арғы ата-бабалары Ұйғыр жерінде тұрған². Ол жерде Хэлинь тауы [*Қорым тауы, яғни Қарақорым//Qara-Qorum*] деген тау және сол таудан бастау алатын екі өзен бар еді. Оның бірі – Тухула [*Тогала: toyla/twyla*], екіншісі – Сюэ лин гэ [*Селеңге//Selenge*] деп аталған. Күндердің бір күні болғанда, аспаннан ғажайып бір нұр көрініпті де, сол нұрдың сәулесі бір түп дарактың үстіне келіп түсіпті. Екі өзеннің арасында тұратын адамдар әлгі дарактың қасына барып, даракты сырттай байқап жүріпті. Құдіреттің ісінше бір кезде әлгі дарактың діңінде бөртеш без пайда болыпты. Одан соң дарактан жүкті әйелдің нышандары біліне бастапты. Осыдан бастап баяғы нұр дәйім жарқырап тұратын болады. Сонымен, тоғыз ай, он күн дегенде дарактың қабығы жарылып, одан бес ұл туыпты. Бұл жердің тұрғындары жаңа туған нәрестелерді бауырына салып, оларды асырап, сақтапты. Балалардың ең кішісінің аты Бу[гу] кэхань³ деп аталыпты. Ол ержетіп, елі мен жерін басқаруға шамасы келген кезде, халқы оны хан көтеріпті. Осылайша арада отыздан аса хан билік құрып, Юйлюнь дэцзиньнің заманына жеткенде, ол Тан еліне неше мәрте жорық жасап, олармен соғысыпты. Ақыры екі жақ ымыраға келіп, бір-бірімен құда-андалы болып, арадағы жаугершілік соғысты тоқтатып, халық пен әскерге тыныш заман орнататын болып келісіпті. Сөйтіп Тан елі өзінің Цзиньлянь деген гунчуын [*қызын*] дэцзиньнің [*Юйлюнь дэцзиньнің*] мұрагер ұлы Гэли дэцзиньге ұзатады, ол Хэлиньдегі [*Қорым тауы//Қарақорым*] Белиболида деген тауда тұрды. Бұл тау қатындар тұратын тау делінетін еді... [1, 2999-3000-бб.; 2, 179-180-бб.].

«Юаньши» кітабындағы аңыз міне осылай жалғаса береді. Дәл осы аңыз келесі бір тарихи жәдігерлік еңбек – «Гаочан ваны ескерткіші» мазмұнында былайша баяндалған:

«Гаочаннан шыққан тарихи тұлғалардың ата-бабасына қатысты мынадай аңыз бар. Ұйғыр жеріндегі Хэлинь тауынан [*Қорым тауы // Қарақорым*] бастау алатын екі өзен болған. Оның бірінің аты Тухула [*Тогала: toyla/twyla*] деп аталған. Бір күні күн батып кеш болған кезде, аспанда бір жарық нұр көрініп, артынша бір түп ағаштың үстіне келіп түсіпті. Екі өзеннің аралығын қоныстанған халық мұны көріп, істің

¹ «Юаньши» кітабы аталған тарихи тұлғаның аты мен титулын «*巴儿术阿而忒的斤亦都护* (Баэршуаэртэ дэцзинь идуху)» деп хаттаған. Қазіргі кезде Хань Жулинь қалпына келтірген: «*Bachuq-Alt-Digin Iduq-qut*» деген басшылыққа алынып келеді (7. 316 б.). Мұнда көрсетілген «Ідүк-құт» титулы туралы ең бірінші дерек бізге «Білге қаған» ескерткішінде кездеседі. Онда: «*Jigirmi jašima bašmīl idīq qut oyušim bodun ārti*» (жиырма жасымда басмыл ыдықұт рулары халық еді...) делінеді [8, 47-б.]. Міне солай түрік тайпалары тарихында бұл титул ең бірінші басмыл билеушісінің ең жоғары атағы ретінде белгілі болды; Ідүк-құт сөзі моңғол дәуіріндегі қатысты шығармаларда *Iduyut* («Күпия шежіреде») және *Idī-qūt* (Рашид ад-дин кітабында) т.б. түрінде кездеседі.

² Еңбек мазмұнындағы бұл географиялық атау «Ұйғыр жері» дегенді білдіреді, мұндағы көне ұйғыр жері негізінен алғанда қазіргі Орхон, Толы және Селеңге өзендерін орталық еткен бұрынғы Түркі қағанаттарының ескі жұртын айтып отырған еді.

³ «Юаньши» кітабының біз пайдаланып отырған «ЧХШЦ» нұсқасында: 不[古]可汗 (*Бу[гу]кэхань*) деп хатталған. Дегенмен «Гаочан ван ши сюнь вэй» («*高昌王世勋碑*») деген еңбекте оның: 卜古可罕 (*Бугу кэхань*) деген толық аты-жөні жазылған.

артын бағыпты, бір кездері ағаштан бөртеш без өсіп шығып, кәдуелгі жүкті әйелдің белгілері біліне бастапты. Осы кезден бастап әлгі нұр үнемі түсіп тұратын болыпты да тоғыз ай, он күн дегенде ағаштың қабығы жарылып ішінен бес бала шығыпты, адамдар оны бауырына басып, мәпелеп бағып-қағыпты. Олардың ішіндегі ең кішісінің аты Бугу хан екен, ол ержете келе елі мен жеріне ие болыпты, сөйтіп оны хан сайлапты.... арада 30 неше хан өтіп, Үйлинь тегіннің заманына жеткенде елде алапат жұт болып, халық күйзеліске түсіпті, тақ мұрагерлері арт-артынан қайтыс болыпты, сонымен Цзяочжоу аймағына қазіргі Хочжоу аймағына [Тұрпанға] қоныс аударған екен [3, 24 ц.].

Аңызға айналған тарихи тұлға Бөкү қағанға қатысты осы аңызды жазып қалдырған келесі еңбек мәтінінің ұзын ырғасы осыған сәйкес келеді, жалпы айтқанда онда да сол тектес мазмұндар қайталанып отырған:

Марқұм Иньяньчжэнь, Вэйвуэр [Ұйғыр] азаматы, оның арғы аталары сол мемлекеттің ел басы болған. Олардың елініде екі түп ағаш болыпты, әлгі екі түп ағаш бірі-бірімен қауышып, [кейін] екеуінің ортасынан бөртеш пайда болыпты. Ағаш жарылып, ішінен бес бала шығыпты. Олардың төртеуі өліп біреуі ғана тірі қалған екен, ел оны пір тұтып, құрмет көрсетеді. Оған өз елінен қыз беріп, мәңгілік құда болуға уағдаласып, мемлекетті соған басқартыпты [4, 240-б.]. Көріп отырғанымыздай бұл деректемеде баяндалған мазмұн жоғарыдағы деректемелермен салыстырғанда шағындау, соған қарамастан онда тағы аздаған өзгешеліктер де сақталған.

Қытай деректемелеріндегі Бөкү қағанға қатысты аңыздың ең бастылары осылар. Жоғарыда атап кеткеніміздей Бөкү қаған туралы аңыз қытай деректері мазмұнында ғана сақталмаған, ұқсас аңыз өз дәуірінде Парсы және басқа елдердің дерек көздерінен де орын алған. Солардың ішінде Жувейнидің берген мәліметтері «Юаньши» және басқа тарихи кітаптар берген мәліметтермен мазмұндас болып келеді, әйтседе Қытай деректеріне қарағанда әлде қайда ауқымды әрі нақты баяндалған. Сол себепті ол біздің Қытай деректерінде сақталған кей түйткілдерді жете түсінуімізге көмекетесе алады. Сонымен, біз Парсы тарихшысы Жувейни еңбегінің қатысты мазмұнына кезек берер болсақ, автор өз еңбегінде бұл туралы жазған кезде:

Ұйғырлар өз ата тегін Орқон өзені бойынан таратады. Бұл өзеннің басы олардың өзі «Қарақорұм» деп атайтын таудан бастау алады... Қарақорұм тауынан жалпы саны отыз өзен бастау алады; [ол дәуірде] әр өзеннің бойын жеке бір рулы ел мекендейтін болған; ұйғырлар болса Орқон өзенінің бойында екі бөліктен құралған елге айналыпты. Олардың халқы өсіп көбейген тұста басқа елдер сияқты бір адамды бас сайлап, соған бағынып отырыпты. Осылайша арада 500 жыл уақыт өткенде, Бұқу хан болыпты» деп баяндайды. Автор бұдан әрі аталған Бұқу ханды кей адамдардың Афрасираб деп қарайтынын сөз етеді. Ол тағы өзі жасаған дәуірде Орқон өзенінің бойында Орда-Балық қаласының күйрендісі болғанын, қала қорғанының қақбасында бетіне жазу жазылған алып балбал тастардың болғанын, Үгедей қаған тірі кезінде осы тастарды орнынан жылжытқан кезде ол жерден әлде бір құдық шыққанын әрі құдық ішінен жазу бәдізделген құлыптас табылғанын, бірақ ол жазуды ешкім оқи алмай ақырында қытайдан шақырылған әлде бір ғұлама ғана оқығанын, жазудың солардың жазуымен жазылғанын айта келіп онан соң осы балбалға жазылған мазмұндарға өз еңбегінен орын береді. Автор балбал тастың бетіне жазылған мазмұны ретінде ең бірінші Бөкү қағанға қатысты жоғарыда баяндалған аңыздарды қайталайды [9, 54-56-бб.; 10, 57-58бб.].

Солай дегенмен Жувейни Орда-Балық қаласының (*Ordu-Baliq*) күйрендісіндегі құдық ішінен табылған ескерткішке жазылған мазмұн ретінде көрсеткен аңыздың мазмұны жоғарыдағы әдебиеттерде сақталған мазмұндарда орын алған түйткілдердің бетін ашып көрсетіп өткен: Ол Қарақорұмнан бастау алатын екі өзеннің бірінің аты Тоғла екіншісінің аты Селенге деп аталып екі өзеннің Қамланчу деген жерде бір-біріне қосылатынын, айтулы екі өзеннің ортасында қатар өскен екі ағаштың бірін «Кұсұқ» деп аталатынын әрі оның қарағай тұқымдас ағаш екенін сипаттап көрсетеді, сонымен бірге екінші ағаштың «тоз» деп аталатынын айтады. Онан соң осы екі түп ағаштың ортасындағы жер томпая бастап, ақыры төбешікке айналғаны, артынша аспанда ғажайып нұр пайда болып төбешікке тұскені, сонымен әлгі төбешіктің үлкейе бергені, ақыр соңында жер жарылып бес бала шыққаны, балалардың тілі шыққаннан кейін өз ата-анасының кім екенін сұрағаны, адамдар олардың ата-анасы ретінде екі ағашты көрсеткені; балалар ағашқа және ағаш өсіп тұрған жер анаға сәлем беріп құрмет көрсеткені, осы тұста ағашқа тіл бітіп балаларға бата бергені, адамдар ағаштан туған бес балаға үлкенінен кішісіне қарай «Sonqur Tegin, Qotur Tegin, Tükel Tegin, Or Tegin, Biqur Tegin» деп ат қойғаны, артынан тәңірдің сиға берген осы бес баланың бірін өздеріне хан сайламақ болып ақылдасқаны, олардың көркіне, ақыл-парасатына қарап ең таңдаулы деген Бұқуды (*Bögu*) өздеріне хан сайлағаны қатарлы мәліметтерді тәптештеп отырып жазған. Жувайни одан әрі Бұқу қағанға әлде бір сұлудың келуі мен екеуінің Ақтақ тауында жеті жыл алты ай 22 күн бірге болып сөйлескенін, қыздың қоштасар алдында оған «Шығыстан батысқа дейінгі жердің барлығы саған тиесілі болады, еліңді дұрыстап басқар» деген сөздер айтқанын және сол күннің ертеңінен бастап Бұқу қағанның жорықтар ұйымдастырғанын, сондай-ақ оның бастауындағы әлемнің төрт төңірегіне жорықтар жасағанын баяндай келіп, ақыр соңында Бұқу қаған өлгеннен кейін оның орнына оның мұрагер ұлы отырғанын осы тұста «Көш!

Көш!» деген дауыстар шығып олар көшіп Бесбалыққа келгенде әлгі дауыс тоқтағандықтан сонда біржолата қоныстанып қалғанын баяндаған. Жувейни тағы бірде олардың әлгі өз әулетіне уәкілдік ететін ағашты (*әлгі қарғыс атқыр ағашты*) үйдің қабырғасының түбіне көшіріп апарып отырғызғанын да жазады [9, 56-61 бб.; 10, 58-62 бб.].

Назар аударарлығы Жувейни Моңғолиядағы түркі ескерткіштері туралы алғашқылардың бірі болып мәлімет қалдырған тарихшы болғандығы еді. Ол атап өткен «балбал тастар» соңғы ғасырларда Моңғолиядан табылған көне түркі, соғды және қытай жазулары жазылған ескерткіштер болуға тиісті еді. Әйткенмен ол ескерткіштер мазмұнында Жувейни жазып қалдырған Бөгү қағанның дүниеге келуі туралы ғажайып аңыз да, оның жағанды жаулап алу жолында жасаған ерлікке толы жорықтары да баяндалған емес. Сол себепті автор көрген әйгілі ескерткіш қашан табылғанға дейін Жувейни жазған бұл деректің қайнары жоғарыдағы қытай деректері сияқты моңғолдардың хан ордасында сақталған қандай бір тарихи материалдар қорынан алынған деген пікір өз құнын жоймақ емес. Соған сәйкес аңыздың Жувейни еңбегіндегі нұсқасында кездескен кейбір исламдық және ирандық нақыштарды мұсылман авторының жеке қолтаңбасы деп түсінуге тура келеді. Дегенмен түрколог ғалымдар аңыздағы біраз дүниелерді, соның ішінде ағашқа түскен таң ғажайып нұрдан бес баланың дүниеге келуіне қатысты мазмұндары монихизммен тіке байланысты екенін алға тартады. Мұндай мазмұн ілгерідегі Ұйғыр қағанаты дәуірінің өзінде кіріккен мазмұндар болуға тиіс.

Қытай деректеріндегі аңыз кейіпкерінің аты әр түрлі әдебиеттерде әр түрлі таңбаланған. Сол сияқты аңыздағы әйгілі тұлғаның есімі түркі жазбаларында, мұсылман деректемелері мен батыс дерек көздерінде де бірдей емес. Соның ішінде оның «Bögu (qan)», «Bügü qan», «Bögü qan», «Buqu qan», «Bughug (Buууу)», «Bughu» т.б. түрдегі транскрипциясы жиі кездеседі. Көне түркі тас ескерткіштері мен ұйғыр жазбалары да дәл осындай есімдегі адамды немесе жекелеген ғалымдар осы тұлғаның дәл өзі деп қарастырып келген тұлға есімін «Бөгү» түрінде жазып қалдырып отырған. Аталған адам есімінің мән мен мағнасы туралы А. фон Габайн, Банг-Кауп Вилли қатарлылар Бөгү деген «Бөртеш», бүршік, ағаш безі (*беріш*) деген мағнада болған деп пайымдайды [11, 5 б.]. Бұл енді жоғарыдағы аңыздарда көрсетілгендей ғажайып нұрдың түсуінен ағаштың діңінде пайда болған жүкті әйелдің құрсағы тәріздес «бөртештің» (*ағаштың безі, беріші, қауашағы*) өзі болатын.

Ұйғыр билеушілеріне арғы ата-тегіне қатысты бұл аңызды Марко Поло да естіген. «Олардың [Ұйғырлар] айтуынша олардың ең алғашқы билеушісі адамзат баласынан тумаған, ағаштың безінен туған. Мұндай без ағаш шырынынан пайда болады, шын мәнінде ол біз айтатын «еска» (*esca*) болатын. Оның барлық ұрпақтары сол адамнан тараған» деп жазады Марко Поло [12, 156 б.].

Солай дегенмен де уақыт өте келе «бөгү» сөзі өзінің әуелгі мәнісінен бірте-бірте ауытқып «киелі» сипат алған ауыспалы жаңа мағнада қолданыста болғаны байқалады. «Бөгү» сөзі мәнісінде орын алған мұндай түпкілікті өзгерістердің туылу себебін жоғарыдағы аңыздың тылсым сырға толы діни мазмұндары толық қанды жауап береді деуге тура келеді. Бізге белгілі болғанындай «бөгү» соңғы ғасырдағы мәнісі мүлде басқаша болған. Сол себепті М. Қашқари өз еңбегінде «бөгү» сөзінің соңына: Дана, ақылды, білімді, хакім деп түсініктеме жасаған әрі «бөгү» сөзінің «білге» деген сөзбен қосылып «Бөгү-білге» (немесе *білге-бөгү*) деп айтылатынын ескертіп өткен әрі аталған сөзге мысал ретінде сол дәуірдегі бір мынадай бір шумақ жыр жолын жазып қалдырған: Білікті ірдедім, бөгүні өзүрдүм, өзүмні азырдым, йалғыл атым йазлынұр [13, т. III, 309-310 бб.; 14, 913-914 бб.]⁴.

Қазірге дейінгі уақытта Ідүк-құт билеушілерінің арғы ата бабасы ретінде көрсетілген аты аңызға айналған тарихи тұлға «Бөгү қаған» сірә кім деген сауалдың жауабын іздеушілер қатарында Эдуард Шаван, Аннемари фон Габайн, Альберт фон Лекок, Банг-Кауп, Э. Бретшнайдер, П. Пеллио, Қытай ғалымдарынан Ван Цзинжу мен Тянь Вэйцзянь және Жапон ғалымы Абе Такео тағы-тағылар бар. Айтулы ғалымдар Бөгү қаған туралы аңыздың Ідүк-құт ақсүйектерімен қатысты баяндалуына сәйкес оны бір ғана Ұйғыр қағанаты дәуірінен іздестіріп отырған әрі аңыз сарыны бойынша Бөгү қағанды Ұйғыр қағанаты тарихында болған әр түрлі қағандармен байланысты қарастырған. Мұнда тарихи тұлғалардың аты мен титулындағы ұқсастықтар және осы қағандар билік басында болған кездегі ерлік жорықтар басты назарға алынған. Шын мәнінде «Бөгү қаған» немесе «Бөгү Білге қаған» атағы сонау Түркі қағанаты дәуіріндегі қағандар арасында да болғаны назардан тыс қалып қойған. Сөйтіп олар аңыздағы Бөгү қаған ретінде мынадай қағандарды қарастырады:

1. VII ғасырда ұйғыр тайпалар бірлестігінің негізін қалаушы – Пуса тегін (菩薩侯斤);
2. 744-745 жылдары Ұйғыр қағанатының билік басында болып Көл Білге қаған;

⁴ Аталған жыр жолын Асқар Құрмашұлы Егеубай: «Білімді іздедім, дананы таңдадым; өзімді айырдым (ел-жұртымнан. –А. Е.), ақ жал атым жазылды» деп қазақша тәржімалаған [13, т. III, 310 б.]. Еңбекті орыс тіліне аударған З.-А. Ауэзова көрсетілген жырды: Я стремился к мудрости и знанию. Я оказывал предпочтение умному и мудрому. Я выделялся среди других людей. (И потому) я отпускаю свою лошадь с (белой) гривой (для этого дела)» деп аударған [14, 914 б.].

3. 745-759 жылдары қаған болған «Мойын чор қаған» (қыт: Хуайжэнь қаған // 怀仁可汗);

4. Мойын чор қағанның екінші ұлы, 759-780 жылдары қағанатты билеген, Таң патшалығы «Му юй қаған (牟羽可汗) және «Дэнли қаған (登里可汗) деп екі түрлі атпен атаған, ал қағанаттың өз халқы: «Теңріде құт болмаш іл тұтмаш алп күлүк білге қаған» және «Бөгү (теңрі) хан» деп атаған қаған;

5. 795-805 жылдары аралығында қағанаттың хан тағына отырған қаған – Күшүлік қаған. Ол яғлақар әулетінен емес, тегі едіз әулетінен шыққан. Қағанаттың бектері оны: «Теңріде ұлұқ болмаш алп құтлұғ күлүк білге қаған (Tängriä uluq bolmiş alp qutluq külüg bilgä qağan)» деген атакпен ұлықтаған. Қалыптасқан дәстүрге сәйкес мұндай ұлықтауды Таң патшалығы да мойындап, олар оған «Хуайсинь қаған (怀信可汗)» деген атак берген.

Бөгү қағанның өмірдегі баламасы ретінде бастапқы қадамда қарастырған қағандар осылар болатын. Алайда, соңғы уақытта бұл қатарды 866 жылы шамасында Ідүк-құт ұйғыр мемлекетін құрды деп қаралатын қытай тарихнамалары «Пуғуцзунь//仆固俊» деген атпен жазып қалдырған адам толықтырып отыр. Қытайлық ғалымдар аталған тұлғаны байырғы «бөгү» тайпасының адамы ретінде қарастырған [15, 85-87 бб.]; 16, 33-34 бб.]. Мұндай М. Қашқари түсініктемесін ескерместен Тұрпан жазбаларындағы көп кездесетін Ідүк-құт билеушілерінің титулындағы boquq немесе boyuu (Boquq uïyur tängri qağan; Tängri bögü, т.б.) деген тіркесті әулеттің шыққан руымен қатысты деп санап бұқұт (Buqut //仆骨,仆固) этнонимімен байланыстыратын қадамдар мүлде қарама-қайшы қорытындыларды шығаруға мүмкіндік берген [15, 79-87 бб.].

Қытайдың тарихи деректері Пуғу (仆骨) деп жазған бұл тайпаның атын кезінде Ж. Гамильтон бөгүт (Bögüt) деп реконструкция жасаған. Ол сондай тайпа атын Хотан жазбаларында «Ваку» деп жазылғанын ескерте отырып олардың бір тайпа болу мүмкіндігін қарастырған [17, 152 б.]. Бірақ, мұндай талпыныстарда дыбыстық жақтағы үндестік көбірек негізге алынғанын айтуға тура келеді. Егер бұл пікірге сенер болсақ, онда, аталған мезгілде ұйғыр әулетінің билік басында тағы бір мәрте әулеттік билік ауысу уақиғасы орын алған болып шығады. Әйтсе де бұл тақырып одан әрі кешенді түрде дәлелдеуді қажет етеді. Қалай десек те қазірге дейін атқарылған зерттеулерде аңыздағы тұлға Бөгү қағанды Ідүк-құт билеушілерінің арғы ата-бабасы ретінде қарастыру мақсатында оны Ұйғыр қағанатының билік басында болған қағандар арасынан қарастыру шаралары соншалықты сәтті нәтиже берген емес.

Шын мәнінде Бөгү қаған туралы аңыз бір ғана Ідүк-құт әулетіне ғана тиесілі әңгіме болмағаны байқалады. Сондықтан бұл жерде оны пір тұтатын түркі тайпаларының қатары мол, сондай-ақ, ол туралы аңыздар таралған аймақ біз межелегеннен әлде қайда ауқымды болғаны ескеруді қажет ететін еді. Рашид ад-дин өз еңбегінде Найман хандығының әйгілі ханы Инанч-Білге Бөгү хан туралы тоқталған тұста: «Царя найманов, бывшего у них до вражды Чингиз-хана с наймани, называли Инанч-Билгэ Буку-хан. Значение слова инанч – верить; билгэ – прозвище [начающее] «великий». Буку-хан в древние времена был великим государем, [к памяти] каторого уйгуры и много [других] племен относятся с полным уважением и рассказывают, что он родился от одного дерева» деп жазып қалғандары [18, 139 б.].

Рашид ад-дин ұсынған осы мәліметтің өзі Бөгү қағанға қатысты мәселені Бесбалық пен Гаочандағы ұйғыр Ідүк-құт мемлекеті билеушілері шеңберімен шектеуге болмайтынын, керісінше Бөгү қағанды наймандарды өз ішіне алған басқа да бір қатар түркі халықтарының арасында үлкен құрметке ие болған тарихи тұлға ретінде қарастыру керектігін ескертеді.

Тарихи деректерге негізделі отырып біз Бөгү қаған мәселесіне қатысты Парсы тарихшысы ескертіп кеткен бұл шындықты Қытай авторларының жазып қалдырған кейбір мәліметтері онан әрі растауға мүмкіндік беретініне көз жеткіземіз. Сондай деректеменің бірі болған «Юаньши» кітабінің Оңғыт билеушісі Алақұш Тегін Құри туралы жазып қалдырған мәліметінде: «А-ла-ву-сы Ти-цзи-Ху-ли – Вангу тайпасының адамы. Олар Шато Яньмэнь ұрпақтары болып табылады. Арғы ата-тегі Буго (卜固), олар ата-бабасынан бері қарай ел билеп келген» деген дерек бар [1, 2923 б.; 2, 143 б.]. Бір қатар ғалымдар зерттеуінде осындағы «Буго (卜固)» деген тіркестің «Бөгү қаған» екеніне көз жеткізген [19, 107 б.].

Моңғол дәуіріне дейінгі тарихи кезеңде Қытай қорғаны маңын қоныстанып билік құрған түркі тілді халық – Оңғыттардың билеушісі (тегіні) болған Алақұш Тегін-Құридін ата-тегін аңыздағы Бөгү қағанмен қатысты баяндайтын осындай шағын деректің кездесуі бұл дәуірде Ідүк-Құт әулетінен басқа Моңғол даласында өз алдына билік құрған бірқатар түркі тайпаларының билеушілері өздерін Бөгү қағанның ұрпағы деп санайтын болған деген пікірді тарихи шындық ретінде қарастыруға пәрмен береді. Сөйтіп, бұл дерек біздің Моңғол дәуіріне дейін Ұлы далада хандық билік құрған түркі-моңғол тайпаларының билік басындағы әулеттерінің ата-тегін анықтаудағы қосымша мәліметтер қатарынан орын алады. Осы және өзге тарихи жәйттерге негізделі отырып біз «Бөгү қаған» бірқатар түркі халықтары билеуші әулетінің аңыздағы ортақ атасы деген пікірге келеміз.

Түркі халықтарының өшпес орын алған Бөгү хан есімі Ұлы далада топонимикалық атау ретінде де сақталған. Солардың ең бір елеулісі X-XIII ғасырлардағы Түркі даласынан мәлімет беретін тарихи жазбаларда «Бугухань қаласы (卜古罕城)» деген атпен жазылған қала аты болды [2, 18 б.]. Ғалымдар бұл

қаланың орны Орхон өзенінің жоғары бойында болған деп қарайды [20, 38 б.]. Ол туралы тарихи деректер жазып қалдырған мәлімет бойынша айтулы дәуірде бұл қала өзінің өмір сүруін жалғастырып отырған. Аймақтың ол тұстағы тұрғындары «цзубу» деген жалпылама атпен көбірек мәлім болған еді. Шын мәнінде бұл «цзубулар»: наймандар, жалайырлар, татарлар, керейлер мен меркіттер болатын [2, 26 б.].

Жоғарыда көрсетілгендей Бөгү қаған жеке-жеке ұйғыр, найман және оңғыт билеуші әулетінің шығу тегіне қатысты екені туралы мәліметтерді кездестірумен бірге көрсетілген аңыз мазмұнының ең бір түйінді тұстарының өзі қыпшақтардың шығу тегіне қатысты сақталған әйгілі аңыздармен де сабақтасып, үндесіп келетінін атап айтуымызға тура келеді. Бөгү қағанға қатысты аңыз мазмұндарының ең елеулі тұстарының қыпшақ этнониміне және қыпшақтардың ата-тегіне қатысты аңыздармен тығыз байланысты болуының өзі Бөгү қағанды Ідүк-Құт әулеті көлемімен ғана шектеудің жеткіліксіз екенін тағы бір қырынан көрсете алады.

Рашид ад-дин мен Әбілғазы еңбегіндегі қыпшақтардың шығу тегіне қатысты аңыздардың мазмұны негізінен ұқсас болып келеді. Онда Оғыз қаған жорықтарының бірінде күйеуі қаза болған жүкті әйел толғағы келген кезде ағаштың қуысына кіріп, сонда босанғандықтан, оның ұрпақтары «қыпшақ» деп аталғаны баяндалады. Бұл туралы Рашид ад-дин өз еңбегінің қатысты тұсында: Когда Огуз потерпел поражение от племени ит-барак, с которым он воевал, он остался на острове, образуемом течением двух рек, и там обосновался. В это время некая беременная женщина, муж которой был убит на войне, влезла в дупло большого дерева и родила ребенка. Про это происшествие рассказали Огузу. Он сжалился над ней и сказал: «Так как у этой женщины нет мужа, то этот ребенок будет моим сыном». [Действительно], он стал на положении ребенка Огуза; последний назвал его Кипчак. Это слово производное от [слова] кабук, что по-тюркски означает – «дерево со сгнившей сердцевиной». Все кипчаки происходят от этого мальчика [18, 84 б.] деп баяндап берген.

Ал, Әбілғазы жазып қалдырған қыпшақтар туралы аңыздың мазмұны былайша баяндалған: Ұлы патшалардың алыс сапарға шыққанда әйелдерін алып жүретін әдеттері болатын. Осы әдетпен нөкерлерінің кейбіреуі де әйелдерін ала жүруші еді. Оғыз ханның бір бегі де әйелін алып барып еді. Өзі ұрыста өліп, қатыны қашып құтылып, екі судың арасында тұрған ханның артынан жетті. Әйел жүкті еді. Толғағы келді. Күн суық еді, кірейін десе үй жок, бір іші шіріген үлкен ағаштың қуысына босанды, ұл тапты. Мұны естіген хан: «Әкесі менің көз алдымда соғыста өлді, қамқоршысы жок» деп атын «Қыпшақ» қойып, өз қамқорлығына алды. Түркі тілінде іші қуыс ағашты «қыпшақ» дер еді, бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын «Қыпшақ» қоюы содан еді. Бұл кезде іші қуыс ағашты шыпшақ дейді. Қара халық тілі келмегендіктен «к»-ның орнына «ш» айтып кеткен... [21, 24 б.].

Міне солайша қыпшақ этнонимінің этимологиясы мен қыпшақтардың шыққан тегі туралы мәлімет беретін ең сенімді әдебиеттердің барлығы бірдей оларды ағашпен байланысты баяндайды. Рашид ад-дин мен Әбілғазы баяндаған аңызды «Оғыз-наменің» қыпшақ туралы келесі мазмұндары онан әрі толықтыра түседі. Айтулы көне жәдігердің қыпшақтардың ата-тегі мен қыпшақ этнонимі жөніндегі мазмұнында бұл туралы:

Шерумен бірге Оғыз қаған Итіл деген өзен [ді кешті]. Итіл [деген] әйдік бір [өзен] еді. Оғыз қаған оны көрді де енді Итілдің суынан қалай өтерміз? – деді. Шеруде бір жақсы бек бар еді. Оның аты Ұлық Орду бек еді. Үздік ақылды бір ер еді, [жағадағы көптен-көп] талдардың көбін көрді, ағаштар [бар еді. Осы бек...] осы ағаштарды кесті, ағаштарға жатып, өтті. Оғыз қаған тағы сүйініп, күлді де айтты: ай, ай, сен мұнда бек бол, Қыпшақ деген бек бол сен – деді. Тағы ілгері кетті... [22, 42-43 бб.] деп жазған. Көріп отырғанымыздай біз бұл мәліметтен де қыпшақ этнонимінің шығу қайнары тек ғана ағашпен байланысты болғанын көреміз.

Мұндай ағашпен, ағаштың қуысымен қатысты баяндалатын мазмұндар «Оғыз-Наменің» басқа тұстарында да кездеседі. Онда:

Бір күні Оғыз қаған аңға кетті. Бір көл ортасында алдынан бір ағаш көрді. Бұл ағаштың қауашағында **(қабучағиңда)** бір қыз бар еді. Оның көзі көктен көгірек еді. Оның шашы өзеннің ағысындай, оның тісі інжудей еді. Оны көрген жер бетіндегі жұрт айтушы еді: ай, ай, ах, ах өлерміз – деп, сүттен қымыз боп кететін. Оғыз қаған оны көрді де есі шығып, жүрегіне от түсті, оны сүйді, алды, онымен бірге жатты, тілегенін алды. Төл буаз болды, күндерден соң, түндерден соң, босанып үш ер бала туды. Біріншісіне Көк, екіншісіне Тау, үшіншісіне Теңіз деп ат қойды [22, 38-39 бб.] делінген.

«Оғыз-Намеде» айтылған: «Бір күні Оғыз қаған аңға кетті. Бір көл ортасында алдынан бір ағаш көрді. Бұл ағаштың қауашағында бір қыз бар еді...» деп келетін осы бір аңыздан біз тағы да қыпшақтың дүниеге келуі туралы аңыздағы «ағаш қуысындағы әйел» мотивін көреміз. «Оғыз-Намедігі» бұл көрініс пен жоғарыдағы Бөгү қағанға қатысты және қыпшақтың дүниеге келуі арасында айырмашылық бар десек, оның бірінде ағаштың «берішінен» туылса, енді бірінде ағаш қуысында туған әйелді көреміз. «Оғыз-Намеде» бар болғаны Оғыз қағанның ағаш қабығында отырған сұлмен үйленуі сөз болады. «Оғыз-наме» одан әрі Оғыз қағанның осы сұлудан Көк, Тау, Теңіз деген үш ұл көргенін баяндайды. Бұл енді Оғыз қаған туралы аңыздарда жиі айтылатын Оғыз қағанның алты ұлының үшеуі деген сөз. Күллі түркі тайпаларының таралуы

туралы шежірелер түркі жұртын Оғыз қағанның осы алты ұлынан тарқатады. Сөйтіп, айтулы аңыз бізге түркі әулетінің тең жарымы қыпшақтармен (ағаш қауашағындағы сұлудан туғандар) байланысты дегенді меңзейді.

«Оғыз-Наме» түркі әулетінің қалған жартысын дүниеге әкелген, яғни аңыздағы Оғыз қағанның әйгілі алты ұлының қалған үшеуін дүниеге әкелген анасы туралы баяндаған кезде: «Тағы күндерде бір күн Оғыз қаған бір жерде тәңірге жалбарынды. Қараңғылық түсті. Көктен бір көк жарық түсті. Күннен аян [жарық], айдан көгілдірірек еді. Оғыз қаған оған келіп көрді. Осы жарықтың арасында бір қыз бар еді, жалғыз отырар еді. Жақсы көрікті бір қыз еді. Оның басында оттай жарқыраған бір меңі бар еді, алтын қазықтай еді. Осы қыз сондай көрікті еді: Күлсе, көк тәңірі күлер еді, жыласа, көк тәңірі жылар еді. Оғыз қаған оны көргенде есі қалмады, сүйді, алды. Онымен бірге жатты, тілегенін алды. Төл буаз болды. Күндерден күндер өтіп, түндерден түндер өтіп, босанып үш ер бала туды. Біріншісіне Күн, екіншісіне Ай, үшіншісіне Жұлдыз деп ат қойды» деп жазған [22, 37-38 бб.; 8, 80 б.].

Мұнда да жоғарыдағы аңыздарда көрсетілген көктен түскен көгілдір түсті жарық нұр негізгі түйін ретінде баяндалған. Міне солай «Оғыз-Наменің» қатысты мазмұндары мен Бөгү қағанға қатысты аңыздар арасынан көптеген ұқсастықтарды қарастыруға болады.

Жалпы түркі-моңғол халықтарының шығу тегі туралы аңыздар мазмұнының елеулі бөлігін құрайтын көк бөрімен, қаншық қасқырмен (Шына: Ашына, Бөрте-Шына), ақ маралмен (Ақ құба-марал) және аспаннан түскен киелі жарық сәулемен және осында сөз болып отырған ағашқа, орман-тоғайға байланысты баяндалып келуін әдетте тотемдік наныммен тіке қатысты деген пікір шеңберінде түсіндіріп отырады.

Жоғарыда көрсетіп өткендей Рашид ад-дин Найман ханы Инанч-Билгэ Буку-ханның аты-жөніне тоқталған кезде: Буку-хан (*Бөгү хан*) ерте заманда өткен ұлық әмірші, ұйғырлар және [басқа да] көптеген халықтар оны ерекше құрметтейді [сағынып еске алады], айтылуынша ол бір түп ағаштан туған деседі деп жазды [18, 139 б.]. Бізге белгілі болғанындай түркі халықтарының көне дәуірдегі ағашқа қатысты аңыздардың елеулі бөлігі қыпшақтардың шығу тегіне және «қыпшақ» этнонимінің қалыптасуына қатысты айтылып отырады. Бұл жөнінен айтқанда ағаштан туған Бөгү қағанды қыпшақтардың төл тарихымен қатысты қарастыруға, тіпті ағаш қуысында туылғаны үшін «қыпшақ» атанып кеткені айтылатын аңыздың келесі бір версиясы деуге де келеді. Бұл жердегі басы артық дүние ағашқа түскен таң ғажайып нұр ғана. Ғалымдар оны «монихизмдік нанымға» қатысты деп тұжырымдаған [9, 55 б. 15 түсініктеме]. Оның өзі аңыз пайда болғаннан кейін көп ғасыран кейін кіріккені анық. Кез келген аңыз ұзақ тарихи кезеңдегі түрлі этно мәдени, этно саяси байланыстардың ықпалында өзінің ең негізгі тақырыбын сақтай отырып әртүрлі тайпада әр түрлі мазмұнда сақталып отыратын болған. Сол себепті Қыпшаққа қатысты аңыз бен Бөгү қағанға қатысты аңыздың арасында азды-көпті парықтар болғанмен шын мәнісінде ол екеуінің түп төркіні бір, бір ғана ортақ тақырыптан шыққан.

Бұған дейін тотемдік нанымның бір түрі ретінде қарастырылған түркі тайпаларының ағашға, орман-тоғайға байланысты наным-сенімдегі осынау ортақ мазмұнның мән-мағнасы жөнінде әр түрлі тұжырымдамалар жасалған. Сондай дегенмен оның нақты мән-мағнасы көне түркілердің өздеріне ең түсінікті болуға тиісті. «Оғыз-Наме» бұл туралы: ... Одан соң Оғыз қаған әйдік той жасады, ел-жұртқа жарлық шашып, шақырып кеңесті. Қырық сіре (стол), қырық сәкі шаптырды, түрлі астар, түрлі шараптар, шұбат, қымыз ішілді, желінді. Тойдан соң Оғыз қаған бектерге, ел-жұртқа жарлық берді: міне мен сендерге қаған болдым, жақ пен міне қалқан алыңдар, біздің таңбамыз береке болсын, ұранымыз көк бөрі болсын. Темір сүңгілеріміз орман болсын. Қорықта құлан жортсын, теңіз бен өзен [шалқысын], күн туымыз болсын, көк шатырымыз болсын деді» деп жазды [22, 38 б.; 8, 80, 81 бб.]. Осындағы «Темір сүңгілеріміз орман болсын» деген тіркес көне түріктердің ағашға, орман-тоғайға қатысты наным-сенімі туралы сауалға толық жауап беріп отыр.

Қытай деректемелерінде орман мен ағашқа қатысты діни сенімді көне түріктердің арғы бабалары болған ғұндардың салт-дәстүрінен мәлімет берген тұста жазып қалдырған. Сыма Цян еңбегінде ғұндардың салт-дәстүріне қатысты тоқталғанда: «Күз айында, ат семірген кезде бас қосып орман айналып табыну жиналысын өткізеді, адам мен малды санап, салық мөлшерін есептеп шығарады» деп жазған [23, 110 ц.]. Таң патшалығы дәуірінде жасаған әйгілі тарихшы Ян Шигу (581-645 жж.) есімді тарихшы «Ханшу» кітабының қажетті тұсына деректанулық зерттеу жасаған кезде ғұндардың бұл салтын орман мен ағашты айналып құлшылық етуі деп түсіндіре отырып: Сянбейлердің салты бойынша мұндай салт көне дәуірден жалғасып келген, күз айларында ормансыз жерге тура келгенде олар талдың екі бұтағынан бағана орнатып атты адамдар оны үш мәрте айналады, аталған салт содан қалған деп түсіндірген [24, 94 ц., I. 64, I.]. Автор бұл жерде ормансыз далалық аймақтарды қоныстанған сянбейлердің екі ағаштан бағана тұрғызып бағананы айналып сиыну рәсімін ғұндардың орман айналу салтынан қалған қалдық екенін баса көрсеткен.

Көне тарихи жәдігерлерде орман тоғайға, ағашқа қатысты нанымдардың мемлекеттік билік, қаған мен оның бектері, ел мен жер арасындағы нанымдық байланыстары мазмұнын аша алатын аз да болса қосымша мәліметтер бар. Сол қатарда көп замандар бойы көне түріктердің билігінде болған әрі кейін келе

олардың өздері де түркі жұртының қағандық билігін қолға алған кидандар туралы жазылған мынандай бір шағын дерек біздің кей түйткілдерді түсінуімізге көмектеседі. Ляо патшалығы әулеттік тарихы саналған «Ляоши» кітабы патшалықты құрушы этнос кидандардың Х-ғасырдағы өмір-салты туралы жазған кезде олардың ұлы тауға тәуіп ету кезіндегі діни нанымдық рәсімдерінің кей мазмұны ағашпен қатысты екенін жазып тарқатады. Онда жазылғанындай: Ең бірінші ұлы таудың ең лайықты жерінен көк тәңір мен жер тәңірдің тұғыры тұрғызылатын болған, тұғырдың артын батысқа, бетін шығысқа қаратып тұрғызған. Тұғырдың шығыс жағына дәл ортаға патшаның ағаш бағанасы орнатылған, патшаның ағаш бағанасының шығыс жақ алдына мемлекет ұлықтарын білдіретін көптеген ағаш бағаналар орнатылатын болған. Мұндағы жалғыз ағаш бағана тақта отырған патшаны, көп ағаш бағана патшаның қабылдауындағы уәзірлерін білдірген. Онан соң олардың әрі жағынан тағы екі бағана орнатып, оны «киелі қақпа» деп атайтын болған. Ең бірінші қаған мен қатын келіп тәңір тұғырына келіп тауап еткеннен кейін тәуіп ету кезегі илибилерге [eltäbir/iltäbir – бектер] берілген. Құрбандыққа торы ала айғыр, көк бұқа, ақ сары (бас) қошқар сияқты аталық мал шалынатын болған...[25, 56 ц.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сун Лянь. Юаньши. 122-цзюань, жеке тұлғалар өмірбаяны IX «Баэршуэртэ дәцзиньнің өмірбаяны». «Чжунхуа шу цзюй» нұсқасы, 1976. (宋濂: «元史» 卷一百二十二, 列传第九 «巴儿术阿而忒的斤». 中华书局点校本).
- 2 Ошан Ж. Еженхан Б. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. V том. Әулеттік тарихи жылнамалар 3-бөлім. Алматы, 2006.
- 3 Ю Цзи. Гаочан ханының құрметіне қойылған ескерткіш. Даюаньсуэ жазбалары, 24 цзюань, Сыбуцункан нұсқасы (虞集: «道园学古录» 卷24 «高昌王世勋之碑», 四部丛刊本).
- 4 Хуан Цзин. Инянчжэн гун ескерткіші. Хуан мырза шығармаларының антологиясы, 24 цзюань, Сыбуцункан нұсқасы, 240 б. (黄溥: «亦犇真公神道碑», «金华黄先生文集» 卷24, 四部丛刊本).
- 5 Шань Сы. Юань дәуіріндегі Ганьсу қатарлы аймақтың атқарушы хатшысы Жунлудың ескерткіші. Чаншаньчжэнь тас ескерткіштері, 21 цзюань (贍思: «常山贞石志» 卷二一, «有元甘肃等处行中书省平章政事荣禄公神道碑»).
- 6 Оуян Сюань. Гаочан Се әулетінің өмірбаяны. Гуйчжай антологиясы, 11 цзюань, Сыбуцункан нұсқасы, (欧阳玄: «高昌偁氏家传», «圭斋文集» 卷11, 四部丛刊本).
- 7 Хань Жулинь. Цюнлуцзи. Шанхай: 1982 // 韩儒林: «穹庐集», 上海, 1982年.
- 8 «Асыл мұра» түркі антологиясы. – Астана: Сарыарқа, 2012.
- 9 Juvainy. Tarih-i-Jahan Gusha // tr. J. A. Boyle. The History of the World Conqueror. Manchester University Press, 1958.
- 10 Жувейни. Қытайша аударған. Хэ Гаоцзи // 何高济译 «世界征服者史» 上, 下册, 商务印书馆. 2004年. 北京.
- 11 W. Bang and A. von Gabain: Türkische Turfan-Texte. II. Berlin 1929.
- 12 A. C. Moule & Paul Pelliot, Marco Polo: the Description of the World, vol.1, New York: AMS Press INC., 1976.
- 13 М. Қашқари. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. – Алматы: ХАНТ, 1997.
- 14 М. Қашқари. Махмуд ал-Кашғари. Диван Лугат ат-Турк. /Перевод и предисловие З.-А. М. Ауэзовой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
- 15 Тянь Уэйцзянь. Бөгү қаған туралы аңызды нақты зерттеу – Қочо ұйғыр тарихын зерттеудің кілті. «Минцзу яньцзю», 2000. № 3-сан (田卫疆: «卜古可汗传说» 事实解析 — 把打开高昌回鹘史研究之门的钥匙. «民族研究», 2000年, 第3期).
- 16 Тоқты Мозат. Орта ғасыр ұйғыр тарихы. Бейжің, 2014 (拓和提. 莫扎提: 中世纪维吾尔历史 北京, 中央民族大学出版社, 2014).
- 17 Hamilton J. R. Zes Quighurs a l'epoque des Cing Dinasties d'apri les documents chinois. Paris, 1955 (哈密屯: «五代回鹘史料» 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1982).
- 18 Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т. 1. Книга первая / Перевод с персидского А. А. Хетагурова, Редакция и примечания проф. А. А. Семенова. М.-Л., 1952.
- 19 Хань Жулинь. «Қытай энциклопедиясы», «Қытай тарихы» «Юаньши» томы. Бейжің 1985(韩儒林: «中国大百科全书. 中国历史» «元史» 中国大百科全书出版社, 北京. 1985).
- 20 Вэй Лянтао. Батыс Ляо тарихы туралы очерктер. Бейжің: Жэньминь чубаншэ, 1991 ж. (魏良弢: «西辽史纲», 北京: 人民出版社出版 1991年).
- 21 Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы: «АНА ТІЛ», 2006.
- 22 «Оғыз-Наме», «Мұхаббат-Наме». Алматы: Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы, 1986.
- 23 Сыма Цянь. Тарихи жазбалар 110 ц., Ғұн шежіресі, 50 (司马迁: «史记» 卷一百一十, «匈奴列传» 第五十).
- 24 Бан Гу, «Ханшу», 94 цзюань, Ғұн баяны 64, (班固: «汉书», 卷九十四, «匈奴传» 第六十四).
- 25 Тото. «Ляоши» 56 ц., «Жол-жосықтар шежіресі 6» («辽史» 卷53, «礼志» 六).

УДК 930.001.83

С.К. РУСТЕМОВ

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

«ШУРОИ-УЛЕМА» ҰЙЫМЫ: ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақала 1917 жылы Түркістан өлкесінде, көрнекті қазақ қайраткері С. Лапиннің жетекшілігімен «Шуро-Улема» ұйымының құрылуы және қызметі қарастырылады. Мақала мұрағат құжаттары мен 1917-1918 жылдары жарық көрген мерзімді басылымдардың мәліметтері негізінде жазылған.

Түйін сөздер. қоғамдық-саяси ұйым, партия, Уақытша үкімет, кеңестер билігі, Түркістан, түркі халықтары

С.К. РУСТЕМОВ

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

ОРГАНИЗАЦИЯ «ШУРОИ-УЛЕМА»: СОЗДАНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Аннотация. В статье рассматриваются образование и деятельность организаций «Шуро-Улема» под руководством видного деятеля казахского народа С. Лапина в Туркестанском крае. Статья написана на основе архивных документов и материалов периодической печати изданных в 1917 – 1918 гг.

Ключевые слова. общественно-политическая организация, партия, Временное правительство, советская власть, Туркестан, тюркские народы

S.K.RUSTEMOV

Institute of History and Ethnology named after Ch.V. Valikhanov

ORGANIZATION «SUROY- 'ULAMA»: ESTABLISHMENT AND ACTIVITIES

Abstract. The article deals with the formation and activities of organizations "Shuroi-Ulema" under the leadership of a prominent figure of the Kazakh people S. Lapin in the Turkestan region. The article is written on the basis of archival documents and periodicals published in 1917-1918.

Key words. socio-political organisation, the party, the Provisional government, the Soviet government of Turkestan, the Turkic peoples

Кіріспе

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан ахуал жағдайында Ресейдің шеткері ұлттық аймақтарында, соның ішінде Түркістан өлкесінде де қоғамдық өмірдің жандана түскендігін өзінің саяси ұстанымдарымен дараланған түрлі ұйымдардың бой көтергендігінен аңғаруға болады. Сол тұста құрылған мұндай ұйымдардың бірі «Шуро-улема» еді.

«Шуро-улема» ұйымына қатысты тарих ғылымында берілген бағалар әр қилылығымен ерекшеленеді. Кеңестік тарих ғылымында маркстік-лениндік методологияның талаптарына сай «Шуро-улема» үстем тап өкілдері мен дінбасылардың мүддесін қорғау мақсатында бұқара халықты дегеніне көндіруге талпынып, «панисламизм» идеясын көтерген ұйым ретінде түсіндіріліп келді. Бұл ұйымға бүгінгі таңдағы ТМД елдерінің, дәлірек айтқанда, қазақстандық, өзбекстандық және ресейлік зерттеушілер баға бергенде М.Шоқайдың «1917 жылғы естеліктерінде» келтірілген мәліметтерге сүйеніп, оның тек осал тұстарын баса көрсетумен шектелуде. Ал, белгілі батыстық зерттеуші С.Зенковский 1981 ж. жарық көрген «Ислам және түрікшілдік» атты еңбегінде «Шуро-улема» жарты ғасырдан астам уақыт бойы отарлық саясат пен ұлттық езгінің тақсиретін тартқай түркістандық түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғау ислам діні қағидаларымен ұштастырылғанда ғана жүзеге асатындығын ұсынып, өлкедегі ең беделді қоғамдық-саяси ұйымдардың бірі ретінде танылды деп көрсетеді.

Міне, осындай әр қилы пікірлердің білдірілуінен-ақ «Шуро-улема» ұйымшының құрылуы мен қызметіне қатысты тарих ғылымында нысаналы ғылыми баға берілмей келе жатқандығы аңғарылады. Осыған орай аталмыш ұйымның құрылу алғышарттарын, атқарған қызметін және өзге қоғамдық-саяси ұйымдармен қарым-қатынасын шынайы тұрғыда ашып көрсету сол тарихи кезеңнің ерекшеліктерін, қыр-сырын терең түсінуге өз септігін тигізетіндігін ескерген жөн.

«Туркестанские ведомости» газетінің хабарлауына қарағанда, «Шурои-улема» ұйымы 1917 жылы 10 шілде күні Ташкент қаласындағы «Биглер Беги» мешітінің ауласында 25 мыңнан астам мұсылмандардың қатысуымен өткен саяси және күнделікті өмірдегі қажетті мәселені талқылауға арналған жиналыстың шешіміне орай құрылған. Қазақ интеллигенциясының алғашқы толқынының өкілі Сералы Лапин жетекшілік еткен бұл ұйымның бастапқы кезеңде 500-ге жуық мүшесі болды. Олардың ішінде Сейітмұхтар Махдум, Сабыржан Юсупов, Мухаммед Қожа, Ерназар Мырзаев, Мухаммед Маралов, Ташпулат Қари, Пірмухаммед Ачлам секілді мүшелері өзінің белсенділігімен көзге түсті. Ұйым мүшелерінің қатарында дінбасылары - молдалар, ишандар, мұсылмандық мектептер мен медреселердің ұстаздары басымдылық танытты. Мұның өзі ұйымның «Шурои-улема», яғни ислам дінінің этикалық-құқықтық нормаларының білгірлері қоғамы, ғұламалар кеңесі деп аталуына ықпал еткен-ді. Сол тұста бұл ұйым халық арасында «Жамиати-уламо» (Ғұламалар қоғамы) деген атпен де танымал еді [1].

«Шурои-улема» ұйымының құрылуының астарында 1917 жылы 12 наурыздан бастап өз қызметіне өзбек халқының белгілі қоғам қайраткері Мұнауар Қари Әбдурашидхановтың жетекшілік етуімен кіріскен «Шурои- ислам» (Ислам кеңесі) ұйымының саяси ұстанымдарымен С.Лапин бастаған топтың келіспеушілігі жатты. Заман талабына сай мәдени-ағартушылық жұмыстарын жүргізіп, өлкенің барлық мұсылмандарын ортақ мақсат - Түркістанның өзін-өзі билеу құқығына қол жеткізу жолында топтастыра түсуді көздеген «Шурои-ислам» ұйымы құрамында бастапқы кезде С.Лапин мен оның әріптестері де болған еді. Бірақ арада үш айдай уақыт өткеннен кейін С.Лапин бастаған топ өлке мұсылмандарының мүддесін қорғауды шарифат қағидаларымен үйлестіре жүргізу керектігін талап етіп, мұндай ұсыныс қабылданбауына байланысты «Шурои-ислам» ұйымынан бөлініп шығуға бел буды [2, 6-8-п.].

М.Шоқай «Шурои-улема» ұйымының саяси ұстанымы жайлы былай деп жазады: «Революцияны, яғни Ресейдегі мемлекеттік тәртіптің өзгеруін «Ғұлама қоғамы» сонау Әзіреті Осман заманынан бері мұсылман халықтарының тарихында болып көрмеген әл-хулафа әр-рашидун мемлекеттік құрылысын қайталау кезеңі демекші болды. «Ғұлама қоғамының» төрағасы Сералы Лапин өз қоғамы атынан Уақытша Үкіметтің Түркістан комитеті жанынан Түркістанда «Маъкамаи шарият» (Шарифат соты) деген атпен депутаттар мәжілісін (сенат) құрып, Бүкілресейлік құрылтай жиналысы мен Бүкілресей парламенті тарапынан Түркістанға байланысты шығарылып жатқан заңдардың осы шарифат мекемесіне бағынуын талап етті. Бұл мұсылмандық көзқарас тұрғысынан алғанда өте жақсы ұсыныс еді. Бірақ ол жас баланың «аспандағы айды алып бер» деген далбасасына ұқсайтын. Мұндай мықты мұсылмандық идеяны жүзеге асыру үшін Түркістан ең алдымен Ресейге бағыныштылықтан біржола құтылуы керек еді. Алайда, «Ғұлама қоғамы» ежелден ұлттық ұйымдарымыз армандап келген Ресей Федерациясы ішінде автономия беруді ғана талап етті» [3, 273-б.].

«Шурои-улема» ұйымы осы саяси ұстанымын жүзеге асыру мақсатында қабылданған жарғысында ұлттық-діни ой-пікірлерді мерзімді баспасөз арқылы насихаттау және күнделікті өмірде талас тудыратын мәселелерді ислам діні қағидалары негізінде шешу керектігін атап көрсетті. Сондай-ақ жарғыға сәйкес ұйым мүшелері үш топқа бөлінді. Жылына 6 сом төлегендер қарапайым мүшелер, ұйымға айрықша қызмет сіңіргендер құрметті мүшелер, ал ұйымның есепшотына 100 сом көлемінде қаржы салғандар тұрақты мүше саналатын болды. Зияндылығы сезілген мүшелер жалпы жиналыстың ұйғарымымен ұйымнан шығарылатын болып белгіленді [4, 9-14-п.].

Түркістан өлкесіндегі жергілікті зиялы қауым өкілдерінің басым бөлігі «Шурои-улема» ұйымының бой көтеріп, қоғамдық өмірге араласуын Уақытша үкімет жағдайында аймақтағы түркі-мұсылман халықтарының талап-тілектерін жүзеге асыруда кедергі келтіреді, осы мақсат жолында ұлттық саяси күштердің бірлесе әрекет етуге деген талпынысының тежелуіне, олардың жігінің ажырай түсуіне әкеліп соқтырады деп санады. Мұндай пікір Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесімен және «Шурои-ислам» ұйымымен қарым-қатынасына байланысты туындаған еді.

1917 жылы 12 маусым күні барлық ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін үйлестіріп, оны бір арнаға түсіріп отыру ниетінде құрылған Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне төрағалыққа М.Шоқай, мүшелері ретінде Мұнауар Қари, М.Бехбуди, Т.Нарботабеков, З.Валиди, У.Қожаев, А. Авлони секілді қайраткерлер сайланған болатын. Алайда, «Шурои-улема» ұйымы Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінің нұсқауларын орындамайтындығын білдіріп, оның мүшелерін халық сайламағандығын алға тартты [5]. Осыған орай Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі мен «Шурои-улема» ұйымының арасы шиеленісе түсті.

«Шурои-улема» мен «Шурои-ислам» ұйымдары арасындағы шиеленісті жағдай Ташкент қаласы думасына және Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлау кезінде айқын көрінді.

1917 жылы шілдеде өткен Ташкент қаласы думасына сайлау кезінде өлкедегі ұйымдар мен партиялар атынан 16 тізім ұсынылған еді. Сайлау қарсаңында Түркістан өлкесі мұсылмандары орталық кеңесінің «Шурои- ислам» мен «Шурои-улема» ұйымдары атынан ұсынылатын тізімді біріктіру, оған танымал

қайраткерлерді енгізу бағытындағы әрекетінен нәтиже шыға қоймады. «Шурои-улема» ұйымы сайлауда жеңіске жетіп, қалалық думадағы 103 орынның 62-сіне ие болды. Қалған орынның бесеуін социал-демократтар, 24-ін эсерлер, 11-ін «Шурои-ислам» иеленді [6, С.55].

Ташкент қаласы думасына «Шурои-улема» атынан ұсынылған тізімде Самарқан облысының бұрынғы әскери губернаторы Лыкошин секілді өкілдер де бар еді. Қалалық думаға ескі билік шенеуніктерінің ұсынылуы ұлттық демократиялық күштердің ғана емес, өлкедегі еуропалық тұрғындар арасында кең қанат жайған либералды және солшыл радикалды топтардың да наразылық білдіруіне алып келді. Эсерлер мен социал-демократтар осыған орай мұсылмандар саяси жағынан әлі жетілмеген, олар біздің үстімізден реакциялық күштердің билік жүргізуіне жол беруде деп мәлімдей бастады. Мәселен, Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің мүшесі Г.Цвилинг «мұсылмандар контрреволюция жолына түсті» деген мәлімдеме таратып жатты [7, С.44].

Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлау кезінде депутаттыққа кандидаттар ұсынуда Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі барлық ұлттық ұйымдар атынан бір тізім жасау керектігін ұсынған болатын. Бірақ мұндай ұсыныстан, яғни «Шурои-ислам» ұйымымен бірлесе Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар белгілеуден «Шурои-улема» ұйымы бас тартты. 1917 жылы 2 қазанда «Шурои-улема» ұйымы Түркістан қаласында Сырдария облысы мұсылмандарының сиезін өткізіп, онда Құрылтай жиналысына өз алдына бөлек депутаттыққа кандидаттар тізімін жасады. 14 адамнан тұратын бұл кандидаттар тізімі қатарында С.Лапин, С.Махмұдқожа, С.Алдабергенов, С.Нұрмұхамедов, Садық Қожа ишан, Х.Ибрагимов, Т.Ғалым, О.Мерейов, М.Мабирхан, Ө.Топчибашев, Қ.Бұралқиев, С.Юсупов, С.Наргелов, Ғ.Махдум бар еді [8, 107-п.].

«Шурои-улема» ұйымы атынан Сырдария облысы мұсылмандарының сиезінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылғандарға ұлттық демократиялық күштер көңілдері толмайтындығын баспасөздер арқылы білдіріл жатты. Бұл жөнінде «Бірлік туы» газетінде: «Сырдария облыстық мұсылман съезі шын мәніндегі облыстық съезд болмаған. Өйткені, оған Қазалы ьәм Әулиеата уездерінен тіпті ешкім келмеген. Барғандардың көбі Ташкенттен ертіп апарған Сералы мен Садық Қожа ишанның өз адамдары болған. Құрылтай жиналысына баратын адамдар саясат ісінен хабардар болуы керек. Олардың ұсынған тізімінде ондай адам жоқ. Көбі молдалар мен ишандар. Олар Петроградқа Николайдың жаназасын шығаруға бармаса, Құрылтай жиналысындағы топқа түсуге жарайтын адамдар емес» [9], деп жазды.

Бүкілресейлік құрылтай жиналысына «Шурои-улема» ұйымы атынан әзірбайжандық көрнекті түрікшіл қайраткер Әлимарданбек Топчибашев та ұсынылған болатын. Бірақ, ол Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі мүшелерімен пікірлес екендігін танытып, «Шурои-улема» ұйымы атынан Құрылтай жиналысына ұсынылудан бас тартатыны жайлы Бакуден жеделхат жолдады [10].

«Шурои-улема» ұйымы осындай бірқатар мәселелер бойынша өзге ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдармен ымыраға келе алмады. Алайда, бұл «Шурои-улема» ұйымы жергілікті халық мүддесімен санаспады дегенді білдірмейді. Түркістан өлкесінің байырғы тұрғындарының мүддесіне қауіп төнгендей жағдай байқала қалғанда, «Шурои-улема» өзге ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдармен бірге әрекет етуге ынталылық танытты. Мұны 1917 жылы қыркүйекте өлкедегі тек еуропалық нәсілдегі ұлттардың өкілдерінен тұратын жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің бар билікті өз қолына алу мақсатында революциялық комитеттер құра бастаған шақта «Шурои-улема» ұйымының ұйымдастырған іс-шараларынан аңғаруға болады. Сол тұста «Шурои-улема» ұйымы жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің революциялық комитеттер құруын жергілікті халықтың талап-тілегіне қайшы келетіндігін айтып, мұндай басынушылыққа барлық ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарды қарсылық көрсетуге шақырып, Түркістан өлкесі мұсылмандарының сиезін өткізу қажеттігі жайлы мәселе көтерді.

1917 жылы қыркүйектің 17-20 аралығында Ташкент қаласында «Шурои-улема» ұйымының ұйымдастыруымен 500-ден астам делегат қатысқан Түркістан өлкесі мұсылмандарының сиезі өтті. Бұл сиезге қатысушылардың қатарында Орал және Торғай облыстарының өкілдері де болды. Сиезде делегаттар өлкедегі билікті жергілікті халықтың тұрмысымен таныс емес еуропалық нәсілдегі халықтардан тұратын революциялық комитеттің қолға алуға талпынуы заңсыз және мұндай әрекет Уақытша үкіметтің өз міндеттерін жүзеге асыруына нұқсан келтіреді деген қаулы қабылдады. Сондай-ақ, сиезде Сырдария, Ферғана, Самарқан және Закаспий облыстары Ресей өкіметінің құрамында болып, жеке аумақтық автономия иеленсін. Халықтардың өзін-өзі билеу құқығы негізінде құрылған бұл автономия Түркістан Федеративті республикасы деп аталсын, Жетісу облысы осы федерацияға кіретін-кірмейтіндігін өзі шешсін деген ұйғарым жасалды. Түркістан Федеративті республикасының саяси құрылымы жөнінде «Шурои-улема» ұйымының жетекшісі С.Лапиннің ұсынысы қабыл алынды. Онда былай делініп көрсетілді: «1. Түркістан Федерациясының ішкі мәселесін шешу жалпыға бірдей, құпия дауыс беру арқылы 5 жыл мерзімге сайланған және өлкедегі барлық халықтардың өкілдері қатыстырылған Түркістан. парламентінің қолында болады. 2.

Түркістан парламентінің қызметі Ресейдің негізгі заңдарына және шарият талаптарына сай жүргізіледі. 3. Жалпы мемлекеттік мәселелерді шешу үшін Ресей республикасы үкіметі құрамында Түркістан парламентінің өкілдері болады. 4. Ташкент қаласында Түркістан Федерациясының «Маъкамай-шариат» деп аталатын Сенаты, болып, оған заң шығару ісі және соттар мен өзге де үкіметтік мекемелердің қызметін қадағалау міндеті жүктеледі. 5. «Маъкамай-шариат» төрағасы «Шейх-ул-ислам» деп атанып, Түркістан Федерациясындағы заңдардың жүзеге асуын қадағалайды» [11].

Осы сиезде «Шурои-улема» ұйымы тарапынан Түркістан өлкесіндегі барлық ұлттық ұйымдарды біріктіру, «Иттифақ-ул-муслиаин» (Мұсылмандар одағы) деп аталатын бір саяси партия құру туралы мәселе де көтеріледі [12]. Бірақ мұндай ұсынысқа өлкедегі «Шурои-ислам», «Турон» секілді ұйымдар қолдау таныта қоймады. Сондықтан, ондай партияны құру іске аспай қалды.

«Шурои-улема» ұйымының өкілдері 1917 жылы қарашаның 15-22 аралығында Ташкентте жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің ұйымдастыруымен өткен өлкелік кеңестердің үшінші сиезіне қатысты. Бар биліктің Халық комиссарлары кеңесі қолына өту керектігі жөнінде сиезде қабылданған шешімге «Шурои-улема» ұйымы барынша қарсылық танытты. Ұйымның жетекшісі С.Лапин өлке халқының 98 пайызын құрайтын мұсылмандардың өзін-өзі билеуге толық құқылы екендігін, әскерилер мен жұмысшылардың қолына биліктің көшуі мұсылмандардың құқығын ескермеушілік екенін алға тартып, «азғантай топтың билікті тартып алу әрекетіне мұсылмандар келіспейді, ондай билікті мойындамайды да» деп мәлімдеді [13].

Жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің өлкелік үшінші сиезі «Шурои-улема» ұйымының қарсылығына қарамастан, Түркістанда кеңестер билігінің орнағанын, өлкедегі биліктің соның қолына өтетіндігі бекітіп берді. Бұл іс жүзінде жергілікті халықтардың өзін-өзі басқару құқығын мойындамаудың және кеңестік билік басшыларының ұлыдержжава-лық-шовинистік көзқараста болғандығын айғақтайтын.

Өлкеде қалыптасқан осындай жағдайда «Шурои-улема» ұйымы Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің ұйымдастыруымен 1917 жылы 25 қарашада Қоқан қаласында өз жұмысын бастаған өлкелік төтенше төртінші мұсылман сиезінің Түркістан (Қоқан) автономиясын жариялау жөніндегі шешіміне қолдау танытты. Демократиялық негізде құрылған автономияның Уақытша кеңесі құрамына сайланғандардың қатарында «Шурои-улема» ұйымының жетекшісі С.Лапин да болды [14]. Бірақ арада бірнеше күн өткеннен кейін С.Лапин Түркістан (Қоқан) автономиясының Уақытша кеңесі құрамынан шығатындығын білдірген болатын. Оның бұл қадамы әлі де болса кеңестер билігімен ымыраға келіп, өлкедегі қос өкімет - Халық комиссарлары кеңесі мен Түркістан (Қоқан) автономиясы арасындағы текетірестің қантөгіс-ке ұласпауына байланысты туындаған еді [15, 3-10-п.].

«Шурои-улема» ұйымы басшысының кеңестер билігімен ымыраға келу жолындағы әрекеті Түркістан (Қоқан) автономиясы басшылығы тарапынан айыпталып та жатты. Мұндай айыптаулар өз кезегінде «Шурои-улема» ұйымының Түркістан (Қоқан) автономиясынан қол ұзуін жылдамдата түсті.

1918 жылы 5 қаңтарда Ташкенттегі Жұма мешітінде «Шурои-улема» ұйымы мүшелерінің жиналысы өтіп, Түркістан (Қоқан) автономиясын қолдамау жөнінде шешім қабылдады. «Шурои-улема» ұйымының осындай шешіміне орай сол тұста «Бірлік туы» газеті былай деп жазды: «Бұл хабар шаһар мұсылмандарына таралуымен халық арасында түрлі сөздер шығып, бір бөлігі автономияны жария еткенде айтқанын тыңдап, артынан еруге ант берген осы ғұламалар («Шурои-улема» ұйымы мүшелері) еді, енді бүгін тағы былайша дейді, осындай істер де ғұламаларға келісе ме екен деп көңіл қайтқан. Дүйсенбі күні Азық-түлік комитетінің «Фукахе» ұйымының жиналысы болып, «Шурои-улеманың» істеген істерін шарият жолына лайық іс емес екендігін айтты» [16].

Осылайша, Түркістан (Қоқан) автономиясын мойындамау жолына түскен «Шурои-улема» ұйымы кеңес өкіметімен ымыраға келу мақсатында 1918 жылы 17 қаңтарда өлкелік халық комиссарлар кеңесіне «Орыс социалистеріне» атты мәлімдеме жолдады. Жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің бар билікті қолына алуы сөзсіз мұсылмандардың қарулы қарсылығына ұшырайтындығын ескерте отырып, өлкедегі билікті ұйымдастырудың өзге жолы ұсынылған бұл мәлімдемеде қантөгіске жол бермеу үшін өлкеде мұсылмандық автономияның орнығуы тиістігі, өлкедегі еуропалық нәсілдегі тұрғындарды басқару ғана Халық комиссарлар кеңесі қолында қалу керектігі және мұсылмандық автономия үкіметінің исламдық социализм принциптері бойынша құрылу қажеттігі айтылған еді [17, 76-81-п.].

«Шурои-улема» ұйымының мұндай ұсынысына кеңес өкіметі құлақ аспайтындығын 1918 жылы ақпанда Түркістан (Қоқан) автономиясын қару күшімен талқандау арқылы көрсетіп берді. Көп ұзамай кеңес өкіметі «Шурои-улема» ұйымының өзін саяси талапқа сай келмейтін ұйым ретінде тарату керек деп шешті. «Шурои-улема» ұйымының сол тұста жасаған соңғы қадамы өлкедегі большевиктер үстемдігіне қарсы күресу үшін Германиядан көмек сұрауы болды. 1918 жылы қыркүйекте «Шурои-улема» ұйымының жетекшісі С.Лапин тарапынан білдірілген ондай өтінішке бірінші дүниежүзілік соғыста, жеңіліске ұшыраған Германияның көңіл бөлуге мұршасы келмеді [18, С.23-25].

Осылайша «Шурои-улема» ұйымы 1917 жылғы қос революция тұсында Түркістан өлкесіндегі түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғауда өзінің саяси ұстанымдарымен ерекшеленген ұйым ретінде бой көрсетті. Оның сол тарихи кезеңдегі қызметі қалай дегенмен де халық мүддесіне қарсы бағытталған жоқ, қайта оны қорғаудың балама жолын іздестірумен ерекшеленді.

ӘДЕБИЕТ

- 1 От редакции // Туркестанские ведомости. – 1917. – 18 июля.
- 2 РМӘСТМ. 71-к, 34-т., 1475-іс.
- 3 *Шоқай М.* Таңдамалы. Алматы, «Қайнар», 1999. – 1 т. – 473 б.
- 4 РМӘСТМ. 71-к, 34-т., 1475-іс.
- 5 *Мәтбуғаттан // Улұғ Туркистон.* – 1917. – 18 октябрь.
- 6 *Абдусаттаров А.* «Шурой-исламия» // Красная летопись Туркестана. – 1923. – N1-2. – С. 51 – 59.
- 7 Туркестан в начале XX века: к истории истоков национальной независимости. – Ташкент: «Шарк», 2000. – 601 с.
- 8 ӨР ТОМ. 528-к., 1-т., 12-іс.
- 9 «Ғұламалар қоғамы // 1917. – 2 қазан.
- 10 Шуро // Улұғ Туркистон. 1917. – 10 октябрь.
- 11 Ташкент // Туркестанский курьер. – 1917. – 11 ноябрь.
- 12 Туркистон шаһаринде // Улұғ Туркистон. – 1917. – 30 қыркүйек.
- 13 В Туркестане // Туркестанские ведомости. – 1917. – 21 ноябрь.
- 14 Түркістанда ғұламалар съезі // Бірлік туы. – 1917. – 23 желтоқсан.
- 15 ӨР ОММ. 39-к., 1-т., 11-іс.
- 16 Ғұламлар жиылысы // Бірлік туы. – 1918. – 18 қаңтар.
- 17 РМӘСТМ. 74-к, 34-т., 1632-іс, 76-81-п.
- 18 *Германов В. А.* Историки Туркестана в условиях политического террора 20- 30-х годов. Ташкент: ИИ РУз, 2000. –

67 с.

УДК: 902.2 (574.2) (574.3)

Сағындықова С.Т.

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби

КОЛЕСНИЧНЫЕ КОМПЛЕКСЫ БРОНЗОВОГО ВЕКА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Статья посвящена рассмотрению колесничных комплексов Казахстана, которые раскрывают высокую степень развития племен бронзового века. Развитость населения отражает погребальный обряд, верования народа, бытовые предметы. В работе показан процесс раскопок колесничных памятников Берлик и Сатан, также наскальные изображения колесниц. Колесничные комплексы широко известны в степной Евразии, как прогрессивная техника своего времени. Они были многофункциональны, использовались в виде транспорта передвижения, имели большое военное и религиозное значение.

Исследованием рассматриваемых памятников занимались как российские, так и отечественные археологи. В ходе изучения были охвачены материалы касающиеся колесниц бронзового века Казахстана. Археологические раскопки выявили особенности погребальных комплексов, такие как остатки колес от колесниц вместе с ободками и спицами, также найдены костяки как крупно рогатого скота, так и собаки. Это показывает хорошо развитое скотоводство и прирученность домашних животных, а также знания построения колесниц.

Колесничный комплекс рассматриваемый в статье датируется в пределах 3-2 тысячелетия до н.э.

Ключевые слова. колесницы, курганы, наскальные изображения, военная техника, погребальные памятники.

Сағындықова С.Т.**ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ АРБАЛЫ КЕШЕНДЕРІ**

Аңдатпа. Мақала қола дәуірі тайпаларының жоғары даму деңгейін көрсететін Қазақстанның арбалы кешендерін талдауға арналады. Халықтың даму деңгейін жерлеу ғұрпы, діні, тұрмыстық заттары көрсетеді. Жұмыста Бірлік, Сатан, Ащысу арбалы ескерткіштерінің қазу процесі және жартас суреттеріндегі арба кешендерінің бейнесі көрсетілген. Далалық Еуразияда арбалы кешендер өз уақытының заманауи техникасы болған. Олар өте көп функциялы: көлік ретінде, әскери техника және діни мәнде қолданылды.

Қарастырылып жатқан ескерткіштерді зерттеумен Ресей және отандық археологтар айналысты. Зерттеу барысында Қазақстанның қола дәуірі арбаларына қатысты мәліметтер қаралды. Археологиялық қазба жұмыстары барысында зерттеу кешендерінің ерекшеліктері болып табылатын арбаның шыбықтары мен дөңгелек жиектері, ірі қара мал және ит сүйектері табылды. Бұл мал шаруашылығының дамығандығын, қолға үйретілген үй жануарларының болғандығын және адамдар арба құрастыру шеберлігін білгендігін көрсетеді.

Мақалада қарастырылып жатқан арбалы кешендер б.з.д. 3-2 м/ж мерзімделеді.

Түйін сөздер. арбалар, қорғандар, жартас суреттері, әскери техника, жерлеу ескерткіштері.

Sagyndykova S.T.**WHEELED COMPLEXES OF BRONZE CENTURY ON TERRITORY OF KAZAKHSTAN**

Abstract. The article is devoted to the consideration of the chariot complexes of Kazakhstan, which reveal the high degree of development of the Bronze Age tribes. The development of the population reflects the funeral rite, people's beliefs, everyday objects. The work shows the process of excavating the chariot monuments of Berlik and Satan, as well as rock carvings of chariots. Wheeled complexes are widely known in the steppe Eurasia as a progressive technique of their time. They were multifunctional, used in the form of transport vehicles, had great military and religious significance.

The study of the monuments in question involved both Russian and domestic archaeologists. During the study, materials concerning the chariots of the Bronze Age of Kazakhstan were covered. Archaeological excavations revealed features of funerary complexes, such as the remains of wheels from chariots along with rims and spokes, as well as found the skeletons of both cattle and dogs. This shows the well-developed cattle breeding and taming of domestic animals, as well as knowledge of the construction of chariots.

The chariot complex considered in the article dates back to the 3-2 millennium BC.

Keywords. chariots, barrows, rock paintings, military equipment, funerary monuments.

Введение

Время средней и поздней бронзы Евразийских степей характеризуется появлением такого феномена, как колесничный комплекс. Составляющие колесничного комплекса были найдены на просторах Евразии, указывая на этнокультурные связи между племенами населявших степную полосу Евразии в бронзовом веке. Колесничные комплексы встречаются как в Казахстане, так и в России, Китае, Греции и т.д.

Данная работа в географическом плане ограничена Казахстаном.

Колесница - это древняя двух или четырехколесная повозка, в которую впрягались одна или несколько лошадей; применялась в боевых действиях, спортивных состязаниях, ритуальных и триумфальных процессиях. Управлялась стоящим в колеснице возничим. Боевые колесницы действовали перед фронтом или на флангах пехоты [1].

И.В. Чечушков и А.В. Епимахов включают в колесничный комплекс: колесницы вкуче с упряжными лошадьми, детали конской упряжи (псалии), а также набор инвентаря воина-колесничего [2, с. 167]. В захоронениях андроновской, ямной, катакомбной культур бронзового века встречаются как остатки колес от колесниц, так и их имитация, доказывая наличие транспорта в бронзовом веке.

Пожалуй самую важную роль в распространении колесниц сыграло появление псалий. Псалий использовался, как средство управления лошадей путем воздействия на морду животного и распределитель ремней оголовья. Псалий различных культур как петровская, алакульская и т.д. отличаются друг от друга формой, техникой изготовления и другими элементами. В колесничий комплекс также входит погребальный инвентарь, который может состоять из керамических сосудов, боевого оружия и других предметов [2, с. 168].

Есть разные мнения исследователей о функции колесниц в погребальном обряде: некоторые считают, что колесницы были предметом роскоши и демонстрировали социальный статус; другие считают, что присутствие колесниц в погребальном обряде, связано с верованием в путешествие душ после смерти.

Образы колесниц также встречаются на наскальных изображениях, на разной бытовой утвари, что доказывает их широкое распространение и популяризацию в бронзовом веке.

Колесничные комплексы бронзового века в погребальных памятниках Казахстана

Как известно domestикация лошади на территории Казахстана произошла в эпоху энеолита у ботайцев, поэтому вполне закономерно появление здесь колесниц или колесничных комплексов. Такого рода захоронения на сегодняшний день известны в Северном (Кенес, Улубай, Берлик II, Новоникольское), Западном (Танаберген 2) и Центральном Казахстане (Сатан, Ащису, Нуртай, Аяпберген, Бозинген и др.) [3, с. 247]. В погребальных комплексах этих памятников были найдены элементы или имитация колесниц, что дает нам право говорить о наличии колесничных комплексов.

В захоронении могильника Сатан зафиксированы четкие отпечатки обода и спиц колес диаметром 1-1,2 м, расстоянием между ступицами 1,2-1,4 м. На Берлике обнаружены две параллельные ямки от колес, длина ямок 0,8-0,9 м, ширина 15-20 см, глубина до 20 см. Также зафиксированы часть обода и пять спиц [2, с. 167].

Могильник Сатан включает в себя три захоронения в которых присутствуют следы колесничных комплексов. Под насыпями присутствуют рвы и кольцевая ограда из поставленных на ребро камней. Могильные ямы ориентированы по линии З-В, составляют 3,5-3,8 х 2-2,65 м, глубина 1,07-1,37 м. В юго-западном секторе у плит ограды встречаются кости животных, фрагменты керамики, оставшиеся от поминальных жертвоприношений. Остатки полуобгоревшей колесницы были найдены в западной части могилы кургана I. Определить позу и ориентировку погребенного не удалось, поскольку при ограблении могила была сильно нарушена [4, с. 20].

В погребениях были найдены глиняные сосуды, костяной псалий прямоугольной формы от уздечного набора, фрагмент позолоченного кольца, бронзовая очковидная подвеска, бусы, кремневый наконечник стрелы. Эти предметы были испорчены при ограблении или преднамеренно разбиты, сломаны [4, с. 20].

По краю могильных ям на глиняной площадке в некоторых курганах зафиксированы погребения двух коней, уложенных таким образом, чтобы придать положению ног имитацию бега. В некоторых случаях помещали только черепа и кости ног лошади.

Могильник Сатан особенен тем, что в нем были найдены фрагменты колесницы. Колеса вкапывались на одну четверть в канавки на дне могильной ямы, благодаря этому, удалось зафиксировать отпечатки обода и спиц. Диаметр колес составляет 1-1,2 м, расстояние между ступицами 1,2-1,4 м. Колеса были поставлены в грунтовые ямы размером 69-73х13 см в западной части могилы [4, с. 21].

По данным вышеуказанного могильника известно обтягивание обода кожей и в целом сама конструкция колес. Известны факты крепления кожи с внутренней стороны костяными гвоздиками, спицы колес крепились в круговой паз по центру внутренней плоскости обода. Платформа колесницы деревянная размером 1,2 х 0,67-0,75 м [4, с. 21].

В таких же могилах совершались погребения и женщин, что показывает, возможно отдельное сословие колесничих, передаваемое по наследству.

В могильнике Берлик II колесничий комплекс прослеживается в курганах №№ 2 и 10. На подкурганной глиняной площадке данных курганов были обнаружены фрагменты колесницы, костяные псалий, кости лошади и крупно рогатого скота [5, с. 71].

В кургане № 2 зафиксировано шесть ям. В ямах 2,3 и 5 материальных остатков не было обнаружено, на дне ямы 6 найдены прокол и мелкие кусочки обожженного дерева.

Касательно рассматриваемой темы материал дает яма 1. Погребальная камера ямы 1 сложена из светлой вязкой глины толщиной 15-20 см, пол камеры также покрыт слоем глины толщиной 0,2 м. В заполнении ямы на глубине 1 м зафиксирован участок рухнувшей глиняной площадки, на котором сохранилось два скелета собак без черепов, несколько резцовых зубов животных, а также три пары жаберных крышек крупных рыб. В заполнении камеры обнаружены фрагменты 16 сосудов, в восточной части погребальной камеры обнаружены две параллельные ямки от колес. Длина ямок 0,8-0,9 м, ширина 15-20 см, глубина до 20 см. В разрезе на фоне глиняного заполнения в северном углублении зафиксированы часть обода и две спицы, в южном – фрагмент обода и отпечатки трех спиц. Расстояние между спицами 25-30 см, толщина обода и спиц 2-3 см [5, с. 72].

Курган № 10 диаметром 12 м, высотой до 0,1 м. В центральной части подкурганной площадки зафиксирована прямоугольная могильная яма ориентированная по линии З-В. Вокруг ямы также, как и в предыдущих курганах, кольцом расположена глиняная площадка толщиной до 10 см. На слое глины у южной стены могилы обнаружен скелет лошади, лежащей на правом боку с подогнутыми конечностями, головой на Запад. Рядом конский череп. На расстоянии 0,7-1 м от черепов найдены два сосуда баночной формы [5, с. 72].

На полу погребальной камеры у восточной стены четко зафиксированы два узких овальных углубления размером 0,9 x 0,3 x 0,2 м, расположенных параллельно друг-другу на расстоянии 1,4 м. В разрезе северной ямки у дна зафиксированы мелкие фрагменты дерева от обода колеса. В западной части южного углубления найдены четыре каменных наконечника стрел. На глубине 0,7 м у западной стены погребальной камеры найдено три костяных псалия – два археологически целых и один во фрагментах. В придонной части камеры зафиксированы древесный тлен и фрагменты четырех сосудов [5, с. 73].

Колесничные комплексы бронзового века в Казахстане встречаются крайне редко и не в полном составе. Поэтому в статье описаны только два более менее дающих материал по данной теме могильника.

Могильник Сатан расположен в Центральном Казахстане, а могильник Берлик II в Северо-Казахстанской области. Оба этих памятника относятся к петровской археологической культуре, но поскольку они из разных регионов, в них присутствуют свои локальные особенности.

В обоих случаях присутствуют несколько погребений на одной подкурганной площадке. Подкурганная площадка, как и погребальные камеры отделана определенным слоем глины, что показывает тщательное приготовление погребального комплекса для умершего, это могло занимать определенное количество времени. Также были найдены кости как крупно рогатого скота, так и мелко рогатого, что также показывает присутствие поминальных жертвоприношений.

В могильнике Сатан присутствуют не только мужские захоронения, но и женские и детские. Возможно, существовало отдельное сословие войнов-колесничих, которое передавалось по наследству.

На глиняной площадке, по краю погребальных камер размещались погребения коней ориентированных на запад, иногда это не полный костяк, а отдельные кости лошади. Кости лежали в такой позе, которая давала имитацию бега, то есть с согнутыми ногами и выгнутой спиной. Можно предположить, что это связано с верой, что на колеснице запряженной двумя конями умерший отправится в иной мир.

По сравнению с могильником Берлик II на могильнике Сатан хорошо прослеживаются следы колесницы. Найдены отпечаток колес, костяные гвоздики, спицы. Также известно обтягивание обода колеса кожей. Часть колес опускалась в ямки отделанные глиной, благодаря этому, и остались отпечатки колес.

Колесничные комплексы бронзового века на наскальных изображениях Казахстана

О значений колесниц можно многое узнать по наскальным изображениям Сары-Арки, Моинкумов, Тамгалы в Каратау в Южном Казахстане, Смагул, Мойнак и Талапты I в Восточном Казахстане, Саймалы-Таш на Тянь-Шане [2, с. 169].

Широко известный грот Акбаур, который расположен у села Бестерек Уланского района Восточно-Казахстанской области предоставляет повозку на двух дисковидных колесах. Грузовая платформа повозки смещена назад по отношению к оси колес, а на конце дышла имеется ярмо с вертикальными притыками для упряжных животных [6, с. 31].

Совершенно иной тип колесного транспорта изображен на камне из Курчума в Восточном Казахстане. Повозка показана в плане. Кузов прямоугольный, четыре сплошных колеса без спиц

расположены как бы плашмя по его углам и соединены попарно линиями, пересекающими кузов и обозначающими оси. Особенно интересны две линии, обозначающие по сей вероятности, стержни двусоставного дышла. Наиболее вероятная дата курчумской повозки – первая половина II тыс. до н.э. [6, с. 32].

Приблизительно в середине II тыс. до н.э. в петроглифах Казахстана появляются изображения легкой конной колесницы, созданной на базе повозок со сплошными дисковидными колесами [6, с. 41].

На запряженных колесницах Ешкиолмес можно просматривать уже не дисковидные колеса, а колеса на восьми спицах.

В петроглифах Ешкиолмес в двух случаях антропоморфные солярные божества с отходящими от головы лучами показаны стоящими на колеснице, запряженной лошадьми. В петроглифах Саймалы – Таш и Тамгалы часто изображены быки, запряженные в повозки и колесницы. Только в шести наиболее крупных святилищах Ешкиолмес насчитываются около ста изображений колесниц, но в упряжках – только лошади. Лишь в одном случае колесницу влечет, широко выбрасывая в беге ноги, верблюд [7, с. 7].

Серию из 20 колесниц представляют петроглифы Койбагара и Кокбулак.

Почти все они однотипны, хотя в деталях отличаются друг от друга. Наиболее существенно, что у всех колесниц очень архаичный дышловой способ запряжки. Его можно безошибочно определить по поперечному брусу, который отчетливо виден даже на тех изображениях, где дышло теряется среди ременных сплетений. Лишь в четырех случаях из 19 плохая сохранность упряжной части колесниц не позволяет проследить наличие ярма. На всех изображениях колесниц, где достоверно определяется конская запряжка, по обеим сторонам дышла выбито от двух до шести линий, под которыми можно подразумевать ременные вожжи. Напротив, там, где нарисована, как на Койбагаре II, верблюжья упряжка, изображено только дышло. Исходя из этого вполне возможно, что все колесницы с дополнительными линиями имели конские упряжки, а без добавочных линий – верблюжьих [7, с. 8].

Очень характерно для всех изображений постоянное число спиц в колесницах. Оно везде не больше четырех.

В каратауских колесницах грузовые площадки, помещенные между колесами, несколько отличаются друг от друга. Некоторые из них имеют конфигурацию круга с четырьмя спицами. Большинство исследователей связывают такое изображение с культом солнечной колесницы, своего рода эмблемой солнечного божества, широко распространенным в идеологии древнего населения Европы, Ближнего Востока и других районов. На одной колеснице из Койбагара I выбит круг без перекрещивающихся линий. На нескольких двухколесных повозках его заменяет полуовал с радиальными линиями или со сплошь выбитой площадью. На колеснице с верблюжьей упряжкой на месте круга нарисованы гнутые линии, идущие к дышлу, они пересекаются с ним и изогнутым креплением. Две колесницы не имеют площадок, возможно, они не сохранились [8, с. 146].

Известно, что дисковидные колеса предшествуют колесам на спицах, но этот факт сам по себе еще не указывает на архаичность первых. Дело в том, что повозки на дисковидных колесах тысячелетиями сосуществовали с колесами на спицах, вплоть до этнографической современности.

А.Д. Калмыков писал о различии грузовых и боевых колесниц. Отнеся Амударьинскую повозку к грузовым, он подчеркивал, что у боевых колесниц грузовая площадка выдвинута вперед по отношению к оси между колесами. То есть по наскальным изображениям у нас есть шанс определения грузовой площадки колесницы, выявления отдельных форм грузовых и боевых колесниц.

Несмотря на обилие публикации по колесницам, до сих пор актуальной остается проблема их относительной хронологии.

Заключение

Боевые колесницы, повозки запряженные лошадьми, верблюдами, быками являлись основным транспортом своего времени применяемым как для транспортировки определенных вещей, так и для ведения боевых действий. Поэтому вполне закономерно использование колесниц в погребальных обрядах и запечатление их на наскальных рисунках, благодаря чему мы на сегодняшний день представляем жизнь людей эпохи бронзы.

В погребальных комплексах Казахстана колесницы встречаются крайне редко. Более менее полный материал дает могильник Сатан, но и там колесница сохранилась не полностью, сохранились только отдельные детали колес. Погребения с колесницами совершались на глиняной площадке, колеса вкапывались в углубления, благодаря чему и оставили отпечатки формы колеса. Также рядом с колесницей ориентированные в основном на запад хоронились лошади или отдельные ее части. Скорее всего это связано с верой в то что, умерший отправится в свое последнее путешествие на колеснице. Колесничая атрибутика встречается не только в мужских захоронениях, но и в женских и детских, что показывает определенное сословие колесничих в обществе, которое передавалось по наследству.

Колесницы на территории Казахстана гораздо чаще встречаются на наскальных изображениях нежели в погребениях. Только на каратауских петроглифах известно изображение двадцати колесниц и повозок. По наскальным изображениям можно определить какие были по строению колесницы. В более ранних периодах можно определить повозки с дисковидными колесами, после прослеживаются изображения колес на спицах. Если по началу использовались всего четыре спицы, то в более поздние периоды эпохи бронзы число спиц увеличивается до 6-8. По наскальным изображениям можно проследить эволюцию колесного транспорта.

По колесничным комплексам бронзового века Казахстана очень мало материала, поэтому и более широкое изучение проблематично. Изучение памятников данной категории дало бы возможность решения ряда проблем по хронологии и периодизации, этнокультурной атрибутики и выявления динамики межкультурных связей в Евразийских степях.

ЛИТЕРАТУРА

1. Большой энциклопедический словарь. 2012.
2. Кузьмина Е.Е. Откуда пришли индоарии? – Москва, 1994. – 457 с.
3. Новоженев В.А. Азиатские колесницы (к проблеме выделения азиатского колесничного комплекса) // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы: Материалы международной научной конференции, посвященной 20-летию Независимости Республики Казахстан и 20-летию Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. – Алматы, 2011.– Т. 1. – С. 247-255.
4. Евдокимов В. Варфоломеев В. Эпоха бронзы Центрального и Северного Казахстана. – Караганда: Издательство КарГУ, 2002. – 138 с.
5. Зданович Г.Б. Бронзовый век Урало-Казахстанских степей (основы периодизаций). – Свердловск: издательство Урал, 1988 –184с.
6. Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы, 2006. – 200 с.
7. Марьяшев А.Н., Рогожинский А.Е. Наскальные изображения в горах Ешкиолмес. – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 80 с.
8. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Каратауские колесницы // Археологические исследования в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1973. – С. 128-146.

УДК: 902.2

Сағындықова С.Т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АУДАНДАРЫНДА БАҚТАШЫЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның Солтүстік аудандарындағы бақташылықтың даму деңгейі, Терсек мәдениеті ескерткіштерінің зерттелу тарихы қарастырылған. Қожай I, Құмкеш I, Соленое озеро I, Қайынды III қоныстарында табылған мал сүйектеріне салыстырмалы талдау жасалып, терсектік тұрғындардың өміріндегі аңшылық пен бақташылықтың орны анықталды.

Бұл тақырыпты зерттеумен отандық және шетелдік ғалымдар айналысты. Зерттеу барысында Солтүстік Қазақстан аймақтарындағы жабайы жануарларды қолға үйретуге қатысты мәліметтер қамтылған.

Түйін сөздер. доместикация, энеолит, Терсек, Ботай, қоныс, мал шаруашылығы.

Сағындықова С.Т.**ПОЯВЛЕНИЕ ПАСТБИЩНОГО ХОЗЯЙСТВА В СЕРЕВНЫХ РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА**

Аннотация. В статье рассматривается уровень развития пастбищного козьяства и история исследований памятников Терсекской культуры. В ходе работы сделан сравнительный анализ костных останков животных поселений Кожай I, Кумкеш I, Соленое озеро I, Кайынды III, и была выявлена роль животноводства и пастбищного хозяйства жителей терсекской культуры.

Исследованием данной темой занимались как отечественные, так и зарубежные археологи. В ходе изучения были охвачены материалы касающиеся доместикации диких животных в Северных районах Казахстана.

Ключевые слова. доместикация, энеолит, Терсек, Ботай, поселение, скотоводство.

Sagyndykova S.T.**THE APPEARANCE OF PASTURE ECONOMY IN THE SULFUR REGIONS OF KAZAKHSTAN**

Abstract. The article deals with the level of development of pastoral economy and the history of research of the monuments of the Tersek culture. In the course of the work, a comparative analysis of the bone remains of the animals of Kozhay I, Kumkesh I, Solenoe ozero I, Kaiyndy III, and the role of the livestock and pasture farming of the inhabitants of Tersek culture was identified.

This topic was studied by both domestic and foreign archaeologists. During the study, materials concerning the domestication of wild animals in the Northern regions of Kazakhstan were covered.

Key words. domestication, eneolith, Tersek, Botai, settlement, cattle breeding.

Кіріспе

Бүгінгі күні еліміздің археологиялық нысандарын зерттеу айтарлықтай табыстарға жетуде. Әр жылда әр түрлі уақыт аралықтарын қамтитын ескерткіштер ашылуда. Көнені зерттеу, қалпына келтіру үшін мемлекет тарапынан «Мәдени мұра» секілді бағдарламалар да қабылданды. Осындай бағдарламалардың аясында ежелгі бақташылар жайлы мәлімет беретін тың ғылыми ашылымдар жасауға мүмкіндік туды.

Жабайы жануарлардың қолға үйретілуі тарихи даму үрдісімен тікелей байланысты болды. Көп ғасырлық аңшылық тәжірибесі жануарлардың қылықтарын, мінез ерекшеліктерін жетік меңгеруге әкелді.

Түз жануарларының қолға үйретілуінің басты себебі өмір сүрудің қиындап, аңшылықпен балықшылыққа тәуелді болмай, үнемі үйдің қасында қорегін ұстау болды.

Қазақстан аумағында алғаш табылған үй жануарларының сүйектері энеолит кезеңіне жатады. Энеолит дәуірінде климат ылғалды болды. Бұл ірі сүтқоректілер санының белсенді өсуіне жағдай жасады. Бұл кезең тұрақтары Көкшетау, Жезқазған, Қостанай, Қызылорда және басқа да Қазақстан өңірлерінен табылды. Тұрақтардан жылқы, сиыр, қой, ешкі сүйектері аршылды. Бірақ, жабайы жануарлар сүйектерінің көптігі шаруашылықтағы аңшылықтың орны жоғары болғанын да көрсетеді.

Қолға үйретудің алғашқы кездері үй жануарлары аса көп болған жоқ, сондықтан мал шаруашылығы қоғамды толықтай тамақпен қамтамасыз ете алмады. Адамдар сиырды сауып, сүт өнімдерін қолдануды білген жоқ, сондықтан алғашқы кездері үй малдары тек еттің қоры ретінде ғана ұсталды деуге болады.

Соңғы уақытқа дейін өндірістік экономика андрондық тайпалар уақытында пайда болды деп саналды. Бұл тайпалар қола дәуірінде өмір сүріп, мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысты [1, с. 100-112].

Ғалымдар арасындағы осындай көз-қарас ұзақ уақыт бойы неолиттік және энеолиттік ескерткіштердің зерттелінуіне туындады. Бұл уақыт ескерткіштері туралы мәліметтер кездейсоқ жиналған материалдар арқылы белгілі болды. С.С. Черниковтың Усть-Нарым ескерткішіндегі кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізгені туралы толықтай мәліметтер жарық көрмеді. Х.А. Алпысбаев зерттеген Қараүңгір ескерткіші де осындай жағдайда болды [2, с. 144].

XX ғасырдың 80 жылдарына қарай Солтүстік Қазақстандағы бұл мәселеге байланысты жағдай өзгере бастады. Андрондық мәдениетке дейінгі тайпалардың тіршілігі, өмір сүру салты туралы толыққанды деректер жиналды. Археолог ғалым В.Ф. Зайберт Ботай мәдениетін ашып, В.Н. Логвин мен С. Қалиевалар оның батыстық нұсқасын Терсек мәдениетін бөліп көрсетті [3, 10 б.].

Энеолиттік қоныстар негізінен шағын дала өзендері: Торғайдың, Терісаққанның, жоғарғы Тобылдың, Обағанның, Шағалалының, Иманбұрлықтың биік жағаларындағы алаптарда жатыр. Олардың ауданы кейбіреулерінде 15 гектарға жетеді.

1937-1940 жылдары Торғай өңірінің энеолиттік ескерткіштерін зерттеумен жергілікті өлкетанушылар айналыса бастады. Осы уақытта оңға жуық тұрақтар табылды [4, с. 27-32; 5, с. 31-32]. Осы кездегі Қостанай облысындағы зерттеу жұмыстары жергілікті энеолит тайпаларын зерттеуде алғашқы қадамдардың бірі болды.

1970 жылдардың басына дейін тас дәуіріне байланысты зерттеулер аз болды. Бірақ, осы кезеңде Солтүстік Қазақстанның қола дәуірінің қоныстарын зерттеуде көптеген жаңалықтар ашылды. 1990 жылдары кейбір тұрақтарды зерттеумен А.Я. Брюсов айналысты. Қостанай қаласының мұражайында оның екі қолжазбасы сақталған «Неолит и начало бронзовой эпохи в Кустанайской области в Казахской ССР» және «Очерки древнейшей истории Кустанайской области» [5, с. 125]. Ғалымның осы еңбектері басқа да археологтардың арқа сүйер жазбаларына айналды.

1940 жылдың ортасынан қарастырылып отырған ауданның тас дәуірі ескерткіштерін зерттеумен А.А. Формозов айналысты. 1946 жылы ғалым «Памятники древности Наурзумского заповедника», 1950 жылы «Энеолитические стоянки Кустанайской области и их связь с ландшафтом», 1956 жылы «Доандроновское погребение в Казахстане» еңбектері жарық көреді [5, с. 125].

Бірінші мақалада Наурызым қорығындағы Терсек-Қарағай және Ақсуат тұрақтарындағы МГУ зоологиялық экспедициясы материалдары жарияланды. Соңғы мақаласында А.Я. Брюсовтың Үлкен Ақсуат тұрағындағы зерттеу жұмыстары туралы жазылады [6, с. 50-52]. Бұл еңбектерде ғалым қарастырып жатқан кезең ескерткіштері туралы толық мәлімет беруге тырысады.

Екінші мақалада Қаратомар, Садчинков, Оңтүстік Тобылдың ар жағындағы тұрақтар және Көл өзені маңындағы тұрақтар туралы мәлімет беріледі, ал Терсек-Қарағай, Жарық-Жаркөл және Ақсуат тұрақтарына толық шолу жасалады [7, с. 65-70]. Бұл мақалалар 1948 жылы О.А. Кривцова-Гракованың Садчинков қонысындағы зерттеу жұмыстары кезіндегі мұражай материалдарымен танысқанда пайда болды.

Осы үш еңбек Солтүстік Торғайдың тас дәуіріне байланысты мәлімет беретін басты дерек көзі болып саналды. Қазіргі уақытта энеолит дәуіріне жататын Торғай даласында 32 ескерткіш белгілі.

Таза терсектік кешендер қатарына Қожай I, Құмкеш I, Соленое озеро I, Евгеньевка II, Ливановка I, II, Тұмарлықкөл V, Ақсу, Қара Мырза IX, Қайынды III -V, Ағайдар I, Тоқанай III, VII, IX және Көл мен Терсек-Қарағай тұрақтары жатады [5, с. 128]. Бұл ескерткіштердің жерлеу орындарымен қатар қоныстары да зерттелген.

Терсек мәдениетінің тұрақтары мен қоныстарының көпшілігі кішігірім өзен бойларында орналасқан. Жергілікті ең үлкен Тобол өзені бойынан терсектік тұрақтар аз тобылды. Бұл қазіргі кезде ол жерде адамдардың тығыз орналасуымен қатысты болуы мүмкін. Тобыл бойында терсектік екі ескерткіш табылды: Ақсу көмбесі және Надеждинка II қонысы [5, с. 128].

Терсек халқының экономикасы туралы, Солтүстік өңірде бақташылық мал шаруашылығы энеолит кезеңінде қаншалықты дамығандығын айғақтайтын остеологиялық материалдар көп дерек береді.

Терсек мәдениетіне жататын қоныстарда: Қожай I анықтауға болатын – 71101 мың мал сүйегі, Құмкеш I – 22 мың сүйек, Соленое озеро I – 392 мал сүйегі, Қайынды III – 4 мың сүйек табылды [5, с. 128].

Қожай I табылған сүйектерге зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде олардың сайғақ пен құланға және ірі қара мал мен жылқыға әр түрлі қарағандығын көруімізге болады. Бұл факт табылған сүйектердің ішінде жас мал сүйектерінің түріне қарай көрсеткіштері әр түрлі болғандығын көрсетеді. Құлан сүйектері – 26,9 пайыз, сайғақ – 15,1, бұқа мен жылқы 6,4 және 7,5 пайызды құрайды [5, с. 129]. Бұл көрсеткіштерге сәйкес қожайлықтар жылқы мен ірі қара малды ересек кезінде сойғанын, ал құлан мен сайғаққа ондай жас ерекшеліктерін қоймағанын көреміз.

Құмкеш I қонысында жылқы – 9,9 пайыз, ірі қара мал – 14,5, сайғақ – 19,5, құлан – 24,7 пайызды құрайды [5, с. 129]. Бұл жерде де құлан мен жылқыға деген ара қатынас әр түрлі болғандығын көре аламыз.

Келтірілген жануар сүйектерінің ішінде адамның қолға ешқашан үйретпеген жануар сүйектері де кездеседі. Түз жануар сүйектерінің қоныстарда көптеп кездесуі аңшылықпен байланысты болса керек. Бірақ, кейбір зерттеушілердің пікірінше, Қосөзенде онагр деген құланның бір түрін жегінді жануар ретінде пайдаланған [8, с. 51; 9, с. 14].

Қазіргі кездегі құланды қолға үйрету тәсілдері оны қолға үйретуге болатынын көрсетеді. Бірақ, жылқыға қарағанда құланның мінезі асау болып келеді және қолға үйретуге де көп уақыт кетеді, осы себептерден құлан қолға үйретілмеген болса керек.

Мұның бәрі терсектіктердің өмірінде аңшылық болғандығын растайды. Табылған сүйектердің көбісі жылқы мен бұқаға тиесілі, бірақ олардың жабайы не қолға үйретілген жануардыкі екенін анықтау қиынға түседі.

Осы тақырып бойынша Шығыс Еуропаның Среднетогов мәдениетін қарастыруға болады. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, Среднетогов мәдениетінің кейбір қоныстарында жылқы өсірумен айналысқан. Бұл қоныстарда көптеген жылқы сүйектерімен қоса ауыздықтар мен ғұрыптық жерлеу орындарында (Дереивка) жылқы басы табылған [10, с. 130-139]. Жылқы бастарын зерттеумен Д. Энтони мен Д. Браун айналысты. Олар жылқының астыңғы тістерінде металдан жасалған ауыздықты ұзақ уақыт киіп жүргендігінің іздерін байқады [11, с. 32-36].

Дереивка тұрғындарының бақташылық экономикасын М.А. Левин сынға алған болатын. Ғалым жылқы тістері арқылы табылған әр жылқының жасын анықтап, жылқылардың көбісін 5-8 жас аралығында сояды деген шешімге келді. Зерттеушінің ойынша, егер Дереивка тұрғындары жылқыларды ет қоры ретінде ұстаса, бұл жағдайда жылқыларды 2-3 жасында соятын еді, ал егер жылқылар басқа мақсатта қолда ұсталса онда 15-16 жас аралығында сойылатын еді [5, с. 132].

Энеолит дәуіріндегі Торғай даласындағы ірі қара мал өлшемдері бойынша турға және сұр дала малына ұқсас. В.И. Цалкин сұр дала сиырдың салмағы – 575 кг, бұқаның – 745 кг деп келтіреді. Турдың салмағы бойынша мәліметті А.Т. Класон береді – турдың салмағы 900 кг және үй бұқасының салмағы 700 кг [12, с. 106-107; 13, с. 21]. Ең аз мөлшерде санасак бір ірі қара малдың салмағы 600 кг. Қазіргі кездегі сиыр беретін еттің үлесі 41,2 пайызды құрайды [14, с. 96].

Аталған мәліметтер бойынша таза ет салмағы – 247 кг. Терсек ескерткіштеріндегі құлан қазіргі кездегі джигетайға жақын. Джигетайдың орта салмағы – 225 кг [9, с. 14]. Ал таза ет салмағы – 85 кг. Тау ешкісінің салмағы – 42-44 кг [15, с. 85], осы жерде таза ет салмағы – 17 кг.

Егер бұл мәліметтерді мал санына байланысты ықшамдаса онда аңшылық Соленое озеро I – бүкіл ет қорының – 5,6 пайызын, Құмкеш I – 2,5 пайыз, Қожай I – 10,2 пайыз, Қайынды III – 19,6 пайызын құрады [5, с. 135]. Сонымен ет қорының негізгі бөлігін аңшылық емес бақташылық құраған деп қорытындылауға болады.

Терсектіктердің экономикасының негізін мал шаруашылығы құрады деп айтуымызға болады. Аңшылық тіршілікке қажет өнімнің көп бөлігін бермеген, ал табылған балық сандарының азшылығын көре отырып, балық шаруашылығы терсектіктерде жақсы дамыды деп айта алмаймыз.

Терсек-Ботай тайпаларының Ямное мәдениеті тайпаларынан ерекшелігі үй жануарларының әр түрлілігінде. Егер біріншілерде Еуразия көшпенділеріне сай үй жануарларының ішінде ірі қара мал, жылқы, қой болса, Терсек-Ботай мәдениет өкілдері қой өсірмеген. Олардың экономикасы жылқы мен ірі қара мал өсіруге негізделді.

Терсектіктердің қой ұстамауының алғашқы себептері белгісіз болса да бұл дәстүр мыңжылдықтарға тарағанын көреміз [16, с. 128]. Көшпелі тайпалар үшін ет, сүт өнімдерінен басқа жүн бере алатын шаруашылықта маңызды мал түрін қолданбау қатаң дәстүрлермен байланысты болса керек. Себебі, мұндай ұзақ уақыт бойы терсектіктер батыстан не шығыстан қой туралы естімеуі мүмкін емес.

Жабайы жануарларды қолға үйрету энеолит кезеңінде басталса, одан кейінгі қола дәуірінде де түз жануарларын қолға үйрету ісі алға қадам басқан болатын.

Қарастырылып жатқан ауданда тас ғасырынан бастап әр түрлі тарихи үрдістер жүріп жатты. Археологиялық зерттеу жұмыстары бұл үрдістерді зерттеп, сол уақыттағы адамдардың тұрмыс тіршілігі, діні, даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Алдағы жылдардағы зерттеу жұмыстары осы тақырыпқа байланысты тың материалдар беретініне сенімім мол.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. История Казахской ССР. – Алма-Ата: Наука, 1977. – Т. 3. – 514 с.

2. Черников С.С. Восточноказахстанская экспедиция // КСИИМК. – М.-Л.: АН СССР, 1951. – Вып. XXXVII. – 252 с.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – I том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 544 б.
4. Агеева Е.И., Акишев К.А., Кушаев Г.А., Максимова А.Г., Сенигова Т.Н. Археологическая карта Казахстана. – Алма-Ата: АН Каз.ССР, 1960. – С. 449.
5. Калиева С.С., Логвин В.Н. Скотоводы Тургая в третьем тысячелетии до нашей эры. – Кустанайский печатный двор, 1997. – 180 с.
6. Формозов А.А. Памятники древности Наурзумского заповедника // Вестник Каз. ФАН СССР. – Алма-Ата, 1946. – № 4 (13). – С. 50-52.
7. Формозов А.А. Энеолитические стоянки Кустанайской области и их связь с ландшафтом // БКИЧП. – М: Наука, 1950. – № 15. – С. 65-70.
8. Кинк Х.А. Восточное Средиземноморье в древнейшую эпоху. – М.: Наука, 1970. – 204 с.
9. Соломатин А.О. Кулан. – М.: Наука, 1973. – 148 с.
10. Телегин Д.Я. Середньостогівська культура епохи міді. – Київ: Наук. Думка, 1973. – 171 с.
11. Antony D.W., Brown D.R. The origins of horse-back riding // Antiquity. – 1991, V 65. – N 246. – Pp. 22-38.
12. Цалкин В.И. Древнейшие домашние животные Восточной Европы // МИА. – М: Наука, 1970. – № 161. – С. 106-107.
13. Петренко А.Г. Древнее и средневековое животноводство Среднего Поволжья и Предуралья. – М.: Наука, 1984. – 173 с.
14. Мампель И.Е., Райский Н.Я. Справочник по приемке и содержанию скота на мясокомбинатах. – М.: Пищевая промышленность, 1965. – 136 с.
15. Млекопитающие Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1984. – Т. 3. – 405 с.
16. Мерперт Н.Я. Древнейшие скотоводы Волжско-Уральского междуречья. – М.: Наука, 1974. – 167 с.

УДК 930.001.83

А.Д.САНДЫБАЕВА, Н.Қ. КАТТАБЕКОВА
 Қ. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

СӘЛІМГЕРЕЙ ТЕВКЕЛЕВ: ШЫҚҚАН ТЕГІ ЖӘНЕ ДІНИ ҚАЙРАТКЕРЛІГІ

Аңдатпа. Мақала XIX ғасырдың соңғы кезіндегі Орынбор мұсылмандары діни басқармасының мүфтиі Сәлімгерей Тевкелевтің қызметін қарастыруға арналған. Мақалада дерек көзі ретінде Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағатының және Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағатының материалдары пайдаланылған.

Түйін сөздер. діни басқарма, казактар, Орынбор мүфтилігі, отаршылдық, мешіт, патшалық Ресей

А. Д. САНДЫБАЕВА, Н.К. КАТТАБЕКОВА
 Международный казахско-турецкий университет им. К.А. Яссауи

САЛИМГЕРЕЙ ТЕВКЕЛЕВ: ГЕНЕАЛОГИЯ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию деятельности муфтия Оренбургского мусульманского духовного собрания в конце XIX века Салимгерей Тевкелева. В статье в качестве источников использованы материалы Государственного архива Российской Федерации и Центрального государственного архива Республики Казахстан.

Ключевые слова. духовное управление, казахи, Оренбургский муфтият, колониализм, мечет, царская Россия

A.D. SANDIBAIEVA, N.K. KATTABEKOVA
 Kazakh-Turkish international University. K. A. Yassawi

Abstract. This article is devoted to the research activities of the mufti of the Orenburg Muslim spiritual Assembly in the late nineteenth century Salimgerey Tevkelev. The materials of the state archive of the Russian Federation and the Central state archive of the Reception of Kazakhstan were used as sources in the article.

Key words. a spiritual management, Kazakhs, Orenburg muftiyat, kolonializm, throws, tsar's Russia

Кіріспе

Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты тұсында діни қайраткер ретінде тарих сахнасына көтерілгендердің бірі ретінде Сәлімгерей Тевкелевтің есімін атауға болады. Оның есімін Орынбор мұсылмандары діни басқармасының мүфти болуы да әйгілей түседі. Оның өмір жолын, шыққан тегін зерттеу отаршылдық саясат жағдайында орын алған құбылыстар мен оқиғалардың астарын аңғаруға өз септігін тигізеді.

Мүфти Сәлімгерей Тевкелевтің шыққан тегіне қатысты соңғы уақыттарға дейін біржақты қарстырылып, оны татар халқының өкілі ретінде есептеліп келді. Мұндай пікірдің туындауы шежірелік мәліметтерге мән берілмеуден туындаған-ды.

Сәлімгерей Тевкелевтің шыққан тегі туралы нақтылы мәлімет беретін зерттеушілердің бірегейі ретінде XIX ғасырда өмір сүрген татар халқының көрнекті ағартушы-ғалымы Ш.Маржани есімін ерекше атау қажет. Ол ұсынған шежірелік мәлімет Сәлімгерей Тевкелевтен алынғандығымен ерекшеленеді. Аталмыш ғалым өзінің «Мөстәфәдел-әхбар фи әхвали Казан вә Болгар» атты еңбегіндегі Орынбор қаласының салыну тарихына арналған тарауында бұл қаланың негізін қалауға Қ.Тевкелевтің тікелей қатысы барлығын айтып, оның Шыңғыс хан әулетінен екенін атап көрсетіп, Сәлімгерейдің өзіне дейінгі тегін мынандай ретпен береді: Орыс хан (Ырыс хан) – Құйыршық – Барақ – Жәнібек – Жәдік – Шығай – Ондан – Оразмұхаммед – Дәулетмұхаммед – Мамаш – Тәукел (Тәукел) – Құтлығмұхаммед - Шаингерей [1, 205, 216-б.].

Ш.Маржанидің көрсетуінше, С.Тевкелев қазақтың Оразмұхаммед сұлтанының тікелей ұрпағы табылады. Бұл мәліметтің шындыққа жанасатындығын И.А. Гилязов та өзінің Тевкелевтер әулетінен XVII ғасыр мен XIX ғасырдың басында шыққан помещиктер туралы еңбегінде қуаттайды [2, с.77]. Алайда, И.А.Гилязов Тевкелевтер әулетін Оразмұхаммедтен өрбитіндігін мойындағанымен бұл әулет өкілдерін татар помещиктері ретінде сипаттайды. Бұл бәлкім, С.Тевкелевтің Оразмұхаммед, Дәулетмұхаммед, Мамаш секілді аталары мен әкесі – Тәукелдің (Тәукел) және ағайын-туыстарының Керман хандығында ғұмыр

кешкендігіне де байланысты шығар. Өйткені, Керман хандығы тұрғындары орыс деректерінде «қасымдық татарлар» («қасимовские татары», «қачим татарлары») деп аталған және бұл тұрғындар кейіннен осындай атпен субэтностық топ құраған. «Қасымдық татарлардың» жалпы саны небір аласапыранды бастан кешкеннен кейін, 1897 жылғы санақ бойынша 4,7 мың адамды құраған. Санақ өткен кезде «қасымдық татарлардың» басым көпшілігі мұсылман дінінің суннит тармағымын ұстанатындығын танытқан.

Осылайша, қазақтың әйгілі ханы Тәуекелдің інісі – Ондан сұлтан мен оның ұлы – Оразмұхаммед С.Тевкелевтің арғы аталары болатындығы аңғарылады. Сібір хандығындағы билеушісі Сейдектің иелігінде жүрген кезінде 1588 жылы Тобыл воеводасы Д.Чулковтың айлалы әрекеті нәтижесінде тұтқынға түсіп, Мәскеуге аттандырылғаны, онда алдымен орыс патшасы Федор Ивановичтің, кейіннен Борис Годуновтың қызметіне тартылғаны, орыстардың 1590 жылғы шведтерге қарсы жорығына және басқа да соғыс қимылдарына қатысқаны, сондай-ақ 1600 жылы Б.Годуновтың «қамқорлығы» нәтижесінде Керман хандығының билеушісі болғаны аян [3, с. 338-385]. Сол кезде Мәскеу патшалары Сібірді және оған іргелес өңірлерді иелену мақсатында ондағы халықтардың ашық қарсылығын туғызбайтын тәсілді тандап, жергілікті билеуші топтардың өкілдерін өзіне тарту, сөйтіп оларды өз мүдделеріне сай пайдалануға басымдық берген еді. Соған байланысты орыс патшалығында өз тарапына өткендерге шен-шекпендермен қатар иеліктер тарту ету және жұртта қалған отбасы мүшелерін алдырып беру, оларды қызметшілермен қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылды. Мұндай шаралар Оразмұхаммедке де байланысты іске асырылмай қалмады. Бұған Оразмұхаммедтің алдымен поместье алғанын, Мәскеуден кейіннен Керманда жалғыз емес, үлкен отбасымен және ел жұртынан келген жақын би-бектерімен бірге тұрғандығын мысал ретінде келтіруге болады [4, 16-20-б.].

Оразмұхаммед 1605 жылы Б.Годуновтың өлімінен кейін орын алған алауыздық кезінде Лжедмитрий II-ші жағына шықты. 1609 жылы В. Шуйскидің әскері Касимов қаласын алғаннан кейін поляк королі Сигизмундты қолдаған Оразмұхаммед 1510 жылы қараша айында Лжедмитрий II-нің бұйрығымен қастандықпен өлтірілді.

Романовтар билігі кезінде Оразмұхаммедтің ұрпақтары, яғни С.Тевкелевтің арғы аталары қоныстанған Керман хандығында патша өкіметінің қолдауымен халықты шоқындыру саясаты жүзеге асырыла бастады. Хандықтың кейбір билеушілері шоқындып, орыс есімдерін алуға мәжбүр болды. Мәселен, Сейіт-Борхан хан шоқындып, Василий деген есімді иеленді. Шоқындыру саясатының екпін алуымен 1656 жылы Керман хандығының тұрғындары көтеріліске де шықты. Бірақ мұндай әрекеттен нәтиже бола қоймаған саяси ахуал жағдайында Оразмұхаммедтің ұрпақтары да шоқындыру, орыстандыру саясатының құрбанына айналып, болашақ Ресей империясына қызмет етушілер ретінде қалыптастырыла бастады. Соның бірі Құтлығмұхаммед Тевкелев еді. Ол шоқындып, Алексей Иванович атанды. Ол патшалық Ресейдің отарлық саясатының қарқынды жүруіне елеулі үлес қосуымен танылғаны мәлім.

Қ.Тевкелевтің көзі тірісінде-ақ Тевкелевтер отбасы ірі помещиктер қатарынан саналды. Қ.Тевкелевке қарасты иелік оның «адал қызметі үшін» жылдан-жылға кеңейіп отырған. Бұл әулеттің қарамағындағы крепостнойлардың саны 2110 адамға дейін жетті. Оның 897-сі Орынбор губерниясында, 1130-ы Вятка губерниясында, 85-сі Рязань губерниясында болған. Вятка губерниясындағы Тевкелевтердің иелігі 42915 десятина жерді құраған, оның 5685 десятинасы егістік алқап, 33 959 десятинасы орман, 4498 десятинасы шабындық болған. Сонымен қатар Тевкелевтер бірнеше кен орындарды да иеленген.

Осыншама кең алқапты алып жатқан Тевкелевтер иелігіндегі қожалықтар 1773-1775 жылдардағы Е.Пугачев бастаған көтеріліс тұсында зор шығынға ұшырады. Сол кездегі Тевкелевтердің шығыны 29864 сомды құраған. Пугачевшылдар көтерілісін басуға Қ.Тевкелевтің секунд-майор шеніндегі жалғыз ұлы – Жүсіп (христиандық аты-жөні – Осип Алексеевич) те қатысқан. Ол көтерілісшілерді жазалау отрядын басқарып жүрген шағында, 1773 жылы 6 желтоқсанда Уфа уезіне қарасты Ақбаш деревнясының маңында пугачевшылар қолынан қаза тапты.

Жүсіптің өлімінен кейін Тевкелевтердің иелігіндегі шаруашылыққа Қ.Тевкелевтің келіні – Дария Тевкелева бас-көз болды. Жүсіптің артында Шаһингерей атты баласы қалған, одан Сәлімгерей, Сейітгерей және Бақтыгерей атты үш немересі болған. Ресми құжаттарда олардың аттары орысша (Шаһингерей – Петр, Сәлімгерей – Александр, Сейітгерей – Павел, Бақтыгерей – Алексей) аталады [2, с.79]. Қазіргі Башқортостан Республикасының Буздяк ауданына қарасты Климово ауылындағы Тевкелевтер сарайы Қ.Тевкелевтің шөберелерінің тұсында, 1852 жылы салынды.

Қ.Тевкелевтің шөберелері де өзі мен баласы секілді әскери жолды тандады. Мәселен, 1805 жылы туылған үлкен шөбересі – Сәлімгерей гусарлар полкінде штаб-ротмистр лауазымына дейін көтеріліп, 1829 жылы орыс-түрік соғысына, 1830 жылы поляктар көтерілісін басуға қатысып, 1848 жылы отставкаға шықты.

Тевкелевтер әулетінің өкілдері арасында тілмаштықпен қатар зерттеушілік жұмыстар жүргізгендері де болды. Мәселен, Қ.Тевкелевтің бауырларының бірі Рамазан Тевкелевтің ұлы – Мұртаза коллеж ассессоры ретінде Сыртқы істер коллегиясында тілмаш болып қызмет етіп, Әбілғазы ханның «Түрік

шежіресіне» түсініктеме (комментарий) жазған. Осы жерде Қ.Тевкелевтің ұлы – Жүсіп те білімге құштарлық танытып, өз үйінде бай кітапхана жинақтағанын айта кеткен жөн. Ол 1754 жылы қазандық Өтеген Оразметов деген адамға құны 199 сом болатын жеті кітапты тарту еткен [2, с.80].

Тевкелевтер әулетінен шыққандардың ішінде ХІХ ғасырда барынша танымал болғаны – мұсылмандыққа толығымен бет бұрған Сәлімгерей Тевкелев еді. Ол 1865 жылы Орынбор мұсылмандары діни басқармасының мүфтиі болып сайланды. Оның осындай лауазымға ие болуымен Тевкелевтер әулеті ендігі жерде шоқынған әулет емес, мұсылмандық әулет ретінде танылды. Оның үстіне сол тұста Еділ-Жайық өңірінде христиандықты қабылдаған түркі халықтарының өкілдері арасында миссионерлердің қарсылығына қарамастан мұсылмандыққа өту жаппай етек алып жатты. Осындай сәтте патша өкіметі шеткері аймақтарда тұрақтылықты сақтау мақсатында мұсылмандық элитамен ымыраға келу бағытына бет бұра бастаған еді [5, с.130]. Соған орай патша өкіметі мұсылмандық элита өкілдерін де өзіне тарту ниетінде оларды марапаттай бастады. Мәселен, С.Тевкелев І дәрежелі Анна және Станислав ордендерімен марапатталды [6, с.33].

Орынбор мүфтилігі С. Тевкелев дүниеге келмей тұрып құрылған-ды. Оны құру туралы мәселені алғаш Уфа және Симбирск наместнигі барон О.А. Игельстром көтеріп, бұл жөнінде 1787 жылы басқарушы Сенатқа ұсыныс түсірген еді. Оның ұсынысы Сенаттың ғана емес, патшайым ІІ Екатерина тарапынан да қолдау тапты. 1788 жылы 22 қыркүйекте ІІ Екатерина мүфтилікті құру туралы жарлыққа қол қойды. ІІ Екатерина мүфтилікті құру туралы жарлыққа қол қойды.

ІІ Екатеринаның жарлығына сәйкес Уфа қаласында ашылған бұл діни басқармаға Сенаттың ұйғарымымен қазандық татар Мұхаметжан Хұсейінов мүфти етіліп тағайындалды. Патша үкіметі мүфтиліктің қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында оған кететін шығынды көтеруді өз мойнына алып, мүфтиге жылына 1500 сом көлемінде жалақы белгіледі, ал оның қол астында істейтін 3 қазы мен мүфтилік кеңсесінің 8 қызметкеріне жылына 900 сом бөлетін болды.

Бұл мүфтилікке дейін Ресей империясында Қырымда Таврия мүфтилігі, оның артынша Кавказда шииттер мен суниттердің мүфтилігі құрылған болатын. Отаршылдық саясатты қарқынды түрде жүргізуді көздеген, орыс емес халықтарды шоқындыру бағытындағы шараларды жүзеге асыруға ұмтылған патша өкіметінің империядағы мұсылмандарға арнап өз қолымен діни басқармалар – мүфтиліктер құруның өзіндік себептері бар еді. Ол себептердің өзі сыртқы және ішкі жағдайлардан туындады.

Сыртқы жағдай қатарында ХVІІІ ғасырдың соңына қарай Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың шиеленісіп, соғысқа ұласуын жатқызуға болады. Қалыптасқан осындай жағдайда ІІ Екатерина Ресей мұсылмандарына Түркияның ықпал ету мүмкіндіктерін барынша шектеуді көздеп, қауіпсіздік шараларын ұйымдастырды. Өйткені, 1788 жылы Түркияның Бұхар әмірлігіндегі елшісі Ресеймен соғыстың астарында «мұсылмандарды орыс үстемдігінен қорғау жатыр» деп мәлімдеген еді. Өз кезегінде түрік сұлтанын қолдаған Бұхар әмірі қазақ ақсүйектеріне, «қаны мен діні бір» түріктерге көмек көрсету үшін орыстарға қарсы күресуге шақырған үндеу таратып жатты. Осыған орай патша үкіметі империядағы мұсылмандардың дініне ізгі ниетте екендігін танытуға тырысып, мұсылмандық діни басқармаларды құруды қолға алды.

Мүфтиліктер ашуға әсер еткен ішкі жағдай мұсылмандардың отаршылдық саясатқа деген қарсылықтарын бәсеңсітумен байланысты еді. Мұны қазақ даласындағы Ислам дінінің жалпы жағдайымен арнайы шұғылданған орыс шенеуніктерінің отарлық билік орындарына беріп отырған мәлімдемелерінен де аңғаруға болады. Сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті директорының атына жіберілген осындай мәліметтердің бірінде былай делінген: «Біздің даладағы үстемдігіміздің бастапқы кезеңіндегі саяси мүддеміз қырғыздардың (қазақтардың) және Орта Азиядағы өзге де мұсылман халықтардың діни істеріне қол сұғылмайтындығы жөнінде сенім қалыптастыруды талап етті. Мұндай жағдай өз жағымызға хандар мен сұлтандарды және даладағы ықпалды адамдарды тартуға байланысты туындады. Соған орай үкімет орындары алғашқыда Исламға төзімділік танытып ғана қойған жоқ, оған қамқорлық та көрсетті» [7, 101-п.].

Мұсылмандық діни жоралғылардың сақталуын қадағалау, мешіттер мен медреселерді салуға басшылық ету және оларға имамдар мен мүдәрістерді тағайындау, сондай-ақ неке қию істерін жүзеге асырып отыру, т.б. бірқатар міндеттер жүктелген мүфтиліктерді патша үкіметі қатаң бақылауға ұстап, олардың қызметі империя мүддесімен үндесіп жатуына ерекше назар аударды. Сөйтіп мүфтиліктерді билік орындары отаршылдық саясат жолында барынша пайдалануға тырысып бақты. Отарлық билік орындарының уысында болуына байланысты мүфтиліктерге патша өкіметінің дегеніне көнуден басқа жол қалмады. Сондықтан да 1789 жылы 4 желтоқсанда Уфадағы мұсылмандық діни басқарманың ашылуы кезінде мүфти М. Хұсейінов мұсылмандарды патшайым ІІ Екатеринаға адал болуға шақырды.

Уфада құрылған мұсылмандық діни басқарма 1797 жылдан бастап Орынбор мүфтилігі деп аталды. Оның бұлайша аталуы жаңадан Орынбор губерниясының құрылуына байланысты еді. Бұл губернияның орталығы Орынбор қаласы болғандықтан, 1798 жылы діни басқарма кеңсесі де осы қалаға көшті. Басқарма кеңсесі онда 1802 жылдың соңына дейін болып, Уфа қаласына қайта көшірілді. Бірақ бұған қарамастан,

мүфтилік сол кезден бастап 1918 жылдың соңына дейін, яғни кеңестер билігі орнағанға дейінгі аралықта Орынбор мүфтилігі деген атын сақтап қалды.

Орынбор мүфтилігінің қарамағында XVIII ғасырдың соңына қарай 28 ахун, 969 молда, 114 мешітпен оның жанындағы медреселерде қызмет ететін 1921 мүдәріс болды.

Қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату шараларын патша өкіметі 1789 жылдың көктемінде қолға алған еді. Осы мақсатта О.А. Игельстром Кіші жүз қазақтарына татар молдалары арқылы хат жолдап, құрылған мүфтилікке қазақтардың діни істері қарағанын қалайтындығын танытқан еді. Алайда, қазақ ақсүйектерінің бір тобы патша өкіметі қолымен құрылған мүфтилікке өздерінің діни істерін қаратқысы келмейтіндіктерін білдіріп, бұл жөнінде Бұхар әмірімен кеңесуді жөн санады. Қалыптасқан осындай жағдайда, 1789 жылы желтоқсанда мүфти М. Хұсейінов Оралға келіп, қазақ ақсүйектерімен келіссөздер жүргізіп, бұл өңір қазақтарының діни істерін Орынбор мүфтилігіне қаратуға қол жеткізді.

Бұл қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қаратудың алғашқы қадамы еді. Мұнан кейін патша өкіметінің үстемдігі орнаған қазақ даласының өзге де аймақтарына Орынбор мүфтилігінің ықпалы біртіндеп тарай бастады. Ондай өңірлерде қазылар мен молдаларды бекіту мүфтидің құзырында болды. Мәселен, 1797 жылы Орал өңіріндегі Кіші жүз қазақтарына қазы болып Қазан губерниясының татары Мұхамеджан Қазиев, 1802 жылы Бөкей Ордасында қазылыққа Жүсіп Махмұтов бекітілді. Арынғазы сұлтанның сол тұста көсетуіне қарағанда, М. Қазиев қазақ руларын аралап, халықты тыныштық сақтауға, патша жарлықтарына бағынуға үндеп отырған. Патша өкіметінің билік орындарына мойынұсынуды насихаттауда мүфти М. Хұсейінов ерекше белсенділік танытып, қазақтар арасындағы бұхарлық және хиуалық дінбасылардың ықпалын әлсіретуге айрықша мән берді.

Патша әкімшілігі Сырым Датұлы бастаған азаттық қозғалысты басуда мүфти М. Хұсейіновтің қазақтар арасындағы беделін пайдалануды көздеп, оны Сырым батырмен келіссөздер жүргізуге де аттандырған еді. Ол осы мақсатта 1790 жылы Сырым батырмен үш рет жолығып, оны Нұралы ханмен келісімге келуге үгіттеді. М. Хұсейінов 1797 жылы О.А. Игельстромның ұсынысымен Кіші жүзде құрылған Айшуақ сұлтан басқарған хан кеңесінің құрамына да енді.

Орынбор мүфтилігі қазақ балаларын Уфада, Қазанда, Троицкіде, Орынборда және Омбыда ашылған медреселерге тартуда да бірқатар іс-шараларды ұйымдастырды. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде мүфтиліктің араласуымен Ішкі Ордада медресе ашылды. Онда сабақ беруге Еділ-Орал өңірінен татар мүдәрістері жіберілді. Орталық билік орындарына Орынбор мүфтилігі тарапынан мұсылмандық әдебиеттер шығару жөнінде ұсыныстар да түсіріліп жатты. Осындай ұсыныстарды ескерген патша өкіметі 1797 жылы 3600 дана, 1806 жылы 1500 дана, 1853 жылы 82 мың «Құран Кәрімді» баспадан шығарды [8, с.10]. Олардың біраз бөлігі Орынбор мүфтилігінің атсалысуымен қазақтар арасына таратылды.

Қазақтар арасында Орынбор мүфтилігінің белгілі дәрежеде беделге ие бола бастауынан патша өкіметі секем алмай қоймады. Сондықтан да бұл мекеменің қазақтарға ықпалын болдырмаудың жолын қарастыра бастады. Мұндай амал ретінде патша өкіметіне адал берілген Тевкелевтер әулетінің өкілін Орынбор мұсылмандары діни басқармасына мүфти етіп қоюды жөн санады. Бірақ отарлық биліктің бұл үмітін С. Тевкелев ақтай қоймады.

Орынбор мұсылмандары діни басқармасындағы қызметі барысында С.Тевкелев 1868 жылғы әкімшілік реформаға сәйкес Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары қазақтарының діни істері аталмыш мүфтиліктің қарауынан шығарылып, жергілікті билік орындары қарамағына берілуіне наразылық танытқандардың бірі болды. Сонымен қатар ол билік орындарының бұл облыстардағы қазақтардың діни істеріне байланысты шешім қабылданады деген уәдесіне сенім артты. Ол мұсылмандар арасындағы ахуалды жіті қадағалауға алып, 1866 жылы мұсылмандарға мұсылмандық парыздарын тиесілі орындау жөнінде үндеу таратты. Оның бұл үндеуіне сол кезде генерал-губернатор Н.А.Крыжановский де құлақ асып, оны барлық уез басшыларына қарамағындағы мұсылмандарға насихаттау жөнінде арнайы тапсырма берді. Бұл өз кезегінде Орынбор мұсылман діни басқармасының халық арасындағы беделінің өсуіне түрткі болды.

1867 жылы Орынбор өңірінде қуаңшылық орын алып, тұрғындар арасында аштық жайлай бастаған шақта С.Тевкелев Ресей мұсылмандарына үндеу жолдады. Ол үндеуде аштыққа ұрынған башқұрттар мен өзге де мұсылмандар пайдасына қаражат жинастыру қажеттігі айтылған-ды. Бұл үндеуге орай мұсылмандар арасынан аштардың пайдасына деп 2431 сом жиналды. Жиналған қаржы аштыққа ұшырағандар арасында имамдар арқылы таратылып берілді [9, с.165-166].

Қазақтардың діни істерін патша өкіметінің Орынбор мүфтилігі қарамағынан шығарып, жергілікті отарлық әкімшілікке тапсыруының астарында қазақтарды болашақта шоқындыру, православиеге көшіру пиғылы жатқан еді. Қазақтардың діни істерін қадағалаудың әскери шенділерден тұратын әкімшілік қолына тапсырылуын С. Тевкелев мұсылмандардың діни істерін аяқ асты етушілік деп бағалаған пікірінен тая қоймады. Осыған орай Уфа губернаторы Ушаков миссионерлердің кеңес беруімен Ішкі істер министрлігіне тез арада Орынбор мүфтилігін жабу жөнінде ұсыныс түсірді. Оның пайымдауынша, Еділ-Орал өңіріндегі

татар-башқұрттардың, қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтардың діндес және туыстас екендігіне Орынбор мүфтилігі дем беріп, оларды отаршылдық саясатқа қарсы бірлесе қарсылық көрсетуге шақыратын.

Губернатор Ушаковтың ұсынысы мұсылмандықпен күресуде аса белсенділігімен танылған Қасиетті Синодтың обер-прокуроры К.П. Победоносцевтің тарапынан қызу қолдау тапты. Бірақ патша өкіметі С. Тевкелев басқарып отырған Орынбор мүфтилігін тарату империядағы барлық мұсылмандардың отарлық саясатқа қарсылығын өршіте түседі деп сескеніп, ондай қадамға барудан бас тартты.

Қазақтар арасында діни істерінің Орынбор мүфтилігінен шығарылып тастау толқу туғызбай қоймады. Жергілікті жерлерде қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жөнінде үгіт-насихат жұмысын жүргізушілер бой көрсете бастады. 1872 жылы Ішкі Ордада бұрын имамның көмекшісі қызметін атқарған, Түркияда білім алып қайтқан Әбсаттар Жәбіров қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жайлы үгіт жүргізген. Ол осы әрекеті үшін билік орындарының қыспағына ілігіп, Осман империясы аумағына өтіп кетуге мәжбүр болған [10, 2-п.].

С. Тевкелевтің мүфтилік қызметі кезінде өріс алған діни толқуларда қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату басты талап етіліп қойылды. Осындай толқулар жайында татар тіліндегі «Вақыт» газеті былай деп жазады: «Мұсылмандар үкіметтің ұйғарымын орынсыз, әрі зорлық ретінде санап, оған мойынұсынудан бас тартты. Қазан губернаторы Скарятин әскери күшпен губерниядағы мұсылман елдімекендерін аралап, жүздеген мұсылмандарды тұтқындалды. Олардың біразы жер аударылып, каторгалық жұмысқа жіберілді, Ақмолада болса, губернатор жергілікті архиреймен бірге Көкшетау қаласындағы шіркеу алаңына өңірдегі қазақтар мен татарлардың бір тобын жинады. Ол жиналған топқа православиені қабылдауды ұсынып, енді шарифатпен емес, орыс заңымен өмір сүресіңдер деп мәлімдеді. Сухотин бұл үкімге бағынбаған Көкшетау молдасының куәлігін алып, Сібірге жер аударды» [11].

Орынбор мүфтилігінен діни істерінің шығарылып тасталуына орай қазақтар арасында орын алған толқуларды жергілікті билік орындары тарапынан татар діндарларының зиянды ықпалының нәтижесі деп бағаланды. Мұны Дала генерал-губернаторының Ішкі істер министрлігіне жолдаған мәлімдемесінің мынандай мазмұнынан аңғаруға болады: «1868 жылғы жаңа заң татарларды Орынбор мүфтилігіне қалдырып, қазақтардың діни істерін жергілікті әкімшілік қолына тапсырып, бұл мәселеде ол екі халықтың жігін айырып, бөліп тастаған-ды. Бұл шара өз кезегінде қазақтардың көз алдында татарларды ерекше қамқорлықтағы халық ретінде көрсетіп, өлкеде мерейлерін үстем еткендей болды. Айталы татарлар қазақтарға «үкіметтің сендерді діни ұйымға біріктірмеуі – жалпы мұсылман ретінде біздердің бас қосуымызға бөгет болуы» дегенді мойындатты. ... Өлкені басқаруға келген алғашқы жылдарда татарлардың мешіттерді қаптату арқылы қазақтарды татарға және кәнігі мұсылмандарға тезірек айналдыру үшін не өз алдына діни орталық жасауға, не болмаса Орынбор мүфтилігіне бағындыруға үгіттеуі сияқты зиянды істеріне көз жеткізуіме тура келді» [12, 28-п.].

Патша өкіметінің Ислам дініне байланысты ұстанымының астарын С. Тевкелев дұрыс аңғара білді. Сондықтан да ол билік орындарының мұсылмандарға қойып отырған шектеуліктеріне бірден ашық қарсылық көрсетудің ауыр зардаптарға соқтыратынын ескерусіз қалдырмады. Осыған орай мұсылмандардың діни істеріне қатысты мәселелерді билік орындарымен ымыраға келе отырып шешуге басымдық берді. Оның мұндай әрекеті нәтижесіз қалмады. Оны билік орындарының рұқсатымен Уфа, Қазан, Орынбор губернияларында ғана емес, Семейде, Қостанайда, Петропавлда, Ақмолада, Зайсанда мешіттердің салуға рұқсат беруінен аңғаруға болады.

Мұсылмандар арасында жетім балалар мен қараусыз қалған қариялар мәселесі де С. Тевкелевті бей-жай қалдырмады. Ол мұсылман қариялары мен жетім балаларды қамқорлыққа алатын үйлер ұйымдастыру жайын қолға алды. Оның өзі тікелей араласып, Уфа губерниясында мұсылман қариялары мен жетімдеріне арнайы үй ашуға жетекшілік жасап, жұртқа үлгі де көрсете білді. Бұл үйдің қаржылай ауыртпалықтарын көтеруге С.Тевкелевтің Сейітгерей, Бақтыгерей секілді бауырларымен бірге немере інілері де тартылды. С.Тевкелевтің бауырларының атсалысуымен мұсылман қариялар мен жетім балалар үйінің жарғысы әзірленіп, ол Императорлық адамсүйгіштік қоғамы арқылы бекітілді [13, с.197].

Ресей империясының астанасы – Петерборда тұратын мұсылмандарға арналған үлкен бір мешіт салу мәселесін көтерген де С.Тевкелев болды. Ол Шетдіндер департаментіне бұл мәселені өткір қоя білу арқылы, билік орындары тарапынан оның салынуына рұқсат алды. Ол бұл мешітті Ресей империясындағы басты ислам храмына айналдырудың маңызды екенін императордың өзіне де жеткерді. 1883 жылдан бастап астандағы мешітті салу үшін империялық көлемде қаражат жинастыратын арнайы комиссия құрылды. Комиссия құрамына С.Тевкелевтің ұсынысымен А.Баязитов, М.Юнусов секілді т.б. беделді мұсылмандар енгізілді. С.Тевкелев аталмыш мешіттің салынғандығын көзімен көре алмай, 1885 жылы дүниеден өтті. Петербордағы мешіттің құрылысы 1913 жылы, Романовтар әулетінің 300-жылдық мерейтойы қарсаңында

аяқталды. Мешіт ғимаратын салу ісіне өзге мұсылмандармен бірге қазақтар да, сондай-ақ, Бұхар әмірі – Сеид Абдул Ахад ханға дейін тартылды [14, с.348-349].

Өзіндік өнегелі ісімен көпшілікті тәнті еткен Тевкелевтер әулетінің өкілі – С.Тевкелевтің артынан ұрпақ қалмаса да, оның ісін інісі – Бақтыгерейдің ұлы – Құтлығмұхаммед Тевкелев жалғастырды. Арғы атасы – Қ.Тевкелевтің құрметіне оның есімі де Құтлығмұхаммед деп қойылған-ды. 1850 жылы туылған ол да аталары секілді әскери кәсіпке бет бұрып, 1870 жылы Паж кадет корпусын бітіріп, әскер қатарында офицер болып қызмет етіп, 1877-1878 жылдардағы орыс-түрік соғысына қатысып, 1885 жылы отставкаға шығып, қоғамдық жұмыстармен айналысты. Немере ағасының бастамасымен құрылған мұсылман қариялары мен жетім балаларға арналған үйдің жұмысын жүргізе жүріп, 1887-1905 жылдары аралығында Уфа қаласы думасының, Уфа губерниясы мен Белебей уезі земство басқармасында қызмет атқарды. Сонымен қатар ХХ ғасыр басындағы түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалыстағы өзара ынтымақтастығын жақтаушы қайраткер ретінде танылып, үшінші және төртінші Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясына төрағалық етті. Петрбордағы мешіттің тұрғызылып, мұсылмандар игілігіне қызмет етуіне тікелей қамқорлық танытып, Сәлімгерей Тевкелевтің үмітін ақтай білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мәржани Ш. Мөстафадел-эхбар фи ахвали Казан вә Болгар. – Казан: Татарстан китап нәширати, 1989. – 415 б.
- 2 Гилязов И.А. Помещики Тевкелевы в XVII – начале XIX в. (к вопросу об исторических судьбах татарского феодального класса) // Классы и сословия в период абсолютизма. Межвузовский сборник статей. – Куйбышев, 1989. – С. 77-85.
- 3 Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о касимовских царях и царевичах. Ч. II. – СПб.: Тип. Имп. Акад. наук, 1864. – 498 с.
- 4 Сыздыкова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991.- 272 б.
- 5 Каппелер А. Две традиции в отношениях России к мусульманским народам Российской империи // Отечественная история. – 2003. – №2. – С.129-135.
- 6 Арапов Д.Ю. Ислам в Российской империи // Ислам в Российской империи (законодательные акты, описания, статистика). – М: ИКЦ «Академкнига», 2001. – 367 с.
- 7 РИССМ. 147-к., 485-т., 1693-іс.
- 8 Литвинов П.П. Государство и ислам в Руском Туркестане (1865 – 1917). – Елец, ЕГУ, - 312 с.
- 9 Азаматов Д.Д. Оренбургское магометанское духовное собрание в конце XVIII – XIX вв. – Уфа: «Гилем», 1999. – 194 с.
- 10 РФММ. 109-к., 212-т., 186-іс.
- 11 Атрырафән // Вақыт. – 1906. – 15 апрель.
- 12 ҚРОММ. 64-к., 1-т., 3475-іс.
- 13 Ямаева Л.А. Мусульманский либерализм начала XX века как общественно-политическое движение (по материалам Уфимской и Оренбургской губерний). – Уфа: «Гилем», 2002. – 300 с.
- 14 Загидуллин И. Исламские институты в Российской империи: Мечети в европейской части России и Сибири.- Казань: Татар. кн. изд-во, 2007. – 416 с.

УДК 94:502:35(574)

А.М.Сыздыкова

Павлодарский государственный педагогический университет

РОЛЬ МЕСТНЫХ СОВЕТОВ ПРИИРТЫШЬЯ В УПРАВЛЕНИЕ ОХРАНОЙ ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ В 80-Е ГОДЫ XX ВЕКА

Аннотация. В данной статье рассматривается роль исполнительных комитетов Советов в охране окружающей среды Прииртышья. Актуальность исследовательской проблемы обусловлена тем, что уровень социальной и экологической защищенности населения является одним из показателей устойчивого развития государства, а изучение опыта прошлого позволит успешно решать задачи настоящего и будущего. Автор представила документы, характеризующие природоохранную деятельность местных Советов народных депутатов. В ходе изучения было выявлено, что местные Советы народных депутатов, находясь в единой государственной системе командно-административных отношений, участвовали в проведении общегосударственной экологической политики. Значительным шагом в совершенствовании управления природоохранной деятельностью была стандартизация. Создание областных комитетов по охране природы положило начало формированию единого государственного органа, осуществляющего комплексное управление охраной окружающей среды на местах.

А.М.Сыздыкова

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

XX ҒАСЫРДЫҢ 80-ШЫ ЖЖ. ҚОРШАҒАН ТАБИҒИ ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ЕРТІС ӨҢІРІНДЕГІ КЕҢЕСТЕРІНІҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада Ертіс өңіріндегі Кеңестердің атқарушы комитетінің қоршаған ортаны қорғауды ұйымдастырудағы рөлі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі халықтың әлеуметтік және экологиялық қорғалу деңгейі мемлекеттің тұрақты даму деңгейінің көрсеткіші болып табылуымен байланыстырылады, ал өткеннен сабақ алуды зерттеу бүгінгі мен ертеңгі міндеттерді сәтті шешуге мүмкіндік береді. Автор халық депутаттарының жергілікті Кеңестерінің табиғатты қорғау қызметіне сипаттама беретін құжаттарды ұсынады. Зерттеу барысында жергілікті халық депутаттарының Кеңесінің әміршіл-әкімшіл жүйемен бір болғанына қарамастан жалпыүкіметтік экологиялық саясатты жүргізуге қатысқаны анықталды. Экологиялық қызметті басқаруды жетілдірудегі маңызды қадам стандарттау болды. Қоршаған ортаны қорғау үшін облыстық комитеттердің құрылуы бірыңғай мемлекеттік органның қалыптасуына ықпал етті.

Түйін сөздер. экологиялық тарих, табиғатты қолдану, қоршаған ортаны қорғау, Кеңес Одағының атқарушы комитеті, Ертіс өңірі.

A.M.Syzdykova

Pavlodar State Pedagogical University

THE ROLE OF LOCAL THE SOVIETS OF PRIYRTISHIYA IN THE MANAGEMENT OF THE PROTECTION OF THE ENVIRONMENT IN THE EIGHTY OF THE 20TH CENTURY

XVI ғ. басында Шайбани ханның экономикалық санкциясының салдарынан екі жақ бір-бірімен соғысып, нәтижесінде экономикалық қарым-қатынастар бұзылып, сауда-айырбас әрекетіне қанша кедергі жасалғанымен, Шайбани ханның жарлығынан кейін де екі елдің арасында сауданың қызу жалғасын тапқанын көруге болады. Мәселен, Рузбихан сол жарлықтан кейін Сығанақ қаласында сауданың бұрынғыдан да күшейе түскенін айта келіп, базарға күніге әкелінген 500 түйенің кешке дейін бір де бір түйе қалмай сатылып кететіндігін, ал басқа ұсақ-түйек саудада есеп жоқ екендігі туралы жазған[4, 117- б.].

Қорыта келгенде, Шайбани ханның тарихта белгілі 4 жорығының алғашқысы 1504-1505 жылдары болып өтті. Өзінің саяси мақсатын жүзеге асыру үшін Мәуереннахр билеушісі әр жорыққа әр түрлі сипат беріп отырды. 1504-1505 жылғы жорық алдын-ала дайындалған еді. Оны экономикалық себептерден туындаған жорық деп айтуға толық негіз бар. Бұл жорықтың ерекшелігі сол – алғаш рет Шайбани хан өзін Орта Азия билеушісі ретінде Қазақ хандығына қыр көрсетіп, отырықшы және көшпелі халықтың арасындағы табиғи сауда-экономикалық байланыстарын жарлықтарымен өз мүддесі үшін бұзды.

Сонымен, алғашқы жорықтың тууының басты себебі – Шайбани ханның экономикалық санкция ретінде заңдар мен жарлықтар жариялап, жорық жасаудың алғышарттарын жасауы еді. Ал, жорықтың астарлы мақсаты – Қазақ хандығын әлсірету немесе өзіне тәуелді ету және өзін Мәуереннахр халқының қорғаушысы ретінде көрсету еді.

Міне, осылайша Шайбани ханның түрлі сипаттағы жорықтары тарихта өз таңбасын қалдырды. Ал, талай-талай қиян-кескі жағдайларды басынан өткеріп келе жатқан Қазақ хандығы бұл жорықтарға да төтеп беріп, өз тәуелсіздігін сақтап қалып, өміршең Қазақ мемлекеті екенін тарихта тағы бір дәлелдеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кәрібаев Б.Б». XVI ғ. басындағы Қазақ хандығы мен Шайбанилер әулеті арасындағы қарым-қатынастар // Гуманитарлық Ғылымдар Академиясының Хабаршысы. - 1999. - №1 (3). – 53 б.
2. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI столетия Автореф. дис. на соиск. учен. степени канд. ист. наук : (07.00.02). - Алма-Ата., 1978. - 25 с.
3. Кәрібай Б. Түркістан және Қазақ хандығы. – Алматы, 1999. -12 б.
4. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфাহани. Михман наме-йи Бухара. /Под.ред.А.К.Арендса. – М., 1976. - 196 с.
5. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. / Бес томдық. – Алматы, 1998. – Т.2. -519 б.
6. Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны (көне заманнан XX ғасырға дейін). – Алматы, 1998. -226 б.
7. Жолдасбайұлы С. М.Х. Дулати және XV-XVI ғасырдағы Қазақ хандығы. – Алматы, 2000. - 60 б.

ӘӘЖ 930.2:94(574)

Н.А. Тасилова, А.Т. Ахметжанова, Г.З. Исакова
КазНУ имени Аль-Фараби Алматы г., Казахстан

XV-XVI ҒҒ. ҚАЗАҚ БИЛЕУШІЛЕРІ МЕН ОРТА АЗИЯДАҒЫ ШАЙБАНИ ӘУЛЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ТУЫСТЫҚ-НЕКЕЛІК ҚАТЫНАСТАР

Аңдатпа. Бұл мақалада ортағасырларда тарих сахнасына көтерілген Қазақ хандығының көрші жатқан Мәуреннахрдағы Шайбанилер әулеті арасындағы туыстық байланыстары мен некелік қатынастарының тарихы жазба деректер мен тарихнамалық еңбектердің негізінде зерделенген. Әсіресе, Шыңғысханның ұрпақтарының туыстық байланыстары, екі әулет арасындағы бейбіт келісімдер мен некелік одақтардың маңызы, әскери одақтардың өзара тиімді некелік қатынастарға ұласуы, олардың өзара тиімді байланыстары қарастырылған. Зерттеу мәселесі арнайы бұрын қарастырылмағандығымен өзекті болып табылады.

Түйін сөздер. хандық, тамыры, саяси, некелік байланыстар, туыстық қатынастар, дипломатия.

Н.А.Тасилова., А.Т. Ахметжанова, Г.З. Исакова
КазНУ имени Аль-Фараби Алматы г., Казахстан

РОДСТВЕННО-БРАЧНЫЕ ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА С ДИНАСТИЕЙ ШАЙБАНИДОВ В XV- XVI ВВ.

Аннотация. В настоящей статье на основе анализа исторических источников и исследований изучены проблемы родственно-брачных отношений казахских ханов с династией Шайбанидов в XV-XVI вв.

Захвативший власть и утвердившийся в Мавераннахре, Мухаммад Шайбани хан стремился не допустить усиления Казахского ханства и с этой целью всячески препятствовал возвышению власти казахских правителей в Присырдарье. Но родственные связи, примирение и брачные союзы играли немаловажную роль в отношениях двух династий.

Изучение исторического опыта взаимоотношений двух династий, соседних народов имеет также и общественно-политическую актуальность для определения перспектив сотрудничества Республики Казахстан и Узбекистана в новых политических и социокультурных условиях независимого существования.

Ключевые слова. ханства, истоки, политические, брачные узы, родственные связи, дипломатия.

N.A. Tasilova, A.T. Akhmetzhanova, G.Z. Isakova
al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

RELATIVELY-MARRIAGE RELATIONS OF KAZAKH KHANSTVA WITH THE DYNASTY OF SHAIBANIDES IN THE XV-XVI CENTURIES.

Abstract. In this article, based on the analysis of historical sources and studies, the problems of the kinship and marriage relations of the Kazakh khans with the Shaibanid dynasty in the 15th-16th centuries were studied.

Having seized power and established itself in Maverannahr, Muhammad Shaibani Khan sought to prevent the strengthening of the Kazakh Khanate and for this purpose in every way prevented the rise of power of Kazakh rulers in the Syr Darya.

But kinship, marriage and marriage unions played an important role in the relations of the two dynasties.

The study of the historical experience of the relationship between the two dynasties and neighboring peoples also has a socio-political relevance for determining the prospects for cooperation between the Republic of Kazakhstan and Uzbekistan in the new political and socio-cultural conditions of independent existence.

Key words. khanates, sources, political, marriage ties, kinship ties, diplomacy.

Кіріспе

Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы, оның ішінде XV-XVI ғасырлардағы мәселелері әлі де болса толығымен зерттелмеген, өте күрделі кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл ғасыр Қазақ хандығының негізі қаланып, тәуелсіз мемлекет ретінде өзін таныта бастағанымен ерекшеленеді.

Кез-келген мемлекет пайда болып, қалыптасқаннан кейін-ақ өзінің ары қарай дамуы, күшеюі үшін ішкі және сыртқы саясатын көрегендікпен, дұрыс жүргізе білуі тиіс. Осындай тарихи үрдісті берік ұстаған

Қазақ хандығы XV ғ. соңында өзінің сыртқы саясатында стратегиялық маңызы зор Сыр бойындағы қалалар үшін Орта Азияның жаңа билеушісі – Мұхаммед Шайбани ханмен түрлі бағыттардағы қарым-қатынастар жүргізді. Сондай қарым-қатынастардың ішіндегі әлі де болса толық зерттелмеген мәселелердің бірі – Қазақ хандығының көрші Шайбанилық әулетпен жүргізген дипломатиясындағы некелік қатынастар. Біз бұл мақаламызда осы мәселені қарастырып, Қазақ хандығы мен Шайбани әулеті арасындағы некелік одақтардың атқарған қызметіне, оның маңызы мен сипатына және туыстық қатынастарына жан-жақты талдау жасамақпыз.

Дипломатиядағы әулеттер арасындағы некелік қатынастардың ел мен ел, мемлекет пен мемлекет арасындағы маңызы қандай дәрежеде болғанын сонау ата-бабаларымыздың тарихына тереңірек үңіле отырып, зерделеп көрелік. Мәселен, үйсін, ғұн тайпалары, жалпы түркі халықтары өз көршілерімен немесе одақтастарымен келісімдерін некелік қатынастар арқылы мейлінше жақындастыруға, туыстастыруға ұластырып отырған. Орыс, қытай жылнамаларында, парсы, түркі және т.б. жазба деректерінде әулеттік некелер жайында көптеген мәліметтер кездеседі [1].

Ал, тарих ғылымдарының докторы, шығыстанушы ғалым М.Х.Әбусейітова өзінің ғылыми монографиясында Қазақ хандарының дипломатиясындағы некелік одақтың мәні мен маңызына тоқталып, оның дипломатиядағы рөлін нақты мысалдармен түсіндірген болатын. Сондықтан да ғалымның еңбегі біздің мақаламыздың методологиялық негізі бола алады [2].

Олжас Сүлейменов өзінің «Азия» еңбегінің «Неке» атты тарауында Русь пен көршілері арасындағы некелік қатынастардың қандай мақсат-мүдде тұрғысында жүзеге асырылғанына тоқтала келіп: «Әулет пен әулет өкілдерінің өзара некелесу дәстүрі түркі халықтарында ежелден бар... орыс кінәздары Далаға бағынышты еді. Оған кінәздердің некелік қатынастары дәлел бола алады. Ұлыстық кінәздер Турандот (Тұранның қыздары – авт.) ханшайымдарға үйлену арқылы сайын Даланы билеп-төстеушілермен одақтаса отырып, өздерінің иелік еткен жерлерін кеңейтеді. Некелер ұзақ жылдарға созылған әскери одақтың белгісі еді. Орыс кінәзіне қызын ұзатқан ру онымен туыстасып, оған қарсы шабуыл жасамаған, қауіп-қатерден қорғап отырған және әйел тарапынан қайындасатын туған-туыстар түркі халықтарында ерекше құрмет пен сый-сияпатқа ие болады», - деп некелік қатынастар арқылы одақтасудың мәнін ашып көрсеткен [3]. Тарихи жалғастығы мен сабақтастығы бар осындай дәйектерді негізге ала отырып, біз Қазақ хандығы мен Шайбани әулеті арасындағы некелік және туыстық қатынастарды біршама ашып көрсетуді жөн көрдік.

Қазақ хандары мен сұлтандары дипломатиялық қарым-қатынастар арқылы елдің сыртқы саясатын өрістетіп, халықаралық байланыстарын нығайтудың әралуан жолдарын өз пайдаларына шебер шешіп отырды. Сөйтіп, соғыстарды жеңіспен аяқтауға немесе төніп тұрған қауіп-қатерді болдырмауға түрліше айла-тәсілдер ойлап тапқан. Сөйтіп, өзге көрші мемлекеттермен достастық байланыстарын сақтап қалу мақсатында қазақ хандары әулеттер арасындағы некелік қатынастарды да шебер пайдаланып отырды. Некелесу барысында тұтанайын деп тұрған соғысты болдырмай, керісінше достастығын нығайтуға қол жеткізіп отырған. Қыз берген қайсібір әулеттер қалыңдықтың жасауы ретінде сыйға жер беріп, құдаларының территория ауқымын кеңейте түскен, әрі сол құдандалы әулеттің қорғаушысына, жақтаушысына айналатын. Ал, қайсібір жағдайларда некелік қатынастардың сәтсіздікке ұшырауынан тату-тәтті отырған іргелес мемлекеттер соғыс өртін тұтандыруға дейін барған кездері де болған.

XV-XVI ғғ. аралығында Қазақ хандарының сыртқы саясатында халықаралық дау-дамайларды бейбіт жолмен шешуге бағытталған әдіс-тәсілдер халықаралық деңгейдегі өз уақытына сай елшілер, шабармандар, тілмаштар арқылы жүзеге асырылып отырған.

Көптеген деректердегі мәліметтерге мұқият назар аударар болсақ, қазақ хандары мен көршілес мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды, бейбіт одақты нығайтудың бірден-бір жолы – әулеттер арасындағы некелік қатынастар болған. Бұған мысал ретінде «Бахр әл-асрардан» мына бір мәліметтерді келтіруімізге болады: «Темір сұлтанның қалмақтардан қолы босап, қатарына басқа да әскерлер қосылғаннан кейін, оның санасына қазақтар мен қырғыздарға байланысты ой келеді. Ол олардың біріккен шебіне бірнеше дүркін шапқыншылық жасап, қатарын сейілтті. Қысқаша айтқанда, Темір сұлтан сол тайпаның мүліктік жағдайы мен күйін титықтатып тастағаны соншалықты, Абылай сұлтан оған өзінің қызын әйелдікке беруі арқылы, туысқандық қатынасқа баруына тура келді. Осының арқасында бірнеше күннен соң-ақ осы аймақта бүлік шаңы басылып, жүрек айнасы тат пен шаңнан тазаланды», - делінген [4].

Әулеттер арасындағы неке осылайша одақ құрып, оны мызғымастай татулықта ұстап тұрудың дәнекеріне айналды. Мәселен, моғолдар мен қазақтар арасында да осындай дәстүрлі жақындастыққа кең жол ашылған: «Есен Бұға хан дүниеден қайтқанда, Жүніс хан достық пен махаббаттың негізін туысқандықпен, неке арқылы бекітіп, өзінің қызы Михр Сұлтан Нигар ханымды Әбу Сайд мырзаның баласы Омар-Шейх мырза қайтыс болғаннан кейін, Жәнбектің ұлы Әдік сұлтанға берді. Осылайша екі жақ некелік қатынас арқылы достық байланыстарын нығайта түсті», - делінген [5]. Кейін Әдік сұлтан қайтыс болғаннан кейін Михр Сұлтан Нигар ханым Қасым ханның әйелі болады.

Әулет аралық некелік қатынастар ұрпақ жалғастығы арқылы ел мен ел арасындағы тыныштықты мейлінше нығайта түсетініне билеушілердің үміттері зор болды. Бұл сөзімізді мына мәліметтерде дәлелдей түсеміз: «Жүніс ханның үш қызы болды. Олардың үлкені Михр Нигар ханым – Саид ханның шешесі және Қасым ханның әйелі болған. Екінші қызы – Құтлық Нигар ханым – Бабырдың шешесі еді. Ал үшіншісі – Хұб Нигар ханым – Мұхаммед Хайдар Дулатидың шешесі болған» [4, 353- б.]. Бұдан шығатын қорытынды – апалы-сіңілі қыздардан туған, аттары тарих беттерінен өшпейтін тұлғалар бір-біріне бөле туыстар болған. Әрі олар бір-біріне кез-келген қысылтаяң жағдайларда қол ұшын беріп, көмектесіп отырған.

Осындай тарихи деректерге сүйенер болсақ, Қазақ хандығын күшті мемлекетке айналдырып, атын шығарған Қасым ханның да Шайбанилықтармен туыстығы бар еді. Қасым хан мен Мұхаммед Шайбани ханның інісі Махмұд Сұлтанның шешелері апалы-сіңілі адамдар болған. Зерттеулерде көрсетілгендей, Қасым ханның анасы – Жаған бегім Махмұд сұлтанның анасы – Аққозы бегімнің туған сіңілісі. «Шайбани наме» дерегінде Аққозы бегімнің бірінші баласы – Шайбани хан, ал екінші баласы – Махмұд Сұлтан деп көрсетілген[6]. Бұл мәліметтен шығатын қорытынды – Қасым хан тек Махмұд Сұлтанның ғана месе, Мұхаммед Шайбани ханның да бөле туысы болған. Демек, қазақ ханы мен Шайбани әулеті арасындағы туыстық байланыстар шешелері жағынан болған. «Нусрат наме» мен «Шайбани наме» атты шайбанилық деректерде мынандай мәліметтер келтірілген, бірде Шайбани ханың інісі Махмұд Сұлтан қазақ ханы Бұрындықтың қолына тұтқынға түседі. Қасым хан аналары жағынан жақын туысы болып келетін Махмұд Сұлтанға құтқарып, тұтқыннан жасырын босатып жібереді[7]. Сонымен қатар Фазлаллах ибн Рузбиханның дерегінде мынандай туыстық байланыстар туралы мәліметтер бар: Шайбани қазақтарға қарсы қасиетті соғысқа аттанардың алдында Рузбихан мен Убайдолла сұлтан туыстық байланыстары бар қазақтар жөнінде сөз қозғайды. Әңгіме «туыстық қатынас өмірді ұзартады» деген хадиске байланысты еді. Сонда Рузбихан «егер де жақын туысың опасыз немесе Аллаға сенбейтін болса, онымен қатынасты бұзбай, намаз арқылы оның да тура жолға, исламға түсуіне сұрану керек. Қазақ әскерлері құдайдың заңдарына қайшы әрекет жасағанымен, сыртқы келбетімен де, жалпы тектерімен қандарың туыс болып келеді» дегенде, Убайдолла сұлтан: «біздің туыстық байланыстарымыз соғыс пен ұрыстан дұшпандыққа айналып, бәсекелестік пен дұшпандыққа ұштасқан. Алайда, егер де хан ием (Шайбани – авт.) солай болады десе, біз оның құлдары осыны қабылдаймыз», - дейді. Яғни, қазақтар мен шайбанилар аналары жағынан ғана емес, сонымен қатар тектері бір Шыңғыс ханның ұрпақтары болып келеді [8].

Кез-келген некелік қатынас барысында ұзатылатын ханшаның мойнындағы жүк ауыр болған. Өйткені, екі әулет бүгін құда болып достасып, ертең сол ханшаға тікелей байланысты қайсібір келеңсіз мәселелерге орай бір-бірінің ата жауына айналмасына кім кепілдік бере алады?

Бірақ ұзатылған қыз басқа әулеттің келіні ғана емес, ол – некелі жар, болашақ ана. Хан да, сұлтан да, ақсүйек те, кедей-кепшік те сол ананың дүниеге әкелген перзенті. Ананың сөзі қашан да өз баласына өтеді. Сондықтан да, басқа елге барған ханша болашақта саясатқа араласа алатын ықпалды, белсенді әйел бола алған. М.Х. Әбусейітова өзінің еңбегінде: «Басқа елге ханша болған қазақ қызы күйеуге беріліп, ұзатылғанда, сол барған елдің Қазақ хандығына бағытталған сыртқы саясатына белгілі бір дәрежеде рөл атқармаса да, аз болса да әсері мен ықпалы болатын шығар, бірақ бұл тек гипотеза» [2], - деген болжам жасайды. Шындығында көп жағдайда қазақ ханшасының тағдыры қай мемлекетте болса да, ондағы тарихи жағдайларға тікелей қатысты болды. Ал, Қазақ хандығы тарихында ханша атаулылардың елдің ішкі және сыртқы саясатында белсенділік танытқандары туралы деректер мол кездеседі. Мысалы, тарихта сондай рөл атқарған әйелдердің бірі Жүніс ханның қызы – Михр Сұлтан Нигар ханым болған. Деректерде келтірілгендей, қазақ ханы Тахир кезіндегі Моғолстан арасындағы ушыққан жағдайды Сұлтан Нигар ханымның араласуымен шешкен болатын, хан қызы екі ел арасындағы достық қатынастың орнауына ықпал жасаған. Сондықтан да қазақ билеушілері өздерінің мұрагерлеріне ғана емес, сонымен қатар күйеуге берген қыздары мен қарындастарының ертеңіне үлкен үміт артқан

Қазақ хандары мен шайбанилер әулеті арасындағы некелік қарым-қатынастар әлі де толық зерттелмеген мәселелердің бірі. Себебі, деректер өте аз, әрі шашыраңқы.

Маңызды дерек көзі ретінде «Нусрат наме», «Шайбани наме», «Бахр ал-асрардан» алынған мәліметтер бар. Мәселен, «Нусрат намеде» Шайбани ханның інісі Сұлтан Махмұд пен баласы Темір сұлтанның әйелдері деген бөлімінде қазақтың ханы Бұрындықтың қызын Мұхаммед Шайбани ханның баласы Темір сұлтанның алғандығы және бұл некеден Абдал шах сұлтанның туылғандығы жайында мәлімет бар. Бұл мәлімет «Бахр ал-асрарда» қайталанады[4]. Ал, «Шайбани намеде» Бұрындық келісімді некелік одақпен бекітіп, бір қызын – Шайбанидың інісі Сұлтан Махмұдқа, екіншісін – оның баласы Темір сұлтанға берді делінген. Бұл мәліметтерден Шайбани әулеті мен Қазақ билеушісі арасындағы бейбіт келісім некелік одақпен бекітілгенін көреміз. Ал, тарихшы С. Жолдасбайұлы өзінің ғылыми еңбегінде: «Осы кезде Өзбек хандығы мен Қазақ хандығы арасында уақытша бітім жасалады. Мұрындық (Бұрындық – авт.) Мұхаммед Шайбани ханмен соғысудың нәтижесі жақын арада болмайтындығын сезіп, онымен құдандалық жасаудың

жолына түсуді ойлайды. Сөйтіп, бір қызын – ханға, екіншісін – оның інісі Махмұт сұлтанға тұрмысқа беріп, аралары аз да болса жақындасады. Өзбек ханы қазақтармен құда болғаннан соң, Орта Азиядағы тыныштықты пайдалануға тырысады», - деп келтіреді[9]. Сонымен қатар С.Г. Кляшторный мен Т.И. Султанов: «Бұрындықтың төрт ұлы және бірнеше қызы болды. Бір қызы – Дадим ханым Жәнібек ханның немересі, қазақтың болашақ ханы Шығай сұлтанға тұрмысқа берілді. Қалған үшеуі XV ғасырдың 90-шы жылдарында Шайбандарға, бірі – Мұхаммед Шайбани ханға, екіншісі – Шайбанидың інісі – Сұлтан Махмұдқа, үшіншісі – Шайбанидың ұлы Темір Сұлтанға берілді. Соңғысы Михр Сұлтан ханым Самарқандта тұрып, вакф құжаттарында сақталған мәлімет бойынша ірі меншік иесі болған Бұрындық өмірінің соңында сол қызының қолына кеткен» [10], - деп жазған. Бұл зерттеулерден біз, Бұрындық хан өзінің екі емес үш қызын Шайбанилықтарға ұзатқанын және Шайбани ханның өзі де Бұрындыққа күйеу бала болғанын көреміз. Сондай-ақ үшінші қызы Михр Сұлтан ханымның аса беделді болғанын, Бұрындық ханның сол қызының қолына кеткендігін айқындаймыз.

Зерттеуші Н.Д. Нуртазина өз зерттеуінде «Орталық Азиядағы халықтардың рухани-мәдени, идеологиялық бірігуінде қазақ, қашғар, Орта Азияның хандары мен сұлтандарының әулет аралық некелері маңызды рөл атқарды деп атап көрсетеді. Ақсүйектердің отбасынан шыққан әйел білімді және діндар болған. Ондай әйелдер бейбітшілік пен мәдениеттің таралуына ықпал еткен деп мысал ретінде Бұрындықтың екі қызы Шайбанилықтарға күйеуге берілгендігін баяндайды» [11]. Т.И. Султановтың еңбегінде қазақтың ханы Қасымның бір қызы Шайбанилық Сұлтан Убайдоллаға ұзатылғандығы туралы мәлімет бар. Ал, тарихшы В.Л. Вяткин өзінің еңбегінде бұл мәліметті нақтылай, толықтыра түсіп, өзбек ханы Убайдолла темірлік Бабыр мен Сефевилерді жеңгеннен кейін Қасым ханға елші жіберіп, бір қызына құда түскендігі және Қасым хан ешбір қарсылықсыз Бұхараға Убайдоллаға қызын жібергенін мәлімдейді [12]. Тарихшы Н.Атығаев та осындай дәйектерге жүгіне отырып, бұл әулет арасындағы некелік қатынас екі ел арасындағы 1514 жылдары бейбіт қатынасты мейлінше нығайтқанын айғақтайды [13].

«Бабырнамада» Қасым ханның болашақ жары Сұлтан Нигар ханым өз еркімен Әдік сұлтанға қашып кеткендігі және Әдік Сұлтаннан екі қыз көтергендігі айтылып, оның бірі Сайд ханның баласы – Рашид сұлтанға, ал екіншісі – Шайбани ханның тұқымындағы бір сұлтанға ұзатылғандығы баяндалады [14].

Ал, енді бұл некелік қатынастар қандай мақсатқа негізделгеніне тоқталар болсақ, ең бастысы – ел іргесінің тыныштығын нығайта түсуге бағытталған әрекеттер болғанына көз жеткіземіз. Қазақ хандығы мен Шайбанилар арасындағы қарым-қатынастарды зерттеп жүрген тарихшы-ғалым Б.Б.Кәрібаев өзінің зерттеулерінде бұл одақтардың не үшін жасалғандығын ашып көрсетеді: «Бұрындық хан Шайбани ханмен бейбіт келісім жасасып, оны туыстық байланыстармен нығайту үшін қазақ ханы өзінің екі қызын Шайбанилық сұлтандарға ұзатады, ол ұзақ жылдар бойы жүргізілген Сыр өңірі үшін күресті уақытша болса да тоқтатты» [15]. Сонымен қатар, қазақ билеуші топтары арасындағы тартыстарды келтіріп, ... моғол ханы Шайбани хан әлсірегенде оған әскери көмек беріп, ал күшейе бастағанда оған қарсы шығып отырды. Бұрындық хан да Шайбани ханға қарсы моғол ханының саясатын ұстанады. Жәнібек хан ұлдарының (Әдік, Қасым) тым күшеюінен сескенген ол, Шайбани ханның Түркістанда қалуын қалап, онымен бейбіт келісім-шарт жасау бастамасын өзі көтереді. Жасалған келісім-шарт бойынша Жәнібек хан ұлдарына аймақтың солтүстік өңірлері, ал Мұхаммед Шайбани ханға орталық бөлігі қарады. Осылайша, Жәнібек хан ұлдарының Түркістан аймағын одан әрі иеленуіне Шайбани хан иелігі қарсы қойылды. Бұрындық ханның Жәнібек ұлдарына қарсы әрекеті мұнымен ғана шектелмеді. Ол Шайбани ханмен бейбіт келісім-шарт жасасқаннан кейін, өзінің екі қызын шайбанилық сұлтандарға ұзатады. Осылайша, туыстық қатынастарын орната отырып, Бұрындық хан өзіне одақтас табады. Өз кезегінде Бұрындық ханмен одақтасу арқылы Шайбани хан Түркістан аймағына Қазақ хандығының одан әрі енуін тоқтатып, Мәуереннахр ісіне араласып кетеді.

Жәнібек ханның ұлдары да Бұрындық хан мен Шайбани хан арасының туыстық қатынастар арқылы жақындасуына қарсы шаралар қолданады. XV ғ. 90-шы жылдарының орта тұсында жасалған келісім бойынша Сырдың оң жағалауында оңтүстік бөлік – Сайрам өңірі Моғолстанға тәуелді болды. Моғолстан да Шайбани ханның Сыр бойында күшеюін қолдамайтындардың бірі еді. Бұрындық хан мен Шайбани ханның жақындасуы Жәнібек ханның ұлдары мен Моғолстан ханының жақындасуына ықпал етті. Жақындасу туыстық қатынастар арқылы жүзеге асырылады. Яғни, Жәнібек ханның ұлы Әдік сұлтан Жүніс ханның Сұлтан Нигар ханым есімді қызына үйленеді. Олай болса, Жәнібек ханның ұлдарының Моғол ханымен жақындасуы, Бұрындық хан мен Шайбани арасындағы туыстық қатынастар орнатылғаннан кейін болған, яғни Бұрындық ханның одағына Жәнібек хан ұлдары өзіндік одағын қарсы қояды», - делінеді. Осы мәліметтен біз, бұл некелік одақтың жасалуына алып келген себептерге Қазақ хандарының өз ішіндегі алауыздық, яғни, Бұрындық хан мен Жәнібектің балалары арасындағы ішкі қарсылық әсер етті десек, ал түпкі мақсаты – Түркістан аймағын Жәнібектің балалары толық иеленіп, мейлінше күшейіп кетуіне бөгет болу үшін жасалғанын аңғарамыз. Бұл өз кезегінде Шайбани әулетіне өте тиімді одақ болды. Сөйтіп, Шайбанилердің Мәуереннахрды басып алуына, әрі күшейе түсуіне жағдай жасады. Бұл некелік одақты

бірінші болып Шайбани хан бұзған болатын. Оның Қазақ хандығына қатысты экономикалық санкциясы екі ел арасындағы бейбіт жағдайды бұзып, арадағы құдалық, күйеу балалық қатынастарды біржолатаға үзді.

Қорыта келгенде, айтарымыз – Қазақ хандары некелік қатынастарды дипломатияда бұрыннан-ақ шебер пайдаланып келген. Қазақ билеушілері мен Шайбанилер әулеті арасындағы некелік қатынастар екі мемлекеттің белгілі бір саясатына қызмет еткендігімен де құнды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. (Ары қарай МИКХ).
2. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: История. Политика. Дипломатия. – Алматы, 1998. -129 с.
3. Сүлейменов О. Азия. (Ауд. С.Ақатаев). – Алматы, 1992. -133-137 бб.
4. Махмуд ибн Вали. Бахр ал-асрар // МИКХ. – Алматы, 1969. -334 б.
5. Захир ад-Дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. (Ауд. Б.Қожабекұлы). – Алматы, 1993. -56 б.; Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы, 2003.
6. Шайбани наме // МИКХ. -97 б.
7. Нусрат наме // МИКХ. - 17, 117 бб.
8. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михман наме-йи Бухара. Под ред. А.К.Арендса. – М., 1976. -68 с.
9. Жолдасбайұлы С. М.Х. Дулати және XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы. – Алматы, 2000. -57 б.
10. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алматы, 1992. -272 с.
11. Нургазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана. – Алматы, 2000. -210 б.
12. Вяткин В.Л. Шейхи Джунбари // В.В. Бартольд. Туркестанские друзья, ученики и почитатели. – Ташкент, 1927. 6-7 стр.
13. Атыгаев Н. Участие казахов в борьбе узбеков с Сефевидским (Кызылбашским) государством в первой половине XVI в. // Отан тарихы. 2002. -№2. -116 б.
14. Бабырнама. (Ауд. Б.Қожабекұлы). – Алматы, 1993. -32 б.
15. Кәрібаев Б.Б. XVI ғ. басындағы Қазақ хандығы мен Шайбанилер әулеті арасындағы қарым-қатынастар // Гуманитарлық Ғылымдар Академиясының Хабаршысы. 1999. -№1 (3). – 52 б.

ӘОЖ 940.2(574) Т 52

З.С. ТОҚБЕРГЕНОВА

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты

**УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТҰСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ-САЯСИ
ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

Аңдатпа. Мақалада Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесіндегі ұлттық интеллигенция өкілдерінің саяси іс-әрекеттері, Сырдария облысының қалалары мен шет елді мекендерінде ұлттық, кәсіби және саяси белгілеріне негізделген саяси топтар мен қозғалыстардың пайда болуы және олардың ара қатынасы қарастырылады. Автор өлкедегі, әсіресе Ташкент қаласында құрылған жергілікті халықтардың ұлттық қозғалысын бейнелейтін саяси ұйымдардың бағдарламалары мен нақтылы іс-әрекеттерінде бірлік пен түсіністік нашар болғанына тоқталады.

Түйін сөздер. Түркістан өлкесі, Ақпан төңкерісі, ұлттық интеллигенция, Уақытша үкімет, жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі, Шуро-и-Исламия.

З.С. ТОҚБЕРГЕНОВА

Таразский государственный педагогический университет

**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НАЦИОНАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ
ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ ПОСЛЕ ФЕВРАЛЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ**

Аннотация. В статье рассматривается политическая деятельность представителей национальной интеллигенции в Туркестанском крае, а так же новые организации политических групп и движений городов и отдаленных населенных пунктов Сырдарьинской области, созданных на основе национального, профессионального и политического признаков и их взаимоотношения.

Ключевые слова. Туркестанский край, Февральская революция, национальная интеллигенция, Временное правительство, Совет рабочих и солдатских депутатов, Шуро-и-Исламия.

TOKBERGENOVA Z.S.

Taraz State Pedagogical University

**THE ACTIVITIES OF NATIONAL POLITICAL ORGANIZATIONS TURKESTAN REGION
AFTER THE FEBRUARY REVOLUTION**

Abstract. The article examines the political activities of representatives of the national intelligentsia in the Turkestan region, as well as new organizations of political groups and movements of towns and remote settlements of the Syrdarya region, created on the basis of national, professional and political signs and their mutual relations.

Keywords. Turkestan, the February Revolution, the national intelligentsia, the Provisional Government, the Board of Deputies of workers and soldiers, Shuro-e-Islam.

Кіріспе

1917 жылғы ақпан айының соңында Ресей империясының астанасы Петроградта басталған революциялық толқулар 28 ақпанда монархияның құлауына әкелді. Елде буржуазиялық-демократиялық революция жеңіске жетті.

Ресейді ешбір шектеусіз 300 жылдан астам билеп келген Романовтар әулетінің саяси биліктен айырылуы елдегі патшалық өкіметтің құлауын және ел орталығында буржуазиялық-демократиялық саяси партияның жеңіске жеткендігін бейнеледі.

1917 жылғы наурыздың 2-сінде патшалық тәртіп ресми түрде тарих сахынасынан кетті де, елдегі билік Ресей буржуазиясы мен буржуазияланған помещиктердің мақсат-мүдделерін білдіруші Уақытша үкіметтің қолына көшті.

Ел орталығында революция жеңіске жеткен алғашқы айларда Петроград жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі – Петросовет іс жүзінде мемлекет астанасындағы екінші өкімет рөлін атқаруға ұмтылды. Өйткені, оны революцияның басты қозғаушы күші болған қаруланған халық бұқарасы: жұмысшылар, солдаттар және матростар қолдады.

Бір жағынан Уақытша үкімет, екінші жағынан Петроград және солдат депутаттарының Кеңесі жер-жерлерге өз өкілдерін тез аттандырып жатты: Уақытша үкімет бүкіл ел көлемінде құлатылған патшалық билік жүйесін өз әкімшілік жүйесімен алмастыруды ойластырса, Петроград кеңесі жергілікті жерлерде жұмысшы, солдат депутаттары Кеңесінің жүйесін құруға ұмтылды. Басқа сөзбен айтқанда, мемлекет астанасында қосөкіметтілік орнап, оның әрқайсысы түптеп келгенде елдегі өкімет билігін өз қолына түгелдей алуды мақсат етті.

Патша өкіметінің құлап, елде республикалық саяси жүйенің қалыптаса бастауын күллі империя халқының басым көпшілігі сияқты, Түркістан мен Қазақстанды мекендеген халықтар да, жалпы алғанда, қуанышпен қарсы алды. Патша үкіметі мен оның жергілікті органдарының құлатылуын, облыстар мен уезд орталықтарында патша әкімшілігінің неғұрлым реакцияшыл өкілдерінің тұтқындалуы мен қызметтерінен қуылуын Түркістан мен Қазақстан халықтары әрі келешекке деген жақсы үмітпен қабылдады. Жер-жерден Петроградтағы Уақытша үкімет пен Петросоветтің атына халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының атынан жолдаған құттықтау телеграммалар тасқын болып ағылды. Мұның өзі бір жағынан, құлатылған патша үкіметіне және оның жергілікті өкілдеріне деген халық өшпенділігінің көрінісі болса, екінші жағынан Уақытша үкімет пен Петросовет ел ішінде әділ саясат жүргізеді деп, оларға аңқаулықпен сенгендігінің белгісі болды [1, 193-б.].

Халық бұқарасының талабымен жер-жерлерде жұмысшылар мен солдаттардың тікелей араласуымен губернаторлар, уезд бастықтары, полиция мекемелерінің, округтік соттар мен прокуратура бастықтары, т.с.с. ескі мемлекеттік, басқарушы және жазалаушы органдардың жетекшілері орындарынан түсірілді немесе бас бостандықтарынан айырылды. Мәселен, 1917 жылғы 30 наурызда Түркістан өлкесінің атышулы генерал-губернаторы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті аяусыз басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі Куропаткин орнынан алынып, өз үйінде қамауда ұсталды; Пішпек гарнизонының бастығы Рукин Жетісу облыстық губернаторына 26 наурыз күні жолдаған телеграммасында былай депті: «Өкімет халық пен солдаттардың қолында. Бұрынғы қызмет адамдарына өшпенділіктің шегі жоқ... Сізді де, Куропаткинді де ешбір елейтін емес» [2, 16-б.].

Түркістан өлкесіне, оның ішінде Сырдария облысына ортақ осындай жағдайдың қалыптасуын Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдары, сол сияқты Петросовет пен оның ықпалы нәтижесінде құрыла бастаған жер-жердегі кеңестер жүйесі өздерінің қол жеткізген саяси жеңістерінің қатарына жатқызды.

Бір сөзбен айтқанда Уақытша үкімет пен Петросовет арасындағы текетірес пен саяси бәсеке патша үкіметі құлай салып-ақ басталып кетті.

«Жаңа ұрық сеуіп келе жатқан» Кеңестердің әлсіздігін пайдаланған Россиялық буржуазия Уақытша үкіметті нығайтуды, оны түбінде елдегі бірден-бір атқарушы өкімет органына айналдыру үшін оның жер-жердегі органдарын құру ісін қолдарына алды. Ал Россия социал-демократтарды, ең алдымен большевиктер мен олардың көсемі В.И. Ленин «заңға емес, бұқараның тікелей бастамасына сүйенетін» Кеңестерді өздерінің өкімет үшін күрестерінің басты құралына айналдыруды ойластырды.

Уақытша үкімет империяның Түркістан мен Қазақстан сияқты отарлы аймақтарына кадеттерден, оларға іш тартқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерінен, ұсақ буржуазияшыл партия мүшелерінен (мәселен, эсерлерден) өз комиссарларын тағайындады [3, 20-б.]. Ал Петроград Кеңесі жер-жерлерге өзінің төтенше өкілдерін аттандырумен болды.

Петроградтағы Ақпан төңкерісінің жеңісі, Уақытша үкімет пен Петроград Кеңесінің арасындағы текетірес жөніндегі телеграммалар Қазақстанға наурыз айының басында жетті. Көп кешікпей мұндай хабарлар барлық аймақтарға белгілі болды.

Революция жеңіске жеткен сәтте майданның қара жұмысына алынғандарға жан-жақты көмек беру үшін Минск қаласында жүрген ұлттық-демократиялық интеллигенцияның жетекшісі Әлихан Бөкейханов наурыз айының басында Қазақстанның біраз қалаларындағы өз жақтастарына телеграммалар жолдап, елде болып жатқан өзгерістерге баға берді. Мұндай телеграмманың алғашқыларының бірін сол кезде Петроградта болған Мұстафа Шоқай да алды. Ұлттық революция көсемі өз телеграммасында өз жақтастарын Уақытша үкіметті жақтауға шақыра отырып, сонымен бірге жер-жерлерде облыстық, уездік, болыстық қазақ комитеттерін құру үшін шұғыл түрде сайлау өткізу қажеттігін баса көрсетті [4, 159-б.]. Әлихан Бөкейхановтың өз жақтастарына қазақ комитеттерін шұғыл құру туралы нұсқаулары оларды Уақытша үкіметті қолдау жөніндегі кеңестермен қатар айтылғанына қарамастан, ондай ұлт мекемелерін құру елде қалыптаса бастаған қосөкіметтіліктің аясына симайтын еді. Кейінгі оқиғалар көрсеткеніндей, қазақ комитеттері сөз жүзінде Уақытша үкіметті қолдағанымен, оның барлық іс-әрекеті ұлттық мүдделерге қызмет етті: «Алаш» партиясының бағдарламалық мақсат-мүдделерін жүзеге асыруға, алаш автономиясын жариялап оның үкіметі – Алашорданы құруға, ұлттық милиция жасақтарын ұйымдастыруға, өлкедегі жер мәселесін әділ шешу ісіне белсенді түрде ат салысты [5, 25-б.].

1917 жылғы Ақпан төңкерісі берген мүмкіндіктерді толық пайдалану арқылы ұлттық интеллигенция өкілдері саяси іс-әрекет сахынасына белсенді түрде шыға бастады. Әлихан Бөкейханов 1917 жылғы наурыз айының басында Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары болып тағайындалса, сәуір айының басында Мұхаметжан Тынышбаев, одан кейін Мұстафа Шоқай Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамына енгізілді. Жағанша Досмұхамедов, Халел Ғаббасов, Жақып Ақбаев, Асфендияр Кенжин, Әзімхан Кенесарин, т.б. Қазақстан мен Түркістанның жекелеген уездері және қалаларындағы Уақытша үкіметтің Атқару Комитеттеріне мүше болды [6, 124-б.; 7, 30-б.].

Уақытша өкіметтің Қазақстан мен Түркістандағы облыстық, уездік басқару органдарына мүше болған айтылмыш ресми үкіметтің чиновниктерінің міндеттерін атқарумен қатар ұлттық мүдде мәселелерін де ойдан шығарған жоқ.

Ал, Қазақстандағы казак-орыс әскерлерінің билеуші топтары жаңадан құрыла бастаған Уақытша үкіметтің жергілікті органдарына, жаңадан ұйымдаса бастаған Кеңестерге (олардың қатарында казак депутаттарының кеңестері де бар), жеңілген облыстық және уездік казак комитеттеріне менсінбей қарап, казак-орыс станицаларындағы билік тізгінін бұрынғысынша өз қолдарында қалдыруға бар күштерін салды.

Дәл осы кезде көпұлтты Сырдария облысының қалалары мен шет елді мекендерінде ұлттық, кәсіби және саяси белгілеріне негізделген саяси топтар мен қозғалыстар пайда бола бастады. Мәселен, Жетісу мен Сырдария облыстарында мұсылман діндес, түрік тілдес халықтардың қоғамдық қозғалысына басшылық жасау мақсатында «Құрылтай» атты комитет құрылды. Оның басшылығы Жетісу облысының орталығы Верный (Алматы) қаласына орналасты да, оған «Газетдинов и К^Т» сауда үйінің қожасы Зайтдин Қажы Газетдинов жетекшілік етті. Негізінен өзбек, ұйғыр саудагерлері мен діндарларының мұрындық болуымен «Шуро-и-Исламия» («Ислам кеңесі», одан сәл кейін ұлттық-демократиялық қазақ, қырғыз зиялыларының комитеттері (1917 жылғы шілдеден «Алаш» партиясының жергілікті бөлімшелері болып құрылған) пайда болды [8, 76-б]. Бұл істе қазақ Ыбырайым Жайнақов, қырғыз Ишаналы Арабаев, т.б. белсенділік көрсетті.

Түркістан өлкесінің орталығы Ташкент қаласының саяси өмірі күрт нашарлады. Мұндағы саяси өмірдің өзіне тән ерекшеліктердің бірі, бір жағынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамында негізінде кадет партиясының мүшелері мен оның жақтастары көпшілік орынға ие болса (олардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышбаев және Мұстафа Шоқай сияқты қазақ халқының өкілдері де бар), екіншіден, осы комитетпен текетірісте болған Ташкент Кеңесінің құрамында эсерлер мен социал-демократтардың қанатының (негізінен большевиктердің) көпшілік орынға ие болуына байланысты еді.

Мүшелері түгелге дейін «еуропалықтардан» (негізінен орыс халқының өкілдерінен) тұратын Ташкент Кеңесі өкімет билігіне жергілікті халықтардың («мұсылман» халықтарының) өкілдерін жолатпау бағытын ұстады.

Өлке орталығында қалыптасқан осындай саяси жағдайда (белгілі дәрежеде соған жауап ретінде) жергілікті халықтардың саясатқа белсенді түрде араласа бастаған өкілдері екі саяси ұйым құрды. Олардың біріншісі қоғамдық-саяси өмір мәселелеріне белгілі дәрежеде консервативтік бағыт ұстаған «Ғұламалар одағы» («Улема жаннаты») болса, екіншісі қоғамды буржуазиялық-демократиялық тұрғыда өзгеруге бейім тұрған «Ислам кеңесі» («Шуро-ислам») еді. 1917 жылғы наурыз айында осы екі ұйым Ташкент қаласында Түркістанның мұсылмандар конгресін шақырды. Ал бұл конгресс өзінің кезегінде Түркістан мұсылмандарының орталық комитетін («Туркестон мусулмани шурози») сайлады. Бұл комитет қысқаша «Ұлттық орталық» («милли маркез») деп те аталады. 1917 жылғы сәуір айында Петроградтан Түркістанға оралған Мұстафа Шоқай «Ұлттық орталықтың» төрағалығына сайланып, оның құрамына Түркістан өлкесінің Мұхаметжан Тынышбаев, Ораз Сардар сияқты белгілі қайраткерлері енгізілді.

Ақпан төңкерісі жеңіске жеткен жағдайдағы «Ұлттық орталықты» басқарған Мұстафа Шоқайдың Ресейге көзқарасын сепаратистік емес, автономистік деп бағалауға болады. Дәл сол кезде ол Түркістанның Ресейден бөлінуін емес, оның демократиялық федеративтік Ресейдің автономиялы республикасы болуды қалады [4, 21-22-бб.].

Түркістандағы орыс емес халықтардың Ақпан төңкерісінен кейін саяси белсенділігінің артқандығын жергілікті ұлт тілдерінде газеттердің шығарыла бастауынан анық көруге болады. 1917 жылғы көктемнің басынан Ташкентте жартылай татар, жартылай өзбек тілінде «Ұлұғ Түркістан» («Ұлы Түркістан») атты газет шыға бастады. «Түркістан татарларының бюросы» атынан шығып тұрған осы басылымның редакциялық алқасына 1917 жылғы сәуірден мүше болған Мұстафа Шоқай оның беттерінде Түркістан халықтарының бірлігі туралы идеяны белсенді түрде насихаттады.

Мұстафа Шоқай кейін, шетелдік эмиграцияда жүрген кезінде, жариялаған (1936-1937 жж.) «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты еңбегінде Ақпан төңкерісі жеңіске жеткен кездегі ұлттық-мемлекеттік құрылысқа деген көзқарасын былай білдірген еді: «Біз әлі ұлттық тағдырымыздың мәселелерін ұлттық тәуелсіздік тұрғысынан көтере қоймағанбыз. Тек бәріміз орыс патшалығы жойылып, мемлекет құрылысы өзгереді деген пікірде едік... Көп ұзамай орыс революциясының оқиғалары біздің осы тәтті үмітіміздің тас-

талқанын шығарды. Орыс революцияшыл демократтары іс жүзінде сынақтан өте алмады. Олар патшалық заманда орыстан өзге халықтардың өкілдерін жатырқамағанымен, билікке қолы жеткен кезде оларды шеттетіп, маңайына жолатпай қойды» [9, 44-б.].

Уақытша үкіметтің алғашқы қадамдары, оның Түркістан өлкесі сияқты отарлы аймақтар жөніндегі ішкі саясатының жаңа бағытында құлатылған патша үкіметінің осы саладағы іс-әрекеттерімен салыстырғанда жаңа, сапалы өзгерістер байқалмады. Сондықтан да ұлт аймақтарында, оның ішінде Түркістанда пайда бола бастаған саяси күштер жаңа жағдайға орай әрекет етті.

Мәселен, «Ұлуғ Түркістан» газетінің 1917 жылғы 30-ы сәуірдегі санындағы редакциялық мақаласында жаңа саяси жағдайдағы «татарлардың, сарттардың, қазақтардың бір болуы» туралы айтылды. Бұл Мұстафа Шоқай сол кездің өзінде уағыздай бастаған түрік тілдес, мұсылман діндес Түркістан халықтарының бірлігі туралы идеяның көрінісі еді.

Осы идея 1917 жылғы маусым айында Ташкент қаласында шыға бастаған «Бірлік туы» газетінде де тұрақты әрі кең түрде насихатталды. Бұл газетті шығаруға Мұстафа Шоқай мен Сұлтанбек Қожанов мұрындық болды, ал оның мерзімді баспасөз органы болып қалыптасуына «Қазақ» газетінің редакциясында мол тәжірибе жинақтаған Міржақып Дулатов оңды рөл атқарды.

Газеттің редакциялық алқасына қол ұшын беріп, оның жекелген сандарын шығаруға қатынасқандар қатарында Тоқтабаев Ш, Ақаев Серікбай, Өтегенов Садық, Кенесарин Әзімхан, Бориев Кумуш-әли (ұлты түркмен), т.б. болды.

Ақпан төңкерісіне дейін патша үкіметіне сенімсіз адам ретінде саясат мәселелеріне араласуына тиым салынған Көлбай Тоғысов, қазақтың зиялы қауымының басқа өкілдері сияқты, енді өзінің саяси белсенділігін күшейте түсті. Ол Сырдария облысының тұрғындары арасында патшалық тәртіптің құлағаны, Ресейде демократиялық республика орнағандығын, ескі қоғамдық-мемлекеттік жүйе мен буржуазиялық мәндегі республикалық мемлекеттің негізгі айырмашылықтарын түсіндіруге ат салысты. Наурыз айының бірінші жартысында Көлбай Тоғысов облыстың Ташкент, Қазалы сияқты қалаларымен Қауыншы, Ниязбек, Зинчеата, Желал-Төбе, Ишанбазар, т.б. ірілі-ұсақты елді мекендерінде өткен митингтерде сөз сөйлеп, елдің орталығы мен оның ұлт аймақтарында орын алған өзгерістерге талдау жасады.

Зерттеуші Б. Елькеевтің пікірі бойынша К. Тоғысов сол кездегі мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен облыс тұрғындарының көптеген мәжілістерінде сөйлеген сөздерінде халықтың назарын Ресейдің орталық аймақтары мен шет өңірлерінде демократиялық Республикаға тән тәртіп орнату, орыс демократтары мен еңбекші мұсылмандардың революцияшыл іс-әрекеттеріне қолдау көрсету, жергілікті басқару орындарына халық мүддесін қорғайтын адамдарды сайлау қажеттігіне басты назар аударған [10, 109-б.].

1917 жылғы сәуір-мамыр айларында Көлбай Тоғысов Сырдария облысының қалалары мен басқа елді мекендерінде «Шуро-исламия» партиясының ұйымдарын құруға Петроградтан Түркістанға оралған Мұстафа Шоқайға көмектесті және айтылмыш партияның Ташкент ұйымына мүше болды. Осы ұйымның атынан ол мұсылмандардың бүкілресейлік съезіне делегат болып қатынасып, оның атқару комитетінің құрамына сайланды [11, 15-б.; 12, 232-б.].

Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесіндегі, әсіресе өлке және Сырдария облысының орталығы болған Ташкент қаласында құрылған жергілікті халықтардың ұлттық қозғалысын бейнелейтін саяси ұйымдардың бағдарламалары мен нақтылы іс-әрекеттерінде бірлік пен түсіністік нашар болды. Сол кездегі саяси қозғалыстардың қайнаған ортасында болған Мұстафа Шоқайдың пікірінше мұндай жағдайдың «Шуро-Исламия» мен «Ғұламалар одағына» тікелей қатынасы болды. Осыған орай М. Шоқай «1917 жыл естеліктерінде...» былай деп жазды: «Өлкелік ұйымдар деп аталған, шындығында да бүкіл өлке тұрғындарының көңіл-күйіне ықпал жасамақ болған екі мықты ұйым – «Шуро-Исламия» мен «Ғұлама қоғамы» бір-бірімен қатты қырқысып жатты.

Муннавар Қары басқарған «Шуро-Исламия» жаңа дәуір талабымен өлкенің бағыныштылық тәуелсіздігінен туған жағдайын ескеріп, реформа жасау жоспарын ортаға салды... Сералы Лапин басқаратын «Ғұлама қоғамы» мәселеге басқаша қарады... «Ғұлама қоғамы» Ресей федерациясынан автономия беруді талап етті. Олардың арасындағы араздық біздің жалпы ұлттық мүддемізді бәсеңдетіп, жұмысымызды былықтырды» [8, 127-б.].

Зерттеуші К. Есмағамбетов «Шуро-и-Улемаға» деген көзқарасын былай білдіреді: «Дегенмен идеялық ұстанымдарының бірбеткейлігіне қарамастан «Улема» қоғамының мүшелері халықтың ұлттық сана-сезімін оятып, этностық бірегейлігі идеясын орнықтыруға, саяси белсенділігін арттыруға өз үлестерін қосады. Отарлық жүйені қайта қалпына келтіруге тырысқан ұлы державалық шовинизмге қарсы жергілікті халық мүддесін басты қорғаушы Ұлттық орталық болады» [13, 107-б.].

Лапин Сералы Мұңайтпасұлы (1868, Ақмешіт – 1919, Самарқан) – ағартушы, адвокат, сәулет өнері тарихын зерттеуші, 1891 жылы Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Ақпан төңкерісі жеңіске жетісімен Ақмешітке (Перовск) «Халық өкілдері кеңесі» атты ұйым құрды [10, 129-131-б].

Мұның үстіне облыстың басқа өңірлерінде ұлттық ұйымдар көп жағдайда рулық белгілер «негізінде құрылғандықтан» [8, 90-б.] олар бірін-бірі түсінбей, кейде іс-әрекеттерінде қарама-қайшылыққа тап болып, нәтижесінде жергілікті жұмысшы және солдат депутаттарының ықпалына оңай түсіп отырды.

Мұстафа Шоқайдың мойындауынша, 1917 жылғы көктемде Түркістан ұлттық қозғалысының басшылары өзара түсінісе алмағандықтарымен қатар, өз қызметін өлке орталығымен шектеді. «Біз, Түркістандықтар, - деп жазды кейін Мұстафа Шоқай, - өлкелік комитеттерден ары аса алмадық, мұның үстіне ұйымдардың біразы бір-бірімен керісуден басқа ештеңенің жөнін білмейтін. Әрбір аудандық немесе облыстық ұйым өзін ғана мықты санап, бұл мәселе туралы басқалардың аузын аштырмайтын... Бір-бірімен керісіп, тартысып жатқан ұйымдар саяси және идеологиялық бағдарлама тұрғысынан емес, тек басшыларының бір-бірімен жеке қарсылығына байланысты тартысатын» [8, 128-б.].

Мұстафа Шоқай мен оның жақтастары басқарған демократиялық қозғалыс, Мұстафа Шоқайдың сөзімен айтсақ, Ақпан «...революциясы берген мүмкіндіктерді ұлттық мүддеге пайдалана алмады» [10, 224-б].

Осының салдарынан Түркістан өлкесінде, оның басты аймағының бірі Сырдария облысында да, саны көп, сапасы жоқ көптеген ұйымдар төрағасы Мұстафа Шоқай болған «Ұлттық орталықтың» («милли маркез») басшылығымен мықтап топтаса алмады. Сондықтан да, дейді Мұстафа Шоқай, біз көп болсақ та мықты ұйым құра алмадық. Тек заңды, орынды талаптарымызды жүзеге асыра алмайтын көпшілік болдық та қалдық. Бүкіл мекеме аппаратын, қарулы күштерді және басқа да құрамдарды қолына ұстаған аз санды орыстардың күші басым болатын» [10, 128-б].

«Саны аз, күші басым» Түркістандағы орыс халқының өкілдерінен тұратын Ташкент жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі, сол сияқты өлкенің облыстары мен уезд орталықтарында құрылған кеңестер біртіндеп, күн өткен сайын өлкенің саясат сахынасындағы Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен оның жергілікті органдарына қарсы тұратын негізгі ұйымдарға айнала бастады. Ал мұның өзі Ақпан төңкерісінен кейін өлкеде қалыптасқан «көпөкіметтіліктің» қосөкіметтілікке ұласа бастағанның көрінісі еді. Түркістандық ұлттық ұйымдардың, деп жазды Мұстафа Шоқай, дәрменсіздігін «жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері де түсінген болатын. Сондықтан да бізді көзге ілмеді. Көпшіліктің 96-98 процентін құрғанымызбен жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестеріне қарсы күресе алмай, Уақытша үкімет комитетінен одақтас іздеп жүруінің қандай екендігін айқын көрсетеді» [10, 124-б].

Ақпан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейінгі екі-үш айда орын алған оқиғалар анық көрсеткеніндей, өлкеде алғашқы кезде орнаған «көпөкіметтілік» біртіндеп қосөкіметтілікке ұласа бастады. Уақытша үкіметтің Түркістандық комитеті өлкенің облыстары мен уездерінде, солармен қатар жекелеген болыстарында Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болып табылатын атқару комитеттер жүйесін құру ісіне белсенді түрде кірісті. Кей жерлерде олар азаматтық комитеттер болып та аталды.

1917 жылғы 7-і сәуірде Уақытша үкімет өзінің өкілетті органы ретінде Түркістан комитетін құрды. Оның құрамына кадет Щепкин, меньшевик Елпатъевский, қазақтың ұлттық-демократиялық зиялыларының жетекшісі Ә. Бөкейханов, т.б. енді. Ал сол жылғы 17-і сәуірде өзінің Сырдария облысындағы комиссары етіп бұрынғы уезд бастығы подполковник Тризнаны тағайындады [5, 146-б]. Уақытша үкіметтің Түркістан комитетімен бір мезгілде Ташкентте жұмысшы депутаттарының Кеңесі пайда болды. Ташкент жұмысшы депутаттарының Кеңесі облыстың жекелеген қалаларына орналасқан гарнизон солдаттары тарапынан қолдау тапты [14, 36-п.].

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторының және оның сыбайластарының өкімет билігінен тайдырылуы туралы хабарды өлкенің ірілі-ұсақты елді мекендерінде халық қуанышпен қарсы алды. 1917 жылғы сәуір айының басында Әулиеатада өткен қалалық митингте және одан кейін болған қалалық жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің мәжілісінде «уезд бастығын, оның көмекшілері мен приставтарды тұтқындау» туралы қаулы қабылданды [15, 48-б.]. Осымен мазмұндас қаулы-қарарлар уездің ауыл-селоларында өткен халықтық жиналыстар мен саяси басқосуларда да жаппай қабылданып жатты. Көптеген болыстар да жаңадан құрылған атқару комитеттер көпшіліктің талап етуімен халықтың қағарына ұшыраған болыс басшылары мен ауыл старшындарын тұтқындап немесе оларды соған дейін атқарып келген қызметтерінен жаппай қуумен болды. Мәселен, Шаповалов болыстық атқару комитеті Әулиеата уездік комитетінің атына 1917 жылғы 9-ы сәуірде «бұрынғы өкімет кезінде халықты қатыгездікпен қорлап келген Лукьян Терновой тұтқынға алынып, Әулиеата түрмесіне жөнелтілгені» туралы хабарлаған [16, 144-п.].

Черняев уезінің Қошқарата болысының дихандарының талабына сәйкес бұрынғы болыс басшысы «патша үкіметінің қошаметшіл қызметкері ретінде» орнынан тайдырылып, болыстағы уақытша үкіметтің комиссары болып Мақұлбек Шерімов тағайындалса, осыған ұқсас себептермен Қарабастау болысының

комиссары болып Жұмаш Керімбаев, Мақпал болысының комиссарлығына Мандыбай Сарықұлов, Ащыбұлақ болысының комиссарлығына Арзыбай Әйнеков тағайындалды [17, 19-п.].

Халықтың құлаған патша үкіметіне деген өшпенділігін шебер пайдаланған Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен облыстық және уездің комиссарлары ауыл, село, болыс деңгейіндегі билік пен басқару жүйесін осылайша белсенді түрде құра бастады.

Дегенмен де, кейбір болыстарда Уақытша үкіметтің болыстық комиссарларын сайлау айтарлықтай қиыншылықтарға кездесіп отырды. Атап айтқанда Уақытша үкіметтің Әулиеата уездік комиссарының қалауымен Шоқпар болысының бұрынғы басшысы штабс-капитан Жабагин 1917 жылғы сәуірде орнынан түсіріліп, болыстық комиссар қызметіне көпшіліктің қалауымен Төртоқа Түгірбековты тағайындау жөнінде қаулы қабылданды. Алайда Жабагин бұл шешіммен келіспей, болыс кеңсесін жаңа комиссарға тапсырудан бас тартты. Ол мұнымен де шектелмей, 30-да астам өз руластарын қаруландырып, жаңа тағайындалған болыстық комиссарды өлтірем деп қорқытты. Жұмысшы және солдат депутаттарының облыстық кеңесі Жабагинді жақтады. Нәтижесінде Жабагин Шоқпар болыстық комиссары болып тағайындалды [2, 67-б.]. Облыстық кеңестің араласуымен жекелеген болыстарда Уақытша үкіметтің бірнеше комиссарларын қайтадан сайлау орын алды.

Уақытша үкіметтің жергілікті жүйесінің басты өкілеттеріне айналған уездік және Сырдария облыстық кеңестерінің комитеттерінің талап етуімен бұрынғы болыс басшылары мен ауыл старшындарын Уақытша үкіметтің комиссарларымен алмастыруға арналған сайлауларда орын алған кемшіліктер мен заңсыздықтарды тексеретін комиссиялар негізінен Сырдария облыстық жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің атына түскен арыздар негізінде ұйымдастырылды. Облыстық кеңестің 1917 жылғы 27 және 31 мамыр күндері өткен мәліметтерінде Әулиеата уезінің 11 болысынан Уақытша үкіметтің жергілікті органдарын (атқарушы комитеттері мен комиссарларын) сайлауда орын алған заңсыздықтар жөніндегі арыздар қаралды. Нәтижесінде атқару комитеттеріне сайланған депутаттар мен тағайындалған болыстық және ауылдық комиссарлардың уәкілдіктерін тексеруге арналған мандат комиссиялары құрылды [18, 26-27-пп.]. Барлық уездік комиссарларға, олардың қатарында Әулиеата уезінің комиссарына да, айтылған мәселелер жөнінде арнаулы хаттар жөнелтілді. Алайда облыстық және уездік деңгейдегі барлық билікті өз қолдарына шоғырландыра бастаған Уақытша үкіметтің органдары Сырдария облыстық Кеңестің ескертпелерін «жүре тындап», тіпті қаперіне де алуды қойды. Орталықта билікті өз қолына алған Уақытша үкімет жергілікті жерлерде атын өзгерткенімен заты бұрынғыша қалған атқарушы қоғамдық-саяси жүйе арқылы құлаған патша үкіметінің отарлау саясатын жалғастырумен болды. Ақпан революциясының алғашқы күндерінде пайда болған халықтық милиция таңдамалы милициямен алмастырылды. Отаршыл, өктемшіл де, озбыр саясатты жүзеге асыруға машықталған жергілікті басқару жүйесі іс жүзінде бұрынғысынша қалдырылды.

Орта Азия жағдайында аса үлкен маңызды жер мен су мәселесі шешілмей, шиеленіскен жағдайда қала берді: сан мыңдаған гектар жерлер латифундистердің меншігінде болды; 1917 жылғы 7-і маусымда қабылданған «Сырдария облысындағы су комитеттері туралы ережеге» сай егістікке су беру құқығы бұрынғысынша арық-ақсақалдарының (мирабтардың) құзырында қалды.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың барысы мен нәтижесінде Сырдария облысында шиеленіскен ұлтаралық (ең алдымен қазақ-орыс, қырғыз-орыс.) қатынастар шешілмеді, тіпті кей жерлерде олар Уақытша үкіметтің жергілікті органдары жол берген кателіктерден өрши түсті.

Торғай облысында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатынасушыларды жазалау 1917 жылғы мамыр айына дейін созылғанын айтқанның өзінде, басқа өңірлерде (атап айтқанда Сырдария облысында) «1916 жылғы қырғыздар көтерілісін» аяусыз басып-жаншу барысымен, ол жеңіліске ұшырағаннан кейін жергілікті халықтың тоналған малы мен басқа да мүлкін қайтарып беру сөз де болмады [19, 73-п.; 20, 69-б.]. Мәселен, 1917 жылғы 25 мамырда Әулиеата уезінің Меркі бөліміндегі «1916 жылғы тәртіпсіздіктен зиян шеккен» орыс халқының өкілдеріне Уақытша үкіметтің жәрдемі ретінде 26 мың сом көлемінде ақша беруге шешім қабылданған. Бұл оқиға осы өңірді мекендеген қазақтар мен басқа да тұрғылықты халықтар өкілдері тарапынан наразылық туғызған.

Олар кей жерлерде ашық қақтығыстарға ұласқан. 1917 жылғы 22 қыркүйекте Әулиеата уездік комиссарының Сырдария облыстық кеңесіне жолдаған хабарламасында «Тоғышар орыс тұрғындардың жергілікті халықтардың «шабындық пен егіндігін бүлдіргендігін, оларды тонап, зорлық көрсеткендігін» айттық [21, 63-п.; 321-п.]. Ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі 1916 жылы Қытай ауып кеткен қазақтар мен қырғыздардың, сол сияқты майданның қара жұмысына алынған жігіттердің ата қоныстарына оралуына айтарлықтай кедергілер туғызды.

Уақытша үкімет ұлт мәселесін әділетті шешуге қабілетсіз болды. Атап айтқанда, ол Түркістан халықтарының өз тағдырларын өздері шешуіне жол бермеді, «бір тұтас және бөлінбейтін Россия» туралы патшалық көзқарасты жақтады.

1917 жылғы сәуір айында Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті жанындағы өлкелік мәжіліс Түркістан халықтарына қандай түрде болса да автономия беруге қарсы шығып, Түркістанды ағылшын мен француз отарлары үлгісімен қайтадан құру туралы шешім қабылдады. Уақытша үкіметтің ұлт мәселесіндегі осы позициясын кейбір келісімпаз партиялар (эсерлер мен меньшевиктер) өкілдері жақтады. 1917 жылғы мамыр айында Ташкент қаласында өткен эсерлердің өлкелік съезі Түркістанның автономиясы туралы мәселені талқылай келіп, өлке тұрғындары ұлттық автономия алуға саяси тұрғыдан пісіп-жетілмегендіктен, оларға өзін-өзі билейтін земстволық және қалалық органдар жүйесін құруға берсе жетіп жатыр деген пікірге тоқтады [22, 114-п.].

Уақытша үкіметтің органдары өздерінің өкімет билігі жолындағы негізгі бәсекелестері жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестерінің беделін түсіріп, олардың қызметіне шек қоюға тырысты. Мәселен, Перовск кеңесіне ұлтаралық қатынастарды реттеуге қатынасуға тиым салынып, оған казак ауылындағы оқиғалар жөнінде өзін «бейтараптық» жағдайда ұстау ұсынылды [23].

Сырдария облысының қалаларында алғашқылары 1917 жылдың наурыз-сәуір айларында құрыла бастаған Кеңестер өздерінің қатарындағы мүшелері жағынан аз, ұйымдасу жағынан нашар болды. Өлкенің Ташкенттен басқа қалаларында жұмысшылардың аз болуына байланысты оларда алдымен солдат және офицерлер комитеттері құрылды да, олар кейін солдат депутаттарының Кеңестері болып қайтадан сайланды. Мәселен, 1917 жылғы 17 наурызда Әулиеата солдаттар мен офицерлер комитеті ұйымдасып, сол күні Ташкент Кеңесімен телеграф байланысын орнатты. Сол айдың екінші жартысында құрылған Черняев (Шымкент) қалалық солдат депутаттарының Кеңесі өзінің атқару комитетінің мүшесі Н. Чехляевті Ташкентке Түркістан өлкелік солдаттар депутаттары Кеңесінің жұмысымен танысу мақсатында іс сапарға жіберді.

Черняев солдат депутаттары Кеңесінің төралқасы сол жылғы 1-ші сәуір күні Ташкент солдаттар депутаттары Кеңесіне арнаулы хат жазып, онда күнделікті қызметінде басшылыққа алу үшін кеңестер туралы ережелер мен басқа да құжаттарды жіберуді өтінді. Сонымен қатар Черняев солдаттар Кеңесінің төралқасы Ташкент Кеңесін Сырдария облысындағы Кеңестермен жүйелі байланыс орнатуына мұрындық болуын сұрады [24, 23-б.].

Сырдария облысында құрылған алғашқы Кеңестер құрамында әуелгі кезде ұсақ-буржуазияшыл партиялар мен басқа да саяси ұйымдардың өкілдері көпшілік орындарға ие болды. Солдаттар Кеңесінде де депутаттардың көпшілігі әскерилердің киімін киген шаруалар өкілдері болды. Мұны өлкедегі жұмысшылар санының аздығымен, оның ірі өнеркәсіп орталықтарынан шалғай орналасуымен түсіндіруге болар еді. Мұның үстіне бірінші империалистік соғыстың жүріп жатуына байланысты шұғыл саяси әрекеттерге бейім тұратын жұмысшы кадрларының майданға шақырылуына орай олардың заводтар мен фабрикалардағы орындарына селолар мен ауылдардан келгендердің орналасқандығын айту қажет. Ал соңғылары ұсақ-буржуазияшыл шаруалар өкілдері болғандықтан келісімпаздыққа бейім тұратын. Сондықтан да Кеңестердің алғашқы құрамындағы депутаттар Уақытша үкіметтің жергілікті органдарымен ымыраға келгіш және әлеуметтік саяси мәселелерді батыл шешуге енжарлау, тіпті қабілетсіз болды.

Кеңестерге біріккен жұмысшылар мен солдаттар бұқараларының ұйымшылдығының жеткіліксіздігі мен саяси тұрғыдан толыспағандығы және олардың көпшілігіне ұсақ-буржуазияшыл, келісімпаз партиялар өкілдерінің (мәселен, эсерлердің) жетекшілік етуі біртіндеп биліктің Уақытша үкіметтің жергілікті органдарының қолына шоғырлануына мүмкіндіктер туғызды.

«Алғашқы кезде, - дейді Г.Сафаров «Отарлық революция» (Колониальная революция. Опыт Туркестана) атты кітабында, - кеңестерде большевиктер болған жоқ, оларда көпшілік орынға меньшевиктер мен эсерлер ие болды. Кеңестер Түркістанда Ресейдің державалық мемлекеттік ыдыратушы рөлін атқаруға мәжбүр болды» [25, 39-б.]. Бұл рольді атқаруды 1917 жылға Ақпан төңкерісінің негізгі қозғаушы күштері жұмысшылар мен шаруалар (дәлірек айтсақ, солдат шинелдерін киген шаруалар бұқарасы) талап етті. 1917 жылдың көктемінде қалыптасқан жағдайда Түркістан өлкесіне қараған Сырдария мен Жетісу облыстарындағы Кеңестер айтылмыш талаптарды орындауға дәрменсіз болды. Осыдан келіп монархия құлағаннан соң «жаңа тәртіпті тез қарқынмен орнатуды талап еткен жұмысшылардың» талаптары мен «офицерлерді тыңдауды қойған» солдаттардың наразылығы бір арнаға тоғысты [26, 91-б.]. Олар Кеңестердің Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің шылауына айналмай, халық мүддесін қорғайтын билік органы болуын талап етті. Алайда Кеңестерге жетекшілік жасаған меньшевиктер мен эсерлер Уақытша үкімет органдарымен ымыраға келуге бейім тұрды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс, жоғарыда айтылғанындай, елдің барлық аймақтарында, оның ішінде Сырдария облысында да, жаппай шаруашылық дағдарысын туғызды, жұмыссыздық пен күнделікті тұтыныс заттарына қымбатшылық күшейді. Нәтижесінде халық қатты күйзеліске ұшырады, ашаршылық қаупі төнді.

Ақпан төңкерісіне дейін Түркістанға империяның басқа аудандарынан жылына 4 млн. пұт астық әкелініп тұрса, енді оның келуі күрт азайды [26, 91-б.]. Сондықтан 1917 жылдың көктеміне қарай Сырдария облысындағы азық-түлік жағдайы қатты шиеленісті. Қала тұрғындарының әрқайсысына тиесілі нан мөлшерінің орташа көлемі 200 граммға жетер-жетпес деңгейде болды, ауыл мен қыстақтардың жағдайы да маз болмады. Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті аштықтың алдын алуға бағытталған нақтылы шараларды жүзеге асыруда дәрменсіздік көрсетті. Ол шұғыл шаралар қолданудың орнына Петроградқа көмек сұраған жеделхаттар жіберумен шектелді. Ол өтініштер түгелге дерлік жауапсыз қалдырылды [26, 91-б.].

1917 жылғы мамыр-маусым айларында Ташкент қаласының бірнеше кәсіпорындары мен Арал теңізіндегі балық кәсіпшіліктерінің жұмысшылары үкіметтен азық-түлік мәселесін шешуді талап еткен ереуілдерге шықты. Арал поселкесінен Уақытша үкіметтің Сырдария облыстық комитетіне жолданған телеграммада айтылмыш елді мекенде бір түйір нан қалмағандығы себепті балық кәсіпорындарында «армияны қамтамасыз етуге арналған жұмыстардың тоқталғандығы» жөнінде айтылды [27, 27-б.]. Осындай жағдайда 1917 жылғы сәуірдің 7-15 күндері аралығында Ташкент қаласында Кеңестердің Түркістан өлкелік съезі өтті. Оған Сырдария облысы Кеңестерінің өкілдері де қатынасты. Съезд делегаттары өздерінің эсерлер мен меньшевиктер басқарған келісімпаз жетекшілерінің әсерімен соғыс, Уақытша үкіметке көзқарас, ұлттық және аграрлық мәселелер жөнінде Уақытша үкіметтің саясатын қолдап, онымен ымыраға келуге бейім екендігін мәлімдеді. Съезд сонымен қатар жұмысшылардың өз қожайындары арасындағы қарама-қарсылықтар мен дау-дамайларды бейбіт жолмен шешу қажеттігін қолдап, ал шаруаларды “Құрылтай жиналысы тиісті заңдар қабылдағанға дейін өз беттерімен жерді басып алудан” бас тартуға шақырды [28].

Сол мезгілде өткен Кеңестердің жекелеген облыстық съездері де осындай шешімдер қабылдады.

Қорыта келгенде, 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісінің жеңісі нәтижесінде патша үкіметінің құлатылуы мен Ресейде Республикалық тәртіптің орнатылуы Қазақстан мен Түркістандағы саяси жағдайды түбірімен өзгертті. Ақпан төңкерісі Қазақстанның басқа аймақтары сияқты оңтүстік өңірінде де үлкен қолдауға ие болды. Бірақ, аймақтың аталған кезеңдегі қоғамдық саяси дамуының өзіндік ерекшеліктері де болды. Аймақтағы казак-орыс әскерлерінің билеуші топтары өзгерістерге қарамастан казак-орыс станицаларындағы билік тізгінін бұрынғысынша өз қолдарында қалдыруға бар күштерін салды. Көпұлтты Сырдария облысының қалалары мен шет елді мекендерінде ұлттық, кәсіби және саяси белгілеріне негізделген саяси топтар мен қозғалыстар пайда болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бурджалов Э.Н. Вторая русская революция. – М.: Наука, 1971. – 463 с.
- 2 Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1916-1924 жж.): Түркістан кезеңі: тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1997. – 227 б.
- 3 Подготовка и проведение Великой Октябрьской социалистической революции в Узбекистане” //Сборник документов. –Ташкент: Фан, 1970.– 560 с.
- 4 Никишов П.П. Из истории краха левых эсеров в Туркестане. - Фрунзе: «Кыргызстан», 1965. – 178 с.
- 5 Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1971 – маусым 1918 жж.): тарих ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1995. – 25 б.
- 6 Нұрмағанбетқызы Ж. Қазақстандағы Уақытша үкіметтің комиссарларының қызметі: тарих ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2000. – 124 б.
- 7 Өзбекұлы С. XVII ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы саяси-құқықтық ой-пікірдің тарихы және қайраткерлері: заң ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 1999. – 52 б.
- 8 Нұрпейіс К. Алаш бам Алашорда. – Алматы, 1995. – 256 б.
- 9 Из истории казахов /сост. Е. Аккошкар – Алматы: Жалын, 1997. - 448 с.
- 10 Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры / құраст. Б. Серікбайұлы, Қошым-Ноғай. – Алматы, 1992. – 184 б.
- 11 Елькеев Б. Из истории идейно-политической борьбы в Казахстане в период установления советской власти: автореф. ... канд. ист. наук. – Ташкент, 1975. – 30 с.
- 12 Смағұлова С. Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы. – Алматы: Арыс, 2009. – 232 б.
- 13 Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы. – Алматы, 2008. – 105, 107 б.
- 14 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор-1760, тізбе-1, іс-25, 36 п.
- 15 Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Казахстане 1917-1918 гг. //Сборник документов. – Алма-Ата: КазГосиздат, 1957. – 425 с.
- 16 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-1, іс-2, 144 п.
- 17 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-1, іс-8, 19 п.
- 18 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-1, іс-8, 26-27 пп.
- 19 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-1, іс-10, 73 п.
- 20 Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очеркі. – Алматы: Казмем баспасы, 1963. – 705 б.
- 21 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты. - Қор-50, тізбе-2, б.-1, іс-10, 63,321 пп.
- 22 Өзбекстан Республикасының ОММ. - Қор- 17, тізбе-4, іс-9599, 114 п.

- 23 Туркестанские ведомости. – 1917, май – 11. – №40.
24 Елеуов Т. Установление и упрочение Большой Советской власти в Казахстане. – Алма-Ата, 1961. – 526 с.
25 Нурпеисов К. Становление Советов в Казахстане (март 1917 г. – июнь 1918 г.). – Алма-Ата: Наука, 1987.– 240 с.
26 Сафаров Г. Колониальная революция: опыт Туркестана //В кн.: Алаш Орда: Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движений в Казахстане периода 1917-1919 гг. - Алматы: Жалын, 1996. – 272 с.
27 Труды Узбекского филиала ИМЛ.
28 Туркестанские ведомости. – 1917, август– 2. – №153.

ӘОЖ 940.2 (574) Т52

ТОҚБОЛАТ С.Т.

Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ
(XX ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІ)**

Аңдатпа. Мақалада 1917 жылдың ақпан революциясынан кейінгі Оңтүстік Қазақстанда қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуал және түркі-мұсылман қоғамдық-саяси ұйымдарының қызметі талдауға алынады. Патшалық Ресейдің қол астындағы Түркістан өлкесінің түркі тілдес мұсылман халықтары қалыптасқан саяси жағдайға байланысты азаттық жолындағы күресін жүргізуде ұйымдарға бірігу жолын таңдағын еді. Түркістан өлкесіндегі жергілікті мұсылман халқының мүддесін тұтастай қорғауды көздеген ұйымдар көптеп құрылып, басқару жөнінде дербестікке жетуді көздеді. Бұл ұйымдардың жетекшілігінде танымал ұлт зиялылары тұрды. Дегенмен көптеген ұйымдардың арасында ортақ біріктіруші идеяның болмауы өлкеде тартысты жағдайлар туғызды. Құрылған қоғамдық-саяси ұйымдардың бағдарламалары, мүшелері және Ресей билігімен қатынасы әрқилы болды.

Түйін сөздер. Түркістан өлкесі, Ақпан революциясы, қоғамдық-саяси ұйымдар, Ресей империясы мұсылмандары.

ТОКБОЛАТ С.Т.

Таразский государственный педагогический университет

**ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ
В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ (ПЕРВАЯ ЧЕТВЕРТЬ XX ВЕКА)**

Аннотация. В статье дается анализ сложившихся социально-политической ситуаций в Туркестанском крае после февральской революций 1917 года. Тюркоязычные мусульмане под властью России в связи сложившихся ситуации начали интегрироваться в политические организации в борьбе за независимость. Созданные в Туркестанском регионе организации стремились защитить интересы местного мусульманского населения и добиться независимости в управлений. В руководстве этих организаций стояли известные представители национальной интеллигенции региона. Однако отсутствие единой объединяющей идеи среди этих организаций привело к возникновению разногласий в принятии меры. Программы, члены и отношения с Российской властью различались среди установленных политических организаций

Ключевые слова. Туркестанский край, Февральская революция, общественно-политические организации, мусульмане Российской империи.

TOKBOLAT S.T.

Taraz State Pedagogical University

**FORMATION OF NATIONAL SOCIAL AND POLITICAL ORGANIZATIONS IN SOUTH
KAZAKHSTAN (FIRST QUARTER OF THE 20TH CENTURY)**

Abstract. The article gives an analysis the socio-political situation in south Kazakhstan after the February revolution of 1917 year. Turkic-speaking Muslims under the rule of Russia in connection with the current situation began to integrate into political organizations in the struggle for independence. The organizations established in the Turkestan region sought to protect the interests of the local Muslim population and achieve independence in the administrations. The leaders of these organizations were well-known representatives of the national intelligentsia of the region. However, the lack of a single unifying idea among these organizations led to disagreements in taking action. Programs, members and relations with the Russian government differed among the established political organizations.

Key words. Turkestan region, February revolution, socio-political organizations, Muslims of Russian Empire.

Kipicne

1917 жылдың көктемі Түркістан өлкесі халқының қоғамдық-саяси өмірінде күрделі өзгерістерді тудырды. Демократиялық процестер жаңа саяси күштердің қалыптасуына зор мүмкіндіктер берді. Бірақ алғашқы кезде Түркістан өлкесіндегі патша өкіметінің ескі басқару аппараты сақталып қалған болатын. Бұрынғы генерал-губернатор Куропаткин саяси өзгерістерге қарамастан өлкені басқаруды жалғастыра берді. Революцияның бастапқы күндері өлкедегі орыс тұрғындарын «тыныштандыру» бағытында әрекеттер жасады. Ол өзінің мұндай әрекетінде жергілікті халықтар көтеріліске шығып кетуі ықтимал деген мәлімдеме таратып, оларды көтерілістен қорғануға даяр тұруға шақырды.

Жергілікті тұрғындардың революциялық көңіл-күйінің ушығуынан қауіптенген Куропаткин Сырдария, Жетісу, Ферғана және Самарқан облыстарындағы әскери губернаторларға 1916 жылғы көтеріліске байланысты жүргізіліп жатқан қылмыстық істерді қарауды тоқтата тұру керектігі жөнінде нұсқау хаттар жөнелтті [1, с.87]. Сонымен бірге ол Уақытша үкіметтің барлық халықтың ұлтына, дініне қарамай тең құқықта болатындығы туралы жарлығының Түркістан өлкесінде жүзеге асырылуына құлық таныта қоймады. Куропаткин жергілікті халық өздерінің отарлаушылармен тең құқықта болса тез арада өлкедегі билікті тартып алады деп қауіптенді [2, с.96].

Ақпан айында болған оқиғалардан кейін Түркістан өлкесіндегі облыстар мен уездерде ескі биліктің басқару аппараттары таратылып, олар қоғамдық қауіпсіздік комитеттерімен алмастырыла бастады. 1917 жылдың 6 наурыз күні Ташкентте өткізілген жиналыста 19 адамнан тұратын қалалық атқару комитеті құрылды. Бірақ оның құрамына жергілікті халық өкілдерінің тартылуы мардымсыз болды. Бұл комитеттің құрамында сол кезде У. Ходжаев, Т. Нарботабеков, З. Сарымсақов бар еді [3].

Жергілікті халық өкілдерін облыстар мен уездердегі де атқару комитеттеріне тарту деңгейі төмен болып қала берді. Әрине, мұндай жағдай жергілікті халықтың белсенді өкілдерін қанағаттандырмайтын. Соған орай өлкелік билік орындарына Перовскіден, Шымкенттен, Әулиеатадан шағымхаттар түсіп жатты. Куропаткин де сол кезде облыстағы әскери губернаторларға қоғамдық ұйымдардың жергілікті билік орындарын құруына қолдау көрсету қажет, онсыз «жаңа құрылысқа» көшу мүмкін еместігін және жергілікті халық өкілдерімен арақатынаста сақ болу қажеттігін ескерткен нұсқау берген болатын. Осы нұсқауға орай жергілікті халық өкілдерін билік орындарын құруға қатыстыруға шектеушіліктер қойыла бастады.

Түркістан өлкесінде атқару комитеттері құрылып жатқан кезде олармен бір мезгілде Ташкентте, Перовскіде, Верныйда және Шымкентте жұмысшы-солдат депутаттары кеңестері де бой көтерген болатын. Түркістан өлкесіндегі жұмысшы-солдат депутаттарының кеңестерінде социал-революционерлер мен меньшевиктер басымдық көрсетті. Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің алғашқы төрағасы болып меньшевик Н.И. Бельков сайланды. Бұл ұйымның 28 наурызындағы мәжілісте 7 сәуірде жұмысшы-солдат депутаттарының өлкелік бірінші съезін шақыру және «Наша газета» атты басылым шығару жөнінде шешім қабылдады [4].

Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің белсенділік танытуымен 30 наурызда қала жұртшылығының жиыны өтіп, онда генерал-губернатор Куропаткинді қызметінен тайдыру, оның көмекшісі Ерофеевті және өлкелік әскери округ штабының бастығы Сиверсті уақытша түрмеге жабу жөнінде шешім қабылданды [5, с. 28]. Сәуір айының бас кезінде Уақытша үкіметтің ұйғарымымен Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Петроградқа шақыртылып алынды [6].

1917 жылдың наурыз айында мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен Петроградтағы мұсылмандық зиялы қауым өкілдерінің жиыны болды. Бұл жиынға фракция мүшелерінен басқа Ә. Бөкейханов, А. Цаликов, М. Дулатов, М. Шоқай, Зәки Уәлиди, М. Боштаев, С. Жантөрин секілді т.б. қайраткерлер қатысты. Мәжілісте жаңа саяси жағдайда мұсылман тұрғындардың жергілікті жерлердегі билікті құру ісіне қатыстыруда олардың белсенділігін арттыру мәселесі талқылана келе, бұл істің жүзеге асуын қадағалау үшін Петроградта Ресей мұсылмандарының орталық бюросын құру қажет деген шешім қабылдады. Мәжілістің ұйғарымымен бұл бюроға өлкедегі мұсылмандардың қоғамдық-саяси ұйымдарының қызметін өзара ұйымдастырып отыру және жақын арада бүкілресейлік мұсылман съезін шақыруды ұйымдастыру міндеті жүктелді. Бұл ұйымның төрағасы болып сайланған А. Цаликов ұйым атынан Ресей мұсылмандарына үндеу жариялап, оларды өз араларында қоғамдық-саяси ұйымдар құрып, өз мүдделерін қорғауға шақырды [7, с.96].

Қалыптасқан жағдайға байланысты ұлттық мүддені қорғайтын ұлттық қоғамдық-саяси ұйым құруда жергілікті халық арасында білікті адамдардың аздығы білінді. Мұны «Бірлік туы» газетінде жарияланған «Ақмешіт уезінде» деген мақаласынан байқауға болады: «Ең алғаш өзгеріс болғанда Ақмешіт қазақтары бұл бір таныс болмаған жаңа бір жол ғой – басшы табайық деп, телеграм үстіне телеграм беріп, Петербордан М. Шоқай, Термезден С. Лапин, Самарқаннан Х. Ибраһимовты, мұғалім Табынбаевты, Қоқаннан С. Ақаевты, Әндіжаннан Қ. Қожықовты, Қармақшыдан мұғалім Ибраһим Қасымовты шақырды. Бұлардан Шоқай, Қасымов Һәм Қожықовтан басқалары уақытында келіп жетті» [8].

Башқұрт зерттеушісі С.М. Исхаковтың зерттеуіне сүйенсек, 28 наурыз күні Перовск уезіндегі қазақтардың жиыны өтіп, құрамына 35 адам кірген Қазақ депутаттарының кеңесі атты ұйым құру жөніндегі шешімге келген еді. Оның құрамына сайланғандардың қатарында С. Лапин мен С. Ақаев болды [7, с.125]. Осы ұйым өзінің алдына уездегі қазақтардың шаруасына бас-көз болуды және уездік деңгейдегі билік орындарына қазақ өкілдерін қосуды басты міндет етіп қойды.

1917 жылдың наурыз айында біршама қазақ облыстарында, Ақмола, Семей, Орал және Жетісуда Қазақ комитеттері деп аталатын қоғамдық-саяси ұйым құрылады. Жетісу облысында бой көтерген Қазақ-қырғыз комитетінің төрағалығына И. Жайнақов сайланды. Комитеттің құрамында Токсанбаев, К. Ордабаев, И. Арабаев, К. Шегіров, Т. Есенғұлов, Ә. Кәкенов, Н. Нұрмұхамедов, К. Абдуллин, М. Солтаев, К. Телтаев, М. Әлімбаев секілді қазақ және қырғыз халықтарының өкілдері аянбай қызмет етті. Сонымен қатар олар облыстық комитеттің бөлімшелерінде жетекшілік етуге тырысты. Мысалы, Верный уездік комитетіне К. Шегіров, Пішпек уездік комитетіне М. Әлімбаев, Жаркент уездік комитетіне Т. Есенғұлов, Пржевальск уездік комитетіне И. Арабаев төрағалық етті [9, 298-б.].

Қазақ комитеттері құрылғанда олар өздерінің алдына мынандай мақсат-міндеттер қойды: «қазақ халқын жаңа құрылыстың негіздерімен таныстыру және оны жүзеге асыру; ел тыныштығын, бүтіндігін сақтау үшін және жалпы, тікелей, тең, әрі жабық дауыс беру бойынша мемлекеттік заңдардың негізін жасау үшін, сондай-ақ басқару формасын айқындау үшін шақырылатын Құрылтай жиналысына сайлауға әзірлеу» [10, 7-б.].

Жетісу облысы аумағында 1917 жылдың наурыз айында З. Тазетдинов жетекшілік ететін «Құрылтай» деп аталатын облыстық мұсылман комитеті де құрылады. Бұл өлкедегі мұсылман тұрғындарын ұлтына қарай бөлмей олардың мүддесін тұтастай қорғауды мақсат етті. Сонымен қатар бұл ұйым мұсылмандар бірлігін кеңінен үгіттеп, олардың бір болып әрекет етуін жақтады. «Құрылтай» ұйымының жұмысына И. Жайнақов, И. Тергеусізов, Қ. Ордабаев секілді облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің мүшелері де атсалысты [10, 9-б.]. Облыстық мұсылмандық комитет те уездерде өзінің бөлімшелерін ашты. Мұны «Қазақ» газетіндегі мына бір мәліметтен байқаймыз: «Үржар. 20 март. Жетісу облысы Үржар алабының мұсылмандары барша туысы бір азаматтарға жаңалық тойы құтты болсын дейді. Алматыдағы мұсылман комитетінің Үржар бөлімі ашылды. Председателі мировой судья Садық Аманжолов болды. Исполнительный комитетке 6 кісі ағза болды» [11].

Осы кезеңде Түркістан өлкесіндегі жергілікті мұсылман халқының мүддесін қорғауды мақсат тұтқан ұйымдар да құрылып үлгірді. Осындай ұйымдардың бірі «Шуро-и-Ислам» болды. Оны түркістандық саяси күштерді барынша біріктіре түсуді, осылайша мұсылмандардың мүддесін қорғауды көздеген ұйым деп бағалаймыз. «Шуро-и-Ислам» ұйымы 1917 жылы 9 наурызда Ташкент қаласындағы мұсылман тұрғындардың мәжілісінде құрылуын жария етті. Аз ғана уақыттың ішінде бұл ұйымның Наманган, Скоблев, Самарқан, Мерв, Пішпек, Шымкент, Әулиеата қалаларында бөлімшелері ашылып үлгірді. Бұл ұйымның мүшелері қатарын зиялы қауым өкілдері, дін басылары, қолөнершілер, шенеуніктер мен кәсіпкерлер толықтырды. Ұйым басындағы белсенділер қысқа мерзімде өз ұйымын әйгілі етуге бар күшін салды. «Улуг Туркестан» басылымының мәліметіне жүгінсек, «Шуро-и-Ислам» құрылған алғашқы күні оның жүзден астам мүшесі болған, оған өлкедегі мұсылман халықтарының барлығының да өкілдері тартылған делінген [12 2-п.].

Т. Нарботабеков, Мұнауар Қари, У. Ходжаев сияқты Түркістан өлкесіне аты шыққан қайраткерлер «Шуро-и-Ислам» ұйымының негізгі тірегіне айналды. Дегенмен осындай қайраткерлердің халық арасында қолдауға ие болғанына қарамастан бұл ұйым партиялық деңгейге көтеріле қоймаған еді. 1917 жылдың 15 наурызында «Шуро-и-Ислам» ұйымының Ташкент қаласында өткен мәжілісінде ұйымның төрағасы болып Абдулвахид қари Абдурауфов сайланды. Араға көп уақыт салмай, ұйымның төрағасы болып У. Ходжаев, оған орынбасарлыққа Мұнауар Қари сайланды. Ұйымның жарғысына сәйкес «Шуро-и-Ислам» ұйымына мүшелер екі түрлі жолмен қабылданды. Оның бірі көпшіліктің дауыс беруі арқылы сайланса, екіншісі жергілікті жерлердің ұсынысы негізінде мүшелікке алынды. Мүшелердің жарналары және демеушілердің көмегі негізінде ұйым өз жұмысын жүргізуге мүмкіндік алды. Сонымен қатар ұйым өзінің қарауындағы ғимараттарды жалға беру арқылы және шығарылған кітаптар мен журналдарды сату арқылы да қаржы тапшылығын шешуге тырысты [13, 7-8-п.].

1917 жылдың сәуір айында ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарды құру ісі үдей түсті. Мысалы, Перовск уезінде сол уақытта үш бірдей ұйым жұмыс жүргізді. Атап көрсетсек, Перовск қалалық ұлттық кеңесі, Перовск уездік қазақ депутаттарының кеңесі және Перовск жұмысшы-солдат депутаттарының кеңесі. Аталған ұйымдардың арасында халық тілегіне сай жұмыс істеуді мақсат еткені Е. Қасымов төрағалық ететін Перовск қалалық ұлттық кеңесі екенін байқауға болады. Бұрын отарлық билік орындарында қызмет атқарған қазақ зиялылары бұл ұйымның жұмысына қарсылығын байқатты. М. Шоқай өз естелігінде қарсылықты ұйымдастырушылардың қатарында Хұсан Ибраһим мен С. Лапин болғанын алға тартады: «кілең уақ хатшы, тілмаштар Ақмешіт қаласы мен оның төңірегінде билік алған орыс жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің

қызметтеріне жабыла кірді. Ал ұлттық комитет орыс жұмысшы-солдат депутаттары кеңесінің көзіне шыққан сүйел еді. Сондықтан олар оны жоюға тырысты. Ұлттық комитет өз елін, өз халқын басқаруға қатысуына құқы бар екенін айтып, қарсыласып бақты. ... Ақмешіттегі уақ тілмаштар Ерәліге қарсы жүргізген арандату әрекеттеріне билік басында жүрген кәсіптестерінен көмек алды. Көмек көрсеткендердің бірі – бұрынғы Самарқан облыстық заң басқармасының жанындағы тілмәш Хұсан Ибраһим, ал екіншісі – бұрынғы Самарқан әскери губернаторы жанында тілмәштық қызмет атқарған, кейінірек ерекше шағым-арыздар жөніндегі өкілі Серәлі Лапин еді» [14, 264-б].

Перовск уезіндегі қазақ депутаттарының кеңесі ұйымы Е. Қасымовты қолдаушылар тарапынан қарсылыққа ұшырады. Соның салдарынан бұл ұйым құрылғанына аз уақыт өтпей жатып, өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болады. Осы ұйымның жетекшісі болған С. Лапин сол тұста Ташкент қаласына кетіп, сонда «Шуро-и-Ислам» ұйымының құрамына кіріп үлгіреді [15, 47-б.].

Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси ұйымдардың алдына қойған мәселелері өлкелік және облыстық деңгейде ұйымдастырылған съездерде де нақтыланды. Мысалы, 1917 жылдың 12-13 сәуірі аралығында 81 делегаттың қатысуымен Верныйда өткен Жетісу облыстық қазақ съезінде қабылданған қаулыны жүзеге асыруды қадағалау облыстық Қазақ-қырғыз комитетіне жүктелді. Бұл съезге Жетісу облыстық «Құрылтай» атты мұсылман комитетінің төрағасы да қатысты. Мұның өзі «Құрылтай» ұйымы да съезде қабылданған қаулыларды өзінің қызметі барысында басшылыққа алуды көздегенін білдіреді.

И. Жайнақовтың төрағалық етуімен өткен бұл съездің күн тәртібіне Ресейдің болашақтағы мемлекеттік құрылысы, дін ісі, азық-түлік мәселесі, жергілікті басқару, сот, білім беру ісі, соғысқа көзқарас, Уақытша үкіметке көзқарас, жергілікті және өлкелік өкіметке көзқарас, қазақ-қырғыз босқындарына көмек ұйымдастыру секілді мәселелер қойылған болатын. Съез делегаттары бұл мәселелерді терең талқылай отырып, жеңіске дейін соғысты тоқтатпау қажеттігін, Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсету, қазақ-қырғыздардың діни басқармасын құру, облысты шеттен қоныс аударушылар үшін жабық деп жариялау, жергілікті басқарудың барлық деңгейлерінде екі комиссардан тағайындау, Шығыс Түркістанға ауып кеткен қазақ-қырғыз босқындарына көмек ұйымдастыру және осының бәрін Уақытша үкіметтің Түркістан комитетіне жүктеу туралы шешім қабылдады. [16, 97-99-б.].

1917 жылдың 16-21 сәуір аралығында Ташкент қаласында «Шуро-и-Ислам» ұйымының бастамасымен Түркістан өлкесі мұсылмандарының бірінші съезі болып өтті. Съезге өлкенің аймақтарынан 150 делегат қатысты. Съездің төрағасы құрамына сайланғандардың қатарында М. Шоқай, Т. Нарботабеков, И. Шагиахмедов, С. Ақаев, Мұнауар Қари, У. Ходжаев, С. Лапин секілді қайраткерлер болды. Уақытша үкіметке көзқарас, Ресейдің болашақ мемлекеттік пішімі, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына әзірлік, Түркістандағы діни басқарма, оқу ісі, азық-түлік мәселесі, соғысқа көзқарас, «Шуро-и-Ислам» ұйымы мен атқару комитеттерінің арақатынасы, жер-су жағдайын реттеу секілді т.б. мәселелер съездің басты мәселесіне айналды. Съезге қатысушылар азық-түлік комитеттерін тездетіп құру, мектептер мен медреселерде стипендиялар тағайындау, ұлттық тілдегі оқу құралдарын кеңінен шығару сияқты қаулыларды қабылдады. Сондай-ақ өлке мұсылмандарының белсенділігін арттыру және олардың қоғамдық-саяси ұйымдарының іс-әрекетін үйлестіру мақсатында Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі атты ұйым құру жөнінде шешім қабылдады. Бұл қоғамдық-саяси ұйымның құрамына сайланғандардың қатарында М. Шоқай, Зәки Уәлиди, Мұнауар Қари, М. Бехбудий, У. Ходжаев, Т. Нарботабеков және т.б. болды [17].

1917 жылдың 10 шілдесінде Ташкент қаласындағы «Біглер бегі» мешітінің ауласында 25 мыңнан астам мұсылмандардың атысуымен өткен жиналыста «Шуро-и-улема» ұйымы құрылды. Ұйымға С. Лапин жетекшілік жасады. Ұйым мүшелерінің қатарында мұсылмандық мектеп-медреселердің ұстаздары және молдалар, ишандар басым болды. Мұның өзі ұйымның «Шуро-и-улема» немесе ғұламалар кеңесі деп аталуына алып келді [15, 48-б.]. «Шуро-и-улема» ұйымының жарғысында өз саяси ұстанымын жүзеге асыру мақсатында ұлттық-діни ой-пікірлерді мерзімді баспасөз арқылы насихаттауды алға қойды. Жарғыға сәйкес ұйым мүшелері қарапайым, тұрақты, құрметті мүшелер деп үшке бөлінді [13, 9-п.]. Жергілікті зиялы қауым өкілдерінің басым бөлігі «Шуро-и-улема» ұйымының бой көтеріп, қоғамдық өмірге бесенуін Уақытша үкімет жағдайында аймақтағы түркі-мұсылман халықтарының талап-тілектерін жүзеге асыруда кедергі келтіреді, осы мақсат жолында ұлттық саяси күштердің бірлесе әрекет етуге деген талпынысының тежелуіне соқтырады деп есептеді.

Түркістан өлкесінде ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдардың құрылуы бұдан кейінгі кезеңде де өз жалғасын тапқан еді. Сондай қоғамдық-саяси ұйымдардың бірі 1917 жылдың тамызында аралығында Сырдария, Жетісу және Ферғана облыстарынан 82 делегаттың қатысуымен өткен қазақ-қырғыздардың жалпы жиналысында Түркістан өлкесі қазақ қырғыздарының орталық кеңесі құрылады. Жаңадан құрылған осы ұйымға өлкедегі қазақтар мен қырғыздардың мүдесін қорғау міндеті жүктелді. Бұл съезде кеңестің құрамы анықталып, оның қатарына Ә. Көтібаров, С. Қожанов, Т. Рысқұлов секілді қайраткерлер кірді. Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыздардың жиналысында Орталық кеңес хатшылығына Т. Рысқұлов сайланды

[18]. Ұйымның мүшелері қатарында Қ. Сармолдаев, Т. Тоқбаев секілді жастар да бар еді. Кейіннен ұйымның қатарына әулиеаталық К. Қошмамбетов, С. Абыланов секілді жастар қосылды [19, 3-б.].

1917 жылы 14 шілде күні Ташкентте құрылған «Тұран» ұйымы Түркістан өлкесіндегі түркі-мұсылман халықтарының мүддесін тапқа, ұлтқа қарай бөлмей қорғау қажеттігін қолдады. Әзірбайжан Мухаммад Амин Афандизаде бастаған бұл ұйым қатарына С. Мақмұдқожа, А. Авлоний, А. Аминзаде, М. Пошходжаев секілді т.б. қайраткерлер қосылды. «Тұран» ұйымы Түркістанның жергілікті халқын Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлауға даярлау, түркі-мұсылман халықтарының бірлігін насихаттау және оларды өзін-өзі билеуге баулу секілді міндеттерді жүзеге асыруды көздеді [20].

Түркістан өлкесінде таптық жіктелістік негізде құрылған ұйымдар да бой көрсетпей қалмады. Мәселен, Ташкент қаласында сол тұста өзіндік жарғысы мен бағдарламасы бар «Еңбекші мұсылмандардың одағы» атты ұйым бой көтерді. Бұл ұйымның мүшелері қатарында С. Аспандияров, Муфти-заде, М. Ходжаев, С. Арифходжаев, М. Арипов, А. Оразаев, М. Шомансуров, С. Тоқтабеков, М. Әлімқұлов секілді қайраткерлер болды [21, с. 34] Мұсылман еңбекшілерінің мүддесін көздеген бұл қоғамдық-саяси ұйым өзінің іс-әрекетін жергілікті жұмысшы-солдат депутаттары кеңесімен үйлестіре жүргізуді құптады.

Ойымызды түйіндесек, Ақпан революциясынан кейінгі қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдай Түркістан өлкесінде түрлі бағыттарды негіздеген ұлттық ұйымдардың құрылуына себеп болды. Бұл қоғамдық-саяси ұйымдар өздерінің ұстанымдарындағы ерекшеліктеріне қарамастан жергілікті халықтың мүддесін қорғауды басты міндет етіп қойды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Манжара Д.И. Воспоминания. Революционное движение в Средней Азии. 1905-1920 гг. Ташкент, Средазпартиздат, 1934. – 148 с.
- 2 Кастельская З.Д. Из истории Туркестанского края. –М.: Наука, 1980. – 119 с.
- 3 Ташкентский исполнительный комитет // Туркестанские ведомости. – 1917. – 19 марта.
- 4 Заседания Совета солдатских депутатов // Наша газета. – 1917. – 2 апреля.
- 5 Хроника событий Великой Октябрьской социалистической революции в Узбекистане (ноябрь 1917 г. – июнь 1918 г.). – Ташкент.: Фан, 1962. – 285 с.
- 6 Туркестанская общественность 30 марта // Туркестанский курьер. – 1917. – 9 апреля.
- 7 Исхаков С.М. Российские мусульмане и революция (весна 1917 г. – лето 1918 г.). – М.: Институт Российской истории РАН, 2003. – 470 с.
- 8 Ақмешіт уезі // Бірлік туы. – 1917. – 29 август.
- 9 Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы. – Алматы: «Ценные бумаги», 2007. – 357 б.
- 10 Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері. – Алматы: «Санат», 1995. – 32 б.
- 11 Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1917. – 1 апрель.
- 12 ӨРОММ И-461-қ., 1-т., 1968-іс.
- 13 РМӨСТМ. 71-қ., 34-т., 1475-іс.
- 14 Шоқай М. Тандамалы. – Алматы: Қайнар, 1999. – Т. 2. – 1999. – 529 б.
- 15 Рүстемов С. «Шурои-улема» ұйымының құрылуы мен қызметі // Қазақ тарихы. – 2004. – №6. – 47-53 б.
- 16 Нұрпейісов К. Алаш ғәм Алашорда.–Алматы: «Ататек», 1995. – 256 б.
- 17 Умумий Туркестан уәлаяты мөселманлар съезди // Улуг Туркестан. – 1917. – 25 апрель.
- 18 Общество «Илятия» // Знамя свободы. – 1917. – 21 июнь.
- 19 Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. – Ташкент: Узгосиздат, 1925. – Ч.І. 1917 - 1918. – 218 с.
- 20 «Туран» жамияти // Улуг Туркестан. – 1917. – 30 июль.
- 21 Абдуллаев Р.М., Агзамходжаев С.С., Алимов И.А. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. – Ташкент: «Шарк», 2000. – 672 с.

Е.М.Торайгыров
ПГУ им. С.Торайгырова

ЗЕМЕЛЬНЫЙ ВОПРОС В ПРИИРТЫШЬЕ ВО 2-Й ПОЛОВИНЕ XIX - НАЧАЛЕ XX ВВ.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы земельного обеспечения казахского населения в районе Прииртышья в связи с устройством Сибирского казачьего войска. Нами определено, что первая проблема была вызвана колониальной политикой царизма в регионе, а именно запретом кочевать на территории Прииртышья, внедрением различных налоговых сборов и попыткой ограничивать торговые связи. Вторая проблема землепользования в районе Прииртышья была связана с отсутствием четких границ земель Сибирского войска. На архивных материалах показаны меры царских властей для решения земельного вопроса и отношение к ним казахского населения.

Ключевые слова. Прииртышье, землеустройство, сибирское казачество, землепользование, иртышская полоса, казахское население.

ЕРТІС ӨНІРІНДЕГІ ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНЫҢ - ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Сібір казактар әскерінің Ертiс өңірінде орналасуына байланысты қазақтарды жермен қамтамасыз ету мәселелері қаралады. Біріншіден, аймақтағы патша үкіметінің орташылық саясаты, Ертiс өңірінде көшпенділікке тиым салу, салынатын салықтардың үлесын ұлғайту, сауда-саттық байланысын тежеу. Екінші мәселе, Сібір казактарының орналасу шекаралары нақты анықталмағаны. Мұрағат материалдарының көрсетуі бойынша патша үкіметінің жер мәселесін шешу жағдайы және казактардың оған деген көзқарастары туралы айтылады.

Түйін сөздер. ертiс Өңірі, жерге орналастыру, Сібір казактар, жер пайдалануға, ертiс алабы, казак халқы.

THE QUESTION OF IRTYSH LAND IN THE 2ND HALF OF XIX – BEGINNING XX CENTURIES

Abstract. This article discusses the questions of land security of the Kazakh population in the area of Priirtyshye. We have determined that the first problem was caused by the colonial policy of tsarism in the region, namely the prohibition to roam in the territory of Priirtyshje, the introduction of various taxes and an attempt to limit trade links. The second problem is using the area of Priirtyshja, which was connected with the absence borders of lands the Siberian army. On archival materials was showed the actions of the Imperial authorities for the solution the question of land and the relation to them of the Kazakh population.

Key words. Priirtyshye, land management, Siberian Cossacks, land use, irtyshskaya band, Kazakh population.

Введение

Вопрос землеустройства и обеспечения казачьего войска во 2-й половине XIX - начале XX веков был напрямую связан с судьбой казахских аулов, располагавшихся на территории Прииртышья (правобережная сторона, десятиверстная полоса и прилегающие к ним районы).

До 1800 года казахам строго запрещалось появляться на Иртышской десятиверстной полосе и не дозволялось возводить здесь каких-либо построек, даже на одну зиму. В 1858 году генерал-губернатором Западной Сибири Г.Гасфордом, в 1862 году А.Дюгамелем и в 1867 году Хрущевым были утверждены постановления Совета Главного Управления Западной Сибири о том, чтобы в районе войска и десятиверстной полосы казахи «не заводили новых стойбищ и пашен» и «не производили капитальных улучшений существующих зимовок, чтобы удаление киргиз (казахов - Е.Т.) с 10-ти верстной полосы произошло впоследствии беспрепятственно» [1, с.12-13].

Это постановление имеет большое значение, поэтому необходимо более подробно его рассмотреть. Для выяснения и последующего решения территориальных споров между казахами и казаками, Западно-Сибирский генерал-губернатор А.И.Дюгамель (1861-1866 гг.) отправляет в марте 1864 года запрос всем военным губернаторам о количестве казахов, имеющих хозяйственные и прочие строения, связанные с земледелием или скотоводством. По данным собранным чиновниками видно, что десятиверстной полосой пользовались казахи шести округов - Семипалатинского, Кокпектинского, Сергиопольского, Кокчетавского округа (Кулансукойлинская и Бабасан-Багышевская волости), Акмолинского и Баян-Аульского округов. Общее количество семей 821 (примерно 4105 человек). Постоянных домов - 217, не считая деревянных,

дерновых домов и землянок. Казахи Семипалатинского, Кокпектинского, Сергиопольского округов проживали на десятиверстной полосе постоянно и занимались земледелием. Казахи Кулансукойлинской и Бабасан-Багышевской волостей Кокчетавского округа, обитавшие в четвертом округе, занимались скотоводством, земледелие практически не развито. Казахи Кокчетавского, Акмолинского и Баян-Аульского округов использовали десятиверстную полосу только в качестве зимних пастбищ.

В отношении таких казахских хозяйств было принято решение оставить их в пределах десятиверстной полосы при соблюдении ими следующих правил: 1) выплачивать все положенные сборы, а именно - при перегоне скота через Иртыш и пастьбу платить ремонтную пошлину; при ведении хлебопашества - 30 коп. за десятину; 2) не выходить за пределы уже занятых участков, не расширять хозяйство и не возводить новых строений [2, л.33, 35, 36].

Отдельно можно представить сведения об имеющихся строениях казахов в районе Семипалатинска, так как здесь эта проблема была связана с вопросом контрабандной торговли. Необходимо отметить, что уже к концу XIX века Семипалатинск превратился в один из самых крупных центров внутренней и внешней торговли, куда стекались купцы не только из России, Средней Азии и Казахстана, но и из городов Западного Китая, Монголии и других стран. Он занимал одно из первых мест по торговым оборотам среди казахстанских городов.

По мнению генерал-губернатора Западной Сибири П.Д. Горчакова (1836-1851 гг.), казахи будут способствовать нелегальной торговле с Китаем. Единственный способ устранить этот негативный элемент - это недопустить оседания казахов напротив Семипалатинска. По сведениям за 1854 год наибольшее количество домов находится около Семипалатинска. По нашим подсчетам, общее количество домов в прилинейной зоне достигает 207 домов плюс 30 домов, расположенных напротив Усть-Каменогорска. Количество жителей, в них проживающих, неизвестно. Если предположить, что казахская семья состояла минимум из пяти человек, то получается около 1185 человек. 27 октября 1854 года, благодаря деятельности П.Д.Горчакова, было решено запретить казахам возводить новые строения около Семипалатинска. При этом можно было «кочевать своими юртами на десятиверстном пространстве от Семипалатинска до Иртыша, не позволяя им только близко подходить к таможенной черте, окружающей заречную слободку» [3, л.77, 82]. По мнению властей, такая мера привела бы к окончательному разрушению слободки, играющей роль менового двора. Спустя 9 лет казахские родоправители левобережной части Иртыша просят пограничные власти «в заречной слободке учредить базар для снабжения их необходимыми съестными припасами, фуражом для лошадей и прочими потребностями» [3, л.170-173]. Основная причина такой просьбы заключалась в «сближение их с русскими, упрочение заграничной торговли в Семипалатинске и развитие между киргизами (казахами - Е.Т.) ремесленного производства и звериных промыслов, что имело благоприятное влияние на домашний быт ихних родичей, т.к. сбыт продуктов ремёсел и их промыслов был совершенно свободен» [3, л.173]. Как видно, некоторая часть казахов была заинтересована в добрососедских отношениях с русским населением, несмотря на то, что за казахами закрепился имидж народа, занимающегося только «воровскими перелазами» [4, с.31].

Вторая проблема землепользования в районе Прииртышья была связана с отсутствием четких границ земель Сибирского войска. Первые работы под руководством топографа Кокоулина в 1839 году проводились в спешном порядке (в течение 2,5 мес. офицер прошел 1616 верст), с нарушением требований межевых законов, а самое главное - отсутствовала законодательная основа данных мероприятий. Многочисленные земельные конфликты казаков и казахов, возникших еще в начале XIX века, не были устранены, более того, сюда добавились территориальные споры между войсковой администрацией и гражданскими ведомствами [5, с.118-119].

В 1854 году начался фактический отвод 30-ти десятинных наделов для казаков и офицеров как на «линиях», так и в степных станицах согласно положения 1846 года. Этот отвод шел с правого фланга войска, т.е. с Пресногорьковской линии, и, подвигаясь сначала до г. Омска, перешел на Иртыш. В наделы включались прежде всего те земли, которыми казаки владели при 6-ти десятинном наделе. Такое положение по большей части относилось к территории между линией Пресногорьковской и Омском. По Иртышу же во многих местах, особенно в районе станиц Железинской, Песчанской и Коряковской Павлодарского уезда за казаками сохранены не только те земли, которыми они фактически пользовались с самого заселения линии по левую сторону Иртыша, но и еще прирезаны по ту же сторону луга, ссылаясь на то, что по правую сторону вблизи казачьих поселений не оказалось удобных земель, достаточных для доведения юртовых наделов (надел для рядового казака – Е.Т.) до 30-ти десятинной нормы. В 1857, 1859 и 1865 годах Проекты таких наделов были утверждены и казаки вступили в их пользование. Часть земель, расположенных на внутренней стороне около казачьих поселений и на правобережье Иртыша не поступила в личные наделы казаков, а перешла в войсковой запас. Десятиверстная полоса, за выделом из нее части в юртовые наделы казаков, поступила «во временное пользование казаков и для извлечения доходов войском» [1, с.10-11].

О том, насколько такие отводы земельных наделов казакам соответствовали «положению», можно судить по записке Войскового Хозяйственного правления о землеустройстве и экономическом положении Сибирского казачества в период с 1862 по 1863 годы [6, л.3 об.]. Согласно этим данным при норме в 30 десятин в Омском уезде выделяется 46,3, что превышает норму на 16,3 десятины. В Павлодарском и Семипалатинском уездах выделяются 40,7 и 44,5 десятины соответственно, что превышает норму на 10,7 и 14,5 десятины. В Усть-Каменогорском уезде этот показатель близок к норме, где превышение составляет всего на 2,1 десятину. Это связано с тем, что численность казаков в данном уезде больше, чем, например, в Павлодарском уезде, если учесть что количество выделяемых земель в обоих уездах примерно одинаково. Таким образом, количество выделяемых десятин напрямую зависит от количества казаков, например, в Каркаралинском уезде на одного казака приходится 79 десятин при штате казаков в 280 человек.

Превышение нормы выделяемых наделов указывает на одну из причин расширения территории десятиверстной полосы. Кроме того, на погрешности при проведении границы влияли следующие обстоятельства: незначительные объемы финансирования, отсутствие квалифицированных землемеров, растянутость работ на тысячи верст; пассивное, даже враждебное отношение казачьего населения к проведению войскового межевания.

В 1866 году, с приходом нового начальника межевой партии капитана Крутикова, результаты значительной части землеустройства были поставлены под сомнение, а с 1867 года прекращено формальное межевание и начата пересъемка отдельных участков. К 1869 году выяснилось, что в 3-м, 4-м, 6-м и частью 5-м полковых округах юртовые наделы в большинстве случаев были выделены неправильно. По мнению войсковой администрации, это произошло «вследствие... неправильного снятия земель на план, и как казаки при формальном обмежевании изъявляли неудовольствие, то бывшие землемеры позволяли себе делать произвольные добавления земель в наделы казаков из прилегающих войсковых запасов...» [5, с.120].

В 1870 году по ходатайству войсковой администрации штат межевой партии увеличился до 23 человек (число землемеров - до 8-и), срок их деятельности был продлен до 1875 года. Начавшемуся в 1870-х годах перемежеванию войсковых земель способствовало принятие в 1877 году ключевых для аграрной истории Сибирского казачества положений - «Правил для размежевания земельных станичных наделов в Сибирском войске» и «Об обеспечении офицеров и чиновников Сибирского войска». Целью первого из них было новое уравнительное наделение земель казачьих обществ с учетом качества земель и условий сбыта сельских продуктов. На этих принципах должна была осуществляться и задача второго положения - выделение участков потомственной собственности, предназначенных для материального обеспечения части войсковых офицеров вне службы вместо денежных пенсий. Согласно положения «Об обеспечении офицеров и чиновников Сибирского войска» земли выделялись следующим категориям [7]:

- а) генералам, штаб и обер-офицерам, независимо от того, находятся ли они на действительной службе или нет;
- б) отставным генералам, штаб и обер-офицерам и классным чиновникам, а также классным чиновникам, не занимающим штатных должностей по внутреннему управлению войска;
- в) офицерам и чиновникам, состоящим на службе в регулярных войсках, но не служащие в войсковых учреждениях;
- г) семействам генералов, штаб и обер-офицеров и классных чиновников, умерших до выхода данного положения.

Землеустройство к началу 80-х годов XIX века осложнилось новыми трудностями. Некоторые офицеры злоупотребляли своим правом 10-летнего срока подачи заявлений о наделении землей, правом выбора местности и по несколько раз меняли свое решение, что заставляло проводить проектные работы заново [5, с.121].

Ситуация несколько улучшилась с начала 90-х годов XIX века, когда в Сибирском войске, по примеру ряда других казачьих войск, межевая партия была преобразована в Межевое отделение Войскового хозяйственного правления. В это время все силы и средства Межевого отделения были направлены на завершение проектного (первоначального) межевания, юридически позволявшего поселковым обществам и офицерам пользоваться своими землями. Формальное межевание, окончательно устанавливавшее границы наделов на местности с соблюдением всех юридических норм, на некоторое время приостанавливалось. К концу 90-х годов XIX века проектное межевание юртовых и офицерских потомственных наделов в целом завершилось: из состава войсковых земель (около 5 млн. десятин) в их состав было выделено около 29000 и 60000 десятин соответственно. Их формальное межевание не было закончено и к 1917 году (в начале 1916 года эти работы были проведены на землях 109 поселков из 171 и на участках 392 офицерских семейств из 524) [5, с.121].

В 1896 году при распределении земель в Сибирском казачьем войске оказалось, что после обеспечения станиц и офицеров в войске остается земли около 1553000 десятин, из них около 900000 десятин

в десятиверстной полосе. Способы использования таких излишков вызвали разногласия у чиновников. Например, генерал от артиллерии барон Таубе считал, что эти земли могли бы быть возвращены в распоряжение Министерства Земледелия и Государственных Имуществ для образования из них переселенческих участков. Такая точка зрения не нашла поддержки у императора: «не могу с этим согласиться: земли войсковые должны навсегда оставаться войсковыми» [8, л.79, об.]. Такое же мнение высказывала и местная администрация: «Без казаков никак обойтись невозможно, как оные употребляются в такие службы, в каковые никакие чины способны быть не могут» [9, с.120]. Затем Степной генерал-губернатор в своем отчете за 1899 год заявил, что в случае передачи в собственность Сибирского казачьего войска земель десятиверстной полосы останутся неустроенными до 30000 казахов, обитающих в пределах этой полосы. Интересно, что напротив этого места в отчете генерал-губернатора последовала императорская резолюция: «их надо устроить». Трудно выявить, какими мотивами при этом руководствовался император, однако после такой поправки Военное министерство сильно озабочилось разработкой вопроса относительно закрепления прав казачьего войска на десятиверстную полосу. 5 марта 1904 года Военный Министр внес в Государственный Совет свои предположения по этой проблеме. Вопрос о десятиверстной полосе предлагалось разрешить на следующих основаниях [8, л.79, 79 об.]:

- 1) земли десятиверстной полосы включить в состав войсковых земель;
- 2) поселившимся в пределах десятиверстной полосы казахам, разрешить добровольно вступать в казачье сословие Сибирского войска;
- 3) казахам, не желающим вступить в казачье сословие, отвести под зимовые стойбища соответствующую земельную площадь из свободных пространств степных областей.

Таким образом, перед казахами ставилось на выбор два пути - зачисляться в казачье сословие либо переселяться в степные районы. Первая мера оказалась не эффективной, поскольку казахи не пожелали вступить в ряды казаков.

Реализация второй меры также не дала результатов из-за противодействия Семипалатинских властей, которые заявили об отсутствии пустующих участков в Прииртышье. В тоже время, по данным экспедиции Ф.Щербины, «Павлодарский уезд обладает более чем четырьмя миллионами свободной земли» [10, л.2 об.]. Несмотря на это, Семипалатинское областное правление выводы экспедиции признало нереальными, и «таковые заключения статистической партии не согласуются с действительным положением дела, ибо свободных удобных земель ни в Павлодарском, ни в Семипалатинском уездах нет» [10, л.2 об.-3].

Причин для недопущения казахов было много, и в их основе лежало несколько аргументов. Во-первых, Министерство Внутренних дел заявило, что эти земли потребуются для устройства безземельных казахов Семипалатинской области, так называемых жатаков, из которых местное начальство предполагало образовать оседлые поселки. Во-вторых, кочевья в Степных областях с незапамятных времен были распределены между казахскими родами. В силу такого устройства, нарушение обычаев распоряжением правительства могло бы вызвать нежелательные волнения во всем казахском народе. В виду таких обстоятельств, власти затруднялись вынести окончательное заключение по вопросу об устройстве казахов, проживающих в пределах десятиверстной полосы [8, л.81]. 31 мая 1904 года согласно постановления Государственного совета десятиверстная полоса была присоединена к составу земель Сибирского казачьего войска. Казахам, обитавшим на полосе было разрешено пользоваться землями (на правах аренды) до окончательного решения вопроса об их устройстве. В итоге, данная проблема так и не разрешилась и в таком отложенном состоянии дошла до революционных событий 1917 года.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1. Катанаев Г.Е. Киргизский вопрос в Сибирском казачьем войске. - Омск, 1904. - 202 с.
2. Дело о киргизских стойбищах в районе 10-вёрстной полосы // ГАОО. Ф. 3; оп. 4, д. 52819. - Л.19-42.
3. Дело о возведение киргизами жилых строений в районе 10-вёрстной полосы // ГАОО. Ф. 3; оп. 2, д. 3268. - Л.7-173.
4. Катанаев Г.Е. Краткий исторический обзор службы сибирского казачьего войска с 1582 по 1908. - СПб., 1908. - 67 с.
5. Андреев С.М. Землеустройство в Сибирском казачьем войске (1851-1917 гг.) // Сибирская деревня: история, современное состояние, перспективы развития. Материалы Сибирской научной конференции. 27-28 февраля 1996 г. - Омск, 1996. - С. 118-122.
6. Записка Войскового хозяйственного правления о землеустройстве и экономическом положении сибирского казачества (1862 - 1863 гг.) // ГАОО. Ф. 366; оп. 1, д. 264. - Л.3-30.
7. 7 мая 1877 года. Распоряжение Военного министерства. «Об обеспечении генералов, штаб и обер-офицеров, и класных чиновников Сибирского казачьего войска» // Сборник правительственных распоряжений по казачьим войскам. За 1877 год. - СПб.: Главное управление иррегулярных войск, 1877. - Т.ХIII. - Ч.1. - № 76. - 557 с.
8. О предоставлении в собственность Сибирского казачьего войска земель десятиверстной полосы // ЦГА РК. Ф. 471; оп. 1, д. 23. - Л.32-148.
9. Ивонин А.Р. Численность и состав городских казаков Западной Сибири XVIII - первой четверти XIX вв. // Демографическое развитие Сибири периода феодализма. - Новосибирск, 1991. - С. 107-123.
10. К истории Служилого казачества. О земельных делах казаков и киргиз // ГАОО. Ф. 366; оп. 1, д. 322. - Л.1-55.

Төленова З.М.

Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

АЛАШ ТАРИХЫ - ТҰЛҒАЛАР ТАҒДЫРЫНДА: ЖЕТІСУЛЫҚ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ ЫБЫРАЙЫМ ЖАЙНАҚОВТЫҢ ТАРИХИ КЕЛБЕТІ

XX ғасырдағы ұлт тарихына және қоғамдық ағымда бой көрсеткен қайраткерлер мен тұлғалар болмысына тереңірек бойлау үшін сол тұстағы тарихи аренада басымдылыққа ие болған Ресей империясындағы ұлттық-либералдық демократиялық қозғалыстар аясында қарастырамыз. Өйткені ғасыр басындағы өріс алған барлық қоғамдық-саяси қозғалыстардың орталығы мен бастауында тұрған Ресей өзіндік конституциялық жолды тандап, экономикалық жаңғыртулар арқылы еуропалық ізге түсе бастағаны анық. Сондықтан империялық бодандықта болғандықтан ұлт қайраткерлері, оқымыстылары мен зиялылары ресейлік жаңа реформаторлық буынның бір тармағы есебінде қалыптасып, бой көтерді.

Жалпы ұлт тарихының ең айшықты тұстарының бірі, тарихи-саяси және айрықша құбылыс – Алаш қозғалысы.

XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың сайын далада жаңа бағытта қалыптасуына барынша ықпал еткен Алаш қайраткерлері болды. Ал олар туралы сөз басын «ұлт көсемі» атанған Әлихан Бөкейханов және «ұлт ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсыновсыз бастау мүмкін емес. Алаштықтардың көсемі танылған Әлихан Бөкейханов терең еуропалық білім мен тәрбие алған, еуразиялық деңгейдегі энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері еді. Ең бастысы, Ә. Бөкейханов қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалысын еуропалық демократиялық конституциялық парламентік күрес жолына салды. Ол оның идеясын толықтырған Ахмет Байтұрсынов ұлт-азаттық қозғалысқа шынайы гуманистік, ұлттық сипат қосты. Қазақ сахарасына біртіндеп тереңдеп ене бастаған саяси қозғалыстағы еуропалық күрес бағытына ұлттық рух пен сарын, ұлттық мүдде тұрғысынан қарауды көздеді. Академик М. Қозыбаев: «Сондай XX ғасыр даналарының бірі - Ахмет Байтұрсынов. Ол күрескен кесапаттар - надандық, қараңғылық, ұйқышылдық, адами хайуандық, отаршылдық ұлттың, азуы мен тозуын оның бұратаналық болмысы, жараланған жан жарасын құлшылдық санасын таланған жері, қансыраған тілі, шоқындыру саясатынан жансыздана бастаған діні, орыстандырыла бастаған ділі. Бір сөзбен айтқанда: Қазақ халқының болашақта болуы, болмауы альтернативасы.

Ахаң тағдыры - ел тағдыры» [1, 23-б.], – деп бағамдауынан тұлғаның жинақталған бейнесін ғана емес, ұстанған өмірлік-саяси ұстанымында танимыз.

Ұлт болашағы жолындағы қызметі мен мақсатының басты ұранын өзінің мына өлең жолдарына сыйғызған Ахмет Байтұрсынов:

Мен бұқтым, жаттым,

Сен бұқтың, жаттың,

Кім істейді, қызмет?! - деп ұлттық мүдде жолында күрескер іздей отырып, «Ұл туып, ұлы жолда қызмет етсе, онан зор ұлтқа бар ма ырыс», - деген тастаған үндеуіне жауап бергендер де сол Алаш қайраткерлері еді.

Өткен ғасырдың соңында алаштану ғылымына тыңнан сүре салған танымал ғалым Кеңес Нұрпейісұлы өз еңбегінде: «Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сияқты қазақтың либералды-демократиялық интеллигенциясының көсемдері басқарған Алаш партиясының құрамына әуел бастан-ақ қазақтың ғылыми және шығармашылық зиялыларының белгілі өкілдері – М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, Ғ. Қарашев, С. Торайғыров, Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, Жаһанша Досмұхамедов, М. Дулатов, т.б. кірді.

Олардың басым көпшілігі 1917 жылдың жазында қалыптасқан жағдайда социалистік идеологияны, таптық принциптерге негізделген күрес бағдарламасын қабылдаған жоқ, өйткені Алаш партиясы қайраткерлерінің пікірінше сол кездегі қазақ қоғамы тұтас алғанда оған дайын емес мүддеге негізделген «қазақ халқын отарлық езгіден құтқару үшін» деген ұранның астында топтастыруға бағыт алды. Бұл бағытты жүзеге асырудың басты құралы – бірінші жалпықазақтық съезде дүниеге келген Алаш партиясы болу керек деп түсінді» [2], - деп Алаш қайраткерлерінің, қозғалысының басты мақсаты мен мүддесін ашып көрсетеді.

Ортақ мүдде жолында күреске шыққан ұлт қайраткерлері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М. Дулатов, С. Торайғыров, Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, Жаһанша Досмұхамедов, Т. Шонанов, М. Шоқай, И. Тергеусіз, Б. Сүлеев, Н. Төреқұлов, т.б. ұлттық саяси элита өкілдері мен қарапайым халық арасынан суырылып шыққан көзі ашық, көкірегі ояу жандар жаңа өрлеу жолына түскен ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беру мақсатында газет-журнал шығару, азаттыққа үндеген кітаптарды шығарып тарату, Мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман, түрікшілдік қозғалыстарына атсалысу сияқты саяси күрес әдістерін игеріп, тәуелсіздік идеясын халық санасына сіңіре бастайды. Оған дәлел 1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 жылдан жарық көріп, жалпыұлттық басылым дәрежесіне көтерілген

«Қазақ» газеті, 1917-1918 жылдары жарық көрген «Бірлік туы», «Сарыарқа» секілді мерзімді қазақ басылымдары ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет ете отырып, Алаш партиясы маңына топтастыра түсті. Ойымызды академик К. Нұрпейісұлының пайымдауымен тұжырымдар болсақ: «Қазақ интеллигенттерінің алғашқы тобының басым көпшілігі әмбебап мамандар болды: олар ғылыми жұмыстармен де, оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару қарекетімен де, көркем творчествомен де қатар айналысты. Басқа сөзбен айтқанда, олар сол кездегі қазақ қауымының рухани сұраныстарына мүмкіндіктерінше толық жауап беруге ат салысты. Басқа сөзбен айтқанда, олар сол кездегі қазақ қауымының рухани сұраныстарына мүмкіндіктерінше толық жауап беруге ат салысты. «Айқап» журналын және жалпыұлттық тұңғыш «Қазақ» газетін шығару арқылы олар халықты оқуға, көшпелі шаруаларды отырықшылдыққа шақыруда, шаруашылықты жүргізудің прогрессивті формаларын, әйел теңдігін насихаттауда, патша үкіметі тарапынан теңдігін насихаттауда, патша үкіметі тарапынан жүргізіліп отырған отаршылдық саясатқа қарсы қоғамдық пікір қалыптастыруда айтарлықтай оңды істер тындырды» [2, 123-б.]

Ал «Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ еліне өзін-өзі басқару мүмкіндігін беретін мемлекеттік жүйе құру, яғни оның ұлттық мемлекеттілікке құқы бар екендігін метрополияға мойындату, ал түбінде дербес мемлекеттілікке қол жеткізу, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударушылар толқынын тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып қазақ қоғамы жаңа өмір сұранысына сай өзгерту (модернизация), демократиялық принциптерді қадір тұтумен бір мезгілде, әсіресе, білім мен ұлттық мәдениеттің өркен жаюына жол ашу болды. 1917 жылдың қараша айында жарық көрген «Алаш» партиясының бағдарламасы жалпы ұлттық мұрат ретінде осы мазмұндағы мақсаттарды белгіледі. Бағдарлама сондай-ақ Ресей мемлекетінің Федеративтік Республика болғандығын жақтады, ал шашыранды қазақ облыстары өз билігі өзінде тұтас бір мемлекетке бірігіп, автономиялық негізде Ресей Федерациясының құрамында болуға тиіс еді», - деп жазады алаштанушы ғалым М.Қ. Қойгелдиев [3].

Бағдарлама мақсатында көрсетілгендей ұлт болашағы жолындағы күрестің бастауында «“Ұлт ырысы”, өркениет ырысы, “олжалы жерде үлестен”, “ордалы жерде орыннан”, “жоралы жерде жолдан” қазақ халқы қалмауын ойлаған, “ұлттық құтқару” майданының сардары, XX ғасырдағы ұлттық ренессансының бастауы Ахмет Байтұрсынов, планетарлық ойшылдар бастауы қатарынан орын алары даусыз. Ахаң бар әлемдік ұлылар галереясында XX ғасырдың ұлы гуманисті Ганди, түркі әлемін оятқан Кемаль Ататүрік, шілдің боғындай шашыраған араб әлемінің басын қосқан Насер, әккі отаршыл Ресейді еңіреткен, XX ғасырдың Шамилі - Дудаев, әлемдегі әрбір төртінші адамның жан дүниесін елжіреткен Дян Сяо Пин, тұңғыш ғарыш перзенті Гагарин, адам хұқының қорғаны Сахаров, алты алаштың арысы Әлихан Бөкейханов сияқты біртуар тұлғалар тұр» [1, 22-б],- деген болатын М. Қозыбаев XX ғасыр тұлғаларын саралаған жоғары еңбегінде.

Соныменен XX ғасырдың айбынды тегеуірініне айналған Алаш қозғалысы негізінен сонау XIX ғасырдың төрінен орын алған Абай заманындағы ағартушылар қозғалысының жалғасы ретінде танып-білуіміз қажет.

Алаш қозғалысы туралы айтылғанда көбіне оның басшылығында жүргендер жайында жиі тоқталамызда, қатардағы жауынгерлердей болған өлкелік тұлғалар назардан тыс қалып, осы уақытқа дейін жүйелі зерттелмей келеді.



Солардың бірі Жетісу қоғамдық-саяси тарихында тағылымдық мектебі бар Алаш қозғалысының жетісулық қайраткері – Ыбырайым Жайнақов.

Мұрағат құжаттарына көз жүгіртер болсақ Ыбырайым Жайнақов қарапайым көшпелі қазақ болысының отбасынан шыққан азамат. Әкесі Жайнақ Қараталов (төменгі суретте) 1865 жылдары Баба Қасқарау болысының болысы болған.



Әкесі Жайнақ Қараталов

(Сурет Ыбырай Жайнақовтың немересі Надя Омарқызының жеке мұрағатынан алынды.)

Осы құжаттарда 1882 жылғы Жетісу облысындағы түтін санағында Жайнақ Қараталұлының шаруашылығы жайында мынандай мәлімет берілген: «3 шаңырақ, ерлері 6, әйелдері 4, сауаттылары жоқ, 15 түйесі, 100 жылқысы, 5 ірі қарасы және 1000 қойы бар деп көрсетілген. Жайнақ Қараталұлы Верный уезіне қарасты Үлкен Алматы болыстығының 3 ауылында тұрған» [4].

Ал Ы. Жайнақовтың немересі Надия Омарқызының естеліктері мен жазбаларында Қасқелен ауданына қарасты деп беріледі.

КОММУНАЛЬНЫЙ ЛИСТЪ
УЧЕНИКА ВЪРНЕНСКОЙ ГИМНАЗИИ
И. Жайнақова Шырағи.

6 #

Происхождение: *Сынъ киргиза.*

Время и мѣсто рождения: *Родился въ 1883г. въ Троицк. Алматинской области, Верненскаго уезду.*

Въ роисповѣданіи: *Моголистанскаго.*

Национальность: *Киргизъ.*

Время поступления въ Верненскую Гимназію: *16 августа 1893 года, по экзамену, в младшее отделение приютившаго класса.*

Когда выбылъ изъ Верненской Гимназіи: *Июль 1902г. по окончании обучения.*

тііп,

сол

отыр

Жайнақ Қараталұлы баласының келешегін, сауатты болуын ойлап, оны Верный ерлер гимназиясына берген. Ыбырайым Жайнақовтың Верный ерлер гимназиясында оқығаны туралы құжатта көрсетілгендей ол 1883 жылы Верный уезінің Үлкен Алматы болыстығында дүниеге келген.

Гимназияда оқып жүргенінде өкпесіне суық ауыр сырқаттанған Ы. Жайнаков бір айға демалыс алып, Ыстықкөлде емделуге рұқсат алады. Ол 6 сынып оқушысы Ыбырайымның гимназия директорының атына 1901 жылы 15 наурызда денсаулығына байланысты жазған өтінішінде солай көрсетілген. Айтылған мәлімет дәйекті болу үшін өтініштің және гимназия дәрігері берген қорытындының түпнұсқасынан көшірме беріліп [5].

Его Превосходительству
Генералу Губернатору Вяткинской
губернской гимназии

Гимназия В классах этой
на гимназии Вяткинской
Губернии

Прочитав

Читая сего покорнейше прошите Ваше
Превосходительство различный мне на
письме указано в том же до меня известия, и не
только не сужу Ваши выс для изменения сего
исполняя моя обязанность

При сем прошу сего Превосходительство
Вашему Превосходительству медицинское
свидетельство, выданное для сына гимна-
зии, с составом моего госпиталя.

Генерал Губернатор Вяткинской.

Кол. Вятский, В. Николаевич.

Свидетельство

Дано сего дня 11 класса Вят-
кинской гимназии Удварину Зуби-
накову для представления пред-
ставителю Каганову в томя, что
он страдает камфарным ма-
кью (фебрилия снотиса), сопро-
вождающимся кровоизлиянием,
а потому ему, Дудинскому, необход-
димо отлучиться временно ска-
рпе в степь для лечения куры-
сама, потому же ему надлежит
отправиться в г. Архангельск
и там продолжать лечение
купаниями. Это подписано го-
сударем Г. Вятским 1901 года
марта 15 дня

Генерал Вяткинской губернской
гимназии А. Вятский

Его Превосходительству
Генералу Губернатору Вяткинской
губернской гимназии

Генерал Шмидт - Командир
Гимназии Вяткинской

Прочитав

Давая сего покорнейше прошите и сего
договором сына моего Удварина Зуби-
накова, ученика В класса Вяткинской
Губернии Превосходительству гимназии
доставить мне сего в томя

А потому прошу сего Превосходительство
Превосходительству не отказать мне
сего в томя, Вяткинской гимназии
Губернии Превосходительству гимназии и
Найбова, выдать ему сего сего сего
составом моего госпиталя

и подписано

Генерал Вяткинской губернской
гимназии А. Вятский

Дәрігер кеңесі бойынша оқушы жайлауда қымыз ішіп, содан соң Ыстықкөлде теңіз суына шомылуы қажеттілігі көрсетілген. Баланың сырқаты ұзаққа созыла бастағаны келер жылы жазылған анасы Шолпан Жайнақованың өтінішінен де байқалады [6].

М. Н. П.
КАЗАНСКИЙ
ВЕТЕРИНАРНЫЙ ИНСТИТУТ.

ДИРЕКТОРЪ.

В. Давыдов. 1904 г.
№ 1581.
Г. Казань.

Вашей воспитательнице Вяткинской
Гимназии Шмидт-Командир

Кол. 15

ходатайствую о принятии его в число
студентов Казанского Ветеринарного Ин-
ститута.

Предварительно какому-либо распоря-
жению, или сего покорнейше прошите Ваше
Превосходительство на основании
циркулярного распоряжения Министерства На-
родного Просвещения от 29 июля 1902 года
за № 20058, сообщить мне полную выписку
из кондукта названного просителя за
последние три года пребывания его во взы-
ранном Вашем учебном заведении.

Директоръ Института

Циркулярный № 1581

Денсаулығына байланысты Ыбырайым Жайнақов 1902 жылы Верный ерлер гимназиясының 6 сыныбын бітіргеннен кейін оқуды тоқтатқан. 1904 жылы Жаркент уездік басқармасында тілмаш, кейін Жетісу облысының генерал губернаторы Фольбаумның тілмашы қызметтерін атқарған.

Мына бір құжатта гимназия басшылығы білімге құштар шәкірттің болашағынан көп үміт күткенін көруге болады. Онда гимназияның бұрынғы тәрбиеленушісі Ы. Жайнақовты Қазан Ветеринарлық институтының студенттер қатарына алынуна сұраныс берілген [6, 4-п.].

Аталмыш Верный ерлер гимназиясын бітіргеннен кейін Ы. Жайнақов Жетісу облыстық басқармасында тілмаштық қызмет атқарады. Сол тұстағы қазақ даласында кеңінен етек ала бастаған қоғамдық-саяси өзгерістер легіне ерген Ы. Жайнақовтың ұйымдастыруымен 1911 ж. 21 қазанда Жетісу облысы болыстары мен қадірлі ақсақалдарының үлкен жиыны өтеді. Жиында облыстық әкімшілік пен қоныстандыру басқармаларының іс-әрекеттері жөнінде және саяси іздестіру бөлімдерінің облыстағы көшпелі халықтың ісіне араласпауы туралы Мемлекеттік думаға өтініш-тілек дайындап, арнайы өкіл жіберу мәселесі қарастырылады. Арнайы өкіл ретінде көрнекті қазақ зиялыларының бірі, қайраткер Барлыбек Сыртанов Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясы мүшелеріне Жетісу халқының өтініш-тілектерін жеткізіп қайтады.

Бұл туралы ғалым В.З. Галиевтің еңбегінде хаттамалық жазбадан мынандай үзінді берілген: «Верный тыңшылық бөлімі бастығының Б. Сыртановты Санкт-Петербург қаласына сапарға жіберуге дайындау жөніндегі агентуралық мәліметтерінің хаттамалық жазбасы:

«Верный, 1911 жылдың 28 қарашасы. Өте құпия. Верный тыңшылық бөлімшесінің бастығы губерниялық хатшы Склюев айдың осы күні төмендегідей агентуралық мәліметтер алды: губерниялық хатшы Ибраим Жайнақов Қапалдан демалыстағы кеңесші Барлыбек Сыртановтан хат алды, мұндай хат облыстық және уездік әкімшіліктерге және қоныс аудару ұйымдары деп аталатындарға қатысты болады. Таяу күндері Қапалдан түземдік мектеп мұғалімі, Торғай облысының аты-жөні белгісіз қырғыз келді және түркістандық нөмірлерге тоқтады, ол жоғарыдағы хатты Жайнақовқа әкелді; хатты алғаннан кейін Жайнақов болыс басқарушылар мен қадірлі қырғыздарды өзіне жинады, бірақ, өкінішке қарай, не мәселе талқылағаны нақты белгісіз. Дегенмен Сыртанов Жайнақовтан өзінің Верный қаласына келетіндігін болыс басқарушылар мен қадірлі адамдарға ескертуді және әрбір қырғыз болысынан Сыртановтың Санкт-Петербург қаласына баратын сапары үшін жүз сомнан жинауды сұраған деген сыбыс таралған» [7].

Сондай-ақ осы еңбекте Ыбырайым Жайнақов пен Иса Тергеусізов екеуінің М. Дулатовтың 1911 ж. «Вақыт» газетінің баспаханасында басылған «Оян, қазақ!» кітапшасын Жетісуда алғашқы таратушы және насихаттаушысы болды деп көрсетеледі.

Жоғарыда берілген мәліметті мына бір мұрағат құжаты толықтыра түседі. Түркістан аудандық күзет бөліміне «Қара» деген бүркеншік есімді тыңшының жолдаған мәлімдемесінде: «Жетісу облысының білімді, әрі құрметті қазақтары Б. Сыртановтың, Ы. Жайнақовтың, Е. Абылайхановтың және бірқатар тілмаштардың басшылығымен Жетісудың ғана емес, бүкіл Түркістан өлкесінің қазақтары мен қырғыздарын тығырықтан шығарамыз деп оларды басшылыққа қарсы қоюда. Орыс үкіметі тарапынан болатын көмектен күдерін үзген қазақтар Е. Абылайханов пен тілмаш Жайнақов арқылы Түрік сұлтанымен және Бұқар әмірімен астыртын байланыс орнатуға көшті. Осыдан екі жыл бұрын Меккеден білімдар бір араб келіп, ол Сұлтан мен Әмір үкіметтерімен байланыс орнатудың жолдарын көрсетіп берді. Оның айтуынша, дұрыс байланыс орнатылған жағдайда Сұлтан мен Әмір орыс үкіметінен Түркістан өлкесі мұсылмандары құқықтарының тапталмауын талап ететін көрінеді» [8], - деп көрсетілген.

Тілмаштық қызметін қоғамдық істерде тиімді пайдалана алған Ыбырай Жайнақовтың қайраткерлік тұлғасы Жетісудағы қазақ-қырғыз босқындарына көмек ұйымдастыру барысында айқын ашыла түсті. Ы. Жайнақов төрағалық еткен Жетісу облыстық Қазақ комитеті Қытайдан қайтқан қазақ-қырғыз босқындарына алғашқылар легінде қол созып, қамқорлыққа алады. Жетісу облыстық Қазақ комитеті босқындарды орналастыруға ыңғайлы жерлер анықтау, жұмысқа орналастыру, аш адамдарды тамақтандыру пункттерін ашу сияқты нақтылы шараларды ұйымдастырады. Босқындардың ауыр жағдайы туралы жоғары билік орындарына Ы. Жайнақовтың түсірген мәлімдемесіне орай Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті 100 мың сом ақша бөледі де, оған Қытайдан оралған қазақ-қырғыз босқындарына жәрдемақы ретінде азық-түлік беруді ұйымдастырды [9].

Осылайша қоғамдық-саяси өмірге етене араласқан Ы. Жайнақов Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің өтуіне де тікелей қатысады. Саяси көзқарастары беки түскен Ыбырайым Жайнақов Жетісудағы Алашорданың жетекшісі болды. Уақыт өте келе Жетісудағы Алашорда қайраткерлері Ыбырайым Жайнақов пен Иса Тергеусізов секілді қос тұлғалардың тағдыры тоғысып, олардың саяси ұстанымы мен көзқарасы да жақын болғанын байқаймыз.

Барлық Алаш қайраткерлеріне ортақ сипат алған жағдай Ресей патшасының 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты етек алған ұлт-азаттық көтерілісіне тікелей араласуы. Жетісудағы азаттық жолындағы күрестің бел ортасында жүрген Ыбырай Жайнақов шиеленіс туындаған жағдайда халықтың көтеріліске шықпауын жақтады. Қайраткер 1916 жылы 14 шілдеде Верный қаласында өткен Үлкен Алматы болыстығы халық өкілдерінің мәжілісін ұйымдастырушылардың бірі ретінде халықтың көтеріліске шығып босқа қырылмауын, мәселенің бейбіт түрде шешілуін түсіндіру мақсатында жұмыс істеді.


Дегенмен қазақ даласын дүр сілкіндірген 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Алашорда қозғалысын жікке бөлінуіне ықпал етті. Көтерілістің жаппай сипат алғанын әрі көтерілісшілердің патша әскеріндей сайланып қаруланбағанына алаңдаған алашордалықтар арты ауыр ауыртпалыққа әкелетін қантөгістен қауіптенді. Осыны жақсы түсінген жетісулық қайраткерлер Иса Тергеусіз пен Ыбырайым Жайнақов та көтерілісті басқадай әдісте жүргізіп, отаршыл жүйеге қарсы көтерілу үшін алдымен халықтың сауатын ашу мақсатында саяси-ағарту жұмыстарын жүргізу керектілігін ұсынды.

Ыбырайым Жайнақовтың қайраткерлігінің шындалған тұсын 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін де елдегі қоғамдық-саяси өзгерістерге белсене араласып, ұлт мүддесі жолында атқарған қызметтерінен байқаймыз. Атап айтсақ, Жетісу облысы Қазақ комитетінің төрағасы, осы жылғы 12-23 сәуірде өткен Жетісу облысы 1-ші қазақ съезін ұйымдастырып, оған төрағалық етуі, 19 шілдеде Уақытша үкіметтің Жетісу облыстық комиссарының орынбасары болып тағайындалуы. Сондай-ақ 1917 жылғы 1-, 2-жалпықазақ съездерінің жұмысына да белсене араласып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Жетісу облысынан депутаттыққа да ұсынылады. Осы жылғы шілде, тамыз айларында алаш басшылары және қайраткерлері Ө. Бөкейханов, М. Шоқаев, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедовтер қатарлы Челябинск қаласында өткен Сібір үкіметі мен Құрылтай жиналысының мүшелері комитетінің мәжілісіне қатысты.

Ал 1918 жылы 10-31 тамыз аралығында Лепсі қаласында өткен Жетісу облысы қазақтарының 2-ші съезіне төрағалық етіп, онда қазақ және қырғыз тілдерінде облыстық газет шығаруды ұсынды [10].

Дегенмен, 1918 жылы Жетісуда Кеңес үкіметі билігі орнағаннан кейін большевиктер алашордалықтарды қуғындап, сондарына түсті. Кеңестік биліктің Ыбырайым Жайнақовты тұтқындауы Жетісу өңірінде толқыныс туғызған соң түрмеден босатылды.

Төмендегі мұрағаттық құжаттар сол жылдардың жаңғырығындай болып, қайраткердің мұқалған, амалсыз сыртқа кетуге мәжбүр болған сәттерінен нақтылы мағлұмат береді.




А
лматы
облыст
ық
мұрағат
ындағы
Ы.
Жайнақ
овтың
мүлкін
тәркіле
у
жөнінд
егі
құжатт
ар

Қ
ұжатт
ардағы
мәліме
ттерге
тереңір
ек
үңілер

болсақ қайраткердің үйінен кәмпескіленген бұйымдардың

соншалықты қарапайымдылығын байқаймыз [11]

Сарғайған мұрағат құжаттары арасындағы Ыбырайым Жайнақовтың жұбайы Гүлсім Дадабаеваның 1918 жылдың 10 қыркүйегінде Жетісу облыстық Халық комиссариатының атына жазған мына өтінішінде көрсетілгендей, 4 баламен қалған ана Садық Дадабаевтың үйінде уақытша паналап, бұрынғы үйінде қалған мүліктерін қайтарып алуға және азық түлікпен қамтамасыз етуге көмек сұрауға мәжбүр болады. Осы өтінішке бұрыштама жазған комиссар алдымен жағдайды толық анықтап барып, көмек көрсетілуін тапсырады .



Осы тұста Ыбырайым Жайнақовтың отбасы туралы немересінің әңгімесі бойынша тоқтала кетсек. Алғашқы жұбайы князь Чанышевтің қызымен отбасын құрғаннан кейін, өмірге екі бала әкелгеннен кейін, ауыр сырқаттан жұбайы қайтыс болады. Кейінгі жұбайы Гүлсім Дадабаева анасыз қалған екі ұлды – Саитхан (Сәдуақас) мен Мирвакас (Меруакасты) өз бауырына салады. Жайнақовтарда содан кейін Рухия, Әсия, кейін Құлжа қаласының маңындағы Көктерек елдімекенінде Омар, Фарид, Қанипа атты ұл-қыздары дүниеге келеді. Олардың ұрпақтары бүгінде Алматы қаласында.

Абақтыдан босатылғаннан кейін Ыбырай Жайнақов 1919 жылы рақымшылық алып, біраз уақыт жаңа билікпен бірлесе жұмыс істеуге көшті. Бірақ оларға кеңестік билік бұрынғыдай халықпен тығыз жұмыс жасауға мүмкіндік бермеді. Соңына шырақ алып түседі.

Сөйтіп Ыбырай Жайнақов та үзенгілес әріптесі, алдарына қойған мақсат-тілектері бір Иса Тергеусізов секілді т.б. алаш қайраткерлері мен зиялылары қатарлы 1920 жылдың көктемінде Қытайға, оның ішінде Құлжа қаласына қарай шекара асып кетуге мәжбүр болады. Жат елге қоныс аударған Ы. Жайнақов өзінің саяси қызметін жалғастыра берді. Алайда ендігі жерде атажұрттан тысқары жатқан қазақ халқының Гоминдан жүйесінің қыспағынан арылып, Алаш жұртын тұтас тәуелсіз елге айналдыруды көздеді. Дегенмен ұлт болашағы жолында қызмет еткен Ыбырай Жайнақов, Иса Тергеусізов, Зият Шәкәрімұлы қатарлы көптеген қазақ қайраткерлерінің Қытайдағы өмірі мен қызметі осы уақытқа дейін жан-жақты терең зерттелмей келеді. Оған басты себеп, кешегі қысаң кеңестік идеология тұсында Алаштың таутұлғалы көшбасшылары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Жүсіпбек

Аймауытовтардың атын атауға және шығармаларын насихаттауға біржола тыйым салынса, сыртқа кетуге мәжбүр болған Мұстафа Шоқай, Райымжан Мәрсеков, Ыбырай Жайнақов, Иса Тергеусізов, Зият Шәкәрімұлы қатарлы біраз алашордалықтар өз елін сатқан қылмыскерлер деп танылғандығы аян.



*Ыбырайым Жайнақов әйелі – Гүлсім Дадабаевамен.
1935 жыл*

Ыбырай Жайнақовтың Қытай кезеңі туралы атақты ақын Таңжарық Жолдыұлының «Түрме тарихы» дейтін ұзақ толғауын да мынандай үзінді бар:

...Тұрдақын, Айса төре, Жайнақов бар,
Құлжаның қаласында елу адам,
Бір түнде әкетіпті бірақ айдап...

Немесе:

Байбатша – Ыбырайым, Жайнақовпен,
Жөнелді Сағатбектер соңына ере, – деп келеді.

Әсіресе, Қытай асқан қазақ зиялылары мен Алаш қайраткерлері туралы тарихи зерттеулер жоқтың қасы. Ғалым-филолог Серік Негимов жазғандай «Алаш идеясын – Әлихан, Ахметтердің бастамасын жалғастырған саяси жауынгер», бұл тараптағы өзінің әділ бағасын әлі алған жоқ. Соның бірі – жұрт аузында айтылып жүрген Мақсұт Сасанұлы, Әбеу Құдышұлы, Таңжарық Жолдыұлы бастаған «арғы беттегі» қазақ зиялылары Шығыс Түркістанға «қоныс аударған» қазақтың тұңғыш ұлттық үкіметі әскери кеңесінің мүшесі Райымжан Мәрсеқұлы мен Ыбырайым Жайнақов сынды Алаш идеясының айнымас сарбаздарымен қосылып, Алашорданың Қазақстанда іске аспай қалған ұлы мұраттарын орындау жолында, Құлжа қаласында «Алаш-азаттық» атты құпия ұйым құрып, Шығыс Түркістан азаттығы үшін күрескендер»-дің тарихи-тұлғасы толықтай зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілмеуі де уақыт еншісінде қалып, зерттеушісін күтуде.

Егер артында іздер ұрпағы болса, мысалға Райымжан Мәрсеков, т.б., ерінбей жүріп ата есімінің ақталуына күш салады. Осындай ата ісіне, ата есіміне лайық ізгі шараны Ыбырайым Жайнақовтың балалары мен немерелері де жүргізіп келеді.

Мысалы Ы. Жайнақовтың ұлы Омардың қызы Надия Омарқызының атасын ақтау жөніндегі ҚР Бас прокуратурасына жазған өтінішінде Ы. Жайнақовтың өміріне қатысты біраз мәліметтеді алуға болады.

Осындай көлеңкелі жақтарына қарамастан 90-шы жылдары жаңашылдықпен қолға алынған Алаш пен Алашорда тарихын зерттеу әлі де жалғасын тауып келеді. Олай дейтініміз, 1995 жылы алғаш болып Алаш қозғалысын зерттеген академик Кеңес Нұрпейісов «Алаш ьәм Алашорда» атты кітабында: «Алаш пен Алашорда тарихының маңызды кезеңін зерттеген еңбегімізді аяқтай келе, түбегейлі іс тындырдық деуіміз көңілге қонымды болмас, өйткені, аумалы-төкпелі заманды басынан кешкен партия мен өкіметтің айтылмаған саясаты да, сыры да баршылық. Мұны тәмамдау болашақтың ісі» [2, 215-219-бб.], - дей келе, 1991 ж. «Қазақстан коммунисті» (қазіргі «Ақиқат») журналының 8-10-шы сандарында жарияланған Алаш партиясына мүше немесе ниеттес болған азаматтардың (300-ге тарта) тізімін осы кітапта толықтырып берген еді. Ал қазіргі осы алаштану саласында терең зерттеулер жүргізіп отырған ғалым М. Қойгелдиев пен Б. Мүрсәлім бұл тізімді толықтырып, олардың санын 350-ге жеткізіп отыр [1]. Осылайша сарғайған мұрағат құжаттарын парақтаған сайын ұлт жолында қызмет еткен қайраткерлер есімі мен олардың атқарған қызметі халық жадында қайта түлеп, жаңғырып, жаңа арнаға түсуі, тың зерттеулердің арқауы мен өзегіне айналары сөзсіз.

Сөз соңында айтарымыз, ұлт тарихының белесті кезеңдерінде, яғни XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ балаларының оқуға ұмтылысы, ілім-білімге деген құлшынысы артуымен қатар, дәстүрлі далалық қоғамда демократиялық ой-сананың оянуымен, өріс алуы жаңа белесте таныла бастады. Қазақ даласындағы сауат ашу және діни мектептер мен әртүрлі деңгейдегі гимназияларды былай қойғанда, Ресей, Азия мен Еуропа қалаларындағы жоғарғы оқу орындарында білім алған Алаш қайраткерлері туралы да тың деректер табылып жатқандығы аян. Бұл дегеніңіз ұлт тарихын түгендеу мақсатында алаштұлғалы арыстарымызды халқымен қайта қауыштырудың жалғасы табатындығының дәлелі.

ӘДИЕБЕТТЕР

1. Қозыбаев М.Қ. Ахмет Байтұрсынов - XX ғасырдың ұлы реформаторы // Отан тарихы. – 1998. – №3. – 22-28-бб.
2. Нұрпейісов К. Алаш ьәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 119-120-бб.
3. Қойгелдиев М.Қ. Алғы сөз // Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. желтоқсан 1917 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т.І. – 4-5-бб.
4. ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 335-іс. 111-п.
5. ҚР ОММ. 94-қ., 1-т., 1657-іс. 1-п.
6. ҚР ОММ. 94-қ., 1-т., 1657-іс. 3-п.
7. Галиев В.З. Ұлтты оятқан кітап: (Міржақып Дулатұлы және оның «Оян, қазақ!» кітабының ізімен). – Алматы: Мектеп, 2013. – 35-36-бб.
8. ӨРОММ. И-461-қ. 1-т., 1023-іс., 2-п.
9. ҚР ОММ. 9-қ., 1-т., 14-іс, 1-п.
10. Жайнақов Ыбырайым // Алаш. Алашорда. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 156-157-бб.
11. Алматы облыстық мемлекеттік мұрағаты. 79-қ., 1-т., 124-іс.
12. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1995. – 363-364-бб.
13. Алашорда: Фотоальбом. – Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2012. – 274-275-бб.

УДК 903/904 (574)

Ә.Т. Төлеубаев, Р.С. Жұматаев, С.Т. Шакенов
ДАУЫЛБАЙ ҚОРЫМЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Талдықорған қаласы өңірінде б.з.д I мыңжылдықта тарих сахнасында айрықша орын алған ерте көшпелілер мәдениетінің маңызы мен ерекшеліктері жайында баяндалған. Автор ерте темір дәуірінің жерлеу-ғұрыптық кешендеріне тоқтала келіп, соның ішінде Дауылбай қорымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының барысы мен нәтижелерін ұсынып отыр. Дәлірек айтқанда мақалада Дауылбай I қорымындағы №1, Дауылбай II қорымындағы №1 обалардағы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарымен таныса келе, фото суреттер мен сызбалар арқылы толық мәлімет алуға болады. Сонымен қатар ғылыми жұмыста аталған қорымның толықтай, кешенді зерттеуді қажет ететіндігі және қандай себептерге байланысты екендігі айқындалып көрсетілген.

Түйін сөздер. археология, Дауылбай қорымы, ерте көшпелілер, қорған

Ә.Т. Төлеубаев, Р.С. Жұматаев, С.Т. Шакенов
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В МОГИЛЬНИКЕ ДАУЫЛБАЙ

Аннотация. В настоящей работе представлены особенности и значимость культуры ранних кочевников населявших территорию окрестностей современного города Талдықорған в I тысячелетий до н.э.. Обращая внимание на погребально-поминальные комплексы раннежелезного века, авторы описывают ход и результаты археологических исследований на могильнике Дауылбай. В частности представляют данные археологических раскопок кургана №1 могильника Дауылбай I и курган № 1 могильника Дауылбай II. А также в данной научной работе авторы хотят донести что могильник Дауылбай требует полного комплексного изучения и новых взглядов со стороны ученых данной сферы.

Ключевые слова. археология, Дауылбай қорымы, ранние кочевники, курған

Toleubayev A. T., Zhumataev R. S., Shakenov S. T.
ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN THE CEMETERY DAULBAY

Abstract. This paper presents the features and significance of the culture of the early nomads inhabiting the territory of the vicinities of the modern city of Taldykorgan in the I Millennium BC.. Paying attention to the funeral and memorial complexes of the early iron age, the authors describe the progress and results of archaeological research on the burial Dauylbay. In particular are the data of archaeological excavations of a barrow, No. 1 burial ground Dauylbay I and mound No. 1 burial ground Dauylbay II. And in this scientific work, the authors want to convey that the burial Dauylbay requires a full comprehensive study and new views of scientists in this field.

Key words. archaeology, Dauylbay Orimi, early nomads, Kurgan

Кіріспе

Жалпы Талдықорған қаласы аймағында қола, ерте темір және түркі кезеңінің ескерткіштері көптеп кездеседі. Біз зерттеу нысаны ретінде таңдап алған Дауылбай I, II, III қорымдары ерте темір дәуірінің ескерткіштері. Аталған қорымдардың ішінде тізбектеліп жатқан жеті патша обасы өзіндік ерекшелігімен көз тартады. Алдын-ала есептеуіміз бойынша 100 жуық қорғандардан тұратын бұл ескерткіштер тобы өз заманындағы бір рулық бірлестіктің жерлеу кешені болғанға ұқсайды.

Қорымдағы патша обаларына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, сол жұмыстардың нәтижесінде қорғандарды қалпына келтіру жұмыстарын орындау, маңайын қоршап, сол тұрған орындарында ашық аспан астындағы музейге айналдыруға болады. Талдықорған қаласына жақын орналасқандықтан қала халқына, туристерге, келген қонақтарға, жас ұрпаққа біздің бабаларымыздың асыл мұралары деп көрсетуге тұрарлық жер.

Аталған қорымдағы ескерткіштердің нақты хронологиялық шеңберін анықтау үшін қазба жұмыстары жүргізілуі шарт. Олай дейтініміз Алакөл төңірегіндегі жерлеу-ғұрыптық кешендерінің жер үсті құрылысы жөнінде жазбаша, архивтік, құжаттық дереккөздер өте аз. Ал қарастырылып отырған өңірдегі қорымдардағы обалар сыртқы формасына қарай ерте көшпелілердің кейінгі кезіңіне жатады, яғни өзге мәдени-хронологиялық орта. Сақ-үйсін кезеңінен кейінгі дәуірлердегі көшпелілердің жерлеу-ғұрыптық кешендері мен ғұрыптық құрылыстардың архитектуралық сипаттамаларын салыстырмалы сараптама жасау негізінде осынау көшпелі мәдениет белгілерінен сабақтастық іздері анықталды [1].

Талдықорған қаласы өңіріндегі обалар ерте көшпелілер дәуірінің түрлі кезеңдерімен айқындалады. Оларда қазба жұмыстарын жүргізу қажеттілігі б.з.д I мыңжылдықтағы ежелгі халықтардың тарихы мен мәдениетін анықтауға байланысты мәденигенездік тұжырымдармен сипатталады. Осы кезеңде көшпелі мәдениет құрылып, жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастар, көсемдер институты және мемлекет қалыптасып, жаңа құндылықтар жүйесімен идеология құрылып, діни-философиялық танымда түбегейлі бет бұрыс болған еді. Бұл Еуразия кеңістігіндегі дала, шөлейт және таулы жазықты орасан зор аймақтағы тарихи үрдістердің даму сипаттамасын анықтайтын заманалық маңызы бар өзгерістер кезеңі еді. Дәл осы ерте көшпелілер мәдениетін зерттеу арқылы біз көшпелі мәдениеттің қазіргі заманғы этнографиялық кезеңге дейінгі ауысу ізін анықтай аламыз [2].

Талдықорған қаласы өңіріндегі ерте көшпелілер ескерткіштерін зерттеу тарихи кезеңнің алдыңғы өткенін, алғашқы кезеңін және жер үсті құрылыстарын және қабірішілік құрылысты салу дәстүрінің, жалпы жерлеу ғұрпының, тиісінше діни-мифологиялық танымның сабақтастығын көріп, танып білуге, мәдениеттің жергілікті және кірме элементтерін байқауға мүмкіндік береді.

Дауылбай I қорымы. Қорым Алматы облысы Талдықорған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 30 шақырым жерде, биік жотаның етегінде орналасқан. Қорымдағы біздің тарапымыздан тіркелген обалар саны 9 және барлығы таудың жақпар тастарынан үйіліп, көбінің бетін топырақ қабаты басқан. Обалар солтүстіктен-оңтүстікке қарай тізбектеле орналасқан. Обалардың өлшемдері кішірек, диаметрлері біркелкі 7-8 шамасында. Аталған қорымдағы бір обада қазба жұмыстары жүргізілді.

№1 оба. Оба қорымның орта тұсында орналасқан. Қазбаға дейінгі обаның өлшемдері алынып, фотосуреті жасалды. Соның нәтижесінде обаның биіктігі 0,3 м, ал көлемі 7 м құрайтындығы анықталды. Дөңгеленіп келген обаның беткі қабатын 3 см қалыңдықта шым қабыты басып, обаның беткі қабатының әрбір жерінде пластина болып сынған тастар шығып жатты (1-сурет).

Обадағы қазба жұмыстары шығыс-батыс бағытында 4 м ендікте тілік салу арқылы жүргізілді. Тілікті тазалау барысында обадағы қабір шұңқырының шығыс-батыс бағытында созылып жатқандығы анықталды. Қабірдің орыны оның бетінде шашырай орналасқан тастардың іздері арқылы айқындалды. Осы тастардың орналасуы негізінде қабір шұңқырын тереңдету жұмыстары жүргізілді. Қабір шұңқырының ұзындығы 2 м, ені 1 м Соның барысында қабір іші түрлі деңгейде таудың жақпар тастарымен толтырылғандығы байқалды. Қабір шұңқыры 2 м 20 см тереңдікке жекеткенде жерленген адамның қаңқасы көріне бастады. Қаңқа толығымен ашылған тұста оның қалай жерленгендігі нақтылана түсті. Адам шығыс-батыс бағытында, басы батысқа бағытталап шалқасынан жатқызылып, анатомиялық тәртіпте жерленген. Басы сәл сол иығына қарай бұрылып, беті солтүстікке қаратылған. Басының оң жағына иық үстіне қарай керамикалық ыдыс қойылған (2-сурет). Ыдыстың сақталу деңгейі нашар, көпшілігі үгітіліп кеткен. Сыртқы формасына қарай үйсін кезеңі ыдыстарына жақын. Одан басқа ақыреттік заттар кездеспеді. Тонау белгілері байқалмайды. Қабір шұңқырының сызбасы мен кесіндісі салынып, фото суреті жасалды.



Сурет 1- Дауылбай I қорымындағы №1 қорғанның қазбаға дейінгі көрінісі



Сурет 2- Дауылбай I қорымындағы №1 қорғанның қабір шұңқыры

Дауылбай 2 қорымы. Қорым жоғарыда сипатталған қорымның оңтүстік-шығысына қарай 1,5 шақырым жерде, биік жотаның етегінде орналасқан. Қорымдағы біздің тарапымыздан тіркелген обалар саны 11, барлығы жүйесіз 2-3 топтасып орналасқан. Көбінің бетін шым қабаты басқан. Обалардың өлшемдері әртүрлі, диаметрлері 8-12 шамасында. Аталған қорымдағы бір обада қазба жұмыстары жүргізілді.

№1 оба. Оба қорымның орта тұсында орналасқан. Қазбаға дейінгі обаның өлшемдері алынып, фотосуреті жасалды. Соның нәтижесінде обаның биіктігі 0,3 м, ал көлемі 7 м құрайтындығы анықталды. Дөңгеленіп келген обаның беткі қабатын 3 см қалыңдықта шым қабаты басып, обаның беткі қабатының әрбір жерінде пластина болып сынған тастар шығып жатты (3-сурет).

Бұл обадағы қазба жұмыстары да шығыс-батыс бағытында 4 м ендікте тілік салу арқылы жүргізілді. Тілікті тазалау барысында обадағы қабір шұңқырының шығыс-батыс бағытында созылып жатқандығы анықталды. Қабірдің орыны оның бетінде шашырай орналасқан тастардың іздері арқылы айқындалды. Осы тастардың орналасуы негізінде қабір шұңқырын тереңдету жұмыстары жүргізілді. Қабір шұңқырының көлемі: ұзындығы 2 м, ені 1 м. Соның барысында қабір іші түрлі деңгейде таудың жақпар тастарымен толтырылғандығы байқалды. Қабір шұңқырын тереңдігі 1 м 78 см жеткенде жерленген адамның сүйектері анықтала бастады. Тазалау жұмыстарының нәтижесінде қабірде екі адамның қаңқа мүрдесі ашылды. Олардың бірі үлкен адам, екіншісі жас бала. Екеуі де шығыс-батыс бағытында, бастары батысқа бағыттанып жерленген. Үлкен адам (әйел болуы ықтимал) шалқасынан, екі қолы жамбасына дейін созылыңқы күйде жатқызылған. Басы бір қалыпта, ешқайда бұрылмаған. Жас бала үлкен адамның сол жағының бас жағында, шалқасынан жатқызылған. Оның тізе тұсы үлкен адамның бас тұсында, ал аяғының төмен жақтары иыққа жақын. Екеуі де анатомиялық қалыпты сақтаған (4,5 - сурет). Қабір ішінен ешқандай ақыреттік заттар кездеспеді.

М.К. Қадырбаевтың 1966 жылғы еңбегінде баланың жасын анықтау мәселесіне келгенде тек қана бала, жасөспірім, кемел, егде немесе қарт сынды сипаттамалар кездеседі [3]. Ал қазіргі таңда антропологтардың зерттеулерінде келесідей сипаттамаларды кездестіруге болады: *infant*: дәл жасы анықталмаған бала сүйектері; *infant 1*: алты жасқа дейінгі балалар; *infant 2*: 6 мен 13 жас арасындағы жас балалар; *juvenis*: 14-20 жас аралығындағы жасөспірімдер мен бойжеткендер; *adultus*: 20-35 жас аралығы; *maturus*: 35-55 жас аралығы *senilis*: 55 жастан асқан қарт адамдар болып табылады екен [4]. Осыны айта келе жоғарыда айтылған бала сүйегін біз бірінші, яғни *infant* тобына жатқызамыз.

Жалпы жоғарыда сипатталған екі обадағы қазба нәтижелері бойынша алдын ала қорытындылар жасап өтсек. Екі обада өзінің сыртқы құрылысы мен қабір іші сипатына қарай үйсін кезеңі ескерткіштеріне тән болып келеді. Оның үстіне көп бөлігі бүлініп кеткен қыш ыдыстың формасы да осыны айғақтайды. Яғни, аталған қорғандарды шамамен II-III ғғ. мерзімдеуге болады. дегенменде бұл әлі шынайы уақытнамаға негіз бола алмайды.

Сонымен бірге бір қабірде ересек адаммен баланың жерленуі өте сирек кездесетін жағдай. Мұндай белгілер Орталық Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінде және Шу-Іле тауларының солтүстік-шығыс беткейінің етегіне орналасқан Қарақұдық қорымындағы қорғандарда ұшырасқан болатын. Сирек кездеседі деп тұжырымдама жасап отырғанымыз, жалпы ерте темір дәуірінде балаларды жерлеу орындары көптеп кездеседі, олардың барлығы бірақ жеке жерлеу орындары. Бүгінде кейбір археолог ғалымдар балалар жерлеу мәселесін жеке қарастыру керектігін көтеріп жүр. Олардың пікірінше қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды қарастыруда осы мәселенің де маңыздылығы жоғары [5].

Жалпы екі обада тонаушылыққа ұшырамаған қалыпта, жерленгендер анатомиялық қалыптарын сақтаған. Осының барлығы болашақта Дауылбай I, II, III қорымдарында кешенді зерттеу жұмыстарын


жүргізуді қажет етеді. Келешек зерттеу материалдары ежелгі дәуірлердің шешімін таппай жүрген мәселелердің кейбіріне жауап беруі ықтимал.



Сурет 3 – Дауылбай II қорымындағы №1 қорғанның қазбаға дейінгі көрінісі



Сурет 4 – Дауылбай II қорымындағы №1 қорғанның қабір шұңқыры
Дауылбай 2 қорымы
№1 оба



Сурет 5 – Дауылбай II қорымындағы №1 қорғанның қабір шұңқыры сызбасы

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Отчет о научно-исследовательской работе «Культурогенез населения Казахстана эпохи бронзы и раннежелезного века» Алматы, –2012. – с. 199
2. Берсенева Н.А. Социализация детей как одно из направлений социокультурной адаптации в древних обществах // Урал. ист. вестн. – 2010. - № 2 (27). – С. 38–54.
3. Кадырбаев М.К. Памятники ранних кочевников Центрального Казахстана // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. 1959.Т.7. С. 162–203.

4. Бейсенов А.З., Базарбаева Г.А., Дүйсенбай Д.Б. Детские погребения сакской эпохи центрального Казахстана // Самарский научный вестник. Самара. –2017. –С. 89-94.

5. Отчет о научно-исследовательской работе «Культурогенез населения Казахстана эпохи бронзы и раннежелезного века» Алматы, –2013. – с. 298

Уалтаева А.С., Мұратова С.Е.

Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты

РИДДЕР ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Риддер моноқаласының пайда болу тарихы мен халқының әлеуметтік-экономикалық мәселелері қарастырылған. Халықтың демографиялық хал ахуалы, табиғи өсімі мен табиғи азаюының сандық көрсеткіштері қарастырылған. Риддердегі экономикалық өрлеудің кәсіпорындарға байланысты дамып, сол арқылы халықтың тұрмыстық жағдайы сипатталады. Сонымен қатар, өңір экономикасының полиметалл кен орындарын және кенді өңдеуді, гидроэнергетика салаларын, шағын бизнесті дамытуға бағытталғандығы туралы мәліметтер келтірілген.

Түйін сөздер: Риддер, өнеркәсіп, кен, Алтай, халық, кәсіпорын, Казцинк, жұмысшылар, халық саны.

Аннотация. В этой статье рассматривается история возникновения города Риддер, социально-экономические проблемы и пути их решения. А так же, исследована демографическая характеристика населения, количественные показатели естественного прироста и снижения. Экономический статус Риддера напрямую зависит от развития градообразующих предприятий, тем самым характеризует условия жизни и рост его населения. Кроме того, приводятся данные об экономике региона, ориентированные на развития полиметаллических месторождении, переработки руд, гидроэнергетики и малого бизнеса на современном этапе.

Ключевые слова: Риддер, промышленность, руды, Алтай, народ, предприятие, Казцинк, рабочие, численность населения.

Abstract. In this article, the history of the appearance of the monotown Ridder and its socio-economic problems is examined. And also, the demographic status of the population, quantitative indicators of natural increase and decrease are considered. Economic growth in Ridder has developed in accordance with the enterprise, thereby characterizing the living conditions of the population. In addition, there are data on the economy of the region, focused on the development of polymetallic deposits, ore processing, hydropower and small businesses.

Key words: Ridder, industry, ore, Altai, people, enterprise, Kazzinc, workers, population.

Кіріспе

Жүз жарым жылдан астам уақыт бойы Риддер қаласының тарихы, оның аумағы, білім беру және дамуы Алтай таулы ауданымен тығыз байланыста болды. 1786 жылы Ф.Ф.Риддер бастаған іздеу партиясы Үлбі кенішінің жанынан қорғасын-күміске бай кен орнын ашты. Көп ұзамай бұл жерде тұтас Риддер кеніштер тобын құрайтын, Риддер, содан кейін Крюковский, Сокольный, Сугатовский кеніштері пайда болды [1].

Риддер елді мекені ашылуына елу жыл өткенге қармастан, біршама үлкен болды: онда төрт жүзге жуық «жеке меншіктегі» саятшылық және құрамында ерлер мен әйелдер бар екі мыңнан астам тұрғыны болды.

Алтай таулы аймағында жұмысқа қабылданушылар, әдетте, кеніштер мен зауыттарға таратылды. Сондықтан Риддер мамандарының бүкіл өмірі әскери тәртіптерге негізделген және ішінара әскери қоныстанушылар өміріне ұқсас болды. Олар тау офицерлерінің басшылығымен жұмыс істейтін «командалар» құрамына кірді. Ауыр жазалау қаупімен шеберлерге шахта қонысын, ал түнде - тұрғын үйді тастауға, киім-кешек пен малды сатып алуға тыйым салынды. Тау-кен өнеркәсібі басшылығы кенішті тастауға тек адал қызметі үшін марапаттау құралы ретінде рұқсат берді. Алтай таулы кенішінің басшылығы «қызметшілердің мінез-құлқына қарамастан, оларды шаруа қоныстарына жібермеуді» белгілейді. «Туғаннан кейін» шеберлердің балалары «тау жеткіншектерінің» жалпы тізіміне қосылды. Он екі жасынан бастап «тау жеткіншектері» тау-кен өнеркәсібінде немесе басқа жұмыстарда жұмыстанатын жасөспірімдер санатында болды, оларға тек күніне 4-6 сомнан ақы төленді.

«Тау жастарының» барлық тобынан заңнама жасөспірімдерді жұмысшылар ретінде міндеттеді, бірақ шын мәнісінде, кішігірім жастағы балалар да Риддер кенін сұрыптау үшін пайдаланылды. Он сегіз жасқа толған жасөспірімдер ересек жұмысшылардың санатына жатқызылды [2].

Тау-кен өнеркәсібінде негізгі жұмыс күші бергайерлерден, кеншілерден және тау-кен өндірушілерінен құралған. Бергайерлер «таудағы аға жұмысшылар» деп саналды, олар кеншілердің ең үлкен тобына айналды. Риддер кеніштерінде олардың саны жеті жүз елуге жетті. Бергайерлер тоғыз бапқа бөлініп, сол арқылы жыл сайынғы ақыларын алды. Олардың көпшілігінің ақысы жылына он тоғыз-жиырма төрт рубльден аспады. Кеншілер, тау-кен қызметкерлері олардан да аз алған. Мұндай жалақының есебінен, әрең

дегенде, тек бойдақтар мен бала шағасы жоқ отбасы ғана өмір сүре алады. Отбасы, минималды қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін, биліктің рұқсатымен үй шаруашылығымен айналысып, шахтадағы жұмысынан босаған уақытта жақын маңдағы ауылдардың шаруаларына жалданып жұмыс жасады [3].

XIX ғасырдың бірінші жартысында Риддер кеніштерінде өнімдер көп дайындалмады, себебі олардың қорғасынға бай кендері Алтай таулы аймағының кәсіпорындарының негізгі өнімі болған күмістің аз мөлшеріне ие болды. Крепостнойлық құқық жойылғаннан кейін, Алтайдың бірлескен кәсіпорындары капиталистік негізде дамып келе жатқан еуропалық Ресей өнеркәсібімен бәсекелестікке төтеп бере алмады. Сөйтіп Алтайдың тау-кен өнеркәсібі арзан жұмыс күшінен айырылып, техникалық қайта құру қажет болды. 1897 жылдың 1 мамырына дейін - Алтай таулы аймағының 150 жылдығына орай, жағдай жүйелі түрде нашарлап, Алтай зауыттары іс жүзінде жұмыстарын тоқтатты.

Алтай кәсіпорындарының жабылуына байланысты, кабинет кейбір полиметалл кен орындарын шетел капиталисттеріне концессияға беруді бастады. 1905 жылы Риддер кеніштер тобы австриялық «Турн-и-Таксис» компаниясына жалға берілді. Быструха өзенінен бұрындары салынған су арнасын пайдалану арқылы компания Филипповка өзенінде 180 киловатттық гидроэлектростанция салды. Австрия компаниясы басқа күрделі жұмыстар жасамады, ал жұмысшылардың жағдайы әлі де қиын болды. Сондықтан, 1911 жылы Риддер кабинеті экономикалық пайда көрмегендіктен, австриялық концессионерлермен шартты тоқтатты.

1914 жылдың ақпанында Сауда министрлігінің бұрынғы басшысы М.М. Федоров және текті мұрагер В.В. Романов Риддер полиметалл кен орындарын жалға алып, Үлбі өзенінің бассейнінде 1950 жылғы 1 қаңтарға дейін пайдалы қазбаларды өндіруге 36 жыл мерзімге 360 мың шаршы метр аумақты иеленді [4, 59 б.]. Алайда, 1914 жылдың тамызында-ақ М.М. Федоров пен В.В. Романов «Риддер тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамына өз құқықтары мен міндеттерін берді. Өскемен қаласына дейін Риддерді Ертіспен, оның ішінде Екібастұздың кәсіпорындарымен байланыстыратын шағын темір жол салынды. Шахтада кен өндіру басталды, бірақ 1916 жылдың аяғында су басып, дренаждық сорғыларға энергияны жеткізуге кедергі болды. Шахтаны кептіру мүмкін болмай, оны тек сақтап қалуға келді.

1918 жылдың ақпанында Рудный Алтайында кеңестік билік орнағаннан кейін, Риддер қызметкерлері «Риддер кәсіпорнын» республиканың ұлттық меншігі ретінде ең бай, толық жабдықталған кеніштер ретінде жариялау үшін Халық Комиссарлар Кеңесіне жүгінді. РСФСР халық комиссарлары Кеңесінің 1918 жылғы 11 мамырдағы қаулысымен олар ұлттандырылды [5]. Ұлттандыру кезінде Риддер тау-кен металлургия комбинаты құрамына қорғасын-мырыш кеніштері, байыту фабрикасы, шағын күкірт қышқылы зауыты, Риддер-Өскемен темір жолы және бірнеше қосалқы қызметтер кірді.

1921 жылдың қараша айында Еңбек және қорғаныс Кеңесінің комиссиясы Риддер кәсіпорындарын зерттеуге кірісіп, қызметкерлердің көңіл-күйі ескерілді, себебі олар В.И. Ленинге жолдаған хаттарында өздері кенішті қалпына келтіруге уәде берді [6]. Қиындықтарға қарамастан, жұмысшылар мен инженерлер 1923 жылдың шілдесінде электролиз зауытын салып, іске қосты, осылайша елде алғаш рет мырыш концентраттарын электролиз арқылы өңдеудің техникалық күрделі мәселесі шешілді. 1924 жылдың қазан айында полиэтилен зауыты пайдалануға берілді [7].

1925 жылдың 10 маусымында КСРО Еңбек және қорғаныс кеңесінің шешімімен «Орыс-Азиялық Корпорация» акционерлік қоғамына тиесілі Риддер, Екібастұз және Серебросвинц кәсіпорындарын қамтитын құрылымға «Алтайполиметалл» Алтай-Қырғыз полиметалл өнеркәсібінің Бүкілодақтық мемлекеттік бірлестігі құрылды [8].

«Алтайполиметалл» Бүкілодақтық тресті Рудный Алтайының түсті металлургиясын жаңғырту мен дамытудың сыни кезеңінде маңызды рөл атқарған республиканың ірі өндірістік бірлестіктерінің бірі болды. Сонымен қатар, қаланы қалпына келтіру қарқынды дамыды. Қайта құру нәтижесінде алғашқы бесжылдықтың басында Риддердегі кәсіпорындар елдегі қолданыстағы өндірістік нысандардың қатарына кірді. Оның өндірістік қуаты, энергетикалық базасы, көлік көлемі кеңейіп, азаматтардың саны артты. 1920 жылдардың ортасында Риддер кеніші тұсында пайда болған кәсіпорындар кіретін полиметалл комбинаты жұмыс істей бастады. 1926 жылы байыту фабрикасы іске қосылып, 1927 жылы Риддер жұмысшылар мекеніне айналды. Қысқа мерзімде қорғасын зауыты салынып, онда 1927 жылдың қарашасында алғашқы 27 күміс қорғасын құйылды.

Осы уақытқа қарай негізгі статистикалық сипаттамаларға сәйкес, халықты есептеу жүйесі басталды. 1925-1926 жылдары Риддер қаласының халқы туралы ақпарат Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік архив материалдарында 6,5 мың адам деп көрсетілген, ал бір жылдан кейін, негізінен өнеркәсіптік өндірісте жұмыс істейтін қала халқының саны 9404 тұрғынға дейін өскен [9]. 1929 жылғы 1 қаңтардағы жағдайда, ұлттық құрамы бойынша халықтың саны 15 639 азаматты құрады, оның ішінде Риддер тау-кен металлургия комбинатында 5297 қызметкер жұмыс істеді (1-кесте).

Жылд	Кен	Ха	Жүрделі	Соны	% - б е н
------	-----	----	---------	------	-----------

ар	өндірілді (тн.)	лқы (адам)	шығындар (мың. руб.)	ң ішінде, тұрғын үй құрылысы (мың.руб.)	тұрғын үй құрылысы
1925/6	*	650	1329	365	19
1926/7	15790	940	3423	416	12,2
1927/8	20055	*	2898	388	13,3
1928/9	50467	116	666	318	19
1929/1	89134	*	6396	448	7
1931	16969	179	9018	607	0,7
1932	16740	274	8481	489	5,8

1-кесте. Риддер қаласының тұрғындары, тұрғын үй құрылысы, күрделі шығындар (1925-1932 жж.) [13].

*-ақпарат жоқ

Кәсіпорын дар	1.01.32 ж. (адам саны)	1932 жыл бойынша (адам)		1.01.1933 ж. (адам саны)
		Келген	Кеткен	
Тау-кен өндіру цехы	1255	2073	2147	1181
Фабрикала р	152	355	326	181
Қорғасын	516	543	650	409

2-кесте - Риддер қаласының кәсіпорындарындағы жұмысшылар саны (1932-1933 жж.).

2-кестеде жыл ішінде жұмысшылар санының өсу динамикасы байқалады және 1932 жылдың қараша айындағы деректерге сәйкес цехтағы еңбекті қажет ететін салаларда ең көп жұмысшылар саны бойынша нақтылауға болады:

Кен өндіру бөлімінде - 1202 адам;

Сокольный кенішінде - 277 адам;

Қорғасын зауытында - 465 адам;

Электр цехында - 208 адам;

Жылқы көлігінде - 270 адам;

Электролит цехында - 235 адам;

Таудағы жұмыс тобы - 400 адам;

Риддер құрылысында - 1521 адам.

1934 жылы Риддер комбинатында Риддерск кеніші 178 мың тонна, Сокольный - 42 мың тонна, Зыряновский - 40 мың тонна, Белоусовский - 350 мың тонна, Березовка - 30 мың тонна қуаттылығы бар кешенді кеніштер тобы болды.

Қызметкерлердің санаттары мен жасы	арлығы	8 жасқа дейін	8 жастан асқан	1	арлығы	8 жасқа дейін	8 жастан асқан	1	арлығы
Жұмысшылар	Қаз			4				-	07
	ақтар	06		03				2	
Қызметкерлер	Қаз			1				-	7
	ақтар	7		6				2	

	ыстар	99	8	81	0		4	29
Кіші қызметкерлер	Қаз ақтар	4		2	1		-	6
	ор ыстар	32		28	8		5	90
Жұмысшылар	Бас қа ұлттар	11		08	2		-	11
Қызметкерлер		5		5	5		-	6
		2		2	1		-	3

3-кесте. 1929 жылғы өнеркәсіптік кәсіпорындардағы кадрлардың ұлттық құрамының картасы [10].

Жоғарыда келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай (3-кесте) ресейлік жұмысшылар мен қызметкерлердің үлесі 99,02% -ды, ал барлық қызметкерлердің 74% -ын құрады. Жұмыс істейтін қазақтардың үлесі тек 16% ғана, барлық санаттағы әйелдердің пайыздық үлесі барынша азайтылған. Сондай-ақ, зауыт училищесінің - 23 қазақ және 38 орыс, ал болашақ мамандығы бойынша 4 қазақ және 24 орыс жеке білім алған оқушыларының саны туралы мәліметтер бар [11]. Риддер тұрғындарының этникалық құрылымында орыс ұлты халықтың көп бөлігін құраған.

Үлбі ГЭС-нің іске қосылуы, Рубцовка-Риддер темір жолының пайдалануға берілуі қаланың одан әрі индустриалды дамуына үлкен ықпал етті [12]. 1934 жылы жұмысшылар мекені 27 мыңнан астам тұрғыны бар қаланың мәртебесін алды [13].

Ұлы Отан соғысы кезінде қаланың негізгі кәсіпорны, полиметалл комбинаты қорғасын өндірісін 100% арттырып, жұмысқа қабілетті халықтың басым бөлігі майданға жұмылдырылды, ал өнеркәсіп өндірісінің мамандары Ресейдің орталық аймақтарынан келді. 1941 жылдың ақпан айында Риддердің аты Лениногорск болып өзгертілді [14]. Соғыс жылдарынан кейін қаланың кәсіпорындары қарқынды дамып келеді [15]. 1966 жылы қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған мырыш зауыты іске қосылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 шілдедегі Жарлығымен қалаға Риддер тарихи атауы берілді [16]. Бүгінгі күні Лениногорск ауданының 50 мыңнан астам тұрғыны бар әкімшілік орталығы ауылдық округ және қала маңындағы ауылдық округ (19 елді мекен және ауыл) өз құрамына қосқан. Облыс жер қойнауының едәуір қорына бай, оның негізгі бөлігі мырыш, мыс, бағалы металдар бар полиметалл кендері болып табылады.

Риддер қаласы Шығыс Қазақстан облысының ірі өнеркәсіптік аймақтарының бірі болып табылады. 01.03.2018 ж. Риддер қаласының халқы 57470 адамды құрады, оның ішінде қалада 54312, ауылда 3158 адам тұрады. 2018 жылдың басында халық саны 76 адамға азайды.

2018 жылдың қаңтар-наурыз айларында халықтың табиғи азаюы (денсаулық сақтау басқармасының деректері бойынша) 85 адам болды. Осы кезеңде 155 бала дүниеге келді (2017 көрсеткішіне 93,4% - 166 бала), 240 адам қайтыс болды (2017 жылы көрсеткіштің 103% -ы - 233 адам).

Риддер қаласындағы 01.04.2018ж. жағдай бойынша: -344 жұмыссыз тіркелген; -334 адам жұмысқа орналасты; -үміткерлердің жалпы санынан жұмыспен қамтылу деңгейі - 69,9%; -97 жаңа жұмыс орыны құрылды; -жастар практикасында 5 адам; -әлеуметтік жұмыс орындарына 14 адам тартылды; -қоғамдық жұмыстарға 139 жұмыссыз қатысты;

Риддердегі ірі және орта кәсіпорындардың мәліметіне сәйкес, 2017 жылға орташа айлық жалақы 155 365 теңгені құрады, бұл 2016 жылы орташа айлық жалақыдан 6,6% жоғары және Шығыс Қазақстан облысының өңірлері арасында ең жоғары көрсеткіш.

Облыс экономикасы полиметалл кен орындарын және кенді өңдеуді, жылу және гидроэнергетика салаларын, шағын бизнесті дамытуға бағытталған. 01.04.2018 ж. Риддер қаласындағы статистикалық есептер бойынша 599 шаруашылық субъектісі бар (барлық кәсіпорындар, ұйымдар және барлық меншік нысандары). Экономикалық субъектілердің жалпы санынан: 582 (97,2%) - шағын, 14 (2,3%) - орташа, 3 (0,5%) – ірі болып табылады [17]. Белгіленген өнеркәсіптік бағыттылық тау-кен өнеркәсібі мен түсті металлургияның басым болуымен байланысты, олардың өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлеміндегі үлесі 73,4% құрайды. Машина жасау, энергетика және шағын бизнестің кәсіпорындары бұл салаға қызмет көрсетуге бағытталған. Тау-кен өнеркәсібін «Қазцинк» ЖШС-нің Риддер кен-байыту комбинаты ұсынады, оның құрамына үш кен және

байыту фабрикасы кіреді. Металлургия кешенін металл, кадмий, күкірт қышқылының мырыш өндірісімен «Казцинк» ЖШС Риддер металлургиялық кешені ұсынады. Машина жасау өнеркәсібінде «Казцинкмаш» ЖШС өнеркәсіптік кешені болат конструкцияларын, болат және басқа да түсті металдарды, пластмасса бұйымдарын, «Қазмырыш-Ремсервис» өндірістік кешені, «Казцинк» ЖШС және «Казцинк» ЖШС «Казцветметремонт» ЖШС, «Востокмонтаж» ЖШС және «Аил» ЖШС металл бұйымдарын шығарумен айналысады.

Риддер өңірінде ауыл шаруашылық өндірісінің саласы 69 шаруа қожалығымен сипатталады, оның ішінде 2 ірі тауар өндірісімен, халықтың жеке қосалқы учаскелерінде жер шаруашылығымен айналысады. Бірегей табиғи және рекреациялық ресурстардың болуы (Риддер айналасындағы ландшафтар) аймақтың туристік әлеуетін анықтайды. Рудный Алтайының негізгі табиғат көздері қала маңындағы аумақтарда шоғырланған және көптеген туристерді тартады. Облыста 2 үкіметтік емес туристік ұйым, 10 қонақ үй, 4 шаңғы базасы, 11 сауықтыру орталығы, Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы және Алтай ботаникалық бағы бар. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы нақты сектор мен әлеуметтік саладағы көрсеткіштердің оң динамикасымен сипатталады[18].

Қорыта келе, Риддер қаласының тұрғындары Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында белгіленген міндеттерді нақты орындауға ерік-жігерлерімен кірісіп, 2010 жылғы 29 қаңтардағы Назарбаевтың «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты баяндамасындағы экономикалық даму саласындағы маңызды басымдықтардың бірі - еліміздің өнеркәсіптік әлеуетін дамыту және индустриалды дамуын негізгі міндет деп біледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алексеенко Н.В. Очерки истории Рудного Алтая. - Усть-Каменогорск, 1974. - С. 59.
2. Ярков В.П., Державин Н.В., Врублевский В.А. Риддерское месторождение полиметаллических руд. – Семипалатинск, 1924. – 27 с.
3. Государственный архив Алтайского рая. Ф. 1. - Оп 2. - Св.435. - Д. 757. - Л. 7.
4. Очерки истории Рудного Алтая. – Усть-Каменогорск: УКПИ, 1974. – 69 с.
5. Декреты советской власти. – М.: Политиздат, 1957. – Т.2. – 259 с.
6. Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921 – 1925гг.) Сборник документов. – Алма-Ата, 1962. – 476 с.
7. Чернышев В.В. Лениногорский полиметаллический комбинат. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 82 с.
8. Рудный Алтай. Сборник документов и материалов. - Алма-Ата, 1985. - Т. 1. - С. 23.
9. ГА ВКО Ф. 50. – Оп.1. – Д. 466. – Л.12.
10. ГА ВКО Ф. 50. – Оп.1. – Д. 466. – Л. 13.
11. ГА ВКО Ф. 50. – Оп.1. – Д. 466. – Л. 14.
12. ГА ВКО Ф. 50. – Оп.1. – Д. 476. – Л. 34.
13. ГА ВКО. Ф. 1109. – Оп.5.– Д. 212. – Л. 3.
14. ГА ВКО Ф. 50. – Оп.1. – Д. 471. – Л. 68.
15. ГА ВКО Ф. 50. – Оп.1. – Д. 466. – Л. 60.
16. Указ Президента Республики Казахстан от 28 июля 2002 года / О возвращении городу Риддер исторического названия. <http://www.zakon.kz>.
17. ridder-inform.kz Отчет акима Отчет об итогах социально-экономического развития города Риддера за 2018 г.
18. <http://ridder.gov.kz>

Айсұлу Хайрулдаева

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІДЕГІ ОТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДАҒЫ ҚАЗАҚ-ХИУА ҚАТЫНАСТАРЫ

Аңдатпа. Мақала ҚР БҒМ № АР05132796 жобасы аясында жазылған. Мақалада XVIII ғ.-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның Хиуа хандығымен қарым-қатынастарының тәуелсіздік кезеңіндегі зерттелу тарихнамасы қарастырылған. Қазақ-хиуа байланыстарына қатысты зерттеу еңбектеріне шолу жасалған.

Түйін сөздер. Қазақстан, Хиуа хандығы, Кіші жүз, тарихнама, зерттеу

Айсұлу Хайрулдаева

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА ПРО КАЗАХСКО-ХИВИНСКОЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ В XVIII – В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВВ.

Аннотация. Статья выполнена в рамках реализации проекта № АР05132796 МОН РК. В статье рассматривается изучение проблемы взаимоотношения Казахстана с Хивинским ханством в XVIII- первой половине XIXвв. в современной отечественной историографии. В ней делается обзор трудов рассматривающих казахско-хивинские отношения того периода.

Ключевые слова. Казахстан, Хивинское ханство, Младший жуз, историография, взаимоотношение.

Aysulu Khairuldaeva

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

LOCAL HISTORIOGRAPHY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN ABOUT THE KAZAKH- KHIVA RELATIONS IN XVIII - IN THE FIRST HALF OF XIX CENTURIES.

Abstract. Article executed within the framework of the project № АР05132796 MES of RK. The article deals with the study of the problem of relations between Kazakhstan and the Khiva khanate in the XVIII - first half of the XIX century. in modern Kazakh historiography. It is a brief survey of works addressing the Kazakh-Khivan relations of the period.

Keywords. Kazakhstan, the khanate of Khiva, the Small Zhuz, historiography, relationship.

Кіріспе

Орталық Азия аймағы қазіргі таңда дербес бес мемлекеттен тұратын, геосаяси маңызға ие аймақтардың бірі болып табылады. Аймақ мемлекеттерінің ұқсас, ортақ тұстары көп: барлығы да алдымен патшалық Ресейдің отар елдеріне айналса, кейіннен өздерінің саяси дамуында кеңестік кезеңді бастан өткеріп, 1991 жылға дейін КСРО-ң құрамдас бөліктері болған; тарихы ортақ; мәдениеттері ұқсас және т.б.. Сондықтан да Орталық Азия аймағын мекендеген халықтардың қарым-қатынастарының да көптеген ғасырлық тарихы бар, бірақ зерттелу деңгейі әлі күнге жеткіліксіз деп санауға болады.

Орталық Азия аймағындағы елдер арасында ерекше рөлі бар Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары өз даму тарихында ұқсас кезеңдерден қатар өтіп келе жатқан тағдырлас мемлекеттер. Қазақ-өзбек қатынастары аталмыш екі мемлекет өз тәуелсіздіктерін алып, төл тарихына қайта ден қойғанға дейін зерттеушілердің назарынан тыс қалған маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Оның себебі патшалық Ресей кезеңінде қазақ, өзбек демей, жалпы ортазиялықтар деп қараса, кеңестік тарихнама керісінше олардың туыстас, бауырластығына жік түсіргісі келгендей бір-бірінен оқшау қарап, қарым-қатынастарын емес, оларды бір-бірінен ажырататын ерекшеліктерін айқындауға тырысты. Қазақстан тарихында қазіргі Өзбекстан орнында дербес хандық ретінде өмір сүрген мемлекеттердің бірі Хиуа хандығымен қазақтардың қарым-қатынастары туралы зерттеу жүргізу әлі де өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Хиуа хандығы он сегізінші ғасырдан бастап Кіші жүз қазақтарымен тығыз қарым-қатынаста болып, патшалық Ресейдің құрсауына іліккен қазақтардың тағдыры да көршілес ел назарынан тыс қалған жоқ және он жетінші ғасырдың ортасында қазақтар сияқты саяси билік басында Шыңғыс хан ұрпақтары билік жүргізу тиіс деген принципті ұстанған хиуалықтар тіпті билік жүргізу үшін хан-сұлтандарға қолқа салып, кейбір

қазақ билеушілерінің Хиуа хандары болғаны туралы тарихтан белгілі. Сонымен қатар қазақтар мен Хиуа хандығы арасында сауда қатынастары, мәдени, шаруашылық байланыстар да дамыған.

Қазақ-хиуа қатынастары туралы еңбектер қазіргі қазақстандық тарихнамаға дейін де қарастырылған, дегенмен де он тоғызыншы ғасырдағы еңбектер патшалық Ресей тарапынан арнайы жіберілген зерттеушілердің, Орта Азияны қосып алу үшін арнайы жасақталған экспедиция мүшелері немесе әскери офицерлер еңбектерінде және жалпы Хиуа хандығы тарихына арналған еңбектерде қарастырылған болса, кеңестік кезеңдегі тарихнамада таптық маркстік, лениндік ілім негізінде жазылған еңбектер де аталмыш мәселені толық аша алмады деуге болады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде қазақ тарихының көптеген мәселелерінің ақтаңдақ беттері қайта ашылып, қайтадан зерттеу нысанына айналған болатын. Қазақ-хиуа қатынастары да тікелей немесе сол кезеңдегі тарихи оқиғаларды зерттеу барысында қайтадан қарастырылып, жаңаша көзқарас тұрғысынан тұжырымдала бастаған еді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі XVIII ғ.-XIX ғ. бірінші жартысындағы қазақ-хиуа қатынастарына байланысты зерттеулерді төмендегідей топтарға бөліп қарастыруға болады:

- Тікелей XVIII ғ.-XIX ғ. бірінші жартысындағы қазақ-хиуа қатынастарына арналған;
- XVIII ғ.-XIX ғ. бірінші жартысындағы Қазақстанның Орталық Азияның басқа елдерімен қарым-қатынастарына арналған, соның ішінде қазақ-хиуа қатынастарын қарастыратын;
- Қазақ тарихында аты қалған хандар, сұлтандардың өмірі, саяси қызметі, билік құру кезеңіне арналған зерттеулер шеңберінде қазақ-хиуа қатынастары туралы да айтылатын;
- Сырым Датұлы, Жанқожа батыр бастаған көтерілістерге және басқа да сол кезеңдегі оқиғаларға қатысты тарихи жырларды зерттеуге арналған әдебиеттанушылық зерттеу еңбектеріндегі қазақ-хиуа қатынастарының қарастырылуы.

Тікелей қазақ-хиуа қатынастарына арналған зерттеу көп емес, тек бір ғана қазақстандық ғалым А.Б.Абдуалы аталмыш мәселені зерттеумен айналысады. Автордың XVIII ғ. – XIX ғ. 60 жылдары арасындағы кезеңдегі қазақ-хиуа қатынастарына қатысты отыздан астам ғылыми-зерттеу мақалалары, монографиялық еңбегі [1] жария болған және докторлық диссертациясы [2] бар. А.Абдуалы қазақ-хиуа қатынастарын қарастырғанда негізінен Кіші жүз қазақтарымен байланыстарын қарастырады және бұл объективті де, себебі Хиуа хандығы негізінен қазақ даласының Кіші жүз бөлігі мекендейтін аймағымен шектескендіктен, екі елді байланыстыратын мәселелер негізінен аталмыш территорияда орын алып, өрбіген. Автор өз зерттеу еңбектерінде көптеген мұрағат құжаттарына, қолжазбаларға, фольклор үлгілеріне сүйенген. А. Абдуалы мақалаларында, монографиясында, диссертациясында XVIII ғ. – XIX ғ. 60 жылдарындағы қазақ-хиуа саяси, экономикалық, сауда, мәдени-рухани байланыстарын қамтиды.

Автордың қазақ-хиуа қатынастары туралы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі оның докторлық диссертациясы болып табылатындықтан, аталмыш еңбекке қысқаша шолу жасап өтсек. Зерттеуші XVIII ғ. – XIX ғ. 60 жылдарындағы қазақ-хиуа қатынастарын кешенді түрде зерттеген ауқымды еңбек болып табылады және бес үлкен тараудан тұрады [2]. Аталмыш кезеңде Кіші жүз қазақтары мен оған көршілес халықтардың өмірін өзгеріске алып келген жаңа жағдайлардың қалыптасуы олардың қарым-қатынастарының сипатына да әсер етпей қоймады, ал бұл өз кезегінде байланыстарды дамытудағы қолданылған әдіс-тәсілдер қазақтар мен хиуалықтардың ары қарайғы тағдырына да ықпал етті деп санайды автор. Хиуа хандығы мен шегаралас қазақ жерін мекендеген қазақтардың әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өмірі тарихи, географиялық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, олардың территорияларының шегаралас көрші болуы, тілінің, мәдениетінің ұқсастығы тұрақты сыртқы саяси қарым-қатынастарды қалыптастырды және осындай тығыз қарым-қатынастардың нәтижесі XVIII ғасырдағы Кіші жүз сұлтандарының Хиуа хандығы тағында билік етуіне алып келді және бұл кезең қазақ-хиуа қарым-қатынастарының интенсивті даму кезеңі деп санайды. Бір ғасырдан атам уақыт аралығындағы қазақ-хиуа саяси, әлеуметтік-экономикалық, сауда, мәдени қатынастарының дамуы, орын алған өзгерістері, оның себептер, әр билеуші тұсындағы ерекшеліктері, оған ықпал еткен сыртқы және ішкі факторлар қарастырылған. Тек қазақтар мен Хиуа арасындағы қатынастар ғана емес, Ресей-Хиуа қарым-қатынастары шеңберіндегі екі ел байланыстары талданған. Қазақ-хиуа байланыстары оқшау түрде емес, Орталық Азия аймағы шеңберінде, аймақтық қарым-қатынастар тарихы ретінде қарастырылған. Егер осыған дейінгі жалпы қазақ-өзбек қатынастарына қатысты еңбектерде кеңестік идеология ықпалы басым болса, қарастырылып отырған зерттеу ондай сипаттан таза деуге болады. Қазақ-хиуа қатынастары тек баяндалып қана қоймай, Кіші жүз қазақтары мен Хиуа хандығы халықтары арасындағы қарым-қатынастар мен өзара ықпалдастықтың деңгейі мен даму динамикасына әсер теуші факторлар айқындалып, қорытылған; XVIII ғасыр – XIX ғасыр бірінші жартысындағы қазақ-хиуа қатынастарындағы негізгі салалар анықталып, талданған; көрсетіліп отырған кезеңдегі қазақ-хиуа сауда қатынастарын сипаттайтын кестелер құрастырылып берілген; екі елдің

қарым-қатынастарын қарастыра отырып Кіші жүз бен Хиуа хандығының тарихи дамуындағы ортақ байланыстар көрсетілген [2, 5-20].

Қарастырылып отырған кезеңдегі Кіші жүз бен Хиуа хандығындағы геосаяси жағдайға сипаттама, аймақтың дамуындағы саяси даму ерекшеліктері көрсетілген бірінші тарауда он сегізінші және он тоғызыншы ғасырдағы Кіші жүз бен Хиуа хандығы арасындағы саяси байланыстар арасалмағы айқындалып, бастапқыда саяси үстемдікке ие болып, тіпті Хиуа билігіне отырған қазақтардың кейінгі ғасырда өз ықпалынан айрылып, керісінше Хиуа хандығы билігінің басына келген билеушілердің Кіші жүздің кей руларын, территориялық бөліктерін бағындыру себептерін көрсетеді және Кіші жүз қазақтары мен Хорезм оазисін мекендеген халықтардың қарым-қатынастарының жандану тарихын Жоңғар шапқыншылығы кезеңінен бастайды. Көшпелі қазақ руларының сол кезеңнен Хиуа шегарасына, бекіністеріне жақын көшіп-қонып жүргенін немесе Хорезм оазисінің солтүстік-батыс шетіне қоныстанғаны туралы айтылады. Қарастырылып отырған уақыт аралығында Хиуа хандығы территориясында елу мыңға жуық қазақтар қоныстанғаны туралы мәлімет келтірілген. Қазақ-хиуа қатынастарының тұрақсыз сипат алуын Хиуа хандығы мен Кіші жүз территориясындағы билеушілердің ұстанған саясаты, әрқайсысының саяси курсына тоқтала отырып талдайды. Кіші жүз руларының билеушілерінің сыртқы саяси курсына екі түрлі бағытты ұстанды дей келе, оларды ресейлік бағытты ұстанушы Әбілқайыр әулеті (Әбілхайыр, Нұралы, Ералы, Есім, Айшуақ, Жантөре) және өз қайраткерлігінде ортазиялық елдерге, әсіресе Хиуа хандығына арқа сүйеген Қайып әулеті (Батыр, Қайып, Әбілғазы, Шерғазы) деп бөледі. Сондай-ақ, Сырым Датұлы бастаған көтеріліс туралы айтылғанда Сырым батырдың 1785 жылдан Хиуа хандығынан қолдау тауып, елдің саяси институттарын, тәуелсіздігін сақтап қалуға ұмтылғандығы туралы тұжырым жасалған [2, 42-97].

XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан мен Хиуаның әлеуметтік-экономикалық дамуы қарастырылатын тарауда екі этносаяси бірлестік халықтары арасындағы шаруашылық байланыстардың, материалдық өндірістің дамуы талданады []. Территорияларының көршілес орналасуы, дәстүрлерінің ұқсастығы сол кезеңге дейінгі қалыптасқан сауда қатынастарымен бірге тұрақты сыртқыэкономикалық байланыстарды тудырғанын, Кіші жүз қазақтарының жыл өткен сайын Хиуаға сататын мал басын арттыра түскені, ал Хиуадан астық өнімдері тұрақты түрде сатып алынып отырғанын келтіреді. Хиуалық егіншілердің де, қолөнершілердің де өндірісінің Кіші жүзден алынатын мал шаруашылығы өнімдеріне тәуелді болғандығы жайлы айта келе, Хиуа қалаларының шаруашылық өмірлерінің далалы аймақпен, әсіресе Кіші жүзбен саудаға бейімделіп, бағытталғандығы деген тұжырым жасайды, яғни, қазақтар мен хиуалықтар арасында өзара тиімді айырбас саудасы басымдыққа ие болған [2, 98-135].

Үшінші тарау аталмыш кезеңдегі қазақ-хиуа сауда қатынастары талданып, қазақ билеушілері мен хиуалық хандардың ұстанған сауда саясаты, қазақтар мен Хиуа арасындағы сауда қатынастары жүйелі түрде қарастырылады. Кейбір жекелеген билеушілер тұсындағы сауда саясатының ерекшеліктерінің, оның қазақтар мен хиуалықтар арасындағы сауданың дамуына ықпал ету деңгейі талданады, қазақ жерінде Ресей саясатының күшейе түсуінің екі ел арасындағы сауда қатынастарына әсері, қазақтардың Ресей мен Хиуа арасындағы сауда қатынастарындағы делдалдық қызметі туралы толық талдау жасалған [2, 136-216].

Ал қазақтар мен хиуалықтар арасындағы мәдени байланыстар туралы айтылғанда сол кезеңде мәдениет пен өзіндік дамуда дәстүрлі сипаты сақталғандығы, екі ел халқын біріктіруші фактор ретінде ислам дінінің рөлі жоғары болды деген баға берілген. Хиуа билеушілерінің ислам дінін таратудағы өз орындарын тек, мәдени, өркениетті ғана емес, саяси, идеологиялық тұрғыдан да көрді, яғни шегаралас қазақ жерінде өз биліктерін кеңейту және нығайту мақсатында мұсылмандық насихат жұмыстарын жақсы жүргізгендігіне баса назар аударады [2, 216-260].

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Кіші жүз қазақтары мен Хиуа хандығы арасындағы әскери-саяси қатынастар тарихына арналған тарауда Хиуа хандығы билігіндегі Үстірт пен Аарал маңы қазақтарының жағдайы, Ресейге қарсы орын алған ұлт-азаттық қозғалыстар кезіндегі екі ел арасындағы байланыс, Ресейдің Қазақстан мен Хиуа хандығын ғасырдың 60-70 жылдарында басып алуы мәселелері қарастырылады. Мұхаммед рахым мен Аллақұл басқару кезеңіндегі Кіші жүз жерінің бір бөлігінің Хиуа хандығына бағындырылуы, Кіші жүздің саяси әлсіздігін пайдаланып Хиуаның аймақтық көшбасшылыққа ұмытлуы, Хиуа хандығы экспансиясына қарсы шыққан Қаратай хан, Арғынғазы хан, Шерғазы Қайыпов, Жанқожа, Есет, Жоламан, Сүйінқара батырлардың іс-әрекеттері, Кенесары бастаған азаттық үшін қозғалыс кезінде батырдың Хиуа, Бұхара хандықтарынан қолдау іздеуі немесе Жанқожа, Есет, Жоламан батырлардың кейіннен Ресей отаршылдығына қарсы күресте бұрын қарсылас ретінде санаған Хиуа хандығын одақтас ретінде көргісі келіп, сүйеу іздеуі бұл бөлімде қарастырылған негізгі мәселелер болып табылады [2, 261-312].

Абдуалы зерттеуі XVIIIғ. -XIX ғасыр бірінші жартысындағы қазақ-хиуа қатынастарына арналған жүйелі, объективті бірден-бір еңбек болып табылады. Еңбектегі шығыс деректерінің қолданылмауы оның

сәл ғана кемшін тұсын білдіргеніне қарамастан, аталмыш зерттеу жұмысының тәуелсіз кезеңдегі Қазақстан тарихнамасындағы орны ерекше, құнды еңбек екендігіне еш күмән келтірмейді.

Этнолог М.У.Шалекеновтың Арал маңы халықтарының XVIII-XIX ғасырлардағы қарым-қатынастарына арналған кітабын жалпы қазақ-өзбек қарым-қатынастарын зерттеуге арналған еңбектер қатарына жатқызуға болады. Еңбектер мемлекетаралық емес Арал бойын мекендеген халықтар арасындағы этникалық, шаруашылық, мәдени, сауда қарым-қатынастарына арналып жазылған, дегенмен де Арал маңын мекендеген халықтардың Хиуа хандығымен шектесетіндігін және онымен тығыз байланыста өмір сүргенін ескерсек, қазақ-хиуа қатынастары туралы да мәліметтер алуға болады, тек аталмыш аймақты мекендеген қазақтар мен Хиуа хандығы арасындағы қатынастар туралы. Монографияда хиуалық тарихшылар Мұхаммед Мираб Мунис пен Риза Миреб Агехи мәліметтері; орыс зерттеушілерінің еңбектері; он сегізінші, он тоғызыншы ғасырларда Қазақстанға, Орта Азия мемлекеттеріне арнайы тапсырмалармен табан тіреген офицерлер, шенеуніктер, саяхатшылар естеліктері; Қазақстан, Ресей, Өзбекстан мұрағаттарының құжаттары, қазақстандық тарихшылар зерттеулері пайдаланылған. Монографияның Арал маңы халықтарының этникалық байланыстарына арналған екінші тарауында XVIII ғасырдағы Кіші жүз қазақтары мен Хиуа хандығы арасындағы территориялық, саяси байланыстар туралы мәліметтерден сол кезеңнің 60-жылдарына дейін саяси тұрақсыздық орын алған Хиуа хандығында Әбілхайыр хан, оның ұлдары Нұралының, Ералының, Болат ханның ұлы Қайып сияқты Шыңғыс хан ұрпақтарынан шыққан қазақ хандарының билік жүргізгендігі туралы айтылады [3.35-42]. Хиуа хандығы қазақ билеушілері қолдауымен Иран шахының вассалына айналу қатерінен құтылғанын, бірақ қазақ билеушілеріне Хиуа хандығындағы саяси билікті нығайтудың сәті түспегенін көрсетеді. Ресей патшалығының алғашқы боданы болған Әбілхайыр және оның ұлы Нұралы арқылы Хиуа хандығы мен Ресей арасында қатынастар орнаған, бірақ географиялық орналасу жағдайларына байланысты Ресейге Хиуа хандығын өзіне қосып алу мүмкіндігі болмаған деген тұжырым жасайды автор [3.39].

Үшінші тарауда XIX ғасыр басынан бастап саяси билігін күшейткен Хиуа хандығының өзбектің қоңырат руынан шыққан билеушілерінің, әсіресе Мұхаммед Рахым (1806-1825жж.) хан кезінде Арал маңында орналасқан Кіші жүз қазақтарына қатысты сыртқы саясатында оларды бағындыруды мақсат еткені жайлы және Ресей патшалығының ықпалынан айыруды мақсат еткені жайлы айтылады. Мұхаммед Рахымның ұлы Аллақұл басқаруы кезінде де (1825-1842 жж.) Хиуа хандығының қазақтарға қатысты сыртқы саясатының негізгі міндеттері сақталып қалды және Кіші жүздің соңғы ханы Шерғазы Айшуақұлының және табын, шөмішті руларының Хиуа хандығы құрамында біраз уақыт болғандығы жайлы, патшалық Ресей хандық билікті жойған кезде Хиуа хандығынан қолдау күткені жайлы мағлұмат алуға болады [3.50]. Аталмыш тарауда Жанқожа Нұрмұхаммедұлының Хиуа хандығына қарсы Сыр бойы қазақтарының көтерілістеріне басшылығы аталған көтерілістердің барысы жайлы қысқаша шолу жасалады [3.62-63].

Арал маңы халықтарының шаруашылық және сауда қатынастарына байланысты тарауларда он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы дамуына қатысты мәліметтерге басымдық берілген, дегенмен де қазақтардың Хиуа хандығына мал өнімдерін өткізіп, олардан мата өнімдерін және астық алғандығы туралы және сауданың негізінен айырбастық сипаты басым болғандығы жайлы білуге болады. Сондай-ақ қазақ жері арқылы Ресей мен Орта Азия елдері, соның ішінде Хиуамен де сауда қатынастарын дамытуда сауда керуендерінің көптеп өтіп, дамығаны жайлы айтылады [3.72-100].

Арал бойын мекендеген халықтардың мәдени байланыстары қарастырылған соңғы тарауда қазақтар мен өзбектер арасында рухани жағынан көптеген ортақ тұстары бар екендігін, олардың ортақ қасиетті орындары бар екендігі, ислам дінін ұстанатындығы, Хиуа мен Бұхарада да көптеген қазақтардың білім алғандығы, және ол жақтан тек діни білім ғана емес, түрлі ғылым салаларымен танысатындығы туралы айтылып, Хиуа мен Бұхарада берілетін білім сапасының татар молдалары берген білім сапасынан күшті екендігі туралы пікір білдіреді [3.133]. Монографияда әдебиеттегі көршілес халықтардың байланысы туралы айтылғанда, қазақтың көзі ашық адамдарының Орта Азия елдерінің, әсіресе Хиуа мен Бұхараның рухани ықпалында болғанын айта келе, олардың көпшілігінің Хиуада білім алғанын немесе қазақ жерінде туылғанымен, Хиуада білім алып, өмір сүргенін жаза келе, Абыл ақынды (1777-1864), Қашаған Құржыманұлын (1830-1870) ақындарды атап кетеді [3.150].

Этнограф, Қазақстандағы тарих ғылымының дамуында елеулі еңбегі сіңген ардагер зерттеуші У.Х.Шалекенов және М.У.Шалекеновтың біріккен авторлығындағы монографиялық еңбегі тікелей қазақ-хиуа қатынастарына емес, жалпы Амудария мен Сырдария бойын мекендеген халықтардың XVIII-XX ғасырлардағы тарихына, этнологиясына арнап жазылған [4]. Монографияның бір тарауы Арал маңындағы қазақтар мен Хиуа хандығы арасындағы XVIII-XX ғасырлардағы қарым-қатынастар тарихына арналған [4.32-95]. Монографиялық еңбек орыс саяхатшыларының, зерттеушілерінің, офицерлерінің еңбектеріне, Мәскеу, Санкт-Петербург, Ташкент мұрағаттарының құжаттарына, өздері қатысқан экспедициялар барысында жинақтаған материалдарына негізделген. XVIII-XX ғғ. қазақ-хиуа қатынастары туралы

монографияда бір тарау арналған [4.32-94]. Еңбекте Кіші жүз қазақтарының ішінде табын, тама, тілеу, рамазан, алаша, таз, жаппас, адай және байұлына қарасты барлық рулардың Хиуа хандығының солтүстік бөлігімен шегаралас территорияларды қоныстанғаны, Хорезм оазисіндегі халықтармен қатар өмір сүргені жайлы айтылады және олардың біртіндеп Хиуа хандығы территориясына жақындай түсіп, ал он тоғызыншы ғасыр басына қарай Хиуа билігін қабылдағаны жайлы айтылады. Арал маңы қазақтарының Хиуа хандығымен саяси қатынастарына тоқталғанда ең алдымен Әбілхайыр ханның саяси ықпалының Амудария бойындағы Арал иелігіне, сол арқылы Хиуаға да таралғандығы туралы мәлімет келтірілген. 1740 жылдардағы Иран шахы Надирдің Хорезмге шабуылы барсында онымен қақтығысқа түскен Хиуа ханы Илбарыстың қаза болуына байланысты хиуалықтардың хан тағына Шыңғыс хан ұрпақтарына жататын ақсүйектерден басшы іздеуі және көршілес қазақ билеушілеріне қолқа салуы жайлы баяндалады [4.38]. Хиуа хандығында Әбілхайырханнан бастау алған қазақ хандары мен сұлтандарының билік етуі тұрақты болмаса да бірнеше жылға дейін жалғасқандығы туралы тоқталған авторлар Нұралыдан кейін Қайып сұлтанның отырғандығына (1747-1757жж.) тоқталады.

Он сегізінші ғасырдың алпысыншы жылдарынан билікке келе бастаған өзбектердің қоңырат тайпасынан шыққан хиуалық билеушілердің Ресейге қарсы жаулық көзқараста болғандығы және Кіші жүздің оның құрамына қосылғанын жақтырмай, оларды кері қайтару мақсатында Сырым Датұлы бастаған көтерілісті пайдаланғысы келгендігі жайлы білуге болады. Сондай-ақ, Шерғазы Қайыпов және Әбілғазы Қайыповтардың өзбек инактарының жалған басшылары, яғни тек басшы деген атауы бар, бірақ шын мәнінде билікті инактардың жүргізіп отырғаны жайлы айтылып өтеді. Авторлардың ойынша Әбілхайыр кезінен басталып он сегізінші ғасырдың аяғына дейін хиуалық хандардың қазақ сұлтандарынан сайлануының өзі кездейсоқтық емес, себебі Хиуа хандығы мен Кіші жүз қазақтары саяси, экономикалық жағынан тығыз байланысты болды деп есептейді [4.44].

Он тоғызыншы ғасырда саяси билігін күшейткен Хиуа билеушілерінің Жаңадария, Қуандария, Сырдарияның төменгі ағысын, Үстірт пен Маңғыстау қазақтарын бағындыруға тырысқандығы жайлы жазады. Хиуа билеушілерінің қазақтарға қатысты жүргізген саясатындағы негізгі мақсаттары: Сыр бойы қазақтарын өздеріне бағындыру және қазақ жері арқылы өтетін Ресей мен Бұхара арасындағы сауда байланыстарын тоқтату болды деп көрсетеді. 1816 жылы Кіші жүздің ханы болып сайланған Арғынғазының Бұхар әмірімен жақын болғанын, бірақ хиуа билеушісі Мұхаммед Рахымды(1809-1825жж.) мойындамағаны туралы айтылады. Арғынғазы билігі кезінде Хиуа билеушісінің Сыр бойы қазақтарына жорық жасап, тонаушылыққа ұшыратқаны туралы білуге болады. Мұхаммед Рахымның көптеген жорықтары нәтижесінде Хиуа хандығына 10000 Әлімұлы, 8000 Байұлы, 7000 Жетіру, жалпы 27000 мың қазақ отбасының бағындырғаны туралы мәлімет береді. Сол кезеңде, яғни он тоғызыншы ғасырдың бірінші ширегінде көптеген қазақтардың Хиуа хандығының территориясында Амударияның оң және сол жағалауы, солтүстік батыс шегарадасында өмір сүргендігі жайлы айтылады. Мұхаммед Рахымның Сыр қазақтарын бағындыру үшін оларға Қайыптың ұлы Шерғазыны хан етіп тағайындағанын (1812-1821жж.), оның өлімінен кейін Мансыбай Жанғазиевтың басқарғаны туралы мәлімет келтіреді. Монографияда Мұхаммед Рахым қайтыс болған соң Сыр бойы қазақтарына қатысты оның саясатын ұлы Алақұлының(1825-1849) жалғастырғанын және оның билігі кезінде Хиуа мен Ресей қатынастарының жыл өткен сайын нашарлауына байланысты Хиуаның 19 ғасырдың отызыншы жылдарындағы қазақ жері үшін күресі таза әскери-стратегиялық мақсатта болды деп баға беріледі [4.51]. Хиуа хандарының Сыр бойы қазақтарына биліктерін жүргізу барысында жергілікті Кіші жүз қазақтарына арқа сүйеп, солар арқылы халықтан зекет, ұшыр сияқты салық түрлерін жинап отырды деп көрсетеді және Сауқым Бөкеев, Ермұхаммед (Елкей) Қасымов, Қайыпғали Есімов, Жанғазы Шерғазыұлы, Шерғазы Айшуақовтар атын атап көрсетеді. 1824 жылы Кіші жүзде хандық билік жойылғаннан кейін патша үкіметі тарапынан биліктен шеттетілген Шерғазы Айшуақовтың Хиуа ханы Алақұлдан көмек сұрағандығы және оның хиуалық билеуші тарапынан елеусіз қалмай екеуінің арасында достық қатынастар орнағаны туралы айтады.

Жалпы еңбектен қазақ-хиуа қатынастарына байланысты көптеген құнды мәліметтер алуға болады, бірақ еңбектің орыс зерттеушілерінің мәліметтеріне негізделіп жазылғанын және хан-сұлтандар, билеушілер қызметіне, тұлғасына кеңестік бағалау белгілері сақталғанын ескерсек, кейбір мағлұматтарды әлі де болса елеп-екшеу қажет деген пікір қалыптасады. Дегенмен, отандық тарихнамада аталған еңбектің маңызы жоғары деуге әбден лайық.

Жалпы қазақ-өзбек қатынастарын зерттеу барысында қазақ-хиуа байланыстары туралы тоқталған авторлардың қатарында Сейітқали Мадуановты айтуға болады. Ұзақ жылдар бойы қазақтардың Орталық Азияның басқа халықтарымен қарым-қатынастарын зерттеген С.Мадуановтың 1991 жылдардан кейін де осы бағыттағы жұмысын жалғастырғанын байқауға болады. 1992 жылы Түркістанда басылып шыққан XIX ғ.-XX ғасыр бас кезіндегі қазақ-өзбек қатынастарына арналған еңбегі он тоғызыншы ғасырдағы орыс зерттеушілер, саяхатшылары, әскери қызметкерлерінің және кеңестік кезеңде жарық көрген қазақ, өзбек, орыс

зерттеушілерінің еңбектеріне сүйеніп жазылған. Еңбектің қазақ және өзбек халықтарының саяси қарым-қатынастарына арналған тарауының Хиуа хандығымен қарым-қатынастары қарастырылатын бөлімінің ерекшелігі тек Арал маңы және Сырдария мен Амударияның төменгі ағысындағы қазақтарды ғана емес, Маңғыстау, Үстірт қазақтарын да қамтып, географиялық ауқымын кеңейткен. Үстірт пен Арал маңы қазақтарының Хиуа хандығымен байланыстарын Жоңғар шапқыншылығы кезеңінен бастаған автор, 1741 жылы Кіші жүз қазақтарының азырақ бөлігінің Хорезм оазисінің солтүстік батысына қарай жылжып, Хиуа хандығының территориясына орналасқанын және олардың Хиуа хандығымен, Сырдария, Арал маңындағы қазақтармен экономикалық, саяси тығыз қарым-қатынастар орнатқанына тоқталады. [5.19]. XVIII ғасырда Хиуа билігінде болған қазақ билеушілеріне шолу жасай отырып, олардың шынымен басқарса да немесе тек номиналды түрде басқарса да, Хиуа хандарының Кіші жүз қазақтарынан сайланып отыруы кездейсоқтық емес, себебі Хиуа хандығы экономикалық және саяси жағынан да Сырдария, Арал маңы қазақтарымен тығыз байланысты болды деген тұжырым келтіреді. Он тоғызыншы ғасырдың басында Хиуа хандығындағы орталықтың биліктің нығаюы және 1806 жылы билік басына көршілес территорияларды иеленуді көздеген Мұхаммед Рахымның келуімен қазақ-хиуа қатынастарының жаңа кезеңі басталды деп санайды [5.22]. Кіші жүздің шекті, байұлы, табын, алшын, адай руларының біраз бөлігінің Хиуа хандығына бағынышты болғандығын және қазақтар Хиуа хандығы халқының бір бөлігін құрағаны туралы мәліметтер береді. Хиуа билеушілері Кіші жүз қазақтарының ішіндегі беделді, дәулетті адамдар арқылы өз билігін жүргізіп, ұшыр, зекет сияқты салық түрлерін жинатып, өз ықпалдарын жүргізуге тырысқанын айта келе, патшалық Ресейдің орнатқан тәртібіне көңілдері толмаған жекелеген қазақ байларының Аллақұл кезінде Хиуа билігін мойындап, Хиуа ханы тарапынан хан, бек сияқты атақтар иеленгеніне тоқталып, олардың аттарын атап кетеді. Сонымен қатар Қайыпқали Есімов, Елкей Қасымов, Жүсіп Сырымов сияқты байлардың Хиуа хандығы территориясына қарай көшкені туралы, Хиуа билеушісінің Кенесары қозғалысы кезінде оған Сыр бойындағы хиуалықтар тұрғызған бекіністе тұрып, сол маңдағы зекет төлеуші қазақтарды басқаруды ұсынғаны жайлы айтылады және Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс барысында оған қолдау көрсетіп, қару-жарақ және оқ-дәрімен көмектесіп тұрғаны жайлы мәліметтерді келтіреді [5.29].

Хиуа билеушілерінің Сыр бойы, Арал маңы қазақтарына орыс билігі орнай бастағанда өз тарапынан Хиуа хандығына қосылуға үгіт жүргізу үшін арнайы 57 адамын жібергені туралы, олардың арасында дін өкілдерінің де болғандығын туралы мұрағаттық мәлімет келтіреді және Хиуа хандығы жағына өткізу үшін, орыстардың басқа дін өкілдері екенін, өздерінің бір дін өкілдері екендігін пайдаланғысы келген деп санайды [5.30]. 1853-1856 жылдары Хиуа хандарының қазақ жеріне қатысты саясаты жанданып, тіпті Сырдария қазақтарын өздеріне қосып алуды мақсат еткені туралы және Жанқожа Нұрмұхаммедұлының патша үкіметіне қарсы көтерілісін орыс жазалау отрядтары аяусыз басып тастағаннан кейін, Жанқожаның Хиуа хандығы шекарасында жасырынғаны жайлы мәлімет береді [5.35].

Қазақтар мен өзбектер арасындағы шаруашылық-экономикалық қарым-қатынастар туралы тараудың егіншілікке арналған бөлімінде Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде Хорезмнің солтүстік батыс шегарасына, Хиуа хандығы шегарасына қарай жылжыған Амудария мен Сырдарияның төменгі ағысы бойы қазақтарының суармалы жерлерге қоныстанғанын және өзбек диқандары ықпалымен суармалы егіншілікті игеріп, айналыса бастағаны жайлы айтылады [5.81]. Кітапта тек Хиуа ғана емес, Қоқан хандығы территориясында тұрған өзбектер мен қазақ диқандарының тығыз қарым-қатынастары, өзен суларын, арық жүйелерін бірлесіп пайдаланғаны туралы мағлұматтар берілген [5.75-104]. Мал шаруашылығына қатысты қазақ-өзбек байланыстары да жалпы қарастырылады, дегенмен қазақтардың қымыз, жылқының қаз-қартасы, тері бұйымдары және қазақтар арасында кең таралған қазақи жылқы, қарабайыр жылқы тұқымдарының, қазақи қой, қазақтардың сиыр тұқымдарының көшпелі өмірге бейімдігі, шыдамдылығы арқылы өзбектер сұранысына ие болып, олардың арасында да кең таралғанын, ал қазақ ешкілерінің түбітінің Орта Азия хандықтары ғана емес, тіпті Еуропалықтар үшін де бағалы болғаны туралы және кейбір шегаралас аймақтарда өзбектердің малдарын жаздай жайлауда болатын қазақтарға ақылы түрде қосып бақтырғаны туралы айтылады [5.105-122]. Сауда қатынастарына қатысты бөлімде қазақтар мен өзбектер арасындағы сауда қарым-қатынастарының жүздеген жылдардан бері жалғасып келе жатқаны, ал XVIII-XIX ғасырлардағы Орта Азия мемлекеттерінің жанданып, дамуына байланысты екі халық арасындағы сауда байланыстарының жандана түскені жайлы оң баға береді. Аталған бөлімнен қазақтар мен өзбектер арасындағы негізгі айырбас тауарлары туралы мәліметтер білуге болады: қазақтардың төрт түлік малдары өзбектерге азық-түлік, жұмыс күші ретінде, сондай-ақ мал өнімдері шикізат ретінде сатылса, өзбектерден қазақтар мақта мата, жібек мата, қолөнер бұйымдары, кіш-міш, астық өнімдері және т.б. сатып алып отырған [5.123-142]. Хиуа хандығымен сауда-саттық байланыстары негізінен Кіші жүздің рулары арасында болғандығын білуге болады [5.128]. Қазақ-өзбек сауда қатынастарына қатысты мұрағат құжаттарына негізделген нақты сандық мәліметтер біршама берілген.

Жалпы, еңбекте көптеген құнды ақпараттар берілгеніне қарамастан, оның коммунистік идеология көзқарасы тұрғысынан жазылғанын да ескеру керек, себебі кітаптың 1992 жылы жарық көргенін ескерсек, бұл жағдай түсінікті де. Сол себепті де кітапта келтірілген қазақ хандары, сұлтандарына, сондай-ақ, хиуалық басқарушылары мен дін өкілдеріне қатысты, олардың іс-әрекеттеріне берілген бағалар кей жағдайда бір жақты бағаланған.

С.Мадуановтың 1995 жылғы XVIIIғ.- XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың басқа Орталық Азияның көршілес халықтарымен қарым-қатынастарының саяси, әлеуметтік-экономикалық аспектілеріне арналған еңбегіне де тоқталып өту керек. [6]. Автордың монографиясы алдыңғы еңбегінің жалғасы, толықтырылған нұсқасы деуге болады. Аталған зерттеуде қазақтардың тек өзбектермен ғана емес, Хорезм оазисін мекендеген түркімен, Арал мағын мекен еткен қарақалпақтармен қарым-қатынастары да талданған. Монографияның жоғарыда аталған ортазиялық халықтардың сыртқы басқыншыларға бірлесіп күресіне арналған бөліміне он сегізінші ғасырдағы хиуалықтар мен Кіші жүз қазақтарының Иран билеушілеріне қарсы; Сырым Датұлы бастаған патшалық Ресей отаршылығына қарсы күресте Сырым батырдың Хиуа ханының қолдауына ие болып, сол кездегі Хиуа билеушісі Мұхаммед Эмин инақтың осы көтерілісті пайдаланып, Кіші жүзді Ресей құрамынан бөліп, шеттетуге тырысқаны он сегізінші ғасырдың 60-70 жылдары Хиуаның саяси билігінде белсенділігімен көрініп, нәтижесінде хандық басына келген Мұхаммед Эмин инақ пен оның ұлы Әуез (Эвез) инақ билігі кезінде Хиуа хандығының Ресейдің қазақ жеріндегі басқыншылық саясатына теріс көзқараста болғандығы туралы білеміз, яғни 1806 жылға дейін Хиуа хандығы билеушілерінің қазақтарды Ресей құрамынан бөлу үшін Сырым бастаған көтеріліске қолдау көрсету, халықтың арасында молдалар арқылы мұсылман еместерге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе отырып, Ресей құрамына қосылуына қарсы ұстанымда болған деп сипаттайды [6.64-65]. Бұлай берілген сипаттама еңбектің маңыздылығын арттыра түседі, себебі көптеген еңбектерде он сегізінші ғасырдағы қазақ-хиуа қатынастары туралы мәліметтер өте аз немесе тек бір жақты, бір-біріне қарсы жаулық көзқараста болды деген мазмұнда болып келген.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың өзбек хандықтарымен саяси байланыстарына арналған тарауда 1806 жылы билік басына келген Мұхаммед Рахым билігі кезінен ғасыр ортасына дейін хиуалық билеушілердің өздерімен шектес Кіші жүз қазақтарына қатысты басқыншылық саясат ұстанғаны жайлы баяндалады. Аталған бөлімде Хиуа үстемдігіне ұшыраған ру аттары аталып, қазақ сұлтандары, байлары арасында хиуалық басқарушылар қолдауына ие болғандарының аты аталып, қазақтардың Хиуа хандығына барып сауда жасау кезінде төлеген салықтарының мөлшері, оның өзгеру динамикасы жайлы мәліметтер берілген [6.67-110]. Хиуа хандығы билеушілері үшін он тоғызыншы ғасырдың ортасына қарай Кіші жүз қазақтарының маңызы арта түскенін, себебі қазақ жеріне ішкерілей еніп, шығысқа қарай біртіндеп жылжи бастаған Ресей билігінің құрсауына түспеу үшін, ортада тосқауыл керек еді деген баға беріледі [6.115].

Әрине, берік шарттық-құқықтық базаның болуы мен ынтымақтастықтың жедел қарқындауы қатынастардағы түйткіл мәселелер мен түсініспеушіліктердің бар екенін жоққа шығармайды. Солай бола тұрса да, қазіргі уақытта Қытай халық Республикасы Батыспен тығыз байланыстар орнатқан, бұл әлемнің осы аймағымен бұдан ары да қатынастарды дамытады деген сөз. Атап айтар болсақ, Германиямен экономикалық детерминделген қатынастар, Франциямен және Оңтүстік Еуропаның мемлекеттерімен стратегиялық серіктестіктер, және Еуроодақ мүше-елдерінің ішінде ең ұзақ байланыстағы Солтүстік Еуропа мемлекеттерімен байланыстар. Егер Еуроодақтағы сыртқы саяси белсенділік ең алдымен Еуроодақ министрлер кеңесіндегі төраға-елге тиесілі екенін ескерсек, көптеген мүше-мемлекеттермен тұрақты екіжақты байланыстар Қытайға Жалпы Еуроодақпен өз қатынастарын үйлестіруге мүмкіндік береді. Еуроодақ үшін Қытаймен келісім өз кезегінде Қытайдағы адам құқығы және демократия секілді өткір мәселелерге жұмсақ ықпал етуге жол береді. Екі тарап үшін де ынтымақтастық, оның үстіне «стратегиялық» сыртқы экономикалық тұрақтылықтың елеулі үлесін қамтамасыз етеді [6].

Еуроодақ пен Қытай арасындағы қатынастар қалыптасқан уақыттан осы күнге дейін, ұлғайып келе жатқан экономикалық өзара тәуелділік және үнемі саяси диалогтың тереңдей түсуіне байланысты қарқынды қуатқа ие болды. Әзірше Брюссельмен диалог Қытайдың Еуропа елдерімен екіжақты қатынастарын толық алмастыра алады деуге келмейді. Дегенмен де Еуроодақтың жаһандық көшбасшылыққа ұмтылысы мен

интеграция жолындағы саяси белсенділігін бірте-бірте арттыруы, халықаралық қатынастардың бұл ойыншысымен қатынастарда болуы Қытай үшін үлкен рөл ойнайды, өйткені ол да өз кезегінде әлемдік саясатта басыңқы жағдайға ие болуға ұмтылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- i. Носов М.Г., Смолников С.В.,- Китай на пути глобального портнерства. Доклады Института Еворпы. - 2005
- ii. Политические документы Китая. Департамент Европейского Комитета. Октябрь 2003 года. Режим доступа: <http://www.fmprc.gov.cn/eng/wjz/zjg/xos/dzzywt/t27708.htm>
Дата посещения 9 июня 2014 год.
- iii. Политические документы Китая. Департамент Европейского Комитета. Октябрь 2003 года.
- iv. Статический ежегодник Китая. 2004 год, стр.655
- v. Главная миссия Китая. Сун Чже: китайско-европейское отношения становится более оживленным. [Электронный ресурс].-2010. Режим доступа: <http://russian.people.com.cn/95181/7157073.html>
Дата доступа: 10.03.2013
- vi. Евросоюз и Китай: поиски стратегического партнерства.// Интересно о Европе [Электронный ресурс]- 2012
Режим доступа <http://www.europestory.ru/floras-129-1.html> –
Дата доступа: 10.03.2013.

Шәріпқазы Н., Маулит.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

ҚЫТАЙДЫҢ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қытай дәстүрлі философиясы мен мәдени құндылықтарының, қытай экономикасының дамуындағы нақты орынын анықтадық. Қытайдың дәстүрлі мәдени құндылықтарының экономиканың дамуын шектеуі және дамуға оң әсері баяндалады. Сонымен қатар, жаһандану үрдісі әлемнің әртүрлі елдерінің іскерлік және тұтынушылық мәдениетіне ықпал жасайтынын талданды.

Түйін сөздер. Қытайдың дәстүрлі философиясы, Корпоративтік мәдениет, Экономикалық мәдениет.

ВЛИЯНИЕ КУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ КИТАЯ НА ЭКОНОМИКУ

Аннотация. В этой статье мы определили китайскую традиционную философию и его культурные ценности, а также его роль в развитии китайской экономики. Кроме этого, описывается ценности китайской культуры и ее положительное влияние на развитие Китая. В то же время было проанализировано, что процесс глобализации повлияет на культуру бизнеса и потребителей разных стран мира.

Ключевые слова. Китайская традиционная философия, корпоративная культура, Экономическая культура.

INFLUENCE OF CAPITAL VALUES CULTURE OF CHINA ON ECONOMY

Abstract. In this article, we defined Chinese traditional philosophy and its cultural values, as well as its role in the development of the Chinese economy. In addition, he describes the values of Chinese culture and its positive impact on China's development. At the same time, it was analyzed that the process of globalization affects the culture of business and consumers around the world.

Keywords: Chinese Traditional Philosophy, Corporate Culture, Economic culture.

Кіріспе

Әрбір елдің өздеріне тән мәдениеті болады. Мәдениеттің ұлттық және әлемдік сипаты арасындағы байланыс, іс жүзінде қайшылықтардың жалпылығы мен ерекшелігінің қатынасы болып табылады. Кез келген ұлттың мәдениеті- әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі, ұлттық мәдениетте әлемдік мәдениет қамтылып жатады, әлемдік мәдениеттің нақтылы ұлттық мәдениеттен тыс болмайды деген таным болуы қажет. Қазір әлем күн өткен сайын тұтастанып бара жатыр, сондықтан әрбір елдің мәдени дамуында, мәдениеттің ұлттық сипаты айшықтала түседі. [1, 12 б.].

Қытайдың дәстүрлі мәдениеті - Қытайдың әр дәуірінің мәдени құндылықтарының жинақтау арқылы қалыптасуы. Қытай мәдениеті қоғам саласының барлық саласына өз әсерін тигізеді. Соның ішінде, ұлт мәдениетінің экономикаға ықпал етуі сөзсіз. Қытайдың дәстүрлі мәдениетінің экономика дамуына әсерін негізінен мынадай бірнеше жақтан қарастыруға болады.

Біріншіден, Қытайдың дәстүрлі философиясы Қытай экономикалық дамуының, мәдени дәстүрінің, дүниетанымының және әдіснамасының жүйелі теориясы болып табылады. Конфуцианизммен салынған дәстүрлі қытай философиясы Буддизм және Даосизм философтарына дейінгі Вей және Джин хандарының философиялық мұрасы, Суи және Тан хандарының буддизмі, Song және Ming әулетінің философиясы қытай философиясының дәстүрлі сабақтастығын құрайды. Ол негізінен мынадай қағидаға сүйенеді: [2, 94 б.].

1. Адам мен көктің үйлесімділігін сақтай отырып, жақсылық іздеу. Қытай мәдениеті мен батыс мәдениеті арасындағы іргелі айырмашылық - Қытай мәдениеті жақсаруды көздейді, ал батыс мәдениеті шындыққа ұмтылуына баса назар аударады. Адамның ең алдымен жақсы адам бола отырып, моральдық қасиеттерді орындау үшін, өз ақылын және күш-қайратын дамытуы арқылы бүкіл әлеммен біртұтастықты сақтай алуы керек. Бұл бүгінгі таңда қытайлықтардың идеалды сенімінің негізі болып табылады.

2. Моральдық қасиетті басты орынға қарау, Қытай философиялық дәстүрдің тағы бір керемет ерекшелігі, ол өзінің негізгі жолы ретінде әрдайым этикалық құндылықтар мен моральды өсіруді талап етеді. Ежелгі уақытта Мэнциус адамның табиғатын «мейірімділік, әділдік, сыпайылық және даналықтың» төрт бұрышы ретінде анықтады. Бұл жерде барлық моральдық іргелі ұстанымға ерекше назар аударылды. Song әулетінде бұл философтар «Табиғатты құтқару және адамгершілікке ұмтылу» моральдық заңын

ұсынды. Қытайда философиялық өзін-өзі тану мен тілектің құндылық бағыты қытай халқының қалыпты татулық, теңгерімге назар аудару сияқты сипатын айқын көрсетеді [3, 39 б.].

3. Өмірлік көзқараста, дүниеге келу мен өмірден өту бір-бірімен тығыз байланыста болады деп саналған. Оның негізін буддистер мен даоисттер рухани өсу десе, конфуцианистер «өзін-өзі дамыту, жалпы гүлдену, ел мен әлемді бейбітшілікпен басқару» қағидаларында кеңінен талдау жасап өтті. Бүгінгі таңда бұл қытайлықтардың көпшілігінің өмірлік көзқарастарына айналды. Дәстүрлі қытай философиясы мен мәдениеті, негізінде қоғамның саясаты мен экономикасынан пайда болды, сонымен бірге экономикалық және саяси мәдениеттің әсерімен экономикалық дамуын шектеді. Ең маңыздысы - философиялық және мәдени құндылық негізінде қалыптасқан ұлттық сана экономикалық дамуға жанама рөлін атқарады.

Екіншіден, дәстүрлі мәдениетінің Қытайдың экономикасының дамуына әсері. Экономикалық мәдениет негізінен адамдардың экономикалық құндылық көзқарасы мен халықтың өмір сүру формасын қамтиды. Жалпы, оны үш сатыға бөлуге болады: корпоративтік мәдениет, институционалдық экономикалық мәдениет және қарапайым халықтың экономикалық мәдениеті.

1. Корпоративтік мәдениет: кәсіпорынның басқару жүйесінің тұжырымдамасы мен тәжірибесін іске асыруы негізгі әдіс болып табылады. Негізгі ерекшеліктері:

- Қызметкерлердің өмір бойы бір орында жұмыс жасауы. Дәстүрлі қытай мәдени құндылықтарында корпоративтік мәдениет іргетасының қалыптасуы маңызды рөл атқарады. Алайда, бұл басқару жүйесінде қызметкерлердің еңбек ынтасын төмендетіп, кәсіпорындардың одан әрі дамуына кедергі жасауымен қатар, әлеуметтік-экономикалық дамуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуді қиындатты.

- Бағалау және қызмет бабымен жоғарылау. Қытайдың кәсіпорындарында, әдетте университет студенті шамамен 5-7 жылдан кейін ғана нақты жұмысқа қабылданады. Бұл жастардың ынта-жігерін бәсеңдетеді.

- Ішкі, эмоционалдық бақылау және үйлесімділік. Қытай халқы интродуцияланған, эмоцияларға назар аударады. Бұл мінез-құлық, эмоциялық бақылауды және басқарудағы үйлесімділік басшыларына арналған іскерлік басқарудағы көрсеткіштерге тән. Зерттеушілердің кейбіреулері мұны батыстың ұтымды және институттанған басқаруымен айырмашылығы деп санайды [4, 63 б.].

2. Институционалдық экономикалық мәдениет жүйесі. Әлеуметтік және экономикалық құндылықтар туралы көзқарас дамудың жалпы стратегиясына және жүйе мен практикалық тұжырымдамасының аспектілеріне негізделген. Ол Қытайдың социалистік экономикалық мәдени жүйесіне негізделеді, бірақ ол шаруалардың экономикасының ойлау тәсілімен де араласады. Әлеуметтік-экономикалық жүйеде ол капиталистік өндіріс құралдарының жеке меншігінен ерекшеленеді және өндіріс құралдарына мемлекеттік меншікті қолданады. Сондай-ақ, қоғамдық меншік капитализм мен социализм арасындағы түбегейлі айырмашылық болып табылады.

3. Қарапайым халықтың экономика мәдениеті: қарапайым халықтың экономикалық мәдениетіне негізінен тұтынушылардың, өндірушілердің және азаматтардың құнды көзқарастары мен негізгі мінез-құлқы жатады. Қытай халқының экономикалық және мәдени өмір тұжырымдамасы негізінен:

- Тұтыну тұжырымдамасы: қытайлықтар әрдайым еңбекқорлық пен үнемділікті дәріптейді және ысырапшылдыққа қарсы тұрады, олар әдетте «өз қаражатымен өмір сүреді» [4, 78 б.]. Бұл экономикалық тұжырымдама мен мінез-құлық қытайдың социалистік құрылыс қорларын жинақтау кезінде маңызды рөл атқарды. Алайда, бүгінгі таңда бұл тұжырымдама Қытайдың тұтыну нарығының гүлденуіне біршама кедергі келтірді.

- Жұмыспен қамту тұжырымдамасы: қытайлықтар өздерінің елдігін сақтап қалуда, балансты тепе-теңдікті сақтауда жақсы жұмыс істейді, олар бәсекелестікке төтеп бере алады. Ал, жұмыспен қамтудың бұл тұжырымдамасы бәсекеге қабілеттілікті арттырып нарықтық экономика жағдайында дамуға мүмкіндік ашады.

Мәдени және экономикалық қарым-қатынастар тығыз байланыста. Мәдени факторлар халықтың экономикалық жағдайына айтарлықтай әсер тигізеді. Сондай-ақ, мәдени факторлар экономиканың дамуында шешуші рөл атқарады.

Қорытындылай келе, Қытай дәстүрлі философиясы мен мәдени құндылықтары Қытай экономикасының дамуында нақты орын алатынын анықтадық. Қытайдың дәстүрлі мәдени құндылықтарының экономиканың дамуын шектеуі және дамуға оң әсері байқалады. Сонымен қатар, жаһандану үрдісінің әлемнің әртүрлі елдерінің іскерлік және тұтынушылық мәдениетіне ықпал етеді. Бір жағынан бұл әлемдегі кейбір жеке ұлттық мәдениет түрлерін танымал етеді. Екінші жағынан әйгілі халықаралық мәдени құбылыстар ұлттықты ығыстырып немесе оларды ұлтаралыққа айналдыруы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 «МӘДЕНИЕТ ҚАУЫПСІЗДІГІН ЗЕРТТЕУ МЕТОЛОГИЯСЫ ЖӨНІНДЕ» Алматы, 2016ж.- 12 б.

2 唐玉琴:《中国传统文化与企业管理》;《商业研究》;1999年.- 94 б.

3 Тан Юйцин: «Китайская выдающаяся традиционная культура и современный бизнес-менджмент», «Бизнес-исследование», 1999-12期.- 39б.

4卢现祥:《论华人企业的家族式管理与传统文化的关系》;《道德与文明》;2000年第1期.- 63-78 б.

Шаяхметов Н. У., Рахимов М.И.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ ҚАСИЕТТІ ГЕОГРАФИЯСЫНДАҒЫ ТҰЗДЫ КӨЛДЕР

Аңдатпа. Мақалада тұзды көлдер Қазақстанның қасиетті географиясындағы нысандардың бірі ретінде қарастырылады. Авторлар Ертіс өңірінің Павлодар облысы аумағындағы тұзды көлдердің қасиеттері туралы баяндай отырып, олардың халықтың дүниетанымы мен күнделікті өмірінде кие тұтылуы талданады.

Түйін сөздер: тарихи география, қасиетті география, тұзды көлдер, топонимика

Аннотация. В статье рассматриваются соленые озера Павлодарской области как один из объектов сакральной географии Казахстана. Авторами дается описание соленых озер Павлодарского Прииртышья и анализируется их сакральное значение в сознании и повседневной жизни населения.

Ключевые слова. историческая география, сакральная география, соленые местности, топонимика

Annotation. The article deals with the salt lakes of the Pavlodar region as one of the objects of the sacral geography of Kazakhstan. The authors describe the salt lakes of the Irtysh basin of the Pavlodar region and analyze their sacred significance in the consciousness and daily life of the population.

Key words. historical geography, sacral geography, salt lakes, toponymy

Кіріспе

Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қоғамдық сананы жаңғырту мен рухымызды биікке көтеретін басым бағыттарды айқындап берді [1]. Соның бірі «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы. Бұл жобаның басты мақсаты – жалпыұлттық құндылықтарды жүйелі зерттеп-зерделеу, жаңғырту және сол арқылы ұлттық болмысымыз бен бірегейлігімізді нығайту.

«Кие», «қасиет» ұғымы туралы

Қазақ халқында «қасиетті», «киелі» ұғымының қалыптасуы жайлы Ш. Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары» мақаласында: «Табиғат пен жаратылыстың барлық тосын құбылыстары көрініс берген жерлерді қасиетті деп санайды. ...Құлан түздегі сыңарланып өскен ағаш болсын немесе бұтақтары таңғажайып формадағы өсімдіктер болсын, олардың тұрған жері қасиетті деп саналады» дейді. Одан әрі «Қазақтар киеге үлкен мән береді. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлейді... Жан-жануарлар мен заттардың киесін қадірлемеу киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары – кесір деп аталады» деп, түсініктеме береді [2, 209-211 б.].

Яғни, қазақ халқы күнде көріп жүрген нақты дүниеден өзгеше болмысты, ерекше құбылыстар мен нысандарды ұлықтаған.

Шындығында қазақ халқының таным-түсінігінде «киелі», «қасиетті» ұғымын тек жермен ғана байланыстырмайды, сонымен қатар жалпы кеңістіктегі құбылыстармен өзара бірлікте қарастырған. Оған дәлел көшпелі тұрмыспен байланысты төрт түлік малды, күнделікті қолданыстағы тағамдарды, табиғат құбылыстары, Күн, Ай, жұлдыз, отты киелі санатына қосып, дәріптейді. Осы туралы Г.Н. Потанин «Қасиет жайлы аңыздар» мақаласында: «Қазақтар үй жануарларының киесі бар деп сенген. Аңыз бойынша, Зеңгі баба – ірі қара малды, Шопан ата – қойды, Ойсыл-Қара – түйені, Қамбар ата – Жылқыны қорғайды екен». Г.Н. Потанин аңыздың қазақ халқында ғана емес, Орта Азиядағы түркі халықтарына ортақтығын айтады [3, 299 б.].

Бұл тұрғыда белгілі тарихшы Хангелді Әбжанов: «Қазақ халқы сакральді сөзін естімей тұрып-ақ дінді ғана емес, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастырды. Мәселен, табалдырыққа тұруға, босағаны керуге, малды ұруға, молаға қарай жүгіруге болмайтынын қатаң бақылауы шаңырақты, мал-жанды, әруақтарды – екі дүниені де ерекше құрметтегеніміздің дәлелі ғой. Сакральді географияның түпкөздегені де – осы» - дейді [4, 6 б.]. Яғни, ғалым «киелі» сөзі мағынасының қоршаған ортаның тылсым сырларымен тығыз байланысты екеніне назар аудартады.

Сонымен бірге, қазақ халқы көнеден тұзды да киелі санатына қосып ұлықтаған.

Халықтың дүниетанымында тұз неге киелі, қасиетті?

Тұз бен тұзды көлдер қазақ халқының таным түсінігінде киелі, қасиетті деп қабылданады. Оның мәні халыққа кеңінен мәлім. Біріншіден, «ас иманы - тұз» деп қарайды; екіншіден, тұзды көлдер мен сорлар ас тұзын өндірудің көзі, кені ретінде киелі; үшіншіден, тұзды көлдер емдік-шипалық қасиетімен киелі.

Жалпы, тұздың киесі, қасиеттілігі туралы қалыптасқан таным-түсінік, көзқарастар барлық халықтарға ортақ құбылыс. Мәселен, шығыс халықтарында кездесетін дәстүрлердің бірі - келісім-шарт жасасқаннан кейін бір сауыттан тұз жалаған. Сауыттан тұз төгілсе, ол араздыққа - өшпенділікке айналады деген ырым осыдан қалған.

Еуропалық мәдениеттің әйгілі өкілі Леонардо да Винчи «Сырлы кеш» деген картинасында Иса пайғамбардың алдына аударылып қалған тұз сауытын бейнелеген. Оның мәні – осындай жаман ырым арқылы Исаға қарсы істелетін опасыздықты білдіру болатын.

Мұсылман дінінде ораза тұтқанда аузын тұзбен ашады. Үнді елінде достықты сатқан кісіні «тұз сатқыны» деп бағалайды. Қазақ халқында да «тұз атсын» деген қарғыс барын жақсы білеміз [5, 8 б.].

Халық жадында тұзға қатысты «Астың дәмін келтірер тұз әулие, елдің сәнін келтірер қыз әулие», «Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам», «Тұз астың дәмін келтіреді, мақал сөздің дәмін келтіреді», «Ет бұзылса тұз себеді, тұз бұзылса не себеді?», «Ас бұзылса – тұз түзейді» деген мақалдардың сақталып, кең таралуы тұзды кие тұтудан болуы керек.

Қазақ халқында тұзбен байланысты қазіргі кезге дейін сақталған ғұрыптардың бірі - тұзбен аластау.

Көне түркі әлемінен келе жатқан бұл ғұрып отпен аластау сияқты тұздың тазартушы қасиеті барына сенумен айқындалады. Мысалы, қазақ халқында балаға тіл-көз тисе есіктің тұтқасын тұзды сумен сүртіп, көз тиген баланың бетін, екі алақанын, екі табанын жуып, аластаса тәуір болып кетеді деген ғұрып, сенім сақталған. Жаңа туған нәрестені қырқынан шыққанға дейін тұзды сумен шомылдыру тұздың қасиетін терең білгендіктен болса керек.

Тұздың қажеттілігі тек адамзаттың асы, тамағы үшін ғана емес, ол төрт түліктің қорегі үшін де өте маңызды минералды зат. Сондықтан тұрмыс-тіршілігі мал шаруашылығымен тығыз байланысты қазақ халқы үшін тұзды көлдерді қасиет тұтуы еселене түседі.

Қазақтың ауызша тарих дәстүрі негізінде бізге жеткен аңыздардың бірі Асан Қайғының Жерұйықты іздеуі. Асан Қайғы желмаясымен ел аралап жүргенде Ертіс өңіріндегі тұзға байланысты жер атауларына сипаттама береді. Баянауыл тауын көргенде: «Ат ерін алмайтын жер екен. Бауырында тұзы бар екен, тұзы ауыр екен, бір түн түнеп кетемін деген адам, бір жұма тоқтап қалады екен. Тұзы жібермейді екен», - депті [6, 106 б.].

Ащы бойына келгенде, артына қарап: «А, Баянауыл! Сенің қоныс болып тұрғаның мынау, ащының арқасы екен. Мал жазғытұрым бір жұма ащылайды екен, күзге таман бір жұма ащылайды екен. Сонысы бір жылға татиды екен»,— депті. Осы орайда Асан Қайғы тұзды жерлерді киелі, қасиетті деп бағалайды [7, 31 б.].

Тұзды көлдердің киелілігі жәйлі Ш. Уәлиханов: «Тұзды көлдерді кен деп атайды, тұсынан әулие, не аруақ өтіп бара жатқанда көзі түскен деп түсінеді» дейді [2, 208 б.].

Сондықтан тұзды көлдерді киелі, қасиетті деп дәріптеу ата-бабамыздан келе жатқан дүниетанымдық рухани дәстүр.

Тұз – жер-су мен елді-мекен атауларының қайнары

Қазақстанның көптеген елді-мекендері мен жер-су атаулары тұзды көлдерге байланысты белгіленген. Мысалы, Ертіс бойы тұзды су көздеріне бай өңірлердің бірі. Сондықтан өңірдегі бірқатар жер-су атаулары тұзды көлдерге байланысты қалыптасқан. Мысалы, Екібастұз, Қалқаман, Тұзқала, Жамантұз, Қызылтұз Жәміш (Емші көл – авт.) және т.б.

Ертіс өңіріндегі тұзды көлдер жайлы мәліметтерді Н. Коншин еңбегінде кеңінен кездеседі [8, 199 б.].

Ресей капиталы өкілдерінің Ертіс өңіріне қызығушылығының басты себептерінің бірі тұзды жерлер еді. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде Ертіс бекініс шептерінің құрылуы Ресей империясы үшін ақ алтын деп танылған тұзды жерлерді игеріп, Ресейдің аймақтарына экспорт жасау болатын. Бұл туралы Н. Коншин: «Первой побудительной причиной к появлению русских на верхнем Иртыше послужила необходимая для Сибири добыча соли на Ямышевском озере (в тепершнем Павлодарском уезде)» деп жазады [9, 7 б.].

Кейіннен Ресей империясы өзінің түпкі мақсаттарына жету үшін И. Бухгольц, П. Ступин басшылық еткен әскери экспедициялары нәтижесінде Жәміш (1716 ж), Коряков (1720) бекіністері салынды.

Жәміш көлінің аймағында жоңғар әскерінің жекелеген топтарының шабуылдары желтоқсан айының ортасында басталады. Осы шабуылдардың салдарынан 400 қазақ үйі қырылып, көп адам мен мал тұтқынға түскен. Жәміш көлінің жағасынан жоңғарлар Ямыш бекінісі үшін орыстардың дайындалған тұзын алып кетеді. Соған сәйкес 1741 жылғы 1 қаңтарда Ямыш бекінісінің коменданты полковник Т. Зорин патша жарлығын алады. Жарлықта жоңғар әскерлерінің қарауылдарымен қақтығыстарға ешқандай себеп бермеу және «оларды ашуландырмау» керектігі туралы нұсқау берілген [10, 90 б.].

Коряков көлі – Ертістің оң жағасында орналасқан тұзға бай көлдердің бірі. 1700 жылы осы аймақта Коряков деген көпес келіп, жергілікті халықтан тұзды көлдің орналасқан жерін анықтап, сол жерде орныққан екен. Кейін көлдің де атын көпестің атымен атап кеткен [11, 13 б.]. Жергілікті қазақтар Коряковка салынбай

тұрған кезде көлді «Құрманкөл», «Құрмантұз» – деп атаған [12, 351 б.]. Тұзды көлдің орналасуы туралы В.П. Семенов: «В 25 верстах к востоку от поселка находится довольно значительное (17 версть в окружности) соленое озеро Коряковское. Разрабатываться оно стало с половины XVIII столетия, и несмотря на это никаких признаков истощения соляного пласта в нем не заметно и до сих пор» - дейді [13, 354 б.]. Кезінде Ресей бұл көлдерден айырылып қалмау үшін жоңғарлармен де әрдайым келісімдерге барған. Бұл жайында Н. Коншин: «Велись с джунгарами о разрешении такой добычи. Так, напр., с этой целью в 1691 году был послан Джунгарию из Тобольска боярский сын Матвей Юдин» деп жазады [9, 7 б.].

Қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы күш біріктіріп, нәтижелі тойтарыс берген соң Ресей патшалығы Ертіс өңіріндегі тұзды көлдерге үстемдігін жүргізе бастайды. XIX ғасырдың соңына қарай тұз кәсіпшілігі А. Деров деген көпестің қолына өтіп, Коряков форпосты арқылы Ертіс өзенімен Омбы, Том, Тобыл және басқа да Ресейдің ішкі аудандарына тұздың транзиттік тасмалдары жасалады. Н. Коншиннің мәліметі бойынша Коряков тұзды көлінен 1899 жылы ресми түрде 2 439 223 пұт тұз өндіріліп, соның 1 104 959 пұты Сібірге тасмалданып, саудаға түскен [8, 20 б.]. Қазіргі кезде Коряковка елді-мекені Павлодар облысының Заңғар ауылдық округінің құрамына кіреді. Тұзды көл сол елді - мекеннен солтүстік-шығысқа қарай он шақырым жерде орналасқан [12, 351 б.].

Екібастұз жер атауының шығуы да тұзбен байланысты. Жер атауының шығуына қатысты бізге бірнеше аңыздар жеткен, соның ішіндегі көп таралған аңыздардың бірі Екібастұз көмір алабын тапқан Қосым Пішенбаевтың орынды белгілеу үшін қу екі жылқының басы мен тұзды үйген екен [14, 96 б.]. Н. Коншин мәліметінше «Жергілікті қазақтар Екібастұз атауының шығуын, көмір алабынан 50 шақырым жерде орналасқан тұзды көлдің атымен байланыстырады. Қазір тұзды көлдің орнында шахта орналасқан» дейді [8, 11 б.].

Қазіргі кезде өлкетанушылар осы көлдің екі бастауы болғанын және нәтижесінде Екібастұз атауы қалыптасқан деген пікірлер айтады. Негізі Екібастұз атауының шығуына байланысты әр түрлі пікірлер мен көзқарастардан басқа нақты деректің жоқ екенін атап кеткен жөн. Дегенмен елді-мекен атауының шығуы қасиетті тұзбен байланысты болғаны анық.

Сол сияқты Қалқаман елді-мекені атауының шығуы да тұзбен байланысты болуы керек. Үлкен және Кіші Қалқаман тұзды көлдері Павлодардан оңтүстік - батысқа қарай 46 км және Ақсудан 25 км жерде орналасқан, оның ауданы 250 шаршы км [15, 430 б.].

Өлкетанушы Т.А. Еңсебаев «Павлодар өңірінің тарихы туралы очерктер» атты еңбегінде екі тұзды көл атауын Дмитрий Приймақтың «Баянауыл заповедный» кітабынан алған мәлімет негізінде «Қалқаман-Мамыр» ғашықтар аңызымен байланыстырған [10].

Аңыз бойынша «Дала заңын бұзған Қалқаман мен Мамыр сотталған, билер қатал шешім шығарған: жігіт пен қыз жүйрік аттарымен, екі жақтарында сапқа тұрған садақты әскерлердің ортасынан өтуге тиіс болған. Садақтылардың біреуі жігітке, екіншісі қызға оқ ататын болған. Егер тірі қалса – олардың бақыты. Егер қаза болса – жаратқанның ұйғарымы деп түсіну керек болған. Қанішердің жүрегі бұлт етті ме, немесе екіншісі мерген болды ма қазір жорамалдау қиын, бірақ жараланған Қалқаман тірі қалып, жүрегіне жебе қадалған Мамыр атынан құлаған. Міне, жаңағы екі көлдің атаулары қайдан шыққан. Үлкен көл Қалқаман деп, кішісі – Мамыр деп аталған. Бір - бірін сүйген жастардың арасындағы бұзылмайтын кедергі сияқты көлдердің арасында төбе тұр, Мамырдың қаны сияқты кіші көлдің суы жаздың ортасынан бастап қызыл түске боялады» деп баяндалады [10, 72 б.]. Н. Коншин Кіші Қалқаман көлін Қызыл көл (Розовое) деп атауы сол себепті болуы керек деп болжайды [7, 25 б.].

Қалқаман этимологиялық атауының шығуын емдік қасиетіне байланысты П.П. Семенов «халық-аман» сөзінен шыққан деп мәлімдейді [13, 388 б.]. Дәл осы мәліметті Н. Коншин де растайды [8, 25 б.].

Жамантұз - Ертіс өзенінің орта ағысы мен Шідерті өзені аралығындағы тұйық алапта жатқан көл. Аумағы 19,8 км², ұзындығы 4,8 км, енді жері 3,1 км [14, 330 б.].

П.П. Семенов Жамантұз көліне жаз айларында Сібір халықтары келіп, жергілікті қазақтардан киіз үйлерін жалға алып, арзан бағаға ет, қымыз сатып алатынын жазады [13, 388 б.].

«Материалы по киргизскому землепользованию, собранные экспедицией по исследованию степных областей» жинағында Жамантұз көлінен жергілікті тұрғындар тұз өндіретінін жазады [16, 22 б.].

Н. Коншин еңбегінде: «Джамантузская местность: ровная степь мало по малому становится волнообразной, и холмы, сначала очень невысокие и с мягкими очертаниями, делаются постепенно выше и круче. Стороне от дороги виднеются озера и попадаются узенькие речки, почти высохшие летом» - деп, тұзды көлге сипаттама берген [8, 26 б.].

Ертіс өңірінде таяз тұзды сулы көлдер - сорлар жиі кездеседі. А. Левшин 1825-1826 жж. қазақ даласының батыс бөлігін аралаған Эверсман деректерінің негізінде сорларды: «Жазда онша кебе қоймайтын, қыста қатпайтын, жүруге қолайсыз батпақтар; жазда кеуіп, бетін аппақ тұз қабаты көмкеретін, өсімдіксіз құрғақ жерлер» деп сипаттама берген. Ф. Щербина Омбы уезінен Ертістің сол жағалауымен Құдайкөлге

дейін сусыз далада көпжылдық өсімдіктер қаулап өскен (бетегелі, көде, жусанды) қазаншұңқырларда кездесетін көлдерді «сор», «қақ» аталатынын және әрі қарай жер бедерінің төбелі жоталы екендігін жазады [7, 75 б.].

Ертіс өңіріндегі қалыптасқан жер аттары да сормен байланысты қалыптасқан. Мысалы: Қарасор, Ақсор, Сарысор, Қызылсор, Шолақсор, Баянсор, Бөкенсор, Бүркітсор және т.б.

Н. Коншин Керекуден Екібастұзға бара жатқан сапарында Қарасор жәйлі: «Карасорский пикет – расположен в предгорьях Баянаульских гор у большого озера с соленой водой Карасора, по имени которого он и получил свое название. Озеро лежит в большой котловине, усеянной высокими темнозелеными кустиками пикульки и солодки, представлявшими, своей зеленью, резкий контраст с желтевшими на солнце холмами, окружающими пикет» деген сипаттама береді [8, 27 б.].

Сор жайлы Телжан Шонанұлы: «Тұзсыз жер жоқ, бірақ бір жерде аз, бір жерде көп, тұздың көбірек болатын орындары: теңіздер, сорлар, түнді бұлақтар, тұз қорлары. Теңіз қазақ даласында аз, сор көп, сондықтан тұзды сорлардан алады» деп жазады [17, 158 б.].

Бүгінгі күні Ертіс өңірінде ас тұзы Жамантұз-2, Сольветка, Тайқоңыр деп аталатын жерлерден алынатын айта кеткен жөн.

Дала емшісі – тұзды көлдер

Далалықтар дертке дауа іздегенде оны көп жағдайда тұзды көлдерден тапқан. Тұзды көлдердің емдік қасиеті ғасырлар бойы жинақталған өмірлік тәжірибенің нәтижесінде дәлелденген. Тұзды көлдер йодқа, тұзға, минералдарға, химиялық элементтерге бай болғандықтан денсаулыққа пайдасын қазіргі медицина нақтылап отыр. Қазақстандағы тұзды көлдердің құрамында Менделеев кестесі элементтерінің көбі кездеседі.

Мысалы, Алакөл суының емдік-шипалық қасиеті ертеден мәлім. Жібек жолы бойымен сауда жасаған керуендердің тынығып, ем алып алыс жолға қайта күш-қуатын қалпына келтіріп, дайындалатын жері осы Алакөл сияқты тұзды көлдер болған. Сонымен бірге, аңыз деректері бойынша Шыңғысхан жорықтардан кейін жараланған әскерінің жарасын емдеп, тынықтыратын жері Алакөл болған.

Бұл мәліметтердің шынтуайттылығын Алакөлдегі Ғарышкерлер үйінде кеңестік ғарышкерлерді сауықтыру, денсаулығын қалпына келтіру орталығының жұмыс істегендігі айқындай түссе керек.

Павлодар облысындағы қазіргі кезде Жәміш немесе Ямышев көлі деп аталып жүрген тұзды көлдің көне атауы **Емші көл** екеніне ерекше назар аударған жөн. Бұл жөнінде Г.Н. Потаниннің мәліметтеріне зер салсақ, бұл жер XIII ғ. тарихи деректерде *Емші көл* деген атпен белгілі екенін жазады. Сонымен бірге, Емші көлі Орталық Азиядағы ірі жәрмеңке орталықтарының бірі болғандығын атап көрсетеді [18, 355-356 бб.].

Көлдің аты халық арасында «Емші» деп аталуы кездейсоқ болмаса керек. Оның емдік қасиеті елге мәшһүр болғандығы анық. Сондай-ақ, ондай жерде не ірі елдімекен, не жәрмеңке болуы заңды болып табылады.

Көл жайында Н. Коншин еңбегінде: «Среднее Прииртышье чрезвычайно богато солеными озерами. Большинство из них имеет целебный характер, и издавна местное население этим свойством озер пользуется. Соленые озера среднего Прииртышья отмечены еще в российских картах XVII-XVIII вв. Так, одним из первых таких озер известных сибирякам еще в XVII в., было озеро Ямыш» деп, шын мәнінде «емші көл» ретінде белгілі екенін атап көрсеткен [8, 199 б.].

Бүгінгі күні көлдің емдік-шипалық қасиеті халық үшін әлі де құнды екенін ескерсек, оның атауын қалпына келтіру тарихи әділеттілік болар еді.

Өлкедегі Үлкен және Кіші Қалқаман тұзды көлдері де ежелден жергілікті тұрғындар үшін емдік қасиетімен маңызды болған. Дертке шипа іздеу үшін көлге жан-жақтан адамдар келіп, көлдің қасиетіне сиынып, басына қонып кетіп отырған. В.П. Семенов: «Здесь лечатся не только местные жители – казахи, но съезжаются больные из других городов (Омска и Семипалатинска)» дейді [13, 388 б.].

Н. Коншиннің дерегінде «көлдің балшығы да майлы болып келеді және адамдар сол балшықты денелеріне жағып ревматизм сияқты аурулардан айығады» дейді [8, 24 б.].

Ертіс өңірінің қасиетті деп саналатын жерлері - Маралды және Мойылды тұзды көлдері.

Маралды көлі Павлодар облысы Шарбақты ауданында орналасқан [15, 479 б.]. Көлдің қасиеті табиғи тұзының көп болуымен, минералды тұнба балшығының шипалық құрамымен ерекшеленеді.

Мойылды көлінің емдік қасиеттері де Маралды көлі сияқты түрлі дертке шипасымен белгілі.

Ертіс өңірінің жергілікті халқы көлдің қасиеті жайлы ертеден білген. Тұзды көл туралы жазба дерек «Ресей Империясы бойынша саяхат жасаудың үстел кітабы» атты еңбекте кездеседі.

1903 ж. В.П. Семенов Мойылды жайлы: «Приходится сказать и об оз. Муялды и некоторых других горько-соленых озерах Омского и Павлодарского у.у. Целебность грязей этих озер установлена, но отсутствие дешевого и удобного сообщения и нужных приспособлений для приезжающих делают пока их недоступными», деп жазған [13, 71 б.].

Қазіргі кезде көлдің жағасында «Мойылды» санаторийі жұмыс істейді. Санаторий 1922 жылы ашылып, халыққа қызмет етіп келеді. Онда ем алып, дендеріне шипа іздеушілер алыс-жақын шетелдерден келеді [15, 496 б].

Қорытынды

Тұз – кез келген халықтың түсінігінде киелі деп есептеледі. Қазақ халқы да тұздың қасиеттілігіне сенуді ерте заманынан жалғастырып келе жатыр. Тұздың емдік қасиетін адамдар ежелден білген. Сонымен бірге, тұз күнделікті қолданыстағы қажетті өнім екені белгілі. Сондықтан тұзбен байланысты жерлер қазақ халқы үшін киелі, қасиетті деп саналады.

Мамандардың мәліметтеріне қарағанда, еліміздегі тұзды көлдердің (көпшілікке белгілі Алакөл, Балқаш көлдерінен басқа) емдік-шипалық қасиеттеріне жете мән берілмей келеді. Мәселен, лабораториялық зерттеулерге сәйкес еліміздегі тұзды көлдер мен сорлардың минералдық құрамы әлемге әйгілі Израильдегі Өлі теңіз бен Боливиядағы ең ірі Уюни тұзды көлінің минералдарынан ешбір кем емес, кей жағдайда бірқатар артықшылықтарға ие екендігіне ерекше назар аудартады. Мысалы, Астанадан 20 шақырым қашықтықта орналасқан сордың өзі радон, бром и литийге бай екенін айқындаған [19].

Ал Израильдегі Өлі теңіздің минералдық құрамына ұқсас көл - Алматы облысындағы Тұзкөл. Тұзкөл Алматыдан 310 км. қашықтықта орналасқан. Көл суының құрамындағы тұздың жоғары мөлшері – 1 литрге 300 гр. сәйкес болып табылады. Салыстырмалы түрде айтқанда Өлі теңізде 1 литрге 340-350 гр. сәйкес [20].

Адам өмірінің басты байлығы – ас-ауқатының берекесі мен денінің саулығы болатын болса, оған септігін тигізетін факторлардың бірі - тұз бен тұзды көлдер екен. Сондықтан, тұзды көлдердің адам үшін пайдасы мен игілігін, қасиетін ескере отырып, біріншіден, Қазақстанның қасиетті географиясын зерттеуде тұзбен байланысты қалыптасқан жер-су атауларын жүйелеуді қажет етеді; екіншіден, Қазақстанның қасиетті географиясына енгізілетін табиғи мұра ретінде тануға негіз бар; үшіншіден, қазіргі заман талабына сәйкес тұзды көлдерді медициналық туризм орталығына айналдыруға толық мүмкіндіктер бар деп есептейміз.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан», 12.04.2017.
2. Уәлиханов Ш. Тәңірі: Таңдамалы. – А.: Халықаралық, Абай клубы, 2013. – 392 б.
3. Казахский фольклор в собраниях Г.Н. Потанина. – Алматы: Наука КазССР, 1972. – 379 с.
4. Әбжанов Х. Сакральді география: мәні, құрылымы, келешегі. // «Ақселеу Сейдімбек және тарих ғылымындағы шежіретану мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ баспасы, 2017. - 6-10 беттер.
5. Бәкіров С. Тұз тұзы. – Алматы: Қазақстан, 1992. 120б
6. Кенжалы Т. Асан Қайғы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 284 б.
7. Сапаров Қ.Т. Баянаула топонимикасы (ғылыми-танымдық зерттеулер): монография. – Алматы: CyberSmith, 2017. – 316 б.
8. Коншин Н.Я. Қазақ этнографиясына байланысты еңбектері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 310 б.
9. Коншин Н. Я. Краткий исторический очерк Семипалатинского края (до 1917 года) / Отдельный оттиск из «Нашего Хозяйства». - №1 (14) – 42 с.
10. Инсебаев Т.А. Очерки истории Павлодарского Прииртышья. Часть 1. С древнейших времен до XX века. – Павлодар : НПФ «ЭКО», 2000. – 240 стр.
11. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Павлодарская область. – Алматы: Аруна, 2010 – 600 с.
12. Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия. – Алматы: «Эверо», 2003 – 678 с.
13. Семенов В.П. Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Киргизский край. Том 18. – С. –Петербург: издание А.Ф. Деврина. – 1903. – 478 с.
14. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 б.
15. Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 776 б.
16. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область, Семипалатинский уезд. – СПб.: тип. «Т-ва Художественной Печати», 1909. – Т.10. - 1048 с.
17. Шонанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2017.-256 б.
18. Потанин Г.Н. Үш томдық таңдамалы шығармалары. 1 том. Саяхаттар, естеліктер және хаттар.- Павлодар: ТОО «Эко», 2005.- 550 б.
19. <http://www.unikaz.asia/ru/content/celebnye-ozera-stepnye-zhemchuzhiny/>.
20. <https://liter.kz/mobile/ru/articles/show/1205/>

М.Т. Шоинжанова

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты

ҚАЗАҚ-ҮНДІ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетіндегі үнді тақырыбының ежелгі дәстүрлерімен әдебиетаралық байланыстар орнатудың ішкі заңдылықтарын ашып, екі халық әдебиетінің типологиялық ортақтығы мен өзгешелігін, сонымен қатар көркем аударма ерекшеліктері мен қазақ-үнді әдебиеттерінің ерекше аспектілері анықталады. Екі жақты әдеби байланысты зерттеу қазақ әдебиетіндегі үнді тақырыбын тереңірек аша түседі.

Түйін сөздер. әдеби байланыстар, қарым-қатынас, аударма мәселесі, ұлттық әдебиет, өзара байланыс, ұлттық мәдениет, әлем әдебиеті.

Аннотация. Статья посвящена определению места и роли тем древних индийских традиций в казахской литературе, установления внутренних закономерностей межкультурной коммуникации. Рассмотрены и охарактеризованы проблемы типологической общности, отличий и сходства литературных произведений казахского и индийского народа. Автор пытается систематизировать особенности литературного перевода и конкретные аспекты казахстанско-индийской литературы. Знание и изучение литературного наследия углубляет литературные и культурные взаимосвязи и взаимоотношения Казахстана и Индии.

Ключевые слова. литературные взаимосвязи, взаимоотношение, проблемы перевода, народная литература, национальная культура, всемирная литература.

Abstract. The Article reveals the ancient traditions of Indian theme in Kazakh literature, internal pattern of the establishment of the intercultural communication and the definition of the typological commonality, distinctiveness and resemblance in the two nation's literary works. The features of the literary translation and the particular aspects of the Kazakh-Indian literature were defined as well. The study of the bilateral literal relationship deepens the Indian theme in Kazakh literature.

Key words. literary relationship, interrelation, problems of the translation, folk literature, national culture, world literature.

Кіріспе

Ұлт лидері Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланғаннан кейін, ертеде ескерусіз қалған, ұмытыла бастаған рухани дүниемізді ұрпақтарына оралтуды, жандандыру ісі қолға алынып, игілікті істер жүргізілуде. Осы бағытты қолға ала отырып ерте заманнан еліміздің дамуы мен өркендеуіне үлес қосқан әдеби, мәдени байланыстарды жандандыру мақсатында қазақ-үнді әдеби байланыстарының өзектілігін қозғау және оларды жалғастыру еліміздің алға нық басуына тигізер үлесі зор.

Кез-келген ұлттық әдебиет өзінің даму жолында басқа ұлттардың әдебиеттерімен түрлі байланыстар жүргізіп, бір-біріне әсер ету, тәжірибе алмасу арқылы мазмұндық-пішіндік толықтырулар мен өзгертулер ене отырып үнемі дамып отырады.

«Түркілік» кезеңнен басталатын түркі-үнді, қазақ-үнді әдеби байланыстарында жоспарлылық, белгілі бір дәрежеде жүйелілік орын алмаса да, қазақ-үнді әдеби байланыстарында күрделі құбылыстар мен сапалық алмасу-өзгерістер айтарлықтай болды деуге болады. Жоспарлылық, жүйелілік болмаса да, қазақ-үнді әдебиеті ішкі және сыртқы факторлардың арқасында түрлі формада байланысқа түсті. Қазақ әдебиеті Үндістанда, үнді әдебиеті Қазақстанда өзінің аудармашылық өмірін бастан өткізіп жатты. Екі елдің бір-бірінің әдебиетіне деген қызығушылығы кәзір де күннен-күнге өсіп келеді.

Қазақ-үнді әдеби байланыстары әр кезеңде әртүрлі сипатта болды. Бұл байланыс сонау Бабыр заманынан бұрын, түрік-үнді байланыстары кезеңінен бастау алады. Ортағасырлық кезеңде елеулі үрдісте дамыған екі елдің әдеби байланысы, кейін кеңес заманында біршама жаңа сипатта, жаңа мазмұнда дамиды. Қазақстан тәуелсіздік алған қазіргі кезеңде тарихи-қоғамдық жағдайдың өзгеріп, екі әдебиеттің идеялық-эстетикалық мазмұнының өзгеруінен қазақ-үнді әдеби байланысы жаңаша қарқынмен даму жолына бет алды.

Дегенмен, Қазақстанда үнді әдебиетінің тарихы мен жекелеген ақын-жазушылар шығармашылығын арнайы зерттеген жұмыстар жоқтың қасы. Есесіне Ресейде үнді әдебиетінің тұтас тарихын, жеке ақын-жазушылардың өмірбаяны мен шығармашылығын арнайы зерттеген ғылыми еңбектер молынан табылады. Мұнда тіпті Үндістандағы жекелеген тілдерде жазатын ақын-жазушылардың шығармашылығына арналған зерттеулер бар. Мысалға, урду әдебиеті, тамил әдебиеті, малаялам тіліндегі әдебиет деп жеке-жеке

қарастырады. Қазақстанда үнді әдебиетін зерттеу әлі қыруар жұмыстың бар екенін көрсетеді. Үнді қаламгерлерінің жеке шығармашылық лабораториясын зерттеп, екі әдебиеттің шығармаларын әлем әдебиетімен тұтастыра қарастыру, әдебиет мәселелеріне арналған монографиялық еңбектер жазу – үнді-қазақ әдеби байланыстарының нығаюына септігін тигізери сөзсіз. Бұл ұзақ уақытқа дейін күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болмақ.

Осы күнге дейінгі әдеби байланыстарға негіз болған материалдарды жинақтап, жүйелеп, саралау арқылы ғылыми айналымға енгізу, қазақ-үнді әдебиеттері байланыстарының сипатын анықтау, қазақ әдебиетіндегі үнді тақырыбын ашу жұмыстың өзектілігін танытады.

Осы уақытқа дейін үнді әдебиеті туралы арнайы толыққанды зерттеулер болмаса да, бұл жағдай қазақ-үнді әдеби байланыстарын жоққа шығармайды. Себебі, әр әдебиеттің қайнар көзі болып табылатын фольклорда түрлі ұқсастықтар мен ауыс-түйістерді байқауға болады. Сонымен қатар, сонау Мұхаммед Захир әд-дин Бабыр (1483-1530) заманынан түрлі тарихи жағдайларға байланысты орнаған екі ел арасындағы қарым-қатынастар әдебиет саласында да өз ізін қалдырмай қоймады. Бабырдың «Бабырнамасы» ортағасырлық Үндістанды көз алдымызға әкелсе, Бирунидің «Үндістаны» өз заманындағы поэзия жағдайымен, оның теориялық қырларымен таныстырады. Ал М.Х. Дулатидің (1499-1551) «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі жоғарыда аталған кітаптардың жалғасы іспеттес. Өмірлері мен тағдырлары Үндістанмен өрілген жазушылардың қалдырған еңбектері кейінгі ұрпақ үшін аса маңызды және құнды мұра болып табылады. Аталған ақындардың жандардың кітаптарында бәйіт, рубаи, мәснәви сияқты өлең маржандарын кездестіруге болады. Тағдырлары түрлі тауқыметке толы өмір прозасын да олар поэзия құдыретімен жеңе білді.

Екі елдің әдебиеттерін бір-біріне таныстыру, сөзсіз, аудармадан басталатыны белгілі. Әдебиетаралық байланыстың қалыптасуы мен дамуында аударма мәселесінің орны зор. Сондықтан бұл арада акын Әубәкір Нілібаевты атаған жөн. Ол ұзақ жылдары тер төгіп, «Махабхарата» мен «Рамааяна» дастандарын аударған. «Жас қазақ» газетіне берген сұхбатта Ашок Мукерджи мен Мұрат Әуезов қазақ-үнді қарым-қатынастары туралы әңгімелей келе, Ашок Мукерджи Рабиндранат Тагор ағылшын тіліне аударылуы арқылы әлемге танылды, 1912 жылы жазған «Гитанжали» дастаны үшін Нобель сыйлығын алғанын айтады. Оның пікірінше, Абайдың (1845-1904) өз заманында жете танылмауы аударма мәселесіне байланысты: «...Орыс тілін дүниенің кілті таныған, «қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» деп жүрегінің жасын сорғалатып, халқын әлем елдерінің қатарына қосуды армандаумен өткен ұлы Абайдың Тагор сынды күллі дүниенің жүзіне танылмағаны – өз заманында сауатты аудармашының болмағанынан. Әйтпесе, Абайдың өз ұлтына деген ықпалы Рабиндранат Тагордан бір мысқал кем емес еді. Осы орайда біздің тілшілер мен әдебиетшілердің алдында Абай мен Тагорды қатар зерттеу міндеті тұр» [2, 9 б.].

Ұлттық әдебиеттерді салыстырмалы түрде зерттеушілердің бір қатар еңбектері үлкен сұранысқа ие болды. Олар: Д.Дюришин, А.Дима, Г.Вайда, т.б. зерттеуіміздің негізіне М.Бахтиннің, В.Жирмунскийдің, И.Д. Серебряковтың, Е.П. Чельшевтың, Е.Я. Калининаның, П.А. Гринцердің, Г.Д. Гачевтың және тағы басқа ресейлік ғалымдардың еңбектері алынды. Сонымен қатар, зерттеудегі мәселелерге қатысты жаңа ой-тұжырымдарды отандық ғалымдар С.Қирабаевтың, Ө.Күмісбаевтың, С.Қасқабасовтың, Ә.Дербісәлінің, С.Северцев, Б.Мамыраевтың және тағы басқа зерттеушілердің еңбектерінен кездестіруге болады.

Үнді әдебиетінің қазақ әдебиетімен байланысқа түсу тарихын, оның негізгі кезеңдерін, ерекшелігін баяндамас бұрын, әлем әдебиеті тарихында үнді әдебиетінің орын алуы, оның әлемдік деңгейде алғаш таныла бастауы туралы сөз еткен жөн.

Үндістан халқы бүкіл тарихи даму бойы әлемдік мәдениеттің түрлі салаларына аса қомақты үлес қосты. Үнді мәдениеті – төрт мыңжылдықтан аса уақытты қамтитын ұзақ процес нәтижесі. Оның маңызды бөлігі әдебиет болып табылады. Үндістан халықтары әлем әдебиетін үлкен гуманистік және көркемдік мәні бар ескерткіштермен байытты.

Үндістан халықтарының әдеби шығармашылығы туралы алғашқы мәліметтер грек және рим ескерткіштерінен бастау алады. Бұл Александр Македонский жорығын баяндауға қатысты ескерткіштер. Көнеүнділік әдебиет эллинистік Менандр патшасы мен буддистік Нагасена данышпаны арасында болған философиялық диалогқа құрылған «Милинда паньхо» («Милиндр патшаның сұрақтары») сияқты ескерткішті сақтап қалған.

Біздің эрамыздың I мыңжылдығы әдеби және мәдени қатынастың жаңа формаларын белгіледі. Бұл – аударма саласы. Оның ғажап үлгісі, санскриттен пехлевиге аударылған – «Панчатантра».

Әдеби байланыстарда және шығармаларды, сюжет пен образды таратуда түрлі діни қауымдастықтардың рөлі маңызды болды. Кейінірек Үндістан халықтарымен тарихи ассимиляцияға түскен (ең алдымен солтүстік-батыста) арабтар және исламды үгіттейтін басқа халықтар белгілі бір фольклорлық және діни-әдеби дәстүрді алып келеді.

Орта ғасырлардың әлеуметтік-саяси жағдайлары мәдени және әдеби байланыстарды қиындатады. Сондықтан сол уақыт саяхатшыларының жазбаларынан, Шығыс халықтарының, соның ішінде Үндістан халықтарының әдебиеті туралы дұрыс мәлімет алған дұрыс болар еді.

Ұлы географиялық ашулар дәуірі, содан туындаған тарихи өзгерістер еуропалық державалар отарындағы елдердің тіліне және рухани өміріне практикалық қызығушылық тудырды. Миссионерлер утилитарлық мақсаттарда Үндістан халықтарының діни әдебиетін зерттеуге тырысты. Олардың шығармалары мен жазбаларында веды, пураны туралы, философиялық және экзегетикалық әдебиет жәйлі, эпос, мифология, иконография жайында алғашқы мәліметтер пайда болады. Голландиялық миссионер А.Рогер XVII ғасыр ортасында үнді ақыны Бхартрихариді (VII ғ.) Еуропаға таныстырды. А.Рогер оның қысқаша өмірбаянын алғаш жазып, еуропа ғылымында үнді әдебиеті туралы жұмыстарға бастау салды.

XVI – XVIII ғасырлар миссионерлері еуропалық қоғамды Үнді халықтарының мәдени және әдеби құндылықтарымен алғаш таныстыруда үлкен рөл атқарды. Осылай Үнді әдебиеті әлем халықтарына таныла бастады.

Үндістан әдеби процесінің құрылымы көпқабатты. Оған ассам, бенгал, гуджарат, каннар, малаялам, маратх, орий, панджаб, синдх, тамил, телугу, урду және хинди тілдеріндегі ұлттық әдебиеттер кіреді. Тәуелсіз Үндістан елдері мәдениетінің демократиялық жағдайларда дамуы Сахитья Академи (Үндістан Республикасының әдеби академиясы) таныған бходжпур, догр, конкан, майтхил, манипур, раджастхан тілдеріндегі әдебиеттердің қайта өркендеуіне септігін тигізді. Санскрит әдебиеті – Үнді халықтарының біріккен әдеби тәжірибесінің нәтижесі, ортақ жетістігі. Ағылшын тілді әдебиет Үнді халықтарының көпғасырлық бай әдеби тәжірибесі мен Батыс әдебиеті жетістіктерінің синтезі іспеттес. Қазіргі көптілді Үндістан халықтарының күрделі ұлттық интеграция процестерін бастан кешіруінде, халықтардың рухани өміріндегі жалпыға тән белгілерді күшейтуінде жалпы үнді әдеби процестің рөлі ерекше.

Әдеби өзара байланыстың мерзімдігі екі халықтың саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік өзара байланыстың тарихымен тығыз байланысты келеді. Халық ауыз шығармаларының жалпы мотивтері, сюжеттері және қазақ пен үнділердің көне әдеби ескерткіштері кейінгі қазақ әдебиетіндегі үнді тақырыбының алғышарттары болып табылады.

